



«ҒЫЛЫМИ ҚАЗЫНА»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
«Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы  
қоғамдық кеңесінің құрамы

---

ЖҰМАҒҰЛОВ Б.Т. – кеңес төрағасы, Бас редактор,  
ҰҒА-ның академигі.

Орынханов М.Қ. – төраға орынбасары

Бйбырайым Н.М. – жауапты хатшы

Аяған Б.Ғ.

Әбжанов Х.

Әбусейітова М.Қ.

Байтанаев Б.Ә.

Еспаев С.С.


Қалижанов У.Қ.

Малбақов М.М.

Шаукенова З.К.


КЛАССИКАЛЫҚ  
ЗЕРТТЕУЛЕР

5-ТОМ



Л. ӘУЕЗОВА,  
К. СЫЗДЫҚОВ

# УАҚЫТ ТЫНЫСЫ



Алматы 2012

УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5 Каз)  
У 12

**«Ғылыми қазына» мақсатты бағдарламасы  
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қалижанов У.Қ. (төраға), Әлібекұлы А. (төрағанын орынбасары), Қалиева А.Қ. (жауапты хатшы), Ананьева С.В., Әзібаева Б.У., Әлбеков Т., Елеуқенов Ш.Р., Ергалиева Р.Ә., Күзембай С.Ә., Қирабаев С.С., Қонаев Д.А., Қосанов С.Қ., Қорабай С.С., Мұқан А.О., Ісімақова А.С.

**Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған**

**Томды баспаға дайындағандар:**

Пірәлиева Г. (жауапты редактор), Әбдіғұлов Р. (жауапты шығарушы),  
Қонаев Д., Болсынбаева А. (құрастырушы)

**Пікір жазғандар:**

**Орда Г.**, филология ғылымдарының докторы  
**Қорабай С.**, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

у 12 **Классикалық зерттеулер:** Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012.  
Т. 5: Әуезова Л., Сыздықов К. Уақыт тынысы. – 420 бет.

**ISBN 978-601-7414-03-0**

«Уақыт тынысы» атты еңбекке әуезовтануға үлкен үлес қосқан белгілі ғалымдардың таңдаулы ғылыми жұмыстары еніп отыр. Кітапқа кірген Л.М.Әуезованың «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» атты монографиясында М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихи негіздері, роман кейіпкерлерінің прототиптері жан-жақты ғылыми талданған. Бұл қазақ әдебиеттануының осы бағыттағы алғашқы күрделі зерттеуі. К.Сыздықовтың «Мұхтарғандың беймәлім беттері» деген монографиясында М.Әуезов шығармаларының ақтандақтары қаралып, ұлы суреткердің әдеби сындағы, әдебиеттанудағы бұрын белгісіз болып келген шығармалары зерттелген.


Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға арналған.

**УДК 821.512.122.0  
ББК 83.3 (5Каз)**

**ISBN 978-601-7414-03-0 (Т.5)**

**ISBN 978-601-7414-00-9**

© М.О.Әуезов атындағы  
Әдебиет және өнер институты, 2012  
© «Әдебиет Әлемі» баспасы, көркемдеу, 2012



## АЛҒЫ СӨЗ

Әуезовтану қазақ әдебиеттану ғылымы тарихының жоғары деңгейін көрсететін салалардың бірі. М.Әуезов шығармашылығын зерттеу ешқашан толастаған емес, онымен еліміздің ең ірі әдебиеттанушылары айналысты.

Қазір сирек басылымдарға айналып бара жатқан М.Әуезов шығармашылығы туралы еңбектерді қайта шығару – М.Әуезовті шығармашылық тұлға ретінде аша түсіп, көркемдік мұрасын, адами сабақтарын жаңа уақыт аясында тануға бастар жол.

Әуезовтану тәжірибесіне көз салсақ әдебиеттанушылардың Әуезовтің суреткер ретіндегі өзіндік қолтаңбасына, жазушылық шеберлігіне, көркемдік ұстанымдары мен шығармаларына қоятын қатал талаптарына көңіл аударатынын байқаймыз.

Әуезов шығармашылығын зерделеу біздің әдебиеттанушыларды әдебиеттің тарихын, теориясын тереңдете зерттеуге бастап, қазақ эстетикасының қалыптасуында үлкен роль атқарды.

1951 жылы З.С. Кедринаның М.Әуезовтің елуінші жылдарға дейінгі шығармашылығын қарастырған сыни-библиографиялық очеркі шықты.

1957 жылы М.О.Әуезовтің Абай туралы романдарының негізгі көркемдік қырларын ашқан «Бірінші қазақ эпопеясы» атты мақалалар жинағы шықты. Осы жылы жарық көрген Е.Лизунова мен Ы.Дүйсембаевтың «Мұхтар Әуезов» кітабы мен А.Нұрқатовтың көлемді монографиялық очеркінде жазушының «Абай жолы» роман эпопеясы мен бірқатар басқа да шығармалары терең ғылыми сипатта зерттеліп, жоғары бағаланды.

1967 жылы М.Қаратаевтың «Мұхтар Әуезов» очеркі жарияланып, 1968 жылы Е.Лизунованың «Мастерство Мұхтара Ауэзова» атты көлемді монографиясы баспадан шықты. Бұл монографияда «Абай жолы» роман-эпопеясы мен «Өскен өркен» романы әдеби-теориялық тұрғыдан мұқият талданды. Сонымен қатар негізгі драмалық шығармалары, мақалалары қаралып, жазушының шығармашылығы әдеби байланыстар тұрғысынан да зерттелді.

1982 жылы шыққан М.Мырзахметовтың «Мұхтар Әуезов және абайтану мәселелері» монографиясында ұлы суреткер, ірі ғалымның Абайдың шығармашылық мұрасын жинаудағы, жариялаудағы, ғылыми айналымға түсіріп, тереңдете зерттеудегі қызметі көрсетілді.

1984 жылы академик Зәки Ахметовтың «Поэтика эпопей «Путь Абая» в свете истории и создания» атты үлкен монографиясы жарық көрді. Монографияда эпопея поэтикасының мәселелері шығармашылық тарихымен байланыстырыла зерттелген. Авторлық ой мен көркем шығарма мазмұнының арақатынасы, көркемдік құрылым мен тарихи шындықтың сәйкестік деңгейі, тарихи тұлға бейнесін берудегі көркемдік әдіс, кейіпкерлерді реалистік типтендіру барысындағы көркемдік еркіндіктің қызметі сияқты мәселелер терең теориялық сипатта қаралған.

Әдебиеттанудың бір өзіндік саласы – шығармашылық лаборатория мен көркем шығарманың тарихи негіздері мен прототиптерін зерттеуде Т.Жұртбайдың «Бейуак» (1990), «Талқы», «Бесігінді түзе» (1997) атты кітаптары әуезовтануға қосылған үлкен үлес болды.

1997 жылы өткен М.О.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына орай ұлы жазушының шығармашылық қызметінің әр түрлі қырларын зерттеген көптеген еңбектер жарық көрді. Бұлардың қатарында З.Қабдоловтың «Менің Әуезовім», Р.Нұрғалидың «М.Әуезов және Алаш-Орда», Б.Құндақбаевтың «М.Әуезов және театр», Ә.Молдахановтың «М.Әуезов – фольклортанушы», Т.Әкімовтың «Даналық мәйегі», М.Мырзахметовтың «Әуезов және Абай» монографиялары, басқа да іргелі еңбектер бар.

Еліміз егемендік алған кезеңде, 1998-2000 жылдары «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының меңгерушісі болған, көп жылдар орталықта ғылыми тақырыптардың жетекшісі болған ірі ғалым, профессор Б.Қ.Майтанов әуезовтанудың ғылыми теориялық деңгейін үлкен биікке көтерген бірнеше іргелі еңбектер жазды. Олардың қатарындағы «Мұхтар Әуезов суреткер» (1996), «Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер» (2009) монографиялары әлемдік әдебиеттану ғылымының ең жоғары деңгейіне сай келетін еңбектер.

Б.Қ.Майтановтың жетекшілігімен «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының ұжымы «М.О.Әуезов шығармашылығындағы этномәдени дәстүрлер» (2004ж.), «М.О.Әуезовтің 20-30 жылдардағы көркемдік-эстетикалық ізденістері» (2006), «М.О.Әуезов және қазіргі қазақ әдебиеті» (2008), «М.О.Әуезов шығармашылығындағы тәуелсіздік идеясы» (2011) монографияларын шығарды.

1997-2011 жылдары бөлім-мұражайдың басты, іргелі жобасы – М.О.Әуезовтің 50 томдық толық академиялық шығармалар жинағы дайындалып, барлық томдары оқырманның қолына тиді. Еліміздің мәдени байлығының алтын қорына кірді. М.Әуезовтің бұған дейінгі соңғы шығармалар жинағы 20 том болып шыққан. 50 томдыққа жазушының бұрын еш жерде жарияланбаған, мұражайдың қолжазба қорынан алынған, араб, латын жазуындағы көркем шығармалары, мақалалары, сценарилері, аудармалары, шығарма жоспарлары, күнделік-жолжазбалары, хаттары, баяндамалары лекциялары, пікір-рецензиялары кірді.



Бөлім – мұражай қызметкерлері жазушының әңгіме, повестерінің, драмалық шығармаларының, мақалаларының, сценарилерінің 50 томдық шығармалар жинағына кіруге тиісті вариант – нұсқаларын тауып анықтады. Академиялық жинақты дайындау барысында көптеген шығармалардың жазылу мерзімі анықталып, кейіпкерлер прототиптері жайында дәл деректер табылды. Шығармалардың жарияланымдары, драмалық шығармаларының алғашқы қойылымдары, қатысушылары жайлы да көптеген тың деректер табылды. Бұл жұмыс барысында жазушының араласқан адамдары, мәдениет, ғылым, әдебиет қайраткерлері, қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлер жайында тың деректер жиналды.

Бөлім – мұражай қызметкерлері жазушы шығармашылығының поэтикасы, стилі, шығармашылық лабораториясы, эстетикасына қатысты жаңа іргелі мәселелерді көтерді. Прозасы мен драматургиясын нақты, объективті түрде талдап, олардың тарихи, мәдени тұрғыдағы маңызына мән берді.

Бұл жинаққа кірген Л.М.Әуезованың, К.Сыздықовтың монографиялары М.Әуезов шығармашылығын зерттеуші ғалымдардың әдеби көзқарастарына елеулі әсер етіп, әуезовтанудың дамуына үлкен үлес қосты. Осы деңгейді игеріп алмай, әуезовтануды одан әрі дамыта алмаймыз.

Еліміздің дамуының егемендік кезеңі қазақ әдебиетін, М.Әуезов шығармашылығын зерттеуге жаңа мүмкіндіктер ашты. Жаңа тарихи кезең Әуезов мұрасына деген жаңаша көзқарастар туғызды. Бұрын қарауға мүмкіндік болмаған мұрағаттардың ашылуы, көптеген құжаттардың, материалдардың жариялануы, М.О.Әуезовтің 50 томдық толық академиялық шығармалар жинағының шығуы ұлы жазушының жаңа адами, суреткерлік қырларын ашып, заманауи ғылымға жаңа мүмкіндіктер берді.

М.Әуезовтің дара шығармашылық тұлға ретіндегі феномені мәдениет пен мемлекеттік саясаттың аса шиеленіскен күресі жағдайында өзіндік көркемдік танымын, әлемді танудағы күрделі эстетикалық жүйесін қалыптастырғанынан көрінеді.

М.Әуезовтің шығармашылық мұрасы тек қана көркемсөздің ұлы шебері ретінде ғана қаралып қоймай, ірі ойшыл, дара тұлға ретінде де қаралып, көркемдік мұрасы философиялық, саяси, эстетикалық идеялардың көзі ретінде зерделенеді. Әмбебаптық – М.Әуезовтің шығармашылық тұлға ретіндегі ең басты, негізгі ерекшелігі.

Жазушының қызы – Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова (1929-1993) 1963 жылы ашылған М.О.Әуезовтің Әдеби-мемориалдық мұражайының жасалуына орасан зор еңбек сіңірді. Мұражай М.Әуезовтің тікелей қатысуымен Тіл білімі институтынан бөлініп шыққан Қазақстан Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының

құрамында болды. Ләйлә Мұхтарқызы отыз жыл бойы, өмірінің соңына дейін мұражайдың меңгерушісі болды. Бөлім – мұражай ұжымының жұмысын біліктілікпен басқарып, ғылыми-ұйымдастыру жұмыстарын жолға қоюда үлкен қажырлылық танытты. Бірер жылдың ішінде мемориалдық мұражай ірі ғылыми, мәдени орталыққа айналды. Егер абайтану тікелей Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің қажырлы еңбегінің нәтижесінде қалыптасып дамыса, Әуезов мұрасының текстологиялық зерттелуінің жолға қойылуы Ләйлә Мұхтарқызының еңбегімен байланысты. Бұл жұмыс М.Әуезовтің мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерінің өзіндік ерекшеліктерін ашты. Л.М.Әуезова ұлы жазушы мұрасының мәтіндік тұрғыдан зерттелуіне еліміздің алдыңғы қатарлы филологтарын жұмылдырып, академиялық жинақ дайындаудың деңгейін көтерді. Бұрын белгісіз болып келген жазушы мәтіндерінің қалың қабатын жарыққа шығарды. Бұрын аз ғана адамдар білген деректер жазушы күнделіктері мен хаттарының жариялануынан кейін көпшілікке белгілі болды.

Л.М.Әуезова 1952 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетін, 1955 жылы СССР ҒА Шығыстану институтының аспирантурасын бітірді. 1956-1962 жылдары Қазақстан ҒА Тарих, археология, этнография институтында ғылыми қызметкер болды. Бұл жылдардағы ғылыми жұмыстары XIX ғасырдағы Қазақстандағы егіншіліктің дамуы мен М.О.Әуезов шығармашылығындағы тарихилықты зерттеу бағытында жүрді. 1958 жылы «XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда егіншіліктің дамуы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Диссертация тақырыбы зерттеушіні патшалық Ресейдің Қазақстанда жер мәселесі бойынша ұстанған империялық саясатының тереңдегі құпияларына дейін апарды. Бұл мәселені М.Әуезов «Абай жолында», «Қазақстандағы ұлттар» т.б. мақалаларында көтерген болатын.

Архивтердегі қажырлы жұмыс, төңкеріске дейінгі баспасөз беттерін оқудағы табандылық, ізденушінің терең ғылыми тұжырымдары, аса бай библиографиясы Л.М.Әуезова диссертациясының өте жоғары ғылыми деңгейде жазылғанын көрсетеді. Тарих, археология, этнография институты шығарған Шоқан Уәлиханов еңбектерінің академиялық жинағын дайындауға қатысып, бірінші болып XIX ғасырдың 70-90 жылдарындағы Жетісудағы дүнген, ұйғыр егіншілеріне қатысты мәселелерді зерттеді.

Л.М.Әуезова 1975 жылы «М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихи негіздері» деген тақырыпқа докторлық диссертация қорғап, 1980 жылы диссертациялық жұмысының негізінде жазылған осы атас монографиясы үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері атанды.

1977 жылы «М.О.Әуезов шығармашылығындағы Қазақстан тарихының мәселелері» атты монографиясы жарық көрді.





Л.М.Әуезова Мұхтар Әуезов мұражайы жанынан қоғамдық негізде ашылып, 20 жылдан астам нәтижелі жұмыс істеген Қазақ әдебиеті мен өнері халық университетін құрушылардың бірі болды.

Ләйлә Мұхтарқызының жетекшілігімен мұражай ұжымы М.О.Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеуге арналған көптеген кітаптар шығарып, жазушының 12, 20 томдық шығармалар жинағын дайындады, Мәскеуде «Художественная литература» баспасынан орыс тіліндегі бес томдық жинағын шығарды. Бұл басылымдарды дайындау барысында мұқият жүргізілген іздестіру, текстологиялық талдау жұмыстары атқарылып, 20 томдық жинаққа бұрын тиым салынған «Хан Кене», «Қилы заман» сияқты шығармалар кірді.

Осы жылдары «Біздің Мұхтар», «М.Ауэзов в воспоминаниях современников» (1972) атты естеліктер, мақалалар жинағы шықты. Бұларға жазушының достарының, әріптестерінің, туыстарының, жазушы, ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің – Әуезовпен тікелей қарым-қатынаста болған адамдардың жазған мақала, естеліктері кірді.

1972 жылы «М.О.Әуезов шығармашылығының библиографиялық көрсеткіші» жарыққа шықты. Бұл көрсеткіш М.О.Әуезов шығармаларының барлық жарияланымдарын қамтыған жазушының өмірі мен шығармашылығының қазақ, орыс тілдерінде, шет елдерде зерттелуі туралы ең толық библиографиялық еңбек. Мұндай ғылыми анықтамалық еңбек ұзақ жылдарға созылған жинау, жүйелеу, зерттеу, хаттау жұмыстарының нәтижесінде дүниеге келді. Көрсеткіште жүйеленіп берілген аса бай тарихи – әдеби материал жазушының көптеген жанрларда – проза, драма, публицистикада, әдебиеттануда, педагогикалық, қоғамдық қызметінде атқарған жанқиярлық еңбегінің айғағы. Жұмыстың жауапты редакторы және алғысөзінің авторы Л.М.Әуезова.

«М.О.Әуезовтің қолжазба мұрасы» атты іргелі еңбек те Л.М.Әуезованың жетекшілігімен дайындалды. Бұл еңбекте мұражайдың қолжазба қорында сақталған мұраға толықтай ғылыми сипаттама берілді.

М.Әуезовтің 80, 90 жылдық мерейтойлары қарсаңында естелік, мақалалар жинақтары шығарылды. Бұл кітаптарда суреткердің өмірі мен шығармашылығына қатысты әдеби-теориялық, танымдық сипатта құнды материалдар берілді.

1982 жылы Л.М.Әуезова мен М.М.Мырзахметов құрастырған «Мұхтар Әуезов. Абайтанудан жарияланбаған материалдар» атты жинақ шықты. Жинақта Абай Құнанбаев шығармашылығына қатысты бұрын еш жерде жарияланбаған, теориялық тұрғыдан өте құнды, Абайдың ақындық ортасы жайлы тың мәліметтер беретін мақалалар топтастырылған.

1991 жылы «Ана тілі» баспасынан М.О.Әуезовтің 1927 жылы Қызылордада шыққаннан кейін бірден тиым салынып, таралымы жойылған «Әдебиет тарихы» оқулығы толық түрінде басылып шықты.

Ләйлә Мұхтарқызының тікелей жетекшілігімен дайындалған соңғы іргелі еңбек – 1997 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» (63 б.т.). Бұл кітап М.Әуезовтің көп қырлы көркемдік, ғылыми, педагогикалық, қоғамдық қызметін зерттеуге қажетті деректердің ең мол, жан-жақты көзі. Бұрын белгісіз болып келген мұрағаттық деректердің, хаттардың, замандастары естеліктерінің, құжаттардың бір басылым аясында шоғырланып берілуі уақыт ауанын, ХХ ғасырдың 20-60 жылдарындағы әдеби ағымның барысы мен мазмұнын түсіну үшін таптырмайтын қазына болып табылады. Шежіренің негізін көптеген архивтік материалдар, хаттар, күнделіктер, қолжазбалар, құжаттар, естеліктер, хаттамалар, блокноттық жазбалар, баспасөз бетінде шыққан мақала, очерктер, хабарлар құрайды. Шежіре шыққан кезінде Қазақстандағы, бүкіл Орта Азиядағы осы жобадағы жалғыз еңбек болатын.

«М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі» заманымыздың ұлы суреткерінің өмірі мен шығармашылығының барлық қырлары мен кезеңдері жайлы нақты деректер беретін тұңғыш монументальды құжаттар жинағы. Бұл кітап әдебиеттанушыларға, Әуезов шығармашылығын зерттеушілерге, библиограф, кітапханашыларға таптырмас құрал ретінде қызмет етуде.

Л.М.Әуезованың шығармашылық, ғылыми өмірбаянында басты орын алатын еңбегі – «М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихи негіздері» монографиясы. Монография 1977 жылы С.Ахметов пен, С.Жұмабекованың аударуында «Мектеп» баспасынан қазақ тілінде басылып шықты. Қазақша нұсқасы «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деп аталды. Монографияда автор жинаған орасан мол деректерінің негізінде дәуір панорамасын жасаған роман – эпопеяның тарихи-әлеуметтік тұрғыдағы масштабын көрсеткен. «Абай жолы» роман эпопеясының ғылыми, тарихи нақтылығы тек қана Абайдай ұлы тұлғаның керемет көркем бейнесі жасалуында ғана емес, тарихи нақты халықтық ортаның терең реалистік сипатта суреттелуінде. Монографияда Абайдың өз уақытының аясына табиғи кірігуі мен дара тұлға ретінде суреттелуі арқылы тарих ағымының көркемдік құралдармен айқындалу жолы көрсетілген.

Ләйлә Мұхтарқызы роман – эпопея авторының тарихи деректерді іздеу жолын барлап, мұның шығармашылық жұмыстың бастауы екенін көрсетіп, көркемді ойдың барынша қарқынды терең мазмұнда өрбуінің демеушісі деп табады.

Монография кіріспеден және төрт тараудан тұрады: 1. «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихи өмір шындығы»; 2. «Екі ғасыр межесіндегі қазақ қоғамының әлеуметтік экономикалық өзгерістері және олардың эпопеяда бейнеленуі»; «Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы»; 4.



«Абайдың саяси жер аударылған достары». Л.М.Әуезова кітабының әрбір тарауы көтерген ғылыми мәселелерінің ауқымына, қамтылған архивтік және тарихи деректерінің молдығына қарағанда жеке ғылыми монография, кітап болып шығуына мүмкіндіктері бар.

Л.М.Әуезова роман-эпопея мәтінін, мұқият талдай келе шығарма авторы, прототиптерін зерттеп, көркемдік тұрғыда қорытып барып суреттеген образдар мен көркемдік айналымға түскен оқиғаларды тарихи шындықпен салыстырады. Әсіресе XIX ғасырдың екінші жартысы мен XIX және XX ғасырлар тоғысқан кезеңдегі феодалдық – патриархалдық қоғамның тарихи – әлеуметтік ерекшеліктерін эпопеяда суреттелген өмірлік материалмен салыстыра отырып талдауы өте сәтті шыққан.

Монографияның бірінші тарауында Абай өмір сүрген кезеңдегі қазақ халқының этнографиялық ерекшеліктерін зерттеуге қажетті өте бай, мол деректер алынып, осының негізінде терең талдау жасалынып, нақты, дәл ғылыми тұжырымдар жасалған. Зерттеуде баса көңіл бөлінген фактілер мен мысалдар сол кездегі халықтың өмірі мен тұрмысын, уақыт рухын реалистік тұрғыда көрсетуге қызмет етеді.

Кітаптың екінші тарауында тарау атының өзі айтып тұрғандай әкімшілік басқарудағы, жер мәселесіндегі, сот ісіндегі, салық жүйесіндегі өзгерістер өмірге енгізіле бастаған 1868 жылғы реформа мазмұнына байланыстыра отырып талдайды. Бұл реформаның Қазақстанды отарлау қарқынын күшейте түскені белгілі.

Абай тұлғасына, Абай образына арналған үшінші тарауда ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығына қатысты материалдар қажетті идеялық – эстетикалық сұрыптаудың нәтижесінде алынған. Л.М.Әуезова жұмысында талдаулар мен салыстырулар Абай өмір сүрген кезеңдегі тарихи – әлеуметтік, тұрмыстық, рухани, діни т.б. деректер мен мысалдардың барлығын жан-жақты қарай отырып жасалған.

Төртінші тарау әсіресе фактологиялық жағынан өте салмақты, қызықты. Тарауда Абай жақын араласқан саяси жер аударылғандардың – Е.Михаэлистің, С.Гросстың, Н.Долгополовтың, А.Коншиннің, А.Леонтьевтің өмірбаяндары монография авторының ұзақ, қажырлы ізденістерінің нәтижесінде тапқан архив құжаттарының негізінде қаралады. Бұл құжаттарды, деректерді табу көп уақытты, үлкен еңбекқорлықты талап етті. Аталған халықшылдар өмірін алғаш зерттеген Л.М.Әуезова. Тапқан деректерінің нәтижесінде роман-эпопея кейіпкерлері прототиптерінің өмірдеректері мен адами қасиеттерін «Абай жолындағы» көркем бейнелерімен салыстыра зерттеп, М. Әуезовтің бірде өмірде болған адамның фамилиясын ғана өзгертіп (Михаэлис – Михайлов) барынша дәл бергенін, кейде пайдаланған прототипінің (Долгополов – Павлов) өмірбаяндық жолын ғана алып, орыс саяси жер аударылғандарының жиынтық бейнесін жасағанын ғылыми тұрғыда дәлелдеді.

Л.М.Әуезова ұлтымыздың тұңғыш тарихи эпопеясын тарихи негіздері тұрғысынан зерттеу барысында тарихи компоненттерді пайдаланудың көркемдік әдістерін айқындаудың ғылыми концепциясының әдіснамасын жасады. Ол мұндағы басты төрт мәселені анықтап, тереңдете талдау жолдарын байыптап барып, эпопеядағы тарихи шындық пен көркемдік қорыту жолдарының күрделі диалектикасын анықтады. Жұмыста тарихи материалды автордың іріктеу, пайдалану жолдары жаңадан табылған архивтік материалдардың негізінде жүйеленді.

Л.М.Әуезова зерттеуші ретінде эпопеяны ғылыми тұрғыдан талдауға жаңа жолмен, тарихшы көзімен қарау жолымен келді. Әдебиеттану мен тарих ғылымының тоғысуынан туған ғылыми жұмыс қазақ әдебиеттануындағы бір ақтандақтың – көркем шығармалардағы тарихи бастауларды ғылыми зерделеудің, ашудың бастамасы болды.

Тек қана әдебиеттанушылық оймен, талдаумен ғана емес, архивтік материалдармен талмай жұмыс істей алатын тарихшының дарыны қосылған өнімді, маңызды ғылыми зерттеулер әдебиетіміздің жаңа қырларын аша бастады.

Л.М.Әуезова көптеген архивтік материалдар мен кезінде М.О.Әуезовтің өзі жазып алған Абай туралы деректерді, ойларды алғаш рет ғылыми айналымға түсірді. Тарих ғылымының принциптеріне сүйене отырып өз жұмысында ұлы жазушының қазақ қоғамындағы әлеуметтік – экономикалық қарым-қатынастардың табиғатын қаншалықты терең ашқанын мұқият зерттеудің нәтижесінде нақты мысалдармен дәлелдейді, Абайды халық өмірімен тығыз байланыста суреттегенін көрсетеді.

«М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» монографиясы тарихи да, әдебиеттанушылық та жұмыс. Кең мол тарихи материалдардың негізінде М.О.Әуезов шығармашылығындағы тарихи-әлеуметтік мәселелер ашылған. Монография авторы Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты, ұлы ақынның жеке өмірінің белгісіз беттерін ашатын, әдеби, қоғамдық қызметі жайында жаңа деректер беретін құжаттар тауып, ғылыми жұмысында бірінші болып пайдаланды. Осы себепті бұл жұмыс қазақ әдебиеттануының іргелі саласы абайтануға қосқан үлкен үлесімен де құнды.

Л.М.Әуезованың М.О.Әуезов шығармаларындағы тарихи бастауларды көруде өзіндік айқын концепциясы бар. Ол алғаш рет Әуезов шығармашылығын уақыт, дәуір контекстінде алып, шығармашылық жолды жан-жақты, терең, толыққанды зерттеудің мүмкіндіктерін тағы да бір сатыға көтерді. Ол М.О.Әуезовтің өз халқының тарихына деген көзқарасы ұлттың рухани тәжірибесімен байып, халқының қоғамдық, адами, эстетикалық идеалдарымен біте қайнасып кеткенін ғылыми тұрғыда айқын көрсетті.



Л.М.Әуезованың монографиясы шыққанға дейін де М.Әуезов шығармашылығын, «Абай жолы» роман-эпопеясының көркемдік-идеялық ерекшеліктерін жан-жақты талдаған көптеген зерттеу жұмыстары болды. Бірақ роман-эпопеяның терең бір қабаты ашылмай келген еді. Бұл олқылықтың бір қабатының орнын Л.М.Әуезованың осы монографиясының ой-тұжырымдары толтырды.

Л.М.Әуезованың М.О.Әуезовтің көркемдік әмбебаптығы туралы ойы әлдебір жалпылама ұғымдағы универсализм, тарихтан тыс универсализм ұғымынан мүлде бөлек. Тарих пен заман, мәдениет пен өнер Әуезов үшін өмір сүрудің мағынасы, формасы еді. Әдеби шығармашылықтың барлық түрлері, жанрлары Әуезов қаламынан тыс қалған жоқ. Бұлардың бәрінде кемелдік деңгейге көтерілді. Осындай ұлтымыздың ұлы тұлғасының шығармашылық әлемінің бір қырын терең, аса байыпты ғылыми таныммен зерделеген Л.М.Әуезованың «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» монографиясын қайта басып шығаратын уақыттың келгені анық.

Ірі ғалым, жоғары оқу орындарында ұзақ жылдар бойы ұстаздық қызмет атқарған Керімбек Сыздықов (1938-2008) ғылымдағы көп жылдарын М.О.Әуезовтің шығармашылық мұрасын зерттеуге арнады.

К.Сыздықовтың «Мұхтартанудың беймәлім беттері» атты кітабында М.О.Әуезов шығармаларының бұрын арнайы зерттеу объектісіне айналмаған қырларын қарастырған. М.Әуезов шығармашылығы жайлы көптеген құнды кітаптар, мақалалар шыққанмен, шешімін, зерттеушісін күтіп тұрған мәселелері әлі де бар. К.Сыздықов еңбегінде осындай ақтандақтардың біразы ашылып, мұқият қаралған. М.Әуезовтің әдеби сын саласындағы, көсемсөз мұрасындағы бірталай мәселелер аталған кітапта алғаш рет қаралған.

Керімбек Сыздықов – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ғылым академиясының академигі, ҚР Жазушылар Одағының мүшесі.

1961 жылы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің филология факультетін бітірген. Шымкент педагогика институтының қазақ әдебиеті кафедрасында оқытушысы (1961-1964), ҚазМУ-дың аспиранты (1964-1967), ҚР ҒА М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Әуезов мұражайының ғылыми қызметкері (1967-1974), Шымкент педагогика институтының доценті (1974-1976), кафедра меңгерушісі (1976-1981), факультет деканы (1981-1989), институт проректоры (1989-1992), ректоры (1992-1994), Шығыстану институты ректорының кеңесшісі, әрі М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Гуманитарлық университетінің (ОҚМУ) қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі (1994-1999), Оңтүстік Қазақстан Гуманитарлық академиясының ректоры (1999-2003), ОҚМУ, ХҚТУ профессоры (2003) қызметтерін атқарды.

Қазақ әдебиетінің келелі мәселелерін, М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын, 60-жылдардан бері зерттеп келеді. Мақала, ғылыми зерттеу еңбектері республикалық, облыстық баспасөз беттерінде, арнайы басылымдарда жарияланды. «М.Әуезовтің әдеби-сын мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады (1969), «М.Әуезов еңбектеріндегі әдебиеттану мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады (1997).

1976 жылдан доцент, 1992 жылдан қазақ әдебиеті профессоры ғылыми атағын алған.

М.Әуезовтің «Абай Құнанбаев» атты ғылыми жинағының жауапты шығарушысы (1967), 20 томдық шығармалар жинағының (1980-1985), 50 томдық толық жинағының редакциялық алқа мүшесі, әрі ғылыми түсініктерін жазып шығарушылардың бірі, «М.Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіштің» түзеуші авторларының бірі (1972).

М.Әуезовтің творчествосы бойынша 100-ден астам, жалпы 300-ден астам мақала, еңбектер жазған. Соның ішінде «М.Әуезов әдебиет сыншысы (Алматы, «Ғылым», 1973ж), «Ата қоныс» (Шымкент, «Жібек жолы») «Мұхтартанудың беймәлім беттері» (Алматы, 1997), «Ұстаздық ұлағат» (Алматы, 2001) кітаптарын шығарды.

К.Сыздықов М.Әуезовтің өмір бойы үздіксіз жазған әдеби, ғылыми сын-зерттеу еңбектерін тұтас қамтып, бір-бірімен сабақтастыра бүтін бірлікте тұңғыш рет арнайы зерттеген ғалым. Жазушы мұражайының, жер-жердегі түрлі архивтердің материалдары мен ерте кезеңдегі басылым, газет журналдарда жарияланған мағлұмат, деректерін ғылыми айналымға енгізіп, ұлы суреткер-ғалымның өмірі мен шығармашылығының қалың жұртшылыққа кең танылмай келген беймәлім сәттері мен беттерін айқындап ашуға мол еңбек сіңірген.

«Ұстаздық ұлағат» атты ғылым-білім, әдеби әлеуметтік мәселелерге арналған басылымда Ахмет Яссауи, Абай, Жамбыл, А.Байтұрсынов, М.Әуезов, т.б. қазақ халқының рухани көш басшылары еңбектерінің танымдық-тағлымдық қадір-қасиеттері, ана тіліміздің, өнер-білімнің өзекті мәселелері кеңінен сөз болады.

К.Сыздықов 1956-61 жж. Қаз МҮ-де М.Әуезовтің өзінен дәріс алып, ұлы ұстаз берген «Абайдың көркем өнер жайлы ойлары» деген тақырыпқа арнаулы семинарда баяндама жасап, өте жоғары баға алған («Әуезов үйі» (ҒМО, қолжазба қоры, 363-п., 46 б.).

Студенттік, аспиранттық кезеңдерінде қазақтың көрнекті филолог-ғалымдары: Б.Кенжебаев, І.Кеңесбаев, З.Қабдолов, т.б. лекциялар тыңдап, солардың ғылыми жетекшілігімен дипломдық жұмыс (З.Қабдолов), кандидаттық диссертация (Б. Кенжебаев), докторлық диссертация (З.Ахметов) қорғаған.



Профессор К.Сыздықовтың ғылыми жетекшілігімен, ресми сарапшылығымен көптеген шәкірттері ғылыми-зерттеу жұмыстар жүргізіп, диссертациялар қорғап келеді.

К.Сыздықовтың «Мұқтартанудың беймәлім беттері» кітабында қаралған негізгі мәселе – М.О.Әуезовтің әдеби сын саласындағы мұрасы. Әуезов шығармашылығының бастапқы кезеңіндегі мақалаларымен қатар кейінгі кезеңіндегі мақалаларын да арнайы зерттеудің әуезовтану ғылымы үшін зор маңызы бар. Бұл салада К.Сыздықов жасаған талдауларды қарай отырып біз М.Әуезовтің шығармашылық лабораториясына бойлап, суреткерлік шеберлігінің қырларын ашып, оның идеялық, көркемдік, қоғамдық бастауларына бара аламыз.

К.Сыздықов кітабының басты ерекшелігі – оның тың, жаңаша сипаты. Бұған дейін М.Әуезовтің әдеби сын саласындағы шығармашылығын монографиялық түрде қараған жұмыс болған жоқ.

1997 жылы М.О.Әуезовтің ЮНЕСКО аясында өткен 100 жылдық мерейтойына қарсы шыққан «Мұқтартанудың беймәлім беттері» атты кітапты ғылыми, әдеби орта жақсы қабылдап, көптеген жоғары бағалаған пікірлерге ие болды.

Кандидаттық диссертациясының негізінде жазылған «Мұхтар Әуезов әдебиет сыншысы» атты кітабында (1973) ұлы жазушының әдеби сын, әдебиеттану саласындағы жұмыстарын ХХ ғасырдың 20-жылдары жазылған мақалаларынан бастап қарап, 1927 жылы Қызылордада шыққан «Әдебиет тарихы» оқулығын зерттеу объектісіне айналдырды. К.Сыздықовтың ғылыми жұмыстарының қатарында М.Әуезовтің драмалық жанрларды, әдеби байланыстар мәселелерін зерттеген жұмыстары да бар.

Кеңестік кезеңдегі қатал идеологиялық цензураның әсерінен М.Әуезовтің әдеби сын саласындағы біраз еңбектерін зерттеуге мүмкіндік болмады. Әуезовтің көптеген шығармалары қатал идеологиялық сынға алынып, ұзақ жылдай жарияланбай келді. Егемендік алғаннан кейін ғана зерттеуге мүмкіндік туған Әуезов шығармаларының қалың қабатын алғашқы зерттеушілердің бірі К.Сыздықов болды. М.Әуезов шығармаларын толығымен қарау мүмкіндігі туған кездегі қарқынды жұмысының нәтижесінде К.Сыздықовтың аталған «Мұқтартанудың беймәлім беттері» атты монографиясы дер кезінде жарық көрді.

Кітапта М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты бұған дейін белгісіз деректер, шығармалар қамтылып, алғаш рет ғылыми айналымға түсірілді.

Кітап кіріспеден және 4 тараудан тұрады: «М.Әуезовтің өмірі мен творчествосының беймәлім беттері», «Әдебиеттанудағы алғашқы ізденістер», «Әдебиет тарихын жасау жолында», «Әдебиеттің теориялық мәселелері жайлы толғамдар».

Бұл жұмысты жазу барысында К.Сыздықов жаңаша мазмұнды зерттеуге қажетті материал жинауда үлкен ізденіс жұмыстарын атқарды. М.О.Әуезов мұражайының қолжазба қоры түгелдей мұқият қаралды. Ізденіс жұмыстарын Семей, Орынбор, Ташкент, Петербург, Мәскеу қалаларының архивтерінде жалғастырды. Бұл жұмыстар нәтижелі болып, М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты көптеген жаңа деректер мен құжаттар табылды. К.Сыздықов бұл материалды ғылыми жұмысында орынды пайдаланып, әуезовтануға қомақты үлес қосты. М.Әуезовтің Семей мұғалімдер семинариясында оқуы, Семей мен Орынбордағы мемлекеттік қызметтерде болған кезі жайындағы көптеген мәліметтері бұған дейін белгісіз болып келген.

Ленинград Мемлекеттік университетіндегі студенттік кезі, «Абай», «Таң», «Шолпан» журналдарындағы жұмысы мен жарияланымдары жайында көптеген тың деректерді оқырман алғаш аталған кітаптан оқыды.

Монографияның Кіріспесінде автор ұсынып отырған жұмысының жаңалықты сипаты мен міндетін айта отырып «... академик жазушының ғылыми-зерттеу еңбектері өз алдына бас аяғы түгел қамтылып, арнайы жеке әңгімеге өзек бола қойған жоқ», – дейді. Бұл кітап мазмұнының бағытын көрсетіп тұр. Кітаптың бірінші тарауында М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының жеке фактілері теориялық пайымдаулардан өткізіліп, бұрыннан белгілі фактілерге жаңаша түсінімдер ұсынылады. Екінші тарауда жас Әуезовтің әдебиеттанудағы алғашқы ізденістерінің бағыт-бағдарын сараптайды. Екі бөлімнен тұратын үшінші тарауда қазақ халқының эпосы мен, зар заман ақындары шығармашылығы жоғары деңгейде ғылыми талдау объектісіне айналған.

Төртінші тарау бес бөлімнен тұрады. Бұл тараудан негізгі ерекшелігі теориялық сипатының басымдығы. Тарау бөлімдерінің атауларына орай поэзия, проза, драматургия, дәстүр мен жаңашылдық, әдеби сын мәселелері төңірегінде М.Әуезов шығармашылығының беймәлім беттеріне баса көңіл бөле отырып, заманауи сипаттағы теориялық талдауы басым очерк-мақалалар жазған.

М.Әуезовтің әдебиеттанушылық мұрасын тарихи контексте талдай отырып К.Сыздықов оқырманды салмақты ойға тартады, жазушының шығармашылық өмірбаянындағы ақтаңдақтарды ашуға тырысып, даулы мәселелерді шешуге күш салады. Ұзақ жылдар бойғы ізденістерінің нәтижесінде тапқан деректері мен құжаттарын ғылыми айналымға түсіріп, Әуезов шығармашылығының шешілмей, ашылмай келе жатқан көптеген түйіндерін шешті. Сөйте отырып оқырманды үнемі дискуссияға шақырғандай сұрақты мәселелер қойып, ойын анық айтуға, оқырманды ойлануға шақырғандай мазмұнды жолдар жазды.

Л.М.Әуезова мен К.Сыздықовтың жұмыстары М.Әуезов





шығармашылығының әдебиеттанушы ғалымдардың дүниетанымына қаншалықты терең ықпал ететінін көрсетіп, әуезовтанудың болашақтағы даму жолының бағыттарын көрсетіп берді. Әуезовтануды әрі қарай дамыту үшін біз Л.М.Әуезова мен К. Сыздықов зерттеулерін аттап өте алмаймыз. Екі зерттеуші ұлы жазушы шығармаларының зерттелмей келген, белгісіз боп жатқан қырларына барды, терең ғылыми талдаулар жасады.

Еліміздің дамуының жаңа егемендік кезеңі қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуге жаңа мүмкіндіктер берді. Егемендік кезеңде М.О.Әуезовтің 50 томдық толық академиялық шығармалар жинағының жарық көруі (1997-2011) әуезовтанудың әрі қарай дамуына зор мүмкіндіктер беріп отыр. Бұл басылымға ұлы жазушының қаламынан шыққан шығармалары түгел кірді. Әр шығармаға академиялық басылым талаптарына орай ғылыми түсініктемелер жазылды. Енді оқырмандар, зерттеушілер М.О.Әуезовтің көркемдік мұрасымен түгелдей 50 томдық томдары арқылы таныса алады. Бұл Әуезовтану ғылымын сөзсіз жаңа деңгейлерге көтереді.

М.Әуезовтің шығармашылық даралығының феномені мәдениет пен мемлекеттік саясаттың бір-біріне қарсы келіп, идеологиялық талаптарға сай келмеген шығармашылық тұлғаларды шеттетіп, жазалап жатқан кезде де көркемдік танымның, әлемді эстетикалық қабылдаудың күрделі жүйесін құрып, әдебиетке, халқына адалдығын сақтай алғандығында.

М.Әуезовтің шығармашылық феноменін ашу тек қана ұлы суреткердің шығармашылық мұрасын зерттеуде емес. Зерттеушілер Әуезов феноменін аса ірі ойшыл, ерекше адами тұлға ретінде де зерттейді. Әуезовке философиялық, саяси, эстетикалық идеялардың көзі ретінде қарайды. Әдебиеттегі мейлінше әмбебап универсалды суреткер ретінде алады.

Кейінгі онжылдықтардағы әдебиеттану Әуезов көркем ойының күрделі табиғатын, ұлттық-мәдени «кодын» тереңдете ашуға тырысуда. Зерттеуші шеберлігі – осыны ғылыми тұрғыда саралау. Әдебиеттану Әуезовтің әдеби тілін әдеби мәтіннің әр түрлі қырларымен байланыста зерттеу мақсатында лингвистерді де тартуда.

Әдебиеттанушылардың ғылыми ой-танымының тарихилығы үлкен тарихи кезеңдерді, әдеби бағыттар мен ағымдарды, уақыт және әдебиет мәселелерін көтере алуынан көрінеді. Зерттеушілер өз еңбектерінде М.Әуезов прозасының философиялық ой айтуға бет бұрып, психологизмге ден қоюын көрсетіп, осының нәтижесінде әдеби процестің дамуындағы перспективті көркемдік доминанталардың барысын анықтауға тырысады.

М.Әуезов шығармашылығын зерттеудегі кең ауқымды панорама, терең тарихи сипат-заңды нәтижелер. М.Әуезов шығармашылығымен келген эпикалық дүниетанымның жаңа типі өз күшін жоғалтпай, психологиялық талдау тереңдігінің негізінде өз өміршеңдігін сақтауда. Бұл Әбдіжәміл Нұрпейісов шығармашылығының мысалынан көрінеді.

Әдебиеттану қазір көркем әдебиетті зерттеуге, тілдің тереңдегі заңдылықтарын ашуға лингвистикалық әдістерді қолданады. Зерттеудің бұл бағытын М.Әуезов шығармашылығына қолдану суреткердің жаңа көркемдік қырларын ашатыны анық. Бірақ лингвист сөзді кез келген тілдік мәтін материалы ретінде алса, әдебиеттанушы барлық жанрларға қатысты бірбүтін көркем мәтін ретінде алады. Бұл әдебиеттанудың, әуезовтанудың дамуындағы тағы бір бағыт болары анық.

Зерттеушілер өз жұмыстарында М.О.Әуезов шығармашылығының қазақ прозасын философиялық пайым, психологиялық талдау бағытына ойысуына үлкен әсер еткенін айта келіп, осы бағыттағы көркемдік үрдісті байыптай зерттеп, әдеби процестің өнімді доминанталарын анықтауға күш салуда. Әдебиеттанудың бұл бағыты М.Әуезов мұрасын зерттеудің тағы бір қырына айналуы мүмкін.

Осы бағытта жазушы мұрасын әлі де зерттей түссек оның шығармашылық лабораториясын, шеберлік сырын терең ашып, идеялық, қоғамдық көзқарастарының бастауларына бара аламыз.

Екі әдебиетші ғалымның монографиялары беріліп отырған бұл жинақта М.Әуезовтің тек қана тарихи, әдеби процестегі орны ғана емес, жазушы мұрасын заманауи қабылдау спецификасы көрінеді. Ұлттық дүниетанымның қалыптасуы мен адам жүрегінде орнығуы, ұлттық танымның құндылық сипатының ұлттық суреткеріміздің көркемдік мұрасындағы көрінісінің мысалдары деректік, құжаттық деңгейде көрсетілген.

М.Әуезов шығармашылығының әртүрлі аспектілерін жан-жақты зерттеу – әдебиеттанушылардың М.Әуезов феноменіне жауабы. Осы себепті бұл жұмыстарға жалған марапатқа, жалған жасанды сынға жол бермейтін кең ауқымды азаматтық көзқарас тән. Бұл зерттеулер алып отырған объектісін терең білетін зерделі зерттеушілердің өнімді қолынан шығып, салмақты мәдени ойдың, бай, күрделі көркемдік қабаттардың, озық ғылыми мұраның байланысын байсалды зерделеген.

Бұл жинақтың міндеті – тарих пен өмір ағымының, адам тағдыры мен зулаған уақыттың өміршең байланысын көрсетуді мақсат еткен, әлемдік-әдебиеттің ең озық үлгілерінің деңгейінде суреттеген М.Әуезов мұрасының терең көркемдік қабаттарын ашуға тырысқан әдебиеттанушылардың жұмысын әдебиет сүйер елге жеткізу. Ұлы суреткердің шығармашылығын ұлттық тарих пен мәдениеттің рухани контекстінде зерттегенін көрсету. Жинақтың әдебиет сүйер қауымға, әдебиеттанушыларға ұзақ жылдар бойы қызмет етері анық.


**Қонаев Д.А.**  
**филология ғылымдарының**  
**кандидаты**






Л.М. ӘУЕЗОВА

**М.О.Әуезов**  
**ТВОРЧЕСТВОСЫНДА**  
**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ**  
**ПРОБЛЕМАЛАРЫ**





## КІРІСПЕ

Тарихты танып-білудің және тарихи шындық жолындағы ізденістер кезінде тарих пен әдебиеттің өз ара байланысты ерекше бір көркемдік формасы ретінде пайда болған тарихи роман сөз зергерлерінің өткен дәуірдегі ұлт мәдениетіндегі рухани қымбат қазынаны зерттеу мәселелеріне, оның көрнекті қайраткерлеріне баса назар аударғанын, олардың тарих пен мәдениет саласындағы орнын марксистік тарихи ғылым тұрғысынан ой елегінен өткізгенін толық көрсетті.

Бұл тенденция С.Айнидің, Ғ.Ибрагимовтің, С.Сейфуллиннің, М.С.Ордубадының, Айбектің, Б.Кербабаевтың, Ст.Зорьянның, К.Гамсахурдианың, Н.Рыбактың, Д.Демирчянның, А.Файзидің, С.Рахимовтың, А.Упиттің елеулі тарихи роман жазған басқа да жазушылардың творчествосынан айқын байқалады.

Советтік тарихи романистиканың бұл жаңашыл дәстүрлері қазақ совет әдебиетінде М.Әуезовтің «Абай жолы», С.Мұқановтың «Ботакөз» және «Өмір мектептері», Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлке», Ғ.Мұстафиннің «Көз көрген» сияқты кеңінен мәлім романдары арқылы творчестволықпен қабылдап, одан әрі жалғаса түсті.

Қазіргі қазақ совет әдебиетінде тарихи роман жанрын дамытудағы бұл ізденістер Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», Х.Есенжановтың «Ақ Жайық», Ә.Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», «Жаушы», І.Есенберлиннің «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар», С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» (Ш.Уәлиханов туралы), Д.Әбілевтің «Ақын арманы» (С.Торайғыров туралы) сияқты романдарында одан әрі сабақтаса түсуде.

Тарихи шындықты көркем сөзбен бейнелейтін тарихи романның негізгі ерекшеліктерін ашып көрсете келіп, В.Г.Белинский: «Тарихи роман дегеніміз тарихтың ғылым ретінде өнермен ұштасып кететін нүктесі тәрізді, тарихқа қосымша, оның екінші жағы» (1.41) деп жазған болатын.

Советтік тарихи романның асқан шеберлерінің бірі Степан Злобин осы бір терең де дұрыс анықтамаға біздің заманымыздың тұрғысынан алып, елеулі қосымша енгізді. Ол былай деп жазды: «Шын мәніндегі тарихи ғылым тек Маркстен ғана басталып, маркстік-лениндік философия үстем болған, ал тарихи материализм оның бір бөлігі ретінде тарихи ғылымның негізіне айналған біздің уақытымызда мейлінше гүлдене дамып отырғандықтан да тап біздің заманымызда тарихи роман өнер



мен ғылымның бір-бірімен әсіресе ұштасып кететін «нүктесі» болып табылады (2.146)...

Өмір шындығына талдау жасаудың әдісі ретінде оқиғаға тарихи тұрғыдан келудің негізгі қағидаларын ең алдымен В.И.Ленин ұсынған болатын. Ол былай деп жазды: «Марксизмнің бүкіл рухы, оның бүкіл системасы әрбір қағиданы тек қана тарихи жолмен; тек қана басқалармен байланысы жағынан; тек қана тарихтың нақтылы тәжірибесімен байланысы жағынан алып қарауды талап етеді» (3.225)...

Тарихи танымның осы бір қалыптасу процесінде өз шығармаларында бірқатар фактілерді, құбылыстарды немесе оқиғаларды ғылыми тұрғыдан көрсете білген жазушылардың творчествосы да маңызды роль атқарды. Осындай сөз зергерлерінің қатарына, жалпы жұрттың мойындауынша М.О.Әуезовті де қосуға әбден болады. Оның романдарында, повестерінде, драмаларында, әңгімелерінде халықтың тарихы мен бүгінгі өмірі жан-жақты бейнеленді. Мысалы, 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі, тап тартысы, еңбекшілердің антифеодалдық қозғалысы, демократиялық мәдениеттің пайда болуы сияқты оқиғалар М.Әуезов шығармаларының алтын арқауына айналды. Тарихшылардың пікірі бойынша (4), жазушы творчествосында бейнеленген өткен өмірдің көптеген оқиғаларына берілген әлеуметтік бағаның дұрыстығы Қазақстан тарихының аса маңызды проблемаларын одан әрі зерттеу барысында толық дәлелдене түсті.

Тарихи эпикалық баяндаудың негізі болып табылатындықтан да өткен өмірдің көркем әдебиетте неғұрлым толық және жанжақты суреттелуін роман-эпопея жанрын мысалға ала отырып байқауға болады.

Роман-эпопея әр кезеңдегі және әр кеңістіктегі оқиғаларды молынан қамти отырып, жанды көркем образдар арқылы халық өмірінің бүкіл көрінісін қайта елестете отырып, дәуірдің ондаған жылдар бойындағы тарихи даму процесіндегі сипаты жөнінде толық мағлұмат береді. Совет жазушылары халықтың тарихи өмірі мен күресі жолын, қоғамның даму заңдарын аша біліп, оны ғылыми тұрғыдан түсініп, тарихтың объективтік даму заңдылығы негізінде кеңінен көрсете алды.

Олай болса, әдебиеттің бірде-бір жанры қоғамдық өмірдің даму процесін оның барлық салаларында жоғарыдан төменге дейін қамтып, халықтың тарихи дамуының аса маңызды проблемаларын бірінші кезекке қоя отырып, кеңінен, жан-жақты және тұтас қамтып көрсетуде роман-эпопеямен шендесе алмайды. А.В.Чичерин роман-эпопеяны реализмнің толық жетілген жанры ретінде айта келіп, «бұл жанрдың ең бірінші белгісі – адам мен қоғам жөніндегі нағыз білімнің әрі толық, әрі мол болуы» (5.14) деп атап көрсеткен болатын.

Жоғары оқу орындары студенттеріне арналып отырған оқу құралының зерттеу объектісі жазушы М.О.Әуезовтің 1959 жылы Лениндік сыйлық

алған, оның творчествосының асқар шыңы болған «Абай жолы» роман-эпопеясы болып табылады.

Өзінің әдеби творчестволық қызметін 1917 жылы Ұлы Октябрь социалистік революциясының ұланқайыр жаңғырығымен бастаған М.Әуезов эпопеяның алғашқы кітабы 1942 жылы жарыққа шыққанға дейін түрлі жанрларда көптеген шығармалар – әңгімелер, повестер, пьесалар, аударма туындылар, әдебиет тану зерттеулерін, сын және публицистикалық мақалалар жазған болатын.

Жазушының осы еңбектерінде жинақталған образдарды, идеяларды, көркемдік тәсілдерді, бүкіл творчестволық тәжірибені Абай туралы эпопеяда белгілі бір дәрежеде өн бойына арқау етті. Лениндік сыйлықтың лауреаты Ш.Айтматов былай деп әділ атап көрсетеді: «Су анасы – бұлақ» дегендей бұлақсыз ұлы өзен бола ма? Демек, «Абай жолына» дейін де Әуезов айтулы шебер болатын, «Қилы заман» Әуезовтің «Абай жолынан» көп бұрын, сол кездің өзінде-ақ, кең тынысты эпикалық баяндау формасын игергендігін дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда «Қилы заман» – кейін Әуезовтің телегей-теңіз эпопеясын тудырған ең алғашқы қуатты арналардың бірі» (6.17).

Осыған байланысты Шыңғыс Айтматов былай деп атап көрсетеді: «Царизмге, оның зорлықшыл аппаратына деген өшпенділікте жас Әуезовтей соншалық суреткерлік пайымдылықпен көрсеткен, патшаның отаршылдық саясатының безбүйрек қаталдығы мен айуандығын соншалықты ашына әшкерелеген, көшпенді халықтың өзіне жат патшалық әкімшілік жүйесін қабылдамауының табиғаттың мол мысалымен ала отырып, соншалық тереңдікпен ашып берген, сорына қарай көтеріліске шығып, сонысы үшін қан жоса қырғынға ұшырап, туып-өскен жерінен қуылған қарапайым халықтың қасіретті қайғысын ет жүрегі езіле отырып айтып берген мұндай шығарманы мен шығыс әдебиеттерінен сирек кездестірдім» (6.17).

«Түнгі сарын» пьесасында (1934 жыл) М.Әуезов әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайды кеңінен көрсету арқылы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің таптық мәнін терең ашып береді.

Алайда, Қазақстанның ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың басындағы тарихының проблемаларын М.Әуезов өзінің көркемдік ой елегінен қалай өткізгенін «Абай жолы» роман-эпопеясының материалдарына көз жіберу арқылы неғұрлым мол және байыпты түрде байқауға болады. Бұл шығарма автордың қазақ халқының тарихын жан-жақты зерттеп, терең білгенін мейлінше айқын көрсетеді.

Тарихи жанрға бой ұрған совет жазушыларының көпшілігі сияқты М.О.Әуезов те суреткер ретінде өзі көрсеткелі отырған заманға қатысы тарихи документтер мен материалдарды тарихшы-марксистерге тән аса жоғары ғылыми ыждаһаттылықпен жинап-теріп, мұқият зерттеді.

«Абай жолы» эпопеясын тарихи тұрғыдан алып зерттегенде автордың



бұл шығарманың ғылыми-танымдық маңызын сөз жоқ күшейте түскен орасан зор жұмысты тамаша төзімділікпен ерінбей-жалықпай атқарғанын көреміз. Сондықтан да тарихи шындыққа сай жасалған жарқын образдар Қазақстанның өткенін зерттеу ісінде түп нұсқа материалдай әсер етеді.

М.О.Әуезовтің эпопеясын талдауға сан қайтара бой ұрған әдебиет сыны ең таңдаулы деген советтік тарихи романдарға тән аса маңызды сипаттардың осы шығармадан да табылатынын және автордың ол қасиеттерді творчестволықпен дамыта түскендігін бір ауыздан атап көрсеткен болатын.

Роман-эпопеяны зерттеу советтік тарихи романның А.Н.Толстой, Ст. Злобин, Ю.Тынянов, В.Шишков, Айбек тәрізді басқа да шеберлері сияқты М.О.Әуезовтің де өзі көрсеткелі отырған заманға тек суреткер ретінде ғана емес, сонымен қатар ғалым ретінде де қарағанына көз жеткізе түседі. «Абай жолын» жазу үстінде өткен творчестволық еңбекке толы он төрт жыл, оған дейін де қажырлылықпен және үлкен мақсатпен қыруар материал жинаған, Абай өмір сүрген заманды терең зерттеуге кеткен көптеген жылдар жазушының, әдебиет зерттеушісінің және тарихшының бір арнаға құйылған сан-салалы еңбегіне толы болды. Мұның өзі эпопеяның өте-мөте сәтті жазылуын камтамасыз етті. Міне, тап сондықтан да М.О.Әуезов жүргізген зерттеу жұмыстарының сипатына, тарихи архивтер мен әдеби қазынаға қалай қарағанына, қажетті образдарды қалай сұрыптап, өзінің ой елегінен қалай өткізгеніне назар аударып, арнайы ынта қоюға әбден болады. Бұл тұрғыдан алып қарағанда әрбір суреткердің өзіне ғана тән творчестволық жолы болатыны белгілі. Олай болса, жазушы М.О.Әуезовтің творчестволық лабораториясына бір тұрғыдан, атап айтқанда, тарихшы ретіндегі жұмысын білу мақсатымен келу дегеніміздің өзі Қазақстан тарихының эпопеяда бейнеленген проблемаларының мәнін, оның тарихи негіздерін ашып көрсету болып табылады.

Эпопеяны осы тұрғыдан талдап шығу – жазушының тарих пен тарихи өмір шындығының осы шығармада творчестволықпен шешкен проблемаларын зерттеуі тұрлаулы ете түседі. Тақырыпқа осы тұрғыдан келудің заңды екендігін қазақтың көрнекті ғалымы, академик Қ.И.Сәтбаевтың әйгілі пікірі де растай түседі. Ол «Абай жолы» эпопеясының көркемдік қасиеттерін былай қоя тұрғанның өзінде «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ халқының өмірі мен тұрмысының барлық сан қилы жақтарының нағыз энциклопедиясы» (7.28-29) болып табылатынын атап көрсеткен еді.

Қазақ халқының жарты ғасырлық тарихын сан қырлы шынайы суреткерлікпен және ғылыми негізде бейнелеп беру, қазақ мәдениетінің аса көрнекті қайраткері, демократ ақыны және ағартушы Абай Құнанбаевтың толыққанды тұлғасын осы тарихи оқиғалар ортасында сомдай көрсету – эпопеяның орасан зор тарихи-танымдық маңызын

арттыра түседі. Мұның бәрі де М.О.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ тарихына қатысты материалдарға мейілінше бай екенін дәлелдейді.

Эпопеядағы тарихи өмір шындығы туралы сөз ете отырып, ең алдымен ондағы суреттелген тарихи процестің заңдылықтары мен қозғаушы күштері қаншалықты айқын, қаншалықты дұрыс ашып көрсетілгенін анықтап алу қажет. Біздің ойымызша, М.О.Әуезовтің бұл эпопеяда Қазақстанның ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы тарихының негізгі проблемаларын тарихи ғылым деректеріне сәйкестендіре отырып қаншалықты толық, қаншалықты дұрыс бейнелей алғандығына назар аудару пайдалы болар еді.

Осы заманғы бүкіл ғылым дамуының сара бағыты оның түрлі салаларының бір-бірімен тығыз байланысты болуында. Сондықтан да ғылымның түрлі саласымен байланыстыра жүргізген зерттеу кез келген құбылысқа жаңаша қарауға, оның осы уақытқа дейін зерттелмей келген басқа қырларын, қатпарларын, ерекшеліктерін аша түсуге мүмкіндік береді.

Тарих пен әдебиеттің бір-бірімен баяғыдан-ақ тығыз байланысты екені жалпы жұртқа аян. Ертедегі грек мифологиясында бұл екі саланың бір-бірімен апалы-сіңілі бауырлардай деп аталуы тегін болмаса керек. «Абай жолы» эпопеясын осы уақытқа дейін көптеген әдебиет зерттеушілері жан-жақты алып қарастыра тұрса да олардың еңбектерінде халықтың жарты ғасырлық тарихының түрлі салалары бұл эпикалық полотнода қаншалықты толық та шынайы бейнеленгендігі туралы арнайы сөз болған емес.

«Абай жолы» эпопеясы бұған дейін тарихшы тұрғысынан да зерттелген жоқ. Сондықтан да біз бұл зерттеуді маркстік-лениндік методологияны басшылыққа ала отырып, екі ғылымның – тарих пен әдебиет тану ғылымының тұрғысынан жүргіздік.

«Абай жолы» эпопеясына пікір айтқан еңбек аз емес<sup>1\*</sup>

1\* «Алғашқы қазақ эпопеясы». Мақалалар жинағы, Алматы, 1957; Е.Ысмайылов «Абай» романы жайында. «Майдан», 1945, №2; В.Иванов. «Жыр туралы роман», «Литературная газета». 1948, 10 ноябрь; З.Кедрина, «Абай», «Правда», 1948, 20-декабрь; Тағы да соныкі. «Халық өмірінің эпопеясы». «Нәрлі бастаудан» деген кітап М., 1960; П.Скосырев, «Абай туралы роман», «Комсомольская правда», 1949, 14-апрель; К.Зелинский. «Ақын жолы («Абай жолы») роман туралы». «Правда», 1958, 3-август; В.Смирнова. «Абай жолы» – халық жолы» (М.Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» романдары туралы), «Литературная газета». 1958, 16-декабрь; М.Қаратаев. Тұңғыш қазақ эпопеясы «Қазақстанская правда», 1959, 8-сентябрь; Тағы да соныкі, «Абай жолы» эпопеясына алғысөз; Алматы, 1959; Тағы да соныкі, Мұқтар Әуезов. (Творчествосы туралы жазбалар), Алматы 1967; З.Ахметов, Ы.Дүйсенбаев. «Мұқтар Әуезовтің Абай туралы романдары». «Коммунист Казахстана». 1956, №11; Е.Лизунова. «Әуезовтің романист ретіндегі шеберлігі», «Қазіргі қазақ романы» деген кітап. Алматы, 1964; Тағы да соныкі. «Ақын және халық эпопеясы». «Мұқтар Әуезовтің шеберлігі» деген кітап. Алматы, 1968; А.Нұрқатов. «Мұқтар Әуезовтің творчествосы», «Мақалалар жинағы, Алматы, 1965, Р.Бердібаев. «Роман және қазіргі заман». Алматы, 1967 және басқалары.





Бірақ ол шығармаларда нақты тарих пен ойдан шығарылған көркем шығарманың ара қатынастары, жазушының эпопеяны жазған кезде пайдаланған түп нұсқа материалдары, шығарманың тарихи негіздері, автордың ол материалдарды творчестволықпен пайдалану тәсілдері арнайы зерттеудің объектісі болған емес. Олай болса, осы мәселелерді бұл еңбекте жан-жақты қарастырудың қажеттігі мол.

«Абай жолы» эпопеясын мысалға ала отырып, жазушының шынайы тарихи фактілерді суреткерлікпен іріктеп алып, оны көркем образ жасауға пайдалана білуі, тарихи шындық пен суреткерлік шындықтың ара қатынастарын құра білуі қандай принциптерге негізделгенін қарастыру осы еңбектің міндеті болып табылады. Сонымен бірге эпопеядағы тарихи деректерді зерттеу тарихи романдардағы суреткерлікпен ойдан шығарылған және ойдан қосылған нәрселердің атқаратын ролі туралы өте-мөте қызықты проблеманы «өткен өмірдің фактілерін зерттеу және ғасырлардың терең түкпіріне суреткердің қырағы көзімен үңіле қарау дегеніміз творчестволық процестің екі жағы, тарихты танып-білудің, оған етене кірігіп кетудің екі жолы» (8.86) деген дұрыс қағида тұрғысынан қарастыруға да мүмкіндік береді.

Абай туралы романдар, біздің көз қарасымызша, шығармадағы тарихи және көркем әдебиет негіздерінің диалектикалық бірлігін, суреткерлік творчество мен тарихи ғылымның өз ара қарым-қатынасын зерттеу үшін де қызықты бола алады. Эпопеяны осы тұрғыдан зерттеу халықтың сан қырлы өмірін бейнелеп көрсетуде жазушының тарихи фактілерді қалай іріктеп алуын, халықтың тарихи даму жолының маңызды проблемаларын дұрыс қоя білу принциптерін ашуға да мүмкіндік береді.

«Абай жолы» эпопеясы халықтың рухани мәдениеті тарихында прогрестік роль атқарған аса көрнекті адамның сүйікті бейнесі жасалып, ол шығарманың өн бойында басты тұлға болып табылатын тарихи романдар қатарына жатады. Абай бейнесі, романның сюжетінен көрініп отырғанындай тарихтың ілгері басқан қарқынды дамуымен, халықтың тарихи тағдырымен тікелей тығыз байланыста жасалған. Өйткені Абайды өз заманының қайшылықтарынан, өз халқының тағдырынан бөліп алып көрсетуге болмайтын еді. Абай сол халықтың мүддесін көздеді, оның одан әрі даму жолын көре білді. Сондықтан да оны халық өмірінен тыс көрсету арқылы Абай тағдырын оқушыға дұрыс түсіндіру мүмкін емес еді. М.О.Әуезовтің романда әлеуметтік-тарихи жағдайды мейлінше мұқият әрі шынайы көрсету арқылы Абайдың өсу жолын, оның дүниеге көзқарасының қалыптасуын, творчествосының қайнар көздерін дұрыс бейнелей білгенін зерттеп шығу да маңызды.

В.Г.Белинский былай деп атап көрсетеді: «Ақын неғұрлым жоғары тұрған сайын өзі туып-өскен қоғамға соғұрлым көп тиісті болады, оның талант-дарынының даму бағыты, типті сипаты да қоғамның

тарихи дамуымен соғұрлым тығыз байланысты келеді» (9.430) «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи өмір шындығын көрсету ерекшеліктерін қарастыру тарихтағы көрнекті жеке адамның бейнесін жасауға, оның тарихтағы ролін көрсетуге, осы тұрғыда сол заманды суреттеуге байланысты проблемаларды зерттеу үшін де қызықты.

М.О.Әуезов бұл мәселерді шешу жөніндегі өз міндетін мейлінше дұрыс түсінген. Бұл ретте оның Байронды ол өзі өмір сүрген ортадан бөлек алып, жекелеген кездейсоқ оқиғаларға ғана байланысты суреттеген белгілі француз жазушысы, батысевропа әдебиетінде биографиялық роман жанрының негізін қалаушы А.Моруаның әдісіндегі қайшылықтарды сынап, пікір айтқанын да еске сала кетудің артықшылығы жоқ. Байрон творчествосының революциялық-романтикалық сипатын анықтаған тарихи жағдайлар А.Моруа романында ақынның жеке өмір тіршілігіндегі қайдағы бір екінші дәрежелі оқиғалармен алмастырылғанын ол жіті көре білген болатын.

Творчество адамдары туралы тарихи-биографиялық романдар жазуда совет және шетел жазушылары жинақтаған тәжірибені зерттей келіп, М.О.Әуезов өзінің жазушылық практикасында олардың көркемдік шешім табу жөніндегі дұрыс нәрселерін қабылдап қана қоймай, сонымен қатар олар жол берген кемшіліктерге соқтықпауға тырысқанын атап көрсеткен болатын.

Мысалы, А.Моруаның Байрон туралы романда орын алған «өткен дәуір данышпанының өмірін натуралистік тәсілмен бейнелеуге» қарсы шыға отырып, М.О.Әуезов былай деп жазды: «Бізді бұлардың өмірбаяндарындағы кездейсоқ егжей-тегжейлер мен фактілер қызықтырмайды. Халықтың жадында тарихтағы бұлардың ролі турасын айтқанда байланысты болып келетін көрнекті қайраткер өмірінің ең елеулі жақтары ғана өмір сүрді, нақ осы көзқарас тұрғысынан алғанда, ең алдымен тамаша адамдардың өмір тарихын алып қарастыру керек қой деп ойлаймын» (10.358).

Осы пікірді Багратион туралы жазылған өз романындағы тарихи материалдар жөніндегі ойларын ортаға сала келіп, тағы бір советтік тарихи романист С.Голубов та айтады: «Көркем шығарманың геройы дегеніміз жазушы өзі бейнелеп көрсеткен заманды қалай ұғынып, қалай түсіндіре білуінің жиынтығы. Турасын айтқанда, тарихи романның нағыз геройы оның әдеби геройының бейнесіндегі дәуірдің тап өзі болып табылады» (11.84).

Сондықтан да эпопея авторының жалпы тарихи концепциясын, оның маңызды деген нақты тарихи проблемаларға, оларды суреткерлікпен сомдап көрсете білуге деген көзқарасын, М.Әуезов творчествосына тарихи ғылымның тигізген ықпалын қарастыруға баса көңіл бөлген жөн.

«Абай жолы» эпопеясының жазылу тарихын, сондай-ақ СССР-



дің басқа да халықтарының әдебиеттеріндегі тарихи роман жанрының қалыптасу тарихын зерттеу бұл процестің советтік тарихи роман жанрының дамуында ортақ заңдылықтары бар екенін мейлінше айқын көрсетеді. Советтік тарихи роман жанрының қалыптасуы 20-жылдардан басталды. 20-жылдардағы таңдаулы тарихи романдардың авторы болған совет жазушылары өткен заманды суреткерлікпен ой елегінен өткізудегі алғашқы ізденулерінде-ақ маркстік-лениндік дүниетанымға арқа сүйеді. Олар тарихи өмір шындығын көрсетудің XIX ғасырдағы орыс классиктері А.Пушкиннің, М.Лермонтовтың, Н.Гогольдің, А.Толстойдың және басқалардың творчествосында өркен жайған таңдаулы дәстүрлерін одан әрі дамыта түсуге ұмтылды. Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясында өткен заман нақты тарихи жағдайда, шыншылдықпен мейлінше толық бейнелей көрсетілген болатын. Советтік тарихи романистер ең алдымен осы принципті игеріп, творчестволықпен дамыта түсті. Дегенмен де бұл арада Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» эпопеясында қоғам өмірін жан-жақты, терең әрі сан қырынан алып суреткерлікпен бейнелеп көрсетудегі азаматтық сарын, тарихты жасаушы халық екенін типтік жағдайда көрсетуге негізделген суреткерлік психологизм, шынайы патриотизм рухындағы реалистік принциптер осы уақытқа дейін қол жетпес асқар биіктей болып қалып келе жатқанын айта кету керек.

XIX ғасырдағы орыс классиктері өз шығармаларында оқиғаны тарихи тұрғыдан баяндау принциптеріне бой ұрды. Онда геройлардың жеке тағдырларын заманның аса маңызды құбылыстарын бейнелейтін нақты тарихи оқиғалармен тығыз байланыстыра отырып көрсету дәстүрі мейлінше маңызды да шешуші орын алды.

Орыс классиктерінің адам мен қоғамның бір-бірімен өз ара байланысы туралы мәселені творчестволықпен шешу жөніндегі бұл маңызды суреткерлік жаңалығы советтік тарихи романда да басшылыққа алынды, сөйтіп маркстік-лениндік методология негізінде одан әрі дами түсті.

20-жылдардағы совет әдебиеті үшін өткендегі халық қозғалысы халықтың Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі өзінің әлеуметтік азаттығы жолындағы жан қиярлық күресі тақырыптарына бой ұру мейлінше тән болып келеді. Сөйтіп, елдің тарихын халық бұқарасы күресінің тарихи ретінде суреткерлікпен көрсету жолында алғашқы әрекеттер жасалды. Міне, тап осы уақыттан бастап тарихи роман совет әдебиетінің негізгі жанрларының біріне айналды. Тарихи тақырыпқа бой ұру А.П.Чапыгиннің «Степан Разин» романы сияқты елеулі шығарманың тууына себеп болды. Бұл роман тұңғыш советтік тарихи роман еді. Онда шаруалар көтерілісі бірінші рет шындыққа сай, дұрыс суреттелді, бұрынғы дворяндық-буржуазиялық әдебиеттегі дәстүр бойынша «бүлікшіл» атанып келген С.Разин халық батыры ретінде көрсетілді.

Советтік тарихи прозаны дамытуға О.Форштың «Тас жамылғандар» (1923 ж.), Ю.Тыняновтың «Кюхля» (1925 ж.), «Уәзір Мұхтардың ажалы» (1928 ж.), кейініректе жазған «Пушкин» романдары үлкен үлес болып қосылды. Мұның өзі совет әдебиетінде тарихи-өмірбаяндық жанрдың пайда болуы еді.

Ю.Тыняновтың принципті түрдегі өзі суреттеп отырған жаңа творчестволық дәуірді мұқият зерттеу тарихи материалдың мәніне терең бойлаумен тығыз байланысты болды. Мұндай деректерді зерттеу кезінде ашылған жаңалықтар да за емес еді. Сондықтан да мұның өзі – роман – зерттеу деген жаңа ұғым тудырды. Мұның бәрі де тарихи тұрпайылықпен суреттеу, іс жүзінде бұрмалап немесе асыра мақтап көрсету сияқты 20-жылдарда жиі-жиі кездесіп қалатын ағымға қарсы соққы беруде аса маңызды роль атқарды. Ю.Тынянов пен О.Форш өздерінің геройларын көрнекті қайраткерлер, бостандық жолындағы жалынды күрескерлер, өз дәуірінің прогресшіл бағыттарын білдірушілер ретінде суреттей білді.

Советтік тарихи романның 30-жылдардың бас кезінде қол жеткен елеулі табыстарын көрсете келеп, М.Горький 1931 жылы былай деп жазды: «Петр I», Жібек арқаулы Чапыгиннің «Степан Разины», Георгий Штормның талантты «Болотников туралы дастаны», Юрий Тыняновтың өте жақсы екі романы – «Кюхля» мен «Уәзір Мұхтардың ажалы» және Николай I-нің заманы туралы бірнеше өте-мөте елеулі кітаптар бар» (12.254).

30-жылдарда А.Толстойдың екі томдық «Бірінші Петр» романы мен В.Шишковтың «Емельян Пугачев» (1939-1945 жылдар) романының жарық көруі совет әдебиетінде тарихи роман жанрының шынайы гүлдене түскенін көрсетті. Бұл шығармаларда идеялық және композициялық жағынан алып қарағанда халықтың коллективтік образы бүкіл баяндаудың өзегіне айналып әрі романның сюжетін дамытып отырады. 30-жылдарда көп томдық эпопея жанры С.Н.Сергеев-Ценскийдің «Совостополь сергелдеңі» арқылы да көрінді.

Тарихи революциялық тақырып О.Форштың Радищев туралы жазған «Якобин ашытқысы», «Қазан помещицасы», «Қатерлі кітап» деген трилогиясында (1935-1938) одан әрі дамытылады. В.Янның «Шыңғыс хан», «Батый», С.Бородиннің «Дмитрий Донской» романдары сияқты халықтың шетел басқыншыларына қарсы қаһармандық күресіне арналған шығармалар Ұлы Отан соғысы қарсаңында өте маңызды тәрбиелік роль атқарды.

30-жылдары советтік тарихи романның дамуындағы жаңа кезең ең алдымен А.Толстойдың есімімен және оның классикалық тарихи романы «Петр I-нің» жазылуымен байланысты болды.

Адам мен тарихты бейнелеп көрсету, тарихи деректерді творчестволықпен пайдалану – өткен тарих пен қазіргі заманның өз



ара байланысын көрсету. Ол тарихи өмір шындығын көрсетудің дәуірді көркемдік құралдар арқылы шынайы суреттеу, оны маркстік тұрғыдан баяндау, сол дәуірдің таптық қайшылықтарын нақты тарихи жағдайда алып бейнелеу, тарихи даму перспективасын дәл белгілеп алу сияқты аса маңызды проблемаларын дұрыс шешіп, советтік тарихи романды одан әрі дамытуда түбегейлі роль атқарды.

«Осы бір тамаша шығармада советтік тарихи көркем әдебиеттің жаңашылдық мәні барлық күш-қуатымен айқын көрінді. Осыдан кейін тарихи өткен заман туралы бұрынғыша жазу енді мүмкін болмай қалды» (13.384).

30-шы жылдардағы советтік тарихи романның дамуына А.Толстой енгізген жаңа көркемдік принциптерінің орасан зор ықпалы туралы айта келіп, Степан Злобин шығармадағы «Характерлердің төтенше кең диапазонын, кейіпкерлерге мейлінше дара және дәл берілген әлеуметтік мінездемелерін, өздерінің тарихи даму барысында кейіпкерлердің психикасын шұғыл түрде және заңды етіп қайта жасаудың үлгілерін, тарихи фактілердің тарихтан алатын орны мен арақатынасын анықтай білудің және халық бұқарасының тарихи оқиғалар кезінде алатын творчестволық маңызын, қоғамдағы прогресшіл және керітартпа таптық бағыттарды дұрыс бейнелей білудің жарқын мысалдарын (13) ерекше атап көрсетті.

30-жылдардағы советтік тарихи роман жанрын дамытудағы қарқынды өрлеу бүкіл советтік әдебиеттің дамуымен, социалистік реализм әдісінің берік орнығуымен тығыз байланысты. Михаил Шолохов социалистік реализмнің жаңа методологиялық позициялары тұрғысынан классикалық советтік эпопеяның үлгісі «Тынық Донды» жазды. Онда халық өмірінің ең тереңдегі қат-қаттары мейлінше кеңінен көрсетілген. С.Айнидің, Айбектің, М.Әуезовтің, А.Файзидің, Н.Рыбақтың, К.Лордкипанидзенің, Ст.Зорьянның және басқа да СССР халықтары жазушыларының тарихи өткен заманды суреткерлік ой елегінен өткізу проблемаларын шешу мен творчестволық ізденістеріндегі табыстары көп жағдайда олардың орыстың советтік тарихи роман дәстүрлері М.Горькийдің, А.Толстойдың, Ю.Тыняновтың, О.Форштың, А.Серафимовичтің, М.Шолоховтың және басқалардың шығармаларындағы өткен заман тақырыбын тарихи жанр саласында социалистік реализм тұрғысынан шыншылдықпен көрсету принциптерін орнықтырған творчестволық тәжірибені құмарта қабылдауына байланысты. Бұл ретте ең басты ұстаздық роль атқарған әрине М.Горький болды. С.М.Петров өзінің монографиясында: «Советтік тарихи беллетристикада тарихи өмір шындығын тереңдете түсуге, оның эпикалық тенденцияларын күшейте түсуге Горькийдің орасан зор, терең әлеуметтік тарихи өмір шындығына толы «Артамоновтар ісі» және «Клим Самгиннің өмірі» эпопеялары мейлінше зор ықпал етті» (14.73) – деп атап көрсетті.

Горький шығармаларындағы тарихи өмір шындығының басты жеңісі қоғамның тарихи даму процесінің, ондағы идеологиялық күрестің аса маңызды заңдылықтарын дұрыс бейнелеп көрсету болып табылады.

Қоғамның рухани өмірін көрсетуде Горький шығармаларындағы тарихи өмір шындығының аса терең тамырлары жаңа әдіс – социалистік реализм әдісіне соншама тән болып табылатын психологиялық талдау мен кеңінен жасалған әлеуметтік талдаудың бірімен-бірі етене ұштасуы, тарихи даму процесінің «механикасының» өзіне бойлап енуден (15.40) басқа ешнәрсе де емес...

М.Әуезов «Абай жолы» эпопеясын жазуға 30-жылдардың орта шенінде кірісті. Бұл кезде советтік тарихи романның біз жоғарыда сөз еткен негізгі жаңашылдық сипаттары анықталып болған еді. Советтік тарихи романдарда ғылыми тұрғыдан танылған тарихи даму процесі мейлінше терең және сан алуан түрінде көрінді, ал халық тарихтың субъектісі, тарихи даму процесін алға апарушы ретінде бой көрсетеді.

Сонымен бұл көмекші оқу құралында біз жоғарыда атап көрсетілген міндеттермен қатар тарихты ғылыми және суреткерлік ой елегінен өткізудің советтік тарихи романдарда орныққан негізгі принциптерін М.Әуезовтің творчестволықпен өзіндік қолдану тәсілдерін зерттеуді, «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи өмір шындығының негізгі ерекшеліктерін, осы жанрды байыта түсуде оның қосқан жаңашылдық үлесін ашып көрсетуді мақсат еттік.

Тарихнамалық шолуда М.О.Әуезовтің романды жазуға жұмсалған көп жылғы еңбегі негізінде Абай Құнанбаевтың өмірбаянын, творчествосы мен өмір сүрген заманын зерттей отырып, қандай тарихи деректерді пайдаланғанына және оларды талдау тәсілдеріне қатысты мәселелерді қарастыра кетудің толық реті бар.

М.О.Әуезов өзі мұғалімдер семинариясының шәкірті, ал содан кейін Ленинград университетінің студені болып жүрген кезінің өзінде-ақ Абайға ерекше ынта қоя бастағанын жазған болатын. Болашақ эпопеяның авторы осы жылдардың өзінде-ақ Абайдың жақындары – зайыптары Әйгерім (1918 жылы қайтыс болды), Ділдалармен (1924 жылға дейін өмір сүрген), ақынның әкесі Құнанбайдың тоқалы Нұрғаныммен, ақын Көкбаймен және басқаларымен әңгімелесіп, сұрастыра жүріп, өз кейіпкерлерінің өміріне тікелей қатысты көптеген қызықты фактілер жинап алған еді. Сондай-ақ қазақ әдебиеті классигінің өмір тарихына байланысты көптеген қызықты мәліметтерді жазушының атасы Әуез айтып берген болатын. Ол Абай Құнанбаевты жақсы білетін, оның үстіне ақынның замандасы еді.

Алайда бұл кезде М.О.Әуезов өзінің Абаймен әуестенуін әлі де болса елеулі нәрсе деп қарамаған еді. Кейін ол былай деп жазды: «Биограф ретінде Абайдың өмірі туралы материалды 1930 жылдан кейін іле-шала



толық қолға алдым Амал қанша, бұл уақытқа қарай оны білетін адамдардан бірнеше қарт қана тірі болатын. Дегенмен Абайдың замандастарының аузынан тікелей естіген менің әңгімелерім 1933 жылдан бастап баспасөз бетінде көріне бастады» (10.360).

Жұртқа мәлім, Абай туралы революцияға дейінгі жазба деректер, негізінен алғанда, Абай өлеңдерінің 1909 жылы шыққан К.Ысқақов жазған алғы сөзде қамтылған өмірбаян мен жергілікті баспасөз бетінде кездесіп қалатын бірқатар мақалаларға ғана саятын. Әдетте тарихи қайраткердің өмір тарихын зерттеуге қажетті күнделіктер, хаттар, мемуарлар сияқты материалдар атымен жоқ болғандықтан Абайдың өмір жолын жазып шығу үшін негізгі, кейде бірден-бір тарихи дерек оның замандастарының естеліктері ғана болды.

М.О.Әуезовтің жеке өзінің архивінде Абай туып өскен жері Семей облысының Абай ауданына жазушы отызыншы және қырқыншы жылдары барған сапары кезінде ақынның өмірі мен дәуірі жөнінде Абай Құнанбаевтың замандастары айтып берген әңгімелердің тамаша жазбалары сақталған.

Бұлдардың ішінде 30-шы жылдарға жататын ең алғашқылары Абайды – жеке өз басы жақсы білетін немесе ол жөнінде өз әкелерінен, жақындарынан және ақынның замандастарынан естіген әңгімелерден есте сақталып қалғандарын ауызба-ауыз айтып берген адамдардан жазып алынған. Осы мағұлматтардың ішінде М.О.Әуезов Мадияр, Ермұса, Құлыншақтың немересі, торғай руының старшины Тұмабай Наданбаев сияқты қарттардан, Әлімбеттен, Қатпа Құрамжановтан, Сыдық Махмұдовтан, Қасеннен, Бөкеннен, Әкірам Ысқақовтан, ақын Төлеу Көбдіковтан, Абайдың немересі Уасиладан, келіні Камалиядан тағы басқалардың айтуынан жазып алған деректері де бар.

М.О.Әуезовке жазушы Сапарғали Бегалин де аса бағалы мәліметтер берген (ол мұны осы жылдары Абайдың туған жерінде жүргенде жинап-терген болатын). «Абай жолының» авторы романды жазу үстінде бұл мәліметтерді де кеңінен пайдаланды. С.Бегалиннің берген материалдары арасында Баймағамбет Айтқожинмен болған әңгіменің жазбалары Абайдың мінез-құлқына байланысты әрі қызықты, әрі егжей-тегжейлі деректерге өте бай. Мұнда ақын айтыпты деген бірқатар жеке пікірлер, эзіл-оспақтар, музыкант Мұқа Әділханов туралы және басқа да жайлар жөнінде мәліметтер мол.

М.О.Әуезовтің бұл жазбаларының барлығында да ақынның өмірбаянына қатысты фактілермен қатар халықтың мақал-мәтелдері, ескі сөздер мен сөз тіркестері жиі ұшырайды. Жазушы мұның бәрін де заман рухын, сол замандағы адамдардың сөйлеу ерекшеліктерін дәл беру үшін шебер пайдаланды.

Абайдың туған жерінде жүріп М.О.Әуезов жазып алған мәліметтердің

көпшілігі жер дауы, жесір дауы кезінде қолданылатын праволармен, қазақтың өлген адамды жерлеу, құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру сияқты әдет-ғұрыптарына қазақ календары, аспан әлемі туралы ұғымдарға қатысы бар этнографиялық деректерге байланысты. Әрине, бұл сияқты ауызша сұрастыру арқылы жиналған деректер документ ретінде еш жерде тіркелмейді. Бірақ мұның өзі ол деректердің құндылығын кеміте алмайды. Керісінше, бұлар кәдімгі тарихи документтермен қатар тек көркем шығарма үшін ғана емес, сонымен қатар тарихи зерттеулер үшін де толық құнды материал бола алады.

М.О.Әуезовтің бұл жазбалары тап-тұйнақтай қысқа және үзінді сипатта екенін айта кету керек. Өйткені бұлар оның өзі бұрыннан, жас шағынан жақсы білетін фактілерге қосымша деректер ғана болып келеді. М.О.Әуезов Абай образын суреткерлікпен жасағанға дейін атқарған материал жинау жөніндегі өзінің осы бір ұзаққа созылған жұмысын «көшіп кеткен керуеннің жұртына келіп сөнген отты ақырғы қоламта шоғын тапқан және өзі үрлеп, осы шоқты шалқыған алау етіп жаққысы келген кешігіп қалған жолаушының еңбегімен» бейнелеп теңейді.

«Қарттардың күңгірт тартқан естеліктері, – дейді Мұхтар Омарханұлы, – Абайдың жастық шағы жөнінде маған жол көрсеткен болды, алпыс жастағы Әйгерімнің бет әлпетіне қарап мен бір кезде ақынды баурап алған оның тамаша жастық шағының көрік келбетін қалпына келтіруге тырыстым» (10).

Абай Құнанбаевтың өмір тарихын дұрыс көрсету үшін сұрастыру арқылы алынған мәліметтерінің шешуші маңызы болды. Бұл ретте М.О.Әуезов Абайдың ақындық творчествосында оның өз өмірбаяны туралы нақты фактілердің аз екендігін атап көрсетеді. Өйткені жеке адамдарға байланысты көптеген есімдер немесе егжей-тегжейлі деректерді кезінде ақынның өзі сызып тастаған немесе ақынның өлеңдерін ауызша айтып таратушы замандастары ұмыт қалдырған болуы мүмкін. М.Әуезов романды жазу үстінде өзінің қалай жұмыс істегені туралы әзірлеген лекция тезистерінде Абайдың кейбір арнау өлеңдерін де жинағанын, ол өлеңдердегі жеке адамдардың есімдерін қалпына келтіргенін атап көрсетеді (16.97).

М.О.Әуезовтің тарихи түп нұсқа деректерді соншалықты мол қамтығанын жазушының ақынға және ол өмір сүрген заманға арналған жеке мақалалар мен зерттеулерден мейлінше көп үзінділер алғанынан да, көптеген еңбектерге арнайы белгі салынғанынан да, қыруар архив деректерін пайдаланғанынан да көруге болады. М.О.Әуезовтің тарихи материалды терең игеруіне «Қазақ ССР-інің тарихы» атты үлкен еңбекті жазуға оның авторларының және редакторларының бірі ретінде тікелей қатынасуының да пайдасы зор болды. Жазушының архивінде ол өзі қарастырып отырған заманның түрлі проблемаларын марксизм-ленинизм





классиктерінің еңбектері тұрғысынан терең зерттегенін көрсететін деректер де аз емес.

Біздің ойымызша, «Абай жолы» эпопеясының аса зор танымдық маңызы романда халық өмірінің көптеген жақтары соншалықты қызық әрі айқын суреттеліп жазылуы автордың арнаулы тарихи әдебиеттерді оқып, зерттеуіне ғана емес, сонымен қатар өз романының оқиға желісі дамиды жерлерде Октябрь революциясына дейін өткізген бала кезі мен жастық шағында алған әсерлері мен естеліктеріне де байланысты. 1897 жылы дүниеге келген және қазақтардың революцияға дейінгі өмірін өз көзімен көріп, жіті байқаған М.О.Әуезовтің өзі туралы: «Өзімнің көргенімнің, басымнан өткенімнің, бақылағандарымның барлығына қарағанда мен ХХ ғасырдың ортасына тіпті еуропалық емес, азиялық орта ғасырдың бір қырынан келгендеймін» (17.56) деген болатын. Сонымен М.О.Әуезов өзіне етене жақын да әрі жақсы мәлім ортаны, өзі басынан кешірген заманды шеберлікпен суреттеп шықты.

Өмір шындығын едәуір дәрежеде өзінің жеке басының тікелей араласуы арқылы, өз өмірбаяны арқылы көрсете білген М.О.Әуезов еңбегінің осы бір ерекшелігі, халықтың өткен өмірін зерттеуде ешқандай білімдарлық орнын толтыра алмайтын ерекшелігі, оның творчествосын А.Н.Толстойдың «Петр I-ні» жазу үстіндегі еңбегінің кейбір ерекшеліктерімен жақындата түседі.

Әдеби сын А. Толстойдың Петр заманы туралы романына «жазушының балалық шағынан қалған естеліктері негізіне орыстың өткендегі көне өмірін тікелей сезе білуі, патриархалдық орыс провинциясын, деревнясын терең білуі толық енді (18.793) деп кезінде талай рет атап көрсеткені мәлім. Алексей Толстой жеке өзінің естеліктері Петр-I туралы романдағы орыс тұрмысын суреттеп жазуға қатысты болғанын былай деп атап көрсетеді. «Егер мен деревняда емес, қалада туған болсам, балалық шағымнан осы бір мың-сан заттарды – дала алқабындағы, қаңыраған деревнялардағы осы бір қысқы бұрқасын боранды, әулие-әнбилерді, үйшіктерді, сәуегейлікті, әңгіме-ертегілерді, күн шуақтарды, ерекше бір ісі аңқыған пішендерді білмеген болар едім, мен сірә, ескі Москваны осындай етіп сипаттап жаза алмас едім. Ескі Москваның көріністері менің алдымда сонау алыстағы балалық шақтан қалған естеліктерден сыңғырлап естіліп тұрды. Сөйтіп осыдан келіп, дәуірді, оның заттық тұрпатын сезу пайда болды. Бұл адамдарды, бұл типтерді мен кейінірек тарихи документтер бойынша тексеріп көрдім. Бұл документтер менің романды дамыта түсуіме мүмкіндік берді, бірақ сонау алыста жатқан балалық шақтағы әсерлерден келетін дәмін татып, көзбен көріп қабылдаған әсер, айтып шығу қиынға түсетін, сол бір нәзік, болар-болмас елесімен есте қалған заттар өзім сипаттап жазған дүниеге заттық тұрпат берді» (19.332).

М.Әуезовтің творчестволық әдісінің ерекшелігі автордың ауызша

әңгімелеу, сұрастыру арқылы жинақталған және жазба түрінде кездесетін деректерді өзі суреттеп жазып отырған заманға тән құбылыстармен, яғни өз көзімен көріп, басынан кешірген жайлармен шебер ұштастыра білуінде, яғни автордың сол заманның тұрмыс салтымен, табиғатымен, өмірлік құбылыстарының көп қырларымен жете таныс болғандығында.

М.О.Әуезов Абайдың Семейдегі саяси жер аударылғандармен өз ара байланысы мен қарым-қатынасын терең зерттеді. Сөйтіп, XIX ғасырдың екінші жартысында Россияда өрістеген революциялық-демократиялық қозғалыстың түрлі кезеңдерімен байланысты тарихи әдебиеттермен мұқият танысты. Мұны жазушының архивінде сақталған жазбалардан айқын көруге болады. Оның сонау 1946 жылғы конспекттерінің өзінде Н.Г.Чернышевский, оның серіктері Н.В.Шелгунов, М.Л.Михайлов, А.Серно-Соловьевич, сондай-ақ кейінгі кезде саяси жер аударылған, сөйтіп Абайға үлкен ықпал жасаған Е.П.Михаэлис (16) туралы жазылған арнаулы әдебиеттерден жазып алған көптеген ұзақ-ұзақ үзінділер бар.

М.О.Әуезов народволецтердің қызметін зерттеу ісіне де соншалықты ұқыптылықпен қарады. Бұл ретте ол тек тарихи әдебиетті ғана емес, сонымен қатар сол кездегі мезгілді баспасөзді де шолып шықты. Жазушының архивінде 1881 жылы 1 марттағы оқиғалар туралы «Вестник Европы», «Сын отечества», «Русский вестник», «Отечественные записки» сияқты журналдардан, «Семипалатинские областные ведомости», «Туркестанские областные ведомости» сияқты провинциалдық газеттерден, тағы басқа әдебиеттерден (16) жинақтаған мәліметтер бар. М.О.Әуезов сол кездегі мерзімді баспасөздің пікірлеріне сүйене көрсетуге тырысады. Эпопея авторы сонымен қатар Абайдың досы – народволец Н.Долгополовтың Қазақ ССР тергеу ісінен мол-мол үзінділер жазып алған.

Жазушының осы конспект жазбаларына қарағанда, М.О.Әуезов, народволецтердің қызметін зерттей отырып, олардың Россиядағы революциялық қозғалыс тарихында қандай роль атқарғаны жөніндегі лениндік бағаны басшылыққа алғаны айқын көрінеді (16).

Сыншылар М.Горькийді советтік тарихи романның атасы (14.73) деп тегін атамаған. Оның көптеген бағалы пікірлерінде советтік тарихи-көркем әдебиет халықтың өміріне көбірек көңіл бөлуі тиіс (20.248) деген пікір баса айтылады. «Абай жолы» эпопеясына жасалған талдау М.О.Әуезовтің романды жазу кезінде өзінің творчестволық практикасында М.Горькийдің осы маңызды пікірін берік есте ұстағанын мейлінше айқын көрсетеді.

Автордың тарихты өз тұрғысынан қалай пайымдауына байланыстыра келіп, романның идеялық мазмұнын зерттеген кезде шығарманың қолжазбасына жасалған сын-ескертпелерге және автордың сол сын-ескертпелерден творчестволықпен тиісті қорытынды шағарғанына назар



аударудың ғылыми маңызы бар. Жазушы өз романының сыншыларымен тап осындай аса бір жемісті ынтымақтастық орната білді. Мұны эпопеяның үшінші және төртінші кітабын орыс тілінде тұңғыш рет басып шығарған кезде «Знамя» журналының редакциясымен қалай жұмыс істескен мысалынан да байқауға болады.

Мәселен, көрсеткен белгілеріне қарағанда, автор өзі қабыл алған елеулі сын-ескертпелер мыналар: «...XIX ғасырдың аяғындағы қазақ қоғамының әлеуметтік жіктелуін неғұрлым анығырақ көрсету керек. Сіз қазақ кедейлерінің жергілікті феодалдар тарапынан тағылықпен қаналуын сенімді түрде көрсете алғансыз, бірақ сіз қазақ халқының патша өкіметі тарапынан отар ретінде қаналуын әлі де жеткілікті көрсете алмағаныңыз айқын.

...Қазақ кедейлерін екі жақты қанау тақырыбы романда мейлінше айқын ашып көрсетілуі тиіс...»

Сондай-ақ М.О.Әуезовке Базаралының ішкі жан дүниесін айқынырақ аша түсу туралы кеңес береді: «...барлық жеңілістерден кейін осы бір стихиялық сотқар сірә, байларға қарсы күрес жолдары жайында ойланған болар». Сонымен бірге редакция романды сол кездегі нақты тарихи-революциялық оқиғалармен бұрынғыдан да көбірек молықтыра түсуге ұсыныс жасады. «Мұны ең алдымен Петербургтан Сарыарқаға екі рет келген (роман беттерінде) Әбіштің образы арқылы сенімді түрде шешуге болар еді. Сірә Әбіштің образы сол заманның алдыңғы қатарлы ой-пікірімен, мақсат-мүддесімен толықтырылуы тиіс. Өйткені оның жолай Қазанда болуы да мүмкін еді ғой. Ал сол кезде жас Ленин таныла бастады емес пе. Біздің пікіріміз бойынша, Әбіштің қазіргі тұлғасы тым солғын, шартты-романтикалы әрі тартымсыз...» (16).

Егер романның үшінші кітабының қолжазбасын журналда жарияланған нұсқасымен салыстыратын болсақ, М.О.Әуезов әлгі сын-ескертпелердің көпшілігін еске ала отырып, романды баспаға әзірлеу процесінде тиісті қосымшалар мен толықтырулар жасағанын оп-оңай көре аламыз. Бұл ретте біз автордың назарын романдағы тарихи өмір шындығын тереңдете түсуге аударған сын-ескертпелердің ерекше маңызды болғанын атап көрсеткіміз келеді. М.О.Әуезов қолжазбаларының архивте сақталған нұсқасынан айқын көрінетін тексті өңдеу, түзету жасау, қосымшалар енгізу, стильдік ерекшеліктерді жетілдіру сияқты қыруар жұмыстың сипаты қандай болғанының өзіне талдау жасау біздің ойымызша, жазушының творчестволық лабораториясын зерттеу саласындағы дербес ғылыми жұмысқа тақырып бола алар еді.

«Абай жолы» эпопеясын жазудағы түп нұсқа деректерді зерттеу және шығармадағы тарихи өмір шындығына жан-жақты талдау жасау қажеттігіне байланысты біз бұл зерттеуді жүргізген кезде Қазақстанның

революцияға дейінгі тарихына қатысты бар әдебиеттерді мейлінше мол қамтып, мұқият танысуымызға тура келді<sup>2\*</sup>.

Сонымен бірге жұмыс қазақ әдебиет тану ғылымының бір саласы болып табылатын Абай тану<sup>3\*</sup> жөніндегі негізгі еңбектерді ескере отырып жазылды.

Тарихи романға байланысты тарихнама мәселесін зерттеу орыс советтік тарихи роман жайында жазылған еңбектерде жеткілікті дәрежеде толық қамтылған.

Соғысқа дейінгі дәуірдегі совет әдебиетіндегі тарихи роман жанрының қалыптасуы мен дамуын талдауға арналған сын әдебиеттерді қорытып, жинақтау И.Т.Изотовтың «Советтік тарихи роман сыны тарихынан» (20-30 жылдар)» (Орынбор, 1967) деген монографиясында жүзеге асырылды. Бұл кездегі ең елеулі еңбек М.Серебрянскийдің «Советтік тарихи роман» (М., 1936) деген зерттеуі болып табылады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында тарихқа, әсіресе оның шетел басқыншыларына қарсы күрестегі қаһармандық кезеңдеріне деген ынтаның арта түсуі әбден заңды еді. Міне осындай жағдайда СССР Жазушылар одағы «Ұлы Отан соғысы кезінде басылған көркем шығармалардағы тарихи тақырып» (1943), «Тарихи көркем шығармалардағы шындық пен ойдан қосылған жайлар» (1945 ж.) деген тақырыптарда советтік тарихи романның даму проблемаларын талқылауға байланысты екі дискуссия ұйымдастырды. 50-60 жылдары бірқатар көрнекті совет әдебиет

<sup>2\*</sup> Қазақ ССР-нің тарихы. I т., Алматы, 1957; Е.Бекмаханов. Қазақстанның Россияға қосылуы. М., 1957; Соныкі. XIX ғасырдағы Қазақстан тарихының очеркі. Алматы, 1966; Б.Сүлейменов. XIX ғасырдың ақыры мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы аграрлық мәселе. Алматы, 1963; С.Толыбеков. ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы қазақтардың қоғамдық-экономикалық құрылысы. Алматы, 1959; С.Зиманов. ХҮІІІ ғ. аяғы ХХ ғ.-дың бірінші жартысындағы қазақтардың қоғамдық құрылысы. Алматы, 1960; В.Ф.Шахматов. Қазақстандық жайылымды-көшпелі қауым. Алматы, 1964; Е.Ділмұхамедов, Ф.Маликов. Революцияға дейінгі Қазақстанның жұмысшы табы тарихының очеркі (XIX ғ.-дың екінші жартысы – ХХ ғ. басы). Алматы, 1963; Ғ.Сапарғалиев. Патша өкіметінің Қазақстандағы жазалау саясаты. Алматы, 1966; Ә.Еренов. Қазақтардың феодалдық жер қатынастарының тарихы жөніндегі очерктер. Алматы, 1961; Т.М.Культелеев. Қазақтардың қылмыстық әдет правосы, Алматы, 1955; П.Г.Галуза. 1867-1914 ж. Қазақстанның онтүстігіндегі аграрлық қатынастар. Алматы, 1965 ж.; «Қазақстан Октябрь қарсаңында». Мақалалар жинағы. Алматы, 1968 ж. және басқалары.

<sup>3\*</sup> М.О.Әуезов. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1967; Мұқанов Сәбит. Жарқын жұлдыздар. Шоқан Уәлиқанов пен Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосы туралы. Алматы, 1964; Х.Жұмалиев. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі, 2-том. Абайдың өмірі мен творчествосы 1960; А.Нұрқатов. Абай және орыстың ұлы революцияшыл демократтары. Алматы, 1959; Дербісалин Әнуар. Қазақтың Октябрь революциясы алдындағы демократияшыл әдебиеті. Алматы, 1966; Б.Кенжебаев. Қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, 1968; Х.Сүйіншілиев. Абайдың кара сөздері. Алматы, 1956; М.Сильченко. Абай. Өмірі мен творчествосының очеркі. Алматы, 1957; З.Ахметов. Лермонтов және Абай. Алматы, 1954; «Абайдың өмірі мен творчествосы». «Мақалалар жинағы. Редакциясын қарағандар М.Ақынжанов пен З.Ахметов 1954; К.Бейсенбиев. Абай Құнанбаевтың дүниеге көзқарасы. Алматы, 1957; Ы.Дүйсенбаев. Революцияға дейінгі кездегі (ХҮІІІ ғасырлар мен ХХ ғасырдың басы) қазақ әдебиетінің тарихын зерттеу проблемалары докторлық диссертациясының авторефераты, Алматы, 1966 және басқалары.



зерттеушілерінің еңбектерінде тарихи роман жанры ерекшелігінің жалпы теориялық мәселелері одан әрі дамытылды.

Мұндай еңбектердің қатарында Г.Ленобльдің «Тарих пен әдебиет» (М., 1960), С.М.Петровтың «Советтік тарихи роман» (М., 1958), Ю.Андреевтің «Орыс советтік тарихи романы» (М., 1962), Р.Мессердің «Советтік тарихи проза» (Л. 1955) және басқа да монографиялар бар.

Методологиялық тұрғыдан алғанда ең таңдаулы тарихи романдардың авторларына арналған жеке еңбектердің аса құнды екенін айта кету керек. Олар – А.В.Алпатовтың «Алексей Толстой – советтік тарихи романның шебері» (М., 1958), А.И.Овчаренконың «М.Горкийдің «Клим Самгиннің өмірі» роман-эпопеясы» (М., 1965) сияқты бірқатар еңбектер.


Көптеген зерттеушілердің ұлттық әдебиеттерге арналаған еңбектерінде тарихи роман жанры қалыптасуының жеке мәселелері сөз бола тұрғанымен, бұл тақырыпқа жазылған монографиялық еңбектердің әлі де жеткіліксіз екенінде дау жоқ. Атап айтқанда, қазақ әдебиет тану ғылымы саласындағы кейбір еңбектерде осы мәселелерді қорыта жинақтаудың алғашқы әрекеттері ғана жасалған<sup>4</sup>.

Жоғарыда аталған әдеби материалдарды пайдаланумен қатар, М.О.Әуезовтің жазып алған тамаша деректерін, Абай замандастарының естеліктерін ғылыми зерттеуге енгізумен бірге біз еліміздегі орталық және жергілікті архивтердің қорларынан жинап алған, әлі де жарияланбаған көптеген тарихи түп нұсқа материалдарды да кәдеге асырдық.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Ә.Х.Марғұлан Омбы облыстық архивінен Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбаевтың тергеу ісі жөнінде материал тапқан болатын (21). Біз алғаш рет зерттеп, жарыққа шығарған осы тергеу ісі жөніндегі материалдарды Абайдың замандастарының естеліктерімен салыстырып көрудің зор маңызы бар.

СССР-дің Ленинградтағы Орталық мемлекеттік тарихи архивінен, Москвадағы Октябрь революциясының Орталық мемлекеттік архивінен, Москвадағы Әскери-тарихи архивтен, Қазақ ССР-інің Алматыдағы Мемлекеттік тарихи архивінен және Омск облыстық архивінен біз Абайдың заманына, Россиядағы революциялық-демократиялық қозғалыстың түрлі кезеңдеріне қатысқан, Абай мен достасқан орыстың саяси жер аударылушыларының есімдеріне, олардың әкімшілік жолмен жер ауып жүрген кезінде Қазақстанда атқарған қызметіне байланысты көптеген жаңа деректер таптық.

<sup>4</sup> \* Е.Лизунова. Развитие исторического романа в казахской советской литературе. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1950; «Тарихи романның қазіргі заманмен үндесуі» деген кітапта: Ш.Елеуенов. «Қазақ романы және қазіргі заман». Алматы, 1967; З.Серікқалиев. «Осы заманғы тарихи романның кейбір мәселелері». Кандидаттық дисс. авторефераты. Алматы, 1969; Л.Ауэзова. «Исторические основы эпопеи «Путь Абая». Алма-Ата; 1969; В.Владимиров. «Историко-революционный роман в современной литературе Казахстана (60-70 годов)». Автореф. канд. дисс. Алматы, 1974 г. и др.



## I ТАРАУ

### «АБАЙ ЖОЛЫ» ЭПОПЕЯСЫНЫҢ ТАРИХИ ӨМІР ШЫНДЫҒЫ

Тарихи тақырыпқа бой ұрған совет жазушыларының көпшілігі сияқты М.О.Әуезов те суреткер ретінде өзі бейнелеп отырған дәуір шындығын терең зерттей отырып, сол дәуірге байланысты материалдарды марксист тарихшыға тән ғылыми тиянақтылықпен жинап зерттеді.

«Абай жолы» эпопеясын тарихи тұрғыдан алып қарастыру автордың бұл шығарманы жазуда Қазақстанның өткен өмірін бояуы қанық, жарқын көркем образдар арқылы тарихи шындыққа мейлінше сай бейнелеп көрсету мақсатымен орасан зор жұмыс істегенін дәлелдейді. Мұның өзі шығарманың ғылыми танымдық маңызын арттыра түскені мәлім.

М.О.Әуезовтің эпопеясын талдауға сан рет бой ұрған әдеби сын бұл шығармада ең таңдаулы деген советтік тарихи романдардың қай-қайсысына болса да тән болып келетін аса маңызды сипаттары бар екендігін және ол сипаттарды автордың творчестволықпен дамыта түскенін атап көрсетеді.

Бұл жерде біз үшін «Абай жолы» эпопеясын, ондағы тарихи өмірі шындығының дәлдігін зерттеу тұрғысынан және XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстан тарихын білу үшін қажетті ғылыми-танымдық маңызын анықтау тұрғысынан терең талдау, осы арқылы «Абай жолы» эпопеясындағы тарихи өмір шындығының бейнелеу ерекшеліктерін ашу мейлінше қызықты да маңызды.

Зерттеушілер анықтап отырғанындай, М.О.Әуезов эпопеясының ең басты ерекшелігі бұл шығарманы автордың XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық қатынастарының мәнін терең аша отырып, көптеген құбылыстарды көрсетуде шын мәніндегі тарихи документтерді негізге ала отырып жазғандығында.

Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен қызметінің халық өмірімен және тарихымен тығыз байланыста көрсетілуі, сөйтіп қазақ қоғамының тұтас әлеуметтік құрылысы мен өз ара сәйкестікке берілуі – міне, сондықтан да әбден заңды.



Романның алғашқы беттерінен бастап-ақ екі антогонистік тап – феодалдық-рулық шонжарлардың түрлі дәрежесіндегі феодалдар мен оларға тәуелді шаруалар барлық сыр-сипатымен көрінеді.

Эпопеяның хронологиялық басталуы XIX ғасырдың орта шеніне, Орта жүзде хандық биліктің жойылған кезіне саяды. Хандық билікпен бірге Шыңғысхан ұрпақтары болып саналатын бұрынғы билеуші топтың да праволары шектеліп шыға келді.

Жаңа әкімшілік тәртібі бойынша енді Орта жүз территориясы бірнеше округке бөлінетін болды. Оларды басқаруға бұрынғыдай мұрагерлік жолмен тағайындалатын «аксүйек» адамдар емес, қайта көшпелі-қазақ қауымның феодалдық-рулық шонжарлары қатарынан сайланатын адамдар қойылатын болды. «Абай жолы» эпопеясының оқиғасы міне осындай өзгерістер жүре бастаған кезден өрбиді.

Бұл кезде феодалдық-рулық шонжарлар құрамындағы ең ықпалды билеуші топ әр рудың басында отырған билер болатын. Олардың экономикалық үстемдігі мен сот міндетін атқаратын правосының күшті болғаны соншалықты, олардың қол астындағы шағын руларды бағынышты халге душар ететін. Сондықтан да билер жер дауын өздерінің қалауынша шеше беретін. Мұның өзі рулық топтардың арасындағы саяси беделін де арттыра түсті.

«Абай жолы» эпопеясынан феодалдық-рулық шонжарлардың ат төбеліндей үстем тобының атқарған ролі мен ықпалын айқын аңғаруға толық болады. Мұнда тобықты руының ең ықпалды билері ырғызбайдан шыққан Құнанбайдың, жігіттен шыққан Бөжейдің, көтібақтан шыққан Байсалдың, бөкеншіден шыққан Сүйіндіктің, неғұрлым кедей әрі шағын көкшеден шыққан Қаратайдың, торғайдан шыққан Құлыншақтың кімдер екенін көреміз. «Осы отырған бес алты адам дәл қазіргі күйінде пәлен мың үй тобықтының талай түйін, шытырман жайларын осы араға жиып әкеп салып келіп отырған атқамінерлер» (22.26)...

«Тобықты көп рулы көп ел болғанымен барлық үлкен шеңберінің таразысы осы отырған бес-алты адамның руларымен өлшенеді. Әсіресе ру басы адамдардың өздерімен салмақталады» (22.27). Сондықтан да «осы отырған ру басыларының мінезі артта жүрген үлкенді-кішілі атқамінер, ақсақал-қарасақалының бәріне де мінез, тәсіл бола жүреді» (22.28).

Мұның бәрі эпопеяның алғашқы беттерінен-ақ көрінеді. Тобықты руының ақсақалдары бас қосқан кеңесте кінәсыз Қодарды өлім жазасына кесу туралы әрі қатыгездік, әрі әділетсіз үкім шығарылады. Әр рудың қатардағы қарапайым адамдары Қодардың кінәлы екеніне көздерін жеткізе алмай, күмәнданып тұрса да оны ажалдан алып қала алмай, шарасыздық танытуға мәжбүр болады.

Бұл жерде тобықты руларының аты аталған билерінің бәрі де

романдағы басқа да көптеген кейіпкерлер сияқты, тарихта болған белгілі адамдар екенін айта кету керек. Олардың тобықты ішіндегі билікке таласып, Құнанбаймен ағысып-тартысқанын, оның үстінен орыс әкімдеріне түсірген көптеген арыз-шағымдардың архивте сақталған түп нұсқа материалдары дәлелдейді. Бұл кезде Құнанбай Қарқаралы округының аға сұлтаны еді.

Кейбір жекелеген ықпалды билердің атқаратын саяси ролінің қаншалықты күшті болғанын Құнанбайдың романда келтірілген мына бір ой толғаныстарынан айқын көруге болады: «Анығында бар Қарқаралы дуанының шын дүмше байы осы – Алшынбай. Көп рудың нелер үлкен дауы да осының алдынан тарайды. Одан бәрі де ана бір кезде Құсбектей төре Алшынбайды өкпелетіп алған соң, аға сұлтандығынан айрылған» (22.116).

Эпопеядан феодалдық-рулық шонжарлардың өкілдері ғана би бола алатынын, бұлардың билігі көбінесе әр рудың өз ішінде мұрагерлік жолмен ауысып отыратынын көреміз. Шынында да солай болғаны рас. Мысалы, Бөжейдің арғы атасы Кеңгірбай жігітек руының биі, ал Құнанбайдың арғы атасы ырғызбайлар тарайтын би Ырғызбай екендігін айтудың өзі-ақ жеткілікті. Бөжей қайтыс болғаннан кейін «ру басына (жігітектің – Л.Ә.) енді жаңа ұрпақ – Бөжейдің ұлдары Жабай мен Әділ келеді...»

Экономикалық және саяси өмірде «XIX ғасырдың орта кезінен бастап-ақ билермен бірге малы көп алып-сатарлық сауда, пайдалы іске жиі-жиі араласа бастаған ірі-ірі байлар да маңызды роль атқарады. Мәселен, Бөкенші руының басы Сүгір «Көп көк ала жылқысы бар, ең үлкен бай осы болатын» (22.473). Ендігі тізгін көбі осы Сүгірде болатын, көп жылқысының арқасында «біреуге ат мойын», «біреуге ат саурын» дегенді бергіштей жүріп, Сүгір салмағы күшті бай боп алған (22).

«Абай жолы» эпопеясында қазақ қоғамының қанаушы тобының атқамінерлер деп аталатын тағы бір ықпалды бөлігі бейнеленеді.

Автор Шыңғыс болысындағы атқамінерлердің 1888 жылы Жидебайдағы Оспан қыстауында болған съезінің бірін суреттеп көрсетеді. Оған қазақ пысықтарының жүзге тарта өкілі келген болатын. Атқамінерлерді М.О.Әуезов сахараны басқарудың отарлық аппаратымен байланысты пайда болған жаңа әлеуметтік құбылыс ретінде көрсетеді. Олар ең алдымен, ру ішіндегі болыстар, қазылар, ауыл ақсақалдары, тілмаштар, елубасылар және басқа да рудың билеп төстеушілері еді. Өзінің экономикалық үстемдігі мен әкімшілік өкімет билігі қолында болуы арқасында да олар рудың саяси өміріне шешуші ықпал жасап отырды.

Бұл ретте әсіресе елубасылар – әрбір елу үйден бөлінген сайлаушылар ерекше роль атқарады. Өйткені олар болыс сайлау ісіне тікелей қатысып,





шар салатын. Елубасылар тек атқамінерлерден ғана, ықпалды да бай адамдардан іріктелетін.

Романда болыстықтан үміті бар адамдардың біреулерін сайлап, екіншілерін құлату үшін үстем тап өкілдерінің түрлі топтары қолданған пара беру, уәде ету және тіпті күш көрсетіп, қорқытып-үркіту сияқты айла-шарғылар дұрыс көрсетілген. Сайлауда Оспан Құнанбаевтың жеңіліп қалуы мұның нақтылы бір мысалы бола алады. Оспанға ояз Қазанцевтің өзі қамқорлық жасап тұрса да болыс болып бөкенші руының өкілі Күнту сайланады. Себебі осының алдында ірі-ірі жеті рудың билеп-төстеушілері астыртын келісім жасаған болатын. Елубасыларды өздерінің жағына тартып алып қойған-ды. Сөйтіп билікті Ырғызбайдан тартып алады. Өйткені астыртын келісушілердің есебі дұрыс болатынын: «болашақ сайлаушының тағдырын нақ қолдарына ұстаған дәл осы адамдарды – тек осы адамдарды ғана өз жағына тарту керек» еді. Сатылған сайлаушылар шарларын Күнтуға салады.

Феодалдар тобына қарама-қарсы тұрған топ-шаруалар. Олар ауыл қауымының құрамындағы жеке өз еңбегімен күн көретін. Бірақ феодалдарға тәуелді нақ осы орта және кедей шаруалар ру шаруашылығының көпшілігі болатын. Мұны романда суреттеп жазылған бөкенші мен борсақ руларының өмірінен көруге болады. Оларда небәрі үш ауыл-ру ақсақалдары Сүйіндік, Жексен, Сүгір ауылдары ғана өздерінің мал-мүлкі мен байлығы жағынан көзге түсетін еді. Бұл рулардың қыстауға көшіп баруын суреттеу қауымдастардың негізгі көпшілігі кедейлер екенін бірден көрсетеді: салт аттылар мүлде аз, көлік мінгендер тек мал айдаушылар ғана. «Олардан басқа бала-шаға, кемпір-шал және жас қатынның көбі жүк артқан түйелерге мініпті. Жылқысын отарға жіберіп, қысқа арналған мінгішті шақтап алған елдерге ұқсайды.

Бірден-саран тайлаққа мінген, өгіз мінген еркектер де бар. Барлық қалың елдің ішінде екі-үш ауылдың көші ала бөтендеу» (22.71-72).

Қазақ қоғамының XIX ғасырдың соңғы ширегінде мейлінше күшейе түскен әлеуметтік жіктелу барысы эпопеяның бүкіл өн-бойынан көрініп отырады. Мүліктік теңсіздіктің күшейе түсуі ру адамдарының бай мен кедей болып бөліне түсуіне алып барып соқты. Жазушы феодал-ру шонжарларының шаруашылықтарын суреттеп көрсетумен қатар, аз ғана малы бар, ең тәуір дегенде там-тұмдап ішіп-жерлік қана, ал көбіне бұған да жетпейтін жарлы-жақыбайлардың да шаруа жайын көрсетеді.

Мәселен, ұзаққа созылған қарлы боран кезінде жайлы, шөбі шүйгін жайлымдарға қолы жетпейтін жарлы-жақыбайлардың малы қырылып қалатын. Абай осындай бір жұт кезінде Дәркембайға өздерінің малын ырғызбайлардың Мұсақұл, Жидебай қорықтарына айдауды тапсырады.

«Сол (Дәркембай Л.Ә.) Абайдың сәлемін ылғи ғана қарабатыр, торғай, борсақ, жуантаяқ сияқты осы маңдайдағы жерсіз, малсыз елдерге тараты.

Солардың ішінде де 15-20, 30-40 қойлы әлсіздерге барады. Мұсақұл, Жидебай, Барақ сияқты үш үлкен қорықты жағалай отырған саны көп, дәрмені азғана ауылдарды күн шығыс жақтан бастап, күн батысқа шейін шарлап шыққан» (22.304).

Дербес шаруашылық жүргізуге тырысатын қатардағы қарапайым кедейлердің күйзелген хал-жайы Абайдың мұңлы ойға шомуынан көрінеді. «Жиырма-отыз қойы бар, үш-төрт қарасы бар үй – қалың елдің көпшілігі. Жыл он екі айда ішері, мінері – сол. Сояр, сатары да сол. Киер киімі, бас панасы да сол айналдырған аз тұяқ. Аман тұрғанның өзінде бұл қандай тапшылық (22.305).

Эпопеяда осындай қым-қуыт әлеуметтік қарама-қарсылықтарды суреттеп жазу кезінде Құнанбай аулының кең жайлауда шалқып жатқан көрінісі ерекше көз тартады:

«Кең көгалға жайыла қонған үлкен ауылдың оң жақ шеті – өңшең үлкен ақ үйлер. Бұлар мал жататын қотаннан, иіс-қоңыстан, мазасыздықтан әдейі қашаңдап, шалқая қонған.

Ауылдың екінші шеті мен мал иірілетін орта тұсында отырған өңшең қоңыр үй. Бұл шетте жыртық, шоқпыт лашықтар, құрым қара қостар, кішкене күркелер да бар. «Қоңсы-қолаң» атты көп жанның баспанасы осы жақ. Қойшы шал, қозышы бала, түйеші, сауыншы, жылқышы да осы жақтан шығады» (22.429).

Немесе екінші бір жағдайды алайық. Көлқайнар қорығындағы жазық жайлауда бірінің үстіне бірі үйме-жүйме қонған оннан астам ырғызбай аулы мен қарабатыр, әнет, торғай және топай руларының ауылдары шоғырланған.

«Осындай қалың ауылдар бас қосқанда әр ауылдың шет-шетіндегі қара үйлер, жарты лашықтар, күрке мен қостар бүгіндер көзге, әсіресе көп көрінеді. Мұндай отырыста бұл өлкедегі елдің «жоғы» мен «тоғын» айыруға оп-оңай, тек сыртынан қарап-ақ қалың көпшіліктің жоқшылық пен мүшкілдік күйін танырсың» (23.160-161).

Қазақстанның буржуазиялық тарихнамасында қазақ аулының таптық жағынан жіктелуі жайлы мәліметтер өте-мөте жұпыны екені жұрттың бәріне аян. Роман-эпопеяда қазақ аулындағы соншалықты күшті мүліктік теңсіздіктерді орасан зор суреткерлік шеберлікпен шынайы белгілі бір дәрежеде осы олқылықтың орнын толтырады, қазақ ауылында үстемдік пен бағыныштылық халықты аяусыз қанау қатынастары қалай пайда болғанын айқын көрсетіп береді.

Сонымен бірге эпопеядан еңбекші шаруалардың мүліктік теңсіздігі қалай күшейе түскенін, қазақ қоғамының әлеуметтік жағынан жіктелуінің тереңдей түсуіне қарай онда феодалдық-тәуелді шаруалардың жаңа категориялары қалай бөлініп шыққанын, осыған сәйкес патриархальдық-феодалдық қанаудың жаңа түрлері пайда болғанын (бұл мәселе төменде қарастырылатын болады) көре аламыз.



Сонымен романның алғашқы беттерінен бастап-ақ қазақ қоғамының барлық әлеуметтік топтары оқушылардың көз алдынан қат-қабат өтіп жатады. Мұның өзі халықтың тарихи бейнесін тұтасынан көз алдымызға әкеліп, ондағы таптардың бір-бірімен қатысы туралы мағлұмат береді.

«Абай жолы» эпопеясында қазақ феодализмінің негізі ерекшелігін көрсететін ерекше қызық, мейлінше дұрыс материал бар. Ол – «феодалдық қатынастардың бүкіл он бойына тарап, оған тек өзіне ғана тән түр беретін» (24.143) патриархальдық-рулық құрылыс сарқыншақтарының сақталуы.

Автордың қазақ эпопеясын мейлінше жетік білуі, ішінара өз өміріндегі бақылауларға негізделген мол білім оған тобықты руының, оның қоғамдық-экономикалық және саяси өмірінің мысалдары негізінде рулық-тайпалық құрылысты қазақ қоғамының нақты тарихи жағдайында суреттеп шығуға мүмкіндік береді.

Романның орысша басылымына берген автордың ескертпесі бойынша, «Тобықты – Шыңғыс таулары мен оның солтүстігіне қарай көсіліп жатқан кең алқапты – қазіргі Семей облысының оңтүстігін түгелдей мекендеген Орта жүз қазақтарының өте үлкен тайпасы. Тобықтылармен сыбайлас тайпалар оңтүстікте – керей, батыста – қаракесек, солтүстікте – уақ, шығыста – сыбан.

Тобықты тайпасы бірнеше руға бөлінеді. Романда олардан ырғызбайлар, жігітектер, бөкеншілер, торғайлар, топайлар, қара батырлар, көкшелер және басқалар көрінеді. Абай ырғызбай руынан шыққан»<sup>5\*</sup>

Эпопеяда суреттелген тобықты тайпасы өмірінен әрбір ру жылдың әр мезгілінде өз жайылымдарына көшіп баратынын, олардың көш жолдарының өзі белгілі бір жүйеге түскенін көреміз. Территорияның осы бір тұтастығы әр рудың туыстық, рулық байланыс (ата-тегінің бір болуы) туралы ұғымдармен қатар идеология саласында патриархальдық-рулық сарқыншақтардың үстемдігі қолдап отырған экономикалық және саяси жағынан бірігуі үшін негіз болды.

Мәселен, ырғызбай руы Құнанбайдың атасы Ырғызбайдан шығады, жігітектер ауылы олармен арғы атасы – Кеңгірбай арқылы туысады т.б. мұның өзі рудың барлық адамдарының өздерін бір-бірмен бауыр, туыс деп санауына негіз қалайды. Осыдан барып жарлы-жақыбай туыстарға «көмек» беру дегенді желеу етеп, қанаудың патриархальдық-феодалдық формалары ұзақ уақыт бойы үстемдік етеді.

<sup>5\*</sup> М.Әуезов «Абай жолы», бірінші кітап. М., 1958, 36-бет. Автордың ескертпесі.

XIX ғасырдағы қазақтардың рулық-тайпалық құрылымының совет этнографтары қабылдаған классификациясы бойынша тобықты арғын тайпасына кіретін ірі ру саналады. Оның жеке ру тармақтары ырғызбай, жігітек, бөкенші, торғай, көкше т.б. болып келеді (қараңыз: В.В.Босторов, М.С.Мұқанов «Қазақтардың ру-тайпа құрамы және орналасуы (XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басы). Алматы, 1968. Бұл еңбекте зерттеуге қолайлы болу үшін М.О.Әуезов қолданған классификация сақталып отыр.

Тұтас алғанда, романда қазақ қоғамының рулық-тайпалық құрылысы баяғыдан қалыптасқан таптық қоғам болып көрінеді. Мұнда рулық дәуірдің жеке дәстүрлері тек сыртқы түр ретінде ғана суреттеледі. Ал негізіне келгенде ол дәстүрлер феодалдардың жайлымдарды баса-көктеп меншіктенуі жөніндегі правосына, мүліктік айырмашылықтың күшейе түсуі, яғни қоғамның әлеуметтік жағынан жіктеле түсуі сияқты құбылыстарға негізделген өндірістік қарым-қатынастардың ішкі мазмұнына қарама-қайшы.

XIX ғасырдың ортасы мен одан кейінірек кезде де қазақ қоғамында патриархальдық-рулық құбылыстың еңбекші шаруаларды үстем таптың езіп қанауы үшін тиімді болатын нормалары ғана сақталғаны романда айқын суреттелген.

Идеологиядағы патриархальдық-рулық тіректер ру ақсақалдарын құрмет тұту сияқты көріністерден де байқалады. Мысалы, Құнанбайдың анасы Зерені халықтың, иісі тобықтының құрмет тұтуы, ырғызбай руының кемеңгер қариясы ретінде сыйлауы, оған үлкен шаңырақ иесі ретінде табынуы қарт әженің әділдігі мен мейрімділігіне ғана емес, сонымен қатар, тіпті ең алдымен патриархальдық-рулық дәстүрдің сақталуына да байланысты. Құнанбаймен татуласқан Бөжейдің Зеренің үйіне келіп отырып, оны «біздің анамыз», яғни тайпа анасы деп атауында үлкен мән бар.

Әр ауылдың өз ру ақсақалы болды. Олардың ақ ордасы сол ауылдың үлкен үйі саналады. «Әне тамам қалың ауыл ортасында Ұлжан отыратын үлкен үй тігілді. Бұл ауылда сол үй тігіліп болған шақта, қатардағы өзге ауылдардың бәрінде де сондай үлкен үйлер ең алдымен тігіліп жатыр» (22.502).

Алайда ру анасын немесе көргені көп, ақылы асқан ақсақалды осылай құрметтеу енді, XIX ғасырдың орта шенінде, бірте-бірте жойылып бара жатқан дәстүр екенін де көреміз. Мысалы, бұл дәстүр романда ырғызбай руынан Зеренің өлімімен бірге кетіп бара жатқандай әсер етеді.

Бұл уақытта ру ақсақалдарын бұрынғыша құрмет тұту дәстүрлерін патша өкіметі аға сұлтандыққа немесе болыстыққа тағайындаған шұбар ала шынжыр төс шонжарлар және басқа да атқамінерлер өз қолдарындағы билігін күшейту үшін пайдаланып қалуға тырысты. Бұл әсіресе Құнанбай өмірінен айқын көрінеді. Ең күшті руды басқарған және аға сұлтандыққа сайланған ол іс жүзінде бүкіл тобықты тайпасының басшысы болды.

«Құнанбай өз басы бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы, қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен әмір, билік иесі. Жасқа да көп туысынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен әкесі Ырғызбайдан тараған осы мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен бірде-бір жан әлі күнге Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті өкпе-назы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал, бірақ Құнанбай сойыл



соғарды, қол қимылды, тізе мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын – мықты топ. Жер алуда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді» (22.70).

Демек өз руы Ырғызбай ішінде Құнанбайдың беделі мызғымастай берік. Ол ауылдардың көшіп шығуына әзірленуі үшін нұсқау береді, «Содан жиырма ауылдың жиырма басты адамына қазір Шыңғыс ішіндегі қай сай, қай қыстауға барып жетіп, шаңырақ көтеретінін айтып келе жатты. Сөзі ақылдасу емес – байлау. Атағаны – кесіп-пішіп қойған әмір менен бұйрық» (22.71).

Ру ақсақалының осылай өзі кесіп-пішіп қоюы сияқты патриархальдық-рулық өмірден қалған мұндай дәстүрді экономикалық және саяси өмірде күшті рулар кеңінен пайдаланды. Сөйтіп олардың шешімін неғұрлым әлсіз рулар амалсыз қабыл алды. Жоғарыда атап көрсетілгеніндей, тобықты тайпасының толып жатқан рулары ішінде ең ықпалды деген бес-алты ғана ақсақалдары тайпа өмірінің барлық мәселелерін өздері шешетін-ді. «Тобықты көп рулы ел... болғанымен, барлық үлкен шеңберінің таразысы осы отырған бес-алты адамның руларымен өлшенеді. Әсіресе, ру басы осы адамдардың өздерімен салмақталады» (22.27).

Ру ақсақалы қабылдаған шешімнің күші әсіресе көші-қон мәселелеріне келгенде ерекше көрінеді. Мәселен, Құнанбай ру ақсақалын жинап алып, тобықты тайпасының құрамына кіретін барлық рулар территориялық жағынан бірыңғай тұтас жатқандықтан, бір мезгілде көшіп-қонатындығын ескере отырып, Ырғызбай көшінің қайда және қалай басталуы керектігін айтып нұсқау береді. Құнанбай бөкенші руының қысқы жайылымдарын басып алу ниетімен Ырғызбайдың 20 аулына әдеттегі уақытынан ерте әрі басқа руларға хабарламай, бір мезетте көшуге нұсқау береді. Оның бұл жарлығын қатарлас жатқан өзге рулардың басшылары Құнанбай көші-қон жөніндегі дәстүрді өрескел бұзды деп қабылдайды. Бөкеншінің ақсақалы Сүйіндік Құнанбай жайында ызаланып: « – Не жөн, не жолға сыйғызады екен!.. Өзінен естийік!» (22.72) деуі де сондықтан.

Рулық құрылыстың күнделікті тіршілік пен қоғамдық өмірде сақталып қалған тағы бір көрінісі рулық-тайпалық байланыстардың берік орнығып қалуы болып табылады. Мәселен, романда өз ара ру аралық жиындар суреттелгенде ру ақсақалдарының жол-жобаны қатаң сақтайтынына назар аударылған. Солай бола тұрса да бұл жиындарда бір рудың адамдары әдетте бір жағынан шығады, өйткені оларда көбіне-көп ру араларындағы дау-жанжалдар шешілетін.

Патриархальдық-рулық құрылыстың сарқыншақтары, ру-тайпалық байланыстың неғұрлым берік сақталған түрлері ру өкілдері қатысқан ас беру, келін түсіру, шілдехана жасау сияқты бірқатар семьялық және тұрмыстық салттардан да көрінеді.

Мәселен, Бөжейді жерлеудің барлық салмағын туыскандары өз мойындарына алады, Абайдың інісі Оспанның асына Ырғызбайдың әр ауылы қанша мал беретіні белгіленеді.

Өлген адамды жерлеуге патриархальдық-рулық құрылыстың дәстүрі бойынша оның барлық туған-туыскандары міндетті түрде шақырылуы тиіс. Ал Бөжейді жерлегенде тек Құнанбай ғана шақырылмай қалды. Бұл – құлақ естіп, көз көрмеген қорлық еді. Феодалдық-рулық жаулықтың салдарынан рулық дәстүрді бұлайша бұзудың ерсі саналғаны сонша, бұл оқиға халықтың есінде ұзақ уақыт сақталып қалды.

Кезінде Абайдың замандас інілері болған қарттармен әңгімелесе отырып, өткендегі оқиғалар туралы олардан өздерінен бұрын өткен аға ұрпақ өкілдерінен естіген әңгімелерін жазып алу кезінде М.О.Әуезов Құнанбайдың Бөжейге тігілген қаралы үйге барған кезіндегі эпизодты да қағазға түсірген. Мұнда әкесін жоқтап отырған қаралы қыздардың көп алдында Құнанбайды жазғырғаны, жазушы бұл фактіні эпопеяның бірінші кітабында көркем етіп суреттеп бергені жұртқа кеңінен мәлім.

Құнанбай Бөжеймен қайта жауласады. Бұған желеу, осыдан бұрын өзінің жауы Бөжеймен татуласу белгісі ретінде оған перзент етіп асырап алу үшін берген кішкентай қызы – Кәмшаттың өлімі. М.О.Әуезовтің осы эпизодқа байланысты жазып алғандарынан мысал келтірейік:

«Бөжей мен Құнанбайға: Татулас, – дейді ағайын. – Екеуің кісі алыс, – дейді. Құнанбай Ысмағұлмен туысқан қызды асырауға Бөжейге береді. Ол қыз өледі. Жаман асырап өлтірді деседі екен» (16).

Бұдан әрі бұл жазбалар Бөжей қайтыс болғаннан кейін көңіл айта келген Құнанбайды өзін жазғыра сөйлеген қаралы қыздардың жоқтауын тыңдап отырған кездегі эпопея текстімен толық сай келеді.

Бұл жазба «Абай жолы» эпопеясында:

«Жау боп шықты Ырғызбай,  
Айыпқа бердің бір қызды-ай,

деп бір кетіп, және бір кезде.

Оның аты Құнанбай  
Жүйріктігі құландай,  
Шұбарлығы жыландай»...

деп жарып өтті. Жалғыз көзге дәлдеп тұрып қамшы ұрғандай, қатал жаза дөп келеді. Сөйткенше, төрде отырған біреудің қатты тамсанған үнін есітті. Қараса Сары апаң екен, ол ашулы түспен түйіліп, қара шапанды басына жамыла беріп жүрелей отырып ап айқайлай жөнелді. Сөзінің басы Бөжейді мақтау мен сол жақсыны жоқтау еді. Соның аяғын шұбыртып кеп:

Мына да қарлар не дейді,  
Жақсыдан жаман көбейді,  
Ескінің асыл көзі еді  
Ұрлап та көмдің Бөжейді

деп қатты айғайлап қалт тоқтады (22.204).



Сонымен эпопея текстімен бірінші жағдайда жоктаудың бес жолының төрт жолы жолма-жол дәл келеді, ал жауап сөзде төрт жолдың үшеуі сол күйінде алынған.

Тарихи болған фактілерге қатысты бұл жолдарды біраз өңделген түрде пайдалана отырып, автор эпопеяда Бөжейді жоктау сценасын оған қатысты барлық атрибуттарымен бірге айқын суреттеп берген, Абайдың, Құнанбайдың және басқа кейіпкерлердің күрделі психологиялық толғаныстарын шеберлікпен нанымды көрсеткен бұл эпизодта феодалдық органың өз ара жау түрлі топтарының іс-әрекеттеріне иланбау мүмкін емес.

Романда Бөжейдің асы егжей-тегжейлі суреттеледі. Оған бірнеше мың адам келеді, иісі тобықтының барлық руларынан өкілдер болады. Мұнда Бөжейге туыстығы жағынан жақын бірнеше рудың адамдары әрқайсысы өздері қарсы алатын қонақтарға қажетті үй жиһаздарымен, сауынымен, сойысымен әкеп арнайы үйлер тігіседі.

Рулық-тайпалық байланыстар құда түсу, қыз ұзату, келін түсіру тойларында да, шілдеханаларда да суреттеледі. Мысалы, Үмітайдың ұзатылуы тойына ырғызбай, әнет, жігітек, мамыр руларынан және оған құда түскенде көкше руынан қонақтар келеді.

Солай бола тұрса да феодалдарға тиімсіз жағдайда мұндай туысқандық көмек туралы дәстүрдің оп-онай, қалай болса солай, аяқ асты болып қала беретіні эпопеяда әбден көз жеткізе көрсетілген.

Мәселен, халық Жексенді былай деп кінәлайды: «Қодар аталас жақыны еді, әрі кедей, әрі жалғыз, жетім-жесір болып қалды. Соған қолы ұзын Жексен қарайласса нетуші еді? Көшерге көлік бермей, бір қораға жалғыз тастап кетті» деп кінәлаған-ды (22.37). Алайда бейшара туысқа көмек беремін деп шығын шығармас үшін Жексен оны өсек-аяңға душар етеді. Қодар өлім жазасына кесіледі. Романның екінші кітабында тап күресінің шиеленісуі және ауыл кедейлерінің таптық сана-сезімінің өсуі (XIX ғасырдың соңғы ширегі) көрсетілген. Мұнда жазушы патриархальдық-рулық қатынас қалдықтарының күйреуі барған сайын өрши түсіп келе жатқанын суреттейді. Өз шаруашылығын пішен шабумен демеп отырған жігітек руының қыс кезінде бағып беруге мал ұстайтын жарлы-жақыбай жеті жатақ ауылы пішенімізді күшпен тартып алды деп Әзімбайдың үстінен Абайға шағым айта барады.

Шапқыншылық, ұрыс-төбелес жағдайларында, көбіне феодалдық өз ара қырқыс кезінде рулық байланыстар елеулі роль атқарады. Құнанбай Бөжейдің аулын шабуға әзірлеген кезде қаруланған жігіттерді тек өзіне туыс 20 ауылдан ғана емес, сондай-ақ ырғызбайларға жақын тұрып, дос болып кеткен өзге рулардан да жинайды.

Ұрыс-төбелес немесе барымта кезінде рулас адамдарды әр рудың өз ұраны – жауынгерлік шақыруы біріктіріп отырды. Олар ұрысқа

ұрандап, атой салып кіргенде өздерінің арғы аталарының есімін айтып ұмтылатын. Мәселен, Құнанбай бастаған ырғызбайлар Мұсақұл ұрысында «Ырғызбай!» «Олжай!» деген ұранмен жауға шабады.

Екінші жақтан көтібақтардың ақсақалы Байсал Құнанбай дүре саққан Бөжей үшін намыстанып Құнанбайдан іргесін аулақ салуға бел байлап, «Көтібақ, Көтібақ! Ер соңымнан, Көтібақ!» деп, ұрандап шаба жөнеледі.

XIX ғасырдың орта шенінде қоғамның моральдық негіздеріне қауіпті қылмыс жасағандар болса шариғат заңдарына сәйкес әлі де болса өлім жазасы қолданылатын еді. Жеке қара басының қамын ойлаған Құнанбай бұл мүмкіндікті де шебер пайдаланып қалады. Қодардың қыстауын басып алу оның көптен бері көкейінде жүрген жай еді. Патриархальдық-рулық идеология сарқыншақтарын пайдалана отырып, ол Қодарға айыптау актісін әзірлейді. «Қодар сұмның қылығы сырт елдің алдында менің бетіме салық болса, елге, өз келеңе келгенде, осы отырған бәрімізге салық, мынау отырған сендерге салық» (22.23).

Жала жабылған Қодар өлім жазасына кесіледі. Рулық дәстүр күші феодалға қымет етеді.

Қодар оқиғасы мен басқа мәселелерді М.О.Әуезов таптық қайшылықтарды көрсете отырып, заманның әлеуметтік мәнін ашу үшін романға әдейі енгізген болатын.

Патриархальдық-рулық идеология сарқыншақтарының халық санасында қатты сақталып отырғаны эпопеяда өте күшті көрсетілген. Мәселен, өз руынан басқа руға кетіп қалу нағыз маскара іс саналады. тіпті Абайға рухани жағынан соншама жақын Ербол сияқты адамның өзі де Дәркембайды өз руын тастап, түрлі рулардан шыққан жатақтарға барып қосылғаны үшін айыптайды. Кедейленген туыстарының егіншілік пен отырықшылыққа қарай ауысуына қарсы күрескен феодалдар ескінің мұндай сарқыншақтарын кеңінен пайдаланады.

Патриархальдық-рулық сарқыншақтар ауылда тап тартысының дамуына да кедергі жасайды. Эпопеяда феодалдық рулық қырқыстарды суреттеуге көп көңіл бөлінген және патриархальдық-рулық идеологияның үстем болуы еңбекшілердің таптық сана-сезімінің қалыптасуын қалай бөгегендігін, мұны өз пайдалары үшін шебер пайдаланып, таптық мүдделерді «ру мүддесі жолындағы» күреспен алмастырып жібере білген феодалдардың іс-әрекеті сол дәуір шындығына мейлінше сай көрсетілген. «Қазақ қоғамының экономикалық және саяси сақталуы қазақтардың феодалдық-патриархальдық құрылысының жалпы артта қалғандығын анықтады да оның бұдан арғы дамуы жолында аса күшті кедергі болды» (25.67), – деп атап көрсетті Е.Б. Бекмаханов.

«Абай жолы» эпопеясында автор қазақтық әдет-ғұрыптарға байланысты заңдар, праволар жөнінде де көптеген құнды деректер береді. Революцияға дейінгі қазақ правосын зерттеуші көрнекті





ғалымдардың бірі Т.М. Күлтелеев XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының әдет-ғұрыптарға байланысты правоны М.О.Әуезов эпопеясының материалы бойынша да зерттеуге болатындығына назар аударғанын атап өткен дұрыс (26).

М.О.Әуезов эпопеясында қазақ әдет-ғұрып заңдарының феодалдық табиғаты терең ашып көрсетіледі. Сондай-ақ әлі де сақталып келген патриархальдық-рулық құрылыс сарқыншақтары да суреттеледі. Бұл жерде романда кеңінен сипатталып жазылған барымта, қалың мал, көп әйел алу, қыз алып қашу, билер сот құруы, ру аралық съездер өткізу сияқты әдет-ғұрып нормаларын атап көрсетсек те жеткілікті.

Әдет-ғұрыптарға байланысты право деген ұғымға заң әдебиеттерінде әдет деп аталатын, халықтың тарихында ұзақ уақыт бойында қалыптасқан заң жүзіндегі әдет-ғұрыптар жиынтығы, сондай-ақ сот жүргізу ісіне өзінің өзгерістерін енгізіп отырған билердің соттық практикасы енеді.

Оның үстіне әдет-ғұрыптарға байланысты право өткен сайын жаңа ережелермен толықтырылып отырды. Мұндай өзгертулер мен ережелер әдетте билердің ру аралық съездерінде қабылданатын. Тарихи әдеби деректерден белгілі болып отырғандай 1885ж. Семей облысында, билердің Шарда болған ру аралық съезіне Абай да қатысып, ереже жасауға белсене араласқан (27).

Жаңадан жасалған ережеде съезд жұмысына қатысқан билер қол қоятын да, сол съездің өзіне де, билердің одан кейінгі сот істері үшін де міндетті болатын.

Эпопеяда сондай-ақ XIX ғасырдың екінші жартысында бір дәрежеде болмаса да түрлі праволық нормалардың, әдет-ғұрыптың, орыс правосының, тіпті шариғаттың (негізінен алғанда семья правосы саласындағы) жеке нормаларының бір-бірімен қатар қолданылуы сияқты құбылыс та өз көрінісін молынан тапқан. Семья правосын алатын болсақ, онда Қодар мен оның келініне шариғат ережесі бойынша шығарылған қатал үкім (дарға асып өлтіру) туралы еске сала кетсек те жеткілікті.

Т.Күлтелеев әдет-ғұрыпқа байланысты правоның шариғаттың жеке нормаларымен осылай ұштасып келуіне және шариғат нормаларының оған тигізетін ықпалына былай деп назар аударады: «Романда қаны араласып кетті-мыс деп кінәсыз айыпталған Қодар мен Қамқаның жазалану мысалы аға сұлтан жазаның бірден үш түрін: дарға асуды, жартастан құлатуды, әрі тас боран жасауды қолданғанын көрсетеді. Қодардың айыбын күшейте түсу үшін Құнанбай және оны қоршаған ақ сүйек феодалдар Қодардың «қылмысын» «Қодар құдайға кектеніп, өз келінімен жақындасыпты» (27.106) деп айыптап, діни сипат береді. Тіпті ру ақсақалдарын жаза шеккен Қодарға тас лақтыруға көндіре тұрып, Құнанбай өлім жазасы туралы өкімді орындау тапсырылған адамдар мұны шариғаттың заңы бойынша істейді деп тағы да желеу айтады. Шариғат

ережелерін осы жағдайға шебер бейімдеп алған Құнанбай Қодардың өлімі үшін бар жауапкершілікті тайпаның барлық ру ақсақалдарына арта салады. Осы ақсақалдардың бірі Қаратайдың: «Шариғаттың шын бәлесін түпке сақтапты ғой. Бұл шариғат та айлаға құрық бере беретін болды ғой. О да Құнанбайдың қойны-қонышында десейші!» деп қатты реніш білдіретін тегін емес.

«1822 жылғы устав» бойынша қазақ даласындағы барлық мемлекеттік қылмыс та орыстың қылмысты істер правосының нормасы бойынша жазаланды. Мысалы, халық толқуларын ұйымдастырғаны үшін айыпталған Базаралы ақырында сотталып, Сібірге, Итжеккенге қаторғаға айдалады.

Солай бола тұрса да жеке адамның қылмысты істері бұрынғысынша, әдет-ғұрып нормалары бойынша да айыпталды. Біріне-бірі мүлде жат право нормаларының бұлай ұштасуы іс жүзінде өте үлкен қайшылықтарға әкеп соғып отырды. Мәселен, байырғы әдет-ғұрып бойынша қалыптасқан барымта, қанға қан кегі сияқты тағы басқа да қылмысты істер орыс заңы бойынша жеке адамның қылмысты істеріне теңестірілді.

Орыс заңдарының қазақтың әдет-ғұрып праволарымен сәйкес келмейтіндігін, ал көбіне-көп бір-біріне қарама-қарсы екендігін Абайға роман кейіпкерлерінің бірі адвокат Андреев былай деп бейнелеп айтады: «Мәстек түйеден үркеді. Түйе де оған жоламайды. Біздің хал солай екені рас!.. жалғыз-ақ сен екеуіміз ғана сондай емеспіз. Қазір Россия патшалығындағы закон-тәртіп пен қырғыз сахарасының арасындағы барлық тұтас халдің өзі сондай. Сен жақсы айттың!» (22.375).

Эпопеяда билердің әділетсіз үкімі, олардың сатылып кететіндігі туралы мол материал бар.

Міне, «өзің ойлашы, керей-тобықтының, сыбан-тобықтының, бура-тобықтының дауы болса, оны әуелі болыстар арқылы айтысады. Биге болыс айдап беретін болса, сол болыс алдын ала ым-жымды өзі жайлайды. Биге берген жең үшіннен жалғасып «анаған кессең аламыз», «мынаның кінә сұмдығын кешсең аламыз» демей отыр ма! Сөйтіп болыстың да парасы, биліктен келеді... Ал билік би аузымен айтылады. Аузымен адалдықты айтам деп, ас жемей, әулиелік істеп отыратын біздің Жиренше, Әбділда, Оразбайлар ма? (22.710).

Немесе керей мен сыбан арасындағы дау, Салиха қыз жайындағы дау шешілген ру аралық Балқыбек съезінде үстемдік етуші топтың өкілдері – атқамінерлер, ақсақалдар, билер, болыстар арасында сияздың төбе биі болып сайлану үшін жанталаса қырқысқан айтыс-тартысын алайық. Осы күреске қатынасып демегей болғандардың ішкі есебі мен арам ойы Құнанбайдың інісі Майбасардың ойынан айқын аңғарылады. Ол осы съезде төбе би болудан үміткер еді. Сондықтан да: «...Осы Балқыбек сиязы менің ырысым болар. Төбе би болғанның жолы, жөні бөлек. Нелер



қиын, қалың даулар бар. Оған билік айтушының жол-жүлдесі өзгеше. Төреліктің түсімі нағып олқы болсын. Құдай қосса, бұл жолы үйірлеп жылқы, қосарлап қой айдап, тізіп қайтса, одан асыл не болсын!» дегендей ойларды ойлайтын» (22.734).

Жоғарыда айтылып өткендей, түрлі рулардың арасындағы даулы мәселелерді аға сұлтан шешетін, бұл да әкімшілік әрі соттық қызметтерді атқаратын. Мәселен, аға сұлтан бола отырып, Құнанбай керей мен уақ рулары өкілдерінің барымта жөніндегі дау-жанжалын шешу үшін жігітек аулында ру аралық сияз шақырады.

«Сияз деген мол шығын. Ол, елдің қалың даугерлері келіп орнайды деген сөз. Осы елдің жуан, семіз, мешкей билері, күндіз – түстік, кешке – қонақ асы жеп, асықпастан ай жатады деген сөз» (22.84).

Ру аралық сияздардың сипатталуының өзі қызық. Бұлардың біріне – Балқыбек сиязына тобықты мен керей, керей мен сыбан, сыбан мен тобықты рулары арасындағы барымта, шапқыншылық, қыз алып қашу сияқты басқа да мәселелер жөніндегі дауларды қарап, шешу үшін Семей мен Қарқаралы уездерінің 9 болысынан өкіл жиналады. Мұнда қаралған дау-жанжалдың басым көпшілігі барымтаға және екінші жақтың оның есесін қайтармақ болған қарымтаға байланысты еді. Ал іс жүзінде, қарастырылып отырған уақытта барымта дегеніміз көп жағдайда жай ғана кісі тонау сипатына ие болып қалған еді.

XIX ғасырдың II жартысындағы Семей облыстық басқармасының архив істерінде малын ұрлап әкеткендігі жайында жазылған толып жатқан шағым бар. Мал ұрлаушылар табыла қалған жағдайда істі «билер шеше салатын» (28).

«Абай жолы» эпопеясында мал ұрлауды, ұры жұмсауды баюдың тәсілі ретінде XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында кеңінен пайдаланған қазақ байлары туралы қызықты материалдар да бар. Бұл арада мал ұрлаушы әдет-ғұрып правосы бойынша жазалауға тиісті бола тұрса да өздерінің малын көбейте түсу ниетімен белгілі бір мөлшерде ұры жұмсаушы байлар мен өзге де «құрметті» адамдардың бұл жазадан қалай оп-оңай құтылып кете беретінін жазушы жақсы көрсетеді. Мысалы Тәкежан өзі болыс бола тұрып, ұрыларды қанатының астына алатынын, тіпті оларға қыстау, жер бөліп беріп, қамқорлық жасайтынын айтудың өзі-ақ жеткілікті.

Ру басылары өздерінің мал басын молайта түсуге қызмет етіп жүрген ұрылардың әрекетін соншалықты кеңінен әрі емін-еркін пайдаланғанын романдан келтірілген мына үзіндіден тамаша көруге болады. «Анығында көп заманнан бері, партия бәлені өзі басқарып жүрген Оразбай бұрынғы болыстардың ырқына көнбейтін. Талай заманнан бері керей, сыбан, уақ, бурадан, қаракесктен мол-мол қылып ұрлатып алғыза... мыңнан аса жылқы салып алды. Көрші елдің есесін бермей, сауырына қол тигізбей

келеді. Оспанның оजारлық қаттылығы болса да, ұрлығы, жауыздығы жоқ. Жаманшылықтан ол жиренеді... сонымен жақында өзіне қараған бір болыстың барлық биін шақыртып, көрші елдердің мал іздеп келген дәугерлерін тобықты ішінде тоқтатып қалдырып, Оразбайдың старшынына болыстық сияз құрмақ болады. Әрине сол сиязда Оразбай бұрын жеген малының талайын қайта құсар еді, Оспанның қолы қатты екенін ол жақсы біледі» (23.198).

Біреудің малын алдап алуды қанаушы топ өкілдері қатардағы шаруа, жатақтарға қарсы тап тартысында да пайдаланады. Мәселен, байлардың малы өздерінің егінін жайпап, таптап кеткені үшін жатақтар Абайдың тікелей араласып, әмір етуімен байлардан алған 30 бас малды жатақтардан қайта ұрлап алуды Тәкежан өз ұрыларына арнайы тапсырады.

Алайда билердің феодалдық соты жоқтықтан, аштықтан ұрлық жасаған немесе феодалдық-рулық ақсүйектердің жүгенсіздігіне қарсы өздерінің наразылығын осылай білдірген кедейлерді аяусыз қатал жазалап отырды. Романда Балағаз бен Әбілғазы аса қатты қуғын-сүргінге ұшырайды, жұттан кейін малынан айырылған бұлар ұрлық жасайды. Олар байлардың малын ұрлайды, сөйтіп өздерінің жарлы-жақыбай туыстарын қанатының астына алған. Тәкежан болыстығын пайдаланып қаладан әскери отряд шақырады да Балағаз бен Әбілғазыны ұстатып, Семейде оларға сот болғаннан кейін, екеуін де Сібірге каторгаға жер аудартып жібереді.

Сөйтіп қазақтың әдет-ғұрып правосы, бұл эпопеяда көрініп отырғанындай, қазақ қоғамының феодалдық негізін және ең алдымен феодалдық меншіктің түр-түрін түгел сақтап, соған қызмет етуге толық бейімделген болатын (жайылым, мал, тағы басқалары).

Барымта – феодалдық ру аралық тартыстың бір көрінісі еді.

«Аға сұлтан Құнанбай Оскенбаевтың заңға қарсы қылықтары туралы» архив ісінде ол өзіне қарсы жақтың малын айдап алатыны үшін айыпталады. «Көкше, көтібақ және жігітек руларынан өзіне қарсы жақты қолдаушылардың малын айдап алған, ал олар, жұрт айтып жүргендей, мұны қажет болғандықтан істеген, олар да бұлардың малын ұрлаған, кезінде қарымтасын қайтара алмай қалған» (29).

Қазақтың әдет-ғұрып правосы жүйесінде жазалаудың кең тараған түрлерінің бірі құн төлеу болып саналады. «Өлім жазасын немесе тән жазасынан зардап шегушінің немесе оның туған-туысқандарының келісімі бойынша сот үкімі негізінде құн төлеумен, яғни қан төккені немесе мүгедек еткені үшін ақы төлеумен алмастыруға болатын еді. Құн төлеген айыпкер немесе оның туған-туысқандары ендігі жерде өздерінен кек алу және заң жүзінде қудалау жазаларынан бір жола құтылатын» (26.183).

Құнды – кісі өлтіргені үшін, төлемді – ру жеке қауым болып талап



ете алатын. Сондықтан да Дәркембай қарт Құнанбай Мекеге жүргелі жатқанда, одан Қодардың жазықсыз өлтіргенін айтып, құн төлеу туралы жігітек атынан сөз сөйлеуге дейін батылы барады. Оны Құнанбайға: «Қодардың ешқандай жазығы жоқ еді... Ал ол кезде құн туралы тірі жанның ауыз ашуға шамасы келмеді ғой. Кім дыбысын шығара алатын еді? Сенің кезің еді ғой – қатал кез еді ғой» деп айтып салады.

Патриархальдықтың қалдығы сол сияқты екі жақ бір-бірімен бітiскен жағдайда қыз беріп, қыз алысу немесе кешегі жауының үйіне тәрбиелеп алу үшін бала беру сияқты әдет-ғұрыптан да көрінеді. Мұның бір мысалы – Құнанбайдың Бөжейге асырап алу үшін кішкентай қызы Кәмшатты беруі. Романда бөтен үйде оған жөндеп қарамаудың салдарынан жас нәрестенің ескі патриархальдық әдет-ғұрыптың құрбаны болып кеткені көрсетілген.

Әйелге бүкіл рудың меншігі ретінде қарау фактісі әдет-ғұрыпта қатал сақталып келген әменгерліктен айқын көрінеді. Бұл әдет-ғұрып бойынша қалың малы төленген әйел немесе қалыңдық ері (күйеуі) өлген жағдайда ерінің (күйеуінің) өзімен туыс аға-інісінің біріне немесе ең жақын деген өзге бір туысына тұрмысқа шығуы тиіс болатын. Құда түскен қалыңдықты басқа жаққа жіберіп қою бүкіл ру үшін аса күшті мін, масқара факт саналатын. Халықтың «жесір ерден кетсе де елден кетпейді» (30.419) деп айтуының сыры да міне осында жатыр.

Абайдың сүйікті жары Әйгерім бала кезінен мамай руының бір жігітіне айттырылып қояды. Қалыңдықтың айттырылған жігіті өлгеннен кейін әменгерлік правосын пайдалану жігіттің ағасына, егде тартқан басқа біреуге беріледі. Бірақ Абай Әйгерімнің ол адамға жылап кете баруына жол бермейді – Әйгерімнің әкесіне қалың малын түгел төлейді, ал күйеу жағының барлық шығынын өтеп, қанағаттандырады.

Қазақтың әдет-ғұрып правосы біреудің қалыңдығын не әйелін алып қашқан адамға жазаның ең қатаң түрін беруді қарастырады.

«Әйелді не қалыңдықты өз келісімінсіз болса да, өз келісімімен болса да, бірақ оның ата-анасының, ерінің немесе қамқоршысының еркінен тыс алып қашу – семья-неке қатнастары саласындағы ең ауыр қылмыстардың біріне саналады» (26.244).

Әйел алып қашу қалай болған күнде де жеке адамның, ал кеңірек алғанда бүкіл бір рудың меншігінің бір бөлегін ұрлаумен пара-пар еді. Сондықтан да бұл мәселе романның көптеген мысалынан көрініп отырғандай, әйелдерді алып қашқан әрбір жағдайда нақты суреттеліп, қарымта, барымтамен, бүтін бір ауылды шауып кетумен, адамдарды ауыр жарақатқа ұшырата ұрып жығумен, тіпті кісі өлімімен тынып отырды.

Эпопеяның оқушыларының көз алдынан феодалдық-патриархальдық әдет-ғұрып, семья правосының құрбандығы болған, тағдыры тәлкекке айналған әйелдер образының тұтас бір галереясы өтеді. Бұл жас Абай

мен Тоғжанның, Керімбала мен Оралбайдың, Үмітай мен Әмірдің тағы басқалардың таусылмас терең қайғы-қасіреті еді.

Семья-неке правосына тоқтала отырып, М.О.Әуезов әйелдердің тең праволылығы жолындағы күрес тақырыбын қозғайды. Бұл тақырыпты ол романдағы өзекті мәселелердің бірінен санайды. Шарифат бекіткен неке правосын бұзуға батыл әрекет жасаған «қазақтың Ромеосы мен Джульеттасы Керімбала мен Оралбайдың тағдыры туралы баяндалған жайлар, жігітек руынан кедей жігіт Оралбайдың Сүгір байдың қызы Керімбаланы алып қашуы туралы әңгімелер романдағы ең бір қызықты беттер қатарына қосылады.

Ғашықтардың сол қоғамға наразылығы мен олардың қайғы-қасіретке толы жеңілісіне байланысты оқиғалардың негізіне де эпопея авторы өзі ел аузынан сұрастырып жинаған түрлі нақты деректер алынған. Бұл деректерді автор жігітек жігітінің бөкенші қызын алып қашуынан туған жігітек пен бөкенші арасындағы ірі дау-жанжалдың куәсы болған, оның көптеген егжей-тегжейлерін естерінде сақтаған Әлімбет, Қатпа Құрамжанов, Ермұса сияқты адамдардың өздерінің айтуы бойынша жазып алған.

Бұл жайт М.О.Әуезовтің жинастырған материалдарында былай деп келеді:

«Сүгір қызы Керімбала Қаракесекке берген. Бұған Оралбай ғашық болып алып қашқан» (31).

«Оралбай дауында жігітек Шалғынбайдың қатынын байлап әкетеді, Бөбек Ақанның шешесін, Әбдінің қатынын байлап алады. Соғыста Сүгір Мерейді найзалап өлтіріп, найзасын Бейсембіге ұстатады, кейін мәтел болған: «Мерейді Сүгір сайып, найзасын Бейсембіге ұстатқандай» деген... (31)

«Зорлықпен Қаракесекке апарды. Оралбай ере барады. Көптің көзінше Керімбала тілімен ет беріп, «барым осы дос!» дейді. Базаралы сол тұста... араз. Бөкенші Керімбала тұсында жігітекпен өшігіп қалады...» (31)

«Құнанбай Сүгірді жігітекке қарсы ұршоқпар қып ұстады. Он шақты жігітек Керімбаланың дауы арқылы айдалады» (31).

Өзі суреттеп жазып отырған заманға мейілінше терең бойлай білген М.О.Әуезов осы қысқа мәліметтердің өзінен-ақ дала өмірінің керемет ауыр трагедиясын, әсіресе әйелдердің онсыз да ауыр, правосыздық жағдайына күшті әсер еткен, өздерінің жеке басының тағдырын өздері шешуге ұмтылған, бір-біріне ғашық жастардың талабын табанына салып, таптап жанышқан феодалдық қатал негіздерді көре білді әрі көркем суреттеп көрсете білді. Осы келтірілген деректер ру араларындағы қатынастардың бүкіл күрделілігі туралы, бұл күрестегі рудың жекелеген билеп-тестеушілері көздеген саяси есептер жайында толық ұғым алуға мүмкіндік береді.



Естеліктерде тартысқа қатысқандарының ең бастыларының есімі ғана аталса да эпопеяда олардың өмірі толық қамтылады, күрес-тартыс үстінде көрсетіледі, олардың әрқайсысы керемет күшті көркем образға айналады. Оралбайдың Сүгір байдың қызы Керімбалаға қалай ғашық болуының өзі лирикалық сезімге, поэзияға толы. Ғашықтардың үлкен үмітке толы асқақ сезімі оларды өздерінің бақытын өздері қорғап қалуы үшін бір-бірімен қол ұстасып, елден қашуға мәжбүр етеді.

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, М.О.Әуезов оқиғаның бұдан арғы дамуының бүкіл барысын асқан шеберлікпен суреттеп жазады. Ол нақты деректі материалды көркемдік детальдармен толықтыра, терең психологиялық негіздеулермен жетілдіре түседі, тарихи шындық тұрғысынан болуы әбден мүмкін ситуациялар қосады. Соның нәтижесінде оқушының көз алдына Керімбаланы алып қашудан кейін кенет бұрқ ете түскен ру тартыстары өтіп жатады. «Олжай іші болса, үстіндегі аспан жарылып, жай оты төгілгендей өрекіп бүлінді...

Бөжей, Сүйіндік заманынан бері күнге шейін жігітек, бөкенші арасында араздық салқыны түсіп көрмеген еді. Бірақ мына жастардың мынау қылығы енді бөкеншіні тұтас тулатып, өртке салғандай болды. Жай бөкеншінің бірі де емес, өзі Сүгір. Бұл күнде Сүйіндік өлген, ендігі тізгін көбі осы Сүгірде болатын» (22.473).

Бөкенші жігітектерге қорқытып-үркітіп талап қояды: түнге дейін жігіт пен қыздың қол-аяғын байлап алып келіндер, не тұрысатын жерлерінді айтындар дейді.

М.О.Әуезов өз ара жауласушы рулар ішіндегі өрттей лаулаған түрлі әңгіме-дүкендерді сипаттап береді, тобықтының қашып жүрген жастарды паналатудан бас тартқан өзге руларының бұл оқиғаға қалай қарағанын ашып көрсетеді. Жігітек руындағы жастардың бұларға жаны ашығанын және ру ақсақалдарының қинала толқығанын суреттейді.

Автор жігітек руының ақсақалдарын алғашқыда Оралбай мен Керімбала жағында болғанын, оның жай-жапсарын оқушыны сендіре суреттейді. Бұл арада жігітектерді шабамыз, жылқыларыңды айдап әкетеміз деп қорқытып-үркітіп келген бөкеншілер тарапынан аяққа басылған ру намысы үлкен роль атқарғаны көрсетіледі.

Бұдан әрі бір-бірінен өш алу мақсатын көздеп, өз ара жауласқан рулардың бірінің жесірін бірі, бірінің қызын бірі алып қашу эпизодтары суреттеледі. Жоғарыда сөз болған деректерде осы оқиғалар да еске алынады. Жігітектердің екі жасты ұстап беруден бас тартқанын естіген Сүгірді жазушы былай суреттейді. Сүгір айғайды салып, от басын сабап, бөкенші аруағын шақырып, тулап тұрып кетті. «Мың көкаланы салдым намыс жолына, шаштым, бердім, қолына барымды! Тек кегімді әпер мынадан!» деп жуан бай бүлікке кетті. Асып тасқан содырлыққа басты. Ат сойылы дайын отырған бөкенші тобынан жүз жігітті жүз боз

атқа мінгізіп жіберіп, дәл сам батарда жігітекке аттандырды. Жаулыққа аттандырды. Тапсырғаны:

«Жігітек кісімді әкетті. Малмен ашу баспаймын. Кісі барымтасының орайы кісі барымтасы. Жігітектің жанына бататын жерінен маған да бір адамын, бір жесірін тартып әкеп беріндер! – деп жөнелткен» (22.482).

Осыдан кейін әлі сәукелесін тастамаған жас келіншектерді өз ара тартып әкету басталады. Сөйтіп екі ру арасында қанды қырғын төбелес-жанжал өрши түседі. Бұл арадағы ұрысты суреттеп жазғанда М.О.Әуезов шайқас үстіндегі Сүгірдің қылығына қатыстыра отырып, жоғарыда келтірілген эпизодты да пайдаланады. «Сүгір найзаны әлгі жігітке салып жіберіп, ұшырып түсірді де, ілгері ұмтылды. Бірақ артына жалтақтап, жаңағыны өлтіріп алып құныкер боп қалам ба дегендей қауіп ойлап келе жатыр. Қарсы алдына Бейсембі кеп қапты. Найзаны енді соған оқтала берді. Бейсембі төбелескен жоқ, тек найзаны қармап алмақ еді. Сүгір соны аңғарғандай боп, өз найзасын бос қана соза беріп, Бейсембіге ұстата салып, кейін жалт берді. Бейсембі саспайтын. Есінен еш уақытта айрылмайтын тапжылмастың өзі екен. Сақ-сақ күліп жіберіп.

«Көрдің бе мынаның қылығын, көрдің бе?! – деп найзаны шошайтып, Жабайға көрсетіп: – ана жігіт өлер болса, түпкі дауға барысқанда мен салғам жоқ, «найзамды Бейсембі жұлып алған» дегелі маған ұстатып кетіп барады!.. деді» (22.484).

Мұндай егжей-тегжейлі детальдарды автордың әдейі жинап-тергені даусыз. Өйткені сонау алыстағы заманның тіршілік-тынысына үңіле қарағанда бұлар баяндауды ерекше нанымды, тарихи шындыққа үйлесімді ете түседі...

Патриархальдық-феодалдық қазақ қоғамындағы әйелдердің правосыздық жағдайы кедейлердің ғана емес, тіпті үстем тап өкілдерінің әйелдері үшін де сақталып қалды. Олар күйеуінің тірі кезінде ғана емес, сондай-ақ жесір қалғаннан кейін де ешқандай мүліктік правоға ие бола алмады. Олардың күйеуі өлгеннен кейін барлық шаруашылық түгелдей кіші ұлының қарамағына көшетін. Әдет-ғұрып правосының бұл жағдайын романдан айқын көруге болады. Мысалы, Құнанбай өлгеннен кейін үлкен үйдің бар байлығы, кенже ұлы Оспанның қолына көшеді. Оспан қайтыс болғанда Құнанбай ұлдарының арасында марқұмның жесірі Еркежанға үйленіп, үлкен шаңырақтың орасан мол мал-мүлкіне ие болу жолындағы қым-қиғаш қиян-кескі тартыстың өріс алуы да міне – сондықтан.

Мұндай жағдайда қайтыс болған адамның жесіріне оның ешқандай туысы үйленбесе, онда, қазақтың әдет-ғұрып правосы бойынша, ол туыстары өздерінің мұрагерлік праволары туралы сөз ете алмайтын.

М.О.Әуезов Оспан жесірлерінің қайсысына кімнің үйленуі тиіс екендігі жөніндегі мәселе төңірегіндегі күрделі тартыс пен өсек-аяндарды





аса зор шынайы шындықпен көрсетеді. Жесірлер арасында Оспанның бәйбішесі Еркежанның алатын орыны ерекше бөлек көрсетіледі. Немесе замана рухына орай алғанда онда әйелдерге бай, үстем тап өкілдері арасында да менсінбей қарау кеңірек орын алатын еді, Оспанның өзге жесірлерінің ырқымен де, тілегімен де санасатын ешкімнің табылмауы тегін емес.

Оспан туыстарының (Тәкежан мен Ысқақтың) дүние-мүлікке қызығып арандары ашылуын шебер көрсетумен қатар жазушы олардың әйелдерінің де, бір жағынан, байып калуға қызыққан, екінші жағынан, семьяға тағы бір жаңа күндестің келуінен қорыққан, екі ұшты, бір-бірімен қарама-қарсы шым-шытырық күйзеліс-толғаныстарын да асқан суреткерлікпен көркем етіп көрсете білген.

Әдет-ғұрып правосымен шариғаттың нормасына сәйкес төрт әйел алуға дейін рұқсат беретін полигамиялық семьядағы әйелдің аса ауыр тұрмысы романда айқын көрініс тапқан.

Феодалдық қоғамның билеуші жоғарғы тобындағы полигамиялық семьяның әдеттегі тұрмыс-тіршілігінің көрінісі міне – осындай.

«Ортасында бес үлкен ақ үйлер бар, көп үйлі ауыл – Абайдың екі шешесі Ұлжан мен Айғыздың аулы» (22.13).

Құнанбай өзінің төртінші әйелі, он алты жасар Нұрғанымды кейін қаусаған шал болған кезінде алады. Эпопеяда күндес әйелдердің арасындағы күрделі, қым-қиғаш шиеленіскен ара қатынастарының дүниесі көз алдыңызда тұрады. Мәселен, Құнанбайдың екі әйелі Ұлжан мен Айғыз бір-бірімен ұрысысқан кезде «өз ара жауласқан екі ауыл ұрысқа әзірленгендей болады». Тап осы ұрыс-керістен кейін Ұлжан: «Күндестер қашан да күндес болып қала береді өмір бойы, біз тек өз жарамызды жалаймыз да отырамыз» дейді ашынып.

Алайда романда сонымен қатар феодалдық ру тобындағы ең қарт әжеге әрқашан үлкен құрмет көрсетілетіні суреттелген. Мұның өзі жоғарыда атап өткеніміздей патриархальдық-рулық дәстүрдің сарқыншағы ретінде көрініс тапқан. Шынында да тобықты руында көптің құрметіне Құнанбайдың шешесі Зере тап осындай мол құрметке бөленді. Сондай-ақ автор, өмірден байқағандарына сүйене отырып, үстем тап өкілдері семьясындағы бір қатар ықпалды әйелдердің образын жасайды. Бұлар өздерінің тәуелсіз мінез-құлқы арқасында тіпті жастығына да қарамай, кейде үй ішінде ықпалды беделге ие бола алады. Мысалы, Абайдың інісі Ысқақтың әйелі Мәлике, Құнанбайдың тоқалы Нұрғаным және басқа да бірқатар әйел бейнесі міне осындай дәрежеде көрінеді.

Әр шешеден туған балалардың арасындағы бәсекелестік, өз ара бір-біріне сенбеушілік және жауығу сияқты құбылыстардың аса ауыр түрлері романда шеберлікпен көрініс тапқан. Мысалы, Тәкежан өзінің туған бауырлары Ысқақ, Оспан болып, бәрі бірігіп Құнанбайдың басқа бір

әйелі Күнкеден тараған ұрпақтың бірі, өздерінің інісі – Шұбарға қайдағы бір сенімсіздікпен күдіктене қарайды. М.О.Әуезов патриархальдық-феодалдық семьяның көптеген құпия құбылыстарын сипаттайтын шындықты өмірдің өзінен алған күйінде шынайы суреттеп бере білген.

XIX ғасырдың орта шеніндегі Қазақстанның саяси өміріне тән болып келетін феодалдық ру аралық талас пен тартыс рулық құрылыстың сарқыншақтарымен тығыз байланыста еді. Бұл талас пен тартыста феодалдық билеуші топ, әдетте, өздерінің жеке басының пайдасын, экономикалық және саяси мақсаттарын көздеді. Алайда олар халыққа бұл талас пен тартысты, даужанжалды тұтас рудың мүддесі үшін жүргізіп жатқан болып көрінеді. Романда осы қулық-сұмдықтың сыры ашылады.

Эпопеяның бірінші кітабында 1849 жылдан 1854 жылға дейін аға сұлтан болған Құнанбай Өскенбаевтың төңірегінде тобықты руының өз ішінде қым-қиғаш жүріп жатқан феодалдық қырқыстар мен тартыстар қандай болғанын көрсетуге көп көңіл бөлініп, мол орын берілген.

Бұған мысал ретінде эпопеяның алғашқы беттерінде-ақ суреттелген, оқушыға кеңінен таныс Қодардың ісі жөнінде Құнанбай өткізген ақсақалдар жиынын айтуға болады. Соның өзінен-ақ ру мен ру арасында жауығу жағдайы айқын сезіліп тұрады. Жазушы Бөжейдің осы кеңес жиыннан бірнеше ай бұрын Құнанбаймен болыстыққа таласып, екеуі бірінен бірі ірге ажырасқанын ескерте кетеді. Құнанбай өзінің інісі Майбасарды Көкше-тобықтыға болыс етіп тағайындаған-ды. Бұл қызметті ол бұрын 1849 жылы Қарқаралы округының аға сұлтаны болғанға дейін өзі атқарып келген еді.

Майбасардың болыс болып тек өзіне жақын адамның сайлануын талап еткен, сөйтіп, өз інісін ғана ұсынған Құнанбайдың арқасында ғана болыс болғанын оның көптеген замандастары атап көрсетеді. Мұны соның ішінде әсіресе Бөжей мен Байсал билердің Батыс Сібір генерал-губернаторының атына жіберген арызы дәлелдейді. Бұлар, Құнанбай «1849 жылы аға сұлтан болып алып, осы атақтың және қызмет бабының күшімен, бүтін болыстың жалпы келісімінсіз Майбасарды болыс етіп алды, ал оны болыс етіп сайлауға болыстың жартысына жетер-жетпесі ғана келісім берді, бұлардың өздері де Құнанбайдың жақындары, оның аға сұлтан екендігінен қорқатын жақтастары ғана: осы атаққа лайық ру басылары мен неғұрлым еңбегі бар адамдар көзге ілінбей, ескерусіз қалып отыр» (29).

М.О.Әуезов Абайдың замандастары айтқан естеліктердің бәрін бірдей тап-таза шындық деп қарамаған. Материалдарды жан-жақты зерттеген ол өзінің жазушылық еңбегінде олардың логикалық жағынан дұрыс келетіндерін ғана, өз кейіпкерлерінің тарихи прототиптерінің бір-бірімен өз ара қарым-қатынастарына неғұрлым сай келетін мәліметтерді ғана пайдаланғаны байқалады. М.О.Әуезов бұл жерде біріне-бірі қарама-



қайшы келетін деректердің арасынан өзіне қажетті дегендерін сол заманның тарихи өмір шындығын жақсы біліп, сезіне алатындықтан, ол деректердің сол заманның өмір шындығына қаншалықты сәйкес келетінін айқын ажырата алатындықтан дұрыс екшеп, таңдап пайдалана білді.

Мысалы, Абай аулында жүріп М.Әуезовтің өзі жазып алған деректердің ішінде Құнанбай мен Майбасардың өз ара қарым-қатынастары туралы біріне-бірі қайшы келетін екі дерек болғаны мәлім. Бұл жазбаның бірі бойынша ағайынды екеуінің арасында өз ара келісім болмайды.

«Менің естуімше, Майбасар мен Қажы (Құнанбай – Л. Ә.) арасы жақсы болмай жүрді. Бөжей Майбасарды өз адамым деп болыс сайлатады. Қажы сайлап барып, өз бауырына қайта тартып алады» (31).

Ал, Әрхам Ысқақовтың деректеріне қарағанда, Құнанбай мен Майбасар өз ара тату-тәтті болады.

«Қажы: мен аға сұлтан болғанда сен (Майбасар – Л. Ә.) болыстықты алып қал дейді. Саған берем, бірақ басқаға бермейсін».

Жоғарыда атап көрсетілгендей, соңғы жазба Омбы облыстық архивінде сақталған архивтік документтермен – Құнанбай Өскенбаевтың ісімен толық расталады. Бұл документ романның авторына бұрын белгілі емес еді. М.О.Әуезов, оқиғаларының даму барысының логикасына сүйене отырып, Құнанбай мен Бөжейдің арасындағы шиеленіскен ру аралық қиян-кескі күрестің басталуына сылтау болатын екінші деректі пайдаланады. Құнанбайдың болыстықты Бөжей сияқты өзінің күшті де қауіпті бәсекелесіне беруден гөрі, туған інісіне беруді артық санайтыны әбден табиғи нәрсе. Көркем баяндау кезінде кейбір деректерді осындай шығарманың мазмұнына етене жақын етіп қайтадан өңдеп шығу – сол заманның қыры мен сырын жан-жақты да терең етіп ой елегінен өткізуді қажет ететіні мәлім. Г.Успенскийдің: «Кәдімгі жай фактінің өзі жазушының әсер алғыш ақыл-парасатынан орасан зор жұмысты, қоғамның бүкіл құрылысына талдау жасауды талап етеді» (32.138) деуі де сондықтан.

Құнанбайдың ісі бойынша толып жатқан куәлардың берген жауаптары арасында бірнеше бидің шынында да болыстыққа Бөжейдің кандидатурасын ұсынғаны көрсетіледі. Бірақ Құнанбай қаһарын тігіп: «Бөжей... көпестікке тізілгісі келеді екен, солай сауда-саттығын жасай берсін», – дейді. Оның болыс болып сайлануына жол бермейтіндігін айтады. Бұл арада халық Майбасарға қарсы сөйлегендерді сұлтанның балағаттағанын көреді, сөйтіп оның қаһарына ұшырамау үшін Майбасарды... сайлап жібере береді (29). Немесе осы тектес басқа бір деректі алайық. Старшина Жамантаев былай деп көрсетеді: «Бұл сайлауда Майбасардың сайлануына көптеген адамдар оның өзі сияқты келісім білдіре қоймаған, алайда оның ағасы Құнанбай Өскенбаев ертеңгі күні

өш алады деген қаһарынан қорқып, Майбасар туралы үкімге өздерінің бармағын басып, келісе салады» (29).

Құнанбайдың өктемдігі зор болғаны сонша, оны өз көзімен көрген адамдардың айтуы бойынша, ол кезде «Құнанбайға не мәселе жөнінде болса да қарсы шығу немесе оның ойына алған нәрсесімен келіспеу дегендеріңіз ешкімнің де ойына кіріп шықпайтын» (29).

Аға сұлтанның шексіз мол өкімет билігін қалай болса солай пайдалана отырып, Құнанбай неше түрлі талай рет жалған документтер жасап, өтірік шағымдар жасайды, тіпті өзіне қажетті документтерге старшиналардың мөрін оларсыз-ақ өз бетімен еркін басып ала беретін. Сайлауға қатыспаған кейбір старшиналардың айтқандарына қарағанда, олар Майбасардың болыс болып сайлануына Құнанбайдың зорлық-зомбылығынан кейін бармағын басып, өз келісімдерін берген. Ол ауыл старшиналарының мөрін сақтап беруді сылтау етіп, жиі-жиі жинап алып отырған, ал іс жүзіне келгенде, ол мөрлерді өзінің жасырын мақсаттары үшін пайдаланған (29).

Старшиналар Құнанбайдың қаһарына ілініп, қудалауына түсуден қатты қорқатыны да сондықтан еді. Осы келтірілген тарихи деректен Құнанбай өзінің саяси дұшпандарымен қалай аяусыз алысқан деген сұраққа толық жауап табуға болады. Мысалы, Қашқынбай Боранбаев деген биге Құнанбай өзі жасаған заңсыз қылығын айтып, жоғарыға шағым жасауға батылы барғаны үшін тал шыбықпен аяусыз дүре соққызады; Құнанбай старшиналар Кенжеалы мен Жүсіптің шөбі шүйгін қысқы жайылымдарын қасақана малына таптатқан: Шыңқожа Нұрғалинге, Қуаныш Өтемісовке сирағыңды сындырып, қарыңды қиратамын, қыстауыңды тартып аламын деген (29). Эпопея мен шынайы тарихи документтерден керінетініндей, Құнанбай өзінің зорлық-зомбылық қаһарын әдетте жүзеге асырып отырған. Өз дұшпандарынан кек алу үшін жер жағынан қатты қысымға ұшыратқан, олардың шабындықтарын таптап кетіп отырған, тіпті олардың жерін өз жақтастарына тартып әперуге дейін барған (29).

Сонымен Құнанбай алдында зәрулері ұшқан жұрт Майбасардың болыс болып сайлануына келісуге мәжбүр болды. Тіпті анағұрлым ұстамды пікір айтқан қулардың сөздерінде де мынадай жолдар кездеседі: «Аға сұлтан Құнанбай Өскенбаев өзінің туысы Майбасарды алмастыру туралы тілек айтушыларды қуғынға салатындығы жайында ештеңе айтқан жоқ, бірақ одан жұрттың бәрі де қорықты» (29).

Эпопеяда болыс болғаннан кейін Майбасардың халыққа жасаған қаталдықтары мен заңсыздықтары туралы да айтылады. Бөжей Майбасардың бассыздығынан әбден зықсы шыққан халықтың тілегі бойынша Құнанбайдан: «Майбасарды орнынан түсір деп талап етеді» (22.28). Бұған Құнанбай көнбейтінін айтып, қасарыса жауап берді.



Болыс болып алған Майбасар кеше өзінің сайлануына қарсы болғандарға қысым көрсете бастайды. М.О.Әуезов жасаған осы бір мейлінше қатал, жүгенсіз кеткен феодалдың бейнесі сол заманға соншалықты тән екендігін төменде келтіріп отырған тарихи документтер де көз жеткізе растай түседі.

Құнанбай сияқты өзінің мықты қолдаушысы бар екендігін сезген болыстың шектен шыққан жүгенсіздігі романдағы мынадай эпизодтан да өте жақсы көрінеді. Дұшпандары өзінің үстінен орыс әкімшілік орындарына шағым жазғанына күдіктенген Майбасар Семейге почта алып бара жатқан қазақ-орыс Ворошиловка шабуыл жасайды. Ворошиловтан осы хаттарда не жазылғанын айтып беруді талап етеді. Жауап ала алмаған Майбасар қазақ-орысты ұрып-соғады да «өзіміз-ақ оқимыз» деп, почтаны талап әкетеді (29).

Романдағы Майбасар бейнесінің тарихи шындыққа сөзсіз сай келетіндігінің тамаша қосымша дәлелі почтаны тонағаны үшін Майбасарды қамауға алған шекара басқармасының чиновнигі Гусевтің мына бір қорытынды пікірі болып табылады. «Егер Майбасар 1000 қырғыздың 999-ы өзінен-өзі айдаладан үрейленіп қорқатын қазақ-орыстарды ұрып-соғуға дейін барса, онда ол қырғыздардың өздеріне не істемек? Тек бауыздау ғана қалған жоқ па!» (29).

М.О.Әуезов Майбасарды орнынан түсіру жөніндегі өтініштерге келісім бермеген Құнанбайдың өзінің іш есебі болғанын көз жеткізе көрсетеді. «Ол өзінің қара күші, зілі сияқты болатын осындай бір Майбасардың жүруін мақұл көрді. Үлкен бір есебі: «Анау жұртты шақар айғырдай мойын салып қуып ықтырған уақытта, ел арыз айта өзіме келеді, өз бауырыма қайырып беріп отырады деп топшылаған» (22.28).

Майбасардың болыс ретіндегі жағымсыз бейнесін айқындаудағы шешуші рольді оның жеке басының ұнамсыз қасиеттері ғана атқарған жоқ, қайта сонымен қатар жігіттектің, көтібақтың, бөкеншінің және осылармен жақын басқа да рулардың феодалдық-рулық жоғарғы үстем тобының белгілі бір бөлігі өкімет билігінің өздерімен жауласып жүрген ру Ырғызбай өкілінің қолына өтіп кетуіне барынша қарсылық көрсетуінің де маңызы зор болды.

Бір қатар деректердің айқын көрсетіп отырғанындай, Майбасарды орнынан түсіру жолындағы күресте жігітек руын басқарған Бөжейдің «өзі де болыс болуға есеп жасаған» (29).

Нақты тарихи материалдарға қарағанда, Майбасарды орнынан түсіре алмай әуре болған жігітек, көтібақтың және басқа рулардың феодалдық жоғарғы үстем тобының осы бөлігі 20 старшындықтан тұратын 2000 түгін көкше-тобықты болысын екіге бөлуді, сөйтіп оның біреуінде Майбасардың болыс болып қалуын, ал екіншісінде Бөжейдің болыс болуын талап ете бастайды.

Мұның өзі Құнанбаймен жауласушы руларды бастаған Бөжей Майбасардың жасаған қаскөй қылығына қарсы күресте өз қара басының қамын ойламай отырған жоқ: әуелі болыс болып алуға, сөйтіп бірте-бірте бүкіл руға үстемдік жасауға ұмтылды.

Романда Құнанбайдың Бөжеймен барған сайын өрши түскен үздіксіз күресі оның соңғысының ру ішіндегі үлкен саяси билікке ұмтылған ықпалды би ретіндегі әрекеті арқылы нанымды суреттелген. Қазақ қоғамының феодалдық жоғарғы үстем тобының ішіндегі қиян-кескі саяси күреспен, көбінесе қан төгіс соқтығысқа ұласқан күреспен байланысты дамитын осы тартыста сюжеттік линия бүкіл роман арқылы өтеді. Ал мұның өзі феодалдардың арасындағы нақты қарама-қайшылықтардың көрінісі болып табылады.

Болыстың екіге бөлінуі үшін қажымай-талмай әрекет еткен Бөжей мен оның жақтастары түрлі айла-тәсілдерге дейін барады. Мәселен, қасарысқан Құнанбайды иілдіріп икемге келтіру үшін Бөжей оған мол сыйлық та алып келеді. Құнанбайдың қайтыс болған әкесінің асын желеу еткен олар алты тоғыз етіп мал алып келеді, оның бір тоғызына бас етіп қызметші, екінші тоғызына бас етіп қытай күміс жамбы қосады. Мұның өзі шынтуайттап келгенде пара беруден басқа ештеме де емес еді. Өйткені бұл кезде болысты бөлу туралы мәселе қайта-қайта қойылып жүрген болатын. Құнанбай тап сондықтан да бұл сыйлықтарды қабылдамай, болысты бөлуден бір жола бас тартады (29).

Құнанбаймен келісе алмаған қарсы жақ енді болысты бөлу туралы ашықтан-ашық талап қояды. Эпопеяда шебер суреттелген ру ішіндегі шиеленіскен жағдайда сол кезді көзімен көрген адамдардың төменде келтірген деректері толығымен растай түседі. «Жанқабыл Бөкеншиннің асына түрлі болыстардан көп халық келді. Мұның ішінді көтібақ қырғыздары да болды. Бұлардың алғашқылары қарулы қол болып, жеке бөлініп сұлтан Өскенбаевтан өздерін болыстан бөлуді... қатты талап етті (29). Феодалдық өз ара қырқысулар кезінде кеңінен орын алатын көшіп кету салты бұл дау-жанжал кезінде де болды. Құнанбайдың ісінен көрінетіндей, «ішінде Бөжей мен Байсал бар жігітек және көтібақ рулары бір бөлігі Аягөз округына қарасты Бақанас аймағына қарай өз бетінше болыстан бөліне көшеді» (29).

Олардың көшіп кетуі ру аралық тартысты шиеленістіре түсті. Бұған мысал ретінде эпопеяда торғай руының ақсақалы Құлыншақтың Құнанбайдан іргесін аулақ салып, онымен жауласып жүрген жігітек, бөкенші руларының қанаты астына паналағысы келіп, солардың жеріне көшпек болған ниетінің өзі қандай қанды қырғын оқиғаларға алып барып соққанын еске түсірудің өзі де жеткілікті.

Ру тартысы әсіресе жер мәселесіне келгенде ерекше шиеленісе түседі. Мәселен, Қодардың көзін жойған Құнанбай жігітек руына бағыдан бері тіпті өздерінің арғы атасы Кеңгірбайдың сүйегі жатқан Қарашоқы



қорығын баса-көктеп, иемденіп алғанда ру аралық тартыс бұрынғыдан да бетер шиеленісе түскені эпопеядан шынайы қалпында көрінеді. «Бөжей сонда қатты қорланған, өлісіп те көрмек боп еді. Бірақ Құнанбай дәл осы Түсіпті шақырып ап ебін тапты» (22.66).

Автор рулар арасындағы аса күрделі өз ара қарым-қатынастарды, аға сұлтанның өзімен жауласқан басқа руларға нұқсан келтіріп, өз жақтастарын қызғыштай қорғауға бағытталған саясатын айқын сипаттап береді. Мәселен, Құнанбай ру аралық съезді Үркімбаи ауылында (жігітек руы) өткізуді белгілейді. Шынжыр балақ, шұбар төс әкімдердің «съезді өзі тісін қайрап жүрген ауылдарда өткізетінін» жақсы білетін халық бұған қатты наразы болады. Өйткені мұндай съездің өткізілуіне байланысты шығындардың бар ауыртпалығы сол ауылдарға түседі.

Үйлерді тез тігіп, сойын малдарын беруді дөрекі түрде талап еткен Құнанбайға ызаланған халық оның жұмсаған кісісін сабап жібереді. Бұл феодалдық ру аралық қырқисудың тағы да күшейе түсуіне тікелей желеу болады. Жұмсаған кісілерін сабап жібергені үшін Құнанбай Тоқпамбеттегі Бөжей аулын шабады. Романда сипатталып жазылғандай, Құнанбай сойыл, найза, шоқпарларын алып, ұрысқа әзірленген қалың қол жинайды. Бұл араға ырғызбайлардан басқа өзге рулардан да, оның ішінде ақсақалы Байсал саналатын көтібақ руынан да адамдар жиналған. Құнанбай қол алдына шығып, шаба жөнеледі. «Олжай!», «Ырғызбай!», «Топай!», «Торғай!» деп ұран шақырған қалың қол Бөжей аулына бірден лап қояды. Әрбір жігітке 40–50 ырғызбайдан келеді. Құнанбай екі жүз адамды жауды екі бүйірінен орап алуға жібереді. «Жігітек тегі сайлана алмай қамсыз қалған сияқты. Соғыс болса, мұндайда бұрынғы көпке мәлім әдет бойынша: «Тұрысатын жерін айтсын» десіп ап, содан кейін қол жиюшы еді. Құнанбай оны істемеді. Шұғыл келді» (22.91).

XIX ғасырдың орта шенінде патриархальдық-рулық дәстүрдің қалай быт-шыт бола бастағанын осы мысалдан да көруге болады. М.О.Әуезов Бөжей аулының қалай шабылғанын көрсетеді. Онда құнанбайлықтар дұшпанның қарсылығын тез басып, барлық тұтқын жігіттектің қаруын тартып алады. Олардың басшысы Бөжей биге дүре соғылады, ол бүкіл ру адамдарының көз алдында қорлық көреді. Көтібақ руының ақсақалы Байсал өзіне жақын жігітек руы үшін намысқа шыдай алмай, қорланып, Құнанбайдан қол үзеді де жігітек жағына шығып кетеді. Бұл да тарихи фактілерге сай келеді. Өйткені бұдан былайғы жерде Байсал Бөжей мен Қаратайға қосылып, Құнанбайдың үстінен шағым айтып, орыс өкімет орындарына бірге барады.

Тайпа ішіндегі кескілескен ру тартыстарының шым-шытырық өз ара байланысты оқиғаларын бейнелі түрде сомдап көрсету үшін М.О.Әуезов Абай аулында Тұмабай Наданбаевтан өзі жазып алған төмендегі естелікті шебер пайдаланады.

«...Соғыс аттарын қоя беріп, жігітек қаперсіз жатыр екен: Әуелі (белгісіздеу – Л. Ә.) аттарын қуып алады. Тұрсынбай, Балағаз жаяу, балта ұстасып жүгіріседі. Бұл оқиға Бөжей қыстауының үстінде болады, Токпамбет жанында, қорада тығылғанның бәрін сабайды. Бөжей артынан шығады, оны сабай бастайды. Еті аппақ екен. «Ұрма!» – деп Пұшарбай үстіне жатады. Қажы: «өзін ұр» – дейді. Сонда көтібақ Байсал: «Боқты ұрарсын!» – дейді. Ұрып жібереді. Сонда көтібақ, жігітек боп қосылып кетеді. Торғайдан Құлыншақ – бес батырдың әкесі бірге кетеді. Бес қасқа (бес батыр) Тұрсынбай, Садырбай, Мұңсызбай, Наданбай, Манас» (29).

Міне біз бұдан М.О.Әуезов оқиғаны баяндаудың өзі тарихи шындыққа мейлінше сай болуына ұмтылатынын көреміз. Автор көптеген жағдайда сол заманның документальды деректерін негізге алады (29). Мәселен, Бөжей ауылына шабуыл жасаған кезде Құнанбайды Дәркембайдың атпақ болған эпизодын алайық. Мұның өзі бір жағынан алып қарағанда ойдан шығарылған эпизод сияқты болып көрінеді. Ал шындығына келгенде, мұның да нақты негізі бар. Бірақ дәл айтатын болсақ, тарихта Құнанбайдың өміріне қастандық жасамақ болған адам Әлжан еді.

«Бөжейді байлап алам деп келгенде Әлжан оқтанып атпақ болады. Бөжей атқызбайды. Артынан Қажы Бөжейді ұстап әкеле жатқанда, «мен сені оқтан аяп ем, сен отқа салдың ба?» – дейді (31).

Құнанбайдың, сондай-ақ эпопеяның басқа да кейіпкерлерінің образын сомдағанда М.Әуезовтің сол замандағы нақты тарихи мағлұматтарға терең бойлай білетіндігі кейбір жекелеген, мейлінше сараң жазылған естеліктердің, жұпыны да деген үздік-үздік қысқаша мәліметтердің өзінен терең мазмұн таба алатындығы және осының негізінде әрбір құбылыстардың өзіне жеке-жеке дұрыс баға беру шеберлігі барынша маңызды роль атқарды деуімізге болады. С.Злобин мұндай «шикі документтердің тарихты зерттегенде алғашқы негіз ретінде аса үлкен роль атқаратынын» (2.147) дәл атап көрсеткен еді.

Тарихи документке О.Форш та өте зор маңыз берген болатын. «Тарихи роман туралы мен тарихи документтердің негізінде ғана ойлай аламын. Менің жеке өз басым қайткен күнде де документті «сипап» көруге, оны өз қолыммен ұстап сезінуге, өз көзіммен көруге өте-мөте құштармын. Мен оны сонда ғана сезінемін, ол менің творчестволық санама сонда ғана жетеді» (33.123-124).

М.Әуезов Құнанбай мен Бөжейдің арасындағы тартыстың одан арғы даму барысын нақты деректер негізінде өрбітеді. Мысалы, жауласқан екеуі де Қарқаралыға келеді, мұнда келісімен қазақ және орыс әкімшілік орындарындағы ықпалды адамдар арасынан осы шиеленіскен дау-жанжалға өз жақтастарын тарта бастайды.

Замана рухын үлкен көркемдікпен сомдап шығару мақсатымен М.О.Әуезов жауласушы екі рудың билеп-төстеуші басшыларының өткір





сөзбен өз ара қақтығысуының жеке мысалдарын өзгеріссіз дерлік, батыл түрде пайдаланып отырады. Мәселен, халық аузында мынадай диалог сақталған.

Қарқаралыда Баймұрын бітім сұрағанда Құнанбай: «Бөжей арыз беріп, аяғымнан алғанын қойсын! Болмаса көк шекпенді кигізіп, бойын кездеп айдатқанша тоқталмаспын!» дейді. Бұдан әрі Құнанбайға Бөжейдің ашуызаға толы жауабы беріледі. – «Көк шекпенді біздің мырза пішкен жоқ, құдай пішкен. Кім киерін көреміз» (22.110), депті.

Алайда М.О.Әуезовтің ел аузындағы әңгімелерді дәлме-дәл етіп, айнытпай айтып берумен ғана шұғылданбағаны – өзінен-өзі мейлінше айқын нәрсе. Тарихтың нақты материалы автордың өз ойынан шығатын көркем шығарманың түп қазығы ғана бола алды. Ол мұндай нақты тарихи материалдарды әрекет етуші кейіпкерлердің бейнесін, іс-әрекетін психологиялық жағынан неғұрлым нанымды етіп беру үшін қомақты да айқын көрінетін, замана рухын оқушының көз алдында тұтас та жарқын етіп көрсету үшін шеберлікпен пайдаланады.

Құнанбай мен Бөжей арасындағы тартысқа байланысты оқиғалардың дәл шындығын Құнанбай Өскенбаевтың тергеу ісінен айқын көруге болады. Мұнда «хорунжий Құнанбай Өскенбаевтың бес жүз қырғыз адамымен көтібақ және жігітек руларына жасаған шабуылы туралы, қырғыз Ералиндердің 250 жылқысын қуып әкеткендігі, 9 адамды жарақаттап, 4 адамды өз аулына басып әкеткендігі туралы» (29) ашықтан-ашық айтылған.

Романның өзінен белгілі, кейін Бөжей Өскенбаевтардың жүгенсіздігі туралы шағым айтып, Қарқаралыға келгенде, екі жақ уақытша бітім жасасады. Бұл бітім Құнанбайдың сәби қызы Кәмшатты Бөжейдің семьясы асырап алуымен нығая түседі.

Халықтың жадында сақталып қалған осы эпизодтың да жоғарыда сөз болған архив деректерінен кездесуі – өте-мөте қызық. Мұның өзі халықтың тарихи өткен кезеңдерін зерттеу ісінде ел арасынан сұрастырып дерек жинаудың қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Мұндай деректердің дұрыстығы көбінесе нақты тарихи документтерден кем соқпайды. Мәселен, «Аякөз округының сұлтаны Барак Солтабаев араздасқан Бөжей Ералинді, Жүсіп Қотанбұлақовты және Балағаз Қауменовты сұлтан Құнанбай Өскенбаевпен татуластырғанын көрсетті. Ол Ералинге өз қызын беруге уәде еткен әрі оны орындаған, хәм Бөжей бірнеше қара да алған» (31).

Сонымен эпопеяның документальды негізі оқиғалардың және көз көрген замандастардың естеліктерін пайдалана отырып жасалған, кейіпкерлердің басым көпшілігінің тарихи шындық екені Құнанбай Өскенбаевтың Омбы облысының архивінде сақталған көлемді қалың ісі сияқты аса маңызды деректермен салыстырғанда ерекше айқын көрінеді.

Тек уақытша ғана тоқтатылған ру тартысы жаңа күшпен қайтадан бұрк ете түсуге тиіс еді. Өйткені Құнанбай бітіскеннен кейін де жігіттерді тықсыруын қоймады, олардың шұрайлы жайылымдарына ауыз сала берді. М.О.Әуезов шығармасынан көшпелі қауым жағдайындағы ру тартысы ерекшеліктерінің толып жатқан тамаша көріністерін табуға болады. «Осы жазда жігітек, бөкенші, көкше, боп тағы да қайтадан бас құрасатын сияқты. Кешегі Байдалы айтқан сәлем тегін емес. Астыртын шеп біріктіріп жатқан елдің дақпырты тәрізді. Ендеше солардың әр алуан шиырын, сыбыр-жыбырын біліп отыру үшін Құнанбай өзіне қараған елдің біразын дәл сол елдің арасына таман кірістіріп жіберу керек» (22.171). Немесе... «Егескенде, иін тіресе, таласа көшетін әдет болушы еді».

Ру тартысының бұдан ары өрши түсуіне Құнанбайдың қызы Кәмшаттың өлуі – оны Ырғызбайларға хабар бермей-ақ жерлей салуы сияқты мәселелер күшті ықпал етеді. Бұл жағдай Бөжеймен жаулықтың қайтадан бұрк ете түсуі үшін пайдаланылды. Алда тұрған қанды шайқас үшін феодалдық топтар жедел бас қоса бастайды. Құнанбайдың ауылы қарулы лагерьге айналып кетеді; Зеренің айналасына енді он шақты емес, 40-қа тарта ауыл топтасады. Таңның атуымен күннің батуына топ-топ болып қаруланған адамдар үйді-үйге түсіп, қаптап кетеді. «Сол күні кешке Құнанбай да өз тараптарымен баталасып, жаулыққа бекініп жатқанда Байсал, Қаратай, Сүйіндіктер боп, Бөжей аулында – Сарыкөл үстінде серт байлау жасасты» (22.181).

Осы арада, жаңа қанды шайқасқа қызу дайындық жүріп жатқан кезде, аяқ астынан Бөжей қайтыс болады. «Бөжей өлген соң жаздан бері екі жақ сыртпен қақтығыспаса да іштен барды салып, ел тартысып, сілкісіп келе жатқан. Екі жағын бірдей қабындырып, кернеп алған араздық енді болымсыз бір ілікке жете бере астан-кестен жарылатын сияқты» (22.209).

Мұның өзі романда сөзсіз қақтығыстар қауіп төніп тұрған тайпаның ру аралық жаулыққа толы шым-шытырық шиеленіскен өмірі жақсы суреттелгенін, сол бір қатыгез қатал тіршіліктің шынайы рухы сақталғанын көрсетеді. М.О.Әуезов суреттеген ру аралық қатынастардағы шиеленіс шекара басқармасының бастығы чиновник Гусевтің баяндамасынан да көрінеді. Ол 1852 жылғы күзде ру тартысы жайында былай деп ашық жазады. «Көкше-тобықты болысында жағдайдың шиеленіскені сондай, мұнда ел қатерлі жағдайдағы сияқты бір-бірімен жауласушы екі топқа бөлініп алған» (31).

Жағдай шиеленісіп тұрған осы бір қолайсыз кезде Құнанбайдың ұлы Құдайберді торғай руының ақсақалы Құлыншақтан оның ұлдарының ең жақсы атын қалап сұрайды. Егер бұдан басқа уақыт болса, ол романда көрсетілгендей, Құнанбайға атын бермей тұра алмас еді. Ал енді көтібақтар мен жігіттер сияқты сенімді жақтастары бар кезде



Құлыншақ бәйге атын бермейді. Майбасар жағдайдың қым-қуыт күрделі екендігін түсінбейді. Құлыншақтың бұл қылығы оның ызасын келтіреді де күш жұмсауға бой ұрады. Майбасардың осы қылығы торғайдың ырғызбайлардан іргесін аулақ салуына, сөйтіп жігітектер мен көтібақтарға көшіп кетуіне сылтау болады. Олардың көшіп кетуіне тыйым салғысы келіп, күш көрсетпек болған Майбасарды Құлыншақтың ұлдары мен басқа жігіттер аяусыз ұрып, соққыға жығып кетеді.

Осы эпизодтарды көз алдымызға келтіру үшін М.О.Әуезов торғай руының ақсакалы Құлыншақтың немересі Тұмабайдың естеліктерінен ру тартысының жаңадан өрши түсуіне себеп болған оқиғалар жайында келтіріліп отырған үзінділерді документальды дерек ретінде пайдаланады.

«Біздің ауыл қажыға қиғаш жүрді. Кенжеғұл – бес қасқырдың бірі, соның Бөрте ат деген аты болады. Соны Құдайберді сұрайды, бермейді. Атшабарды жібереді. Майбасар сонда он кісі боп Манасты сабалап айдап шығады. Сүйтеді де көшеді. Қарауылдан өткізіп алып, жігітек, көтібақ тосып тұрады. Артынан қайта көшіріп алам деп Майбасар, Құдайберді кешке барады. Болыс, тілмаш боп барады. Құлыншақ ауру екен. Көтібақ, жігітек ақылдасып дайын бол, не де болса, бір қылайық деді. Қонақ қып отырады. Пұшарбай кеп: «Үйде кім бар?» – дегенде Майбасар: «Мен бар!» – дейді. Сонда сабайды. Құдайберді Құлыншақтың қойнына кіріп кетеді. Талқан қып сабап тастайды» (29).

Ел арасындағы сақталған естеліктерге сүйеніп, эпопеяда бейнеленген бұл эпизодты архив деректері тамаша дәл растайды. Мұнда да Майбасардың ұрып-соғылғаны, Құлыншақтың үйінде болғаны айтылады. «Қырық шамалы адам бұлардың ауылына сау ете түседі. Көпшілігі асып-сасып бұлар отырған үйге ызалана лап береді. Оны, Майбасар Өскенбаевты және ақсақал Өсеровты аяусыз ұрып соға бастайды, қамшымен дүрелейді. Оның, Өскенбаевтың қасында болған қырғыздар Байке Мырзатаев, Құдайберді Құнанбаев, Қаражан Боранқұлов оған жақтаспақ ниетімен араша түсіп, өтініп еді, тап сол үшін олардың өздерін де аямай, қатты ұрып-соғып тастайды» (29).

Романда көркемделіп сомдалған жекелеген ұсақ-түйек детальдардың өзі де тарихи нақты документке сай келетіні ерекше қызық. Мұнда да дау-жанжалдың себебі Құнанбайдың ұлы Құдайбердінің Құлыншақ ақсақалдың атын сұрап, қолқа салғаны атап көрсетілген (29).

Майбасарды ұрып-соғып, таяққа жыққаны үшін ызаға булығып, ашуы келген Құнанбай байқаусызда Бөжейдің қаралы көшіне шабуыл жасайды. Бұл құлақ естіп, көз көрмеген жағдай екі жақты Мұсақұл жазығында болатын ұрысқа жедел күш жинауға мәжбүр етеді. «Құнанбай жақын маңдағы рулардан басқа Қыдыр мен Шұнай, Доғалаң сияқты тауларды мекен еткен Тоғалақ, Әнет Бекенді де шақыртып, қос-қос атпен шапқыншылар ұшыртқан» (22.211).

Ал Байдалы мен Байсал болса, көкше руына, мырза, мамай еліне ат шаптырып көмек сұрайды. Сонымен бірге олар шағым да жазады, оны түрлі рулардың мөрімен растап, Қарқаралыға жөнелтеді. Байдалы мен Байсал: «Аға сұлтан – правитель Құнанбай – ел бүлдірді, қаралы көшті шапты, тобықтыны қалың соғыс қырғынға салып отыр» (31) деп жазды.

Жауласқан ру арасындағы мұндай қантөгіс шайқастарды суреттеп жазғанда автор халық есінде сақталған, Тұмабай Наданбаев айтып берген негізгі фактілерді пайдаланғаны сөзсіз.

«Қажы қол жиды. Жігітек Мұсақұлға, Қажы Жидебайға жинайды. Қалың төбелес. Аттың құйрығын сүзіп ап, үш күн төбелеседі.

Байдалы соғыста Құнанбайға қарсы кісіні ақырып айдап сап тұрады. Сонда бұлардан көп кісі түсе берген соң Ақадырдан түйе құлата қуады. Қажы қоңыр екен деп қап, кісісін тоқтатады. Қажының айдалуы осы соғыстың артынан, көп кісі жаралы болғандықтан, ауыл шабысқандықтан туады» (31).

Орыс отаршыл өкімет орындарына Құнанбайдың озбырлығы мен зорлығы туралы үстін-үстіне қаптаған шағымдар түседі, сөйтіп ол ақыры қамауға алынып, Қарқаралыға әкелінеді, ал 1853 жылы ол Қарқаралы округының аға сұлтандық қызметінен түсіріледі.

Құнанбайды тергеу материалына қарағанда, ол өзінің жеке басының мүддесі үшін өз өкімет билігін, өзінің ықпалын, жалған куәліктер, өтірік документтер жасауды барынша пайдалануға өте шебер сахара саясатшысы болып көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда архивтік деректерден мынадай мысал келтірудің өзі-ақ жеткілікті:

1846 жылдың өзінде-ақ Құнанбай Бөжей ауылына шабуыл жасап, оны тонайды. Алайда бұл істі анық-қанығына жете тексеру тоқтатылады. Өйткені Құнанбай мен Бөжей округтық приказға арыз береді, олар мұнда өз ара есеп айырысқанын, бір-біріне қоятын кінәсы жоқ екенін айтады. Бірақ кейініректе, 1850 жылы, Ивашкевич тексеру жүргізгенде, Бөжей Ералиннің арызындағы мөрдін жалған екендігі анықталады. «Ералиннің шын мөріне ұқсамайтын мөр таңбасын өзі үшін тиімсіз, істі тоқтату үшін қажетті документті Құнанбай сірә қолдан жасаса керек» (31).

Өздеріне жаулас жақтар жайлы орыс өкімет орындарына түрлі шағым-арыздар, көбіне шылғи жала болып келетін есек-өтіріктер жеткізу сияқты тағы бір ерекше жағдай бүкіл эпопея өзегінен айқын көрінеді. Мұның өзі XIX ғасырдың екінші жартысындағы феодалдық ру аралық тартыс үшін мейлінше тән болатын. Бұл құбылысты Құнанбайды тергеу ісінен де байқауға болады. Құнанбайдың қаскөйлік іс-әрекеттері туралы Бөжей, Байсал, Қаратай сияқты басқа да толып жатқан билердің орыс өкімет орындарына жіберген өтініш-арыздарына жауап ретінде бұл «көкше-тобықты болысынан жоғарыда аталған ақсақалдарды жер аудару туралы Қарқаралы округының аса қадірменді қырғыздарынан» да өсек-өтірікке



толы арыз-шағымдары ағылып келіп жатты. «Чиновник Гусев жергілікті жерде мұны анықтап отырғанындай, осы сияқты өтірік арыздар Құнанбай Өскенбаевтың басшылығымен жазылады екен» (29).

Ол – ол ма, Құнанбай мен Майбасардың өздеріне тәуелді адамдарды куәға тартып, екінші бірінде жалған жауаптар беріп келгенін, өзге адамдарға көріне-көзге жала жаба салатынын Омбы облыстық архивінің документтері толық дәлелдейді. Онда әлгі тәуелді адамдар, «егер орын алған оқиғалардың шын жай-жапсарын көрсетпек болған күнде де аға сұлтан Құнанбай Өскенбаев пен болыс Майбасар Өскенбаевтан үрейлері ұша қорыққандығынан ғана келісім беретіні және мұны солардың үйретуімен ғана істейтіні» (29) атап көрсетілген.

Басқаша айтқанда, істі тек өзінің пайдасына шешу мақсатымен Құнанбай өзіне бағынышты, тәуелді адамдарды қорқытып үркіту немесе параға жығып сағып алу сияқты неше түрлі айлашарғыларға барды.

Романнан көрінетіні сияқты, Құнанбай әуелгі кезде Қарқаралыда болады, өзін тергеу ісімен айналысқан округтық приказдың бақылауында жүреді. Құнанбай Омбыға айдалысымен оған жау рулардан шыққан саяси дұшпандары ерекше белсене түседі, Құнанбайдың көрсеткен қорлығын айтып, Сібір қырғыздарының шекара бастығына арызды қарша боратады. Құнанбайды тергеу ісінен қоңыр көкше, тобықты тағы басқа болыстардың кәдірменді қырғыздары өзінің шағымдарында Құнанбайдың жер аударылуына меззей отырып, оны округтан қалай да алыс кетіруді өтінгенін көруге болады» (29).

М.О.Әуезов замандастарының естеліктерінен, Әрхам Ысқақовтың айтқандарынан Құнанбай Омбыға айдалып бара жатқан жолда өзін ең қаттырақ қаралайтын қағаздарды патша чиновнигінен күшпен тартып алып, отқа жағып жібергендігі жөніндегі естелік деректерді де тапқан болатын. «Майырды бас салып, қағаздарды Мырзаханға отқа салғызып, өртетіп жібереді» (29). Эпопеяда осы бір кішкентай ғана шағын детальдің өзі өте қызық көркем шешімін тапқан. Құнанбайдан мейлінше мол пара алған майор оны Омбыға айдалып бара жатқан жолында Павлодарда қуып жетеді. Сөйтіп өзі тоқтаған үйге Құнанбайды шақыртады. Әңгіме үстінде Құнанбайдың пешке от жағу жөніндегі өтінішінен оның ниетін анық біледі. Сөйте тұрып ол Құнанбайдың қолына оны айыптайтын қағаздарды бейне бір танысып шықсын деген өтірік желеумен бере салады. Құнанбайдың бұйрығы бойынша оның қызметшісі бұл қағаздарды отқа тастап, жағып жібереді. Майор болса, өтіріктен-өтірік мас болғансиды, оңтайлы да күшті Құнанбай оның қолын оп-оңай артына қайырады. Майор мұның бәріне де өзі мүмкіндік береді. Өйткені ол бұл істі тексере келгенде өзінің ешқандай қатысы жоқтығын дәлелдегісі келеді. Міне, мұның бәрін де М.О.Әуезов психологиялық жағынан өте-мөте шебер де нанымды етіп көрсетеді.

Майордың Құнанбайға үн-түнсіз келісім беруі бойынша шағындау келген сарай да өртеледі. Онда майор мініп келген шана тұрған болатын, шананың үстінде бір құшақ қағаз тасталған еді. Келесі күні майор өрт кезінде жанып кеткен документтер туралы жасалған актіні алып, Омбыға тартып отырады. Автор былай деп жазады: «Шағын өрттің әлсіз түтіні қым-қуыт оңтайлы майор қылықтарын талай мәрте қара түнекке бөлеген».

Құнанбай ісін тергеу барысының өзі-ақ, мұны М.О.Әуезов бейнелеп көрсеткеніндей, оның Қарқаралы мен Омбыдағы патша әкімшілік орындарының өкілдеріне «қисапсыз мол пара мен сыйлықтар» бергендігіне ешқандай күдік қалдырмайды. Омбыда қамауда отырған Құнанбайды оның өзінің атақты туыстарының қолына кепілдікке беру жөнінде рұқсат етілуінің өзін тек осы арқылы түсіндіруге болады (29).

Қарқаралы округының бұрынғы аға сұлтанының заңға қарсы қылықтары туралы істі қарау ұзақ жылдарға, тіпті 1862 жылға дейін созылады. Бірақ ол сол күйінде шешімін таппай қала береді.

Бұл тергеу ісінің сағыздай созылуының өзі патша үкіметінің Қазақстандағы отарлық саясатының айқын көрінісі болып табылады. Патша үкімет орындары өте бір шектен шыққан жағдайда ғана болмаса ру аралық тартысты бәсеңдету үшін батыл шаралар қолдана қоймайтын. Өйткені ол әдетте жергілікті жерде қазақ руларын өз ара айтыс-тартыс, ішкі қырқысу жағдайында ұстауға, сөйтіп отаршылдыққа қарсы күрес туралы ойлануға да мұрша бермеуге тырысты. Құнанбай ісінің немен тынғанын да, сірә, патша өкіметінің осы саясаты арқылы түсіндіруге болар – туған жеріне қайтып оралған ол, тағы да өкімет басына келеді – көкше, тобықты руларына болыс болып алады.

Болыстыққа қол жеткізу үшін сайлау алдындағы тартыс-талас кезінде ру аралық қырқыс тағы да бір күшпен көрінеді.

Ру аралық тартыста әбден еккі болған Құнанбай Өскенбаев сияқты феодалдың тіпті өзіне қарсы жүргізілген тергеу ісін де мүмкін болғанша өз бәсекелестеріне қарсы пайдаланып қалуға, сөйтіп, олардың көзін жоюға тырысуы тіпті де кездейсоқ нәрсе емес. Өзінің берген жауаптарында ол «өзі жек көретін адамдарды да тергеуге алғызуды және оларды да осы іске қатысы бар деп қаралауды мақсат етті. Мұның өзі өзгелер үшін «болыс сайлауы кезінде қажетті кедергі бола алатын жағдай еді» (29).

Жалпы алғанда ру мен елдің саяси өміріндегі жетекші рольге ие болу жолындағы ру тартыстарының ең көп тараған тәсілдерінің бірі ретіндегі жала жабу, жалған хабар жеткізу сияқты нәрселерді М.О.Әуезов соншалықты көркем айшықты етіп және тарихи жағдайға шебер шендестіріп суреттейді. Мұнда осы талас-тартыстағы әрбір кейіпкердің іс-қимылы жақсы дәлелденіп, нақты көрсетілген таптық шарттылықпен ерекшеленеді.



Көптеген жылдар бойына мың сан тобықты елін ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Құнанбай Өскенбаев сияқты өктем аға сұлтан романда ерік-жігері күшті, ерекше адам ретінде бой көрсетеді. Бұл образдың типтілігі сонша, ол сол дәуірдің жанды символы ретінде көрінеді. Әдебиет сыншысы З.Кедрина Құнанбай образын романдағы аса бір терең реалистік тұрғыда жасалған монументальды образдар қатарына қосады. Құнанбай тұлғасы туралы ол былай деп жазды: «феодалдық-рулық сахараның дүлей қара күштерін бейнелейтін аса зор талаптілектерінің бір-бірімен мейлінше қарама-қайшылығы тұтас көрсетіле отырып сомдалған шынайы тұлға» (34.16). Құнанбай образы арқылы сол замандағы қазақ қоғамы тарихының барлық жағымсыз күштері мейлінше жоғары көркемдік шеберлікпен дәлелді қорытылып типтендірілген.

Өзінің жеке билігін нығайтуға әрі өз байлығын еселеп арттыра түсуге бағытталған, өз мүдделері үшін шебер пайдаланып қалу мақсатымен өзі өршітіп, қоздыра түскен ру аралық тартыстың аса бір қым-қуыт шымшытырығынан оп-оңай жол тауып кететін аса ақылды, алыстан көретін, есебі күшті саясатшы Құнанбай сонымен бірге үстемдік етіп отырған феодалдар тобының бүкіл ашқарақ сараңдығын, тежеусіз қаталдығын да бейнелейді. Құнанбайдың және оның қатал іс-әрекеттерінің таптық мәнжайын түп-түгел аяусыз әшкерелей отырып, М.О.Әуезов оның тарихи характерінің маңызын, оны ерекше дара адам етіп көрсететін қасиеттерін тіпті де кемітпейді. Мұның бәрі Құнанбайдың образына ерекше зор көркемдік, нанымдылық береді.

Құнанбай өктем де қатал бола тұрса да өзінің ептілігі мен ақылдылығы, күштілігі сияқты жеке басының қасиеттері арқасында ықпалды би бола білгендігін атап айту ерекше қызық. Ол қарапайым халық арасынан өсіп шыққан. Оның ақсүйектік тегі жоқтығын 1846 жылы Орта жүзге келіп қайтқан және ресми адам ретіндегі Құнанбаймен жақын араласқан А.Янушкевич көрсетіп кеткен болатын. Құнанбай Орта жүзде халық пен малдың санағын алып, даулы істерді ажыратумен қатар, – Россия қарамағына өздерін қабылдау туралы ұлы жүздің бес үлкен руының өтінішін жергілікті жерде қарау тапсырмасымен келген шекара бастығы генерал Вишневский бастаған экспедицияға жәрдем көрсеткен.

Бұл арада Янушкевичтің барлық орта жүз билеп-төстеушілерінің ішінде өзіне ерекше күшті әсер еткен Құнанбайға қатысты кейбір пайымдауларын келтіре кету орынды. Ол былай деп жазды: «Құнанбай би, бұл да сахарада үлкен даңқ адамы, ...табиғат оған тамаша ақыл-парасат, ой-сана, әрі шешендік дарынын сыйлаған, іскер, өзінің руластарының игілігі жайында қамқор адам, дала правосы мен әлқұран жарлықтарының тамаша білгірі, қырғыздарға қатысты Россия уставтарын түгелдей біледі, айнымас әділ қазы әрі өзгелер өнеге тұтарлық мұсылман, қарадан шыққан Құнанбай тіпті пайғамбар даңқына бөленген, одан ақыл-кеңес сұраған

жастар да, қарттар да, кедейлер де, байлар да ең қиырдағы ауылдардың өзінен асыға-үсіге ағылып келіп жатады» (35.82).

Құнанбайдың өз аузымен айтқандары негізінде және менменсіген феодалдың қай-қайсысына болса да тән болып келетін өзін-өзі мадақтау негізінде ғана Құнанбайдың жеке өз басы туралы бұл пікірді, яғни Құнанбайды халықтың қорғанышы ретінде көрсету жөніндегі мұндай пайымдауларды қабылдауға болмайды. Өйткені Құнанбайдың аулына жол-жөнекей соққан Янушкевич өз көзімен көргендерін оның барлық шын жағдайындағы мән-мағынасында түсіне алмады және шым-шытырық оқиғалардың жігін ажыратуға мүмкіндігі болған жоқ. Құнанбай қолданған толып жатқан заңсыз алым-салықтар мен зорлықтар туралы жоғарыда біз жиі-жиі келтірген архив материалдары мен оның замандастарының естеліктерінің өзі-ақ Янушкевичтің жол-жөнекей байқағандары қаншалықты жаңа бола тұрса да терең де жан-жақты емес екендігіне толық көз жеткізеді. Құнанбай жасаған зорлық-зомбылықтан халықтың қан қақсағаны, арып-ашып, азап шеккені тарихқа әбден мәлім. Янушкевич сырт қарағанда патриархальдық қоғам боп көрінген дүниенің арғы жағындағы шын жағдайды – феодалдың өзіне тәуелді еңбек адамдарын қанын сора қатты қанап отырғанын, жау рулар жөнінде ру басының жүгенсіздігі мен зорлығын, шынайы мән-жайын көре алмады.

Янушкевичтің Құнанбайдың билікке қол жеткізу жолында жүргізген күрделі де қиын күресі туралы (Құнанбай ол кезде тек болыс қана еді) айтқан пікірлері де қызық. Құнанбайдың,– дейді Янушкевич, – «сахара феодалдары мен орыс отаршыл өкімет орындарының арасында екі жаққа бірдей жағу үшін майлы қасықтай лыпып, аңысын аңдуына тура келді». Ол былай деп жазады: «Құнанбай едәуір дәрежеде, екі жақты ойын ойнады». Бізге өз жылқылары мен қойларын жасырған көптеген бай қырғыздарды айтып берді.

Егер олар бізге бұл шындықты ашуға кімнің көмектескенін, немесе дәлірегі шындыққа жақындай түсуге кімнің септігі тигенін білген болса, онда оған көресіні көрсеткен болар еді» (35.180).

Дегенмен архив деректерінде Құнанбайдың қызметінің жекеленген жағымды жақтары да көрсетілетінін атап өткен жөн. Мәселен, ол 1849 жылы аға сұлтан кезінде «халықтың жарлыжақыбай кедей топтарын олардың өзіне пайдалы егін салу ісіне қарай ойыстырады» (29). Екінші бір документтен Құнанбай өз округында шешекке қарсы егу жұмыстарын жүргізуді ұсынға- нын көреміз.

М.О.Әуезов Құнанбайдың өмірдегі прототипі – өктем, қатаң феодалдың шынайы тұлғасын сомдап шығу өзіне онша оңай бола қоймағанын айтатын еді. Өйткені Құнанбай жекелеген жақсылықтар жасап, өз есімін мәңгілік есте қалдыруға тырысқан болатын. Халық оны қажы деп құрметпен айтатын. Ол жөнінде Мекеге барып, қажы





боп қайтқан, онда Мекеге келушілер үшін арнайы үй салдыртып, ізгі ниетті қария ретінде көптеген естеліктер сақталған. Оның қаражатына Қарқаралыда мешіт салынғаны да белгілі. Бұлардың бәрі халықтың есебінен жасалды. Алайда жұртшылық пікірі көп жағынан исламның, ишандар мен молдалардың фанатиктігіне тәуелді болған сахара қараңғылығы жағдайында «осы ізгі ниетті адамдар» олардың надандық ұғымында Құнанбайдың жасаған зұлымдығы бүркемеленіп кететін еді. Ал ол бүкіл бір уездің халқын билеп-төстеуге тиісті болды ғой, өз приказының ішінде ол толып жатқан зорлық-зомбылық жасады, тұтас бір рудың жерін тартып алуға дейін барды. Кейбір ауылдардан мен Құнанбайдың пара алғаны жөнінде де деректер таптым...

Құнанбайдың қаталдығы жайында мен талай оқиғаларды естіп білдім... Сөйтіп бірте-бірте Құнанбайдың өмірден алынған прототипі – қан құйлы билеп-төстеуші феодалдық бейнесі менің көз алдыма айқын келе бастады» (10.362).

Сонымен, М.О.Әуезов Құнанбайға қатынасты тарихи материалды мұқият зерттеді, оның іс-әрекетінің шынайы себептерін аша отырып, күрделі де қым-қиғаш қайшылыққа толы жекелеген, ол туралы үздік-создық мәліметтерді терең талдап шықты. Осының нәтижесінде ірі сахара феодалының тарихи шынайы және көркем-нанымды образы, өз заманы мен ортасының типтік жағдайларындағы типтік характері жасалды.

Романды жазу үстіндегі М.О.Әуезовтің осынша мол тарихи деректерді қажымай-талмай, терең де мұқият зерттеуі, жалпы алғанда, совет тарихи романистеріне тән ерекше бір сипат болып табылады. «Абай жолы» эпопеясының авторы А.Н.Толстойдың «Бірінші Петрді» жазу үстінде өзі суреттеп отырған заманға байланысты тарихи деректерді мейлінше терең зерттеген бай тәжірибесін молынан пайдаланды. А.Н.Толстойдың романы түгелдей алғанда шынайы тарихи деректерге, тіпті кейде өте сирек кездесетін, бұрын беймәлім болып келген документтер негізінде жазылған ғой. «Мен, мұның бәрінің үстіне, мейлінше дәл болуды және мемуарлық және архивтік материалды мүмкіндігінше толығырақ пайдалануды калаймын» (36.452) деп жазды А.Н.Толстой.

Автордың өз шығармасында жанынан қосқан және жетілдіре түскен жайттар маркстік тарихи ғылым тұрғысынан дұрыс түсініліп, пайымдалған документальды деректермен, тарихи өмір шындығымен тығыз байланыста алынғанда мейлінше сәтті болатынын романдағы Құнанбай образынан көз жеткізе көруге болатын сияқты.

Автордың тарихи заңдылықтарды, Құнанбайдың іс-әрекеттері мен көзқарасының таптық мәнін, оның мінез-кұлқының ішкі логикасын түсінуге негізделген творчестволық фантазиясы оған бірі-біріне қарама қайшы жұпыны деректердің кемшіліктерін түзетіп, ол қылықтарының орнын толтыруға, эпопеядағы Құнанбай образын жан-жақты аша

түсуге көмектескені сөзсіз. Мұнда өзінің басқа да ойдан шығарылмаған нақты геройларының бейнесін жасау кезіндегі сияқты, Құнанбай образын жасау үстінде де М.О.Әуезов олардың өмірден алынған нақты прототиптерінің бүкіл болмысын қалай болса солай айнытпай көшіре салуға ұмтылған жоқ. Бұл образдардың әрқайсысы өз табының көптеген басқа өкілдерінің мінез-құлқын жинақтап көрсететін жаңа тип, суреткерлік туынды дәрежесіне көтерілген. Олар әр образдың әлеуметтік дербестігін неғұрлым аша түседі. Анна Зегерс атап көрсеткендей «Өнер туындысының қандай да болсын терең де сан алуан мағыналы образы бір прототиптен тумайды» (37.157).

М.О.Әуезов Құнанбайдың өз тарихи дәуіріне тән шынайы да типті образын жасауда тамаша табысқа жетті. Мұның өзі едәуір дәрежеде сол қарастырылып отырған кезеңге қатысты арнайы сұрастырылып, мұқият жиналған мәліметтерді сын көзімен іріктеп алу арқылы мүмкін болды. Бұл мәліметтердің тарихи жағынан растығын кейін Омбы облыстық архивінен та- былған документальды деректер дәлелдей түсті. Бұл арада автордың ішкі жан дүниесінің көркемдік сезімталдығы оның маркстік ілімге негізделген өз тарихи концепциясымен ұштасып, кірігіп кеткені айқын байқалады.

Құнанбай образын жасаудағы автордың осындай творчестволық жұмысының нәтижелерін дұрыс бағалай келіп, әдебиет сыншысы Мұқаметжан Қаратаев былай деп жазады: «Көркемдік сомдалуы жағынан Құнанбайдың образының біздің еліміздің өткендегі әлеуметтік құрылысы тудырған кара түнек, халыққа қарсы күштері туралы Қазақстан жазушылары жасаған образдар арасында теңдесі жоқ туынды. Бұл характерде толып жатқан құбылмалы қатпарлар, бұралаңдар, сыр-сипаттар бар. Қаталдықтың, өсек-аяң іліктер мен жауыздықтың бәрін бойына жинаған Құнанбай бұдан келіп бір жақты емес, схемаға түсірілмеген, әрі селдір-селеу де емес, ол өзінің таптық мән-жайы мен белгілі бір айқындылығынан алғанда өзінше қуатты да тұтас. Өзі алдына қойған мақсатқа жету жолында тұрғанның бәрін жеңуде оның ақыл-парасаты икем-оңтайлы, оның жауыздығы шексіз, оның деспоттық қаскөйлік істері шет-шегі жоқ қатігездігінен туады» (38.15).

Құнанбай образын ең алдымен тарихи типтілігі жағынан, оның бойына өз табының әлеуметтік сыр-сипатын жинақтап бере білу жағынан алғанда мұндай жоғары бағаға әбден лайық. Өйткені бұл образда қандай да болсын жасандылық жоқ.

А.Н.Толстой: «Тарихи геройлар бейне бір өздерінің заманы мен сол заманның оқиғалары итермелеп отырғандай болып ойлауы және сөйлеуі тиіс. Егер Степан Разин бастапқы қорлану туралы сөйлейтін болса, онда оқушы мұндай кітапты стол астына лақтырып тастар еді, әрі оның мұнысы дұрыс та болар еді. Бірақ бастапқы қорлану жөнінде



автор білуі де, оны есте ұстауы да тиіс делік: қандай да болсын тарихи оқиғаларды тек осы тұрғыдан алып қараған жөн. Маркстік ақыл-ой парасатының күші де оның тарихи шындығын тереңнен алып алдымызға жайып салатындығында және тарихи оқиғаларды ой елегінен өткізе білетіндігінде» (19.324).

Демек, автор тарихи заманды көрсеткенде, оны көркем образдар арқылы бейнелегенде, сол кездегі дамудың заңдылықтарын дұрыс түсінуі тиіс. Міне, сонда ғана ол тарих шындығын дұрыс көрсете алады. Егер автордың ойдан шығарып жазғандары тап осындай заңдылыққа негізделетін болса, онда мұның өзі толық көркемдік нанымдылыққа ие болады.

Романда Құнанбайдың тарихқа белгілі іс-әрекеттері ғана терең қорытындыланып қоймаған, сонымен қатар көптеген нәрсе авторлық фантазия саласына қатысты. Мәселен, Құнанбайдың шарифат заңын бұзуға батылы барған өз немересі Әмірді қылғындырып өлтіруге жасаған әрекетін алайық. Әулиесінген оның құрсаудай қатты қолынан жас жігітті Абай жұлып алады. Әмір сондықтан ғана тірі қалды. Бұл эпизодты автор ойдан шығарғаны белгілі.

Бірақ ол Құнанбай образының бүкіл ішкі қыры-сырына қайшы емес, қайта соған сәйкес туып отыр, образдың тарихи прототипінің іс-әрекетіне логикалық жағынан әбден сыйымды.

Құнанбай қоғамдық істерден бойын аулақ салғаннан кейінгі ру аралық тартыстар да ерекше қызықты. Тобықты ішінде өкімет билігін өз қолдарында ұзақ уақыт бойы ұстап отырған ырғызбайларға қарсы жігітек, бөкенші, көтібақ, топай сияқты басқа да рулардың билеуіш-төстеушілердің өкілдерінен күшті топ құрылады. Олар сайлауда ырғызбайлардың адамы Оспанды болыстыққа сайлатпай тастап, ырғызбайларды өкімет билігінен шеттетуді көздейді, осы мақсатпен өздерінің кандидаты Күнтуды сайлатып жіберуге бекем бел байлайды. Сайлауда көпшілік дауысқа ие болған бұл топ өздерінше мез-мейрам болысып жатады.

«Бұдан былай Күнту болыстың мөрі де, әмірі де оны осы жолы сайлап отырған жеті жуанның еркінде болатыны айқын. Кейін біреуді көрсететін приговорлар, тентек-тебіді сүйейтін хат-қағаздар өз қолдарында болмақ. Әлдекімнен жер, тағы біреуден үйірлі мал тартып алыспақ болса, солардың сілтейтін қайратты қара шоқпары да осы Күнту қолындағы мөр, мойнындағы знак болатыны даусыз (23.54).

Феодалдық-рулық өз ара тартыс кезінде әркім өз жақтастарына, сондай-ақ осы менің дұшпаным болып кетпесін деген адамдарға феодалдардың мол дастарқан жайып, қонақасы беруінің де мәні болды. Мәселен, аға сұлтандықтан түсіп, Омбыдан қайтып келген Құнанбай жиі-жиі той-томалақ жасаумен болады. «Соның бәрінің үстіне мынадай

көл-көсір қонақасы, ұзақ жиын, жағалай сойылып жатқан ақсарбас, көк қасқалар құр ғана келіс қуанышы емес. Бұның ішінде шеп жию, батамен табысу, ыдырағанды қайта құрау, құрсауын бүтіндеу, қысқасы, мерейін тағы аспандатып асыру бар» (22.237)...

Бұл мәселе жайында романда баяндалған оқиға негізіне де шынайы тарихи материалдар алынған.

«Бөжей өлгеннен кейін барады. Омбыға айдалып бара жатқанда: «Артымнан арыз бергізбе, сұраса бере беріңдер жігітекке» дейді. Сонда артындағылар он бес қыстау береді. Байдалы «арыз бергізбеймін» дейді. «Бірақ он бес қыстау бер» дейді. Малдың есебі жоқ, жігітек ала береді. Қажы мал жағына билік болмасын деп тапсырған. Қағаз бармайды, қажы қайтып келеді» (31).

Сөйтіп жігітектер Құнанбайдың он бес қыстауды қайтарып беруін талап етеді. «Құнанбайдың он жыл бойында, тірнектеп жүріп тартып алған жерлерінен дәл он бес қыстау қайтып алды. Жігітек, көтібақ, бөкенші, торғай – бәрі де әлденеше қоныс қыстаулардан алысты. Алғанмен, сол рудың ру басылары және малды жуан ауылдары алатын қыстаулар боп шықты. «Көптің дерті, көптің жоғы» деген мұңның бәрі, тоқырау жерде сол Байдалы, Байсал, Сүйіндіктердің өздерінің қыстау басуымен аяқталған. Оған орай көпті малмен, сойыспен, ат майы және тайынша-торпақ, соғыммен ырзалаған болысты. Бұл ретте берілетін мал-мүлікті Ырғызбай түгел бөлісіп көтерген (22.219). Феодалдық қырқыстардың таптық табиғаты, феодалдардың жер үшін ұрыс-керісі жас Абайдың ой толғанысында тамаша ашылып көрсетілген. Ол «бір Құнанбайдың табысын бес Құнанбай ұрпағы өз ара бөліскеніне» көзі жетеді.

Кемеліне келген ой иесі болған Абай ендігі жерде халықтың басына ру тартысы түсіріп отырған қайғы-қасіретті сезініп қатты қиналады. Ол ру билеп төстеушілері жасап отырған шет-шегі жоқ шабуылдардың, барымталардың, тонау мен зорлық-зомбылықтың халық үшін қаншалықты ауыр апат екендігін өзінің орыс достарына сай-сүйегі сырқырай отырып әңгімелейді (23.375-376)...

Құнанбай жеке рулардың жер тапшылығын ру тартысы кезінде өте шебер пайдаланады. Жер тапшылығынан күйзелген руларды өз жағына тартып, оларды басқа руларға қарсы күресте пайдаланып қалуға тырысқан Құнанбай, өз жайылымынан олардың малына жер береді. «Құнанбай оң қараған жуан ауылдар Ырғызбай ішіне малдарын айдап апарып, сонда жан сақтап жатыр. Ал Құнанбай адам деп санамайтын аз ата, сансыз атсыз көпшілік болса, малы қайда барарын, басы қайда қаларын білмей, сендей соғылып жүр» (22.294).

Автордың әлеуметтік құбылыстардың мәнін көркемдік құралдары арқылы терең ашып көрсетуімен берілетін эпопеяның тарихи өмір шындығы көшпелі тұрмыс жағдайдағы ру аралық тартыстардың



неғұрлым күшті рулардың әлсіз рулардан ең жақсы жайылымдарды күшпен тартып алуы көздеген негізінен алғанда жер үшін болған кескілескен күрес екендігіне көз жеткізуге мүмкіндік береді. Сөйтіп, ол кездегі жер мәселесінің қатты шиеленіскендігі сондай, рулардың қандай да болсын көші-қон мәселелері көршілерін қатты алаңдатып отырды. Құнанбай қыстауға әдеттегіден тыс ерте көшкенін көргенде жігітек руы тап осы себептен де тыпырши түседі. «Құнанбай көктемде ерте көше, – деп бастады, – уақтың жерін шаба торитын. Жайлауға ерте көше, керейдің қонысын көздейтін. Бірақ қысқа қарсы, оның аты жетпес алыс жоқ. Әлде тінейдің сар құсындай өзіне түсіп жүрмесе» (22.65). Бөкейдің қауіптенуі тегін емес. Жағдай тап солай болып шығады. Бұдан арғы жерде Құнанбайдың XIX ғасырдың орта шенінде ғана күшейген ырғызбай руымен салыстырғанда бұрын анағұрлым шұрайлы жайылымдарды иемденіп отырған әлсіз рулардан жерін ашықтан ашық тартып алуға көшкені көрсетіледі.

«Қарашоқы Қодар қыстауынан алыс емес. Шыңғыстың үлкен биігінің бірі. Соның бауыры әдемі тоғайлы өзен болатын. Тал-терегі болсын және тау қайыңы – қисықша қызыл қайың болсын, барлығы да көктеп жайнап тұр. Бұл ара – бір құйқалы, жақсы қыстау. Бөкенші, борсақ ерте кеп, осында орнап қап, әлі бауыр басып келеді.

Ырғызбай ішінен, әсіресе осы Қарашоқыға қызығушылар көп болатын. Бұнда отырған ауылдар борсақ – Жексен ауылы (22.39).

Қодарға шығарылған үкімді пайдаланған Құнанбай бөкенші руының қыстауы Қарашоқыны осылай басып алады. Тек осыдан кейін ғана барып «Бәріне де бір сәтте Қодар өлімінің сыры, Бөкенші жерінің алыну сылтауы бір-ақ шешілгендей болды» (22.77).

Қарашоқының иесі Жексеннің қыстауға көшіп келіп қалған өзінің ауылын нұсқап, енді не істейміз деген сұрағына Құнанбай зекіріп «сенің ауылың кері көшеді енді» деп жауап береді.

Құнанбайдың озбырлығынан жаны шошыған бөкенші руының ақсақалдары Сүйіндік ең жақсы қыстауларынан айырылған рудың күйзеле қиналған жағдайын «Жайлауыңды жау алды, қыстауыңды өрт алды» деген бейнелі сөз арқылы білдіреді.

Әлсіз көршілерінің жерін тартып алуға неғұрлым күшті, қуатты рудың осылайша тарпа бас салуы, Құнанбайдың бұдан былайғы іс-әрекеттерінен де айқын көрінеді. Ол Ырғызбайлардың өзге рулардың жерін басып алу правосын күшпен орнықтырғаны эпопеяда тамаша суреттелген.

Мәселен, Бөкенші Құнанбайдан өздеріңіздің жақсы жерлеріңіз жеткілікті бола тұрып, сізге Шыңғыс енді неге керек?– деп сұрағанда, ол «Ей, бөкенші! ... Аға болдың, бұрын жеттің. Көлденең созылған Шыңғысқа көлбей орнадың. Ырғызбай аз еді. Сенен кіші еді. Ен Шыңғыстан бірде бір құйқалы қыстау бермепсің. «Өзге қыстау» дейсің...

Шыңғыс тұрғанда өзге жер қыстау ма!? Мен болсам, енді қашанғы көне берейін. Қашанғы құр қалайын. Бірғызбайға да Шыңғыстай арқа тірер пана керек... Бірғызбай да етек алған ел болды. Жатың емес, туысқаның. Есе бермей құмадан туып па?– деді. Дауын да, байлауын да өзі айтты» (22.75).

«Сонда бөкеншіден қанша қыстау алмаққа ұйғардың?» деген Сүйіндіктің сұрауына Құнанбай: «Бөкенші Шыңғыстың бұл тұстағы бар қыстауын береді» (22.75), – дейді.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, даланың шынжыр балақ, шұбар төс көк жалы бір руды екінші руға айдап салып, өзіне жау руды ығыстыруға шебер пайдаланады. Мәселен, Шыңғыс бауырындағы бөкенші қыстауларын күшпен тартып алу кезіндегі күресте ол Көтібақ, Торғай және Топай руларының билеуші тобын өз жағына қарай тартты. Бұл рулардың ақсақалдары Байсал мен Құлыншақ Құнанбайды бөкеншілердің қыстауын басып алған жаңа қонысымен құттықтауы тегін емес-ті. Алайда сәл кейінірек Құнанбай өзінің күні кешегі одақтасы Байсалдың қыстауын тартып алуға да әрекет жасайды. Бірақ оның тарапынан қатты қарсылыққа кездесіп, қыстау түгіл енді жайлауына да көз аларта бастайды. «Байсал ауылдары мен Құнанбай ауылдары әр қоныстың тұсында иықпен қағысқандай боп, ылғи тапа-таласа келіпті. Барлыбай жазығына бұл ауыл қонғанда, Тоңашаға көтібақ қонған екен. Малын қудыра беріпті Құнанбай. Содан соң Байсал көтібақ қонысының Құнанбай ауылы жақтағы шетіне ұдайы өз ауылын қондырып, бұл жақ не істесе, соны істеп келіпті... Құнанбай әсіресе омырау ғып, соған әдейі ізденіп жүр» (22.256).

Жігітек руының ақсақалы Бөжей мен Құнанбайдың романда суреттелген қатты қырқысы архивтік тарихи деректерден де кездеседі. Мысалы «тобықты-көкше болысының биі Бөжей Ералин аға сұлтан Құнанбай Өскенбаев сонау болыс управителі болып тұрған кезінде-ақ Тоқпамбет деп аталатын өзінің қыстау мекенін тартып алғанын көрсетеді» (29).

Қысқы жайылымдарды күшпен тартып алу оқиғалары романда бірқатар эпизодта бейнеленген. «Ши бойында осы Түсіп пен Бөжейдің атақты атасы Кеңгірбайдың бейіті бар. Соның тұсындағы мол қорық – Жидебай, Барақ болатын. Құнанбай қыстау етем деп соны да алды...» (22.66).

Құнанбай өзінің қыс қыстауын тартып алуға әрекет еткен кезде Байсал би ол жөнінде былай дейді: «Жер үшін ол ақыры оны көрге айдап тыққанша жегідей жеді. Менің Бөжейден артық нем бар? Менің жоғалтар дәнеңем жоқ... мен айтқанымнан қайтпаймын. Қыстаудан аттап баспаймын».

1851 жылғы архив деректерінде де осындай фактілер өз көрінісін тапқан. Мұнда «екі старшина барлық ауылымен, ал бір он бес үйлі



Өскенбаев мырзамен келісе отырып, өздерінің ата қонысын тастап, Өскенбаев мырза көрсеткен жерге кеткісі келеді, ал қалған 5 старшина өз жұртымен бірге ата қонысынан кетуді қаламайды және Өскенбаев мырзаның иеленуіне өз қыстауын бермейді... Ал ол бұлардың ата қонысын өзі алғысы келіп, ол жерден мүлде қуғалы отыр... Сондықтан да олар өздеріне тиісті қыстауларды аға сұлтан Өскенбаевтың тартып алуына тыйым салуды өтінеді...» (29) деп көрсетілген.

Өзіне қарасты елдің жерін баса көктеп емін-еркін иелік еткен Құнанбай өзі қолдайтын ауылдарды өзі ұнатпайтын өзге рулардың жеріне қондырып отырды. Бұған ол рулардың келісімін сұрамады.

Романнан сан рет көрінетіндей, жайылымдарды таптап кету малды ауылдарға үлкен зиян келтіретін еді. Жер үшін болған ру тартысы мұнда да айқын көрінеді.

Округ приказдарына қысқы жайылымдарды таптап кеткендігі жөнінде түсірілген шағымдар архив істерінде көп кездеседі. Осындай шағымдардың бір үлгісі мынадай:

«1850 жылғы күзде аға сұлтан Өскенбаев өзінің үйір-үйір жылқыларын қаптатып, Ералиннің, старшина Жүсіп Қотанбұлақовтың, Байсал Айтиевтің және басқаларының қысқы жайылымын таптап кетті» (22.188).

М.О.Әуезов романда жер үшін болған ру тартыстары туралы бұдан басқа да бірқатар қызықты мәліметтер келтірген, мұның бәрі де автордың өмірден жіті байқаған фактілеріне және сол заман өкілдерінің естеліктеріне негізделген. Тарихи әдебиетте кездесе бермейтін бұл мәліметтер революцияға дейінгі Қазақстандағы жер қатынастарын зерттеуші тарихшылардың белгілі дәрежеде назар аударуына әбден тұрарлық. Мәселен, М.О.Әуезов Құнанбайдың тіпті ру арасындағы жайылымды белудің өзін де жаулас руларын әлсірету үшін жиі-жиі пайдаланып отырғанын көрсетеді. Округтың аға сұлтаны ретіндегі әкімшілік билігі мол Құнанбай осындай ниетпен бөкенші руына Талшоқы, Қарауыл және Балапан қорықтарына қонып алуды ұсынады. Жігітек руының көпті көріп, әккі болған басшысы Бөжей Құнанбайдың ішкі есебін бірден аңғарды: «Мұнысы Кішекен, Бөбеннің жер жапсары бір болсын. Екі атаның ұрпағы жерлес болса, татулықтан кетеді. Жақын отырып, бес тал көде мен бір ұрттам суға да қиталасып таласа берсін дегені» (22.81). Оның пайымдаулары мүлде дұрыс боп шықты. «Қопа мен Қаршығалы сияқты қоныстарды бөкеншіге жігітектен алып бергеннен бері қазір, міне, күн сайын көші-қонда, жайылыс-өріс, бие байлауда даулы болып, тату ағайын тоңырайысып барады.

Байдалы, Түсіптер күнде көріп, күнде сезіп: «Бөкеншіні өкпелетіп алмасақ екен, қолтығымыздан шығарып алмасақ екен» деп, дамылсыз күдіктеніп отыратын болған» (22.180).

Сондықтан да Байдалы Бөжейді Құнанбайдың қызы Кәмшатты ата-анасынан жасырын жерлеуге көндіреді. Ондағы ойы Құнанбай ынтымағын бұзуға мүдделі болып отырған екі ру (Бөкенші мен Жігітек) оның ендігі қаһарынан қорқып, бір-бірімен тағы да жақындаса ма екен дегені еді.

Құнанбайдың озбырлығының күшті болғаны сондай, ол өз көршілерінен тартып алған жерлерді өзімен одақтас руларға емін-еркін үлестіріп бере берді. «Қарашоқының күнбатыс жағы, бұрынғы Қодар қыстауының арғы жапсары торғай руына тиісті».

Эпопеяда, әдетте өзге рудың жерін тартып алумен, жерді басып алумен – ру тартысының халық бұқарасы үшін қаншалықты ауыр болғаны, өмірдің өзіндегідей мейлінше шынайы көрсетілген.

Рудың феодалдық билеуші тобы өзі айырылған жерлерінің есесін әрдайым қауымдық жерді емін-еркін билеп-төстеу есебінен де, немесе өзінің, жерін тартып алған рудың қанаушы тобымен мәмілеге келу арқылы да қайтарып отырды.

Мәселен, бөкеншінің қыстауын тартып алған Құнанбай сол рудың басшылары Сүйіндік пен Жексенге Қарауылдан қыстау ұсынады. Ал бұлар, егер өздері Қарауылдағы қыстаулар мен екі өзенді (Көлденең мен Шалқарды) бірінші боп жайлап алатын болса, онда есесі кетпейтінін түсінеді (22.79). Егер жер үшін болған мұндай күрес әр рудың өз ішінде осылай шиеленісіп жатса, онда көрші рулардың жерін тартып алу бұдан да гөрі көбірек орын алғаны өзінен-өзі түсінікті. Автор жер қатынастарының бұл жағын да тобықты руының мысалы негізінде ашып береді. «Тобықты ақсақалдарының құпия ойы бар еді. Шама-шарқы шамалы көршілес рулардың өзендерін бойлап жылдан-жылға көше жүріп, уақыты келгенде олардың жайылымын мүлде басып алмақ болатын».

Бұл ретте тобықтылардың көп жылдар бойы көршілес ру уақты, әсіресе егіншілікпен шұғылданатын ру көкенді қалай қыспаққа алып келгені романда кеңінен алып көрсетілген. Тобықты мен уақ арасындағы жер дауын талқылауға арналған Арқат ру аралық сиязында Абай өз руы тобықты ол руларды көп жылдар тонап келгенін айтып, жеріне жеткізе айыптайды. Құнанбай бастаған Тобықтының жарты ғасыр бойы бейбіт жатқан уақтың жерін заңсыз тартып алып келгенін айтып береді.

Уақ жерін тобықтылардың қалай тартып алғаны романда бастан аяқ толық көрсетілген. «Жиреншенің әкесі Ақжал мекеніне өз бетімен барып ірге тебеді. Абралының әкесі Обалы мен Қоғалы қорығын алады. Оразбайдың әкесі Қарақұдық пен Төрекұдықты игеріп алады т.б.» (23.663). Сөйтіп, романда көрінетін ру билеп-төстеушілерінің арғы аталары ондаған жылдар бойы Уақ жерін осылайша бірте-бірте басып ала берген.

Руішіндежерформальдытүрдетуған-туыстардыңколлективтікменшігі





саналды. Алайда, мұны әдеби және архивтік деректердің материалы растап отырғанындай, қазақтардың іс жүзінде қалыптасқан жер қатынастары қатардағы қауымдастардың баяғыда-ақ жер иелену правосынан жүрдай болғанын көрсетеді. Мұның өзі көшпелі мал шаруашылығын жүргізудің шешуші шарты болып табылатын жайылымдарды емін-еркін билеген феодалдық-рулық қанаушы топқа оларды барған сайын тәуелді ете түсті. М.О.Әуезов жұт кезінде, боран кезінде әдетте жері тапшы қатардағы қауымдастардың шаруашылықтарындағы мал біткеннің жаппай қырылатынын суреттеп жазады. Ру, қауым ішіндегі жер пайдаланудағы бұл сияқты айқын сезілетін әркелкілік эпопеяда орасан мол тарихи-нақты материалдар негізінде беріледі де, оның әлеуметтік мәні терең ашып көрсетіледі.

Феодалдардың қолына орасан көп малдың шоғырлануымен байланысты шұғыл өсе түскен мүліктік даралану процесі олардың іс жүзінде жеке меншіктік право негізінде ең таңдаулы, шұрайлы жайылымдарды баса-көктеп күшпен басып алуына ғана емес, сонымен қатар бүкіл қауымның жерін емін-еркін иемденуіне де апарып соқты. Автор эпопеяда жердің формальды түрде рудың меншігі болып танылып, қатардағы қауымдастар заң жүзінде ерікті деп саналғанымен, шындығына келгенде қатардағы қауымдастардың рудың билеп-төстеуші қанаушы тобына тәуелді екенін ашып көрсетеді. Мұның өзі ең алдымен жер мәселесіне келгенде айқын сезіледі. Өйткені қауымдық жерге иелік етіп, билік жүргізуші тек феодалдар болды.

Эпопеядан қатардағы қауымдастардың өздеріне феодалдар бөліп берген жайылымдарға ғана ие бола алғандығын көреміз. Өйткені феодалдар олардың көшіп-қону мерзіміне дейін, қай жермен көшетініне дейін белгілеп беретін. Романның Қодарды жазалау туралы шешім қабылданатын алғашқы тарауларынан-ақ Құнанбай бастаған ру билеуші тобы жайлауға көшіп бару уақыты туралы мәселені шешеді. Көшіп баратын жерді анықтайды. Жазушы бұл арқылы феодалдардың қауымдық жерге иелік етуге деген емін-еркін мол правосын ашып береді. Қатардағы қауым мүшелерінің олардың нұсқауын амалсыз орындаудан басқа мұршасы қалмайды.

Сондай-ақ романда экстенсивті көшпелі шаруашылық үшін жақсы жайылымдардың орасан зор маңызы болғандығы да ашып көрсетілді. Рудың ірі-ірі билеп-төстеушілері жұт кезінде өздерінің неғұрлым әлсіз көршілерінің шұрайлы жерлерін өз бетімен басып алуы да тегін емес.

Мәселен, бір жұт жылы «Құнанбай мен Байсалдар осы коныстардың аман қалуына бар күштерін салған. Атыраптағы жері тәуір азғана руларға қыс бойы шапқыншы айдап шыққан. Қостарын қалың қардан қашырып, бір күзектен екінші күзекке салып отырып, әйтеуір ірі жағын аман сақтап қалыпты. Артық та болса қолға жетті. Қыс кетті. Енді қайтадан

қатарға кірді» (22.317). Жайылымдарды феодалдардың емін-еркін билеуі сол кездегі архив деректерінен де айқын көрінеді. Мәселен, осындай документтердің бірінде Құнанбайдың Буралы болысының қазақтарынан 5 қыстауды өз бетінше тартып алып, осы қаржас руына ықтиярсыз бергенін көрсетеді. Осы қыстаулардың бұрынғы иелері жерсіз қалып, қатты күйзеліске ұшыраған (29).

Эпопеяның жер мәселесіне қатысты нақтылы материалдары К.Маркстің «Нағыз жеке меншіктік барлық жерде узурпация жолымен туды» (39.349) деген тезисін растай түседі.

Мәселен, қамаудан қайтып, өзінің жағдайын нығайтып алған Құнанбай бұрын басып алған және таратып берген 15 қыстаудың қайтарып берілуін тағы да талап етеді. «Ол келесі күзде мұнда өзінің мүліктері мен жатақтарын ешкімнің қалдырмауын, өйткені қыстаулар тағы да өз меншігіне енетіндігін айтып бұйырды.

Мұндай хабарды әрбір ауыл жеке-жеке алды. Құнанбай ештеңе айтып түсіндірмейді, дәлелдеп жатпайды – ол тек қана бұйрық берді».

Келтірілген үзінді қыстау және олардың жеке меншіктік право негізінде даралануы үшін жүргізілген күрестің жер мәселесінде шешуші роль атқарғанын көрсетеді. Жексеннің Қодарға жала жауып, оның өз қыстауына жақын орналасқан жер учаскесін тартып алуға ұмтылуы да тегін емес.

«Қодардың күні біткен іспетті ғой. Егер мен оны ру ішінен қуып шығарта алсам, жер маған қалады емес пе», – деп ойлайды ол жаны мәзир тұрып» (29).

Романда жер иеліктерінің шекаралары өте айқын белгіленіп берілген, толып жатқан қорықтардың, көбіне бай семьялардың оқшауланған иеліктердің атаулары жиі ұшырасады. Мәселен, Қарауыл шоқысы, Құпия сай, мөлдір бұлақтары мол Көлқайнар Құнанбайдың толып жатқан күзгі және көктемгі жайылымдары саналады. Айнала төңірегіндегі жайылымдарымен қоса алғандағы қыстауларға деген жеке меншіктіктің орын алғандығы туралы Құнанбайдың қылмысты ісін тергеу жөніндегі көптеген тарихи документтерден айқын көрінеді.

Мысалы, Майбасарға бағынғысы келмеген Бөжей мен Байсал өзінің туған-туысқандарымен бірге Көкше-тобықты болысынан Аякөз округының Семіз найман болысына көшіп келеді. Мұнда «... болыс управителі Жүсіпбай Байзақовтың қысқы жайылымын жайпап кетеді» (29).

Тағы бір жерде Құнанбайға тиісті Шыңғыс тауындағы қыстаулар туралы айтылады.

Бұл жерде әркімнің өз меншігіндегі жайылымдарды қалай қорғағаны туралы деректер келтіре кету де қызық. Мәселен, Мұсақұл қорығына Абайдың ағасы Тәкежан ие болады. Ол өзінің жайылымына басқаның малы түспеуі үшін оны қатты қориды. «Жұрт көзіне түспейтін жер болса,



тіпті осы мына үлкен шешелерінің өз ауылынан жайылған малды да қуып тастап отырады деп барлық көрші малшылар қайран болушы еді» (22.299).

Жалдамалы малайлар Құнанбайдың жерін қызғыштай қорғайды. Әсіресе Тәкежанның нөкерлерінің бірі Жұмағұл жанын салады. «Рас, Тәкежан қолында әмір, құдірет жоқ. Бірақ қыс пен күзде жер қоритын әдеттері бар» (22.301).

Жұт қаупі төнген қарлы боран кезінде Абай өздерінің кедей-кепшік туыстарының малын апаттан аман алып қалу үшін Мұсақұл қорығына айдап салуына рұқсат сұрап, Тәкежанға кісі жібереді. Бірақ ол өз жеріме өзгенің малын аяқ аттатпаймын деп жауап береді. Тек Абайдың батыл қимылының арқасында ғана «Тәкежан жалғыз сиырдан қоритын қорыққа бүгін түскен қой саны мыңнан асып тұр» (22.305).

Тарихи деректерде, әдетте, қай феодалдың болсын иелігіндегі жер көлемі жайында өте аз айтылады. Бұл тұрғыдан алғанда эпопеяда Құнанбайдың жер байлығының мөлшері туралы пайымдауға мүмкіндік беретін нақтылы материал назар аударарлық. Мәселен, аға сұлтанның жайылымы жайында Бөжей былай дейді: «... айрандай аптап, күбідей күптеп болды ғой. Жуантаяқты қуды. Әнеттен алатынын алды... Күзектегі Тақыр-тұмадан сонау жайлаудағы Байқошқарға дейін отыз көш жерде ылғи соның көктеуі, күзеуі, қыстауы мен жайлауы! Қоныс-қонысының арасында, тіпті түйенің қолтығы терлеп көшетін жыра жоқ қой! – деді...

– Тіпті қозы көш сайын бір қоныс қой, – деді Сүйіндік. Тұнып тұрған көкбастау, торғындай тұма, қасқа бұлақ, көкирім көл...

– Жайлауға барса ғой, өзге бір ру ел бір бұлаққа үйіліп отырса, мұның әр ауылы ұзын аққан әлденеше өзеннен үлеседі.

– Осының бәрін аз жылдың ішінде басып отыр. Енді тағы қай сыбаға! (22.65-66).

Жерге іс жүзінде қалыптасқан феодалдық меншіктің орын алғанын романда келтірілген басқа деректерден де пайымдауға болады. Құнанбай борсақ руының жерінен Бетқорығын тартып алып, өзінің немере інісі Ақбердіге береді. Бұрын борсақ руымен келісім бойынша осы жерді пайдаланып келген және оны иемденуден дәметіп жүрген, оны торғай руының ақсақалы Құлыншақ пен Құнанбайдың осы мәселе жөнінде бір-бірімен айтысы сол дәуірдің өзіне тән ерекшелігімен суреттелінген.

Құнанбай былай дейді: «Бірақ, тегінде меншік барда, келісім бар ғой, ақсақал. Даусыз иесі борсақ еді. Соның меншігі еді... Келіссе Ақбердімен де соны істер. Тек меншік Ақбердінікі екенін ойласын деді» (22.146).

Басында үй-жайы бар, көбіне күзгі және көктемгі жайылымымен қоса шабындығы бар қыстаулар XIX ғасырдың орта шенінде іс жүзінде жеке меншігі ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар атадан балаға мұра ретінде қалатын меншікке айналды.

Автор өзінің жазған ескертулердің бірінде бұл жөнінде ашық айтады: «Қазір ол қыстаулар мен көктем, күзеу, жайлау атаулыда Оспан аулы отыратын. Құдық, бұлақ, бастау, көл, өзен, қорық, пішендік – бәрі де есепке алынды» (23.332).

Эпопеяда жердің атадан балаға мұра ретінде қалатын меншік екендігі туралы жиі-жиі айтылуы тегіннен-тегін емес.

«Бөжей өз атасы Кеңгірбайдан ата қоныс есебінде мұра қып қалған жері – осы» (23.80).

Тәкежан аса шұрайлы Мұсақұл қорығын Құнанбайдан қалған мұра ретінде иемденеді. Кейін ол бұл қорықты өзінің інісі Оспанға береді.

«Қыс қыстайтын қыстауларды пайдалану правосы атадан әкеге, әкеден балаға мұра болып өтіп жатады, сөйтіп бейне бір ұрпақтан-ұрпаққа өтіп пайдаланылады, ал ендігі жерде учаскені ешқандай да басқа адам иемдене алмайды» (40.30). Заң жүзінде қатардағы қауым мүшелері де жерді мұра етіп бере алатын еді. Сондықтан да Дәркенбай Құнанбай Мекеге жүргелі жатқанда одан Қодардың ұрпағы Дәрменге кезінде өзі басып алған Қарашоқы қорығын қайтарып беруді талап етеді. «Бірақ Қарашоқыны қайтесің? Ол мына баланың сыбағасы емес пе еді? Сол Қарашоқыда бүгін үлкен ауылың Күнкенің ауылы маңғыстап, мал өсіріп, мыңғырап жатқан жоқ па?» (22.392).

Алайда бұл правоның кедейлер үшін аты ғана бар-ды. Қодардың тартып алынған жерінен Дәрменге үлесі берілуін талап еткен Дәркенбайдың Құнанбайдың ашу-ызасын ғана келтіргеннен басқа ештеңе өндіре алмауының негізгі себебі де міне осында жатыр.

Міне мұның бәрі де «Абай жолы» эпопеясында өткен ғасырдағы Қазақстанда жер иелену жөнінде өзінше ерекшеліктері бар патриархальдық-феодалдық қатынастарды неғұрлым терең түсіну үшін қызықты да танымдық материал бар екенін көрсетеді. Мұнда XIX ғасырдың орта шенінде бүкіл жайылымға тұтас қауымның правосы бар екендігі формальды түрде жариялана тұрса да қауым жерінің ең шұрайлы мол бөлігін ат төбеліндей ғана феодалдық билеуші топ іс жүзінде емін-еркін билеп-төстеді. Шығармада өмірдің аса қатал шындығы шынайы көрініс береді.

Жерге деген меншік белгілі бір адамдардың жер шарының жеке бөліктеріне өз басының еркіндігі ерекше сфера ретінде өзгелерді тықсыра қуып отырып, монополиялық иелік орнатуы екені жөніндегі маркстік қағиданы ескерсек, қауымдық жердің ең шұрайлы бөлігін қазақ феодалдарының емін-еркін иелену мүмкіндігі, жоғарыда келтірілген мысалдардан көрініп отырғандай, іс жүзінде осы жерге деген меншіктік правоның тап өзі болып шығады. Алайда қазақ феодалдарының іс жүзінде жерді меншіктеуі қауымдық-рулық қабыршақпен бүркемеленген еді. Өйткені мұнда сөз жүзінде жерді қауым болып пайдалану тәртібі әлі де болса сақталып келген-ді.



«Нак осы жерді узурпациялаудың өзіне тән формасында Қазақстанда жерге феодалдық меншіктің тарихи процесі қалыптасуының ерекшелігі көрінеді» (41.159).

Қазақтың әдет-ғұрып правосының нормасы бойынша жер пайдалану тәртібін автордың жан-жақты баяндап көрсетуі бұрын бүкіл рудың меншігі болып келген жерлерге енді іс жүзінде жеке семьялардың иелік ету праволарының қалай қалыптасқанын көрсететін терең эволюцияны мейлінше айқын аңғартады.

Мұның өзі эпопея революцияға дейінгі Қазақстанның тарихын немесе экономикасын зерттеушілер үшін басқа да документальды деректермен салыстыра отырып алған жағдайда жер қатынастары жөніндегі күрделі мәселенің жекеленген бірқатар жақтарына терең еруге мүкіндік береді деген сөз. Яғни эпопея материалдарын XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтардың жер қатынастарын және осыған байланысты право нормаларын зерттеу үшін қажетті пайдалы тарихи деректер ретінде пайдалануға әбден болады.

Автордың жер проблемаларын жан-жақты ашып көрсетуі романда сонымен қатар өткен заман шындығын реалистік тұрғыдан көз жеткізе көркем бейнелеп шығуына да негіз болды. Жер мәселесінің төңірегінде өрістей түскен және өткен заманның қатал шындығын бейнелейтін тартыстарға келетін болсақ, мұның өзі шығарма геройларының сол заманның өзіне тән ерекшеліктерін тудырған дара сипаттарын жасауға негіз болады.

М.О.Әуезов XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық қатынастарының негізгі ерекшеліктерін ашып берумен қатар сол кездегі қоғамдық өндірістің негізгі саласы – көшпелі мал шаруашылығын жан жақты көрсетуге де баса көңіл бөлген.

Қазақтың барлық экономикалық тіршілігі үнемі көшіп-қонып жүретін экстенсивті көшпелі мал шаруашылығына негізделді. Мұның өзі жайылымды әрбір маусымға байланысты ауыстырып отыруды талап етті. Өйткені бүкіл мал жыл он екі ай бойы аяғынан жайып бағылатын еді.

Шаруашылықты жүргізудің жайылымдық-көшпелі жүйесінің осы ерекшелігін «Абай жолында» суреттелген қазақ қоғамының бүкіл тіршілігіне өзек болып тартылған, оның экономикалық укладын, праволық нормаларын, тағы басқа жақтарын толық камтыған.

Автор эпопеяның алғашқы беттерінен бастап-ақ өз ескертпелерінде көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастырудың негізгі принциптерін айқын көрсетіп береді. «Ауыл иесінің ұлдары мен ең жақын туған-туысқандары ауыл малының саны белгілі бір мөлшерден асып кеткенінше, жалпы суат, жайылым және малды бағып-күту шаралары ендігі жерде ыңғайсыз болғанға дейін (мысалы, бір отарда болатын мал саны 1000 қойдан асқанша) онымен бірге көшіп-қонып жүреді. Осы кезде семья

мүшелері өзінің малымен, үй-жайымен және «көрші-қолаңымен» жеке көшіп қыстап жүретін, бірақ әдетте қанаттас болып отыратын жаңа дербес ауыл құрап, әкесінің «үлкен ауылынан» бөлініп шығады» (22.39).

Романдағы Тәкежан, Абай, Оспан сияқты басқа да кейіпкерлерінің шаруашылықтары осылай бөлініп, өз алдына дербес ауыл болады. Егер эпопеяға осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ, онда біз халықтың барлық күрделі де сан алуан тіршілігі, оның саяси күресі мен өндірістік іс-әрекеті өте-мөте тұрақсыз қарапайым экстенсивті мал шаруашылығымен айналысу жағдайында өтетінін әрі соның қажеттеріне бағынатынын көреміз. Көшпелі тіршілік жағдайына байланысты халық тұрмысының мән-жайын автордың жан-жақты сипаттап жазғандарының өзінен толып жатқан қызықты деректерді байқауға болады.

Мәселен, көктемде, көктемгі жайылымға шықпай тұрып-ақ қыстау басында «көктем самалына бөленген» ақ отаулар тігіледі. Эпопеяда көкорай шалғындағы ауыл өмірінің көркем суреттері берілген. Автор көркем баяндаудың өзегі етіп көшіп-қону мерзімдерін, бұлардың қанша уақытқа созылатынын, көш жолдарын бүкіл егжей-тегжейлі суреттерімен қоса алды. Көшіп бара жатқан ауылдардың әсем суреттері, көркем көріністері көз алдымыздан тізбек-тізбегімен өтіп жатады. Бұлар көбіне бір-бірімен ілесе, қатар көшеді, өйткені көктемгі бітік өскен көк-орай шалғын шүйгін шөп мұншалық мол көшпелі ауылдың малына әбден жеткілікті болатын-ды.

Тобықты руының шөбі шүйгін, суы мол кең жайлауы – Шыңғыс жотасының арғы жағында. Бұл жерге көшіп жету үшін үш аптадай уақыт керек. Құнанбайдың ауылы көшкенде қыстаудан онымен бірге туысқан барлық ауылдар да бірге көтеріледі. Сөйтіп Шыңғысқа қарай жөңкіле көшеді, оның түрлі асулары арқылы өтетін жолдармен тізіле қозғалады. Мұнда әр рудың көші өзінің белгілі бағыт-бағдары бойынша ілгері жылжиды. Бұл тәртіпті бұзуға ешкімнің де батылы бармайды. Өйткені мұның өзі, әдетте, қанды қырғын төбелеске, дау-жанжалға, билердің қатал қазылығына түсуге апарып соғатын еді. Жаз жайлауға шыққан ел көбіне өзендердің, көлдердің жағалауына барып қонатын. Мұндайда туыстас ауыл қатар қонады да, бұл жерде мал күзекке түскенше, сонау сентябрьге (сүмбілеге) дейін қала береді. Қыс кезінде бір-бірінен алшақ қыстауларда отыратын туыстас ауылдардың өз ара араласуы әдетте жайлауда қыза түседі. Автор жайлаудағы ауыл өмірінен ерекше сұлу көркін көз алдымызға әкеле суреттейді, жазғы жайлаудан қайтқан тобықты ауылдары Шыңғыс тауының баурайын өрмелеп, өзінің күзектеріне көшеді де, мұнда сентябрь, октябрьді өткізеді. Ырғызбай руының күзектері шөбі шүйгін, суы мол Ойқұдық пен Ақшоқы қойнауында болатын.

Күзекте малдың қоңын көтеруге зор көңіл бөлінеді. Өйткені әркім өз малын мүмкіншілігінше қысқа қоңды түсіруге тырысады. Автордың



көптеген суреттеулері көшпелі мал шаруашылығы экономикасын терең түсіну негізінде берілген. Кейбір мысалдар келтірейік.

«Боқырау өтіп, күзектегі ел күземін де алып болды. Қыстауға қайта көшетін күндер жақын. Бірақ күз суық болмай, күзек оты әлі де мол болғандықтан, жұрт іркіліп отыр.

Ойқұдықта Абай ауылының айналасына жиі қонысқан ауылдар бұл қоныстың әшейіндегі қалың бетегесін, жасыл шалғынын сар жұрт қылған. Бірақ айналасындағы кең жайылыс оты, өріс оты тозған жоқ. Қоңыр күзде малдың тойыны күннен күнге асқындап барады.

Шаруа мұңын ойлаған ауылдар сол күйге сүйсіне түседі. Күздің жауыны мен қара суық желмен мазасы кеткеніне қарамай, шыдасып отырған» (22.610).

Күзгі жайылымда отырған ауылдың шаруашылық ерекшеліктерімен таныстыратын басқа да жайларды баяндайтын мына төмендегі мысал да қызықты. «Жазды күнгідей емес, ауыл үйлері біріне бірі сығылысып жақын қонған, үйлер арасына шиден ықтырма жасалыпты. Түнгі малдың жатысына, өздерінің қонысына бейімдеп отырған шаруақор ауыл... Ауыл сырты тозған, сары жұрт болса да бай ауыл, қарашаның қатты суық қара желіне жонын төсеп, күзекті тақырлап біткенше көшпей, тыртысып отыр» (23.77) немесе «Қыстаулық жерін үнемдеп алыс күзеуде алғашқы қар жауғанша тырысып Тәкежан аулы, Мұсақұлдағы қыстауға енді тақап келген (23.87).

М.О.Әуезов эпопеяда XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ экономикасында көшпелі мал шаруашылығын ұйымдастыру және оның маңызы туралы, мал шаруашылығындағы жұмыстардың сан алуан түрінен нақты деректер келтіреді. Халықтың өмірі мен тіршілігін көркем суреттей отырып, ол көшпелі мал шаруашылығының қазақтардың натуральды шаруашылығы жағдайында оларды тамақпен, киіммен, баспанамен, ыдыс-аяқпен, отынмен, тағы басқаларымен қалай жан-жақты қамтамасыз етіп отырғанын да көрсетіп берді.

Эпопеяда халық әдетте көшпелі шаруашылыққа қызмет етуге бағытталған еңбек үстінде, іс-әрекет процесінде көрсетіледі: мал бағу, мал азығын дайындау, тамақ, отын әзірлеу, қыстауларды және басқа да шаруашылық құрылыстарын (мал қораларын) жөндеу, үй іші қол өнерімен шұғылдану үстінде суреттеледі.

Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарында қазақ халқы XIX ғасырдың екінші жартысында мал қоралары бар қыстаулар сала бастағанын эпопеяда келтірілген деректерден байқай аламыз. Қыстау салуды айтпағанның өзінде мал қораларын салудың кеңінен өріс алғанын толып жатқан тарихи деректер де растай түседі.

«Қатал қыстар мен борандардан малдарын сақтап қалу үшін Семей облысының, әсіресе оның солтүстік және орта аймағының қазақтары

(қырғыздары) соңғы жиырма жылдың беделінде шикі кірпіштен және шымнан төбесі жадағай келетін, ал тіпті кейде ағаштан қыстаулар сала бастады. Қыстауларының жанынан қыста суықтан және қатты желден малын қорғап, қамау үшін жабық қоралар жасауда, бірақ бұл қоралар осы қыстаудың иелеріне тиісті малдың барлығын сыйғызу үшін жеткілікті бола бермеуде» (42).

Осы жағынан алғанда көшпелі ауылдың ішкі құрылымымен танысудың да терең танымдық маңызы бар. Ауылдың иесінің үлкен үйі шеткерілеу тігіледі де, оған жалғаса, отау үйлер – оның үйленген ұлдарының үйлері, ең жақын туған-туыстарының үйлері, келім-кетім меймандарға арналған «қонақ үйлер» дөңгелене жалғасып кете барады, содан кейін барып ауылға қызмет ететін «көршілердің» үйлері тігілетін. Ауылдың осы жақ шетінде қойға арналған қотан – ашық қора, құлын байлайтын желі керілетін, ірімшік, құрт қайнатағын қараша үйлер жайғасатын.

Жоғарыда атап айтқанымыздай, автор тікелей шаруашылықта еңбек ететін адамдарды, шаруаларды кеңінен көрсетеді. Бұлар мал бағады, күзекте отырғанда қой қырқады – күзем алады, қой, сиыр, бие сауады, көші-қон кезінде үйлерді жығады және тігеді, шаруашылықтың басқа да толып жатқан жұмыстарын атқарады.

Тұтас алғанда еңбекші-малшы шаруалардың бүкіл өмірі малды бағып-күтумен өтеді.

М.О.Әуезов жайылымда үнемі мал соңында жүретін бақташы, малшылардың аса ауыр еңбегін суреттеуге көп көңіл бөледі. Баспанасы мен жылы киімі жоқ бақташылар әсіресе қыс кезінде қатты азап тартатын, олар малды қасқырдан, ұрылардан қорғаймыз деп күндіз-түні кірпік қақпай күзететін, қарлы боран мен аязды суық кезінде оны аман сақтап қалатын. Бақташылар малды түні бойы ат үстінде күзетіп жүретін, алау жағатын, таң атқанша айқай салып қасқырды отарға жуытпай жанталасумен болатын.

«Бақташылардың еңбегі әсіресе көшіп-қону кезінде ауырлай түсетін». «Өзгеге жеңіл болса да осылайша болған көшу қойшы, қозышы, жылқышыларға аса бір тынымсыз бейнет, масыл күндер болды. Біреудің жылқысына көш аттар, саяқ-сандырақтар кетіп қалған. Біреудің қойына бір ауылдың қозысы жамыраған. Қой мен қой араласып, шатасып кеткен. Осындай қарбаласта «бармақ басты, көз қысты боп, талай момынның тоқты-торымы сотқар ауылдардың жемі болып жүреді...»

Өзінікін жеуге үнем қып, кісіден кірген «қоспа», «кірме» болса, соны түн баласында ақтармалап, шикілі-пісілі домалатып, қылғып салып отыратын, талай пәле басы атқамінерлер болады» (22.55).

Экстенсивті көшпелі мал шаруашылығы табиғаттың стихиялық дәуілі күшінен жиі-жиі зардап шекті. Әсіресе мұнда оқтын-оқтын қайталап тұратын жұттар, мұзды сырғанақтар малды қырғынға ұшыратып кететін





еді. Өйткені мұндай кезде мал қалың қар мен мұзды сырғанақтан ештеңе тауып жей алмайды да жаппай қырылады.

«Абай жолында» төніп келе жатқан жұттан аман алып қалу үшін малшылар малды алыс жайылымдарға қандай қиыншылықтарға төзіп, қалай айдап апарғандығы жақсы суреттелген. Мұны басқа да деректер дәлелдей түседі. Мысалы, Семей әкімшілік орындарының деректері бойынша, 1856 жылы «қардың сіресіп қатып қалуына байланысты қырғыздар өздерінің малын әдеттегі қысқы жайылымдарынан алысқа айдап әкеткен, әрі өздері де ішінара Балқашқа және Шу өзеніне қарай көшіп кеткен» (29.).

Сөйтіп, малшылар өздерінің өмір сүріп, тіршілік етуінің бірден-бір көзі – малды аман сақтап қалу үшін еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейінгі бүкіл үй-ішімен түгелдей жұмыла еңбек етуге мәжбүр болды. Әсіресе жұт кезінде ерекше күш-жігер жұмсады. Мәселен, романда жайылымды жайпап үш тәулік бойына бұрқаған боран суреттеледі. Сол кезде «ышқынып кеп, шуылдай түсіп, терезені дүбірлетіп, үскірік соққан жел ұйқыны куған. Кәрі-құртан жалбарытуда, шаруа иелері күрсінуде. Ер-азамат, қатын-қалаш, бел шешуден қалған. Күндіз-түні дамыл алмай, мал қораның ішін шарлайтын» (22.304).

Жиі-жиі келіп қайталанып отырған жұт халықтың әбден титықтатып бітті. «Биылғы жайлау – жылдағы жайлау емес. Жаздың өзі күздей жабырқау, жүдеу болды. Күн райынан емес, халықтың көңіл шырайынан солай болған. Құнанбай сияқты атқамінерлер өз ауылдарына жылдағыдай топ жия бермейді. Бұрын Ырғызбай ішін кернеп жүретін қау-көрік сөздер, ұр-көппе желіктер де саябыр. Қоныс өріс ретінен таласатын жөн жоқ. Ырғызбай ортасы сияқты, Байдалы, Байсал, Сүйіндік, Қаратай сияқты азғана жұрт болмаса көпшілікте мал аз. Сырттың қалың көгін аясын ба! Тұтып тұрған ақтығын аясын ба?!

Соқтыққыш жуандар, содырлы сайқалдар кімге көкірек керсін? Қайта көптің бәрі аш-арық боп мойып қалғандықтан жаңағы аман қалғанның барлығы биыл тыныш, жым-жырт жүргенді тәсіл етіпті» (22.336).

Жұт кезінде ең алдымен жері аз әлсіз рулар ауыр зардап шекті (Тобықтының ең жақсы жерлеріне ие болып отырған ырғызбай руы мұндай зардап шеккен жоқ). «Қалың елмен бірге жігітек көпшілігі де қатты жұтаған. Жер аз болған тапшылықтан жұтады. Сол көптің ішінде «ақ сирақ» боп қалғанның бірі – осы Қараша, Қаумен ауылдары. Базаралы, Балағаз, Абылғазы, Әділхан сияқты жігіттерде тек қана бір-бір ат қалды» (22.339).

Күш-қуаты бар, жері көп ру өкілдері табиғаттың өрши түскен стихиялық дүлей күшіне қарсы әрекет етуге мүмкіндігі бар еді. Олар қатардағы шаруаларға қарағанда анағұрлым тәуір жағдайда болды. Бұл сияқты жақсы жайылымы бар ауылдарға жұт дегенің анау айтқандай

қауіпті емес екенін айта келіп, Базаралы зарығып былай дейді: «Әйтеуір күші бардың, күйі бар болады екен. Күнекен әперген жер ырғызбайды сақтайтын көрінеді ғой» (22.294).

Шынайы ғылыми дәлдігімен ерекшелене көрінетін халық еңбегінің реалистік тұрғыдан соншалықты әділ суреттелуі романда дала өмірінің өзін шабыттана көркем бейнелеумен етене ұласып кетеді. Көшпелі халықтың бүкіл өмірімен тығыз байланысты табиғаттың тамаша көріністері арқылы біз туған жердің асқақ та сұлу көркі мен оны мекен еткен адамның ауыр күйі арасындағы орасан алшақтықтың қаншалықты зор екенін көреміз. Мұның өзі сонымен қатар авторға бір аса қатал ғасырдың қайшылықтарын тарихи өмір шындығы тұрғысынан дұрыс бейнелеуге мол мүмкіндік берген.

Революцияға дейінгі қазақ ауылының өмірін терең зерттеген автор «Абай жолы» эпопеясында патриархальдық-феодалдық өндіріс қатынастарының мән-жайына мейлінше терең бойлаған, оны жеріне жеткізе ашып көрсеткен.

Патриархальдық-рулық идеологияның сарқыншақтары қазақ қоғамының феодалдық билеуші тобына қызмет етті. Өйткені патриархальдықтың әр түрлі дәстүрлі сарқыншақтары антагонистік таптар арасындағы үстемдік пен бағыныштылық қатынастарды жасыруға көмектесті, феодалдарға тәуелді шаруаларды қанаудың қатал формасын бүркемеледі. Рас, тұтас алғанда қарастырылып отырған кезеңде патриархальдық-рулық идеологияның тіректері едәуір шайқалған болатын. Бірақ рулық құрылыс пен арғы ата-тегі бір туған-туысқандардың барлығы мүше болып саналған ауылдық қауымның сақталуы феодалдық қырқыстар бола қалған жағдайда біріне бірінің көмектесуін, шаруашылықта, ісінде жәрдемдесуін, тағы басқа жайларды міндетгі етті, мұның өзі қазақ ауылында патриархальдық-феодалдық қатынастардың біржолата жойылуына үлкен кедергі болды.

Тарихи әдебиетте осы уақытқа дейін еркін қауым мүшелерінің (шаруалардың) каналу формасы егжей-тегжейгі зерттелмеген. Шаруалар дербес шаруашылық жүргізеді, формальды түрде болса да экономикалық жағынан феодалға тікелей тәуелді болмай, одан өз шаруашылығын жүргізу үшін түрлі кіріптарлық жағдайларда қажетті мал ғана алды.

«Абай жолы» эпопеясы осы тұрғыдан алғанда тарихи деректерде соншама аз кездесетін материалдарды толықтыра түсетін және біздің осы мәселе жөніндегі ұғымымызды тереңдетуге көмектесетін, өмірдің өзінен алынған материалдарға мейлінше бай. Жоғарыда атап өтілгеніндей шын мәнінде иелік етуші феодал бола тұра қатардағы қауым мүшелері жайылымды пайдаланған правосы үшін өздерінің жеке шаруашылығын жүргізумен қатар феодал шаруашылығында да көптеген өтеу жұмыстарын атқаратынын көрсететін фактілердің ерекше зор маңызы бар.

Мұндай өтеу жұмыстар – көшіп-қону кезінде феодалдың малын айдап



бағу, үйлерін жығысып, тігісу, құдық қазу, тұрғын үй мен шаруашылық қора-жайларын салып, жөндеу, шөп шабу, қысқа арнап отын дайындау сияқты болып келеді. Мысалы, Абай жұт кезінде жарлы-жақыбайларға көмектесуді талап ете отырып Тәкежанға былай дейді: «Бас аманда пішенінді шабатын, құдығынды қазатын, малыңды суаратын, барып келіне жүретін сол ағайын болатын» (22.307).

Мұндай өтеу жұмыстарының қай түрі болса да аталас ағайынға туыскандық көмек көрсету ретінде бағаланатын. Осы дәстүрге сәйкес, қауым халқы жұт кезінде байдың малын аман алып қалу үшін жанын сала еңбек етті, бай малына пішен дайындау, тағы басқа шаруашылықтармен айналысты. Аталас ағайынның өз феодалына көрсететін «қызметі» әсіресе толып жатқан феодалдық ру аралық дау-жанжалдар кезінде ерекше айқын көрініс берді. Мұндай қырқысқа қатардағы қауым мүшелері феодал ә деп ұран тастағаннан-ақ алды-артына карамай, белсене кірісіп кететін. Мәселен, Құнанбайдың бұйрығы бойынша қол жиналып, қанды қырқыстар болады. Бұл қырқыстарда қауым мүшелері бүкіл рулық емес, феодалдың жеке басының мүддесін қорғап қырылады, немесе ауыр жарақаттанады.

Феодалға жеке басы тәуелді болмағандықтан да еркін қауым мүшелері формальды жағынан оның қол астынан кетіп, басқа руға барып сіңіп кете алатын еді. Алайда өз руын тастап кетуді масқара санаған көшпелі кедейлердің санасындағы патриархальды-феодалдық идеология сарқыншақтарының әлі де үстем болуы бұған көп кедергі жасады.

Осымен қатар феодалдар өзіне бағынышты қауымдарда сыйлық пен тарту түріндегі еркін алым-салықтарды кеңінен пайдаланып келді.

Мысалы, романда Құнанбайдың әр ауылдан алған мол сыйлықтары (мал және құнды заттар) жайында талай рет айтылады. Формальдық жағынан бұл сыйлықтар ерікті түрде берілетін сипатта болды, бірақ іс жүзінде мұның өзі қайткен күнде де міндетті түрде берілуге тиіс сыйлықтар еді. Бұл жөнінде аға сұлтанның «туыскандық көмек» деген сылтаумен өзінің ағайын-туыстарынан қыруар мал алып келгендігін дәлелдейтін деректер бар. Ол Құнанбай Өскенбаевтың қылмысты ісін тергеу қағаздарынан айқын көрінеді:

Мәселен, 1850 жылы Құнанбай Бөжей Ералинді және басқа да билер мен старшиналарды шақырып алады да «өзінің түйелері жүдеу-жадау екендігін, көшіп-қону мүмкін болмай отырғанын, өзіне уақытша көмек-сөмек сұрайтынын» айтады. Бұл жерде ол архив документтері көрсетіп отырғанындай, кесімді сөзді де өзі айтады – қайсысы қанша түйе беруге тиіс екендігін ашып айтады; сонымен оған 70 түйе беріледі (29).

Мұндай фактілер толып жатыр. Феодалдардың осындай жолмен өз ағайын-туғандарының мал-мүлкін еріксіз өзіне алып отырғаны айдай айқын нәрсе еді.

Рудың билеуші топтары – сұлтандар, билер, старшындар жазылмаған заң бойынша феодалдардың семьясы үшін соғым жинау сылтауымен де халықтан алым-салық алуға праволы болды.

Сонымен, феодалдың ішім-жемі үшін «сыйлықтар», «ерікті» тартулар ретінде соғымға мал жинау, ал «сыбаға» ретінде қысқы соғымнан қазықарта сақтап беру сияқты міндетті түрде төленетін алым-салық түрлері қазақ ауылында кеңінен таралған еді. Патриархальдық-феодалдық қатынастар үстем болып отырған жағдайда мұндай ылажсыз тәуелділік жасы үлкен ағаға көрсетілетін құрмет, ізгі ниет ретінде байқаусыз қала беретін еді. Мысалы, үлкен ауыл жайлауға көшіп келісімен «Алғаш үлкен ауылдың ерулігі» деген табақ-табақ еттер, саба-саба қымыздар көп-көп қыдырушы қатындармен ілесе келіп-келіп қалды... ежелгі салт-машық бойынша бұл өңірдегі ағайын Зере отырған үйді жатсынған жоқ... сыбаға мен ерулік әкелушілер көп болса да... келіп жатқанның барлығы момын ағайын...» (22.173). Немесе осы текті бір көрініс: «Сыбаға әкелген қадірлес абысын-ажын, бәйбіше-келін Ұлжан аулын басып жатқан болу керек. Абайлар тақай бергенде, бірнеше арбаларға тиелген бір топ қатындар шығыс жақтағы Сүйіндік қонысына қарай тартты» (22.422-423).

«Туысқандық көмек» орнына жүрген осындай ылажсыз тәуелділіктің барлық түрлерінің негізінде патриархальдық-рулық сарқыншақтармен қоса, сөз жоқ, терең экономикалық себептер де жатыр еді. Жер мәселесін қарастырған кезде, біз көшпелі шаруашылық жүйесінде жайылымдарды пайдалану ісін ұйымдастыруды феодалдар түгелдей өз қолдарына алып алғанын, жер қатынасында шексіз үстемдік етіп отырғанын көреміз. Міне мұның бәрі де романда дұрыс суреттеліп көрсетілген. Заттай төлеу және жұмыс істеп өтеу түріндегі феодалдық жер рентасының түрлі формалары романда көркем суреттелген.

Жайылымдарға феодалдардың билеп-төстеп иелік ету правосына байланысты туған тәуелділіктің осы күрделі түрлері Семей уезіне қатысты «қырғыздардың жер пайдалануы жөніндегі материалдарда» да кеңінен көрініс тапқан. Мәселен, осы көрсетілген тарихи деректе Мұқыр болысының көкше руы жайлы былай делінген: «жағдайы бар ірі-ірі байлар, мыңғырған мал иелері, бір-бірінен бөлек көшіп жүреді, өйтпесе оларға жайылым тарлық етер еді. Мұндай байлардың әрқайсысына жарлы-жақыбай, кедей ағайындары да келіп қосылады, өйткені олар үшін байларға қосылу тиімді саналады – өздерінің жылқылары мен қойларын байдың малына тегіннен-тегін қосып жаяды, байдың күш-көлігін пайдаланады... бірақ олар осы үшін де байларға жартылай құл болуға дейін барады»<sup>6\*</sup>.

<sup>6\*</sup> «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей под руководством Ф.А.Щербины». т.Х. Семипалатинский уезд. Воронеж. 1900, стр. 77. В дальнейшем: Указанные материалы по киргизскому землепользованию.



Феодалдық ру ақсүйектерінің пайдасына уақытша міндетті жұмыс атқаратын ерікті қауым мүшелері – шаруалармен қатар кедейленген көшпелілердің едәуір бөлігі де болды. Олардың өздерінше шаруашылық жүргізуіне мүмкіндігі болмады. Сондықтан да олар өздеріне азын-аулақ бөліп берген феодалдың көмегінсіз күн көре алмады. Ауыл кедейлерінің осы бір бөлігі феодалға амалсыздан тікелей тәуелділік жағдайында шаруашылығында тұрақты түрде жұмыс істеуге мәжбүр болды.

Романда феодалдардың ауылы суреттелгенде байлардың ақ ордалары мен оларға жұмыс істейтін жарлы-жақыбай туыстардың қара лашықтарының көрінісі көз алдымызға келеді:

Мәселен, Тәкежан ауылын алайық. «Тәкежанның өз үйі – көл жақ шеттегі үлкен абажадай қоңыр үй. Өзге жеті-сегіз жыртық лашық малшылар үйі» (23.77). Абай малшыларының немесе күзетшілердің сүренсіз үй-жайына, қара-құрым киіз үйлерге қарап: «Бұл жерде жұрттың бәрі саған ғана қызмет етеді» дейді.

Осы бір қауһары қалмаған тақыр кедейлер немесе азын-аулақ мал басы бар, бірақ оның өзі күнкөріс минимумын қамтамасыз ете алмайтын қазақ шаруаларының үлкен бір бөлігі патриархальдық-феодалдық қанаудың ерекше қатал формаларының бірден-бір объектісі болды.

Феодал қоңсы отырған жарлы-жақыбай ағайындарына «туысқандық көмек» деген желеумен уақытша сауып ішу үшін бір-екі сиыр, кейде қой-ешкі сауын береді. Бұл үшін олар феодал шаруашылығында түрлі жұмыстарды міндетті түрде орындап, феодалмен бір көшіп-қонып жүреді.

Осылай қалыптасқан қатынастар романда феодалдың кедейленген өз «туыстарына» немесе көршілеріне «туысқандық көмек» түрінде кіріс береді. Ал ол адамдар әрқашан феодалмен бірге көшіп жүріп оның «өз адамына» айналып кеткенін көреміз. Бұл жерде феодал әлгі адамдар бұйрығын орындамаса, немесе ұнамай қалса, кез-келген уақытта өз малын қайтарып алу правосын сақтап қалатын еді. Сонымен, «сауын беру» деген желеу феодалға жұмыс істеудің өзінше бір типтік формасы болып табылады» (25.52).

Үй ішін асырау үшін феодалдан алған малдың сүті мен аттың терін өтей отырып, қоңсылар байларға шеті-шегі жоқ аса ауыр кіріптарлыққа тап болды. Мұның өзі мейлінше арзан жұмыс күшімен бай шаруашылығын қамтамсыз етудің ең қолайлы түрі еді.

Феодалға тәуелді шаруа-малшылардың өтеу жұмыстарының сан алуан түрлері романда жиі көрсетіледі. «Шұбартып жатқан қалың топ мал бар. Олар – ақ үйлердің мүлкі. Кейі мыңды, кейі жүздерді айдаған осы өлкенің байларынікі. Бірақ қара үйлердің жас-кәрісі, еркек-әйелі сол малдың неше түлігін иелерінен артық біледі. Өйткені бақташы, сауыншы, күзетші – бәрі де жаңағы шокпытқа оранған малшы көршіден.

Олардың басынан ертелі-кеш, тіпті түстерінен де осы малдардың қамы мен бейнеті кетпейді» (23.161).

Күн сайынғы атқарылатын ауыр да азапты еңбегі үшін жарлы-жақыбайлар қайыр-садақа түрінде дерлік мардымсыз ақы алатын. Мәселен, қаусаған Бүріктбай қарт былай деп шағынады; «Кұлқын сәриден әкеліп байланған елу биені күніне он сауамын... биені ағыта сала, шешінуге мұршам жоқ, үйге бара жығылам...» (22.433)

Байлардан сауын алған ауыл кедейлері байдың малын саууға және құрт-ірімшік қайнатып, сан алуан жұмыс атқаруға тиіс болды. Мал шаруашылығы төлді алуды, оны бағып-күтуді, аман өсіруді, құр асау жылқылар мен түйелерді жұмыс көлігі етіп, бас білдіруді, тағы басқа да толып жатқан міндеттерді орындауды талап етті. Осының бәрін байға тәуелді ауыл-кедейлері атқаратын тіршілік еді.

«Еңбек шығыны жылдың суық кезінде бұрынғыдан да гөрі көбейе түседі.

Осы кезде көшпелілердің үйінің қасынан қой мен түйеге арнап жылжымалы қотандар жасау керек болады... қой мен түйені түнету үшін орасан үлкен алқапты қар мен тоңнан тазартуға жұмыс қолы өте көп керек еді. Бұл күзгі-қысқы көшіп-қону процесінде күн сайын дерлік қайталантын-ды» (30.137).

Бет қаратпайтын қатты суығы мен анталаған аш қасқырлары маза бермейтін көп күнге созылатын түтеген қарлы борандар кезінде бақташылардың еңбегі өте-мөте ауырлай түседі. Осындай борандардың бірінде бақташы Алтыбай қайғылы қазаға ұшырайды. «Отыз бес жасқа шейін өткізген өмірінің дәл он екі жылын қысқы отарға шыққан жылқы соңына ерумен кешіп еді. Жылқыға иесінен бетер иелігі бар. Жайлы күнді, тыныш түнді көрмеген асыл азамат Алтыбай жылқышы биылғы ауыр жылдың ішінде ең бір ауыр қаза тапты. Көп жыл баққан малдың амандығын ойлап, бай малының шетінде құрбан болды» (23.798). «Мал бағу жаумен алысудан жеңіл емес» (23.799) болатын жұт немесе боран кезінде жылқышының адам төзбес еңбек жағдайларын сипаттап жазу оқушыға өте күшті әсер қалдырады.

Байлар қақаған аязда аш-жалаңаш адамдарды малды аман алып қалуға жұмсайды. Мәселен, Ділдәнің ауылындағы бақташы Байтұяқ осындай кезде үсіп өледі.

«Абай жолы» эпопеясы әйелдердің еңбегі мейлінше қатал қаналғанын айқын суреттеп береді. Феодалдарға кіріптар болған кедейлердің әйелдері бай шаруашылығында қызмет етіп, сан алуан жұмыстар атқарады. Ас үйде жұмыс істейтін әйелдер өздерінің ауыр үлесін айтып, былай деп шағынады: «Сиыр сауатын, қой сауатын, іркіт, құрт, ірімшік қайнататын, одан босай берсең, жыртқық иығына қап салып тезек теретін – біз» (22.430), «Қылаңдап атқан таңменен, бозторғай шырылдамастан тұрып



бәйбішелер жатқанша, ақ үйлер түндігі жабылғанша, бір сәтке тізе бүгіп отырмай, елдің бәрінің соңынан жатамыз».

Әйел еңбегіне төленетін ақы өте-мөте мардымсыз болатын. Тәкежан малшысы Исаның анасы Иіс кемпір «Кәрі әже байғұс күзден бері байлар үшін малма сапсыса, енді Қаражан бәйбішенің тапсыруымен жіп иіріп, шүйке түтіп, арқан-жіп есуге кіріскен. Қысы-жазы мұның қолын Қаражан сондай үздіксіз істен босатқан емес. Қазір де сол жұмысына салған-ды. Бай үйінде күнұзын отырып, белін жазбастан әрекет ететін Иіс күнде кешке ымыртта қайтқанда үйдегі балапандарына болымсыз тамақ әкеледі. Бай дастарханынан, ас-суынан қалған сорпа-сүйек, құр бидай, қатқан ірімшік сияқты түйіршіктер алып қайтқан болады. Үй ішінің талшығы – осы» (23.115).

Эпопеяда кеңінен көрсетілген патриархальдық-феодалдық кіріптарлықтың осындай картиналары осы әлеуметтік институттың шын мәнін терең түсініп, феодалдың өздеріне тәуелді ауыл кедейлерін шексіз билеп-төстегенін көруге мүмкіндік береді.

Міне бір мысал. Бай малына қауіп төндірген қарлы боран кезінде Тәкежан тек еркектер мен әйелдерді ғана емес, сонымен қатар тіпті балаларды да қой мен жылқыға қуады. Оған қарасты ауылдың барлық жұрты оның айтқанын екі етпей орындайды. Тәкежанның ұлы Әзімбай жыртық етік, шоқпыт шапан киген, күнұзын малмен бірге болған қойшы Исаға дүрсе қоя беріп, оны ұрып соғады, тілдеп, арына тиеді, боранда ығып кеткен қой соңынан кетуге мәжбүр етеді. «Қазір бұл ауылдағы күзетші, сауыншы, түйеші, қауғашы, отыншы, асшы атаулы – бәрі де жаман жыртық киімдерінен жел азынап, бүрсең қағып, бай малының камында жүр» (23.107).

Иса сол боранда суыққа ұрынып ауыр науқасқа шалдығып, өледі. Өлер алдында ол: «Босағада шіріп кеттім-ау, енді не боларсың... Ертең арманда кетем бе... Тым құрыса сендерді айуан емес, адам дерлік біреудің босағасында да қалдырмадым-ау... деді» (23.115).

Байға барынша кіріптар өз еңбегіне ауыз жарымас ақы алатын ауыл кедейлерінің аса ауыр жағдайы романда мейлінше күшті суреттелген.

Әзімбай ауылындағы түнгі күзетші Қанбақ «үш жыл ұдайы алымды «қарашығынды», «недоймканы» төледім деп Әзімбайдың мұны ақы-пұлсыз құл ғып келе жатқанын... айтып, наразылық білдірген (22.164).

М.О.Әуезов патриархальдық-феодалдық қанаудың басқа да көптеген түрлерін тарихи өмір шындығымен алып, өте-мөте дәл көрсетеді.

Мәселен, Тәкежан ауылында Тоқсан талай жылдан бері бие сауып келеді. «Ол сан жылдан бері осы үйдің босағасында шіріп келеді. Айттырып қойған қалыңдығына бес түйенің малын төлей алмай, міне, жасы отыз беске келгенде панасыз, үйсіз жүр. Әзімбай оны да мазақ етіп ұстайды екен. Ақы бермейді, «қатыныңды әперемін» деп бес жыл алдап,

матап келеді. Мұның қайны да осы ауылдың қоймашы жалшысы. Оған астыртын «қызынды әзір бермей тұра тұр. Тоқсаннан артық мал әперем» деп шырмайды.

Жақсы сауыншы Тоқсан үйленсе кетіп қалмақшы, сол үшін жібермес болып жіпсіз тұсап жүр. Оны да бүгін кіріптарлы, жалынышты етіп мазактап шығарады» (22.164-165).

Халық тіршілігінің күнделікті ағысын еңбек үстінде суреттей отырып, М.О.Әуезов романның бүкіл өн бойына халықты қоғамның материалдық игілігін өндіруші, тарихты жасаушы күш ретінде көрсетеді. Эпопеядағы халық бет-бейнесіз тобыр емес, ондағы ойдан шығарылған образдар мейлінше айқын дараланған және сол заман үшін типтік дәрежеге көтерілген. Олар – өз бойларына халықтың өзіне тән сипаттарын жинақтаған Дәркембай қарт, бақташы Иса, Иіс кемпір, ақын Дәрмен және басқалары.

Байлар өзіне кіріптар болған кедей туыстарының барлық қаны-сөліне дейін сығып алып отырды. Ал ауру-сырқауға ұшырағанда, еңбекке жарамсыз болып қалғанда оларды аштықтың азабына душар етіп, қуып жіберуден тайынбайтын. Мұндай кезде кешегі өзінің қызметкерлерімен бұрынғы «туыстық байланыстарды» ұмытып кететін. Міне мұның бәрін де автор аса зор әшкерелеуші күшпен көркем суреттеп береді. Жарлы-жақыбайдың – әр рудан шыққан кедейлердің жатақ ауылдары міне осылардан құралатын-ды. Олардың қайғы-шері жайында Дәркембай былай дейді: «Сүйіндік пен Сүгірдің малы бар деп, көшіне ілесем» деп көп өмірім текке өтіпті... «Әлің бар да сойыл соғарым едің. Қыс болса, қара малымның қарақшысы едің. Қартайғанда, әл кеткенде сенің де еңбегің жансыншы. Кәрілігің кәріптікте өтпесінші» деген кісі жоқ» (23.522-523).

Дәркембай айтып отырған жатақтар ауылына барлық ауру-сырқаулар, қарттар, бай шаруашылығындағы еңбекке жарамсыз адамдар жиналған. «Қысқасы – мынау жыртық-тесік үйлердің өзіндей жағалай жүдеген бір өмір. Жаңағы Құнанбай, Бөжей, Байсал, Сүйіндік, Сүгір, Қаратайлардың көшіне ере алмай, керегіне жарамай қалыпты. Солардың жұртына тастап кететін ескі ыңыршақ, тозған қауға, жыртық жабулары болмаушы ма еді...» (23.524).

Бұлар да тап сондай болатын.

Міне, мұның бәрі де романдағы нақты материалдар тарихшы-ғалымдардың «Руластық көмек желеуімен феодал ақсүйектер өзінің кедей туыстары мен өзіне бағынышты қазақтардың еңбеккер бұқарасын адам төзбестей етіп қанап отырды. Дамып келе жатқан феодалдық қарым-қатынастарға бейімделе отырып, ескі патриархальдық-рулық институттар қанаушылардың қолындағы қаруына айналды» (43.97) деген қорытындыларын растай түседі.





Буржуазиялық тарихи романистер халықтың тұрмысы мен халық әдет-ғұрпын дәуір реквизиттерінің бірі ретінде ғана үстірт бейнелейді. М.О.Әуезов эпопеясының шынайы халықтығы автордың марксистік методологияны басшылыққа ала отырып, халықтың әлеуметтік-экономикалық мән-жайына терең еніп, халық бұқарасының өмірі мен тағдыры арқылы сол дәуірдің реалистік суретін жасап беруінен айқын көрінеді.

Жер мәселесі, патриархальдық-феодалдық қанаудың түрлері, ру аралық күрес сияқты проблемаларға, сондай-ақ халықтың тарихи тұрмысының басқа да бірқатар жақтарына тоқтала отырып, М.О.Әуезов қазақтардың өткен ғасырдағы тарихи өмірінің жан-жақты бейнеленген шынайы картинасын жасады. Әділдік жазушының бұл орасан зор еңбегін толық мойындауды талап етеді. Сонымен қатар жазушы кей жағдайларда бұл проблемаларды терең зерттеуге енді-енді ғана бой ұра бастаған тарихшылардың өздерін факт жүзіндегі деректер жинау тұрғысынан да, сондай-ақ суреттеліп отырған құбылыстарды жинақтап, ой елегінен өткізе қорыту тұрғысынан да таң қалдырғанын айта кету артық емес. Қазақстанның көне заманнан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі тарихын жасау және жүйеге келтіру жөніндегі алғашқы әрекеті тек 1943 жылы ғана қолға алғаны белгілі. Оның тіпті, Қазақ ССР тарихының бірінші басылымында бірқатар елеулі методологиялық қателер болғаны және ол бірнеше рет өңделіп, түзетілгені жұрттың бәріне аян. Ал, эпопеяның 1942 жылы жарияланған бірінші кітабында жоғарыда сөз еткен мәселелер жеткілікті дәрежеде өзінің шешімін дұрыс тапқан болатын.

Қарастырылып отырған дәуірдің әлеуметтік-экономикалық құрылысына терең ену, қоғамдық өмірдің түрлі сфераларын өздігінше жан-жақты мұқият зерттеу – өткен заман туралы тарихи шынайы шығарма жасаудың аса маңызды шарты. Мұның өзі таңдаулы деген советтік тарихи романдар жазған жазушылардың бәріне тән ортақ қасиет екенін көреміз. А.Толстой, В.Шिशков, Ю.Тынянов, О.Форш, С.Злобин, В.Ян және басқалар өздері қарастырып отырған дәуірдің тарихын зерттеуде өздерінше елеулі зерттеу жұмыстарын жүргізгені, бұл ретте тіпті бұрын белгісіз болып келген тарихи деректер тапқаны белгілі. Мұның өзі тарихи роман жасаудағы жазушы еңбегінің сан қырлы болатындығын көрсететін тамаша үлгіге айналып отыр.

Мысалы, Ст.Злобин өткен заманды елеулі түрде көркем ой елегінен өткізудің осы бір өзіндік ерекшелігі туралы айта келіп, мұның өзі сөзсіз қажетті шарт екендігін атап көрсетеді. Ол былай деп жазады: «Мен романистің сіңіретін еңбегі өзі суреттеп отырған дәуірдің өмір шындығын өзінше зерттеуде деп санаймын. Ал бұл еңбек өзінің көрінісін жазушы өзінше іздестіріп, қайтадан сомдап көрсеткен тарихи шындықтан табады.

Суреткер өзінің болжамдарын, өзінің қорытындыларын айта отырып өзі суреттейтін оқиғалардың философиялық және әлеуметтік тұрғыдан жасалған талдауларының вариацияларын ұсына отырып, ғалымдармен дауласа алады. Өйткені көркем әдебиет дегеніміз өмір шындығын танып білудің және оны ой елегінен өткізудің ерекше тәсілі. Ол тәсілдің өзіндік ерекше методологиясы, өзіндік ерекше иландырғыш күші болады» (44.32).

О.Форштың творчествосын зерттеушілер Радищевты дұрыс танып түсініп, дұрыс суреттей білуде совет ғалымдарының жүргізген зерттеулеріненасыпкеткенінатапкөрсетеді. Сөйтіп ол «советтік тарихнама орыстың революциялық қозғалысының аса ірі қайраткерлерінің бірін либералдық-кадеттік тұрғыдан түсіндірушілерге қарсы жүргізіп отырған идеялық күрестің алдыңғы шебіне» (45.252) бірінші болып шықты.

Ғылыми және көркем творчествоның арасындағы осындай тығыз байланысты тарихи романдардың геройлары сонымен бір мезгілде өзінің әдебиеттану еңбектерінің де зерттеу объектісі болған Ю.Тыняновтың мысалынан ерекше айқын көрінеді. Тарихи жанр саласындағы жазушы еңбегінің теңдесі жоқ үлгісі ретінде осы уақытқа дейін Алексей Толстойдың «Бірінші Петр» романын айтамыз. Бұл романды өзінің тарихи өмір шындығы тұрғысынан қарастырғанда жазушы творчествосын зерттеушілер А.Толстойдың Петр дәуірін мейлінше терең зерттегені сонша, әдеби және архив материалдарын мейлінше мол қамтығаны сонша, тіпті романның әрбір беті дерлік қалаған жағдайда тиісті тарихи деректерге негізделіп растала алады. Алайда автор осы бір өзіндік тарихи материалдың барлығын көркем творчествоға шеберлікпен сомдап шыққанын... (46.694) дәлелдеп отыр.

Көркем образдың психологиялық тереңдігі және тарихи шынайы шындығы арқылы оқушыны көзін жеткізе иландыратын өмір шындығын бейнелеп суреттеудің осы бір ғылыми дұрыстылығынан социалистік реализм әдісінің өзіне тән және аса маңызды сипаттарының бірі – ғылыми-таным негізі мен образды-эмоциональдық негіздің өз ара тұтасып кететіндігін байқауға болады.

«Абай» эпопеясының оқиғасы хронология жағынан Қазақстан Россияға қосылған XIX ғасырдың орта шенінен басталады. Романда суреттелген оқиғалар Орта жүздің саяси құрылысында елеулі өзгерістер өмірге берік еніп те үлгерген кезге сай келеді. Бұл 1822 жылы М.Сперанский жасаған «Сибирь қырғыздары туралы устав» бойынша бұл кезде орта жүз округтық приказдар бастаған әкімшілік округтарға бөлінген еді. Ол приказдар отаршыл аппаратқа жергілікті өкімет атынан қатысты. Округтық приказдың председателі болып болыс управительдері сайлайтын және патша әкімшілік орны бекітетін ағасұлтан тағайындалатын. Патша әкімшілік орны ағасұлтанның өзіне



жағымсыз кандидатурасын ысырып тастап, жаңа сайлау тағайындауға праволы болды.

Аға-сұлтанның қызметі көптеген салаларда шектеулі болды әрі оның қызметіне патша әкімшілік орны бақылау жасап отырды.

Шекара басқармасымен тығыз байланыста бола отырып, округтық приказдар қажет болған жағдайда чиновниктік аппарат пен әскери бөлімдерге арқа сүйеді. Округ шамамен 15–20 болыстардан құралатын, ал болыстар орта есеппен алғанда әрқайсысы 50–70 шаңырақ болып келетін 10–12 әкімшілік ауылдан тұратын. Жергілікті әкімшілік басқармасында ауылдарды басқаратын аға-сұлтаннан басқа болыс управительдері мен старшиналар болды. Эпопеяда басқарудың бұл жаңа жүйесі қазақтың қоғамдық өмірінде қаншалықты өзгеріс әкелгені ғана көрсетіліп қоймайды, сонымен қатар мұның өзі осы өлкедегі отарлық қанауды қаншалықты күшейте түсуге қалай жол ашқаны да тарихи өмір шындығы тұрғысынан өте-мөте нанымды суреттеледі:

«Абай жолы» эпопеясының материалдарынан қазақ қоғамындағы үстемдік етіп, билік жүргізуші топтың өкімет билігі жолында жүргізген күресі соншалықты шиеленіскен сипатта болатындығы аңғарылады.

Тобықтыдағы ең мықты ру ретінде ырғызбайлардың ру басылары ұзақ уақыт бойына өкімет билігін өз қолдарында берік ұстап отырды. Болыстық қызметтен бас тартқан Құнанбай енді оны өзінің ұлы Тәкежанға береді.

Пысық саясатшы Құнанбайдың ұрпақтары сайлау алдындағы үлкен әзірлікті шебер жүргізе отырып, ру басшыларының көңіл күйін байқай келіп, өзінің жағына керекті адамдарды молынан тартты. Осы мақсатты көздеген олар ру жиындарын, атқа мінердің сияздарын шақырды. Онда «енжар көңілмен жүрген атқамінер болса, солардың сырын тартпақ. Кұбылу-қобалжу болса, ерте әрекеттерін істемек» (23.40).

Сонымен түрлі партиялардың сайлау алдындағы кескілескен күресінде адамдарды дүниеге жығып, сатып алу әрекеті шешуші факторға айналды. Мысалы, тобықтының жеті руының билер мен старшиндары сайлауда Оспанды құлатуды көздеп, өздерінің жағына сайлауда шар салушы – елубасыларды тартуға тырысады: «Партияның тартысында ат пен пұлды астыртын беріп, елубасы атаулының барлығын осындай құпия батамен, қатты сертпен тартады» (23.47).

Осындай және басқа да көптеген осы сияқты мысалдардан патриархальдық-феодалдық құрылыс және отарлық езгі жайында жергілікті өкімет органдарының сайлауы феодалдық сипатта болғаны айқын көрінеді. Сондықтан да ондай сайлауда тек үстем тап өкілдері ғана сайлана алатындығына көз жеткізу қиын емес.

Аға сұлтан округтық приказбен бірлесе отырып, билерден, сұлтандардан, ауыл старшиналарынан және басқа да жергілікті ақ сүйек

өкілдерінен шар салушы сайлаушыларды күні бұрын іріктеп қоятын еді. Ал қарапайым халық болса, сайлауда өз еркін білдіре алмайтын, оған тек көз сүзуші тобыр ролінде ғана қатысатын.

Мұндай сайлаудың халыққа қарсы бағытталған сипатын М.О.Әуезов бірқатар жерде суреттеп, айқын сездіріп отырады. Сондай суреттің бірі мынадай: «Урядниктер, старшиналар, шабармандар анталаған халықты бұған жібермей, «сайлау үйін» анадайдан айнала қоршап алды».

Карастырылып отырған дәуірде халық қос-қабат езгінің феодалдық және отарлық езгінің ауыртпалығын бастан кешірді. 1822 жылғы устав бойынша қазақ халқы патша үкіметіне жасақ төлеуі, әрбір 100 малдан бір мал беріп тұруы тиіс еді. Жасақтың және басқа да қазына алым-салықтарының көлемін, эпопеядан пайымдауға болатындай, сахараны басқарудың отарлық аппараты өкілдерімен бірге елубасылар әр ауыл үшін арнайы белгілейтін еді. Мұндай салықтарды салғанда атқамінерлер оның негізгі бөлігі ауыл кедейлерінің үлесіне тиетіндей етіп бөлуге тырысатын.

Қазақтар қазынаға берілетін ресми салықтардан тыс жергілікті болыстардың қалтасына келіп түсетін «қарашығын» дейтінді де төлеп отырды.

«Шынына келгенде мұның өзі пара еді, мұны управитель қазыналық жалақыға қосымша ретінде халықтан сығып алды. Бұл алымдардың белгіленген көлемі де, белгілі бір мерзімі де болмады. Халық бұған «қарашығын» деп ат тақты. Бұл кірісті статьяны болыс жалғыз пайдалана алмады: «қарашығынды» сығып алуға өзіне кемектескендермен ерікті-еріксіз бөлісуге тура келді. Халықтан сан алуан толып жатқан мүлікті – қойды, жылқыны, ақшаны сыпырып алып, ауыл старшиналары, елу басылар мен ру ақсақалдары әрқайсысы өз үлесін алып, табысты болыстармен бөлісетін» (47.52). Үстем тап өкілдерінің халықты тонау ісіндегі осы бір классикалық ауыз бірлігіне көптеген әдеби деректерде де назар аударылады.

«Сайлауға жұмсалған қыруар қаражат жұмсаған әр бір партияда болған болыс управительі де, билер де ендігі жерде бір мақсатты көздейді – өздері сайлауға жұмсаған қаражаттарының орнын еселеп толтыруға тырысады, ал бұған олар бір-бірімен ауыз жаласа әрекет еткенде ғана қол жеткізуге болады» (47.52).

Алайда атқамінерлердің керемет арамза ашқарақтығы мен жемқорлығы айқын көрінетін кез – табысты бөлісу ісі тіпті де тып-тыныш біте «қоймайтын, дау-жанжалға ұласатын». Мысалы, Оспан ауылындағы съезде «қарашығанды» халыққа бөлгенде ынтымағы бір жерден шыққан жуандар бүгін бір кезекте өздері үлесетін олжаны да айтысқан-ды. Сонда Құнанбай балалары қараулық жасап, жемнің көбін өздері басып қалды. Бұл елдің ірі бай, салмақты жуандары, Оразбай, Жиренше, Бейсенбілер осы мінезге наразы боп шықты» (23.44).



Қазына үшін төленетін алым-салық мөлшерін таратып бөлгенде және оны жинап алғанда болыс управительдері кез-келген қулық-сұмдық амал-айлаларын асыру жолымен халықтан алынатын мал басын көбейтіп отырды. Бұл болыс управительдері мен басқа да жергілікті өкімет орындары өкілдері табысының негізгі көздерінің бірі еді. Тәкежанның жылқысы 500-ге жеткеніне таң қалған Абай мынадай айна-қатесіз дұрыс қорытындыны тегіннен-тегін жасамады. «Осыдан он бес жыл бұрын екеуміз қатар енші алғанда сексен жылқыдан тиіп еді. Тәкежан болыстықты тойғандай-ақ емген екен» (22.699).

Мұның үстіне аға сұлтандар болыс управителі, билер және басқа да жергілікті өкімет орындарының өкілдері өздерінің күнделікті қызметінде даулы мәселелерді шешкен кезде пара алуды кеңінен қолданды. Әділетсіз сот ісін жүргізе отырып, қазақ плутократтары пара алуды табыстың қайнар көзіне айналдырған.

Мәселен, Құнанбай аға сұлтап кезінде Қарқаралыда жүріп түрлі болыстар өкілдерінің арасындағы бірқатар дау-жанжалдарды «шешіп береді». Осының нәтижесінде ол үйіне қайтар жолда, өзінің көмегімен ісін пайдасына шештірген адамдардан тарту түрінде мол мөлшерде пара алады.

«Тобықтыға жақындаған сайын оның сыйлықтарының саны арта түсті».

Құнанбайдың алып келе жатқан жылқысы 100-ге жеткенде Абай өз әкесінің байлығының қайнар көзі – түрлі тарту-таралғылар, басқаша айтқанда, дау-жанжалды шешкені үшін алатын паралар екенін алғаш рет байқады. Ол енді Құнанбай салдырған мешітке жұмсалған қаражаттың осындай тарту-таралғы жолымен түскені айқындала түсті. «Параға тұрғызылған мешіт тұра береді, сорайып, масқара салмағымен сұлап түспейді».

М.О.Әуезов эпопеяда паракорлықтың қаншалықты дәрежеде кең өріс алғанын айқын көрсетіп берді. Роман кейіпкерлерінің бірі феодалдардың қойды отарлап, жылқыларды қосақтап алатынын, бұлардан қала начальниктері де қалыспайтынын айтады. Паракорлықты халық есебінен байыған орыс чиновник-отаршылары да өлердей қорғап, қолдап отырды. Құнанбайдың ұлы Ысқақ көп жылдар бойына өздерін қанатының астына алып, пара жеп келген уезд начальникі Казанцевке енді болыстыққа сайланғаны үшін үйірден таңдап-таңдап 20 жылқы береді. Болыс сайлауына келіп, Құнанбайдың семья мүшелерінің бірі Оспанның кандидатурасы ұсынылғанда ол бірден мол сыйлық алады; оның әйелі «Анна Митрофановнаның иығына қалың қара жібекпен тысталған бұлғын ішік жабылған. Қаттаулы аққұйрықтар да Казанцевтің темір сандығына салынған-ды» (23.47).

Паракорлық, дүниеге жығып сатып алу феодалдық-рулық билеуші

топ пен отаршыл өкімет орындарының өз ара қарым-қатынастарында әдеттегі нормаға айналған. Тіпті өз ара бәсекеге түскен топтар орыс бастықтарын сатып алу үшін бірінен бірі асып түсуге тыраштанады.

Майордың селсоқ қолдауына, оның қазақтар «піскен бас» деп ат қойып, айдар таққан Қарқаралы приказы жөніндегі орынбасарына риза болмаған Құнанбайдың мазасыздана келіп, былай деуі тегін емес-ті: «Параға жемсауы толған ғой әлгі піскен бастың. Беталысын көрмеймісің? Баймұрын арқылы Бөжей, Байсал тығындаған ғой...» (22.114-115)

Бұған феодалдық билеуші топтың екінші бір ірі өкілі Алшынбай былай деп жауап береді: «Пара деген бір сәрі ғой. Пара жемейтін ұлық бар ма тәйірі? Оң-солынан қабат алып, қабат қылғытып та қыбын тауып жүрмей ме?»

Бөжей ауылын шауып кетуге байланысты заңсыз қылықтарын жасыру мақсатын көздеп, сайып келгенде, майорды өз жағына тартуды көздеген Құнанбай оған «келісті құйқаны»: мініп жүру үшін ақ боз ат және 500 сомды төге салады.

М.О.Әуезов эпопеяда болыс управительдерінің өзінен жоғары бастықтарды сатып алуға жұмсаған шығынын халық бұқарасының есебінен еселеп қайтарып алатынын көрсетеді.

Құнанбай басқарып тұрған округтық приказ Омскідегі шекара басқармасына бағынатын, ал ол Батыс Сібір Бас басқармасына қарайтын. 1854 жылдан бастап Семей облысы әскери губернатор бастаған «Семей облысының ерекше басқармасының» қарамағында болады. Романда бұл жайлар да ашық айтылады.

Сонымен XIX ғасырдың орта шенінен бастап жергілікті басқару ісі отаршылдық басшылықпен барған сайын тығыз байланыса түсті, әрі оған қызмет етуге бет бұрды. Отаршылдық саясатты самодержавиелік аппарат білектің күшімен, найзаның ұшымен жүзеге асырып отырды.

Қазақ еңбекшілерін отарлық-феодалдық қанаудың негізі жергілікті өкімет органдарының отаршылдармен одақ құруында және олардың тарапынан қолдау көрсетіліп отырғандығында екендігі туралы пікір шығарманың өне бойынан айқын аңғарылады. Патша самодержавиесінің жергілікті жердегі өкілдері мен қазақ феодалдық билеуші тобының осы бір тығыз одағы сонымен бірге отаршылдық саясатты жүргізудің ең басты тірегі де болды.

Қарқаралыда Құнанбай майормен ұрысып келген кезде Алшынбай бидің оларды татуластырып: «Сіздер бір-біріңізге тірексіздер. Келісіміңіз болса, халықты басқара білесіздер» деуі тегін емес-ті.

Эпопеяның көркем образдар арқылы сомдалған, халық тұрмысының жанды табиғи көріністері нақтылы материал арқылы берілген, саяси өкімет билігі әдетте экономикалық үстемдікке қоса, патшалық отаршылдық аппараттың қолдауына сүйенген үстем тап өкілдерінің



қолында болғандығына әбден көз жеткізеді. Осы тұрғыдан алғанда «Құнанбайдың қолы ұзын, ол бай, ол сыртқы дүниемен, сыртқы өкімет орындарымен байланысты екендігі, олардың мұнымен санасып, оны бағалайтындығы» талай рет ескеріліп отырады.

\* \* \*

«Абай жолы» эпопеясы сонымен қатар XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ этнографиясын зерттеушілер үшін де өте бай материал бере алады.

Романнан көрініп отырғанындай, революцияға дейінгі қазақ аулының бүкіл тұрмысы шаруашылық жүргізудің негізгі саласы ретіндегі жайылымдық-көшпелі мал шаруашылығына толық бағынышты болды. Өзінің ішкі дүние-жиһазымен қоса алғанда тұрғын үйлердің барлық ерекшеліктері, киім-кешек, үй-мүліктерінің өзгешеліктері, тамақтағамдары тағы басқалары өзінің шығу тегі жағынан көшпелі мал шаруашылығының жағдайларына байланысты болып келеді.

Автордың күзгі және қысқы мекендерді, олардағы құрылыстарды, жеке заттардың атқаратын қызметін, оларды жасап шығару тәсілдерін, түрлі дәрежедегі адамдарының тұрмыс ерекшеліктерін сипаттап жазуы этнографтардың назарын аударып, зор ынта қоюына әбден тұрады.

Романда қазақтардың материалдық мәдениеті Қазақстан Россияға қосылғаннан кейінгі кезеңде тұрмыста болып жатқан өзгерістерді білдіретін даму үстінде көрсетілуінің зор маңызы бар. Осы тұрғыдан алып қарағанда жатақтардың, қала қазақтары тұрмысының жекелеген жақтары назар аударарлық.

Шығармада XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақтардың киім-кешегі туралы мол дерек бар. Түрлі әлеуметтік топтарға тиістілігіне қарай бір-бірінен айрықша ерекшеленетін еркектердің, әйелдердің, қыздардың жазғы және қысқы киімдері кеңінен суреттеліп жазылған.

Әсіресе әйелдердің жас шамасына, жыл мезгілі мен атқаратын қызметіне қарай киетін киім-кешегінің, құда түсу кезіндегі жігіт пен қыздың киім-кешегінің, қаралы жиында киетін киім-кешектің түр-түрі мейлінше мұқият сипатталып жазылған. Түрлі рулар мен елдердің киім-кешек ерекшеліктерінің сипатталуы да көңіл аударуға тұрады. Мысалы, романда уақ елінің бас киімі мен тобықты елі бас киімінің бір-бірінен ерекшеліктері кеңінен суреттелген.

Көркем баяндау барысында Қазақстанда XIX ғасырдың екінші жартысында үй-іші кәсіпшілігі мен қол өнер кәсібіннің дамуына байланысты өріс алған қолданбалы өнер туралы деректер де етене жымдасып кетеді. Атап айтқанда, зергерлік, ұсталық, ағаш ұсталық, былғары илеу, киім тігу, қайыс өру сияқты тағы басқа да өнер түрлері сөз болады.

Ауыл өміріне терең ену автордың халықтық әдет-ғұрыпты жан-жақты бейнелеп көрсетуге мүмкіндік берген. Бұлардың ішінен құда түсу салттары, шілдеханаға байланысты жиындар, той-думандар, айлы түнде ән шырқап, алтыбақан тепкен ауыл жастарының сән-салтанатты серуен кештері өте көркем суреттелген. Бұларда халықтың музыканы жете сүйетіндігі, поэзияға деген сүйіспеншілігі, оның рухани тұлғасы соншалықты айқын көрініс тапқан. Эпопея қазақтардың жерлеу салты, діни наным туралы да мол ұғым береді.

Халық тұрмысының жоғарыда қысқаша тізіп өткен түрлі жақтарының өзі-ақ XIX ғасыр қазақтарының этнографиясы жөнінде эпопеядан мол материал алуға болатынын көрсетеді: Бұл мәселені осы еңбектің шеңберіне сыйғызуға болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Олай болса, бұл мәселе этнографтардың дербес зерттеуінің объектісі бола алады.

Эпопеяда суреттелген барлық тұрмыстық егжей-тегжейлер, яғни бүкіл материалдық мәдениет пен халық әдет-ғұрыптары, өзінің танымдық маңызымен қатар, өз алдына алып қарағанда, замананың, қайталанбас атрибуттарын жасаудағы, сол кездегі жағдайдың нәрлі ерекшеліктерін, замана рухын неғұрлым айшықты етіп сомдап көрсетудегі аса маңызды функция болып табылады. Тұрмыстық егжей-тегжейлерді жан-жақты суреттеп жазу тарихи эпизотиканы қайта жасау құралы ғана емес, олар авторға романның іс-қимылы өрістейтін қоғам өмірінің өзіне тән көріністерін, типтік ортаны шынайы бейнелеу үшін аса маңызды қажетті дүние болып табылады.

Романдағы адамдар бейнесі толыққанды, әрі алуан түрлі. Түрлі тұрмыстық егжей-тегжейлерді дәл көрсету нәтижесінде олардың ішкі жан дүниесі мен сыртқы кейіптері мейлінше айқын көрінеді, олардың образдары неғұрлым нанымды, нәрлі жасалған. Қорыта келгенде, эпопеядағы этнографиялық дәлділік, тұрмыстың шынайы суреті, кейіпкерлер мен замананы реалистік тұрғыдан бейнелеп көрсетудің, олардың тарихи шындыққа мейлінше сай келуінің аса маңызды шарттарының бірінен саналады.







## II ТАРАУ

### ЕКІ ҒАСЫР МЕЖЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЭПОПЕЯДА БЕЙНЕЛЕНУІ

60-шы жылдардың аяғына карай патша үкіметі Казакстанды мықтап отарлауға кірісті. Россия әскери-феодалдық империализмі жаңа территорияларға таралуға тырысып бақты.

«Дүниенің тың бөлімдеріне ел қондырып, жерін жыртуға, отарлар жасауға, тайпа-тайпа тағы елдерді дүние жүзілік капитализмнің жойқын үйіріміне тартуға қатты талпынуын камтыр еді» (3.89).

Россияда капитализмнің дамуына объективті жол ашқан бірқатар реформалардың арасында Қазакстанды бүкіл Россия үшін басқарудың бірыңғай системасына тартқан 1868 жылғы реформа болды.

1868 жылғы уақытша ереже Қазакстанды отарлап игеру міндетін жеңілдете түсті де орыс помещиктері мен өнеркәсіп буржуазиясының экономикалық мүдделерін көрсетіп берді. 1868 жылғы уақытша ережені жүзеге асыру әкімшілік басқару, жер мәселесі, сот жүргізу ісі мен салықтық жүйе саласында елеулі өзгерістер енгізді.

Жаңа әкімшілік құрылыс жергілікті ерекшеліктерді жылжытып, ескі рулық байланыстарды талқандау мақсатын көздеді. Уақытша ережеде қазақ қоғамының рулық бөліністері мүлде еске алынбады, оның негізіне тек территориялық принциптер ғана алынды. Осының нәтижесінде төрт обылыс: Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстары құрылды, бұлар генерал-губернаторларға бағындырылды. Семей облысы Батыс-Сібір генерал-губернаторлығы дегенге қарады. Генерал-губернатор әкімшілік және әскери өкіметтің билігін түгелдей өз қолына жинақтады.

Эпопеяның екінші кітабында сол заманға өте-мөте тән болып келетін өзінің нөкерлерімен Семей генерал-губернаторының Қарамола ру аралық сиязына келу көрінісі берілген, бұлардың алдында болыс управительдері мен басқа да атқамінерлерінің мәймөңкелеп, үрейлерінің ұшуы көрсетілген.

1868 жылғы ереже бойынша, обылыстар уездерге, уездер болыстар мен ауылдарға бөлінеді, бұлар да әкімшілік өлшем бірлігі ретінде алынып қаралды. Басқару үшін орыс обылыстық және уездік әкімшілік

орындары жүзеге асырды. Қазақтар тек болыс болып қана сайлана алатын еді, ал әкімшілік ауылдарын әрбір болыс өзі тағайындаған старшиналар басқарды.

«Болыс шеңберінде управитель өз қолына жарлық беру және полицейлік өкімет билігін шоғырландырады. Ол «тыныштық пен тәртіптің» сақталуын, алым-салықтың жиналуын т. б. қадағалайды.

Оның міндетіне билер сотының шешімін орындауды іске асыру кіретін еді...» (48.43)

Болыс болғандардың осы тектес нақтылы қызметі эпопеяда әр жағынан алынып көрсетіледі, мұнда реформадан кейінгі кезде болыстар халықты отарлық езуге салуға патша самодержавиесінің басты тірегіне айналды деген пікір айқын арқау болады.

Реформаны дайындау кезінің өзінде-ақ 60-шы жылдардың басында болыс управительдері өзінің қызметінде қарамағында әскери күші болып отырған басқарудың патшалық отарлық аппаратына барған сайын көбірек арқа сүйей бастады.

Бұл қақында Құнанбайдың ой толғаулары сол заманға өте тән құбылыс болып келеді. Ол ру ақсүйектерінің малын ұрлап алып, жарлы-жақыбайларға көмектесіп жүрген ұрылар Балағаз бен Абылғазыға қарсы күресте өзінің жазалау қызметін асыру үшін ендігі жерде жаңа тәсілдер іздестіреді.

«Балағаз бен Абылғазының ендігі қияс мінезі Құнанбайды дағдарта бастады. Баяғы дағдыға салып, шауып алайын десе мынадай аш-арық боп, суық тартып жүрген елдің ішінен өрт шығарып алам ба деп қорықты.

Ойға келген бір шара – ұлыққа шағу еді. Ең оңайы отряд шығарып, урядниктерге ұстатып, кісендеп тыю» (22.347).

Реформадан кейін бір кездегі басқарудың орасан үлкен аудандары (округтар мен ірі болыстар) едәуір кішірек әкімшілік бірлік өлшемдеріне бытыратылған болып шықты, жергілікті жерде патша әкімшілік орындарының позициясы күшейе түсті.

Ірі руларды түрлі болыстарға бөле отырып, патша самодержавиесі едәуір аудандарда толық биліктің иелері болып көрінген өзінің беделді ру ақсақалдарымен бірге қазақ қоғамының рулық тіректеріне қатты соққы берді.

Бұл тенденцияны Құнанбай Өскенбаев сияқты алыстан көретін саясатшы басқалардың бәрінен бұрын аңдап көрді.

«Бір кезде Арғынның бір дуан елін басқаратын аға сұлтандық барды. Оған Құнанбай қызығып барып бастық болған. Содан келе кішірейе түсіп, тобықтының старшыны болды. Бірақ не десе де түгел тобықты «ашса алақанында, жұмса жұдырығында» болған.

Енді міне, ұлық қолы ұзарып келеді. Тұтас тобықты да жоқ. Үш бөлінетін бопты. Мұның бір бөлігіне ұлық болу оншалық мұрат емес.



Қайта болыс болмай, сыртырақ отырса, бар тобықтыға өз әмірі молырақ жүрмек» (22.356).

Реформа, атап айтқанда, алым-салықтардың көбеюінен – земскі салығы мен қоса алғанда шаруашылықтың шаңырақ алымы бұрынғы жылына алынып келген 1 сом 80 тиынның орнына 3 сом 50 тиынға жетті.

Мұндай салықтардың негізгі ауыртпалығы қазақ еңбекшілерінің мойнына түсті, өйткені салықтың көлемі салық төлеушілердің материалдық әл-ауқатына байланысты емес еді.

1868 жылғы реформа отарлық езгіні ғана емес, сондай-ақ феодалдық езгіні де күшейте түсті. Өйткені ауылдардың арасына салықтарды бөлу ісі бұлардың ауыртпалығын түгелдей жарлы-жақыбайлар мен тәуелді ауылдарға артқан болыстардың жеке өз қолдарында болды.

Атап айтқанда, шаңырақ басы алымды, недоимканы жинағанда, патша өкіметінің шамадан тыс салық езгісінен халықтың қалай запы шеккенін автор аса үлкен керкемдік күшпен суреттеп көрсетеді.

«Өксіп-өкіру мен көз жастары бөкенші, борсақ, жігітек маңындағы ауылдарды жайлаған. Бұл жерде урядник пен пристав-недоимкаларды сыпырып алумен шұғылданды...» Рулық билеуші топтармен бірге осы бір патшаның паракор чиновниктері «қазір өзінің азу тістерін халықтың жан-тәніне құшырлана басқан».

Жарлы-жақыбайлардың ауыр жағдайы, патша салық жинаушыларының алдында олар түп-түгел дәрменсіздігі оқушылардың көз алдына өзінің бүкіл шынайы суреттерімен елес береді. «Әсіресе, әр ауылдың шетіндегі кедей-кепшіктің баспанасына қадалған ауыртпалық. Бірде-бір бай үйлерге титтей де соққан леп жоқ. Ал қара-ғұрым лашық атаулыға даланың дауылындай шүйіліп тұр. Қайда қойшы, сауыншы, күзетші, жылқышы, кем-кетік, жоқ-жітік болса, солардың ғана басына арналған апат» (23.161).

Сөйтіп салық жинау туралы хабар «Ырғызбай ауылына шаңырқаған, аптаған ыстық шаңқай түсте жетіп, ол қаңтардағы аяздай қолқа жүректі мұздатқанына» қарамастан бойды биледі. Мұны әкім ауылдарының бірінің екі шабарманы бар старшинасы жеткізген еді, олар... «Әр ауылдың баласын қорқытып, итін абалатып, лауды кешіктірген жылқышыны қамшылап, өздері бір үлкен әлек салып, көпті үркітіп кеткен-ді» (23.161).

Кеудесінде үлкен мыс қаңылтырлары және былғары сөмкелері бар салық жинаушылардың арасында патша чиновниктерімен қатар бай да ықпалды болыстың оспадар, сойқан қызметкерлері, қазақ шабармандары ерекше әкірең қағады. Салықтарды жинаған кезде ауылдарды зорлық-зомбылық пен озбырлық жайлайды. Мысалы патша чиновниктерінің бірі, қазақтар «сойқан» деп дәл тауып атап кеткен Соикин «Недоимкенің малын бөгеген борсақ кедейінен бес кісіні қызыл жоса ғып қайырды» (23.166). Осы мінезіне қарап старшиндар: «Бұл дүре мен парадан басқа

ас жемейді. Өзгені жесе, арам болсын» деп мысқылдап жүргені (23.166).

Салықтар ақшаға шағып белгіленетін. Өйткені мұның өзі салық жинаушыларға ақшасы жоқ кедей-кепшіктің малын өздерінің қалауынша ақшаға шағып ала беру үшін қажет болатын.

Ақырғы тапқан-таянғандарынан айрылған кедей-кепшіктердің ашынуы романда жан түршіктіретілік халде суреттеледі: «Осымен, бір жағынан, дүрені, бір жағынан, қол қимыл, зорлықты салып, әр ауылдағы кедей-кепшіктің қой тұяғын, жалғыз-жарым қарасын атшабарлар, старшындар, урядниктер жалмап, қағып әкетіп жатыр. Әр ауылда балалар жылап, шешелер қарғап, әсіресе кемпір ана зарлап, көп жұрт күңіреніп кетті» (23.167).

Сөйтіп, адамдар көмек сұрап байларға барады да, тағы да, жаңа кіріптарлыққа ұшырайды. Революцияға дейінгі тарихи әдебиеттен қазақ кедейлерінің романда суреттеліп отырғанындай жылт еткен үміт сәулесі жоқ күйзелісін соншалықты бейнелі сипаттап жазған мысал табу қиын. Зар шегіп жеріне жеткен адамдар бай үйіне қарай сүмірейіп, құр сұлдері шұбырады. Мәселен, Иіс кемпірден «недоймканы» талап етеді. Мал дегенде жалғыз көк сиыр. Қазір соны сауа отырып; Ең соңғы сауғаным бола ма, екі жетімекке не дермін, не берермін деп күбірлеп, сөйлей түсіп күңіренеді Иіс кемпір, жалғыз сиырын сақтап қалу үшін Өзімбайдан көмек сұрап барады. Ал ол Иісті сиырсыз қалдырып, өз есігінің алдына бұрынғыдан да гөрі кіріптар етуді, оның мойнына еріксіздік бұғауын мәңгі-бақи салуды көздеп, көмек беруден бас тартады.

Болыс әкімшіліктерін ұстауға және басқа да қоғамдық қажеттерге жұмсалатын «қарашығын» дегенді жинаған кездегі қаскөйлік ерекше асқынып кететін еді. Өйткені қарашығын жинау мүлде бақылаусыз болды, әрі көбіне ресми алым-салықтардан асып түсіп отырды.

Романнан әкім ауылдарының өкілдері өз ауылдастарынан жиналған салықты қалай бөліскенін айқын бақылауға болады. Туған-туыскандарын қорғаштай отырып, олар салықтың барлық ауыртпалығын кедей-кепшіктердің шаңырағына бөліп салатын. Билеуші топтың осы бір таптық тұтастығын М.О.Әуезов шебер бейнелеп көрсетеді.

«Халыққа қарсы жұмсалған бұндай істерде қабақпен табысатын ел жуандарының ынтымағы – Бөрі көргенде бірігетін ауыл итінің мінезіндей» (23.42).

Патша өкіметінің алым-салық саясатының таптық мәні халықты бірігіп тонаған қазақтың сахара билеп-төстеушілері мен патша чиновниктерінің бір-бірімен ауыз жаласуынан ерекше айқын көрінеді. Болыстар мен старшиналар өткен жылғы недоимкалармен бірге өздерінің арасында бөлінетін «қарашығынды» да молырақ жинау үшін патша чиновниктерімен келісіп қалуға тырысады.

«Ал ол патша салығы болмағанымен, осы ұлықтардың – өз салығы.



Бүгін «қарашығынды» жақсы жинап алса, бастығы Никифоров болып бәрі бөліспек...» (23.167).

Орыс өкімет орындарының келісімін алып, «Жем-параның иісі мұрындарын жарып, тынымдарын алғандай. Жемтікес күзғындардай, немесе жақында өлген өлексені қырымнан көріп, андыздап ұшқан қарақұстай. Маңайдағы үлкен оқшау биік Орда, Доғалаң, Шұнай, Өртендерден тегіс жемге анталап ұшқан қорқау тағылардай» (23.167).

Тарихи процестің өзіне тән көптеген құбылыстарының арасында сол заманның нақты көрінісін эпопеяда сенімді түрде кеңінен суреттеуге ұмтылатынын айта отырып, М.О.Әуезов патша самодержавиесі мен қазақ қоғамының қанаушы үстем тап күштерінің осы бір ауыз жаласқан ынтымағына баса назар аударады. Ол былай деп ашық жазады: «Урядниктер мен приставтар сахарадағы реакциялық консервативтік күштер қоян-қолтық келіп, келісіп кетеді» (49.105).

Осымен қатар М.О.Әуезов патша өкіметі мен қазақтың үстем тап өкілдері тарапынан қос-қабат езгіге түскен халықтың қандай қиын жағдайда болғанын суреттеп береді.

Мәселен, Қарамоладағы ру аралық төтенше сияз болыстар мен басқа да сахара билеп-төстеушілерінің жасаған зорлық-зомбылықтарын көріп, әбден ашынған халықтан түскен толып жатқан шағымдарды қарау үшін шақырылған болатын. Бірақ, патшалық отаршыл өкімет орындарының қалтқысыз көмегіне нек сүйей отырып, «сахараның барлық билеп-төстеушілері осындай бірін-бірі оққа байлап бермес үшін шеп тұтастырып жатыр. Боз қасқаның қанымен, сорпасымен тартулық табысады. Шербешнайды өз бастарынан аман атқарып жібермек».

«Абай жолы» эпопеясы Қазақстанда өндіргіш күштерінің дамуын тежеген, сөйтіп қазақ еңбекшілерін мейлінше қатал отарлық тонау мен езгіде ұстауға мол мүмкіндік берген патриархальдық-феодалдық қатынастарды сақтап қалуға патша үкіметінің соншалықты мүдделі болғандығына ешқандай күдік қалдырмайды. Отаршылдық саясат Қазақстанды метрополияның аграрлық-шикізат көзі аймағына айналдыруға бағытталды, оның жан-жақты қоғамдық-экономикалық дамуын тежеді.

Сонымен бірге, шаруашылық-экономикалық жағынан Қазақстанның Орталық Россиямен қосылуы оны жалпы-россиялық, ал сол арқылы дүние жүзілік рынокқа тартты, Россия капитализмінің Қазақстанның мешеу экономикасына ықпал етуіне мүмкіндік берді, натуральды шаруашылықтың негіздерін өзгертіп, қазақ халқының шаруашылық жағынан өз алдына томаға тұйық оқшау қалуын бір жола жоюға әкеп соқты.

Қоғамның патриархальдық-феодалдық тіректеріне қарама-қарсы келе отырып, капиталистік қатынастардың Қазақстанға ену процесі тым

баяу болғанына қарамастан, XIX ғасырдың аяғында шаруашылықтың жаңа формалары енді-енді қалыптасып, аяқталуы әлі алыс бола тұрса да, төменде көрсетіліп отырғанындай, қазақ экономикасын жан-жақты қамти бастады.

XIX ғасырдың ақырғы ширегінде патриархальдық-феодалдық қатынастардың ыдырау процесінің жылдамдай түсуі, феодалдық-рулық билеуші топтың қауымдық жерлерді тартып алуының ұлғаюымен ұласуы, әрі сахараға еніп келе жатқан капиталистік қатынастардың ықпалы нәтижесінде қазақ ауылында таптық жағынан даралану барған сайын тереңдей түсті.

Мал мен жайылым негізінен байлардың қолында болды. Малмен күнелткен қазақ кедейлерін жерсіздендіру оларды тіпті орта ғасыр кезіндегіден де неғұрлым интенсивті түрде лажсыздық жағдайға душар етті. Бұл процесс сол дәуірдің документальды деректерінен айқын көрініс тапқан. Бүкіл байлықтың – жер мен малдың – барған сайын байлардың қолына шоғырлана түсуі және кедейлігі асқынған жатақтардың мал шаруашылығын тастап, көбіне егіншілікке көшуі, жұмыс іздеп, кәсіпшілікке шұбыруы, батырақ болуы жөніндегі документтер аз емес. Мәселен, Семей облысының шаруашылығын тексеріп зерттеуге байланысты жасалған статистикалық деректер осы бір әлеуметтік ілгері басу процесін мейлінше дәл көрсетіп береді.

«Шаруашылық тым ұсақтап кетті. Бұлардың негізгі көпшілігі (90 процентке дейінгісі) мүлде атсыз тақыр кедей немесе не бары 1–10 жылқылы жарлы-жақыбай, кедей кепшік әрі әлсіз. Бұл бұқара қалың көшпелі жартылай пролетариаттың аянышты халін бастан кешіруде және барлық шаруашылықтың 4/5 бөлігінен астамы өздерінің күн көріс қаражатын жеке басының көшпелі шаруашылығынан гөрі бөгде табыстар мен жалақы болып табылады» (50).

Бұл деректер қазақ ауылының таптық жағынан терең жіктелуі туралы өте жақсы мағлұмат береді. Мұнан бір атты және атсыз кедей шаруашылық саны көбейе түскенін, яғни шаруалардың жаппай күйзеліп, кедейленгенін, байлардың қолындағы мал-мүліктің мейлінше көбейіп, барған сайын шоғырлана бастағанын көреміз.

Бұл құбылыс эпопеяның XIX ғасырдың соңғы ширегіне қатысты оқиғаларды суреттейтін екінші кітабында ерекше айқын бейнеленген.

«Бұның әуелгі айтқаны – бүгінгі байығандардың жайы. Базаралы кеткелі әкімдікпен, айла-тәсілмен, саудамен мол байлықтар тауып кеткендер бар. Бір Тәкежанда қазір сегіз жүз жылқы бар екен, Жиреншеде сегіз жүз, Оразбай мың бес жүзге жеткізіпті. Абралы, Күнту, Жақыптар бәрі де бұл күнде «мыңғырған бай» атанады. Ал жатақ атаулы болса, оның саны бұрынғыдан да молайып, көп ортасын кедейлік кернеп барады» (23.74).



Ауылдың халқының көпшілігі болып келетін жарлы-жақыбайларда ірі кара атымен жоқ, тек он шақты, жиырма шақты уақ малы ғана бар еді. Мысалы, Дәркембай өзі және өзі сияқты жарлы-жақыбайлар туралы айта келіп, Абайға былай деп шағынады: «Мынау екі көршіммен үшеуіміздің үйлерімізде жиыны 20-30 дан тұяқ бар еді. Сол азын-аулағымызбен бірге пана таба алмай, ығып, бүрісіп кеп отырмыз»(23.298).

Ауыл жарлы-жақыбайларының тұрмысын суреттеп жазғанда автордың жеке өз басының өмірден көріп байқағандары сөзсіз аңғарылады. Мысалы, Базаралының кедей ауылын автор былай суреттейді: «Базаралының туыс, дос көршілерінен құралған ауылы көп үйлі кедей ауыл, он бес үй шамасындай. Бәрі де қоңырқай, караша, араларында жыртық лашық күркелер де көрінеді. Шетінен кішкене шағын қоңырқай үйлердің орта тұсында тек сырты ғана бүтін жеңіл үй – Базаралынікі. Бұл үйдің ішінде де көп жүк сандық, биік төсек жоқ. Көшерлік көлігі аз шаруаның жайлауға көшу сапарында әдейі жеңілдеп алған кішкене үйі еді» (23.208).

Жазушының революцияға дейінгі ауыл өмірін терең білуі, көшпелі шаруашылық экономикасының мән-жайына қанық болуы, халықтың қайыршылық халі туралы Абайдың қатты ашынып, терең ойға шомуынан айқын көрінеді. «Бүріскен мал мен жүдеген жандар бағанадан бері Абайға үлкен ауыр ой салды. Жаз жайлауда арқа-бас кең шақта ғана елдің іргесі бүтін, белі бекем сияқты көрінеді. Мынау жұттың күндері қалың көптің соншалық панасыздығын, қорғансыздығын көрсетті.

Жиырма-отыз қойы бар, үш-төрт қарасы бар үй қалың елдің көпшілігі жыл он екі айда мінері сол. Сояры, сатары да сол. Киер киімі, бас панасы да сол айналдырған аз тұяқ. Аман тұрған күннің өзінде бұл қандай тапшылық. Ал бүгінгідей қысылған шағында мынадай апат, ауыртпалық көрген шағында қаншалық әлсіз, осал. Осы азын-аулағынан айрылса, тірлік не болмақ? Кешегі «іргелі ел» деген, «жұрағат, жұрт» деген осы-ақ болғаны ма?

Жұт деген, жоқшылық қысталаң, апат деген осындай боп қақ қасына келгенде Абай ел тірлігінің барлық қайғылы сорын көрді» (22.305).

Халықтың қайыршылық халі, оның азапты ауыр өмірі Абайды қатты толғандырады. Оның көзіне бәрінен де бұрын Тәкежанның ауылына қызмет ететін тәуелді кедей үйлер көбірек түседі. Бұлардың арасында әсіресе қойшы Исаның үй-іші жан түршіктіретерлік ауыр тұрмыс кешуде. Оның жалғыз сауын сиыры – көк сиыр да күздің суық күндерінде суалып кеткен. Иіс кемпір таңертең су жылытады, оған қатып қалған құрт езіп, оны күні бойы қорек етеді.

Исаның туылдырығы алба-жұлба, жапырайған лашығына, үйіндегі қоқыр-соқыр мен сынық-кетік ыдыс-аяғына, суықтан бүрсең қағып, аш-жалаңаш қалтыраған бала-шағасына қарап, Абай ауыр ойға батады:

«Адам баласы бұдан бетер нашар өмір сүре алар ма екен? Қандай қайыршылық десеңізші! Қақаған суық қыс келе жатыр, ал мына жерде аш-жалаңаш, алба-дұлба, бас панасыз адамдар... «Исаның анасы Иіс кемпір Абайға шағынады: «...бай үйінің иті бізден жақсы тұрады ғой».

Эпопеядағы осындай көріністер сол кездегі қазақ қоғамында пайда болған екі элеуметтік полюс – қанаушы үстем тап өкілі байлар мен егіншілікпен айналысып отырықшылыққа көшкен, немесе азын-аулақ қана малы бар, көшпелі өмір сүруді әлі де жалғастыра беруге тырысқан орасан көп, қаналушы тәуелді шаруалардың жағдайынан мол мағлұмат береді, кедейлердің байларға ауыр жағдайда кіріптар болып, езгіге түсуге сөзсіз мәжбүр болғанын көрсетеді.

Қазақстанда XIX ғасырдың ақырғы ширегінде түрлі кәсіпшілік молынан тарады. Бұлардың дамуы капиталистік қатынастардың енуімен, натуральдық көшпелі шаруашылықтың ыдырауымен, қазақ қоғамында мал шаруашылығымен айналысатын мыңдаған семьяларды бұл саладан ығыстырып шығарған және оларды тіршілік ету үшін қаражат көздерін іздеуге мәжбүр еткен таптық даралану процесінің шиеленісуімен және тереңдей түсуімен тікелей байланысты болды. Қазақ кедейлерінің басым көпшілігі байларға орыс кулактары мен казак орыстарға барып, батырақ болып жалданады, ауыл шаруашылығындағы жалдамалы жұмысты кәсіп етті. Бос қалған жұмыс күші енді товарға айналады. Жерден және басқа да өндіріс құрал-жабдықтарынан жұрдай болған қазақ кедейлерінің едәуір бөлігі өзінің жұмыс күшін сататын жалдамалы батырақтарға айналады; патриархальдық-феодалдық тәуелділіктің қандай түрінен болсын азат етілген қазақ ауыл шаруашылық пролетариатының қалыптасуы үшін қажетті жағдайлар жасалады.

Осымен бір мезгілде екінші полносте қанаудың патриархальдық-феодалдық формаларын сақтаумен қатар жалдамалы еңбекті қолдануға көшкен байлар да өздерінің позицияларын нығайта түскен еді.

«Мүлік жағынан теңсіздіктің шығуы, – деді В.И.Ленин, – бүкіл процестің бастапқы пункті екені күмәнсіз, бірақ процесс тек осы «жіктелумен» ғана әсте шектелмейді. Ескі шаруалар «жіктеліп» қана қоймайды, олар мүлдем күйрейді, өмір сүруден қалады, оларды село халқының мүлдем жаңа типтері... ығыстырып шығарады» (3.180).

Қазақстанда патриархальды-феодалдық қатынастар үстемдік еткендіктен де онда бұл процестің өз ерекшелігі болды, Россиямен салыстырғанда баяу қарқынмен жүрді.

Көркем шығармада байларға барып еркін жалданған еңбектің және онымен байланысты сол кезде Қазақстандағы ауыл шаруашылығына капиталистік қатынастардың ену процесінің көлемдерін дәл көрсете алатын мәліметтер болмайтыны өзінен-өзі түсінікті. Солай бола тұрса да М.О.Әуезов осы бір күрделі процестің өзіне тән кейбір жақтарын –





өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылған шаруаның байларға барып, амалсыздан жалдамалы жұмысқа жайғасатынын романда көркемдікпен бейнелеп береді. Байлардың шаруашылығында жалдамалы еңбек пен батырақтықтың бір мезгілде дамуын көрсететін кейбір мысалдар мынадай. «Қодар қыстыгүні осы ел ішінде кірме боп, әркімде жалда жүретін бір шал жиені Жанпейісті өз қолына алып еді» (22.32-33). Немесе осындай тағы бір мысалды алайық. «Айдауға кеткен Балағаз үйінің жетім-жесір болған бала-шағасы торғайдай тозып жүргенін де жасырмаған. Оның ересек тартқан балалары айран-шалап үшін әлді ағайынға жалшыға да кетіпті» (22.518).

Ауылда жалдамалы еңбек қолданылуының осылай кеңейе түсуін уезд бастығы Кошкиннің мына бір хабарынан да көруге болады: «Базаралы мен Абай жалдамалы жұмыс істейтін қайыршылар мен басқа да халықтың батырақтар тобын салып, сайлауды болдырмай тастады» (22.544).

Осы сияқты фактілер шаруашылығынан айрылған ауыл кедейлерінің белгілі бір бөлігі көбіне қайдағы бір қиырға барып өзінің жұмыс күшін сатып тұрған деп қорытынды жасауға негіз береді. Мысалы, Қодардың тап өзі сияқты кедей інісі де «бір қиырдағы сыбан жерінде батырақ болып жүреді». Немесе «Дәркембайдың інісі Көркембай деген болған еді... сол бір қиырдағы орыс өлкесіне кеткелі көп болған, қызметкер болып жалданып, солардың арасында тұрып жатқан».

Кедейлердің осылай жалдамалы қызметкер болып кетуінің документальды дәлелін «Семей облысындағы қырғыз шаруашылықтарын зерттеу жөніндегі материалдардан» да табуға болады. Мұнда Семей облысының, атап айтқанда, Шыңғыс болысының көптеген әкімшілік ауылдарынан жұмыс іздеп кетіп қалушылықтың кеңінен дамығанын көрсететін көптеген мысалдар бар. Абай Құнанбаевтың Жидебайдағы ауылының бір өзіндегі жеті шаруашылықтың үшеуі «батырақтарды босатып жіберген» (50.164-165). Ал қалған төртеуі, соның ішінде Абайдың өз шаруашылығы да бар, ауыл шаруашылық жұмыстары үшін, әсіресе пішен шабу науқаны кезінде батырақтар жалдаған.

Сонымен кедейлердің батырақ болып кетуі қазақ аулында барған сайын кең таралып отырған үйреншікті құбылысқа айналады. Семей уезіндегі статистика деректеріне қарағанда, 1889 жылы барып келіп жұмыс істейтін кәсіпшілікке 6643 адам кетіп қалған (51.39).

Мүліктік жағынан даралану, әсіресе қатты жұттардан кейін күшейе түсті. Өндіріс құрал-жабдықтарынан толық айрылған шаруа бұқаралары жалдамалы еңбек рыногына қарай ағылып жатты. Бұл процесс «Абай жолында» өте нанымды бейнеленген. Мысалы, зардабы жағынан бұрын-соңды болып көрмеген қатты жұттың салдарынан Семей төңірегінде, атап айтқанда, Ертістің жоғарғы және төменгі жағында орналасқан көптеген кедей ауылдарының ерекше күйзелгендігі туралы айтылады.

«Шөптіғақ, Жоламан, Өзерке, төменде Бәйгелі, Шағала, Қарашолақ, Кенжебай, Жалпақ сияқты қалың кедей-көпшілік орналасқан ауылдар жүдей бастапты. Көбінің адамы қалаға шұбырып, әрекет іздеп, дәм іздеуге түсіпті» (23.758).

Әсіресе 1904 жылғы аса қатты жұттан кейін қалаға жалдамалы жұмысшылардың қаптап келуі эпопеяның екінші кітабында ерекше көрініс тапқан. «Айналасындағы кедей ауылдардың жаяулары да қалаға көп шұбырып келіп жатыр. Астығы шықпай, азығы болмай қалған соң қайда барады? Қаладағы көп байларға олар да тамақ үшін текке жалданып жатыр. Ал байларды білесің, оларға тек сол керек» (42).

XIX ғасырдың ақырғы ширегіндегі Семей облысының ауыл шаруашылығында да, өнеркәсібінде де жалдамалы еңбектің кеңінен таралуы көптеген архив деректері арқылы да дәлелдене түседі (29).

Россияның өнеркәсіпті аудандары мен Қазақстан арасында товар айырбасы кеңінен дамып, товар өндірісінің өсуіне және шаруашылықтың натуральды томаға-тұйықтығын жоюға жол ашқан болатын.

Семей облысының саудасы қаншалықты тез қарқынмен дамығанын облыс генерал-губернаторының 1864 жылғы есебі дәлелдейді. Мұнда «қырғыздармен сауда көбіне малға, теріге, қой терісіне, жүнге, ешкі түбітіне, қылға, өрмекке және киізге айырбасталып жүргізіледі. Алынып келген товардың мөлшері мен жалпы товар айналымы жыл сайын сондай дәрежеде өсіп отырады. 1871 жылы бүкіл айналым 657357 сомға ғана жетсе, есеп беріп отырған жылы (1874 ж.) 1.218.315 сомға дейін жетті» (29).

1881 жылы Семей облысының аса ірі он жәрмеңкесінде мануфактура, бакалея товарлары, иленбеген тері, жүн, түйе, жылқы, қой, ұн, астық тағы басқалары бар, барлығы 2. 450. 820 сомға сауда жасалды.

Семей облысының аса маңызды Ботов (Қоянды), Шар сияқты жазғы жәрмеңкелер туралы эпопеяда талай рет айтылады. Ботов жәрмеңкесінде «саудаға түсетін ең бірінші нәрсе қырғыз сахарасының түрлі жерлерінен айдап әкелінген мал болатын. 1887 жылы жәрмеңкеге әкелінген барлық товар мен мал 1.466.280 сом болды, сауда негізінен алғанда айырбас жолымен жүргізілді. Товар айналымы жағынан екінші орынды Семей облысы Қарамола қорығындағы Шар жәрмеңкесі алды... Бұл жәрмеңкеде де саудаға түсетін ең басты нәрсе қора-қорасымен, үйір-үйірімен сатылатын мал мен май өнімдері болды. Мұнда мануфактура товарларын сату үшін және мал сатып алу үшін Семей, Павлодар, Омск және Бийск қалаларынан саудагерлер келетін» (42).

XIX ғасырдың ақырғы ширегінде қазақ шаруашылығының рынокпен осылай тығыз байланыс жасауын сол кездегі көптеген адамдар көре білді. «Базар мен жәрмеңкенің тіпті нағыз көшпенділердің шаруашылығына, тұрмысына терең енгені әрі оны капиталистік дүниенің рыногымен



тығыз байланыстырғаны сонша, енді бұл байланысты қайтып үзу мүлде мүмкін болмай қалды» (52.76).

Сөйтіп қазақтар жәрмеңкеде мал мен мал шаруашылық өнімдерін сата отырып. Россиядан әкелінген өнеркәсіп бұйымдарын – мануфактура, қант, галантерея товарларын, тағы басқаларды сатып алатын.

Сауданың дамуына мына бір жағдай да ықпал етті, өзінің географиялық жағдайының қолайлы болуы арқасында Семей облысы арқылы Батыс Қытаймен және Орта Азиямен ірі транзиттік сауда жүргізілетін.

Сауданың осындай кең өріс алуы қазақ сауда капиталының тууын айқын дәлелдейтін еді. Товар өндірісінің өсуін рынокқа сатып, баю мақсатымен мыңғыратып мал өсіруге жанталаса ұмтылған байлардың шаруашылығынан көреміз.

Ірі-ірі байлар эпопеяда Семей облысының рыногына мал айдатушылар ретінде көрінеді. Мысалы, Семейге апарып сату үшін Оразбай үйір-үйірмен жылқы айдатады.

М.О.Әуезов жәрмеңкелер мен басқа да сауда пункттерінде сатуға арнап бай шаруашылықтарында арнайы мал өсірілуіне сол заманның өзіне тән типтік құбылысы ретінде көңіл аударады. Товарлы өндіріс жолына түскен байлардың барған сайын байи түсуі, бай феодалдар қолындағы капиталдың молыға түсуі товарлы-ақша қатынастарының қазақ ауылына барған сайын кеңінен енуі үшін қажетті жағдайлар жасады.

Сөйтіп қазақ сахарасында капиталистік қатынастардың енуі ондағы таптық күштердің орналасуына өзгеріс енгізеді: жалдамалы еңбекті қанауға көшкен байлар пайда бола бастады.

М.О.Әуезов сауда-саттық, өсімқорлық операциялары жолымен байыған қазақ кәсіпкерлерінің типтік образдарын жасады. Солардың бірі – сахараның ықпалды байлары қатарына қосылатын Нүрке болыс. «Ол бір жағынан ел жуаны және де қалада үлкен ағаш үйі бар. Қыр мен ойға тіпті Қытай шегіне шейін малы, пұлын жүргізетін қалың сомалы саудагер бай. Ертіс бойындағы Семей атырабындағы қырдағы өзге болыстың барлығы Нүркені бір бөлек санайтын» (23.130-131).

Осы орайда сауда капиталының дамуымен қалыптасқан ұлттық (қазақ және татар) сауда буржуазиясының бой көрсетуі сол дәуірдің өзіне тән нышандарының бірі ретінде эпопеядан тиісті орын алғанын атап көрсету қажет. Олардың Семейдегі қалың тақтайлармен немесе темір шатырмен жабылған бір қабатты, екі қабатты әдемі тас үйлері Ертісті жағалай тізіліп салынған. Осы жерде Плещеев, Дерев сияқты орыс көпестерінің сауда магазиндерімен қатар Хамитовтың, Неғматуллиннің, Тухфатуллиннің және басқа да татар мен қазақ көпестерінің магазиндері орналасқан еді. Романның геройларының бірі Салтанат – бай саудагер Әлдекенің қызы.

Осы тұрғыдан алғанда сол дәуір үшін мынадай көріністер тән болып келеді. «Қыс ортасында Қарқаралыға Семейдің ірі көпесі Тінібай келеді.

Оның соңынан мануфактураның, басқа да құнды товардың бүтін бір шұбырған тізбек жәшіктері ере келеді. Ол тері-терсек сатып алуға келген.

Құнанбай Тінібаймен құда түсіп, туысып кетті, оның ұлына қызын берді. Құнанбай мен Тінібайдың құда-құдандалы болуы өз ара тиімді мәміле жасау сипатында болды. Бөжей ауылын шауып кетуіне байланысты өзінің бұл қылығын тексеруші патша чиновниктерін параға жығып, сатып алу үшін оған қаражат өте-мөте қажет еді, Құнанбай бұл некеге тап сол себепті келісім береді. Тінібай Құнанбай құдасынан қаржы аяған жоқ. Сондықтан да патша чиновниктерінің қайырымы Құнанбайға тез түседі. Сонымен бірге Тінібайдың сауда операцияларында «Құнанбай мен Алшынбайды ел-елдің ішіндегі өз саудасына керек мықты тірек деп санайтын. Несиеге бұл беріп, қойын-торпақ, торпағын-өгіз ғып, қызыл елтірісін құнан қой қып, елден жиып алу үшін, бұл саудагер сол елдің жуандарына сүйенбекке керек» (22.223). Жоғарыда аты аталған Нүркенің де өзінің сахарадағы сауда-саттық ісінде «сол Құнанбай балаларын мынадай іс үстінде өзіне дос-жар етіп алмақ. Дау иесі Құнанбай болғандықтан шығынның бәрі солардан болатынын біледі. Кейбір сойғызып жатқан сойыстарын аңдамағансып, өз қорасына қабыл алғызды» (23.132). Кейіпкерлердің осы бір қарым-қатынастары өте-мөте қызық. Өйткені бұл қатынастардан сахараның билеп-төстеушілерінің көмегі мен қолдауын пайдаланған саудагерлердің қолында капиталдың шоғырлану процесі қалай жүргенін айқын көреміз.

Қарызға үлестірілген өнеркәсіп товарлары үшін төлем ретінде берілетін аң терілері мен басқа да мал шаруашылығының өнімдерін жинау үшін бүкіл қазақ даласын аралап, жалдамалы жинаушылар мен мұндай товарларды өз бетінше сатып алушылар – алып-сатарлар қаптап жүретін. Алып-сатарлар қызметінің кеңінен таралуы Россия рыногының қазақ малы мен шаруашылығы шикізатына деген өскелең сұранысымен тығыз байланысты еді.

Бай саудагерлер тек қана жалдамалы жұмысшы күшін пайдаланды. Ал, байлардың жалдамалы қызметкерлері арасында алып сатарлар жинаған шикізат пен малды өздерінің иесіне тасып жеткізуші жәмшіктер де болды. Осылардың бірі туралы романда былай деп баяндалады: «Әлі де Мәтелі дейтін шала қазақ – байдың жалдамалы жәмшігі екен. Байлық сол: ат-арба да өзінікі емес. Қысы-жазы тынымсыз жүк тартуда. Осы жолы жиырма арбалы жәмшік болып Қытай шегінен бері қарайғы жерлерден жиналған аң терісін тартып келісіпті» (23.681).

Романнан көрініп отырғандай, Қазақстандағы сауда айқын көрінетін эквивалентті емес, қайта өсімқорлық сипатта болды. Өйткені өнеркәсіп товарлары өздерінің шын мәніндегі құнынан әлдеқайда көп асып түсетін баға бойынша сатылды, ал мал мен шикізаттың құны түкке тұрмады. Жекелеген алып-сатарлар байлардан қарыз алу арқылы байлармен



қоса-қабат көшпелі қазақтар арасында өз алдына дербес сауда-саттық операцияларын жүргізіп, едәуір капиталға ие болғаннан кейін тәуелсіз саудагерлерге айналып отырды. Көптеген жағдайларда алып-сатарлар өз алдына дербес сауда жүргізуі үшін өздері барып қарыз сұрайтын байларға түгелдей тәуелді болды.

Мәселен, Семейде біріне-бірі әрең септестіріп отырған толып жатқан саудагерлердің ішінен «Қодыға, Қоңырқай сияқты ағаш шатырлы үй көтеруге жарап қалған, үлкен байға қадірі барлау азғантай топ саудагер де бар. Олар несиені үш мыңға, кейде тіпті бес мыңға жеткізіп те көтеріп алып жүреді» (23.744). Алайда олардың бәрі бірдей байи алмады. Ұсақ саудагерлердің көпшілігі күйзеліп, байларға бұрынғыдан да гөрі көп тәуелді бола түсті. Әсіресе байдың товарларын сахараның түкпір-түкпіріне тасымалдаған жәмшіктер өте ауыр жағдайда болды. Мәселен, қайықшы Сейілдің туысы ат пен жүк арбаға ақша жинап алып, киіз басушы Сейсекенің жүгін Қытай мен Макарьев (Нижний город) жәрмеңкесіне тасып тұру үшін жәмшік болып кіреді. Қытайдан тасып әкелінетін былғары мен жүннің сапасына не болса содан ілік жасау, кінә қою, жүкті бұлдіргені немесе жоғалтып жібергені үшін айып салу арқылы жәмшіктер ақы төлеген кезде олардың көпшілігін Сейсеке қалай болса солай алдап кететін. Сейілдің туысын да ол тап осылай алдады. Оның үстіне бұл бейшара жолда үсікке ұшырап, бір жола мүгедек болып қалған болатын.

Алып-сатарлардың бай-саудагерлерге тәуелді болғандығы романда мейлінше дұрыс әрі түсінікті ашып көрсетілген. Мындаған қала қазақтары сахара ауылдарында ұсақ-түйек сауда жасап күн көрді. Олар шағын арбасын атына жегіп алып, Сейсеке сияқты атақты байлардан товар алуға барды. Ал олар бұлардан орыс көпестері Деровқа, Алексеевке немесе Михайлов-Мальшовқа, немесе Уәли немесе Ысқақ сияқты магазин ұстаушы татар байларына апарды. 10–15 қайыршы алыпсатарды магазин ұстаушыға алып келген Сейсеке бұларға шынында да мейірімді адам сияқты көрінді: «Әрқайсысына жүз сомдық, үш жүз, бес жүз, кейде некен-саяғына мың сомдық пұл алғызады». Шынына келгенде бай алыпсатарды кіріптарлыққа ұстады. «Сондай кесек сауда алушыларды магазинге әкелгені үшін, Сейсекеге бұл магазин сомына сегіз тиін шегеріп арзандатып нәрсе береді. Ал Сейсеке Есбергенге сол пұлды өткізіп жатқанда сомына он екі тиын қосып өткізеді. Сөйтіп бұл бай, – үлкен бай бір сомнан жиырма тиын пайда қылады. Есбергендердің қол-аяғын басқаша жолмен және алдын ала буып алады» (23.718).

Борышын уақытында төлемеген жағдайда байлар алыпсатар қол қойған вексельді нотариуске тапсыратын. Ал қаланың барлық саудагерлері мен алыпсатарлары нотариустың атын естігеннен-ақ зар қағатын. Егерде алыпсатар ақшаны қайтаруға шамасы келмесе, оның үйі мен барлық

мүлкі қопарыла сатылатын. Осы тәуелділік жайында жазушы былай деп бейнелі етіп жазады: «Бұлар мойнынан шырмалған шыбын тәрізді де, анау әрбір жатақ үйлерінің ортасында екі қабат бойымен қызыл шатыр, көк шатырымен биіктеп тұрған бай үйлер бүйідей не өрмекшідей екен» (23.718).

Ұсақ-түйек саудагерлер мен алыпсатарлардың жағдайын, олардың қалталы көпестер мен байларға қалайша тәуелді болғанын М.О.Әуезов соншалықты терең біліп, шынайы суреттеп берген. Ол бұл жерде өзінің жеке әсерлері мен сол заманда өмір сүрген адамдардың естеліктерін молынан пайдалана отырып қорытынды жасады. Өйткені бұл мәселе жөнінде тарихи әдебиетте өте-мөте тапшы, болар-болмас қана деректер бар.

Қазақ даласында кеңінен өріс алған алыпсатарлық қызмет, олардың көшпелі қазақтардан мал мен мал шаруашылық шикізатын көптеп сатып алуы, оларға өнеркәсіп товарларын сатуы – міне осының бәрі бұрын томаға-тұйық болып келген көшпелі натуралды шаруашылыққа товар-ақша қатынастарының енгенін көрсетеді. Мұның өзі Қазақстан мен Россия арасындағы сауда-экономикалық байланыстардың нығаюына жол ашты.

Товар-ақша қатынастарының енуі, рынокпен экономикалық байланыс XIX ғасырдың ақырғы ширегіндегі қазақ шаруашылығы дамуының өзіне тән ерекшеліктері бола түсті. Бұл процесс эпопеяның екінші кітабының өне бойына арқау болған. Кітапта мынадай суреттеулер жиі кездеседі: «Қалада бұл кезде күзем жүнімен, киіз тері-терсегімен базаршылай келген ел жолау- шысы көп болатын. Тобықтының күзектерінен шыққан түйелі, арбалы керуендер Семей қаласының «ар жақ» «бер жақ» атанатын екі жағасындағы қазақ үйлеріне мол-молынан кеп асықпай, киіз-кепшігін сатып жүр. Базардан ұн, шайын, бұл-бұйымдарын және де асықпай алып жатқан кездері» (23.55-56).

Сөйтіп қазақ натуральды шаруашылығының ыдырау процесінде рынокқа арнап өнім шығару шешуші роль атқарды. Рынокпен байланыстың осындай түрін халықтіршілігінің көптеген жақтарынан байқауға болады. Мысалы, Базаралы жатақтарға былай деп ақыл береді: «Ал жазда пішен шабуымен шұғылданып, мұнда қорықтар, шабындық шалғындар, күзектер аз ба, осы? Бір шалғымен шапсаңыздар да қор жинайсыздар ғой, әйтеуір қала алыс емес, базарға апаруға, ақша табуға, керек-жарақ сатып алуға болады». Екінші бір жағдайда барымта кезінде Тәкежаннан тартып алған жылқыларды үлестіріп бере отырып, ол тағы да былай дейді: «Мына 40 жылқыны көлікке қалдырыңыздар, сіздерден бұларды ешкім іздеп жатпайды. Бұлармен қалаға сатуға пішен тасисыздар, тамақ пен киім-кешек сатып аласыздар».

Сонымен «Абай жолының» екінші кітабы қазақ натуральды



шаруашылығында болып жатқан өзгерістер туралы белгілі бір ұғым береді. Шаруашылықтың бұл түрі ендігі жерде күннен-күнге ақшалы сипатқа ие бола түскен болатын. Мұның өзі XIX ғасырдың ақырғы ширегінде қазақ, шаруашылығында орын алған, әрі көптеген тарихи деректерде келтірілген экономикалық алға басу процесіне толық сай келетін еді.

Ақша негізінен алғанда мал сатушы байлардың қолына шоғырланғандықтан, қазақ кедейлері алым-салықтарды төлеп, өз шаруашылығын қажетті товарлармен қамтамасыз ету үшін байлардан қарыз сұрап, саудагер байларға бұрынғыдан да гөрі көбірек кіріптар бола түсті. Товар-ақша қатынастарының екеуі қазақ қоғамының мүлктік жағынан даралануын тездетіп, тереңдете берді.

«Абай жолы» эпопеясының соңғы кітабы әсіресе XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында көшпелі мал шаруашылығында шиеленіске түскен дағдарысқа және салдары жағынан бұрын-соңды болып көрмеген ауыр жұттарға байланысты халық бұқарасының басына түскен аса ауыр күйзелістің орасан зор мөлшерін айқын көрсетіп берген.

Қаралып отырған дәуірде Қазақстанда қауымдық жерді феодалдардың іс жүзінде өз жеке меншігі ретінде билеп-төстеуі салдарынан, патша өкіметінің өлкені отарлау мақсатымен жерді күштеп тартып алу салдарынан жайылым алқаптар елеулі түрде тарыла түсті.

Жерді пайдалануға салынған мұндай тежеу өзінің экстенсивтік сипаты арқасында, тек табиғи мал азығындық негізге сүйене отырып, кең көлемді жер аймағы болғанда ғана тіршілік етіп, дами алатын көшпелі мал шаруашылығының негізін сөзсіз шайқалтатын еді. Солай болып та шықты. Өйткені қыс кезінде малды аман алып шығу үшін шамамен ең жақсы, шұрайлы деген 8–10 гектар табиғи жайылым керек (53). Сонымен, жайылымдық, ең алдымен қысқы жайылымның жетіспеуі, мал айдайтын дәстүрлі жолдар мен суаттарды патша өкіметінің жерді күштеп тартып алуы экстенсивті көшпелі мал шаруашылығының бұдан арғы даму мүмкіндігін шұғыл тежеді. Мұның өзі XIX ғасырдың ақырғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезінде ерекше күшті сезілді. Романның бүкіл өне бойынан күйкі көшпелі мал шаруашылығының ауа райы жағдайларының ауытқуына және жыл бойы аяғынан жайып бағылатын малдың жердің отына түгелдей тәуелді болып келгенін байқау қиын емес. Тіпті мал үшін қысқа арнап ішінара пішен жинайтын кезде де жұт болған жағдайда пішен мен жайылымды комплексті түрде пайдалану арқылы ғана малдың шығынын біраз қысқартуға болатынын, ол үшін жайылым өте мол мөлшерде қажет екенін тәжірибе талай рет көрсеткен болатын.

«Бұл – осы өңір елінің сенімсіз қысқа қарсы істейтін қамының үлкені. Сонымен қатар және Бауыр елінің қысқа қарсы, жұтқа қарсы екінші амалы тағы бар. Декабрьдің тұсынан бастап өз жерінің аңысын, қыс бағдарын,

қысымын қатты қадағалап ойласа бастайды. Егер осы бүгінгідей декабрь қысып кете бастаса Бауырда, қолда арық-тұрағын, азын аулақ малын ғана қалдырып, айдауға жарайтын қой атаулыны, қара малды түгелімен Ақшоқыға, алыстағы Жидебайға, Шыңғысқа алып қашып, шұбыртып жөнеледі. Сонда апарып: сенімді қыстау, құйкалы қорық, қара бөктер қалың Шыңғыстың қойнауына кіріп кетеді» (23.751).

Эпопеяда суреттеліп көрсетілген аса ауыр жұттардың бірі декабрьдің өзінде-ақ (1903 жылы) қауіп төндіре келеді. Өйткені жазда аңызак жел шөпті күйдіріп кеткен, сөйтіп, бұлардың жұпыны қорларын күрткі қар басып қалып, он күн бойына қақаған аяз желмен қосылып, жерді айнадай етіп, таптап қатырып тастаған. «Оның үстіне қар қалың түсіп, ой-жотаның бәрін жұмыртқадай қып жылмиып сыбап салды. Көрінген қылтанақ жоқ. Тобылғы, бұта, қараған... дегеннің бауырайын қазып, шөп іздейін десе, ұсақ малға ол да қолдан келмейтін жүк. Қар сіреу боп қатып қалған...

Соның орайына ауылда қолда қалған мал азғантай. Ол азын-аулақ тоқты-торым, кәрі саулықтар және қыс уайымына ілінеді-ау! деген тай-торпақ, бірен-саран бота-тайлақ қана болатын» (23.753).

Тіпті жұт кезінде байтақ жайылымдардың өзі жеткіліксіз болатынын эпопеядан алынған мынадай мысалдар растай түседі. Жұт кезінде Абайдың бақташысы өз жайылымдарын тастап, табынын көршілес Ажы дейтін руының жеріне апарып жая бастаған. Өздерінің жылқысы аз, қар астында қалып жатқан ен жерді Ажылар Абайдан қызғанған жоқ. Сонда да Абай Ажының ауылдарына сәлем айтып, ен жерлерінде қостаған жылқыны жайғызуға рұқсат сұраған, ол елге ақы төлейтін болған.

Демек, жайылымдарды бұрынғыша кеңейтіп пайдалануға елеулі түрде тежеу салынуы, (өйткені ендігі жерде бос жатқан иен дала жоқ қой) жан басына шаққандағы малдың саны сөзсіз қысқаруына әкеп соқты. Дегенмен, тұтас алғанда, халықтың өсуімен байланысты малдың жалпы саны көбейіп отырды, бұл көшпелі шарауашылықтың дағдарысын бұрынғыдан да гөрі тереңдете түсті.

Романда халықтың кедейленіп кеткені айқын көрсетілген. XIX ғасырдың ақырғы 20-жылы ішінде Семей облысындағы халықтың жан басына шаққандағы малдың санының күрт қысқаруын сипаттайтын мына төмендегі деректер бұған тамаша дәлел бола алады, өмір шындығына көз жеткізе растай түседі. Мысалы, жан басына шаққанда онда 1880 жылы 7,4 мал, 1884–4,5 1891–4,1, 1896–4,1, 1900–4,3 бас малдан болған (54.240). Жайылым жерлердің барған сайын жеткіліксіз болып отырған жағдайында болған жұттар қазақтардың мал шаруашылығы үшін қатты соққы болды, олардың малы күрт азайып, көшпелі қазақтардың жаппай қайыршылануына апарып соғып, ерекше бір апатты жағдайға душар етті. Мысалы 1884 жылғы жұтта Семей облысының өзінде ғана 412 мың мал қырылып қалды (54).





Сондай-ақ эпопеяда 80 ші жылдардың басындағы жұт туралы да айтылады. Бұл жұтта да мал орасан көп мөлшерде қырылған болатын.

М.О.Әуезов суреттеп жазған Семей облысы халқының қатты қайыршылануы нақты тарихи деректермен де растала түседі. Бұлардың бірінде Семей облысының мал иелері, «жалпы алғанда кедей халық, көбі қырғыз мал шаруашылығы үшін ерекше сор болған жиі-жиі қайталанып отыратын мал өлім-жітімі салдарынан, әсіресе қыс 1880 жылдардың басындағы едәуір шығынға ұшырап, кедейлене түсті» (42).

Эпопеяның ақырғы бөлімінде 1904 жылы Семей облысында орын алған, өзінің салдары жағынан мейлінше ауыр болған жұт толық сипатталып жазылған. Март айының орта шенінен әдетте далада қар ашылып, жер көріне бастайды, бірақ үлкен жұт жылы делініп аталған осы жылдың көктемінде, «әлі де қыстай соққан ақ боран ақ даланы жұмыртқадай, қалың сіреу қарға толтырған. Елге жұт араласты... Қолдағы мал пішенін тауысып, енді аштыққа ұрынып, ауылда тұрып өліп жатыр. Қоралар толы қатып, серейіп қалған, кей бұрыштарға үйіліп қойылған қойлардың өлігі. Арықтан тұралап құлаған сиырлардың өлексесі де көп. Қыстың қаттылығы сонша, жұтқа әсте мойымайды дейтін түйенің өзі де аса қатты жүдеген, жадаулыққа түскен. Бірақ, әйтеуір түнде жылы қорада жатса болғаны, таң-ертең қыстау-қыстаудың маңына бытырап тарап, қалың қарда өзіне болымсыз да болса, талшық іздейді» (23.786-787).

Малды көтерем болудан сақтау үшін әйелдер қолдарына кетпен ұстап, аязда дірлек қағады, шилердің түбін, тікенді шенгелдерді қардан аршып шабады.

Эпопея авторы көшпелі шаруашылық экономикасына терең енген. Ол жұт кезінде малды қалай құтқарып қалудың халық жинақтаған талай ғасырлық тәжірибесіне негізделген басқа да көптеген қызықты егжей-тегжейлі жайлар бар.

Қыс кезіндегі бақташылардың аса ауыр еңбегі жан-жақты суреттелген. Әсіресе жұт кезінде Абай жылқысының үйірін сақтап қалу жолындағы күрес ерекше көзге түседі. Оның бақташысы Алтыбай аса қатты боран кезіндегі қақаған аязда жарамды аттарды ауыстырып мініп, өзге жылқыны ең мықты деген үйірлердің соңынан айдап отырады. «Осы қос жылқы өз мекеніне қарай жылжығалы күн санап, түн асқан сайын өліп, кеміп барады. Жол бойы төгілгендей шашылып, ақ боранға көміліп қалып жатыр. Неде болса мекенімізге жетеміз деген ниетпен Алтыбай күн сайын тың бір айғырға, бедеу биеге мініді. Санаулы қоңы бар деген атқа кезектеп мініп, қостың алдына өзі түседі. Өзге жылқышылар бұның бетімен, ізімен арттағы жылқыны кезек ауыстырып, алдыңғы тобын әдейі іріктей отырып, қалың топты жүргізіп көреді. Ұдайы қар бұзуға шыдамайтын болғандықтан, қосты бастайтын алдыңғы топ айғыр үйірін, аттар тобын жылқышылар Алтыбайға айта отырып, жиі-жиі ауыстырып,

алмастырып жүреді» (23.790). Ол Қызылмола болысынан Акшоқыдағы Абай аулына беттеп келеді. Автор ашығып, шаршап-шалдыққан, аяз сорып, қақтыққан, жұтқа ұшыраған, жылқылардың аянышты күйін көрсетеді. Абайдың қосақ-қосақ жылқыларының ішінде қоңында шыры бар бірде бір жылқы қалмаған. «Сонда да қар астынан шөп шықпады. Күзді күнгі мұзды жауын сіреу боп ұстап қалған көк тайғақ шығады. Күндер бойы айықпаған аяз мандайын қарыған жылқы тебінге бар күшін салады. Сонда да қолтығынан келген сар қарды аршып қазған шағында азғантай талшық шөп таппағанда қатты титықтайды. Екі күн жол жүретін салт аттының саптарына, Алтыбайдың қосы айға жуық мезгіл кетірді» (23).

Әрбір 10–11 жылда оқтын-оқтын қайталап отыратын бұрынғы жұттарға қарағанда XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі жұттар кезінде мал ерекше мол қырылады. Бұрын қазақтар мұндай жұтты көріп-білмеген еді. Мәселен, 1904 жылғы жұт Семей облысының едәуір бөлігін қамтыды.

«Қазір марттың ортасында сол жаңағы барлық өлке, өңірлердегі жаңалықтардың ортасына бірдей жайылған қазалы хабар бар. Бар елдің отардағы қос-қос жылқыларына өлім араласыпты дейді. Жазғы жайлау Сырт дейтін өлкеге кеткен қостар жылқысын боранда тоздырып, ықтырып қырып алыпты деседі. Жарға құлап, түсіп, қалың жықпыл қиын тастар арасында бытырап, босып, адасып өліп жатқан мал көп дейді» (23.788).

Май айының басына дейін жұттың зардабы айқын болды. Мыңдаған үй өздерінің тіршілік тірегі, күн көріс көзі болып келген мал-мүлкінен айырылып, жұрдай болып шыға келді.

«... Қырдағы пәлен ауыл отарға шығарған төрт жүз жылқысынан жиырма үш жылқы алып қайтыпты». «Аяғөзге мың жылқылық қосын жөнелткен Шыңғыстағы үш-төрт ауыл жиыны жиырма жеті жылқының келгенін көріпті», «Шиден қыс басында айдатып, Уақтың жеріне, Керей жеріне жіберілген пәлен қостан елу жылқы келіпті» деген өңшең өлім мен қаза, ауыр апат хабарлары май айының алғашқы күндері бойында ауызға көшті» (23.803).

Аса қатты ақ боран кезінде тірі қалған ақырғы жылқыларды аман алып қалу үшін күрескен Абайдың жылқышысы Алтыбай шығармада шынайы суреттелген. Абайдың қосы жеріне жетіп қалғанда арып-ашыған жылқылар ақ боранға қарсы тұра алмай, ығып кете береді. Жылқышы ұйытқыған қарлы боранда үйірді тоқтатуға тырысады. Бірақ ыққан жылқыларды ешқандай күш тоқтата алмайтын еді. Жол бойында қырылып, әлсіреген жылқылар сұлап жатыр. Оның үстіне жылқыға жиырма шақты аш қасқыр шабады. Сөйтіп, ақыры, қасқыр қуған бүкіл жылқы терең жыраға келіп құлайды. Жылқышы Алтыбай өзін өзі ұмытып, жылқыларды қасқырдан құтқармақ болып жүріп өледі. Иесіз қалған өзге жылқылар бет-бетімен тоз-тоз боп кете барады.



«Әр сайда теңкиіп өліп жатқан көтерем сиыр, қатпа түйе, арық ат қаңқалары кезігеді. Жар, жырада, қоралар маңында, молалар қасында теңкиіп-теңкиіп жатқан өлекселер. Малы болған ауылдардың қораларының қақ қасында, құлтөбенің айналасында енді шіри бастаған жемтік мол. Бірінің үстіне бірі үйіліп тасталған, жөндері ұйпаланып ұйысқан қойлар төбе-төбе. Сирақтары серейген, мағынасыз бозарып қараған көздері жарқыраған, толып жатқан үйінді өліктер» (23.803).

Осы бір қатты жұттың салдарынан күйзелген халықтың тұрмыс-тіршілігінің суреттелуі оқушыға аса терең әсер қалдырады. Көп адам аштан қырылады, көп адам қалалар мен селоларға қаңғырып кетеді, жұмысқа жалданады, аштан елмеу үшін қайыр-садақа тілеп тентіреді.

Бұл жерде айта кететін бір нәрсе, – жұттың салдарынан күйзелген халықтың соншалықты аянышты халі нақты оқиғалар негізінде суреттеле тұрса да, мұның өзі сонымен бірге көшпелі шаруашылықтың дағдарысын көркемдік тәсілмен жинақтап көрсету де болып табылады. Тарихи оқиғаларға өзінің осындай творчестволық ерекшелікпен қарайтынын автордың өзі де көрсетіп берген болатын. «Нақтылы құбылысты мен, мәселен, жұт көріністерінде Абаймен және оның жақындарымен бірге кетіп бара жатқан көшпелі сахараның бүкіл бұрынғы укладының бүтін дәуірді көрсететін жылқышылардың қырылуы эпизодында символдап жиі бейнелеймін» (10.373).

М.О.Әуезов халықтың шаруашылық-экономикалық өмірін тарихи шындық тұрғысынан шынайы суреттей отырып, оны шығарманың ең басты геройы демократ, ағартушының дүниеге көзқарасының қалыптасу эволюциясын реалистік тәсілмен суреттеп берудің негізі етеді.

Жиі-жиі қайталап отыратын жұтқа ұшырап, күйзеліске түскен халықтың ауыр халін Абай қатты ойлап, терең де ауыр ойға батады, қазақ халқының табиғаттың осы дүлей күштеріне тәуелді болуынан құтқаратын жолды іздеп, қиналады. «– Елге өнер, білім керек. Оқу, тәрбие керек. Ендігі заман кең жайылыс, ұзақ өріске сеніп, қалың ұйқыны қуат біліп жататын заман емес. Өзге өнегелі елден оқып, үлгі алудың заманы» (22.329) – деген. Абайдың дүние танымына сүйене отырып, М.О.Әуезов оны өз халқының болашағы туралы терең толғанған, оның өміріндегі негізгі өзгерістердің болуының қажеттігін айқын түсінген ағартушы ретінде бейнелейді.

Қазақстанның Россиямен шаруашылық жағынан жақындасу процесі, патриархальдық-феодалдық қатынастарды ыдырата және Қазақстан экономикасына капиталистік қатынастарды өндіре отырып, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ шаруашылығының түрлі салаларында елеулі өзгерістер мен алға басушылыққа апарып соқты.

Мұндай өзгерістер ең алдымен мал шаруашылығында болды. Ал, Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарында мал

шаруашылығы негізінен алғанда едәуір дәрежеде жартылай отырықшы сипатқа ие болып, мал шаруашылығы мен егіншілікті бір-бірімен ұштастыруға негізделген еді.

Егіншілік пен отырықшылықтың дамуымен байланысты қазақ экономикасында пайда болған осы өзгерістерді эпопеяның екінші кітабынан айқын аңғаруға әбден болады.

Осы кезеңдегі егіншіліктің неғұрлым интенсивті түрде дамуы біз жоғарыда сөз еткен әлеуметтік-экономикалық алғы шарттарға тікелей байланыста болатын. Атап айтқанда, томаға-тұйық натуральды шаруашылықтың негізін шайқалтқан товар-ақша қатынастарының дамуы, отарлық-феодалдық езгінің күшеюі, экстенсивті көшпелі шаруашылығындағы дағдарыстың тереңдей түсуімен байланысты қазақ шаруаларының жаппай кедейленіп, қайыршылануы бұл ретте ерекше маңызды болды.

Егіншіліктің Қазақстанда XIX ғасырдың бірінші жартысында-ақ біраз дамығанына қарамастан, оның жалпы дәрежесі өте-мөте төмен болды, көшпелі мал шаруашылығымен салыстырғанда қосалқы роль атқарды.

Қазақ халқының бір бөлігінің егіншілік пен отырықшылыққа көшу процесі едәуір бұрын бастала тұрса да XIX ғасырдың соңғы отыз жылында одан әрі тез дамыды. Мұнда жоғарыда атап көрсетілген себептермен қатар, жердің байлардың қолында шоғырлану процесінің жылдамдай түсуі мен патша өкіметінің отаршылдық саясатының күшейе түсуіне байланысты жерді күштеп тартып алу сияқты шаралар шешуші роль атқарды. Өзінің пайдалануына жақсы жайылымдар мен шабындықтарды басып алған байлар кедейлерді кіріптарлық тәуелділікте ұстады. Өйткені қолындағы малы мен жерінен айрылған кедейлердің бұдан басқа лажы болмады. Міне осының барлығы да кедейлердің бұрынғыша тіршілік етуіне мүмкіндік бермеді, енді егіншілікпен айналысып, отырықшылыққа көшуге мәжбүр етті.

Егер бұрын егіншілік мал шаруашылығымен салыстырғанда қосалқы ғана роль атқарса, XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында оның маңызы шұғыл арта түсті. Мұның өзі бұдан былайғы жерде шаруаның тіршілік етуінің, күнкөріс табысының негізгі кезіне айналды. Шаруалардың едәуір бөлігі өмірдің көшпелі салтынан бірте-бірте егіншілікке көшіп, оны қолөнер кәсібімен де ұштастыра түсті.

«Абай жолы» романында кеңінен суреттелген отырықшылыққа және егіншілікке көшу процесі сол дәуірдің документальды деректерінде де жеткілікті көрсетілген.

XIX ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ патша чиновниктерінің орталыққа жіберген хабарларында Семей облысының көшпелі халқы «нанды тамақ етуге барған сайын көбірек дағдыланып келеді, сонымен бірге егіншіліктің маңызын да барған сайын көбірек түсініп келеді» (42) деп жазылған.



1871 жылы Семей облысы бойынша көшпелі қазақтар 23.619 пұт жаздық бидай, 14,225 пұт сұлы, 5,223 пұт арпа, 12,463 пұт тары жинады. 1882 жылы Семей уезіндегі 25,312 семьяның 2822-сі яғни 11 проценті егіншілікпен шұғылданды (29).

1893 жылғы деректерге қарағанда, Семей уезіндегі Аршалы болысында қазақ егіншілері жерді жаппай дерлік жыртып тастаған. Мұнда 900-ге тарта қазақ үйі қазақ-орыстарға тиісті жерлерге арендау негізінде қоныс тепкен (42). Романның материалдарынан егіншілік ісімен ең алдымен тек мал шаруашылығымен айналысу арқылы тіршілік етуден қалған көшпелі қазақ кедейлері шұғылданғанын мейлінше айқын керуге болады. Семей уезіндегі қарағайлы ормандарда қазақ ауылдары орыс поселкелерімен аралас-құралас отырған Белағаш болысының қазақтары егіншілікпен бәрінен де көп айналысқан. Сондай-ақ, автор көкен және уақ болыстарын да егіншілікпен едәуір дәрежеде айналысқан аудандар деп атайды. «Тобықтыдай емес, көр-ші болыстас ел болғанымен көкеннің халқы көбінше егінші, пішенші. Қалаға жақын кәсіпшіл, шетінен еңбекке бейім ел. Бұлардың көшуі де сирек болады. Әр ауылының сырт ажарына қарасаң да тобықтыға мүлде ұқсамайды. Үй-үйдің тұсында не арбасы, не таралейкасы тұрады» (23.618). Түрлі рулардың өкілдерінен құралған ауылдардың пайда болуы осы кездің өзіне тән құбылысқа айналады. Тақыр кедей болған көшпенділер малынан айрылып, егіншілікпен шұғылдануды тіршілік етудің бірден бір көзі деп біліп, жатақ ауылдарына барып қоныстанады. «Көп-Сақау, Балта-Орақ, Жалпақ, Қандар, Қырық үйлі деген ауылдарда, елдерде уақпен қатар талай атаның ұлы бар. Осында: «бура, найман, жалықпас, бәсентиын, матай, керей, тіпті тобықтының өзінен де ертелі-кеш жырылып келіп, осы елдер арасына орналасып, момын еңбек, адал кәсіпке берілген кедей-көпшік болатын» (23.619).

Ералы қорығындағы жатақтардың осындай ауылына барып, бөкенші руынан кеткен Дәркембай да қоныс төбеді. Отырықшылық пен егіншілікке көшуге байланысты рулық ұғымдардың өзгере бастағанын Дәркембайдың мына бір сөздерінен де байқауға болады: «Ендігі қалған тірлікте мекенім, жұртым осы – ел». «Осында отырған қырық үйлі жоқ-жітікті сұрасаң, менің тең тұсым екен» (22.522).

Сүйіндік пен Сүгірдің малы бар деп, көшіне ілесем деп көп өмірім текке өтті. Шыр біткен мен жоқ. «Әлің барда сойыл соғарым едің. Қыс болса қара малымның қарақшысы едің. Қартайғанда, әл кеткенде сенің де еңбегің жансыншы. Кәрілігің кәріптікте өтпесінші» деген кісі жоқ... Енді мынадай ел арасына байыздауға келдім. Осылар еткен тірлікті тірлік етпек боп келдім!.. Бұндағы туысым дейтінім – осы отырған қырық үйлінің бәрі. Атасы туыс емес, тірлігі туыс. Көрген көресі, кешкен соры менімен туысқандар өңшен.

Өткен заман құбылыстарын бейнелеудегі негізгі принциптер туралы айта келіп, М.О.Әуезов өз геройларының бейнесін жасап, олардың қылықтарын көрсеткенде олардың әлеуметтік негіздері болуына баса назар аударатынын айтады. Егіншілікпен айналысуға көшуге, патриархальдық-рулық нанымдардың әлсіреуіне байланысты, ендігі жерде жатақтардың тап көресінің белсенді түрлеріне қарай бой ұруын түсіндіре келіп, М.О.Әуезов мұның негізгі себебі «жатақтардың санасындағы жаңа тарихи алға басушылықта» (49.104) жатқанын атап көрсетеді.

Демек, ауыл кедейлерінің феодалдардың билігінен кетуі қанаудың патриархальдық-феодалдық әдістерінің ыдырау процесін тездетіп, ауыл кедейлерінің таптық сана-сезімін оятуға жол ашуы тұрғысынан алғанда терең прогресшіл құбылыс болды.

Тобықтының өз ішінде де мал шаруашылығын егіншілікпен ұштастыруды немесе егіншілікті тіршілік етіп, күн көрістің басты көзі етуге көшкен кедейлер барған сайын көбейе түсті.

Ойқұдық, Үлкен және Кіші Қарабұлақ алқаптарында. Сарыадыр қыраты сыртындағы алқапта «жиыны алпыс үйдің жиырма десятна жердей егіні бар. Биыл осы араға Базаралы, Абылғазылар да егін еккен. Көп ауылдан бөлініп көшкен аш-жалаңаш кедейлердің де жарым жер, ширек жердей үлесі бар – егін. Енді орақты күтіп қалатын мезгіл тақпау, тегіс сарғайған» (23.246). Қатты күйзеліске душар болған ауыл кедейлері үшін егіншілік пен отаршылыққа кешу өмірлік маңызы бар қажетті фактор болды. Дәркембай Абайға отырықшы көпжатақ ауылына әнет, қарабатыр, көтібақ, көкше, мамыр, руларынан көшіп келген кедейлер де қоныстанып, егін еге бастағанын айтады.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде аграрлық мәселе шиеленісе түсті, бай ауылдарын шауып кету сияқты тап күресі күшейді. Осыған байланысты байлардың айрылып қалған малының орны тұтас ауылдар есебінен толтырылды. Байлардың қудалауына ұшыраған кедейлердің жауап ретінде егіншілікке көшуді тездете түсті. Мәселен, өзінің жойып жіберілген жылқысының әрқайсысы үшін екі бестіден беруге жігітек кедейлерін міндеттеген билердің шешімінен кейін «Бүтін ауыл дәл бір дауыл соғып, қиратып кеткендей орындарынан қозғала алмады. Тігерге тұяғы жоқ болса, қалай көше алады? Не ауыл-ауылға тарау, не батырақ боп кету, не көшіп қонуды ұмытып, жерге отырықшылануы ғана қалды». Қазақстанның басқа, аймақтарымен салыстырғанда Семей облысында жерге отырықшылану анағұрлым баяу жүргеніне қарамастан, Семей және Өскемен уездерінің жекелеген болыстарында егіншілік мейлінше жақсы дамыды. Романда, сайып келгенде, өмір сүріп, тіршілік ету мүмкіндігін тек егіншіліктен іздеуге мәжбүр болған көшпелі кедейлер ғана жатақтар деп аталғанын айта кету керек. Ал сол кезде орташа шаруалардың бір бөлігі, тіпті байлар да егіншілік пен отырықшылыққа бой ұрды.



Қала халқының есуі мен сахараның сол өз ішіндегі халықтың астыққа деген қажетінің артуы нәтижесінде XIX ғасырдың 80–90-шы жылдарында жекелеген аудандарда мал шаруашылығының жетекші ролі сақтала отырса да бірден товарлық сипатқа ие болған егіншілігі де едәуір дамыған бай шаруашылықтары пайда бола бастады.

Демек XIX ғасырдың соңғы ширегінде егіншілікке қазақ қоғамының барлық әлеуметтік жіктері бой ұрады. Осы тұрғыдан алғанда 1895 жылы Семей уезінде егіншілікпен шұғылданған 14.527 шаруашылық болғанын, мұның өзі уезд көлеміндегі шаруашылықтың жалпы санына шаққанда 62,7 процентке жеткенін атап өтуге болады.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде облыстық және уездік басқармаларға өздерін отырықшылық жағдайға көшіріп, егіншілікпен шұғылдануына мүмкіндік беруді сұраған көшпелі кедейлердің арызы көптеген мөлшерде түсе бастады. Осындай өтініштер берген көшпелі кедейлер өздерінің өте-мөте ауыр жағдайларын атап көрсетеді, бұдан шығудың жолын егіншілікке көшуде деп біледі.

Эпопеяда отырықшылыққа көшу проблемасы қатты қойылған. Осы тұрғыдан алғанда бұл жұмысқа қазақ қоғамының осы терең прогрестік құбылысқа мейлінше күшті қарсылық көрсеткен феодалдық-байлық билеуші тобы туралы ерекше сөз болады, олар егіншілік пен отырықшылыққа өлердей қарсылық білдірді.

Осымен бірге бұл процестің екінші жағын да атап өту қызық. Өмірдің талай ғасыр бойы қалыптасқан шырқын бұзуға оңайлықпен көнбеген көшпелі өмір салт-дәстүрлерінің халық санасында әлі де күшті болып отырғанын М. Әуезов шебер көрсеткен. Мәселен, Базаралы Абайға шағым айтады. Онда өзінің кішкентай ауылының шағын азын-аулақ мал-жанына жайылым да, қыстау да толық жеткен болар еді дейді. Бірақ көші-қон дәстүрінің күшті болғаны сондай, «оған бола ма?» Ал «Байдалы байдың аулы көшіпті», «Әне Жабай бай көшкелі жатыр». «Міне Бейсенбі көшіп барады» деп тыным-тыныштық бере ме? Осы аурудың үстінде бар ғой, Абай, дәл осы күнгі көп қазағыңның көшіп-кешкен тірлігімен де араздасып болдым» (23.210).

Ескі дәстүрдің халық санасындағы өміршендігі Базаралының Ерболмен дауласуынан да көрінеді. Ербол былай дейді: «Е, киіз туырлықты қазақты мұжық бол дейсің бе шетінен? Ата кәсібін айырайын деп пе едің?»

Алайда айдаудан қайтып келген Базаралы жаңаша толғап оған ата-мекен дәстүрі халықты қайыршылыққа да жеткізіп отыр ғой деп жауап берді. Базаралының сөздері қайыршыланып күйзелген халық үшін өте қатты ашынуға толы: «Осы дүниеде кім қор, кім кенде? Дәл осы қалың қазақ баласы ғой. Өзге елдің салтын көрші! Бәрінің қазыналы қаласы, қордалы қорасы, тымқұрыса тұрақты панасы бар. Сенің қалың кедей

халқыңды ойлашы... әйтеуір ен далам, иесіз шөлім кең деп ұйтқып жүрсің әлі күні..., Құйын қуған қаңбақтай жөңкіліп жүргенің мынау...» (23.210).

Романда суреттеліп отырған дәуірдің жаңа әлеуметтіе перзенті қала жатақтарының өмірін көрсетуге де үлкен орын берілген. Семейдің қала жатақтары дегеніміз кімдер? «Қырық рудан құралған» дейді олар туралы романның кейіпкерлерінің бірі Жұман қарт. Семейдегі слободка жұмысшылары Жоғарғы және Төменгі жатақтар аталғаны тегін емес-ті. Оларды көшпелі қазақтар мекен еткен болатын. Семейдің Өзен сыртындағы слободкасында да солар тұрды.

«Семей облысында отырықшылық өмірге қырғыздардың осыншалықты ұмтылуына қыстау салумен қатар, олардың бөгде руларының қала маңы слободкаларына тұрақты қоныстауы да себеп болды. Мұның мысалы Ертіс өзенінің Семей қаласының сол жақ қарсы жағасындағы Заречная слободкасы бола алады» (42).

Бұл рулық байланыстарын мүлде үзген 80-жылдардан бастап егіншілікпен шұғылданған кулақтар мен қала халқының шаруашылықтарына өзінің жұмыс күшін сату үшін қала мен оның төңірегіндегі селоларға кіре бастаған қазақ қоғамының мейлінше кедейленген қайыршы бөлігі еді. Қазақ шаруаларының бұл тобының әлеуметтік-экономикалық жағдайы оларды объективті түрде қазақтың село және өнеркәсіп пролетариатын қалыптастыратын резервке айналдырды (50.162-193).

Егіншілік пен отырықшылықтың дамуы пішен шабумен тығыз байланысты болды. Пішен шабудың маңызы XIX ғасырдың ақырғы ширегінде тіпті көшпелі шаруашылықтардың өзінде де барған сайын арта түсті. Пішен боранды жұт жылдары мал үшін, ал одан артылғаны рынокқа апарып сату үшін қажет болды. Барлық қыстау басында пішен қоры жасалды. Мәселен, Оспан Ақшоқыда қыстап отырған Абайға қыстау маңына орналасқан қорықтардан мүмкіндігінше мол пішен шабу қажеттігі туралы сөз қозғайды. Жоғарыда аталған экспедицияның деректері бойынша, Абай Құнанбаевтың ауылында 60 жылдан бері, Абайдың Ақшоқыда отырған ұлы Мағауияның ауылында 25 жылдан бері пішен шабылып келе жатқаны айтылады (54.248).

Шабындық үшін күрес халықтың өмірінде маңызды роль атқарды. Бұған мысал ретінде Шүйгінсу мен Әзберген қорығы арасынан жатақ ауылдары шапқан пішенді Тәкежанның ұлы Әзімбай күшпен тартып алғысы келген кезде жатақтар мен Тәкежан арасындағы қақтығысты еске алсақ жеткілікті.

Пішен шабуға бой ұрудың күшейе түскені туралы мынадай деректер келтіруге болады: 1900 жылы Семей облысында 16.000.000 пұт пішен шабылды. Бірақ «Қырғыз өлкесің жинағын құрастырушылар атап





өткендей, пішеннің бұл мөлшері малды қыста азықтандыру үшін ғана емес, тіпті жұт жағдайын да өте-мөте жеткіліксіз еді.

Қоныс аударушы орыс шаруаларының прогрестік ықпалы қазақ тұрмысының көп жақтарына өзгерістер ала келді. Қазақтар да орыс селолары сияқты тұрақты мекен-жайлар сала бастады.

Отырықшы қазақ ауылдарының, әсіресе Семейдің Ертіс бойы аймағындағы ауылдарының тұрмыс ерекшеліктері жаңа құбылыс ретінде автордың назарын аударуы тегін емес-ті. Бұлардың тұрғындары жер жыртумен және саудамен айналысты... Олар аула құрылыстары бар бөренеден салынған үйлерде тұрады.

XIX ғасырдың ақырғы ширегінде товарлы егіншілікпен шұғылданатын ауқатты шаруашылықтар неғұрлым жетілдірілген құрал саймандарға ие бола бастады. Дегенмен де тұтас алғанда, қазақ еңбекші бұқарасы өзінің тақыр кедейлігі салдарынан атам заманғы құрал-саймандарын XIX ғасырдың аяғында да жаңа неғұрлым өнімді техникамен алмастырып мандыта алмады. Ауыл кедейлері негізінен өркендеп келе жатқан көне техниканы қанағат тұтты, жекелеген неғұрлым жетілдірілген құралдарға анда-санда ғана қол жеткізді. Мысалы, Дәркембай егіншілікпен шұғылдана отырып, ауыл шаруашылық құрал-саймандарын жасап шығаруды үйренеді. «Бұл кісінің ісі, өзі қосынғанымен тап мына жатақ үшін үп-үлкен өнер боп алған!.. Қысы-жазы арба-шана, соқа-сайман, күрек, шот, балта, орағын үнемі баптап беретін осы кісі» (23.234).

Жерді жырттып өңдеу қажетті күш көлігі мен ауыл шаруашылық құралдары жеткіліксіз жатақтардың еңбегі аса ауыр болды. Дәркембай өз ауылындағы жатақ егіншілердің тіршілігі жайында айта келіп «тырма екеу ғана. Ал үй саны 60. Ат-көлік мүлде аз... Адамдар алқапты қолмен өңдейді...» дейді.

Көшпелі кедейлердің түрлі категорияларын көрсете келіп, М.О.Әуезов халықтың жаппай жерден айырылып, күйзелуінің картинасын орасан зор нақты материалдар негізінде жасап берді.

Романда бай және орташа шаруашылықтардағы егіншіліктің дамуына көңіл бөлінбеген. Жер мен көш көлігінің жеткіліксіздігінен оларға кіріптар болған кедей егіншілерді байлардың қалай қанағанының түрлі тәсілдері ашып көрсетілмеген, кедей егіншілер өз алдына дербес қожалық иелері ретінде суреттелуі де сондықтан.

Солай бола тұрса да М.О.Әуезов қазақтардың отырықшылану және егіншілікке көшу процесі мүліктік теңсіздіктің тереңдей түсуімен байланысты орын алғанын және мұның өзі бұрын-соңды болып көрмеген тап күресінің дәрежесінде шиеленісе түсуімен ұласқанын жеткілікті түрде нанымды көрсете білген.

Көшпелі кедейлердің отырықшылық пен егіншілікке ауысуының өзі-ақ жер үшін күресті күшейтті. Ауылдың бай да ықпалды билеуші

тобының көшіп-кону еркіндігі едәуір дәрежеде шектелді. Сонымен қатар күшпелі кедейлердің белгілі бір бөлігінің бегде топқа ауысуының өзі де олар үшін тиімсіз еді. Өйткені көшпелі кедейлер ендігі жерде феодалдардың билігінен ішінара азат болуға мүмкіндік алатын еді. Сондықтан да байлар бұған жол бергісі келмеді, қатты қарсылық жасады. Кедейлердің отырықшылануына кедергі жасау үшін олардың егінін таптатып жіберіп жүрді. Мысалы, Әзімбай Тәкежанның мыңдаған қалың жылқысын кедейлердің егініне айдап салады. Жатақ егіншілер жайында ол ыза-кекке булығып былай дейді: «Жер тырмалаған боп, ата-бабамыз істемеген кәсіпті тауыпты... Өздерін түртіп көшіріп жіберу керек. – Е, е, бір-екі рет еңбегін еш қылса, «итше жер тырмалап жаман ырым бастама» десе, өзі көшеді» (23.260-261). Жатақтардың егініне жылқыны қаптатып жіберіп, Әзімбай жылқышыларымен бірге ұйқыға кіріседі: «Бұлар дәл осы жатыста ең үлкен сұмдық істеп жатты. Ендігі ұйқылары ояу жүріп жер өртегеннен де жаман. Өз әдеттеріндегі ұры аттандырғаннан да, аш-нашарды зорлықпен жылатып, сабағаннан да бетер. Кісі өлтіріп әлсіз ауылдарды шапқандарынан да қатал жауыздық ұйқысын тудырып жатты» (23.261).

Тәкежанның қалың жылқысына жатақтардың егінін қасақана таптатып кеткен осы бір жан түршігерлік зұлымдық оқиға жайында автор ашу-ызамен жазады, жатақтарға жаны ашып сөйлейді. «... Күндізгі жас жетімдердің кішкентай әлсіз саусақтары сонша қорғанып, қалтырап күтіп ұстаған бидай сабақтарын қазір өрттен де ауыр өштік, дұшпандық соққысына ұшырады. Пышақтай өткір, мың сан тістер мен тастай қатты шақпақ тұяқтар жеп, жойып құртып жүр. Кедей атаулының еңбегі, ащы тері, аз тілегі, үміті, жүдеу тірлігі – бәрі де осы тұяқтардың жай тепкісінде тапталды» (23.262).

Жатақтар жылап-сықтап Майбасар мен Тәкежанға келіп шағынады. Бірақ олар жатақтарды қарғап-сілеп, балағаттап қуып жібереді. «Елдің сұрқын кетіріп, қайдағы сұмдықты бастағандар. Жер тырмалап, қоныс-өрісімнің құтын қашырған сұмсындар», деп айғайлайды Майбасар. Ал Тәкежан оған қосып: «Баяғыда атаң бір туса да ағайыным сен емессің. Сені тобықты санынан садаға ғып шығардым. Жатақ болғыш болсаң, егін еккіш болсаң, кет ана Белағашқа, мұжыққа кет» (22.691).

Бай барымташылары жатақтар соқа салып, жер жыртпауы үшін олардың күш-көліктерін де айдап әкетеді. Кедей жатақтар да феодалдық ақсүйектердің бассыз озбырлығына қарсы тұруға мүлде дәрменсіз болады. Бұл жөнінде бай жылқысы егінін үнемі таптап кететінін айтып, Дәркембай Абайға шағынады: «Айналаң өрттей жаулық болғанда, ортада қап отырған бір түп шидей, қалт-құлт күйіміз бар еді. Тілеуің құрғырлар, тым құрыса өсіп отырған елу үйдің кім екенін ойласа етті. Ата-бабасының отымен кіріп, күлімен шыққандар...».



Сонымен егіншіліктің дамуына ең алдымен тек товарлы мал шаруашылығымен айналысқан ірі байлар белсене қарсылық көрсетті. Жоғарыда аталып өткен экспедицияның материалдарында Медеу байдың (Оразбайдың баласы) ауылы момақан диқан уақтарды қатты қудалап, өздері егіншілікпен мүлде шұғылданбайтыны атап көрсетілуі тегін емес (50.147-148).

Эпопеяда орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуының күшеюі сияқты аса маңызды оқиға да көрініс тапқан. Егер Қазақстанда XIX ғасырдың орта шенінде ондаған немесе жүздеген қоныс аударушы-шаруалар ғана болса, (сан жағынан неғұрлым көбірек болғанымен қазақ-орыстар, әсіресе Сібір қазақ-орыс әскеріндегілер егіншілікпен аздап қана айналысты), 1897 жылғы деректер бойынша, негізінен ауыл шаруашылығымен айналысатын жарты миллионнан астам орыстар, украиндар болды. Орыс және украин шаруаларының жан-жақты бай тәжірибесін қазақ егіншілері елеусіз қалдыра алмады.

Қазақтар батырақ болып жұмыс істейтін орыс поселкелері жайлы, қазақтың егінші ауылдарымен аралас-құралас отырған орыс поселкелері туралы, әсіресе егіншілік үшін өте-мөте қолайлы Белағаш даласындағы қоныс-жайлар туралы эпопеяның екінші кітабында жиі айтылады.

Жаңа қонысқа жеткенше орасан ұзақ жол жүріп, ауып келген шаруалар жүдеп-жадап, титықтап біткен кедейлер еді. Үкіметтен азық-түлік немесе ақшадай жәрдем атаулы ала алмаған ерікті қоныс аударушылардың жағдайы әсіресе егін шықпай қалған қуаңшылық жылдары өте-мөте ауыр болды. Сондықтан да 90-шы жылдардың өзінде-ақ біржола азып-тозып біткен шаруалар кейін қарай кері қоныс аудару бастады. Мұның өзі елдегі аграрлық дағдарысты бұрынғыдан да шиеленістіре түсті. Патшалық Россияның іріп-шіріген құрылысы қоныс аудару ісін ұйымдастыруға дәрменсіз болды. М.О.Әуезов қоныс аударушы шаруалардың әсіресе егін шықпай қалған қуаңшылық жылдары жаппай жүдеп-жадағанына назар аударады. «Бұлардың қалың бір тобы, соңғы жылдарда ішкі Ресейдің жерсіз қалған, аштыққа ұшыраған крестьяны. Мекен іздеп, қоныс-жай іздеп, адал еңбек, кәсіп қуып келген бұқара халық – қара шаруа болатын» (23.584).

Романның соңғы кітабында Жетісуда егін шықпай қалған қуаңшылық салдарынан үлкен қалада тіршілік ету оңай болар деген үмітпен Семейге келіп шоғырланған орыс қоныс аударушыларының қара түнек хал-жайы көрсетіледі. Бас панасы, киім-кешегі, ішіп-жемі жоқ байғұстар болымсыз ақы үшін байлар мен орыс кулақтарына жалдануға мәжбүр болады.

Орыстың саяси жер аударылушысы Федор Иванович Павлов патша өкіметінің қоныс аудару саясатының мәнін Абайға дұрыс түсіндіреді. Ол өткен жазда бас көтеріп үлгерген немесе тағы да бас көтеруі мүмкін күйзелген, аш-жалаңаш шаруаларды шет аймаққа қоныс аударуға патша

үкіметінің барынша ынталы болып отырғанын айтып береді. «Бұл жақта – Жетісуда, Сібірде жер көп, байлық мол, барасың да қарық боласың» деп қазір Семейді қаптап, басып жатқан сансыз көп крестьяндарды өз мекендерінен алдап жөнелткен» (23.774) дейді ол.

Абай Семейде көрген қоныс аударушы кедейлердің ауыр жағдайы сол кездегі патша әкімшілік орнының документтерінде де кездеседі. Мысалы, сахара генерал-губернаторы 1891 жылы сахара өлкесіне қоныс аударуды екі жылға тоқтата тұруды сұрайды. «Өйткені қоныс аударушылар жайғасатын, бос жатқан қазна жері әлі айқын белгіленіп, өлшеніп болған жоқ, ал бұл өлкеге келіп қалған қоныстанушылардың қалың бұқарасы жерге орналастырылып болған жоқ және өте-мөте қатты жоқшылық көруде» (42).

М.О.Әуезов эпопеяда қазақ еңбекшілерінің орыстың Қазақстанға қоныс аударушы шаруаларына деген көзқарасын да тарихи тұрғыдан дұрыс көрсетеді. Олардың басым көпшілігі мұнда қазақ халқын қанаушылар ретінде емес, Россияның орталық аудандарында жерсіздіктің зардабын тартып, жоқшылық көрген еңбеккерлер ретінде келді. Романда орыс және қазақ еңбекшілері арасында бірқатар жағдайларда орнатылған шаруашылық, достық байланыстардың сипаттамасы бар.

Жазушы бірқатар жағдайларда жалпы негіздегі шаруашылық және таптық мүдделердің орыс және қазақ еңбекшілері арасындағы туысқандық ынтымақтың пайда болғанына зор маңыз береді. Осы жағынан алғанда мынадай эпизодтың принциптік маңызы бар: Әзімбай қолы жатақ ауылдарын шапқан кезде бұларда қонып жатқан қоныс аударушы 20 адам жатақтарға көмек көрсетіп, оқтықтарын ала жүгіріседі. Қоныс аударушылар жатақтарға өздерінің егінін таптап кеткені туралы Семей уезі бастығының атына акті жазуға көмектеседі. Үш ауылдың жатақтары көмек көрсеткені үшін алғысын айтып, орыс шаруаларын жолға шығарып салысады.

Бұл эпизодты автор ойдан шығарған. Бірақ мұның өзі революциядан бұрынғы Қазақстан тарихында болған көптеген осы сияқты тарихи шын фактілерге негізделген. Бұл жерде автордың ойдан шығарған эпизоды нақты тарихи болған жағдайға дәлме-дәл сай келетін тарихи шындықты логикалық тұрғыдан ақылға қонымды етіп мейлінше беделді жарқын етіп көрсетуге көмектеседі. Тарихи процестің заңдылықтары мен оның дамуының басты бағыттарын терең түсіну негізіндегі авторлық фантазия бұл жерде сол өткен дәуірдің құбылыстарын қорытып көрсетіп, көркемдік жағынан типтік дәрежеге жеткізу үшін өте-мөте қажет болғаны байқалады.

Орыс және қазақ еңбекшілерінің бір-бірімен жақындасып келе жатқанын бейнелі түрде суреттей отырып, М.О.Әуезов оны халық өміріндегі тарихи прогрестік маңызы бар жаңа құбылыс ретінде ерекше атап көрсетеді.



Базаралының айдаудан қашып шығуына орыс адамдары – жер аударылып жүрген Кирилл мен Сергей көмектеседі. Сібірді аралап туған еліне келе жатқан оған тағы да орыстың кедей шаруалары көмектеседі: тамақ береді, жол көрсетеді, жылынып алуы үшін үйіне кіргізеді, қондырады.

Орыс пен қазақ еңбекшілері арасындағы тамыр болу деп аталатын достық қарым-қатынастың мұндай фактілері романда аз емес. Бұған мысал ретінде жүк тиеуші Сейіттің орыс жұмысшылары арасында сенімді жолдастары бар екенін, оның көрші ұста Кириллмен дос болғанын, оған киын қыстау сәттерде талай рет көмек көрсеткенін айтсақ та болады.

Сонымен «Абай жолы» эпопеясы Қазақстанға орыс шаруаларының жаппай қоныс аударуы байлар мен орыс кулактарына кіріптарлық жағдайда бірдей қанауға ұшыраған қазақ және қоныс аударушы орыс кедейлерінің бір-бірімен экономикалық жағынан жақындасуы үшін нақты жағдай туғызды деп қорытынды жасауымызға негіз береді.

Орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуы нәтижесінде орыс және қазақ еңбекшілерінің арасында өз ара еңбек қатынасының орнауы қазақ халқының отырықшылыққа көшіп, егіншілікпен айналысуын тездетті, қазақ диқандары шаруашылықты жүргізудің неғұрлым озық тәсілдерін үйренуіне ықпал етті, сөйтіп, сайып келгенде, Қазақстанның өндіргіш күштерінің одан әрі өсуіне жол ашты. Қазақ шаруалары мен қоныс аударушы орыс шаруаларының арасындағы шаруашылық байланыс орыстардың да қазақтардан мал ұстау, суармалы егіншілік сияқты байырғы еңбек дағдыларын үйренуіне мүмкіндік берді.

Орыс шаруаларының Қазақстанға қоныс аударуынан әлдеқайда көп бұрын бірқатар аудандарда басталған егіншілікке көшу процесі бұған дейін қазақ шаруашылығының өз ішіндегі томаға-тұйық белгілібір қажеттіктер өмірге әкелген процесс болды. Жекелеген аудандарда қазақтар егіншілікке тікелей орыс шаруаларының ықпалымен көше тұрса да, тұтас алғанда Қазақстанда егіншілік бұрыннан бар болатын, ал орыс шаруаларымен байланыстың күшеюі егіншіліктің дамуын едәуір тездетте түсті, бірқатар аса маңызды сапалық өзгерістер ала келді.

Отыршылық пен егіншілікке көшу барысында қазақ көшпелі шаруашылығының эволюциясы басталып, ол мал шаруашылық-егіншілік бағыттағы жартылай отырықшылық сипат алды.

М.О.Әуезов егіншілік туралы айтқан кезде оның даму барысын асыра көрсетуге тіпті де ұмтылмайды. Өзінің патриархальды-феодалдық тіректері бар көшпелі мал шаруашылығы өндірістің басты саласы екені эпопеяда тарихи объективті шындық тұрғысынан дұрыс көрсетілді. Алайда бұл саланың терең дағдарысқа ұшырап, неғұрлым прогрестік өндіргіш күштердің кеңінен дамуына кедергі болғаны да айтылады.

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың бас кезінде феодалдық-

рулық билеуші топ өкілдері қауымдық жерлерді өздерінің жеке меншігі сияқты зорлап басып алуы күшейе түсті, мұның өзі таптық күрестің едәуір шиеленісуіне апарып соқты.

Қауымдық жерді пайдалануда үстем таптың монополиялық правосы барған сайын күшейе түсті. Мұның өзі «феодалдық қатынастардың бет пердесі сыпырылып, рулық бүркеншік әлсіреген кезде, жер таршылығы көшіп қонудың нақты аудандарын қайсы бір феодалдарға заң жүзінде бекітіп беруге жағдай жасаған кезде, феодалдар патша үкіметі тарапынан қуатты қолдау тауып отырған кезде» ерекше айқын сезілді. «Енді феодал Жайылымға рулық меншік туралы айтуды қойды, жайылымды ашық иемденді, өзін меншік иесімін деп жариялады. Жайылым жиі сатып алу-сату, арендау мен басқа да келісімдердің объектісіне айналады» (26.30).

Семей облысы қазақтарының шаруашылықтарын зерттеу материалдарында жердің арендаға берілуі мен сатылуы сияқты фактілер бар. Мысалы Шыңғыс болысындағы әнет руының бір топ ауылы қақында былай деп атап көрсетіледі. «Қыстауларды арендаға өткізіп, сату – кәдуілгі құбылыс» (50.74).

Қысқы жайылымға жапсарлас шабындықтарды феодалдық билеуші топтың өздеріне жеке меншік етіп басып алуы өткен дәуірдің өзінде-ақ басталған болатын. Ал XIX ғасырдың ақырғы ширегінде бұрын ешқандай дау-дамайсыз қауымдық пайдалануда болып келген жазғы жайылымдарды басып алу басталды, бұл процесс бұрынғыдан да тереңдеп, күшейе түсті.

Осы процесс романда қызықты ашылып көрсетілген. Мұнда өткен кездегіден өзгешелігі сол қазіргі ру-рудың арасындағы тартыстың арғы жағынан ру арасындағы «даулы» жерлерге емін-еркін өзі ие болғысы келіп отырған феодалдық-рулық билеуші топтың жеке мүдделері мейлінше айқын көрінеді. Мұндай жағдай егіншілікпен айналысатын Көкен болысындағы кедейлер өмірін көрсеткен кезде ерекше байқалады. Өйткені олардың бұған дейін жарты ғасыр бойы күшті тобықты руының, шынына келгенде оның ат төбеліндей билеуші тобының тарапынан қысым көріп, өз жерлерінен айырылып келе жатқаны айтылады.

Мәселен, Құнанбайдың кезінде-ақ Көкендердің Жымба, Арқалық, Күшікбай қорықтары тартып алынған-ды. Тобықтының өзге шонжарлары Ақжал, Төрекұдық, Қаракұдық, Обалы, Қоғалы қорықтарын басып алды. Бұл үшін кескілескен қырғын да болды. Мұндай жағдайдағы жер дауының әлеуметтік мәнін шебер ашып бере отырып, М.О.Әуезов, заңсыз басып алынған жерлерді жекелеген ірі феодалдар ғана емін-еркін иемденгенін көрсетеді. Мәселен, мың жылқылы Жиреншені алайық. Оның әкесі Шоқа кезінде уақтардан Білдінің төменгі жағын, Ақжал мекенін тартып алған болатын. Абралының әкесі Обалы мен Қоғалы қорықтарын, Оразбайдың әкесі Қаракұдық пен Төрекұдыққа олардың өз иелерінің еркіне қарамай баса көктеп, күшпен иемденген-ді. «Бұлар Көкен елінің егін салатын



жері азай-ғандықтан, анығында Көкеннің сырты – Тобықты бұрын тартып алған жер атаулының бәріне анық мұқтаж. Себебі ол жерлер егінге аса жайлы, ең шұрайлы төскейлер. Бетегесі, көдесі киіздей, өзі сан шақырымдар бойына теп-тегіс боп созылған анық «құдай қосқан» дейтін, үлкен еңбектің жанасуын тілейтін жер. Қысты күні бұл жерлерді қалың жылқы, Оразбайлардың елу-алпыс мыңдай жылқылары да мекен ететіні сол: қыртысы қалың, жайылысы бетеге, көдесі, ақ оты көп болғандықтан» (23.619).

Өздерінен тобықтылар тартып алған жерлерді қалай болған күнде де қайтарып алуға бел байлап, көкендер орыс әкімшілік орнына шағым айта барғаннан кейін жер жөніндегі дау ерекше қыза түседі. «Соны былтыр сөз етіп, Жалпақ деген жерде болған Семей уезінің «Шербешнайында» Көкеннің елі арыз қылған... Ұлық жаңағы жер Көкен елінің өзінікі екенін дәлелдейтін қағаздарын ала келген. Тегі Семейдің ұлықтары көкен мен тобықтының болыстарын сол «Шербешнайда» қосып отырып, бұрын тобықты тартып алған жерлерді Көкен еліне қайтартпақ болады, соны сезген Тобықтының жуандары Жалпақтағы «Шербешнай» сияз үстінде бірнеше пәле шығарды» (23.607). Осы кезде Оразбай көкендерге күш көрсете қаһарлы сәлем жолдайды, олардан жер өлшеушілердің жұмысын тоқтатып, бітімге келуін, яғни қайтарып бер деп отырған жерлерден бас тартуын талап етеді. Алайда уақтар әлі де болса әділдік іздеуге бел байлайды.

Көкендерді шауып кету үшін қол жинай жүріп, Оразбай былай дейді. «Шикылдаған арбасына мәстегін жеккен өңшең егінші, масақшы, күрек-шоттан қорегін іздеген қу кедей! Аталы ел болып, іргелі жұрт болып белдесе бір сәрі. Қырық рудан құралып, қырық жамау болған басымен... өңшең тырмашы, балташы, орақшы, соқашы, диканшы» (23.610).

Тобықтыларды көкендерді шауып кету үшін отряд құрауға көндіре отырып, Оразбай мен басқа да билеп-төстеуші топ халықты алдап-арбайды, олардың мүддесін көздеген болады, уақтар қайтарып алғысы келген жерлер бүкіл халыққа, бүкіл тобықты руына тиісті, біз сол үшін күресеміз деп үгіт таратып жібереді.

«Халық үшін», «Жер-суымыз үшін» деген жалған сөздермен Оразбай өзінің жеке басының қамын ойлайтынын бүркемелей түседі. Алайда жорыққа қатысуға мәжбүр болған қатардағы қарапайым тобықтылардың бір бөлігі өз іштерінен билеп-төстеуші топтың бұл қылығына қарсы болады. Таптық сана-сезімнің ояна бастағанын және бұрынғы патриархальдық-рулық құр қиялдың күйрей бастағанын кедей тобықтылардың мына айтқан сөздері айқын көрсетеді. «Қарақұдық, Төрекұдық, сонау Жымбаға шейін созылып жатқан жерлерге әсте Тобықтының малы жоқ кедей көпшілігі қадам басып көрген жоқ», немесе... «ат керт етіп шөп жеген, ер қылқ етіп су ішкен жеріміз емес» (23.611).

Өздері жерін күшпен тартып алған қатардағы жай шаруаға қарсы ынтымақтасып қарсы шыққан ат төбеліндей бай-феодалдар тобының өз қолдарына шұрайлы жерлерді шоғырландыра түсуі мен әлсіз рулардың кедейлерінен жерді зорлап тартып алу әрекеттерін көрсететін, сондай-ақ феодалдардың таптық бірлігін байқататын мына бір үзінді эпопеяның баса назар аударуды қажет ететін тұсының бірі.

«Осылай ойласа анығында жаңағы даулы боп отырған күзеу, көктеу деген қоныс атаулының барлығын пайдаланатын жиырма отыз ғана ауыл еді. Мың жарым, екі мың үйдің ішінен жиырма ғана адам, сол жиырмадай ғана бай жайлап-төстейтін. Бүгінгі Оразбайдың отырғанында Құнанбай заманынан бері қарай, тобықтының әр жуан руының бір-бір үлкен байлары көрші кедей, момын егінші, еңбекші уақтың өздері әлі пайдалана алмай отырған жерлерін үнемі баса қонып, жеп жүретін.

Қысты күні сол жерлерге отарлап, қостап жылқыларын шығарады. Жаңағы көлденең созылған ұзын өлкеге қар түсе жиырма-отыз қос жылқы келеді, шамасы елу-алпыс мыңдай жылқының қысқы панасы тобықты жері емес, осы уақтан тартып алған жерлер. Міне Оразбайдың барлық байбайы мен айғайының астарында жатқан шынның шыны – осы» (23.611).

Романдағы осы және осыған ұқсас басқа да жайлар тарихи деректер мен сабақтаса отырып, рудың билеуші тобы мен қатардағы шаруалар арасындағы жер пайдалану правосының аспан мен жердей айырмасы бар екенін көрсетеді. «Бір қырғыздар орасан үлкен алқаптарды, екіншілері кішкентай учаскелерді (еркек жан басына 4 десятинаға дейін) пайдаланады, мүлде жері жоқ, кейде жүз қаралы лашықты қырғыз топтары да ұшырайды» (42).

Жерді күшпен тартып алу көп жағдайда екі жақты қанды қақтығыстарға апарып соқтыратын. Мәселен, тобықты билеп-төстеушілері жүз қаралы жігіт сойылдарын сүйретіп, айбалталарын жарқылдатып, найзаларын шошандатып келіп, бейбіт жатқан ауылға тиіседі, олардың жылқысын қуып кетуге тырысады. Бірақ көкөндер де қарап жатпаған, Тобықтылардың қалың қолын бұлар да қарулы қолмен қарсы алады. Түні бойы қан төгілген шайқас болады. Көкөндердің жылқыларын айдап әкетуден дәмесі бар тобықтылар енді бас сауғалай қашуға мәжбүр болады.

Автор халық өмірін жан-жақты толық қамтып, еңбек үстінде, феодалдық қырқыс-тартыстар кезінде, таптық, отаршылыққа қарсы күрес барысында суреттеп береді. М.О.Әуезов сол замандағы қазақ қоғамына тән әлеуметтік және саяси оқиғалардың халық тағдырына қалай әсер еткенін тамаша көрсетеді. Сонымен бірге жазушы сол оқиғаларға халықтың қатынасы қандай болғанын, оның көкейтесті арманы мен мақсатын білдіреді. Автор қауымдық жерді емін-еркін билеп-төстеу правосына ие болған феодалдың іс-әрекеті ендігі жерде егіншілікті және пішен шабуды кәсіп еткен кедейлердің мүддесіне





тікелей қарама-қайшы келіп, олар бұдан былай феодалдардың қауымдық жерді емін-еркін билеуіне қарсылық білдіріп кедергі жасағанын, бас көтере бастағанын көрсетеді. Бүкіл қауымдық жерге өздерінің мыңдаған малын жаюға үйреніп қалған, маусымдық жайылымдарды пайдаланып жүрген байлар ендігі жерде жердің бір бөлігінің жыртылып, егін егілуіне және шабындыққа айналуына байланысты тиісті шектеуге душар бола бастады. Мұның өзі XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде аграрлық мәселенің мейлінше шиеленісуіне апарып соқты. Қазақ даласында жер үшін кескілескен күрес қыза түсті. Жоғарыда атап көрсетілгендей, байлар егінші кедейлерді қатты қудалап отырды, дәнді дақылдар егінін, шабындықтарды таптап кетуге әрекет етіп бақты.

Жоғарыда Тәкежанның қалың жылқысы жатақтардың бітік шыққан егінін қалай таптап кеткені туралы сөз болған еді. Бұл әдейі, қасақана, күні бұрын ойластырылған таптау болатын. Байлардың ойынша, басында қаскөйлік жолдармен кедейлерді егіншіліктен, қалыптасқан отырықшылықтан бас тартуға мәжбүр етуге болатын еді.

Шабындық үшін шайқас та бұдан кем болмады. Өйткені Семей облысындағы жартылай отырықшы шаруашылық жағдайында шабындық жерлер ерекше күшті бағаланатын еді.

Мәселен, жігітек руы кедейлердің жеті ауылы Шүйгінсу мен Өзберген қорықтарындағы өздерінің шабындық жерлерінің жартысын шапқанда Әзімбайдың күшпен тартып алғанын айтып, шағынады. Әзімбай бұдан бұрынғы жылдарда олардың пішенін тартып алған-ды. Енді міне үшінші жолы, иелерінің қарсылық еткеніне қарамай, олардың шабындық жерлеріне өз бетімен келіп шалғы түсірді. Кедейлер осындай зорлық-зомбылықты айтып, Абайға шағынады. «Жер менен жердің түгі зор сордың түбі еді ғой... Құнанбайдың да қалың елдің көрген қатты тепкісі бір жағынан жерге тірелуші еді ғой. Бұл күнде Құнанбай өлсе де, Құнанбайлық құрымапты» (23.76). Абайға шағым айтып, қорғаныш іздеп келген кедейлер өз жағдайын былай түсіндіреді: «Өткен жылдарда да жанымызға батып еді. Онда бірақ, әр ауылды бөлек-бөлек алдап-сулап аунатып жеді. Қысқы азығымыз, аз ғана пішеніміз болатын. Өзімізде мал болмаса, қыс ортасында әлді малды ауылдардан күтімге арық-тұрағын алып бағып, жемшөп беріп, тым құрыса ас-суымызды айырушы ек. Сұрау жоқ, келісу жоқ, келеді де бас салады жыл сайын» (23.17).

Абай Тәкежаннан жігітектердің пішенін қайтып беруді талап етеді. Бірақ ол Абайдың айтқанын орындаудан бас тартады. «Егер жігітек тасып аламын десе, күзеуден қыстауға қайтқан сапарымда, сол он қыстаудың үстіне қонып аламын да, тасытып алған пішенді бар малыма жегізіп болып қана өз қыстауыма көшемін» (23.81) деп, қорқыта хабар жібереді жігітектерге.

Алайда Тәкежанның зорлық-зомбылығына біржола қарсылық көрсетуге бел байлаған жігітектер өздері шапқан пішенді қыстауларына

тасып әкетеді. Мұны естіген Тәкежан Мұсақұлдағы өзінің қыстауына бармайды, Шүйгінсу мен Өзбергеннен пішен тасып әкеткен анау жеті ауыл жігіттердің қыстауына бет бұрады. «Көш алдында Тәкежан, Өзімбай, Майбасар барды. Қастарына он шақты ер-азамат, нөкер ертіпті. Қалың көштің қонатын орнына кеп топтанып тұр. Жігіттектің кішкене шым қоралары аяғының астында қалып бара жатыр. Аз ғана ауылдардың қыс талшық ететін, иек астындағы болымсыз ши қорықтарына, қалың қой мен түйе, сиыр жапырлап кеп тұмсық салды. Кейбір қоралардың, аласа қоршау артындағы маяларына бос түйелер, қаңқақ мүйіз үлкен сиырлар артыла тұра қалып, қарбыта асап жатыр» (23.87-88). Тәкежанның көші де жігіттердің барлық шабындығын таптап, шабылған пішенін түгелдей құртып кетуге мықтап бел байлап, осы жерге үйлерін тіге бастады.

Тұтас алғанда аграрлық мәселенің шиеленісуіне тоқтай келіп, М.О.Әуезов қазақ даласына капиталистік қатынастардың енуімен байланысты жер арендасы сияқты жаңа құбылысты да көрсете білді. Енді жер де товарға айналған еді. Бұл жөнінде, мәселен, мынадай фактілер келтіруге болады. Жұт кезінде, Абай бір аз ғана малы бар ажыларға тиісті ақы төлеуге уәде беріп, олардан қар астында қалған мол тебіні бар жайылымының бір бөлігіне мал жаюға рұқсат беруін сұрайды (23.725).

Жерді арендаға алу фактісі романда талай рет кездеседі. Семей облысындағы, әсіресе қазақ ауылдары мен орыс поселкелері аралас-құралас отырған Белағаш даласында жерді арендаға алу мол таралған. Қазақтар құнарлы да егіншілікке қолайлы осы ауданға басқа болыстардан жиі келеді де арендаға жер алады. Жер арендасының Қазақстанда кең тарағанын XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы көптеген архив материалдарынан және әдеби деректерден көруге болады. Мәселен, 1903 жылғы деректерге қарағанда бүкіл Семей облысы бойынша Кабинетке қарасты 100 мың десятина жерді Томск губерниясының (ең алдымен Белағаш даласының) қазақтары, ал бұл алқаптың бестен бір бөлігіне жуығын қазақтар арендаға алған (54.225).

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы аграрлық мәселенің шиеленісуі және осыған байланысты көшпелі шаруашылық дағдарысының тереңдей түсу процесі патша өкіметінің қазақ жерін жаппай талан-таражға салып, отарлық қанауды күшейте түсуді көздеген реакциялық отарлық аграрлық саясатына тікелей байланысты болды. «Қоныс аударушылар фондысы, – деп атап көрсетті В.И.Ленин, – байырғы халықтардың жер жөніндегі праволарын көпе-көрнеу бұзу жолымен құралады» (3.88).

Патша үкіметі Қазақстанға қоныс аудару қозғалысын XX ғасырдың басында елде жаппай басталған аграрлық қозғалыстар мен өрши түсіп келе жатқан революциялық ситуациялардан сақтаудың және орталық Россиядағы аграрлық қайшылықтарды бәсеңдетудің (3.85) тиімді



тәсілі деп санады: Семей облысы қазақтарынан 1903 жылы 235.300 десятина (42) ал 1906 жылға қарай 536.124 десятина (52.98) жер тартып алынды.

Көптеген деректерге қарағанда, қоныс аудару қорын жасаған кезде бұған дейін егіншілік пен отырықшылыққа көшкен қазақ шаруаларының өңделген, егін егіп отырған жерлерін күштеп тартып алу фактілері жиі орын алған. Мәселен, Семей уезіне қоныс аударушылар үшін Семейден 90 шақырым жердегі Жартас учаскесі бөлінген болатын. Ондағы «ойпаңдау жерлеріндегі қырғыз егістіктері... түгелдей болашақ қоныстанушылардың қолына көшкен» (42).

Эпопеядағы ең маңызды мәселенің бірі патша өкіметіне, байларға қарсы халық наразылығын, өрши түскен тап күресін неғұрлым кеңірек көрсету болып табылады.

Ауылдағы мүліктік жіктелушіліктің шұғыл тереңдей түсуі мен XIX ғасырдың соңғы ширегінде және XX ғасырдың басында қауымдық жерлерді байлардың баса көктеп тартып ала бастауы халық бұқарасының наразылығы өсіп, тап күресінің шиеленісуіне негіз болды.

Сол дәуір үшін жетекші мейлінше елеулі оқиға болып табылатын шынайы тарихи қақтығыс, тап қайшылықтары мен олардың белсенді түрде бой көрсетуі М.О.Әуезов эпопеясында аса күшті көркем суреткерлікпен нанымды берілген. Шығармада халық бұқарасын өздерінің әмірлік мүдделерін қорғауға аттануға мәжбүр еткен себептердің жиынтығы терең ашып көрсетілген. Эпопеядағы халық өмірінің шынайы көрінісі байлар барған сайын талан-таражға салған жерге, әсіресе шабындық жерге деген күшті қажеттік тап күресінің басты мазмұны бола түскеніне әбден көз жеткізеді. Мұның өзі қауымдық жерлерді баса көктеп тартып алуды күшейте түскен феодал-рулық билеуші топтар мен жерді өздерінің тіршілік етіп, күн көруінің бірден-бір көзі деп санап, егіншілік пен отырықшылыққа көшкен қазақ кедейлерінің арасындағы жер үшін басталған бітіспес күрес еді.

Эпопеяның бірінші кітабының өзінде-ақ жұттан кейін ашыққан халыққа көмек көрсету үшін Құнанбайдың және Ырғызбай руының басқа да билеп-төстеуші шонжарларының малын айдап әкеткен жекелеген «бүлікшілердің» іс-әрекеттері – стихиялық тап күресі елес бере бастайды.

Солардың бірі Балағаз өзінің ұрлық жолына неге түсіп отырғанын түсіндіре келіп, былай дейді: «Менің жоқтығым оған барлық боп жабысқан. Жерім қайда? Кегім, есем қайда?.. Асып төгіліп жатқан артығы ғана шашырайды... Менің аш-арығым елімнен қалады. Мен ұры емеспін, өсімін бардан алам, жоққа берем...». Балағаз ұсталғаннан кейін Құнанбай оны серіктерімен қоса Семей түрмесіне жөнелтеді. Бұрын мұндай қатал шараға ешкім бара қоймайтын. Бірақ бұл жолы Құнанбай тәуекелге бел байлады. «Бұрын өз тұсында мұндайлық істі істемеген

Құнанбай Балағаздар қарсысына келгенде, басқа қырға мінді. Өйткені себебі, жігіттектің мына жастары бастаған істің түбінен ол аса қатты сескенген...

Балағаздар ісін Құнанбай өз ішінде ұрлық деп бағалаған жоқ, тамырлы, түбірлі наразылық, қарсылық деп білді... Ашаршылық жоқшылық қамауында отырған жұрт енді осыған ден қойып кетсе, не болмақ? Мұндай ойларға байланған сайын, Құнанбай үрке беретін, Балағаздарға барды салып, кәр төккен себептері сондайдан туған. Ел жүрегін шайлықтырамы, түңілтем дейді. Бір жағын жаза, бір жағын кінәға сүйеп отырып, үркітіп тыям дейді» (22.366)

Балағаздың басындағы ауыртпалықты жеңілдетуді тілеп, өтініш білдірген орасан көп халықтың іс-әрекетінен де тап күресі бой көрсетеді. Абай да адвокат Андреевке жігіттер малды тек байлардан ғана алып, олжаны жұттан кейін қатты ашыққан халықпен бөліскенін әңгіме етіп, түсіндіреді. «Әңгіме осыған келгенде, Ақбас үлкен ойға кетті. Европа ескілігінен Робин Гуд, Карл Моор, Жакерия, орыс әңгімесінен Владимир Дубровский, Сохатый... баршасы да ойына түсті» (22.376).

Автор қандай жағдайда болса да тарихи шындық принциптерін қатал сақтай отырып, түрлі әлеуметтік топ өкілдерінің іс-әрекеттері мен олардың идеологиясының таптық тұрғыдан алғандағы шарттылығын неғұрлым терең ашып беруге тырысады.

М.О.Әуезов тап күресінің барысын даму үстінде суреттей отырып, жеке «бүлікшілердің» үстем өкілдеріне қарсы іс-әрекеттерінен бастап анағұрлым көлемді де белсенді қарсылыққа – жаппай наразылық білдіріп, көшіп кетуге дейінгі жаңа формаларына қалай ұласқанын дәйекті түрде көрсетеді.

Эпопеяның бірінші кітабында жылқы ұрлағаны үшін айыпталған Оралбайдың ісі жөнінде тергеу жүргізе отырып, Семей уезінің бастығы өрескел жүгенсіздік пен зорлық-зомбылыққа жол бергені, тергеуде жауап беруші Базаралыны және Оразбай, Жиренше, Асылбек билерді ұрып-соққаны жөнінде эпизод бар. Бұл іске Абайдың араласуы, ал содан соң сайлауға әзірленуге байланысты басқа да толып жатқан қаскөйлік әрекеттерден туған халықта ашу-ызаның бұрқ ете түсуі сайлауды болдырмай тастайды, тұтқынға алынғандар босатылады, сайлау үйлері талқандалып, өртеледі, сайлауға жиналған халық өзінің нөкерімен келген уезд бастығын және абыржып сасып қалған Бекежан болысты айдалада, жұртта қалдырып, көшіп кетеді.

Міне осы тәрізді эпизодтардан эпопеяның идеялық мазмұнындағы тағы бір маңызды мәселені қазақ еңбекшілерінің отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық күресі мен тап күресінің бір-бірімен тығыз ұштаса түсуін көре аламыз.

Халықтың бас бұзарлық әрекет жасаған патша чиновниктерімен қақтығысуының осы бір әсерлі суреттелген барлық эпизодтарын



жазушының кеңінен көрсетуіне оның ақын Абайдың елінде жұрттың аузынан жазып алған төмендегі фактілер негіз болған еді.

«Бір ояз қолма-қол сияз құрғызып тентекке... дүре салғызып жібереді. Оразбайды бір шағып, оған 25 қамшы дүре соққызады».

Сонымен осы материалдардың негізінің өзінен-ақ (ал оларды көбейте беруге де болады) замандастарының естеліктерінен немесе архив түп-деректерінен дәлелге келтірілген тарихтың жекелеген шынайы материалын негізге алып М.О.Әуезов замана мән-жайын, көркем және тарихи шындықты неғұрлым айқын көрсету мақсатын көздеп, өзінің авторлық жетілдіруімен оларды толықтырып байыта отырып, бұларды творчестволық ой елегінен өткізеді. Көркемдік жағынан типтендіре түседі.

Автордың қолында қаншама бай тарихи материал болғанымен оның басты міндеті осы материалды заманның көзге көрінетін образына айналдыру болып табылады.

Бұл жөнінде Л.Толстой былай деп жазды: «Әрбір көркем шығармада, соның ішінде тарихи романда, тарихи повесте, біз ең алдымен бізге дейін жеткен үздік-үздік документтер бойынша заманның жанды көрінісін қалпына келтіретін және сол заманды ой елегінен өткізетін автордың фантазиясын бағалаймыз. Суреткер мен зерттеушінің арасындағы нақтылы айырмашылық – осында. Шындық туралы айту үшін ғалымға дәйекті фактілердің тізбегі керек, суреткер – өз фантазиясының, өз ішкі сезімінің тіпті шамалы жұқанасы негізінде заман туралы батыл да сеніммен айтуға, батылдықты немесе о жарлықты өз мойнына алады» (55.592).

Автор болыстардың жарлығын орындаудан бас тарту, байлардан жалдамалы ауыл шаруашылық жұмыстарға орыс кулактары мен қазақ орыстарға, кәсіпшіліктер мен өнеркәсіп орындарына өз бетімен кетіп қалу сияқты шаруаның таптық күресінің ең көп таралған көріністерін кеңінен суреттеген.

Еңбекші қазақтардың сана-сезімінің оянуы олар патша өкіметінің жергілікті органдарына байлардың озбырлығына жолдаған өздерінің толып жатқан шағымдарынан да көрінеді. Жерге деген өз праволарын қорғай отырып, олар кедей-кепшіктерге тиісті қыстау маңы жерлерін байлардың күштеп басып алғандығы туралы жазады, пішендіктер мен егін-жайды таптап кеткендігіне шағым жасайды және бұларды уезд әкімшілігіне жолдайды немесе орыс отаршыл өкімет орындарының қатысуымен өтіп жатқан билердің төтенше съезіне әділдік іздеп, өтініш етеді. Мәселен, орыс қоныс аударушыларының көмегімен жатақтар егінін таптап кеткендігі туралы акт жасайды да Тәкежанның үстінен уезд әкімшілік орнына шағым береді. Тәкежан жылқылары егінін қайтара таптап кеткен 50 кедей жатақтар шеккен зиянын жоқтап, Балқыбек ру аралық съезіне талап етіп барады.

Бірақ өздеріне тиісті жер үшін күресіп, байларға белсене қарсылық көрсетуге көшкен жарлы-жақыбайлардың күресінің жаңа формаларының тууын эпопеяда көрсету өте күшті әсер қалдырады. Малшылық-егіншілікті жартылай отырықшы шаруашылықтарда пішен шабындығы маңызды роль атқарады. Сондықтан да, жоғарыда атап өткендей, шабындық үшін күрес ерекше жіті сипатқа ие болып келеді.

Жоғарыда Шүйгінсу мен Әзберген қорығында жатақтардың жеті аулының жерінде Әзімбайдың зорлық жолымен пішен шапқаны көрсетілген. Жатақтар Тәкежан аулына коллектив болып қарсылық көрсетуге бірінші болып бел байлаған кезі, заңсыз шабылған пішенді өз қыстауларына тасып әкеткендігі көрсетілген. Осыған жауап ретінде Тәкежан өзінің мыңғырған табынын жатақтардың қыстауына айдап әкеліп, дайындалған пішенді құртып, жатақтардың қорықтық қысқы жайылымдарын жоюға бар малын айдап салады.

Бірғызбай билеп-тестеушілеріне қарсы халық белсене бой көрсетуге бел байлайды. Бұл күресті Базаралы бастап шығады. Тәкежанға қарсы жорыққа жарлы-жақыбайлардың басын қосып, Базаралы Миялы және Байғабыл ауылдарының жатақтарын жинайды. Бұлардың астында аттары бар еді. Сөйтіп, олар Тәкежандарға қарсы шыға алатын-ды. Ол былай дейді: «Осы жерден жорық басталады... Бұл жайында мен жылдар бойы армандаған едім. Бұл мен сияқты, сіздер сияқты жарлы-жақыбайлардың жорығы, ашу-ыза жорығы болады», Базаралы бастаған 45 жігіт Тәкежанның табынына, оның мыңғырып жатқан жылқыларына, күзетшілеріне шабуыл жасайды. Олардың қарсылығын тойтарып, Базаралының отряды Тәкежанның табынын түгелдей айдап әкетеді. Сол түні Базаралы жылқыларды кедей жатақтарға үлестіріп береді. Тәкежан табыны Шүйгінсу, Әзберген, Қарауыл-Шыңғыс тауының етегіндегі бір қиырда жатқан көлденең қорықтарының кең алқабына жайылып жатқан жарлы-жақыбай ауылдарының арасына үлестіріледі (23.100). Бірақ Базаралы жылқыларды үлестіріп бере отырып, оларға мұны тек қана ет үшін сойып алыңдар деп ескертеді. «Айтқанындай түн асып, ертеңгі күн бесінге жеткен шақта Шүйгінсу, Қарауыл бойы мол Шыңғыс қойнаулары түгелімен, Тәкежанның қалың қос жылқысын тұп-тұтас қызыл жоса қан қылып, қырып салды» (23.101).

Күтпеген жерден жасалған батыл шапқыншылық жұрттың бәрін таң қалдырды.

«...Анығында, Тобықтының дәл бүгінгі тірі кәрісінің қайсысы болса да өз өмірінде дәл осындай қатты қимыл жасап, батыра соққан қайратты көрген емес... Жылқы алу болса да дәл мұндай қыру болмайтын. Қандай іргелі жау болса да, жылқыны еселесу, теңгерісу үшін келілге алады. Кейін келіссөз біткен соң, мал көзі түгелімен қайтарылып, ақы-пұл өзге жолмен аударысатын. Мынау істі жұрт:



«Базаралының ғана бастаған батыл қимылы, қазақ ішінің мінезі емес. Тіпті айдаудан алып келген ағыны тәрізді деп те топшылады» (23.102).

Қалың жұрт қарапайым адамдардың көз алдында Базаралы шеккен запысы мен қорлығына, көрген жоқтығына байлардан кек алған адам болып көрінеді. Бұл – таптық күрестің белсенді көрінісі еді. Сондықтан да Абайдың: «бұл іс иісі Тобықты істеп көрмеген, тегі үлкен, бөлек іс. Ашудың ісі» (23.120) – деуі тегін емес. Дәркембай қарт кедейлердің бұл жорығы туралы «Мұны халықтың ашу-ызасы бастады, ол шегіне жетіп, шымырыққан еді» деуі тегін емес еді.

Жазушының творчестволық ой-қиялы жасаған Базаралы бастаған таптық күрестің белсенді формаларын сипаттап жазудың негізінде, мысалы, М.О.Әуезов Армұсаның аузынан жазылып алынған төмендегідей үзінді мәліметтерді де атауға болады. «Тәкежан жылқысын аларда Айдос Орданың кезеңінен тапқан. Бірақ жігітек Орданың шығыс жағымен кеткен. Базаралы жанында сапысы, мойында мылтығы, кісілерін тосып, құмалақ салып қолды болды-ау деп қорқып отырады» (31).

Немесе бүкіл жігітек руы барымтаға жауап тартқан Тәкежанға жасалған шабуылдың салдары туралы паш ететін Мадиярдан жазылып алынған басқа бір жұпыны кепілдікті де келтіруге болады. Билердің шешімінің барлық ауыртпалығы жігітектің кедей-кепшіктерінің мойнына түседі. Олар Тәкежан шеккен зиянның орнын толтыруға тиіс болады. «Күнту болыс болудың арты тым-тырақаймен бітеді дейді, жігітектен көп мал шығады. Кедей болып қалады» (31).

Қазақ халқының тарихының қаралып отырған кезеңінің күресуші әлеуметтік және саяси күштеріндегі прогресшіл тенденциялардың дамуын бейнелейтін жаңа сипаттарды Базаралы образында жинақтауға бой ұра отырып, (XIX ғасырдың ақырғы ширегі), М.О.Әуезов әлеуметтік орта, оның идеологиясы арқылы анықталған өз заманының өкілдері ретінде бой көрсеткен кейіпкерлерді типтеуге ұмтылады.

Базаралы образын жасау кезінде түп-төркіндердің шынайы кепілдіктеріне зор назар аударып, бұларға автордың зерттеуші ретінде творчестволықпен қарауы, оның істеген іс әрекеттері мен терең әлеуметтік дәлелдер беріп, таптық санасының өсуін суреттей отырып, романда бұл образды нақтылы тарихи тұрғыдан белгілеу үшін негіз қалайды.

Айдаудан қайтып келгеннен кейін Базаралының сана-сезімінің өсіп жетілуін қадағалай отырып, М.О.Әуезов осы бір жұпыны, бірақ геройдың өмір-тарихындағы аса маңызды фактілерге сүйене отырып, оның образын творчестволықпен жетілдіре түсуге батыл бел байлайды. Ол Базаралыны өзінің езушілеріне қарсы күреске сахара кедейлерін біріктіріп, атандырған саналы күрескерге айналдырады. Базаралы романда былай дейді.

– «Осынау сөзді айттым ғой, тағы бір шынымды және не де айтайын. Мұны айтатын жерім сендер емес едіңдер! Ол менің халыққа айтатын,

сенің әрқайсыңыздың сыртыңызда тұрған халыққа айтатын сөзім еді. Оларға тілхатым жетпес күн емес пе еді? Біреу болмаса, біреу арқылы осынау мұратты сөзім, тым құрыса жарым жұртқа жетер деп айтқан едім. Ал мен болдым. Ортаңа кеп отырмын. Кескіле де турай бер... – Кісі атын мен атамаймын. Алдыңа өзім келіп отырмын, бастаған да мен! Барды көтеретін де мен! Тағы да өзімді ұстап алып, байлат та айдат, бірақ ендігі артыма ерген елді көгендетіп тізе алмаймын» (23.138). Сонымен қарулы соқтығыстарда бой көрсеткен таптық күрестің осы кездегі ең белсенді түрі зорлық-зомбылыққа жауап ретінде байлардың малын кедейлердің айдап әкетуі болып табылады.

Мәселен, Әзімбайдың жылқылары жатақтардың егінін таптап кеткеннен кейін жарлы-жақыбайлар оның табынынан отыз жылқыны ұстап әкетеді, әрі орыс қоныс аударушыларының көмегімен жылқыларды қайтарып беруді талап еткен Әзімбай жігіттерінің шабуылы тойтарылады (23.267). Мұнда халық былай деп шешім қабылдайды. «Егер бай ауылдары тыныш бейбіт келісімге келетін болса, онда олар жылқыларын жатақтарға барлық шеккен зияндарын төлеп қайтарып ала алады. Егер төлемесе, жылқы жатақтарда қалады».

Өзіне қарсы қарулы көтеріліс жолына түскен жатақ ауылдарын талқандауға бел байлап, Тәкежан өзінің барлық жақын туыстарын біріктіреді. «Ал Ырғызбайлар түс бола бере атқа қонды. Үлкені де, жас мырзалары да сойыл, құрал қамдап алыпты. Жиыны 150-дей ірікті сойыл соғар... Бүгін бұлардың арасында кеше соққы көрген мырзалардың да жүргені бар. Олар абоздың жүрген, жүрмегенін біле келуді жатақтарға барған Ақбердіге әдейілеп тапсырған. Өйткені кешелер Шодырдың жетегінен жентек жеген сотқар, содыр мырзалардың жүрегі енді оған қайта беттеуге шайлығып қалған болатын» (23.275).

Бұл үзінді жарлы-жақыбай адамдардың таптық сана сезімінің оянуын ашып көрсетеді. Бұларға көмек беріп, «айтқанындай осы түнде бар жігіт жан-жаққа шапқылап тарасты. Сол түннің таңы қыландағаннан бастап, Ойқұдық, Кіндікті, Қорық, Шолпан, Ералыдан жан-жақтағы бар қоныстардан кедей атаулы, жатақтарға қарай созылды. Мұнда ат мінгендер де бар. Әсіресе, түйеге, өгізге мінгескендері көп. Бірақ барлық жұпыны киім, сұрғылт жүдеу жүзді азаматтың қолында шоқпар, сойылы, жүректерінде өзгеше оянған намысты ашу, байлау бар.

Жатақтардың жасағы ойда жоқта осылай молая берді. Бұны істеп отырған Абай екенін білгенде, Базаралы ауруын да сылып тастағандай болды. Көздері де жайнап кетті» (23.275).

Қарулы қантөгіс, соқтығыс – жатақтар жағына шыққан және келіс сөзді жүргізу нәтижесінде жанжалды тиюға қолы жеткен үлкен бір топ туыстарымен Абайдың келуі арқылы ғана тоқтатылады. Мұнда таптап кеткен егіннің зиянын қайтару үшін жатақтарда Тәкежан қосынан 30 жылқы қалдырылады.





Халықтың тарихи бейнесін жасай отырып, М.О.Әуезов ең алдымен таптық күрестің героикасында оның ұлттық характерін ашуға тырысады. Халық наразылығының белсенді көрінісін жаппай бой көрсету халықтың тарихи бейнесін жасап, халық бұқарасының стихиялы түрде бой көрсетуі бүкіл күш-қуатын ашып, тарихи оқиғалардағы оның шешуші күш екенін көрсету үшін ең маңызды көркем құрал болып саналады. Халықтың типтенген образы, атап айтқанда, жоғарыда көрсетілген Базаралының образы автордың қаламынан шығып ерекше айқын көрініс береді. Бұл образда халықтың күші, ер жүрек характері, оның таланттылығы мен жан сұлулығы, жарқын болашаққа сенімі көркемдік жолмен жинақталған.

Бірақ «ержүрек, ақылды, талантты халық – әділдік нұрына қарай қармалап жол ашқан халық Абаймен қатар эпопеяда оған тең герой ретінде бірге тұрады. Осы бір жинақталған образда әрбір адам өзінше бір ерекше әрі толық құнды характер болып келеді. Ал оны тобырдың ішінен айна қатесіз тауып ала аласың» (34.17). Жаппай көріністерде молынан көрсетілген көркем жинақталған халық образы сонымен қатар жеке адамдарды бөліп көрсету нәтижесінде де жасалады. Жеке адамдар халыққа тән ең жақсы сипаттарды, характерлерді өз бойында жинақтап, психологиялық жағынан расталып суреттеледі.

Эпопеяның екінші кітабында халық бұқарасы наразылығының себептері, әлеуметтік ақиқаты, оны іздестірулері тереңінен ашылады. Халық ыза-кегінің өсуі неғұрлым қаһарлы да ұйымдасқан түрде көз алдына келеді. Көптеген жылдар бойына өзінің кедейленген және тәуелді туған-туысқандарын аямай езіп келген Оразбайға қарсы халық кегінің көрінісі өте тән құбылыс болып келеді.

Жылдар бойына жинақталған халық наразылығының жарылып сыртқа шығуы үшін жүк тиеуші Сейітке Оразбайдың жасаған тағылық жүгенсіздігі мен зорлығы, озбырлығы себеп болады.

Сақтоғалақ руынан 500 кедей-кепшік бірігіп, Оразбайдың ауылына шабуыл жасайды. Мұнда халықтың ыза-кегі бірден сыртқа лап қояды.

«Ата ұлы емес, ашуланған қалың көпшілік «Ел ұлы» болған қалың азамат шабуылы Оразбайдың ауылын тас-талқан етеді. Бұлар түс кезінде, көп ауылдардың ортасында үйездеген Оразбайдың өзі мен балаларына біткен үш мың жылқыны «қиқу салып» түгел тиіп алады. Үш желіге байлаған жүзден аса құлындарды, желілерін борт-борт кесіп, тым-тырақай қашырды. Үйлерді сабап, уықтарын сындырып, тыста жүрген еркек атаулыны сабап, сойып, үйді-үйге тықты. Бес жүз қол Оразбайдың ауылдарының үстінен, дауылдан бетер, селден ауыр әлек салып, арлы-берлі өтті» (23.696).

Халықтың жадында сақталған өте жұпыны, үздік-создық деректерді автордың қалай жетілдіріп, кемелдендіргеніне, Оразбайдың зорлық-зомбылығына қарсы Базаралы бастаған халық наразылығын сипаттап жазғанда автор творчестволықпен пайдаланған Әрхам Ысқақовтың

хабарлары айқын мысал бола алады. Әрхам Ысқақов М.О.Әуезовке тек мынадай ғана фактілерді хабарлады. «Оразбай жылқысын алу», 1899 ж. Қарасу, Сақтоғалақ, Қаражан, Байғұлақ онда өлген. Бейсембай старшын, Оразбай тірідей жерге көмген Жүрбембет Салмұрын, Таңатарға қосылып кетеді. 5 мың жылқыны тиіп алып кетеді» (31).

Ең ірі сахара билеп-төстеушілерінің біріне осы өлкедегі бұрын болып көрмеген халық кегі туралы осы шынайы кепілдікке сүйене отырып, М.О.Әуезов өз геройларының іс-әрекеттеріне, олардың психологиясына, әлеуметтік негіздеме береді. Осы жұпыны фактілерді творчестволық фантазияның көмегімен жетілдіре отырып, М.О.Әуезов оқиғалардың табиғи барысын ашып, өзінің ой-қиялындағы шындық өмірдің нағыз мән-жайына бойлай отырып, халық бұқарасы наразылығының мол картинасын ашып өрістетеді. Осы және осыған ұқсас көптеген мысалдардан М.О.Әуезовтің творчестволық әдісінде тарихи түп-дерек әдетте ойдан қосылған жетілдірулерге алғашқы негіз болып келетіндігіне көз жеткізуге болады. Осыған байланысты К.Паустовский былай деп атап көрсетеді: «ойдан шығару шындық іске кереғар болады деп тек өте аңқау адамдар ғана ойлай алады. Шынтуайтқа келгенде, нақ фактілердің арқасында ой-өрісіне түрткі алып, жазушыға тарихи процестің мән-жайына енуге көмектеседі» (56.58).

Жоғарыда келтірілген түп-деректер Оразбай тірі күйінде жерге көмген Бейсембай старшын еске алынады. Оразбайдың төтенше қаталдығын өзінен өзі паш ететін осы фактіні эпопеяда автор ой елегінен өткізіп, Оразбайдың қатал-қастандығының мейлінше тарихи ақиқаттығын және таптық мән-жайын неғұрлым нақтылы ашып көрсету мақсатын көздей отырып, М. Әуезов бұл жағдайды біраз өзгеше етіп алады. Оразбайдың тағылық жаза қолдануын Оразбай аулына – өзінің туғандарына келген семейлік жүк тиеуші Сейітке – жұмысшы адамның өкіліне жасатады. Бұл арада Оразбай сияқты сахара билеп-төстеушілерінің қаталдығы мен сараңдығын әшкерелейтін Абайдың өлеңдерін Сейіттің айтуы жаза қолдануға себеп болады. Бұл автордың ойдан шығарып жетілдіруі шынайы оқиғадан гөрі тарихи шындықты неғұрлым дұрыс көрсететін жағдай болып саналады. Өз табының өкілі Бейсембай старшын деген біреумен Оразбайдың жеке өзінің жауласу фактісі типті және тән жағдай болмағандықтан, ішкі заңдылықтарды тарихи фактілердің байланысын ашуға мүмкіндік жасамайтын еді. Оразбайдың Семейден келген жұмысшыға жаза қолдануы ойдан шығарылған жағдай болғанымен халық ашуының сыртқа шығуына неғұрлым шынайы әлеуметтік желеу бере алады.

Мұндай ойдан шығару автордың еркімен кеткендігі болып саналмайды. Бұл шығарманың негізінен алынған белгілі бір тарихи концепциядан түгелдей туады да, жазушының идеялық-эстетикалық көзқарасына байланысты болады. Бұдан басқа осы мысалдан – тарихи



түп-деректермен М.Әуезовтің жұмыс істеген негізгі принциптерін де қадағалауға болады. Ол үшін документтердің әрпін кууға, көркем құралдармен өңін айналдырып айтып беруге тән құбылыстары емес, автор тарихи оқиғалардың ішкі әлеуметтік мән-жайын ашып беруге ұмтылып отырады.

Творчестволық фантазияның көмегімен жекелеген фактілердің негізінде құбылыстарды тереңінен алып қорыту болып жатады. Ойдан шығару, М.Горький жазғандай «Жүздеген ұсақ фактілердің ортақ мән-жайын» (57.186) ашып беруге көмектеседі.

Бұл қағида К.Фединнің пайымдауларында неғұрлым егжей-тегжейлі ашылып көрсетіледі. «Құбылыстарды типтендіру процесінің... өзі творчестволық процесс. Оның нәтижесі дегеніміз – образдарды жасау сөзбе-сөз алғанда бізге квинтэссенция шындық өмірді, немесе өмір ақиқатын суреттеп беретіндей ойдағы картиналарды жасау болып табылады...» Ол одан әрі былай деп қорытады. «Фантазия қорытынды табуға көмектеседі» (58.376).

Сондықтан да М.Әуезов ғалым тарихшының дәлдігін қолдана отырып, романда езілген халықтың оның үстемдік етуші таппен қарым-қатынасының, өмірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларының негізгі себептерін тереңінен ашып береді, халық наразылығының күші мен өрісі жағынан бұрын болып көрмеген көрінісін көрсетеді. Бұл романның әлеуметтік конфликтерінің негізіне ойдан шығарылған коллизиялары емес, қарастырылып отырған заманға тән антагонистік таптардың нақтылы қайшылықтары алынған деп қорытынды жасауға негіз береді.

Степан Злобин былай деп атап көрсетеді: «Біздер, совет жазушылары үшін көркем шығарманың тарихтылығы табиғи оқиғалардағы қозғаушы күштерді дұрыс ашып көрсетудің дәрежесімен анықталады. Бұл күштер толып жатқан жұрт бұқарасының, таптардың және бүкіл халықтардың өмірлік даму бағыты үшін шешуші маңызға ие болады» (2.314).

XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында дамуды, қазақ қоғамындағы таптық күрестің шиеленісуімен анықталған тарихи шындық өмірді дұрыс суреттеуге ұмтыла отырып, М.О.Әуезов былай деп жазды. «Бұрынғы кітаптарда (эпопеяның алғашқы кітаптарында, – Л. Ә.) маңызы басым болып жиі орын алған тұрмыстық көріністер астар болатындай әлеуметтік тарихи қақтығыстар мұнда жетекші орын алуы маған дұрыс болып көрінетіндей болады» (49.108).

Осымен бірге эпопеяда көтеріліс жасаған халықтың қаһарлы ортақ жаудың алдында феодалдық ру аралық күрестегі таяудағы ымыраласпайтын жаулардың – үстем тап өкілдерінің таптық бірігуі дұрыс бейнеленіп көрсетіледі. Тәкежан шабуыл жасалған алғашқы күннің өзінде-ақ барлық бай ауылдарға, барлық билерге, байларға, атқа

мінерлерге, тобықтының барлық руларының ақсақалдарына болған жағдайларды хабарлап, жаушы жібереді.

«Бұл оқиға дәл осы күндердің өзінде тыным алмай, дақпырт таратқан ұзын-құлақ арқылы тамам тобықтыны шарлап шықты. Келер күндерде сырттағы керей, ойдағы уақ, батыстағы қаракесек, шығыс жақтағы тобықты көршісі – сыбан, наймандарға да тарап жатты.

«Тобықты ішіндегі, жігітек пен ырғызбайға аралық жайда отырған елдің барлығы жер қозғалғандай, дүр сілкінді. Біреулер жағасын ұстап, шошынып тыңдасты. Біреулер ішін тартып, сүйсініп құлақ салды. Тағы біреулер «ел ішіне тынымсыз әлек келді» деп, «қанжосын бәле келді» деп үркіп жүр» (23.101-102).

Халыққа қарсы одақтың осындай тез тууының себебі Оразбайдың сөздерінен айқын көрінеді. «Қорқыт дегенде, осылай қорқыт деп пе едім?! Бұл Базаралы тартыс бастаған жоқ. Құшағын толтырып, бәле әкеліп тастады. Серігің болып келген жоқ, сергелдең әкелді. Қостап жылқы, мыңдап мал өргізіп отырған осы атқамінерлердің бәрінің ен жатқан малына ертең ашпа-жалап кедейді осылайша қаптатып, қырғыз бастаса не болмақ!» (23.104).

Сонымен Тәкежан табынын құртқаны үшін жауапкер болып түгелдей жігітек руы танылады. Мұнда Тәкежан табынының қырылған әрбір басына екі бестіден не бары 1600 жылқы беруге тиіс болады.

Тобықты ақсақалдарының жігітек кедейлеріне шығарған үкімі аяусыз қатал болды. Мұның таптық мәні романда мейлінше айқын, әділетті көрсетіледі.

«Болыс сенсің! Мынаны істетіп отырған сенсің! Не бұл бәледен басыңды ақтап шығасың. Немесе, барлық осы өртке малыңмен, басыңмен, ең алдымен өзің жауап бересің. Сіңірі шыққан Базаралыны білмейміз. Ол айдалада жалғыз жорытқан көк қасқыр. Ордасы сенсің. Алғанда қырка матап тұрып, сені аламыз!, – деп келеді» (23.105).

«Осы қыс бойында бұл билік түгелімен іске асты. Барлық жігіттен Кұнанбай балаларымен іштесіп, табысып кеткен Үркімбай, Байдалы, Жабай сияқты бай ауылдары аман қалды. Қалған орта шаруа көбінше кедей ауылдар бар қазаны көтерді».

«Базаралы соны ұстап, істеп отыр. Ендеше мұның бір басы маған керек емес. Қырым ет жоқ, қу басын неғыламын? Жауапты түгел жігітек береді. Және ағайынды елдің арасында естіп көрмеген қастық істеді. Құба қалмақ заманын орнатты, шауып алып, қырып отыр. Сол малымның төлеуі ғана емес, әр тұғымның айыбы-анжысы бірге айтылмаса, бітімім жоқ. Өзге осындай содыр кедейлерге сойқаны тиіп, бәлесі жұқпасын. Орнынан тұрмастай ғып тепкі, соққы берілсін. Мал-пұлдың жазасы аямастай түгел айтылсын».

Шиеленіскен таптық күресті суреттеу революцияға дейінгі Қазақстанның әлеуметтік жіктерін түгелдей көрсетуге авторға мүмкіндік береді. Жоғарыдан



бастап төменге дейін барлық қоғамның өмірі айқын бейнеленеді, мұнда өзінің ең үздік өкілдерімен, халықтың қаһармандық жинақталған образымен қатар феодалдар табы, оның қатал жек көрінішті қанаушы мән-жайы бүкіл тарихи нақтылығында алынып көрсетілген. Мұнда М.О.Әуезов пайдаланған түп нұсқалардың нақтылы материалдарын талдау заман туралы жазушының нақтылы білімі неғұрлым толыса түскен сайын, оның өзіне тән өкілдерінің, роман геройларының образдары солғұрлым мол көркем маңызға ие болып, сенімді бола түсетініне көз жеткізеді.

Қазақ аулында күшейіп келе жатқан таптық күресті М.О.Әуезов тарихи шындыққа толық сәйкестендіріп суреттейді, сол кезеңдегі оның ерекшелігін, оның күшті де осал жақтарын көрсетеді.

Қаралып отырған кезеңдердегі жекелеген стихиялы бой көрсетулер әлі де болса бүтіндей алғанда, феодалдардың үстемдік етуші табына қарсы күреске ұласып кетпегендігі, халықтық соғыс сипатына еңбегендігі эпопеядан айқын көрініп, шындыққа айнала түседі. Романда көрсетілген қазақ шаруаларының таптық күресі айнымалы сипатта болып, халыққа қысым көрсеткен жекелеген ірі феодалдарға (Тәкежан, Оразбай және басқаларға) қарсы бой көрсетулерге ғана келіп тіреледі. Күреске аттанған кедейлер мен олардың жетекшілерінің көзқарасында және қаһармандық іс-әрекеттерінде сөзсіз тарихи шектелушілік, заманның қайшылықтарымен шарттасып жатқан іс-әрекеттер өзінің барлық нақтылығымен көрінеді. Сондықтан да қазақ еңбекшілерінің бой көрсетулері ұйымдасқан түрде болмады, жалпы басшылығы жоқ болды, жеңіліске ұшырауға мәжбүр болды. Өйткені сол бір тарихи жағдайларда пролетариат сияқты одақтасы мен жетекшісі бола алмаған еді.

Қалай болған күнде де бұл қазақ еңбекшілерінің таптық сана сезімінің оянуының бастамасы, қанаудың патриархальдық-феодалдық және капиталистік формаларының өзінше өріліп ұласуына әкеліп соққан капиталистік қатынастар элементтерінің Қазақстанға тездеп енуінің көрінісі болды.

Эпопеяның бірінші кітабында қанаудың патриархальдық-феодалдық әдістерін және идеологиядағы осыған сай келетін қондырғыларды көз жеткізе көрсете отырып, М.О.Әуезов XIX ғасырдың ақырғы ширегіне тән болып келетін сахарадағы жұртшылық күресінің әлеуметтік мәнін ашып береді, әрі бұрын ру қарым-қатынастарымен бүркеліп келген тап күресінің көптеп ашылып отырғанын, халық бұқарасының аса кедей жіктерінің санасы бірте-бірте айқындалып көтеріле түскенін көрсетуге ұмтылған өзінің мақсаты туралы айтып береді.

Заманның аса маңызды әлеуметтік қайшылықтарына автордың көптеп көңіл аударуы тек осы жағдайдан ғана көрінбейді. Роман күрес рухына толы болып келеді. Бұл советтік тарихи романның аса маңызды айрықша сипатына саналады, түрлі әлеуметтік және саяси күштердің қақтығысын жазушы бүкіл диалектикалық өз ара шарттастығында алып көрсетеді.

Жеке содырлардың бой көрсетуінен бастап, кедейлердің жорығына дейінгі жаппай жек көрінішті, феодалға қарсы таптық күрестің осы нақтылы тарихи суретінен халықтың тарихын өзінің революциялық дамуында көруге мүмкіндік беретінін қорытып атап айту қажет. Қазақ қоғамының әлеуметтік тарихи күштерінің күресінде екі тенденция – патриархалдық және феодалдық тіректі қорғаған феодалдардың үстем табы болып келетін реакциялық тенденция әрі өзінің әлеуметтік және ұлттық бостандығы жолындағы езілген халықтың күресін көрсететін революциялық тенденция айқын байқалады.

Сонымен эпопеяның негізіне объективті тарихи конфликт, заманның аса маңызды таптық қайшылықтары алынған.

Эпопеяда халық өз заманының реакцияшыл күштеріне қарсы күрескер ретінде, тарихи процестің шешуші қозғаушы күші ретінде көрінеді. Таптық күрестің бүтін картинасын жасауда тарихи объективтіліктен шегінбей барлық ынта-жігерін салып, М.О.Әуезов совет суреткерінің (екі жақтан езгі көріп, зардап шеккен, әрі күреске аттанып отырған халыққа) –өзінің іш тартуын көрсетеді. Осы езілген халықтың өсіп отырған таптық сана-сезімінің, әлеуметтік және ұлттық езгіге қарсы оның күресі белсенді формаларының романда бейнесін тапқан еркіндік сүйгіштігінің пәрменді көріністерінде эпопеяда сан қырлы етіліп сомдалған қазақ халқының ұлттық характерінің аса маңызды сипаттары ашылады.

Романда паш етілген және даму үстінде көрсетілген халықтың реформаға дейінгі жарты ғасырлық кезеңдегі сахараның қоғамдық өміріндегі жеке өзгерістерді де көрсетеді.

Мәселен, Қазақстанда патша самодержавияесінің позициясын нығайта түскен жаңа әкімшілік құрылыс үлесіне шапқындық үшін есе қайтару тиген, еңбекшілердің жағдайларына ауыр зардап тигізген феодалдық ру қырқыстарын объективті түрде едәуір шектеуге әкеп соқты.

Уақтың бейбіт жатқан диқаншыларына қарулы шабуыл даярлаған тобықтының атқамінерлеріне айтылған Абайдың сөздері сақтандыру сыңайын білдіреді.

«Қарашоқпар шабуыл заманы Оразбай түгіл кеше Құнанбай заманында таусылғанын танытқан болатын. Танып жетпесендер тағы бар, тағы тұмсығың тасқа тиіп тұрып, тани бер» (23.606).

Орыс уездік әкімшілігінің қатысуымен өткен Арқаты ру аралық съезінде уақтардың правосын Абайдың шығып сөйлеп, беделін салып қорғауы арқасында Құнанбай билеп-төстеушілері толық жеңіліске ұшырайды. Өзінің ғасырлық әдет-ғұрып тірегіне жанама соққы берген қазақ қоғамының өміріндегі жаңа құбылыс қазақ әйелдерінің тәуелсіздікке, өзінің жеке басының тағдырын шешуде бостандыққа ұмтылуы, әменгерліктің реакцияшыл патриархалдық-феодалдық әдет-ғұрыпына қарсы олардың күресі болды.



Егерде бұрын әйелдер құтылудың ешқандай жолын таба алмай, өз праволары жолындағы тең емес күресте опат болса, енді XIX ғасырдың ақырғы ширегінде қатал феодал әдет-ғұрыптарынан қорғауды сұрап орыс сотына барған әйелдердің наразылығы бірқатар жағдайларда оны зорлап некелеуден құтқарып қалып отырды.

Мәселен, Дәрменмен Семейге қашып барған Мәкен өзіне қайтыс болған күйеуі туысының правосы бар ескі әдет-ғұрыпқа бағынғысы келмей, уезд бастығы мен округтық сот председателіне өтініш береді. Ол «Қырдың қара заңынан, діннің шариғатынан бәрінен де орыстың заңына адам басын тәуір қорғайды» (23.488).

Мәкеннің ісін «бұрынғы бурбондар мен держимордтардың орнын басқан Казанцев сияқты жергілікті халықпен былық-сылық ойнаған» Семей уезінің бастығы шешеді.

Мәкен Әзімоваға жасалған сот ойдан шығарылған эпизод болғанымен бұл жаңа тенденцияны – әйелдердің правосыздық жағдайын орнықтырған шариғат пен әдет-ғұрыптардың орта ғасырлық нормаларымен салыстырғанда семья правосында анағұрлым прогрессивті орыс заңдарынан қорғаныс іздеп жекелеген қазақ әйелдерінің бой көрсеткенін дұрыс бейнелейді.

Оянып келе жатқан қазақ әйелдерінің бас бостандығына ұмтылуы қаралып отырған дәуірдің бүтін бірқатар архив документтерінен де көрінеді. Өзінен өзі типті болып келетін бұлардың өтініштерінің қайсысы болсын өзінің негізгі моменттерінде автордың ойдан шығаруы болып табылатын Мәкен Әзімованың ісімен үйлес келеді.

Мәселен, сахара генерал-губернаторы Акмола губернаторына қатынас жіберген, мұнда зорлап күйеуге беруге бағынғысы келмей Петропавл уезі, Полудин болысының қырғыз әйелі Жұпар Түлкібаева күйеу таңдауда өзіне бас бостандығын беру туралы өтініш жасағаны... хабарланған (42).

XIX ғасырдың екінші жартысында Россия өнеркәсіп капиталының Қазақстанды экономикалық езуі күшейе түсті. Қазақстанның отарлық жағдайы негізінен екі бағытта оның өнеркәсіптік дамуына жағдай жасайды; бұлар ауыл шаруашылық өнімдерін алғашқы өңдеу мен қазбалы байлықтардың аса бағалы кең орындары Жезқазған, Қарағанды, Алтай және басқалардың негізінде туған кен өндіру өнеркәсібі еді.

Қазақстанды шикі зат базасы және метрополияның өнеркәсіп товарларын сатып өткізу рыногы ретінде пайдалануға Россия капитализмінің ұмтылуы нәтижесінде өлкеде ауыл шаруашылық шикі заттарын өңдеу жөніндегі өнеркәсіп орындары басым роль атқарды. Осы жағынан алғанда романда сипатталатын былғары, сабын қайнату заводтары, жүн жуу, пима басу мастерскойлары, сойысхана, тері илеу, сыра қайнату және басқа кәсіпорындарды алып келетін Семей өнеркәсібі шетте қалмайды.

Семейде ауыл шаруашылық шикі затын өңдеу жөніндегі кәсіпорындар ерекше орын алды. Өңдеу өнеркәсібі артта қалған еді, көбіне қолөнершілік, майдагерлік сипатта болды, жетілдірілген техникалық жабдық мүлде дерлік қолданылмады.

Барлық фабрика-завод кәсіпорындары ұсақ еді, бұларда жұмысшылардың шоғырлануы мүлде шамалы болды. Жұмысшылардың көмегі керек болғанда, қайықшы Сейілдің Ертіс кеме шаруашылығына қызмет ететін жұмысшылар едәуір көп болған Затон жүкшілеріне баруы тегін емес-ті.

Осымен бірге Қазақстанға өнеркәсіп қатынастарының енуімен байланысты отарлық өкімет орындары орыс капиталистерінің мүдделерін қорғап пайдалы қазба, кен орындарын жұмыстауға жіберілген ұлттық буржуазия қалыптаса бастады. Сондықтан да қалыптасып келе жатқан ұлттық буржуазия өзінің капиталын сауда-алыпсатарлық операцияларға, ауыл шаруашылық өнімдерін қайыра өңдеу жөніндегі фабрика-завод кәсіпорындарына салды. Романда бұл құбылыс көрсетілген: татар көпесі Мусиннің бу диірменінің, Хасанның сойысханасының т.б. көп этажды ғимараты аталады, бұлар таза капиталистік жалдау негізінде қазақ жұмысшыларын қанайды.

Қазақстанда өңдеу өнеркәсібінің дамуы мал және егіншілік шаруашылықтарының товарлылығын көтеруге ұмтылды, ауыл шаруашылық өнімдері үшін рынокты кеңейтуге жол ашты.

Қазақстанда капиталистік кәсіпорындарының тууы кейінде қазақ ауылының таптық жіктелуін барған сайын тереңдете түскен. Еңбек рыногына көптеген мөлшерде түгелдей қанауға болатын шаруаларды айдап әкелген қазақ жұмысшы табы қалыптасуының негізін қалады. Семейде бұлар жұмысшылардың шет аймағы – Затонда ірге тебеді.

«Соның орайына бір замандарда аш-арық, елдерінен кәсіп іздеп ішерлік, күн кешерлік талшық іздеп келген қазақ кедейлері, Затон пароходтар жұмысында аш-жалаңаш болмай, әлім-берім күнелтеді. Еңбегіне жалынғаны болмаса, ешкімге де көз сүзбей, өз күндерін өздері көреді. Қол-аяқ сау шағына азамат ырза. Ішіп-жемін біреуден тілеп алмай, өз үйлерінен тапқанына қатын бала, кәрі құртан, әке-шеше де ырза болысатын» (23.485).

Семейдің орыс жұмысшылары сияқты қалаға жақын болыстардан шыққан жатақтар заводқа іргелес тар көшеден өздеріне лашық жасады.

Қала жатақтарының тұрмысы аса зор шынайылықпен көрсетілген эпопеяда бұлар Семейдің шет жағында бірнеше поселке құрап, оларға өздерінің атын таққандығы айтылады, мысалы, Басжатақ т. б.

Әрине Басжатақтың халқы бұлар емес, олар неше алуан жұмыс, кәсіп ететін кедей, нашар бұқара болады. Ал халық болса мешітке келуге мұршасы жоқ. Ұзақ күнге ауыр бейнеттен, үздіксіз қара жұмыстан титықтап келеді (23).





Басжатақ слободасынан қала жатақтары негізінен алғанда еңбек ақысы өте-мөте төмен қара жұмыстарды атқарып, былғары заводтарында, жөн жууларда және қаланың басқа ұсақ кәсіпорындарында жұмыс істеді.

Семьясы түгелдей ертеден қара кешке дейін жалданып жұмыс істегеніне қарамастан, Басжатақтағы Дәмежанның үйінде де осындай бір үздіксіз жоқшылық орыс капиталистерінің, саудагерлердің, байлардың ауыр кіріптарлығына түсіп отырған күнбе-күнгі жұмыспен шұғылданған қала жатақтарының ауыр жағдайынан автор бірнеше семья тіршілік көріністерін бейнелейді.

Мәселен, қайықпен қыс кезінде асырай алмайтын қайықшы Сейіл ет сатушы Хасеннің сойысханасына күнбе-күнгі жұмысқа барып жүреді.

«Сейіл Хасен қасапшының забойында қой сояды екен. Дәмежан да өзінің баласы Жұмаштың сол забойда тері жайып болысып, тиын-тебен тауып жүргенін айтты» (23.565).

Орыс жұмысшыларының да, қазақ жұмысшыларының да бірдей правосыз да езілген жағдайы эпопеяда үлкен көркемдікпен нанымды да шынайы суреттеледі. Затон жүкшілерін, былғары заводтары, жүн жуу, пима басу мастерскойлары жұмысшыларын жайратқан оба ауруы туралы айта келіп эпопея геройларының бірі, жер аударылған халықшыл Павлов:

«Азап қандай, жоқшылық қандай, адам тірлігінің ит қорлыққа түскені қандай?» (23.437-438) – деп дауыстайды.

Сонымен, орыс жұмысшы табының құрамды бөлігі ретінде қазақ жұмысшы табының қалыптасуының басталуын эпопеяда суреттеп көрсету принципиальды маңызды момент саналады.

Көпестердің, өнеркәсіпшілердің және байлардың қала кедейлерімен қайшылықтарын, Затонда жүк тиіп-түсірушілермен, мал союшы және жүн жуушы жұмысшылармен күресін бейнелеудің қандай зор маңызы болғандығы эпопеяны жазу үстіндегі өзінің жұмысы туралы автордың айтқан пікірлерінен мәлім. «Сахарадан таяуда ғана келген, әлі де ұйымдаса қоймаған, дегенмен қала пролетариаты болып алған осы адамдар, – деп жазады М.О.Әуезов – жазушы ретінде мен үшін ерекше көңіл қоюға тұратын адамдар еді.

Нақ осылардың ортасынан жаңа ұлт сипаты белгілерінің қалыптасуын байқауға болатын еді (49.106). Орыс пен қазақ жұмысшылары фабрикаларда тығыз қарым-қатынаста бола жүріп, айуандық пен қанаушылықты бастарынан бірге өткере отырып, өздерінің таптық мүдделерінің ортақтығын барған сайын көбірек айқын сезе, ортақ жауға қарсы бірігіп күресу үшін бой көрсете бастайды.

1905 жылғы революцияның қарсаңындағы Қазақстандағы революциялық қозғалыстың дамуында маңызды роль атқарған орыс және қазақ жұмысшыларының аса ірі біріккен бой көрсетулерінен мына төмендегілерді атауға болады. 1900 жылғы Ертіс кеме шаруашылығы

өзеншілерінің ереуілі (59.70); 1903 жылғы Екібастұз Воскресенск таукен өнеркәсіп орындарындағы ірі ереуіл; бұларда үш мыңнан аса адам бар еді (60.29); осы 1903 жылы болған және бірнеше күнге созылған Қарағанды көмір кендеріндегі орыс-қазақ шахтерлерінің толқулары (25.286).

Орыс-қазақ жұмысшыларының жақындасуы орыс пролетариатының басшылығымен өтті де, орасан зор тарихи маңызы болды, өйткені бұл Россия еңбекшілерінің өзінің әлеуметтік және ұлттық азаттығы жолындағы революциялық күресінде жаңа дәуірдің бетін ашатын-ды.

Тарихи дамудың заңдылықтары мен перспективаларын көркем сөз құралдарымен дұрыс бейнелеуді мақсат ете отырып, М.О.Әуезов бірқатар естеліктер мен салыстырулар арқылы орыс және қазақ пролетариатының біріккен күресін жалпы Россиялық революциялық қозғалыспен тығыз байланыстырып қарайды. Сондықтан да ортақ жауға қарсы өздерінің өсе түсіп отырған туысқандық ынтымағымен бірлескен күресі туралы паш ететін орыс пен қазақ жұмысшыларының алғашқы бірігіп бой көрсетулері жайында эпопеяның екінші кітабында келтірілген көріністердің идеялық жағынан зор маңызы бар.

Осыған байланысты М.О.Әуезов қазақ еңбекшілеріне орыс жұмысшы табы мен шаруаларының революциялық дәстүрлері жасаған ықпалын ашуға ерекше мән беруге ұмтылады. Бұл ықпал, мәселен, айдаудан қайтып келген Базаралының әңгімелерінен сезіледі. Помещиктерге қарсы шыққаны үшін каторгаға жіберілген, жер аударылған орыс шаруалары туралы Базаралының айтқандарын оның пікірлестері ұйып тындап қалады.

Орыс революциялық қозғалысының неғұрлым күшті жақтарын қазақ еңбекшілерінің қабылдауға ұмтылғандығы Базаралының мынандай ой толғауларынан көрінеді: «Соңғы жеті-сегіз жылдар ішінде де нелер қыршын жас, жаңа буындардан шыққан ер крестьяндар да сол каторгаға тіпті көп келіп жатты-ау!.. Бұлардың алысы мүлде бөлек, жекелеп шарпыспайды. Қалың ел болып соқтығады екен жауларына» (23.92).

Осы әңгімелердің әсерімен және кедейлердің – Тәкежанға жасалған шабуылға қатынасушылардың өз тәжірибелері негізінде «егер күреске батыл аттанатын болса, өздерінің қандай зор күш екенін сезіп біледі».

Петербургта оқып жүрген Әбдірахман арқылы Абайдың аулына 1885 жылғы Орехово-Зуеводағы Морозов фабрикаларындағы орыс жұмысшыларының алғашқы стачкалары мен Россия қалаларындағы пролетариаттың басқа да бой көрсетулері туралы мәліметтер келіп жетеді.

В.И.Ленин осындай ықпалға орасан зор маңыз беріп, «великоростың саналы жұмысшысымен араласудың, оның әдебиетімен, оның идеяларының өрісімен танысудың қандайда болсын мүмкіншілігінің бәрін бар күшті салып қабылдау, пайдалану, баянды ету міндет», – деді.

Қарастырылып отырған кезеңде жергілікті өнеркәсіптің нашар дамуы



салдарынан қазақ пролетариаты сан жағынан әлі аз болатын, бірақ мұның пайда болуының, қазақ жұмысшыларын орыс жұмысшыларымен біріктіруші капиталистік кәсіпорындарында жалдамалы еңбекке көшудің, қазақ пен орыс жұмысшыларының бірігіп күресуі үшін жағдайлар жасалуының зор тарихи маңызы болды. Сондықтан да М.О.Әуезов XIX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның тарихи дамуын дұрыс бейнелеп көрсетуге ұмтыла отырып, экономикалық қоғамдық өмірдегі өзгерістерімен қатар осы процестің жеке жақтарын да суреттеп жазуының өзі кездейсоқ емес-ті.

Романда айқын көрініс тапқан осы концепция эпопеяны жазу үстіндегі жұмысымен байланысты автордың айтқан пікірінде де ашып көрсетіледі. «Абай өмірі арқылы роман біздің дәуірімізге қарай басқан сайын менің ұғымымда қазақ қоғамының дамуы орыс шаруаларының тағдырымен, жалпы россиялық қоғамдық күреспен ұштаса түсуге тиіс болды» (59.104).

Сол кездің өзінде-ақ феодалға едәуір дәрежеде тәуелсіз қазақ дикандарын бейнелей отырып, езілген шаруалардың – малшылардың таптық сана сезімінің оянуын және жалпы россиялық пролетариатының бір бөлігі ретінде қазақ пролетариатының қалыптасуын көрсете отырып, М.О.Әуезов социалистік революция үшін объективті алғы шарттарды көрсете келіп, тарихи процестің шешуші күші ретінде халықты алға қояды. Қазақстан дамуындағы тарихи перспективаны белгілеп береді. Нақ осында социалистік реализмнің шығармасы ретінде Абай туралы эпопеяның нағыз және терең халықтығы мейлінше айқын да толық көрінеді.

«Абай жолы» эпопеясында қазақ қалаларының дамуын зерттеу үшін де қызықты материалдар бар. Мысалы, егер романның бірінші кітабында Семей және Қарқаралы сияқты қалалар тек сауда, әкімшілік орталықтары болып қана көрінсе, ал соңғы кітапта өлкенің өнеркәсіптік және мәдени дамуында олардың өсіп отырған ролі бейнеленген. Мұнда XIX ғасырдың соңғы ширегінде қалалардағы қазақ халқының саны едәуір артады, бұл процесс, негізінен алғанда, қалалар маңына көшіп келіп ірге тепкен және өзінің жұмыс күшін сатумен күн көрген кедейленген көшпенділердің есебінен болып жатады.

Романда Семей қаласы жан-жақты көрсетілген. Әсіресе оның халқының алуан түрлі әлеуметтік жіктеріне сипаттама беруге ерекше көңіл бөлген. Бұл қаланың үстемдік етуші төбе топтарының өкілдері – патша чиновниктері, көпестері, қазақ байлары, алып-сатарлар, дін қызметкерлері, әрі еңбеккер қала өнеркәсіп орындарының жұмысшылары, Затонда жүк тиеп-түсірушілер, майдагер ұсақ қолөнершілер (тігіншілер, былғарышылар, етікшілер, ағаш ұсталары т. б.) еді.

«Қала орталықтарының пайда болуы және қала халқының өсуі қазақтардың әлеуметтік экономикалық өмірінде игілікті құбылыс болды.

Патриархальдық феодалдық ортадан қол үзген қазақтар қала мәдениетіне араласты. Патриархальдық-рулық сарқыншақтарға маталған кешегі көшпенділер қала тұрғынының бейнесіне енді» (25.216).

Бұл егіншілікті тастап кеткен процесс еді, В. И. Ленин ол жөнінде былай деп жазады:

«Мұның өзі халықты мешеу қылған, тарих ескерусіз қалдырған меніреу түкпірден қазіргі заманғы қайнаған қоғамдық өмірге алып шығады. Ол халықтың сауаттылығын арттырады, оны мәдениетті дағдыға және мәдениетті керексінуге үйретеді» (3.629).

Қаланың ықпалы қазақтың барлық тұрмысында, ең алдымен, қыстау салуда сезіле бастады. Бұл Семейге таяу орналасқан ауылдардан көбірек көрінеді.

Жағадағы ауылдардың өмірі сахарадағыдан қатты айырымдалатын еді. Бұлардың тұрғындары егін салумен және саудамен айналысты, қалаға әдеттеніп алды. Мұнда олар базарлар мен жәрмеңкелерде жиі болып жүрді. Бұлардың тұрмыстары да тобықтыларға ұқсамайтын, олар ағаш үйлерде тұрды. Аулалары қоршалып тасталатын.

Қазақстанның Россиямен жақындасуының тарихи маңызы қазақ халқының арасына озат демократиялық орыс мәдениеті ену үшін мейлінше қолайлы жағдайлар жасауға мүмкіндік берді. Бұған белгілі дәрежеде бірқатар уездік қалалар мен селоларда орыс-қазақ мектептерінің пайда болуы септігін тигізді. Бұлардың ашылуы «1868 жылғы Ережеде» қарастырылған еді. Осы аталған мектептерде XIX ғасырдың ақырғы онжылдықтарында бірнеше мың қазақ балалары бастауыш білім алды, үстем таптан шыққан осындай жас адамдар үшін Москваның, Петербургтің, Томскінің, Қазанның гимназияларында, семинарияларында, жоғарғы оқу орындарында өз білімдерін жалғастыруға мүмкіндік туды.

Үкіметке адал тілмәштар мен чиновниктерді дайындап шығаруға ұмтылған патша өкіметінің осы отаршылдық мақсатына қарамастан халық арасына ағарту ісін тарату жолында күрескен әр түрлі чиндегі демократиялық интеллигенцияның қызметі арқасында орыс мектебі қазақ демократиялық интеллигенциясын қалыптастыру үшін белгілі бір жағдайларды да әзірледі.

Облыстың саяси өмірінің маңызды орталығы Семей қаласы болды. Қалада мәдени-ағарту мекемелерінің саны біртіндеп берді. Мәселен, 1903 жылы мұнда 1570 оқушысы бар 16 бастауыш оқу орыны, ал орта оқу орындарынан ерлер және әйелдер гимназиясы болған еді (54.406).

Романда көрсетілгендей, осы бастауыш мектептерде қазақ кедейлерінің балалары және өзінің бала-шағаларының болашақ мансабы үшін орысша білімнің тиімділігін түсінген кейбір байлардың шолжаң ұлдары оқи бастады. Ауыл кедейлерінің арасынан көптеген балаларды Абайдың өзі қалаға әкеліп мектепке орналастырады.



XIX ғасырдың аяғында үстем таптың өкілдері де өз балаларын орыс мектептеріне бере бастады.

Қала орыс және қалыптасып келе жатқан қазақ интеллигенциясының жиналатын жеріне айналады. «Ол жылдары Данияр сияқты орыс білімін алған және Европаша киінген жас қазақтарды мейлінше жиі кездестіруге болатын еді. Олар тілмаштар, хатшылар, фельдшерлер және мал дәрігерлері болып жұмыс істеді» (23.736-737).

Сонымен эпопеяда қазақ қоғамының түрлі әлеуметтік жіктерінің арасынан ағарту ісіне өсіп келе жатқан талап-тілек өз бейнесін табады.

«Абай жолы» – эпопеясына жоғарыда жасалған талдау Қазақстан тарихы жөніндегі нақты архивтік және әдеби деректерді мұқият зерттеуге сүйене отырып, мұның авторы оның бүкіл ұлттық ерекшеліктерінде халықтың әлеуметтік, экономика, тұрмыстық және мәдени өмірінің барлық сфераларын көрсетуге тырысқанын байқатады. «Сөйтіп барлығын қамтитын Әуезовтің эпопеясы сияқты бірде-бір шығарма осы күнге дейін әлі революцияға дейінгі қазақ өмірін жіті, терең де, жан-жақты жасап көрген емес-ті. Қазақтар өмірінің олардың тұрмысы мен салтының, психологиясының, қоршаған табиғатының Мұхтар Әуезовтің үлкен эпикалық полотносында өзінің бейнесін таппаған қандай да болсын елеулі жағын немесе тіпті өзіне тән ерекшелігін керсетудің өзі қиын» (61.133).

Орасан зор көлемдегі фактілер мен халықтың тарихи тұрмысы жеке жақтарының арасынан қоғам дамуының маңызды заңдылықтарын ашып көрсете отырып, М.О.Әуезов қазақ қоғамының эволюциясында шешуші роль атқаратын прогресшіл күштерді көркем сөзбен суреттеп береді.

М.О.Әуезов бұл процесте XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында дүние жүзілік революциялық қозғалыстың орталығының Россияға ауысуымен байланысты орыс және қазақ еңбекшілерінің тарихи тағдырының ортақтығына жағдай жасаған, қазақ еңбекші бұқарасының, Россия пролетариаты азаттық революциялық күресіне араласуы үшін қолайлы жағдайлар тудырған орыс пен қазақ еңбекшілерінің жақындасуы басты да анықтаушы шарт болғанын көрсетеді. Бұған, едәуір дәрежеде, Қазақстанның отарлық жағдайда бола отырып, шаруашылық және саяси жағынан оқшауланып қалмағандығы, Россия патша өкіметінің бір бөлегі болғандығы да жағдай жасады.

Қазақстанға жерсіз орыс шаруаларының жаппай қоныс аударуы, орыс пролетариатымен қатар қазақ пролетариаты да қалыптаса бастаған өнеркәсіп орындарының құрылуы арқасында қазақ және орыс еңбекшілерінің ортақ таптық мүдделерінің қалыптасуы үшін объективті түрде жағдай жасалды, бұлардың жауынгерлік одағы нығайтылып, елдегі революциялық қозғалыс жылдан-жылға қанат жая берді.

Қазақ және орыс еңбекшілерінің Қазақстандағы антифеодалдық ұлт азаттық және антиимпериалистік күресі метрополиядағы революциялық

күреспен ұштасты, бұдан арғы жерде Октябрь социалистік революциясының құранды бөлігіне айналды.

Осы тұрғыда Абай образын бейнелегенде М.О.Әуезов оның образын негізгі идеяға, нағыз тарихи маңызы бар идеяға бағындырды. Оны прогресшіл бастаманы алға алып барушы етіп жасады, сондықтан да ол өз халқының болашағын озат революциялық-демократиялық орыс әдебиетіне араласудан, орыс халқымен жақындасудан көрді. Бұл тарихтың прогресшіл барысына объективті сай келетін еді.

Е.Пугачев, І Петр, Степан Разин, Д.Донской, Б.Хмельницкий, көркем образдарын жасау үстіндегі В.Шишков, А.Толстой, С.Злобин, С.Бородин, Н.Рыбак сияқты М.О.Әуезов бүкіл өзінің ұлттық ерекшелігінде Абай образын жасау үстінде советтік тарихи романның дәстүрлерін творчестволықпен қабылдай отырып, осы образдардың әрқайсысы өз халқы тарихының прогресшіл қозғалысының типті тұлғасы және оны білдірушісі ретінде үлкен көркемдік маңызға ие бола алатындығын ұға отырып, соған сүйенді.

Мәселен, өткен шақтың прогресшіл демократиялық құбылыстарына бой ұра отырып, М.О.Әуезов екі Россияны – отаршылар және феодалдық езгіге қарсы өзінің күресінде барлық езілген халықтар арқа сүйеген озат демократиялық Россияны тарихи тұрғыдан ақиқат алып көрсетеді. Алпысыншы жылдардағы революционерлерден бастап социал-демократтарға дейінгі орыс революционерлерінің үш ұрпағын – Абайдың таянышын, оның идеялық ұстаздарын бейнелей отырып, М.О.Әуезов лениндік анықтамаға сүйенеді:

«Біз әрбір ұлттық мәдениеттің ішінен тек оның демократиялық және оның социалистік элементтерін аламыз, оларды алғанда тек қана және сөзсіз түрде әрбір ұлттың буржуазиялық мәдениетіне, буржуазиялық ұлтшылдығына қарама-қарсы аламыз» (3.9).

Абай эпопеяда былай дейді: «Менің орыстың жақсы адамдарымен кездесуім бақыт болды. Мен соларға арқа сүйедім. Ия, жалғыз менің өзім ғана емес, сіздер де орыстардан білім алып, сіздер де осы адамдарға арқа сүйедіңіздер. Олар біздерге көмектесті, өмірге біздің көзімізді ашты. Бірақ менің және сіздердің орындарыңды басатын қандай бақыт күтіп отыр десеңізші. Олар орыс көршілерге көшіп-қонып жүріп-ақ барады. Халық халықпен қоян-қолтық келеді. Тарих өзінің жолын кері бұрып әкетеді...» Осы басты мақсатты – тарихи өткен шақта Россияның езілген халықтарының жақындасуына жол ашатын прогресшіл тарихи тенденцияларды, халықтардың болашақ бірлескен күресімен достығының қайнар көзін табуды тарихи тақырыпқа бой ұрған барлық совет жазушылары, ең алдымен, өз алдына міндет етіп қоюға тиіс. С. Злобин де осы туралы айтып береді.

«Мен тарихи романның міндеті мынада деп санаймын, совет халықтары семьясының басын құрайтын орасан зор маңызы бар тұтас



ұлттың дамуындағы өз ара ықпал диалектикасын ашу керек, тар, ұлттық міндеттерді жеке алуға болмайды. Егер де біз осы өз ара әрекеттестіктің бастамасын көрсетпесек, онда бізге тарихқа бой ұрудың ешқандай қажеттігі жоқ. Осы өз ара байланыс бүгінгі күнмен, халықтар достығымен астасып жатады. Бізде халықтар достығы орасан зор халық ынтымағы түрінде гүлденіп отыр» (62.184-185).

Автордың қоғамның әлеуметтік-экономикалық өмірінің заңдылықтарын түсінуі оның патриархалдық-феодалдық қатынастардың ыдырауы, капитализм элементтерінің ауылға енуі, аграрлық мәселе мен таптық күрестің шиеленісуі, егіншілікке және отырықшылыққа көшу, қазақ пролетариатының қалыптасуы және басқалар сияқты процестерді дұрыс көрсетуіне мүмкіндіктер жасап, сондай-ақ романның бүкіл материалын баяндаудың сипатын анықтап береді.

Сонымен «Абай жолы» эпопеясының тарихизмы дәуірді терең дәлдікпен алып, нақтылы-тарихи бейнелеуінен, оның терең процестері мен ішкі қайшылықтарын ашып беруінен көрінеді.

Романның сюжеті дамуында бұл міндеттерді көркем образ арқылы шешу қиялсыз болуы мүмкін емес, алайда, автордың творчестволық фантазиясы XIX ғасырдағы Қазақстан тарихының проблематикасына байланысты әдебиет тану, тарих, экономика, этнография және басқа да аралас пәндер саласында осы заманғы білімдер деңгейінде болуға тиіс.

М.Әуезов өзінің бұл еңбегінде тарихшының дәлдігі мен суреткердің творчестволық фантазиясын ұштастыра отырып, тарихи ақиқат пен көркемдік ақиқаттың сай келуіне жетуі, Белинскийдің сөзімен айтқандай, қиялдың нақтылы тарихпен осылай келіп ұштасуы қаралып отырған дәуірдің мәнін мейлінше айқын, рельефті және шынайы етіп көрсетіп тарихи характерлерді жасауға мүмкіндік берген. «Әуезовтің творчествосында, – деп атап көрсетеді Наури Зарьян – тарихшының мол білімімен суреткердің данышпандық іштей сезімі етене ұштасып келеді. Осының арқасында оның шығармасы зор танымдық және тәрбие берушілік құндылыққа ие болып отыр» (63.22).

«Абай жолы» эпопеясын зерттеу мұнда XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының өмірінің барлық жағы көркемдікпен суреттелгенін, халық өмірінің терең түкпірінде тарихи процестердің ішкі қайшылықтары күрделі түрде алынып, тереңінен ашылғандығын көрсетеді, қоғам дамуының жетекші заңдылықтары ашылады, бір қиырдағы тарихи дәуірдің рухы жіті бейнеленеді.

«Абай жолының» аумақтылығы халық өмірін жан-жақты бейнелеумен, жарты ғасыр бойындағы оның тарихи тағдырын суреттеп көрсетумен шарттасып келеді. Эпопеяның сюжеті тарихтың барысымен, аса күрделі адам тағдырлары мен оқиғалардың қат-қабат шытырманмен, прогресшіл және реакцияшыл күштердің күресімен,

халық өмірінің сан-саналы алуан түрлі ағымымен қоса алынып тұжырымдалған.

Еңбек пен күрес үстінде ашылған халықтың нақтылы өмірі ретінде, дәуірдің әлеуметтік қайшылықтарын шиеленіскен күйінде алып тарихты жаңғыртып бейнелеген көркемдік тұрғыдағы жаңалық болып табылатын үздік советтік тарихи романдардың дәстүрлеріне сәйкес эпопеяда халық тарихты жасаушы, оның ең басты қаһарманы ретінде көрсетіледі. Халық ыза-ашуының тұтас көрінісі өмірден алынып зор әсер қалдыра аларлықтай бейнеленеді; бұл көріністерге көтеріліс жасаған халықтың күші, оның ерлігі мен жан қиярлығы, тарихи процесте орнығып келе жатқан халық бұқарасының шешуші ролі көрсетілген.

М.О.Әуезовтің басты идеялық көркемдік жаңалығы, ол өзінің шығармасын Абайдың өмірін суреттеп жазуға ғана арнамай, сондай-ақ өз халқы тарихының аса маңызды бұрылыс кезеңдерінің біріндегі тағдырын суреттеп, жазуға арнағандығын әдеби сын бір ауыздан атап көрсетті.

«Мұхтар Әуезов өзінің алдына: уақыт жағынан қамтуы қиын, жаңалығы, материалының зерттелмегендігі жағынан да күрделі, сондай-ақ идеялық мақсаты жағынан да мүлде жаңа зор міндетті қойып, оны жазып шығуға батылдығы жетті. XIX ғасырда өмір сүрген және бірінші орыс революциясының алдында, 1904 жылы дүние салған қазақ ақынының өмір тарихи романын жазды, сөйтіп бұл кітап көшпелі халықтың өз өмір тарихының бір бөлігіне айналды... Бүтін халықтың мұнда қозғалысы мен өсуі бейнеленді, революциялық алға басуы мен өмірдің социалистік жаңа құрылысына өту мүмкіндіктері ашылып көрсетілді, мұндай ой өз халқының рухани күшінің бұрын болып көрмеген өрлеуімен, оның революция шындығымен қанаттанған жазушыда ғана тууы мүмкін» (64.228).

Демек, М.Әуезов бүтін халықтың жан-жақты образын жасап қана қойған жоқ, сондай-ақ оны болашаққа қарай қозғалысы үстінде бейнелеп көрсетті, яғни, оның рухани күш-қуатының қалыптасып даму процесін, «халықтың тарихи іс-әрекеті үшін оянған қуатты күшін» (61.121-122) бейнелеп көрсетті.

Халықтың тікелей өмірін суреттеп көрсету, тарихи процестегі оның шешуші ролін ашу, осыдан келіп туатын бүкіл шығарманың эпикалығы, аумақтылығы, советтік тарихи романның басты көркемдік принциптері оның негізіне алынған горькийлік тарихшылдық дәстүрлерін игеруі болып саналады. Кейінгі кездегі ең үздік советтік тарихи романдарда бұларды байытып дамыту түрлі жолдармен жүрді.

Оның эпопеядағы тарихшылдықтың басты ерекшелігі, М.Әуезовтің өзіне тән жаңалығы – нақ осы жоғарыда аталып өткен шығармада халықтың тағдыры, оның жарты ғасырлық тарихы арқылы көрнекті творчестволық жеке адамның образын етене суреттеп керсетуі болып табылады.





Геройды бейнелеуді оның дәуірін, оның халқын суреттеумен ұштастыра отырып, М.О.Әуезов Абайдың образы арқылы маңызды жинақтау жасайды, мұнда қазақ халқының үздік ұлттық қасиеттерін бейнелеп береді. Оның аса көрнекті өкілін көрсете отырып, халық образын тереңінен типтендіру – совет әдебиетінде тарихи жанрды дамытуда социалистік реализмнің басты жетістіктерінің бірі. Нақ сондықтан да осындай жоспармен жазылған С.Злобиннің «Степан Разин», В.Шишковтың «Емельян Пугачев», М.Әуезовтің «Абай жолы» сияқты романдарында геройдың ұлттық характерінің дамуы мен қалыптасуы тарихи дәуірдің бетбұрыс кезеңдеріндегі, халықтың неше түрлі оқиғаларға толы, аса күрделі де маңызды дамуы мен өмір жағдайына тығыз байланысты болып келеді. Геройдың ұлттық характерін күрделі де терең ашу арқылы өз халқының ұлттық ерекшелігін де ашып береді. Ал бұл көркем шығарманың бүкіл мазмұнының ұлттық ерекшелігін анықтап береді. «Қандай да болсын ұлттың аса маңызды қасиеттерін көрсететін геройдың ұлттық характерінде – әдебиеттің ұлттық ерекшелігін түсінуге апаратын жол жатқандығы сөзсіз» (65.220). Нақ осы жоғарыда аталған «Абай жолының» аса маңызды сипаттары оның эпикалық сипатына жағдай жасап берді.

Дәуірді көрсетудегі тереңнен алынған шындық «Абай жолы» эпопеясын жарты ғасыр бойындағы диалектикалық дамуында көрсетілген қазақтардың экономикалық және қоғамдық өмірін зерттеу де маңызды байқаулар, қорытындылар мен жинақтаулар жасауда мүмкіндік беретіні сенімді тарихи түп-дерек ретінде алып қарастыруға негіз бола алады.

Халық өмірін осындай тереңнен және жан-жақты алып суреттеуге байланысты көркемдік тұрғыдағы міндеттер М.Әуезовтен ғылыми ой-елегінен өткізу, ғылыми-зерттеу жұмысы үстіндегідей тарихи түп-деректерді тереңінен алып зерттеуде көп жылдық қауырт, творчестволық еңбек етуді талап етті.

Эпопеяны жазу кезінде М.Әуезов жүргізген зерттеу жұмыстары сипатының өзіне жоғарыда жасалған талдау, ол негізге алған тарихи концепция тарихшылардың еңбектерінен көшіріле салынбағандығын, талай рет ақтарылып-төңкеріліп тексерілгендігін, ұзақ іздестірулердің, түп нұсқаларды қорытудың, дербес қорытындылар жасаудың нәтижесі ретінде творчестволықпен қаралғанын көрсетеді. Тарихи процесті қорытудың ғылыми-зерттеу және көркемдік әдістермен осылай ұштастырылуын тарихшы А. Нүсіпбеков те атап көрсетеді. «Абай туралы эпопеяда ғылым мен көркем әдебиеттің үйлесуі айқын көрінеді. Әуезовтің тарихи романын оқып және қайталай оқи отырып, М.Әуезовтің бойында ғалымның талғампаздық ақылы мен үлкен суреткердің дарыны тамаша ұштасқанына барған сайын көзің жете түседі» (66.62).

Сонымен бірге «Абай жолы» эпопеясы бүкіл өзінің аса бай нақтылы

материалдары мен тарихи процестің аса маңызды заңдылықтарын, оның қозғаушы күштерін терең түсінуі, дәуірдің концепциясына адалдығы арқасында тарихи шындықты сондай толық та жан-жақты суреттей білгендігін көз жеткізе көрсетеді.

Романның мазмұны мұқият қарастырудан, оның жан-жақты нақтылы материалды іріктеп алуы нақ осы түпкі позициядан туғандығы айқын көрінеді, бұларда суреттеліп отырған тарихи процестер қоғам дамуының заңы туралы маркстік-лениндік тарихи ғылымға негізделгені, сол тұрғыда толғанғаны көрініс тапқан.

Суреттеліп отырған дәуірдің тұтас және жан-жақты көрінісін жасау, тарихтың мәні мен логикасын ашып беру үздік советтік тарихи роман авторларының тарих құбылысына деген принципиялды жаңа творчестволық көзқарасын белгілеп береді, советтік тарихи романның шынайы реалистік белгілерін құрайды.

«Абай жолы» эпопеясынан қадағалауға болатынындай, белгілі бір кезеңдегі тарихи процестің мәнін қоғам дамуының жетекші заңдылықтары зор көркемдік нанымдылықпен суреттелгендігі ең маңызды мәселе болып табылады.


Алайда осы жағдайда, тек осы тұрғыдан ғана қаралып отырған эпопеяның құндылығын түгелдей ғана алғанда, біздің көзқарасымызша, оны Қазақстан тарихының оқулығына көрнекті құрал деп санауға болмайтындығын айта кету қажет. Автор өз халқының тарихын ақ адалынан сипаттап жазумен ғана тынған жоқ, өзінің көркемдік шеберлігінің барлық күшімен типтік жанды образдарда бұл тарихты жандандырып, осылар арқылы оның қозғалысының прогресшіл барысын көрсетіп, оның дамуындағы өткен шақты осы заманмен жақындастыра түсетін тенденцияларды аша білді.

Бұл проблема творчестволық ой шабытының көмегі арқылы шешілді. Көркемдік қорыту мен дәуірдің өзіне тән сипаттарын тереңінен алып типтендіру нақтылы фактілер мен оқиғаларға, тарихты тереңінен біліп ұғынуға негізделген ойдан шығарған дүниелердің арқасында көркем шығармада дәл көрініс тапқан.

Эпопеяға жоғарыда жасалған талдау тарих пен ойдан шығарудың ара қатынасы проблемасын творчестволықпен шешуде М.Әуезов сонау әрірек кездегі орыстың демократиялық сыны жасаған «тарихқа өзіңнің ойдан шығарғаныңды енгіз, бірақ бұл ойдан шығарған дүниенді тарихқа негізде» (67.458) деген классикалық анықтамаға сөзсіз сүйенгендігіне көз жеткізеді.

Сонымен автордың творчестволықпен ойдан шығарып жетілдіруі тарихи романның аса маңызды компоненті саналады. Бірақ ол тарихи түп-деректердің немесе зерттеулердің дәл мәліметтеріне сүйеніп тарихтың маркстік-лениндік концепциясын басшылыққа алғанда ғана жемісті де ғылыми жағынан негізделген болады.





### III ТАРАУ

#### АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨСКЕН ОРТАСЫ

Қазақ қоғамының жарты ғасырлық тарихын оның прогресшіл-экономикалық өзгерістерімен қоса даму үстінде көрсете отырып, М.О.Әуезов Абайдың өз басының қалыптасуымен және дамуымен байланысты нақты тарихи жағдайды көз алдымызға келтіріп бере алды.

Осы мәселеге Қ.Симонов СССР жазушыларының II съезінде совет прозасы туралы жасаған баяндамасында назар аударған болатын: «Романның өзегі етіп қазақтың ұлы ағартушысы Абайды ала отырып, автор сонымен қатар халық өмірінің картинасын кең де бай түрде бере алды. Мұндай картинасыз, әлбетте, тарихи жеке адам ретіндегі Абай туралы әділ баяндалмаған болар еді, өйткені оның ұлылығы, ең алдымен, өз халқының мұқтажы мен даму перспективасын дұрыс және көрегендікпен түсіне білгендігінде болатын» (68).

Халықтың озат ақыл-ойын толғандырғанның бәрі тарихи сиқырлықпен дегендей Абай творчествосында көрінді. Октябрь революциясына дейін қазақ халқының тарихында еңбеккер қазақ тағдыры, «қоғамның қанды жарасы», оның болашағы жөнінде соншалықты беріле, соншалықты жан-жақты және жауапкершілікпен Абайдай қам жеген басқа адам болған жоқ. Белинскийдің айтуынша, ол «өзінің неге талпынып жүргенін әлі анық түсінбегеннің өзінде де бүкіл қоғамның асыл ойының органы» болуға тиіс талант иесі еді» (41.470).

М.Әуезовтің бұл ойын Абай образын жасауға байланысты айтылған басқа да сөздерінен көруге болады: «Абай – көреген көз, Абай – қайырымды жүрек. Абай – халық данасы – менің қарастыруымда тұтас алғанда осылай, халық сезімінің, ерік қарқындылығының, оның жан дүниесінің, оның бойындағы бүкіл асыл дүниенің жүзеге асуы болып табылады. Абай образын мен осылай игілікті ойды іске асыру үшін алдым» (61.239).

Орыстың демократиялық мәдениетіне араласа отырып, оның ең жақсы үлгілерін Абай тұңғыш рет өзі өскен ортаға таратты, халықтың қалың көпшілігіне түсінікті де жүректеріне жақын жасай білді, мұның өзі қазақ еңбекшілерінің рухани өсуіне, ой-өрісінің кеңейе түсуіне, сана-сезімінің артуына көмектескені күмәнсіз.

М.О.Әуезов Абай образы арқылы оның өмір сүрген дәуірін – қоғамның сипатын, қазақ халқының өмірін терең де жан-жақты көрсетуді өзінің міндеті етіп қойды. Негізінен алғанда тарихи дамудың барысынан туған эпопея сюжетін белгілі бір жеке адамның – романның кейіпкерінің және сол дәуірдің басқа да өкілдерінің тағдыры арқылы айқын да сенімді құруға болады. Ол сюжеттің негізгі өзегі – Абай образы. Аса көрнекті тарихи адам өмірін халық өмірін кең алып және тереңнен бейнелеп беруді ұштастырудың үлгісін Ст.Злобиннің Разин туралы, В.Шишковтың Пугачев туралы тағы басқа да советтік таңдаулы тарихи романдардан көруге болады.

Осы жаңа композициялық принципті Абайды және оның дәуірін суреттеу арқылы М.Әуезов қазақ әдебиетінде тұңғыш рет қолданды. Бұл арада басты мәселе – Абайдың халық өкілдерінің қайсыбіреулерімен өмірдегі байланыстары ғана емес, қайта оның езілген халықпен рухани тұтастығы, олардың бостандық пен бақытқа жету жолындағы талпыныстарының бірлігі: «Эпопеяның негізгі кейіпкері нақты тарихи адам – Абай Құнанбаев болғанымен, оның жетекші бастамасы халық болып келді. Абай образының дәлдігі, өмірден алынғандығы, эмоцияға толылығы – көбінесе кейіпкердің халықпен тығыз байланыстылығында, өз іс-әрекетінде, күресінде және творчествосында халық бұқарасына сүйеніп, олардың басты мүддесін көздегендігінде» (62.159).

Сонымен, Абайдың өмір сүрген ортасын дәлдікпен көрсетпейінше оның әлеуметтік, тұрмыстық, психологиялық творчестволық саладағы өмірі мен қызметін көрсету бос схема болып шығар еді. М.О.Әуезов Абайды бейнелеудегі модернизациядан аулақ бола отырып, ағартушы-ақынның үстем тап өкілдері арасынан шыққанын – құдіретті аға сұлтан Құнанбай Өскенбаевтың перзенті екенін көрсетіп берді. Мұның өзі бірқатар жағдайда ақынның дүние танымындағы қайшылықтарға, оның көзқарасындағы тарихи жағынан шектелушілікке апарып соқтырған болатын.

Романда Абайдың жеке адам ретінде қалыптасуы, оның прогресшіл, демократиялық көзқарастарының дамуы, халықтың талап-тілегі мен арманын білдіре отырып, оның мүддесін қорғау арқылы халыққа қарай жақындаса түсу жолы көрсетілген. Абайдың сол заманның қаратүнек күштеріне қарсы бүкіл күресі, ақынның халықтың болашағы туралы ойлары оның қазақ халқының тарихи дамуындағы прогресшіл бағытты алға алып барушы екенін көрсетеді.

Абай дәуірін суреттеп беруде М.О.Әуезов тарихи деректерді қалай кеңінен пайдаланған болса, ақынның өмірі мен қызметін суреттеуде кезінде жазылып қалған негізгі өмірбаяндық тарихи фактілерге де солай сүйенуге – оның өмірін дәл шындықпен беруге болады. М. Әуезовтің әдеби шығарма кейіпкерлерінің ойдан шығарылған образдарын жасаушы



өзге жазушыларға қарағандағы бір ерекшелігі – ол Абай Құнанбаевтың өмірі мен қызметі жөнінде қазақ әдебиет тану ілімі мен тарихи ғылымға жақсы мәлім болып отырған тарихи анық мәліметтерді пайдалануы шарт еді. Бұл арада жазушы Абай өмірбаянының басты оқиғаларын өз еркімен өзгертіп, кейіпкердің тағдыры мен қызметін болмысынан өзгеше етіп, құр қиял арқылы ғана суреттей алмады. Тарихи роман жанрының ерекше белгілерінің бірі – әдетте оның документтік негізге құрылуында, оның сюжетінің тарихта болған оқиғалар, ал басты кейіпкерлері тарихта өмір сүрген белгілі адамдар болуы тиіс екендігінде.

Ақын творчествосының көптеген мәселелері, оның өмірі мен қызметі туралы мәліметтер М.О.Әуезовтің 30–50 жылдары жарияланған бірсыпыра мақалаларында жазылды да, кейіннен «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» деген монографиялық зерттеуінде жинақталды.

Осы монографиялық арнаулы бөлімі М.О.Әуезовтің және басқа да зерттеушілердің (оның ішінде әдебиетшілер де, тарихшылар да бар) жинақтаған Абайдың нағыз өмірбаяндық деректері негізінде суреттеуге арналды.

Осы монографияда жазылған Абай өмірбаянының маңызды фактілерін эпопеяда көрсетілген ақынның өмір жолымен салыстыру жазушының толығынан ақынның өмірі жөнінде тарихи тұрғыдан дұрыс деректерге сүйенгенін көрсетеді. Өйткені ол басқаша жолмен тарихи шындықты аттап кетуге, көрнекті тарихи адамның өмірін өзінше тым еркін бейнелеуге тиіс емес еді. Сондықтан да ақын жөніндегі нағыз өмірбаяндық деректерді романдағы суреттеумен салыстыруды дұрыс деп тауып отырмыз. Алайда автордың тарихи деректер мен Абай замандастарының естеліктерін пайдалану негізінде жазылған Абайдың өмірі мен қызметінің белгілі бір кезеңдерін зерттеу автордың дәуірдің документтік куәліктерін творчестволықпен өңдеу әдісі жөнінде түсінік алуымызға мүмкіндік береді. Бұлайша талдау жасау бірқатар жағдайларда өмір фактісіне негізделген шығармаларда «өмір шындығы өнер шындығына өтетіндігін» (10.362) байқауға мүмкіндік береді.

Абай Құнанбаевтың өмірбаянын көркемдік тұрғыдан жасай отырып, автор осының алдындағы бөлімде айтқанымыздай, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткерінің образын дұрыс суреттеуге ғана ұмтылған жоқ, сонымен қатар, оның дәуірін тарихи жағынан дәл беруге де тырысты. Жазушының романды жазу үстінде пайдаланған нақты материалды іріктеуі нақ осы міндетті орындау ісімен байланысты болған. Бұл жерде М.О.Әуезовтің ақынның өмірі мен оның төңірегіндегілер жайында Абайдың туған жерінде жүріп жинаған фактілері, естеліктері қолжазбаларының тек кейбіреулерінің тұсына ғана №В деген белгі қойылуының да зор мәні бар, жазушы мұндай белгіні көркемдік жағынан іріктеген кезде тек принципті маңызы бар

материалдардың тұсына ғана қойған. Бұл жазбаларды және суреткердің оларды қалай пайдаланғанын зерттеу эпопеяны жазған кезде М.О.Әуезов тек тарихи типтік фактілерге ғана назар аударғанын, ақынның айтып кеткен кейбір пікірлерін, ол туралы замандастары өз жанынан қосып айтқан кейбір әрекеттер туралы деректерді, ақынның өмірінде болуы ықтимал, бірақ кездейсоқ, негізгі емес мәселелерді кейіпкердің өмір сүрген уақытының типтік белгілерін жинақтауға қажеті шамалы жеке эпизодтарды мүлдем қабылдамай тастағанын көрсетеді.

Мысалы, М.О.Әуезовтің архивін зерттеген кезде жазушы Абайдың тұрмыстағы мінез-құлқының кейбір жақтарын, оның жеке өмірінің кейбір кезеңдерін ашып көрсететін едәуір мол материалды романда мүлдем пайдаланбағанын көреміз. Атап айтқанда, оның өз інісі Оспаннның жесірі Еркежанға үйленуі жайлы романда тіпті де сөз болмайды. Бұл жерде М.Әуезовтің архивінде қазір де бар, кезінде ол «Абай жолы» романына кіріспе ретінде жазған қысқаша тезистерді атай өткен жөн. Онда М.О.Әуезов жазба деректер болмағандықтан, Абай өмірбаянын егжей-тегжейлі зерттеу мүмкін еместігін айта келіп, «оның өмір жолын – барлық жылдары бойынша және ұсақ-түйектеріне дейін қалдырмай тізіп шығудың қажеті жоқ. Бұның өзі Абайдың біз үшін құндылығын арттыра ала ма? Оның құндылығы – істеген ісінде. Ол тұтас алғандағы өмірбаянымен құнды емес, оның құндылығы – өмірбаянының біз үшін, болашақ ұрпақ үшін ардақтылығында. Демек өмірбаянын толық жазудың қажеті жоқ, бұл өмірбаяндық роман емес, творчество адамы туралы роман керек... Бұл жаңа жанр» (31.182).

М.О.Әуезов бұл роман творчество адамы туралы болғандықтан да творчество психологиясы мәселесі маңызды орын алатындығын атап көрсетті. Абай – «күрескер ақын, ол творчество арқылы болашақтағы күрес үшін өмірге деген пікірді жинақтайды, – бұның бәрі, оның сезімдік табиғатын байытуға тиістінің бәрі романның жақындағы және кейінгі перспективасы үшін маңызды» (31.121).

Сонымен қатар М.О.Әуезовтің Абай өміріне, оның бүкіл бейнесіне қатысты материалды іріктеуде ақынды өз заманындағы прогресшіл тенденцияны білдіруші адам ретінде көрсету үшін қажетті сол заманға тән құбылыстарды және ақынның басына тән қасиеттерді ғана көрсетуге тырысқаны анық байқалады.

«Тарих адамдарды алуан түрлі іске итермелейді және оның бәрі әрқашан типтік бола бермейді, ал әдебиет болса – тек типтік қылықты көрсетеді. Сондықтан жазушы шығармаға тарих біткеннің бәрін, өмір біткеннің бәрін ендіре бермейді, қайта тарих пен өмірден алынған, өзінің әділеттігін растайтын фактіні ендіреді» (69.161) – деп жазды А.Белинков. Абай туралы роман жазу үстіндегі өз тәжірибесін айта келіп, тарихи роман жазатын суреткер творчествосының осы жағы жөнінде



М.О.Әуезов былай деген болатын: «Менің романдарымда, мысалы, Абай өмірбаяныммен байланысты мен іздестіріп тапқан кеп фактілер өз жайына қалды. Бір фактілерді мен кеңейтіп жаздым, екінші біреулерін алмай тастадым, өйткені бұлардың менің кітабымдағы тарихи ғимаратты салуда елеулі маңызы болмады» (10.358).

Бұндай мәліметтерді пайдаланудан бас тартудың тағы бір себебі, кейде олар өтірік немесе біле тұра бұрмалау, ақынның жаулары мен ұрпақтары тарапынан жабылған жала болуы еді. Бұған дәлел ретінде оның жерді заңсыз басып алуы, сот ісін әділетсіз шешуі сияқты жабылған жаланы айтсақ та жеткілікті.

Алайда, Абайды демократтық көзқарасы, халық мүддесін қорғағаны үшін жек көретін оның қас жауларының шындықты бұрмалаған күмәнді мәліметтерін зерттей келе М.О.Әуезов оларды барлық уақытта бірдей ысырып тастаған жоқ, оларға сын көзімен қарады. Автор бұл мәліметтерден шындықтың жекелеген ұшқынын анықтап шығарды, бұларды дәуірдің нағыз документті айғағы ретінде романда творчестволықпен пайдаланды.

М.О.Әуезов «кейде қарама-қайшы фактілерді салыстыруыма және әрқашан заң және тарих ғылымдарының барлық ережесі бойынша өзімнің зерттеуіме тура келді» (10.360) деп ашық айтқан болатын.

Тарихи роман жазатын суреткер қарама-қайшы документтерді салыстырғанда, А.Толстой атап көрсеткендей, «практика арқылы дамып отыратын ерекше тарихи «сезімталдыққа» ие болуы керек (55.496).

Тарихи романды жазу үстінде фактіні көркемдік жағынан ойластырудың өзіне тән қиыншылығына Ст. Злобин ерекше көңіл аударды. Ол былай деп жазды: «бүкіл кітаптың сәнін, тарихи романның мәнін келтіру үшін фактілерді іріктеу үстінде варианттан вариантқа көшу, дәл болған фактіні жинақталған көркемдік образбен алмастыру, оқиғалардың хронологиялық жүйелілігін өңделген сюжеттік құрылысымен алмастыру үлкен күш жұмсауды талап етеді (44.53).

Роман кейіпкерлерінің тарихи белгілі бір прототиптерінің бірден-бір дұрыс, әлеуметтік жағынан негізделген іс-әрекетінің мәнін анықтаудағы суреттердің міндеті ерекше қиын және жауапты. Бұл жөнінде М.О.Әуезовтің Қодарды жазалаумен байланысты Құнанбай істеген зұлымдық әрекеттерді көрсетуі назар аударарлық.

Құнанбайдың үрім-бұтағы Ырғызбайлардың ауылында Құнанбайдың шешімінің әділетті екені және Қодардың сөзсіз айыпты екендігі жөнінде лақап тарайды. Бұл лақап авторға оның жас шағында-ақ жақсы белгілі екен. Алайда, сұрастыру үстінде тобықтының басқа тайпаларының өкілдерінен алынған тарихи мәліметтерді зерттеу кезінде М.О.Әуезов істің ақиқат жағдайын біледі, «Құнанбай Қодарға және оның руына тиісті жерді тартып алуға мүдделі болған» (10.361).

Эпопеяның бас кезінде Абай Құнанбаев – он үш жастағы бала. Сөйтіп автор шын мәнінде оның балалық шағынан бастап бүкіл өмір жолын шолып шығады. Абайдың балалық шағына байланысты эпизодтардың бәрі дерлік автордың ойдан шығарғандары болғанымен, олар болашақ ақынның характерін ашуға, оның жеке басының қалыптасуын бейнелеуге қызмет етеді. Бұған мысал ретінде Қодарды жазалау кезіндегі эпизодты алсақ та жеткілікті. М.О.Әуезовтің өзі жазғандай, бұл сұмдық көрініс оған дейін жер бетінде зұлымдықтың барлығын көріп білмеген баланың жас жанын жалын болып жалайды, өз әкесін тұңғыш кісі өлтіруші бейнесінде көруі Абайдың бүкіл өміріндегі драмасының бастапқы кезеңі болып қалады (10).

Абайдың жеке басының қалыптасуын көрсетуде М.О.Әуезовте кейіпкерлері ірі-ірі тарихи адамдар болған (Ю. Тыняновта – Пушкин, А.Толстойда – І Петр, О. Форшта – Радищев, В.Шишковта – Пугачев тағы басқалары), тандаулы совет тарихи романдарының авторлары сияқты өз кейіпкерін даму үстінде, өскен ортасының ықпалына, дәуірінің әлеуметтік қайшылықтарына байланыстыра отырып, рухани өсу үстінде көрсету принципін ұстады. Тарихи адамды «неше түрлі күштердің, әсіресе әлеуметтік сипаттағы күштердің ықпалымен» (70.123) жас шағынан бастап дамуы үстінде көрсетудегі жетекші роль Ю.Тынянов («Пушкин») пен А.Толстойға тиісті. Олар «тарихи қайраткерді жасынан бастап белгілі бір таптық ортаның дап-дайын жемісі ретінде тұрпайы-социологиялық тұрғыдан түсінуге» (14.170) батыл қарсы шықты. Тарихи жеке адамды даму үстінде бейнелеу принципін көркемдік тұрғыдан бірінші болып негіздеген де солар. Бұлардан кейінгі уақыттағы тарихи роман жазушылар А.Толстой «таптап өткен» жолмен жүрді десе де болатындай (70.123).

Абай өмірінің соңғы жылдары жөнінде оның замандастары мен үрімбұтақтарының жадында көптеген естеліктер болса, ал ақынның жастық шағы туралы М.О.Әуезовтің қолында не бары «қарттардың аузынан естіген көмескі сөздер» мен Абайдың сүйген қызы Тоғжанға жазған бірнеше жол өлең жолдарынан басқа ешқандай мәлімет жоқ еді десе де болғандай.

М.О.Әуезов Тоғжанды әбден қартайған шағында ғана көрді. Асқан сұлу, жаны бай сүйкімді Тоғжан образы эпопеяда тек Абайдың оған арнаған өлеңдері мен төменде келтірілетін, автор творчестволықпен өңдеген болмашы фактілер арқылы ғана жасалған, автордың қиялы арқылы толықтырылған. «Сүйіндіктің қызының аты – Тоғжан. Сүйіндіктің тоқалы Қантжаннан туған. Әппақ сұлу кісі болған. Кейін Аққозы алған» (31).

Абайдың Тоғжанмен тұңғыш кездесуі, Ерболмен достығының бастамасы, өз өміріне төнген ажалға қарамастан Ерболдың Сүйіндік





ауылынан мұз бұзылып, су түсіп кетуіне байланысты кете алмай қалған Абайды өзеннен өткізіп салғаны ақын өмірінде шын болған фактілер негізінде жазылған.

«Бір жолда қыз қойнында жатқанда таң атып кетіп, су түсіп кетіп өте алмайды. Ербол сонда жүрген малшы, соны Абай шақыртып алады. Бұрын таныс емес, Судан өткізіп сал дейді. Ербол өгізге мініп, ананы байталға мінгізіп (өткізіп) салады... Ербол Абайды сонда құтқарған» (31).

Осы қысқа, үздік-үздік сөйлемдер М.О.Әуезовтің қаламынан шыққанда жайып салынған айқын картинаға айналып, түрленіп кетеді: Абайдың сүйікті қызымен кездескендегі көңіл толқыны, бақыттылығы, көктемдегі су тасқыны, өзінің руымен жауласып жүрген рудың ауылында қалып, тасып жатқан өзен өткел бермегенде досының тағдыры үшін Ерболдың үрейленуі, олардың өзеннен өтуі, сұмдық қауіп төнгенде де Абайдың өзін байсалды ұстауы. Осылайша өмірде болған фактілер автордың көркемдік өңдеуінде өзгеріп, өнер фактісіне, қорытындыға айналады, сонымен қатар әбден сенімді және терең суреттелген жеке образ болып қалады.

М.О.Әуезов Абайдың замандастары атап өткен бір жағдайға – Құнанбайдың Абай мен Ербол арасындағы достыққа қарсы болғандығына да көңіл аударды.

Құнанбай: «Ерболдың басын Ыбырай алады, Ыбырайдың басын Ербол алады, күндердің күнінде көрерсіңдер деген екен».

Абайдың замандастары Абайдың үлкенді сыйлау жөніндегі жеке қасиеттерін де атап көрсеткен.

«Жақсыларды көргенде атынан түсіп, тымағын қолтығына алып, қолын қусырып сәлем береді».

Абайдың замандастары атап көрсеткен бұл қасиетін автор Абай Қарқаралыда әкесімен жауласып жүрген Бөжей төре бастаған топпен кездескендегі көріністі жазған кезде ескерген болуы керек деп ойлаймыз. Өйткені Абай оларды үлкен құрметпен қарсы алып сәлемдеседі. Автор романда басқа адамдардың да айтқандарын пайдаланған. Одан Абайдың бұлай қошеметпен сәлемдесуіне әуелі күмәндана қараған төрелердің кейіннен жас жігіттің бұл ісі әкесінің бұйрығымен емес, жеке өз басынан ру ақсақалдарына деген құрмет көрсетуі екенін түсініп, оның бұл қылығын қуаттайды.

Абай Құнанбаевқа қатысты бізге белгілі тарихи архив деректерінен ең толығырағы және елеулісі – Бурабаев деген біреудің Абайды болыс болған кезде заңға қарсы әрекеттер істеді деп айыптап, оның үстінен жалған арыз беруімен байланысты жүргізілген тергеу ісі.

Жас Абай қоғамдық пайдалы қызметке қатысу үшін Қоңыркөкше тобықты болысында 1875 жылдан 1878 жылға дейін болыс болғаны белгілі.

Ол кезде Абай, егер өкімет басында адал да әділетті басқарушы болса, халыққа көмектесуге, оның ауыр жағдайын жеңілдетуге болар еді деп ойлаған еді. Бұл жөнінде оның қызметі Бурабаевтың шағымы бойынша басталған тергеу ісінде өте дұрыс көрсетілген.

Бурабаев Абай Құнанбаевты заңсыз салық жинады, паракор, үстемдігін асырып жіберді, тағы басқа да қиянаттар істеді деп айыптайды (71.24-38).

Оның үстіне, Бурабаев өзінің Таймаккөлдегі шабындықтан пішен дайындауына орынсыз тыйым салды, қыстау жөнінде қақтығысып қалған адамы Сасықбаевқа әділетсіздікпен қамқор болды деп болыс Абайға айып тақты. Семей уезі бастығының мәлімдеуі бойынша, Абай Құнанбаев осы тағылған айыптар жөнінде төмендегідей түсінік берген: «Бурабаев Таймаккөл жерінде көшіп-қонып жүруге рұқсат етілмегенін шағым етеді. Бұл Жер Абай төренің иелігіне көшкен жер... Таймаккөл бұрын бос жатқан, көшіп-қонып жүретін жер болғанмен қазір қыстайтын жердің жетіспеуіне байланысты болысқа сайланғандардың шешімімен 4 киіз үйлі Абай төреге қыстау үшін берілген. Сондықтан да ол, болыс Бурабаевқа бұл жерде көшіп-қонып жүруге, от-суды таптауға тыйым салды. Бурабаевтың бұл жер маған және менің туысқандарыма жататын жер дегені мүлдем өтірік, өйткені оның қыстайтын жері – Орда тауындағы Қарадыр деген жерде, ал Таймаккөлде ешкімнің қыстауы болған жоқ. Бұл жер қырғыздардың жалпы пайдалануында болды. Бурабаевтың бұл жерді иемденуіне және өз меншігіне айналдыруына ешқандай дәлелі жоқ» (42).

Сонымен қатар, тергеу ісінен Бурабаевтың Абай үстінен жазған шағымына 37 куә қол қойған дегенінің өзі де өтірік екені көрінді. Куә деп көрсеткен адамдардың өздері «болыс пен старшынның заңсыз істері жөнінде ешқандай дәлеліміз жоқ» (42) деп мәлімдеген.

Шағымды тексерген Семей уезі бастығының одан арғы берген түсініктемесінде Абайға жабылған жаланың мәні толығынан ашылады.

«Қоңыркөкше тобықты болысында бірде-бір болыс үш жылдық мерзімін түгелдей аяқтап істеп шыға алмаған десе де болады... Олардың бәрін осы болыс қырғыздары қастандықпен сотқа, тергеуге берген, бірақ олар кейіннен ақталған. Бұлай болған себебі әр адам ықпалды бір адамды не өзін болыс жасағысы келген, немесе (ол – Л. Ә.) сайланып қойылған болыспен қас болған; қазір болыста сотталмаған не тергеуде болмаған беделді, өзін дербес ұстап алған бірде-бір адам жоқ деуге болады. Уездің бұрынғы бастығы Измайлов осы ырың-жырынды болдырмас үшін көпшілікке басқа бір болыстың адамын болыс сайлау жөнінде ұсыныс жасаған және бұған болысты басқару қолынан келетін, ақылды да адал адам ретінде өзі білетін, басқалары да жақсы білетін Ыбрайым Құнанбаевты ұсынған, бұл жөнінде Измайлов еш қателеспеген; Қоңыркөкше, тобықты болысының қауымы да



Измайловтың дәлелдерімен әбден келісіп Құнанбаевты бір дауыстан болыс етіп сайлаған... Құнанбаев басқарған барлық уақытта (екі жыл жарым уақыт ішінде) болыста тамаша тәртіп болған; бұрын күн сайын дерлік барымта, кісі өлтіру болып тұрған, ал соңғы уақытта бірде-бір қылмысты іс көтерілмеуі тек қана Құнанбаевтың ықпалының арқасы... Бурабаевтың осы жолғы арыз беруінің себебі мынадан: болыста жақында болатын сайлауда өз жақтастарын болыс жасау үшін партия құрылған, партия адамдары Құнанбаев сотқа берілсе, алдағы үш жылға сайлануға мүмкіншілігі болмайды деген оймен Бурабаевты Құнанбаевтың үстінен арыз етуге үйреткен; бірақ көпшілік арасынан қолдау таппаған олар, бір нәрсеге шырмалып қалармыз деп қорқып, істің одан әрі тексерілуінен бас тартқан, сонда Бурабаев енді не істерін білмей қалды; уезд бастығы Киреев те Измайловтың болыс Құнанбаев жөніндегі көзқарасын толық қолдайды, ол тек уезде ғана емес, облыстағы болыс бастықтарының ең жақсысы» (42).

Құнанбаевтың қап-қалың тергеу ісі Бурабаевтың өз айыптауларынан бас тартуымен аяқталады, ол өзінің арызы ойдан шығарылғандығын, «ол ешуақыт Құнанбаевқа қарсы болмағанын, бірақ Құнанбаев болыс болған кезде барымтаны және жылқы айдап кетуді қысымға алғаны үшін болыстағы кейбір ықпалды адамдарды, әсіресе қырғыз Қаратай Сапақовты өзіне қарсы қойып алғанын, Сапақов Құнанбаевқа қарсылардың бәрін ұйымдастырып, Құнанбаевтың үстінен шағым жазуды, оны бастықтардың алдында қаралап, ең болмағанда аз уақытқа болса да оны болыстықтан түсіріп, одан құтылуды ұсынғанын, наразылардың жиынында оның қылмысы ойдан шығарылып, шағым беруге жұмсалатын қаржы жиналғанын, ол Бурабаев шағым беруші болып тағайындалып, Семейге жөнелтілгенін, куә деп көрсеткендері Сапақовтың біршама туысқандары және Құнанбаевтың дұшпандары екенін» (42) мойындайды.

Абай Құнанбаевтың өзі де Бурабаев - «ықпалы күштірек қырғыздардың құралы ғана» (42) екенін айтады. Ақырында Абай Құнанбаев жөніндегі тергеу ісі жабылған жала ретінде патша өкіметінің жергілікті әкімшілігінің шешімімен қысқартылды.

Жоғарыда керсетілген деректерден келтірілген ұзақ үзінді М.О.Әуезовқа Ф.Киреевтің (72.133-139) жазғандарынан жақсы белгілі болған еді. Осы сияқты документ фактілері тобықтының феодал билеуші топтарының Абайға деген қаскөйлік істерін романда зор тарихи шындықпен автордың ашып суреттеуіне көмек болды. Ағартушы-демократтың халықты заңсыз зорлықтардан, әсіресе жер жөніндегі мәселе бойынша қорғап отыруы феодалдар тарапынан қатты қарсылық туғызды, олар жала жабу арқылы Абайды болыстықтан түсіріп, оны «аластауға» тырысты.

Тарихи деректерден келтірілген үзінділер, сол сияқты документ

мәліметтері «Абай жолы» эпопеясында творчестволықпен өңделді және баяндау арқауынан шығатын, жазушы қиялымен жасалған заңды қосымшалармен біртұтас болып кірікті. Фактілі материалдан дәуірдің терең әлеуметтік тартысын Абай мен оның арасындағы тартысты көре білген суреткер бұл тақырыпты өрістете отырып, оны тарихи жағынан шыңына – феодалдардың Абайға даярлаған қастандығына дейін жеткізеді.

Болған оқиғалар туралы материалды творчестволықпен талдай отырып, жазушы ойдан шығарылған эпизодтарды да кірістіреді. Бірақ бұлар Абай характерінің логикасына оның мұрат-мақсатына, оның қызметіне тіпті де қайшы келмейді, керісінше Абайдың маңызын, оның өз халқының тарихындағы алатын орнын тереңнен көрсетуге мүмкіндік береді. Абай өмірбаянынан ең маңызды фактілерді іріктеп ала отырып, М.О.Әуезов Абайдың типтік қасиеттерін аса көркемдікпен ашып беру үшін оның характері мен қызметінің кейбір жақтарын күшейтіп көрсетті. Бұлай көрсету, ең алдымен, романның негізгі тақырыптарының, бірі – Абайды халық қамқоршысы етіп кеңінен суреттеуге негіз болған тарихи документтік мәліметтерге қатысты.

Мысалы, Абайдың Қарамоладағы төтенше съезге қатысуы жөніндегі деректерге сүйене отырып, М.О.Әуезов ойдан шығарылған эпизодтар арқылы Абайдың «Қара шығын» жинаудағы қиянатқа қарсы күресі туралы оқиғаны ендірген. Ол генерал-губернаторлардың Қарамола съезіне салтанатпен келуін, оның алдында құрдай жорғалаған болыстарды және Абайдың генерал-губернаторға халықтың ауыр жағдайын әңгімелеп беруін, патша чиновниктерінің озбырлығы мен қастандығына қарсылық көрсетуінің әділеттілігін тамаша суреттеп берді. Суреткердің қиялы арқылы мұндай эпизодтар дәуірдің рухына, кейіпкердің психологиясына соншалықты сәйкес берілген, көркемдік жағынан соншалықты сенімді түрде ойластырылған. Автор оларды шын деп сенуге әбден иландырады. Өйткені мұның бәрі де Абайдың документтік өмірбаянында жазылмағанымен өмірде кәміл болуы мүмкін жайлар.

Қарамола съезінде Абайдың төбе би болып сайланғаны – тарихта болған оқиға. Осы фактіден шығарып, М.О.Әуезов генерал-губернатордың Абайды төбе би лауазымына ұсынуға мәжбүр еткен жағдайдың бәрін ойдан шығарады. Бұл арада Абайдың қыр адамдары арасында әйгілі болғандығы, халықтың оған деген сүйіспеншілігі, оны өзінің қамқоршысы ретінде санағаны шешуші фактор болғандығын, қалыптасқан жағдайға қарай онымен санаспай қоюды патша чиновниктерінің жөнсіз деп тапқандығын жазушы терең логикалық байланыста, сенімді етіп суреттеп береді.

Романда барымташылардың шапқыншылығынан жапа шеккен кедейлердің праволарын қорғаған Абай, мысалы, Арқат съезінде, мал иесінің тартқан зиянын байлардың, әдейі барымташылар ұстайтын



Оразбай сияқтылардың есебінен өндіруді талап еткені айтылған. Осы оқиғаны романда творчестволықпен көрсете отырып, М.О.Әуезов Әрхам Ысқақовтың Абайдың Қарамола съезінде төбе би ретінде қатысып, ереже құрастыруға тікелей араласқаны, оған бірсыпыра жаңа статъялар ендіруді талап еткені жөніндегі айтқанын пайдаланған.

«Абай төбе би болады. 105–110 статъя жасайды Абай. Сонда Абай кіргізген ереженің бірі: ұрының малы жетпегенде ағайыны тартпасын, сүйеушісі тартсын деген дейді» (31).

Абай Құнанбаевтың образын оның өмір сүрген дәуірімен тығыз байланысты, әр түрлі әлеуметтік-саяси күштердің тартысын көрсете отырып жасауы М.О.Әуезовтің тамаша творчестволық табысы болып табылады. Абайдың тарихта документті түрде жазылып қалған өмірбаяны жоқ еді. Бірақ бұл оқылықтың орнын оның жеке адам ретінде қалыптасу процесін көз алдымыздан көркем сурет арқылы өткізуге мүмкіндік туды. Мысалы, ақынның балалық кезі мен жастық шағы туралы мәліметтердің болмашы екендігіне қарамастан, автор өмірдің қандай жағдайлары, рухани өсуіндегі қандай өзгерістер болашақта оны творчество шыңына көтеріп, халыққа жақындастырғанын түсінікті де заңды етіп сенімді көркемдік формада ойдан шығарып, шебер көрсетіп берген. Көркем тип жасаудың сенімділігі – бұл арада ойдан шығарылған көркемдік эпизодтар мен тарихта болған фактілер арасындағы дәлме-дәл сәйкестікті дұрыс таба білуінде.

Абайдың характерін, оның дүниеге көзқарасын, халықтың тұрмысын жеңілдету жолын табу жолындағы ізденісін ашып көрсете отырып, жазушы өз кейіпкерін қимыл үстінде, өз дәуірінің реакциялық күштеріне қарсы күрес үстінде бейнелейді.

Көрнекті адамдардың бейнесін бұлай суреттеу – бірден-бір дұрыс жол, өйткені мұның өзі көрнекті адамдар өмірін тарихи дәуірдің анық бейнесі ретінде түсінуге мүмкіндік береді.

М.О.Әуезов XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақтардың өмірінің көптеген жақтарын және Абайдың идеялық күресін суреттей отырып, тарихи шындыққа толық сәйкес түрде көрсетеді. Реакциялық діни-саяси ағым – панисламизмнің, түрік сұлтанының қол астына мемлекеттік бірігуді насихаттаған пантуркизмнің Қазақстанға енуін Абайдың селқос қарауы мүмкін емес екендігі жөніндегі жағдайды сол кездегі тарихи шындыққа толық сай суреттейді. Түрік буржуазиясы неғұрлым күшті капиталистік державалармен отар үшін күресе отырып, өз позициясын нығайтуға тырысты, діни-саяси ағымды Россияның шеткері отар аймақтарындағы мұсылман халықтарын өз қол астына біріктіру үшін пайдаланып қалуға жанталасты. Орта Азия мен Қазақстандағы пантуркизм және панисламизм насихаты Константинопольде саяси партия – «Бірлік

және прогресс» партиясы құрылған уақыттан бастап әсіресе кеңінен таралды.

XX ғасырдың басындағы панисламистер қызметінің күшеюі Қазақстанда орталығы Туркияда болатын барлық мұсылмандардың діни иерархиясының бір бөлігі ретінде муфтиге бағынатын дербес діни ұйым құру жөніндегі белсенді түрде үгіт жүргізуден көрінеді.

Қазақстанның бірқатар ірі қалаларында кейбір мешіттердің жанында панисламистердің күш жұмсауымен жасырын баспаханалар ұйымдастырылып, онда муфти бастаған ұйым құрды, панисламизмді насихаттаған әдебиеттер басылып шыға бастады. Панисламизмді насихаттауда олар ешнәрсені де кез қырынан таса қалдырған жоқ. Діни прокламацияларда орыс-қазақ мектебінің ашылуы қазақтарды христиан дініне шоқындыру әдістерінің бірі болып көрсетілді (42).

Осындай хаттардың авторы мен таратушысы, мысалы, Ақмола облысындағы белгілі панисламистердің бірі, Көкшетау молдасы Шайдарман Қошығұлов болды. Оны тұтқынға алар кезде үйін тіниткенде бірнеше адамға жіберілген хатының почта қабылдаған қолхаты табылады. Ол адамдардың ішінде Абай Құнанбаев та болған. Осыған байланысты 1903 жылы апрельде Семей генерал-губернаторы Семей уезд бастығына мынадай тапсырма береді: «Қырғыздардың арасындағы үкіметке қарсы прокламациялар таратылуы жөніндегі жүріп жатқан тексеру жұмыстарына байланысты Ибрагим Құнанбаевтағы хаттың және оған жіберілген жалпы хаттардың барлығының мазмұнын анықтау қажет, сондықтан жоғары мәртебелі сізге Ертіс өзені өткел берісімен-ақ, Құнанбаевтың тұрған жеріне аттанып, оның үйін мұқият тінтіңіз және Құнанбаевтан табылған қағаздардың бәрін менің атыма жіберіңіз» (42).

Семей уезд бастығының Семей облысының әскери губернаторы бастығына жолдаған құпия хабарламасынан мына жағдай белгілі: 1903 жылы апрельде Ибрагим Құнанбаевтың қыстауына жасалған тінту кезінде оған жіберілген хат-қағаздардың бәрі алынған. Соның ішінде Ибрагим Құнанбаевқа Көкшетаудан жіберілген хат та бар. Бірақ оны кім жібергені белгісіз. Ол хатта үкімет орындарына қырғыздар үшін мұсылмандардың ерекше діни жиналысын құру жөнінде мәселе қойып жүрген Ақмола облысы қырғыздарына Семей уезі қырғыздарын қосу жөнінде өтініш етілген. Абайдың берген түсінігі бойынша, хатты жіберген адамды ол білмейді. Документте: «Құнанбаев хатты өзінің ұлы Тұрағұлға береді, ал ол Шыңғыс болысына «шылым орап тарту үшін» береді, беруінде ешқандай мақсат жоқ, өйткені әкесі де, өзі де оған ешқандай мән бере қойған жоқпыз дегенді айтады» (42) деген жолдар бар.

Патша өкіметі Россияның отарлық шет аймақтарында царизмнің мүддесіне елеулі нұқсан келтірген панисламдық насихатқа қарсы белсенді күрес жүргізді. Сондықтан да А.Құнанбаев атына Ш. Қошығұловтан



хат түсті деген жаңа хабарды алысымен-ақ Семей әскери губернаторы Петербургтағы дала генерал-губернаторына 1903 жылы майда «Архат почта кеңсесіндегі Құнанбаевтың атына жазылған хаттарды алып қарауға» почта мен телеграф министрлігінен рұқсат алып беруді сұраған. (73)

СССР Мемлекеттік Орталық архивінен табылған документтерге қарағанда, Абай Құнанбаевты патша өкімет орындары сол замандағы саяси ірі тұлға деп білген болуы керек. Өйткені Петербургтағы полиция департаментінің директоры Қошығұлов хат жіберген көп адамның ішінен тек оған көңіл аударды, «Архат почта-телеграф кеңсесінде ұсталып қалынған, Ақмола облысындағы Кекшетау қаласынан осы жылдың 7 мартында Қошығұловтан Ибрагим Құнанбаевтың атына жіберілген хаттың түп нұсқасын өзіне жіберуді» сұраған (73).

Дала генерал-губернаторы Сухотин Қошығұловты тұтқынға алғаннан кейін Семей генерал-губернаторына «Архат почта кеңсесінде Көкшетаудағы Қошығұловтан Ибрагим Құнанбаевтың атына жіберілген хат бар: зиянды үгіттің тоқтатылуына байланысты, Құнанбаевты ақылды, бәрін де түсіне білетін адам деп білгендіктен, уезд бастығының Құнанбаев хатты алған кезде қатысып отыруын және оны осы хатты бізге тапсыруға көндіруін сұраймын» (42) деген телеграмма жіберген.

Петербургтан телеграмма келмес бұрын хатты алып үлгерген А.Құнанбаев Семей уезд бастығына оны өз еркімен-ақ береді.

Осы айтылып отырған Қошығұлов хатының мазмұнын тұңғыш рет Ф.Киреев жариялаған болатын. Хаттың саяси сипаты болды және ол негізінен екі мақсатты көздеді. Біріншіден, Абайды өте құрметті, барлық адам құрмет тұтатын, «халықтың басшысы» ретінде панисламистер лагеріне тартып, оның беделін және, халыққа деген орасан күшті ықпалын пайдалану болса, екіншіден, Қошығұлов бұл мәселе жөнінде Абайдың позициясын білуге тырысты. Алайда Абай оның бірде-бір хатына жауап жазбады. Жауап бермеуінің өзі де оның позициясының қандай екенін жеткілікті дәрежеде көрсететін еді: ол прогрестік тарихи перспектива орыс халқымен, оның демократиялық мәдениетімен жақындасуда, әлеуметтік әділет үшін күресте деп білді.

Дала генерал-губернаторға Сухотинның «Құнанбаевтың кім екені жөнінде барынша толық мәлімет жинап, маған жеткізіңіз» деген тапсырмасына Семей генерал-губернаторы саяси көзқарасы жағынан А.Құнанбаевты «ақылды, фанатик емес адам,.. сенімді және мұсылман басшыларының қандай да бір айла-шарғыларына қосыла қоймайтын адам» деп жауап беруі, әрине, бос сөз емес еді. «Құнанбаевпен әңгімелескен кезде, – деп жазады ол одан әрі қарай, – оның мемлекеттік мүддені толық түсінетіні және Россияның азиялық иелігіндегі цивилизациялау миссиясына көзқарасының дұрыстығы көрінеді,

мұсылман фанатиктердің үкіметке қарсы әрекет етуге ұмтылушылығына үлкен наразылық білдіріп отыр» (42).

Бұл документ Абайдың панисламистерге, олардың қазақ халқын орыс халқынан әсіресе діни фанатизмнің көмегімен бөліп алып кетуге тырысушылығына қарсы нық және айқын позиция ұстағандығына көз жеткізуге мүмкіндік береді.

Патша өкіметінің отарлық аппаратының чиновниктері Абайдың көзқарасын Россияның шығыс отарларындағы цивилизациялау миссиясын мойындағаны деп түсіндірді. Олар, әрине, Абайдың философиялық және саяси көзқарасын терең түсіне алмады, ағартушы және демократ болған Абайдың Россияны екіге бөліп қарағанын, халықтар жендеті болған сол заманның бүкіл таңдаулы, демократиялық күштері қарсы күрескен патшалы самодержавиялық Россияға емес, қайта демократиялық Россияға бет бұрғанын көре алмады.

Эпопея авторының осы бір тарихи нақты деректермен жете танысуы, сондай-ақ Абайдың әлеуметтік саяси көзқарасын жан-жақты зерттеуі оның бірсыпыра көркемдік жинақтаулар жасауына, ХХ ғасырдың бас кезінде Қазақстанда панисламистер насихатының күшеюіне Абайдың қалай қарағанын творчестволықпен дәл жеткізіп суреттеуіне мол мүмкіндік береді.

Эпопеяда Семейдегі оқиға мысалы негізінде панисламдық насихатты таратуға мүдделі болған әлеуметтік топтар жөнінде айқын түсінік береді. Бұлар ең алдымен қазақ пен татар дін басылары, имамдар, қарилар, қалилар және Ертіс жағалауларындағы неғұрлым ірі мешіттердің басқа да дін уағыздаушылары еді.

Муфтият идеясын сондай-ақ қазақ және татар көпестері, қаланың ірі байлары – өнеркәсіп орындарының иелері, қазақтың қызметші интеллигенциясының кейбір өкілдері де қолдады. Эпопеяда барып тұрған панисламист ретінде Әзімхан Жабайханов сияқты ірі чиновник көрсетілген, ол арқылы қазақтың белгілі буржуазияшыл ұлтшылы Әлихан Бөкейхановтың көрсетілгенінде күмән жоқ. Ә.Бөкейханов (10.337) қазақ қоғамының қанаушы үстем тобының панисламдық талабын белсенді түрде қолдаушы болғаны мәлім.

Абайды өз жағына шығаруға тырысқан қазақ панисламистері оған өз мақсаттарын ашық айтады: «Бірыңғай бүкіл россиялық діни орталық – муфтиге бағынатын «муфтият» құру керек, оған қаладағы бүкіл мұсылман, ол аз болса бүкіл Семей облысының тіпті барлық қазақ халқының... бағынуы тиіс... Муфти өздерінің діни ұстазы деп мойындай отырып, оған Қазандағы, Уфадағы, Орынбордағы, Троицкідегі, Омскідегі ислам дінін ұстаушылардың бәрі бағынуға тиіс болды». Сөйтіп «Россияның отыз миллион мұсылман халқы дін жөніне бауырлас болып бірімен-бірі жақындай түседі,





«Халифат сұлтан жұртында дәурен шегіп отырған, ісі мұсылман ғаламының Ыстамполдағы дін орталығы – Шайхүлісләм бар. Соған бұндағы дін – мұсылман қауымын қатыстырмақ» (23.778).

Панисламизм идеологтары осы мақсатпен Россия территориясында тұратын мұсылман халқы атынан арызнама мен приговорлар құрастыра бастайды. Осыған қазақтың игі жақсысы боп сөз қоссын, қала мен қырдың халқының арасынан қолхат жинап отырып, Семейдегі қазақ діни басылары, эпопеяда көрсетілгендей, халық алдында атағы, абыройы үлкен адам болғандықтан Абайдан осы жөнінде үлкен үміт күтіп, көмек тілеседі екен (23.738).

Жергілікті діни адамдар мешіттерде, жұрттың топтап жиналған жерлерінде өсиет жүргізгенін былай қойғанда, жұмысшылар тұратын поселкелерді, кедейлер кварталдарын аралап, «Муфтиге қарап, дін мұсылман баласы бірлесу қажет» дейді. Халипе сұлтан деп, «Шайхүлісләм» деп тілек айтып, үн қосуын тілейді. Олардың Семейдегі жанталасқан белсенді қызметінің көрсетілуі өте қызық және бұл компанияның жұмысымен егжей-тегжейлі танысуға мүмкіндік береді.

Бұл мәселенің Абай үшін аса зор, принципті маңызы болғандығы соншалық, М.О.Әуезов қолда бар белгілі документ материалдарына сүйене отырып, өз кейіпкерінің панисламдық өсиетке мүлдем қарсы екендігін Семей қаласының еңбекші адамдардың кейбір өкілдеріне айтқан сөздер арқылы да көрсетеді.

Абай өзіне келіп-кетіп ақыл сұраушы, мешітке жай қатынасушыларға былай дейді: «Қаланың халқы кім айтса да, бұл приговорды жасамасын да, қол қойып ырзалық білдірмесін! Біз муфтиді тілемейміз! – десін. Себебі қазақ, ата-бабасынан бері соншалық құдайшыл боп, діншіл боп өскен халық емес... Ал дін-қарындас боп қосыламын деген ұран біздің көкейімізге қонбайды. Халық болып айтсақ, көңілімізге жақпайды. Себебі ол өнерден, білімнен қашықтатпаса, жақындатар жол емес! (23.742).

Бұл көрініс сөзсіз, автордың өзінше ой топшылауы. Бірақ айтылғандардан бұл көріністі документтер арқылы расталған фактіге тұрарлық тарихи шындық деп қорытындылауға болады. Бұл тарихи роман жазатын автордың жұмыс тәсілі. Жаңа жаза бастаған жас автордың «тарихи адамның өмірбаянын ойдан қосып жасауға бола ма?» деген сұрағына А.Толстой былай деп жауап берген болатын: «Қосып жазу керек. Бірақ болуы мүмкін нәрсе болсын, демек ойдан қосқаның (шығарғаның) болмаған болса да, болуға тиіс болсын» (19.322).

Белгілі тарихи фактілерді негізге ала отырып, Абайдың дәуірі мен өмірбаянының ерекшеліктерін терең түсінген М.О.Әуезов оқиғаның дамуына өз жанынан творчестволықпен тың нәрселер қоса отырып табиғи түрде тууы мүмкін салдарларды өзі жасағанын көреміз. Көркемдік тәсілмен ойлау правосын шебер пайдалана отырып, ол панисламизмнің

Қазақстанға енуіне Абайдың қарсы шығуын шиеленіскен идеялық күрес үстінде логикалық жолмен сенімді суреттейді. Жазушы қаланың бас мешітінде Абайды қазақтардың «оларға жат және қас муфти өкілдеріне» бағындыруға әзір жүрген, муфтиді жақтаушыларына қарсы – дін иелеріне, ұлт буржуазиясы мен ұлтшылдық ниеттегі интеллигенция өкілдеріне қарсы ашықтан-ашық айтысқа түсіреді.

Өз позициясын түсіндіре отырып, Абай Әбішке былай дейді: «Ойласам, барласам, надан сахарадан, қараңғы қауымнан шығып, көзі ашық адам болғанымды мен енді ұмытсам керек. Орыс өнері арқылы, орыс кітаптары арқылы сәл сәуле керіп, азаппен тапқан аз жарығымды өзім лағнет айтып жойсам керек, Исламият атынан бүгін маған сөз салушылардың үніне бақсам, мен осы заманның дәруіші, жаңа бір сопы Аллаярына айналмақпын. Өзімді өзім қорлап, сөзімді ертеп жоймақпын... Бір мені емес, мені құрал етіп, бүгінгі бар қазақ қауымын солай улатпақ. Келер нәсілін, тарихын түгелімен, осындай қараңғы надандық жолға бұрмақ!» (23.528).

Әрине, Абайдың бұл монологы – автордың өз жанынан ойлап шығарғаны. Бірақ мұның өзі тарихи документке негізделген, творчестволықпен жазылған. Абайдың әдеби мұрасы да, автордың жаңынан қосқан осындай эпизодтары да ақынның сол заманындағы реакцияшыл күштерге қарсы жүргізілген идеологиялық күресінің басты бағыттарын алып көрсетеді. Эпопеяда ақынның ойы да, түрлі эпизодтар да тарихи дәлділікпен шынайы берілген.

М.О.Әуезов өз шығармасында тарихтың алға қарай даму барысын бейнелей отырып, өз заманының прогресшіл тенденциясын білдіруші Абайдың қазақтарды қараңғылық пен надандыққа ұстағысы келген панисламдық өсиетке қарсы шығып, халықты оқу мен өнерге, орыс мәдениетінен үйренуге шақырғанын, ал бұның өзі халықты азат етудің ақиқат жолы екенін көрсетеді.

Феодалдар арасынан шығып, халықты мейрімсіздікпен езіпжаншыған қанаушылармен, реакцияшыл дін басыларымен күрес барысында Абайдың мінез-құлқы қалыптасады, саяси сана-сезімі өсе түседі.

Эпопеяның 1892 жылы Семей қаласындағы жұқпалы дерт-індетті суреттеген бөлімі ауыр қайғыға толы. Онда өлгендерді жерлеумен байланысты адам айтқысыз байып кеткен қаладағы мұсылман дін басыларына қарсы Абайдың ашына жүргізген күресі суреттелген. Абайдың дін басыларымен күресін суреттеген жері, бұл арада ойдан шығарылған. Алайда оның солай болуы мүмкін және солай болуы тиіс те. Өйткені Абайдың діни нанымға сын көзімен қарауы бұған толық сай келеді. Дін басыларының дүниеқорлығы мен сатылғыштығын ол өз өлеңдерінде әлденеше рет келекелеген болатын.

Абай халықтың ауыр халіне қалай болса солай селқос қарай алған жоқ. Ол оқыған, көзі ашық адам ретінде халықтың қайғысын жеңілдету



жолын сөзсіз іздестірген болар еді. Індет кезінде өлгендерді жабыла барып жерлеу және бата оқу сияқты мұсылман дінінің әдет-ғұрыптары аурудың бұрынғыдан да жаман таралуына жол берілетін еді. Сондықтан да Абай, мұсылман дінінің бұл әдет-ғұрыптарынан бас тартуға шақырады. Абайдың осы мәселе жөнінде дін басыларына қарсы күресі ішкі істер министрлігінің медицина департаменті бойынша «Обадан өлген мұсылмандарды жерлеу туралы» 1892 жылғы 10 августағы уақытша ережесіндегі нұсқауға толық сәйкес келеді. Абайдың бұл документті білуі әбден мүмкін.

Романда індет кезінде халықтың ауыр жағдайын жеңілдету жолындағы күресте Абайға оның жер аударылып келген достары, олардың арасындағы дәрігерлер зор көмек көрсетеді. Бұл жағдайдың да нақты негізі бар. Бұған мысал ретінде, Абайдың жер аударылып келген дәрігерлер Н. Долгополовпен және оның жұбайы А.Шурмен және басқаларымен қалыптасқан достығын еске алсақ та болғаны.

Міне сондықтан да эпопеядағы мұндай ойдан шығарылған фактілер Абайдың тарихи бейнесін бұрмалап көрсетпейді, қайта оны мейлінше толықтырады, тартымды ете түседі, оның халықпен, қайғы мен қасіретке душар болған қала кедейлерімен тығыз туысқандық байланысын танытады. Бұл арада автордың ойдан шығарып қосқандары Абайды ағартушы және демократ, халық қамқоршысы, халық мүддесін көздеуші етіп көрсететін қызметінің неғұрлым прогресшіл белгілерін зор көркемдік шындықпен ашып беруге көмектеседі.

Эпопеяда Абайдың ағартушылық қызметіне үлкен орын берілген. Оны бейнелеу үшін М.О.Әуезов Абайдың өмірбаянынан белгілі тарихи фактілерді де, оның ағартушылық, демократтық идеяларын өте толық көрсете алатын әдеби мұрасын да толық пайдаланды.

В.И.Ленин ағартушылыққа тән белгілерді аша отырып, ағартушының крепостниктік правоға, оның экономикалық, әлеуметтік және заң саласындағы көріністеріне деген бітіспес жаулығын; оқу-ағарту ісін, өзін-өзі басқаруды, бостандықты, өмірдің европалық формаларын қорғауын; халық бұқарасының ең бастысы шаруалар мүддесін қорғайтындығын көрсетіп берген еді (3.519).

В.И.Ленин атап көрсеткен ағартушыларға тән негізгі қасиеттерді Абай Құнанбаевтың творчестволық және практикалық қызметінен көруге болады. Әрине, сонымен қатар ол өмір сүрген нақты тарихи жағдайларды да естен шығармауымыз керек.

Мысалы, Абай қоғамдық қатынастардағы патриархальдық-рулық құрылыстың жексұрын сарқыншақтарын, байлардың еңбекші халықты аяусыз қанауын, күш жұмсап, зорлық істеуін әшкерелеп, еңбекші бұқараның мүддесін қорғады, қазақ қоғамының патриархальдық-феодалдық негіздеріне объективті түрде қарсы шықты.

Абайдың күнделікті өмірін, оның айналасындағыларға ықпалын

бейнелеуде М.О.Әуезов өмірдегі нақты материалдарды пайдалануға тырысты. Мысалы роман текстінде автордың творчестволық өңдеуімен Абайдың ағартушылық қызметіне қатынасты мынадай фактілер берілген. Әрхам Ысқақовтың айтып берген естелігі бойынша «...Шерней бек<sup>7\*</sup> Марта», «Төрт мүшкетер», «Рүстем», «Петр Великий жайынан ертеке», «Мың бір түнді» елде алғаш айта бастаған Абай (31).

Романда орыстың және Батыс Европа классиктерінің жоғарыда аты аталғандарының, одан да басқаларының есімін алғаш рет Абайдан естіп, Баймағанбеттің неше түрлі қызықты әңгімелер айтып беретіні суреттелген. Бұл көрініс Әуезовтің өзінің жас кезінде Баймағамбеттің айтқандарын тыңдауынан алған әсеріне негізделген.

Бұл жөнінде Абайдың бәйбішесі Діләннің, Қатпа Құрамжанов айтып берген естелігі де қосымша материал бола алады.

«Абайдың айналасы кітап болады дейді: үйде отырғанда оқып отырады, көзіне очки киеді. Немесе кітап үстіне лупа жүргізіп отырады» (42).

Абай орыс тілін өзі ғана біліп қойған жоқ, сонымен қатар балалары мен жақындарына да үйретті. Бұл жөнінде, мысалы, Семей әскери губернаторының хабарламасында былай делінген: «Құнанбаевтың ұлдарының бірі Михайлов артиллерия училищесін бітірген соң офицер болып шықты да әскери қызметте жүріп, Түркстан округында өлді. Қазір күйеуге шыққан Құнанбаевтың бір қызы қырғыз интернатында оқып, ғылым курсын бітірді, қалған балаларының бәрі де орысша оқып, жаза біледі. Олардың сауатын ашқан әкелері. Құнанбаев орыс әдебиетімен өте күшті шұғылданады, кітап, газет, журналдар жаздырып алдырып тұрады».

Әрхам Ысқақовтың айтуы бойынша, оның қолында 12 жасынан бастап болған Абайдың інісі Кәкітай Ысқақов та орыс тілін Абайдың өзінен үйрене бастаған (31).

Абай замандастарының естеліктеріне сүйене отырып, М.О.Әуезов ұлы ақынды өзінің ағартушылық көзқарасын тек поэзия арқылы ғана емес, күнделікті өмірде де, оқу-білімнің пайдасы шаруашылық жүргізудің жаңа формалары, жаңа мораль туралы өз ауылдастарымен әңгімелескен кезде де насихаттаушы етіп бейнелейді. Ол орыс және Батыс Европа әдебиетінің кейбір үлгілерін айтып беру арқылы жерлестерінің ой өрісін кеңейтуге ұмтылды.

Осындай мемуарлық деректерінің ішінен эпопеяда тікелей пайдаланылған мынадай фактінің зор маңызы бар. Мысалы, Ермұсаның айтуы бойынша былай болған.

«Келдібек баласы Ниязбек (Жәкен) медіреседе оқып жүріп, қалада

<sup>7\*</sup> Орыстың век деген сөзінің бұрмаланып айтылуы.



Абайға келгенде: «Не оқисың?» дейді. Нақу оқимын дегенде, «жынды болуға азақ қалыпсың ғой» депті, «Еңбек үйренем десең, егін сал» дейді. Кейін Ермұса сынайды, жақсы егінші болған» (31).

Медіресе шәкірті Әлпейімді ертіп, панисламдық пиғылдағы қазақ молдаларына қосылуға Абайды үгіттемекші болып келген Кекбай Жанатаевты бейнелей келе, М.О.Әуезов «сақалды адамның Көкбай шоқша сақалы бар молда болып жүрген бас мешіттің жанындағы медіресеге шәкірт болуға ұялмауын келеке ете отырып», былай деп жазады:

«Абай Әлпейім шәкіртке бұрыла қарады да:

– Ал, Әлпейім, айтшы, сен бұл күнде не оқып жүрсің? – деді.

– Наху оқып жүрмін, Абай мырза! – деп Әлпейім «не дер екен» дегендей жылтыраған көзін Абайға қадап, күлімсірей қалды.

– Е, жынды болуға аз-ақ қалған екенсің! Араптың өзінің мақалы бар: «Фихқаны көп оқыған ақылды болады, нахуды көп оқыған ақымақ болады» дегені – осы сөздерді Абай арапша судыратып айтып шықты. Күле түсіп:

– Сөйтп, жаңағыны айтқан мен емес, оқып жүрген арабыңның өзінің ғұламалары! – деп біраз отырды да:

– Әлпейім-ай, әкең Мұқыр, – Тақырдың бойына ең алғаш егін еккен, ақыл тапқан қазақ еді. Саған да қызығы сол еліңе барып, еңбек сауған ғой» (23.734).

М.О.Әуезов Абайдың қазақ халқының арасында егіншілікті дамытуға тікелей белсене қатысқандығы, осыған байланысты патша өкіметінің қоныстандыру саясатына орай шұрайлы жерді тартып алуды әдет қылған патшаның әкімшілік орындарына егіншінің жеріне тимеу жөнінде өтініш жасауы туралы жарияланған архив документтерін де (74.125-128) назар аударып отырды.

Ағартушы Абайдың қазақ ауылында егіншілікті дамытуға деген игілікті көзқарасы романда өте жарқын көрсетілгені белгілі. Бұл ретте егінші байлардың қалың малы таптап кетуінен үнемі жапа шеккен кедей жатақтардың мүддесін Абайдың қалайша қорғағанын есімізге түсірсек те жеткілікті. Романда бұл бағытты автор Абай замандастарының естеліктеріне, аталып еткен архив документтеріне, сондай-ақ басты дерек ретінде Абайдың өзінің ақындық творчествосына сүйене отырып құрған.

Абайдың өзінің көптеген шығармасынан қазақтардың егіншілікке, отырықшылыққа, кәсіптік еңбекке көшуін жақтағаны, бұларды шаруашылықтың неғұрлым прогресшіл формалары деп білгені белгілі. Абайдың өз шығармаларында айтатын қоғамға пайдалы еңбек дегенінің өзі, ең алдымен егіншілік еді.

«Еңбек кылсаң ерінбей,

Тояды қарның тіленбей»,

десе, енді содан әрі қарай:

«Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде» (75.19-38)

Абай қазақтардың қолөнермен айналысуын құптады. Бұл жөнінде эпопеядан мысалды көптеп келтіруге болады. Оның бәрі ақынның замандастары хабарлаған, өмірде болған нақты материал негізінде құрылған.

Ә.Ысқақовтың айтуы бойынша: «Абай өнерпаздарға көмекші. Сыбызғышы, домбырашы, құмалақшы, дейбисшыларды қатты сүйеген, ұсталықты, іскерлікті қатты қостаған (31).

Абай замандастары көрсеткен оның ән мен күйдің адамдарына деген қамқорлығын М.О.Әуезов романда творчестволықпен пайдаланып, Абай ауылын өзінше бір сол өлкедегі рухани орталық етіп көрсетеді, ол ауылға үнемі ақындар, музыканттар, әншілер келіп тұрады.

«Үй толы жиын, әдемі бір сауық өнер көрсетісті.

Сахара тіршілігінде ақын, әнші, ойыншы, күлдіргі адамдар көп кездеседі. Абай ауылының өзі болса, бұнда неше алуан сырлы сымбат, өнер үлгілері бар» (23.146).

Осындай талантты әншілер мен музыканттар арасынан, әсіресе, Мұқа көзге ерекше түсетін, ол скрипкада ойнауды үйреніп алып, орыс және Батыс Европа классиктерінің кейбір шығармаларын ойнап беретін. Оның Абайдың Татъянаның хаты және басқа да шығармаларын жақсы орындаушылардың бірі болғаны белгілі (75.78).

Мұқаның образын жасау үстінде М.О.Әуезов Сапарғали Бегалиннің Абайдың туған жерінде шын мәнінде болған атақты музыкант Мұхаметқали Әділханов туралы жазып алған деректерін пайдаланды. Бұл материалдарда Мұқаның өмірбаяны, оның музыканы үйрену тарихы толық айтылады (31). Оның өмірінің, әсіресе, қызықты бір жағы, Абайдың қамқорлығының арқасында, оның ауылында тұрады да бірнеше жыл бойына ақын айналасындағы дарынды жастардың арасында болады.

Мұқаны Абай әдейілеп Семейге жібертіп, ән-күй үйреніп, музыканттық талантының өркендеуіне көп көмектеседі. Мұқаны Мәскеу, Петербургқа жібермек болып, әдейілеп киім тіктіріп даярлап жүрген кезінде елдің шатағынан ойы іске аспай қалады» (23.232-235).

Осы мәліметтердің бәрі романда толық бейнеленген, онда Мұқа туралы былай делінген: «Мұқа Абай ауылына бұл жастарға жолдас, дос болып, бертінде кеп қосылған. Ол осы елдің адамы да емес. Көршілес көкен болысындағы уақтың Қандар дейтін руынан шыққан. Елінде өзінің құмар болған бір қызын ала алмай жүргенде, Мағаштың насихатымен көкеннен алып қашып, осы Абай қолына келген де, осында тұрып қалған. Қалада кездесіп жүретін сыпайы мінезді, өнерлі күйші-скрипкашы және әсем әнші Мұқаны Абай мен Мағаш екеуі қатты ұнатқан... Мұқа байсалды



салмақпен, тек қол қозғалысымен ғана тартады... Мұқада скрипканың тартуын әлде бір провинция күйшісінен үйренген, аз оқыған тәсілдер бар. Үлкен техникасы болмаса да, барынша шын сезімін, ынта-пейілмен жеткізбек болған, сирек талап танылады» (23.147-148).

Абайдың замандастары мен олардың үрім-бұтақтарының жадында сақталған естеліктерінен келтірілген бұл үзінділер М.О.Әуезовтің бірнеше жыл бойына Абай туралы, соның өзінде оның күнделікті өмірі туралы жан-жақты материалды қаншалықты тірнектеп жинағандығының дәлелі. Бұл мәліметтерді романдарда көркемдік тұрғыдан жинақтап, бейнелеу ақынның жан-жақты, тартымды образын жасауға көмектеседі.

Абайдың қазақ қоғамындағы әйелдердің езіліп-жаншылған жағдайын түсіне білгендігі, олардың қасіретін жеңілдету үшін оның күресі, семья мен неке саласындағы артта қалған феодалдық тәртіптерге белсенді түрде қарсы шығуы жөніндегі материалды жазушының іріктеп алуы да кездейсоқ нәрсе емес.

Мысалы, эпопеяда Абай әйел правосын бірнеше рет қорғап шығады. Салиқа қыздың ісінде төбе би болып, шарифат заңына байланысты неке міндеттерінен оны құтқарады. Одан соң сахарадан қалаға қашып кеткен Мәкен мен Дәрменге де үлкен тірек болып, көмек көрсетеді, оларға неке жөніндегі мұсылман заңынан гөрі әлдеқайда прогресшіл орыс заңына сүйенуге кеңес береді.

Бұл оқиғалар Абайдың өмірбаянында болған жағдаймен тікелей байланысты. Абайдың төбе би ретінде Қадиша қыз жайындағы екі ру арасындағы дауға қатысқаны жөніндегі мәлімет әр түрлі деректерде кездеседі. Мұның өзі кезінде үлкен дауға айналыпты. М.О.Әуезов осы оқиға туралы Ермұсаның естелігін толық жазып алған:

«Қадиша қыз дауы. Абайдың сабалуына осы себеп болған. Қадиша – Байғұлақ туысқаны. Жуантаяқ қызы. Айттырған жері Есболат. Осыны абыралы Жолдыбай (жігіт) алып қашпақ болады. Бес жігіт сақтоғалақ аңдып тұрып ұстап алады. Осы жанжал. Абай қыз, жігітті алғызады. Екі аяқта бір кісен. Қыз кеп есіктен өлең айтады. Абай билік айтады. Қызға теңдік береді. Осыдан Есболат жесірі кетіп, қас болады. Жуантаяқ қызы кетіп қас болады. Әбен, Оразбай осы тұста ұрандасады» (31).

Эпопеяның бірінші томында осы жағдайдың толық берілгенін байқау қиын емес. Абай құдалықты өздігінен бұзған екі рудың арасындағы қыз дауын осылай шешіп береді. Бірақ осы бір құрғақ фактілерді автор өз жанынан қосқан көркемдік бояулар арқылы шебер суреттеп, әсерлі етіп баяндаған.

М.О.Әуезов ру мен ру арасындағы өз ара жауласуды барымта арқылы суреттейді. Құдалықты бұзғаннан кейін сыбандар керейлердің малын айдап кетеді. «Содан бері қар кетіп, көк шығысымен сыбан мен керей бірінен бірі кезек барымта алысады. Неше рет қалың қол боп аттанысып,

енді шабысарман боп отыр. Соққыға жығылған, өлімші, жаралы болған, қалжа жеп жатқан екі жақтың азаматы бұл күнде елуге тарта бар деседі» (22.743). Содан кейін өз ара жауласқан екі жақ Балқыбек съезінде өз дауларын дұрыс шешеді деп төбе би етіп Абайды таңдауы шығармада толық ашылып көрсетіледі. Салиқа қыз дауынын тергеуі толық суреттелген. Қыздың бостандыққа ұмтылуы, шалдың үшінші әйелі болып, тоқалдыққа барғаннан гөрі өз басын өлімге байлаған Салиқа тағдыры эпопеяда өте жақсы көрсетілген. Абайдың көз алдынан жартастан терең суға құлап өлген қыздың бейнесі елес беріп өткендей болады. М.О.Әуезов мұны ерекше психологиялық нәзіктікпен өте сенімді етіп көрсете білген. Ой мен елес Абай жанын арпалысқа түсіреді. Ол ырғақты сөзге ауысып, өлең жолдары өз-өзінен құйылғандай болды.

Етімді шал сипаған құрт жесін деп,  
Жартастан қыз кулапты терең суға (22.752).

Сөйтіп, М.О.Әуезов Абайдың өмірбаянында кездескен осы бір фактіні ақынның «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деген белгілі өлеңімен тығыз байланыстыра суреттеген.

Сонымен қатар қыздың тағдырын біржола шешу алдында билер арасындағы өте-мөте шиеленіскен жағдай, жауласушы екі жақтың бірінен бірі пара алып, істі Салиқаның пайдасына шешкісі келмеген төбе бидің көмекшілері Жиренше мен Оразбайдан Абайдың айрылыса бастауы, ақырында Балқыбек съезінде қызға азаттық берілуімен қатар, екі жақтың да материалдық шығындарының орнын толтыруды ойластырған Абайдың әділетті билік айтуы – шебер суреткердің көркем қиялы арқылы сенімді баяндалады. Бұл жерде Абай қызметінің прогресшіл бағытын баса көрсете отырып, М.О.Әуезов оның қабылдаған шешіміне көпшіліктің риза болғанын аңғартады. Сахара аристократиясының бір бөлегінің қарғыс айтып, қарсы шыққанына қарамастан, керей де, сыбан да Абайды «бұрынғы қара қазақ жолынан жолы басқа, үні басқа, лебінде елге ем болайын деп тұрған жақсы ырым бар, сөзі дуалы, беті алмасты, бұл өңірдің абыройлы адамының бірі болғалы тұрған жан екен» (22.758) деп бағалады деп көрсетеді.

Дәрмен сияқты түгелдей ойдан шығарылған кейіпкерлер жөнінде де автор тарихта болған оқиғаларды пайдалануға тырысқан. Мұның өзі кейіпкерді көңілге қонымды да сенімді ете түседі. Мысалы, Дәрмен өзінің сүйген қызы Мәкенді алып қашып Семейге барады. Ондағы мақсаты – Абайды паналау. Бұл эпизодтың ойдан шығарылғанында дау жоқ. Солай бола тұрса да Абай өмірбаянының өзінде осындай ойдың дұрыстығын әбден дәлелдейтін бірнеше оқиға бар. Жоғарыда талантты музыкант дейтін бірнеше оқиға бар. Жоғарыда талантты музыкант Мұқа туралы





айтылған болатын. Ол өзінің, сүйген әйелімен бірге әменгерлік дәстүрді бұзып, Абайға келіп паналаған-ды. Осыған ұқсас эпизодты М.О.Әуезов Қатпа Құрамжановтың аузынан жазып алған:

«Ақмет Шәріп Молдажан ұлының қатынын алып кашып, Абай қолына келіп үш жыл тұрып қайтқан. Бұл орысша, қазақша оқыған адам. Жетім бала есебінде оқуға түскен. Қызметін тастап Абаймен танысқандықтан соның аулына үш жылға кетеді» (31).

Абайдың семьяда әйелге, әсіресе келінге деген жаңа көзқарасы туралы Тұмабай берген мына бір мінездеме назар аударарлық:

«Келінің, қызын жасырмайды. Пакизатты ұзатарда жаулық кигізерде: «Балам, ақ нокта деген – осы»,– дейді. Пакизат киіп ап әкесіне қарайды. Абай анау шыққан соң көзінің жасын іркіп алады» (31)

Абай өз заманының озат адамы ретінде семьяда жаңа қатынас орнатқаны белгілі. Мұның өзі романда көрініс тапқан, бұған мысал ретінде романдағы Семейде жүрген Абайға баласы Әбіш пен оның келіншегі келген сәтті суреттеген жерді айтуға болады. Верныйға қызметке жүреп алдында Әбіш әкесіне келеді.

«Абайдың үстіне, ол отырған бөлмеге Әбіш сәлем беріп кіргенде Мағыш іркіліп, ұялып есік сыртында қалып еді. Абай соны аңғарып қалып, офицер киімін киген, қалаға әскерлік формасымен кірген Әбіштей баласының сәлемін жөндеп алмастан-ақ, оны қайта жұмсады».

– Сәлемің жөн, бірақ артыңда, есік сыртында менен ұялып Мағыш тұрып қалды. Олай қалуы сенің офицерлігіне, менің аталық әкелігіме жараспайды. Бар, ертіп кір үстіме. Менімен амандасудан ұялмасын бұдан былай! – дейді» (23.433). М.О.Әуезов романда Абайдың осы мәселе жөніндегі ерекше сезімін шынайы суреттеп береді. Мұны Абайдың семьясымен түскен фотосуретінде балаларымен қатар әйелі де, келіндері де болуы дәлелдей түседі.

Жазушы Абайдың сол кездегі көрнекті ақындармен қарым-қатынасын суреттеуге де біраз көңіл бөлген. Бұл ретте ол Қатпа Құрамжановтың төмендегідей естелігін де пайдаланған:

«Абай Қоңыр Көкшеге болыс боп тұрғанда Байкөкше ақын бұл отырған үйге кіре береді. Абай:

Тақыр жерге қауындап шөп бітеді,

Кей адамға мал мен бас көп бітеді,–

деп осының аяғын отырмай айтып жіберші дегенде: Байкөкше:

Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң

Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді,

– деп отыра кеткен» (31).

Романда осы эпизодқа анағұрлым терең әлеуметтік мән беріліп, творчестволықпен өңделгенде өте қызық болып шыққан. Балқыбек ру аралық төтенше съезі алдында Құнанбайдың үлкен отауының иесі ретінде

Оспан екі уездің барлық болыстарын қонақ етеді, олардың арасында Абай мен ақын Байкөкше де болады. Ақынның өлең айтуын қолқалаған болыстар дәулеттілердің өкіметі халықты езіп жатқанын айтқан кезде риза болмай қалады. Абай Байкөкшенің өлеңі халық даусы екеніне риза болады. Ақынның ел атынан сөйлегеніне қарсы болып, Тәкежан «Кәні, олай болса, елдің айтқанын маған бір-ақ ауыз сөзбен айтып берші осы! – деп күле көтеріліп, Тәкежан Байкөкшені мысқылдай бастап еді. Өзге болыстар да Тәкежанмен қоса жауланып, Абай мен Байкөкшені мысқыл етуге айналады.

Абай осы уақытта күле түсті. Қызына жауланып ап Байкөкшеге қарады да:

– Өй, Байеке, ендеше іркілме. Шұбыртпа да, шұбалтпа және. Мен бір ауыз өлеңнің басын бастайын, соның аяғына болыстар туралы елдің не айтатынын сен қосып жіберші кәні!– деді. Өзі де бөгелместен, қатты дауыстап өлеңдетіп кетті.

Ойпаң жерге қауындап шөп бітеді.

Кей жігітке мал мен бас көп бітеді, –

деп қалып еді.

Жүгініп отырған Байкөкше көтеріле беріп, қуана жадырағандай болды, қабағын керіп жіберіп, лезде іле жөнелді.

Кей жігітті пысық деп болыс койсаң,

Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді...

– Міне ел сөзі!– деп, Тәкежанға қарап, сақылдап күліп жіберді» (22.717-718).

Абай замандастарының естеліктерінде ақынның Қадиша қыздың сотында төбе би ретінде қатысуы оның Оразбаймен айрылысуының себебі болғаны, Оразбайдың оған қастандық жасағаны туралы айтылады.

1897 жылы Көшбике деген жердегі болыс сайлауы кезінде Абайға қастандық жасалғаны рас, оны ұйымдастырған Оразбай Аққұлов деген старшина мен Абайға өшіккен сахара төрелерінің өкілдері болатын.

М.О.Әуезов осы оқиғаның жеке бір көріністеріне ғана, мысалы, Абайды соққыға жығушылардың бірі ақынның өліп кетуі мүмкін деп үстіне түсіп, өз денесімен оны қорғауға тырысқан жеріне ғана көңіл аударған.

– Абайды сабағанда үстіне жығылған. Оны талқан қып ұрған. Бір ай қалжа жеп жатып тұрған (31).

Абай замандастарының естелігіндегі осы сияқты болған оқиғалар мен маңызды эпизодтарды М.О.Әуезов бірсыпыра жағдайда өзгеріссіз алып пайдаланған. Өйткені мұның өзі өмірде болған оқиғаны әрі дәл, әрі тарихи шындыққа сай етіп көрсететін материалдар еді.

Эпопеяда бір эпизод былай суреттелген: «Кім екені белгісіз, жаңағы келген топтың ішінде, енді Абайды талап өлтіруге айналған түрді көріп



кимаған біреулер, Абайдың денесін бүркеп құлай кеткені де болды. Олар біреу емес, бірнеше адам» (23.669).

Автор бұл арада жанжалдың тек сыртқы көрінісін көрсететін тарихи документтік фактіден алшақтап кетеді. Документ бойынша, Абайды соққыға жығудың шын себебі оның Қадидша қыздың тағдырын шешуге қатысуы еді. Қастандық осы шешімге қарсы болғандардың ұйымдастырған ісі болатын. Жазушы бұл мәліметті ой-елегінен өткізіп, творчестволықпен пайдаланған. Абайға қастандық жасаудың терең тамырын ашып, ақынның өз табымен арасындағы әлеуметтік қайшылығын айқын көрсетуде көркемдік жинақтауды зор шыңына жеткізе білген.

Жазылып алынған жеке бір факт түріндегі документтік деректерді кейбір жағдайда дәл сол күйінде алу құбылыстар мен адамның іс-әрекетін тарихи шындыққа сай жинақтауда және ой елегінен өткізуде, демек көркем шындықты жасауда, оқиғаның нағыз мәнін ашып беру үшін автордың өз ойынан қосқандарына қарағанда әлі де жеткіліксіз болатынын осы мысалдан айқын көреміз.

М.О.Әуезов өзінің творчестволық жұмысында жалаң мәліметтермен ғана шектеліп қалған жоқ.

Автордың қиялы тарихта болған жеке адамның, бұл арада Абай Құнанбаевтың өмірінің белгісіздеу кезеңдерін немесе жағдайларын бейнелеу үшін немесе баяндауды айқын оқиғалармен жандандыра түсу үшін ғана емес, сонымен қатар автор суреттеп отырған дәуірдегі өмірлік маңызы бар фактілер мен құбылыстарды, оның белгілі бір өкілдерін тарихи тұрғыдан дәл типке жатқызу үшін де маңызды роль атқарады.

Дәуірдің әлеуметтік қайшылықтарын, Абайдың өзінің күресін терең ашып көрсету үшін автор Абайды ойдан шығарылған кейіпкерлермен соқтығыстыратын оқиғаларды, оның туысқандарымен және жақын адамдарымен қатынасы жөнінде көп нәрсені өз жанынан ойластырып қосқан. Бұл жерде автордың қиялы Абайдың жауларымен, мысалы, Оразбаймен күресін суреттеп толықтыруда, ақын мен оның әкесі Құнанбай арасындағы қайшылықты көрсетуде көптеген өткір мысалдар, сәтті штрихтар тудырғаны белгілі. Әрине, аса маңызды тарихи мәселеге келгенде қиялға барынша өріс бере беруге болмайтыны түсінікті. Бұл жерде мәселе автордың тарихи концепциясына, оның идеялық даярлығына толығынан бағынышты болып келеді.

Мысалы, М.О.Әуезов Абайдың халықтан шыққан адамдармен қарым-қатынасын көрсету үшін оның сүйікті шәкірті Дәрменді, Дәркембайды, бақташы Асанды, жатақ ақсақалдарын, тағы басқа кейіпкерлерді көркемдік қиял арқылы ойлап тауып, кеңінен пайдаланды. Бұл арада автордың қиялы Абайдың халық мүддесін көздейтінін, сол халықпен тығыз байланысты екенін көрсету үшін қызмет етті.

Абайдың халықпен тығыз байланысы романда өмірдегі шындыққа сай көрінеді. Өйткені шығармада халық қайдағы бір белгісіз, абстракты тобыр ретінде көрінбейді, қайта ол нақты жинақталған бейнесі бар, әрқайсысының өздеріне тән жеке қасиеттері сақталған, сырт пішіндері мен психологиясы жөнінен бір-біріне ұқсамайтын, сан алуан түрлі тағдыр иесі, Абаймен байланысы да әр түрлі болып келетін кейіпкерлерден тұрады. Сонымен қатар халықтың мұң-мұқтажын көздеуші Абай одан жоғары тұрған қаһарман болып суреттелмеген, керісінше, оның қызметі, күші, жігері халықтың тарихи дамуының прогресшіл бағытымен толық сай көрсетіледі.

Алайда автордың тарихи роман жазу үстіндегі қиялы да, ойдан шығарылғандары да шығармадағы тарихи шындықтан алыс, қалай болса солай алына салынған болуы мүмкін емес.

«Абай жолы» романының ойдан шығарылған эпизодтарына ықылас қойып қарайтын болсақ, өмір шындығы, тарих шындығы терең сенімділікпен берілген, бұлар документ негізінде құрылған эпизодтардан да нанымды, тартымды болып келеді.

Бұл ретте М.О.Әуезовтің Абай замандастары әр түрлі және әрқалай түсінген фактілердің ар жағында құбылыстың нағыз шын мәні неде екенін, тарихи процестің қозғаушы күші қандай екенін айқын көре білгенін, бұл жерде автордың суреткерлік еңбегінің жауапкершілігі күшті болғанын айта кету керек. Социалистік реализм жазушысы М.О.Әуезов кейіпкерлердің психологиясы мен қылықтарын әлеуметтік тұрғыдан негіздеуді көркемдік қиялдың аса маңызды шарты деп санады. М. Әуезов жасаған Абай образы, сыншылардың пікірі бойынша, жалпы жағымды қасиеттердің карапайым жиынтығы емес, тек Абайға тән, тек оның алып тұлғасына ғана лайықты жеке-дара қасиеттердің органикалық жиынтығына ұласады. «Міне сондықтан да Абай образының ерекше сенімдік күші және эмоциялық ықпалы бар, Абайға тән қасиеттер, бір жағынан, тұрақты, өмір шындығынан туып жатқан қасиеттер болса, ал, екінші жағынан, халық арман-тілегінен туып жатқан қасиеттер. Ақыл, мінез, адамгершілік негіздер, озат қоғамдық-саяси көзқарастар, эстетикалық кодекс өмірдің ұзақ жолында, бітіспес күрес үстінде қалыптасады, халық ортасында, замананың озат идеяларының тікелей ықпалы және халықтың таңдаулы өкілдерінің күнделікті әсерімен жетіле түседі. Абайға тән игілікті қасиеттер мен адамгершілік – бұл халыққа тән жақсылық пен сонылық. Сондықтан да біз Абай характерінің дамуынан қазақ халқының қалыптасып келе жатқан ұлттық характерінің елеулі белгілерін көреміз» (76.154).

М.О.Әуезовтің өткен дәуірдің документтік материалдарын пайдаланудағы жұмыс әдісін Абайдың төңірегіндегі адамдардың, ең алдымен ақынның өзі шыққан әлеуметтік жоғары орта адамдарының романда жасалған сан алуан образдарынан байқап көруге әбден



болады. Романда халық өмірі тек ауылдың кедей семьяларының өмірін суреттеумен ғана шектеліпті-міс деп кезінде тұрпайы сын айтушыларға жауап бере отырып, М.Әуезов былай деп жазған болатын: «Абай оның өзіне тән шын, тарихи ортасына байланысты көрсетілуге тиіс және осы ортада ол халық ойын, арманын, тілегін көрсетуші ретінде суреттелуге тиіс... Ауылдың кедей топтарының адамдары романда Абайдың бүкіл өмірі бойында, онда қоғамдық сана туып, өскен бүкіл уақытында көрініп отырады» (31). Тап осы нақты тарихи орта мен уақыт ақынның жеке басының қалыптасуын айқындап берген болатын. Негізгі кейіпкері ретінде тарихта болған жеке адам алынатын тарихи романның қандайына болса да бұл жағдай әбден заңды. Сондықтан да Абай төңірегіндегі көптеген кейіпкерлердің өмірде өз прототиптері болуы әбден мүмкін, автор оларды осы тұрғыдан қарастырды.

Эпопеяны және осы бағытта қарайтын болсақ, оның жүздеген кейіпкерлерінің ішінен ойдан шығарылғандары бірен-саран, қаһармандарының басым көпшілігі шын мағынасында болған адамдар екенін көреміз. Бұны автордың өзі де көрсетіп берді: «Романдағы адамдар, бірен-сараны болмаса, документте бар тарихи адамдар, сондай-ақ олардың рулары, ұрпақтары, тайпалары да Октябрь революциясына дейін болған» (10.360). Бұл адамдардың өмірбаяны мен іс-әрекеттеріне М.О.Әуезов өте-мөте қанық болды. Өйткені ол ақынның туып өскен еліне барып, орасан зор деректер жинастырды, тер төгіп еңбек етті.

Өткен заманның әлеуметтік қайшылықтарының мәнін терең түсінген М.О. Әуезов сол дәуірдің өзіне тән белгілері бар және тарихи даму процестің негізгі бағыттарын объективті түрде көрсете алатын нақты тарихи образдар арқылы халықтың жарты ғасырлық тарихын бейнелеуді өз алдына міндет етіп қойған.

Қазақ қоғамындағы айқын да тарихи образдардың көмегімен көрсетілген прогресшіл және реакцияшыл күштердің күресі – «Абай жолы» эпопеясының негізгі мазмұны. Осы тұрғыдан алғанда, шығармадағы әрбір көркем образды көп жағдайда нақты прототипі бола тұра, олардың өздеріне ғана тән белгілі бір мүддені көздейтінін көреміз. Кең көлемдегі көркемдік жинақтау, автор негізге алған тарихи шындықты ашып көрсету мақсатымен нақты мәліметтерге сүйеніп жасалған образдар кей жағдайда жазушының сол образдарды көркемдік тұрғыдан типтендіру жөніндегі өзіне тән принциптерін айқын анықтауға мүмкіндік береді. Деректі материалдар М.О.Әуезовтің дәуірдің нақты документтік материалдарын халық пен Абайға бүкіл іс-әрекеті қарсы бағытталған, Абайдың басты жауы болған Оразбай образын жасауда қалай шебер пайдаланғанын көрсетеді. Бұл образда үстемдік етуші феодалдар табының тарихтың прогресшіл күштеріне қарсы кескілескен күресі жинақталған.

XIX ғасырдың орта шеніндегі қазақ феодалдарының билеуші тобына жататын Құнанбайға қарағанда Оразбай образы өзгеше жасалған. Оразбай – XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі, Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуімен байланысты жаңа дәуірмен бірге туған қазақ байларының мүддесін көздеуші. Оразбай романда халықты езіп-жаншуда ешқандай шекті білмейтін барып тұрған дөрекі де қатал феодалдың бірі болып көрінеді. Абай оны жауыз, елді, көпшілікті зарлатқан қанды ауыз қасқырдың ең сойқаны деп текке атамайды.

Оразбайдың бұндай жаман қасиеттерін оның замандастарының аузынан М.О.Әуезов жазып алған қысқа мінеземелер де дәлелдеп береді.

«Оразбай – ауызды, қақсап отыратын, қара қабан кісі еді» (31).

Оразбайдың жағаласатын жауының бірі Оспан еді, ол өлгеннен кейін, жаулығымен Абайға төніп қадалып алған. М.О.Әуезов романда Оразбай мен Абайдың арасында тарихта объективті түрде орын алған қарым-қатынасты аша отырып, былай деп жазады. «Аса кекшіл, қайсар, қатал Оразбай жаулықты ұстаса Құнанбайша ұстану керек» деп білетін. Сондағы өшпес кегі, қазір Абай басына түйілгендіктен, ол соңғы екі-үш жыл бойында Абайдың басына үнемі тор құрумен болған. Қалада талай ұлық пен тілмаштар Оразбайдан, сан айғыр үйірі жылқыларды шығындатып, параларды жеген. Ал қырды алса, бес болыс тобықты көлеміндегі елдің жарымынан артығы бұл күнде Оразбайдың уысына келіп түскен... Уақ, Бура, Найман, Бәсентиннің де бай-бағландары Оразбаймен соңғы жылдар табысып, ауыз жаласып қалған» (23.356).

Оразбай Абайға деген жауыздығын одан әрі өршіте отырып, ақырында, бірте-бірте ақынға қастандық жасауға таяп келгенін автор шебер көрсеткен. Абайды жан-жағынан түрлі жанжалдар торымен шырмап, оның семьясында араздық туғызып, соның салдарынан ағасы Тәкежанмен арасын әбден айырып, өзінің қара ниетті арам пиғылын мақұлдаған патшаның ірі чиновнигі Әзімхан тарапынан өкімет орындарының еш қандай жаза қолданбайтындығына көзі жетіп, кепілдік алған Оразбай ұлы ақынды өлтіруге де бел байлайды.

М.О.Әуезов өз шығармасының кейіпкерлерін бейнелеуде өмірдегі нақты мысалдарды шебер пайдалануға тырысқан, сондықтан да ол өмірде болған нақты адамдардың портретін, пішіндерін толық көрсеткен. Мұның өзі автордың өз кейіпкерлерін көрсетуде әлеуметтік схематизмнен арылуына көмектескен.

Мысалы, автор Оразбайды көргендердің аузынан былайша жазып алған:

«Оразбай – ақшыл, үлкен, Медеуге ұқсас, семізше, ақ көзі соқыр, сақалы шамалы, ер пішінді кісі» (31).

М.О.Әуезов осы портретті Оразбай образын жасауда пайдаланады, бірақ оған ерекше тартымды, өмірдегі нақтылық пен нанымдылықты



беретін, образды жандандыратын суреткердің творчестволық қиялымен толықтырады. Мысалы, Оразбайдың тағы бір жауыздықты ойлап тапқан кезінде өзіне-өзі қатты риза болған түрін көрсету үшін айшықты сурет таба білген. Оразбай ақ кірген сирек сақалын тарап, ақ талдарына қарап, оны жетілген ақыл-ойдың белгісі ретінде көріп масаттанады. Оразбай образын терең түсінуге бұл жерде кейіпкердің портретін дәл берудің көмегі көп. Ол оның ішкі жан-дүниесін ашып көрсетуге қызмет етеді.

Үстем таптың басқа өкілдерінің де, тіпті романпың кейіпкерлерінің көпшілігінің образы осылайша нақты-тарихи, сонымен қатар айқын жеке-дара бейнелеу арқылы көрсетілген. Олардың әрқайсысы – өз табының типтік өкілі. Сонымен қатар олардың әрқайсысын өзіне тән белгілері арқылы ерекшелендіретін, нанымды да бөлек тіршілік иесі етіп көрсететін жеке қасиеттері бар.

Мысалы, Абай інісі Оспанды өз туыстары арасында қайырымды да мейірімді адам ретінде өзіне жақын тұтты.

Қатпа Құрамжанов пен оның басқа да замандастарының естеліктеріне қарағанда, Оспан ашық та турашыл және қара күш иесі адам болған. Оның мырзалығы, қонақжайлығы, қайырымдылығы жөнінде көптеген естелік бар. Мысалы, өзі сүймеген адамға күйеуге шыққысы келмей, сахара тәртібін бұзған өжет қызды алып қашып тығылған жас жігітке ол пана болған (31).

Оспанның образын жасауда М.О.Әуезов оның бір топ адам болып түскен фотосуреттегі портретін, сондай-ақ Мадиярдың айтып берген естелігін пайдаланған:

«Оспан – қара, семіз. Көзі алақандай, мойны жуан, басы үлкен. Мойын, кеуде тұтас, сақалы сұйқыл» (23.144).

Оспанның туысқандары айтқан осындай қысқаша берілген портретке М.О.Әуезов рең беріп, көркін кіргізе түседі, оның балалық шағы туралы бірқатар эпизод қосады, кейіпкердің характері қалайша қалыптасқанын, оған тән өжеттік, мырзалық, қайырымдылық, сонымен қатар ашушандық, бір беткей тоңмойындық қалай пайда болғанын әңгімелеп береді.

Оспан образының өзіндік ерекшелігі мол, ол мейлінше айқын болып шыққан. «Бұның бетінен қандай айлакер, залым содыр мықты болса да жасқана жүретін. Үлкен көзінде алмас бардай. Бүкіл тобықты ішінде дене бітімі алып сияқты келген әрі биік, әрі балғын жуан, алпамсадай. Сол дене бітіміне орай, Оспанның қайрат-күшін де көп ел қатты тамаша қылады... Өзін сүзгелі келген дөнежін бұқаны сыңар қолымен мүйізінен ұстап, жұлқып тартқанда, етбетінен шөке түсіріп, тұрғызбай қойған бір ісін, жұрт аңыз етіп кеткен.

Кісі алатын қабаған төбетті қапқалы келген жерінде, қара тұмсығынан сымса тартып, жалғыз шертіп, омақа атырып, талдырып түсіргені бар. Құдыққа түсіп кеткен жардай тайлақты екі өркешінен жалғыз өзі көтеріп,

сүйреп тартып алғаны да бар. Ішкі мінез, қайратына осындай елден өзге зор кеуделі Оспанның алып күші қосылған соң, оның ашулы бетінен кім де болса жалтарып жүреді, тайқып соғады. Кей уақыттар бұл туралы қызық әңгімелер айтқан ағайын, оның қонақшылдығын күлкі ететін. «Аулының қасынан бұған соқпай, үйінен дәм татпай өтіп бара жатқан жолаушы болса, шақырып алып кіналасып өкпе айтады дейтін.

– Ауылымның қасынан қонақ болмай өтетін, менің дәмімнің саған не жазығы бар? Дастарқанымның қандай айыбы бар? Жөніңді айт! – деп кейбір кісілерді әзілдеп, әлек етеді дейтін» (23.215-216).

Сонымен қатар Оспан образын мысалға ала отырып, романдағы кейіпкерлердің типке жинақталу әдісін де нақты байқап өтуге болады. Оспанның сырт тұлғасының өмірдегі прототипімен ұқсастығына қарамастан, М.О.Әуезов, ең алдымен, оның әлеуметтік мәнін, оны сол замандағы үстем таптың басқа өкілдерімен идеялық тұрғыдан байланыстыратын белгілерді ашып көрсетуге тырысты. Сондықтан да Оспан типтік белгілердің жиынтығы болып шықты. Мысалы, Оспанның жақсы және жаман жақтарын диалектикалық жолмен аша отырып, автор оның осы қылығы, мінезі оның өмір сүрген ортасына байланысты қалыптасты деп көрсетеді. Сондықтан да М.О.Әуезовтің оны қазақ қоғамының жоғарғы феодал тобының типтік өкілі ретінде суреттеуі әбден заңды. Оспан болыс болған кезде, қазақ шабармандары арқылы патша чиновниктерінің қара бастарының пайдасы үшін құлақ есітіп білмеген заңсыздықпен «қарашығын» жинап, халықты аяусыз тонап титықтатуына жол береді.

Абайдың ұрысқанын тыңдап болып, Оспан оның алдында ақталу үшін өз болысының съезінде жылқы барымталай кетушілерге – халықты тонаушыларға қарсы сот құрады. Барлық билерді, старшиналарды, болыстың елубасыларын жинап, Оспан бірінші болып Оразбайды жауапқа тартпақшы болады, «ол да байыған, бай жуандарға ұқсап... мол-мол қылып ұрлатып алғыза-алғыза, мыңнан аса жылқы салып алды... Барлық арыз нәтижесіз қалды. Оразбай бұрынғы болыстардың ырқына көнбейтін. Оны жеңсе осы кісі жеңе ме деймін» (23.198).

Мұның өзі Оспан мен Оразбай арасындағы аса ірі бас араздыққа алып келеді. Бұл жөнінде жазушының қолында Әрхам Ысқақов пен Тұмабай айтып берген мынадай қысқа ғана дерек болған еді.

«Оспан 400 үйге сияз жасатады. Оразбай келмейді. Балтабектің жылқысы ұрланады. Арап пен Күсенге Оспан жақындарың ұрлады деп абақты кеседі. Оразбай қалаға кашады. Оспан қаладан байлап ала келеді Күсен екеуін. Оспан 91-жылы өлді. Әлгі оқиға 90-жылы» (31).

Осы жазып алғандарына сүйене отырып, М.О.Әуезов роман эпизодтарының бірінде Оспанның Оразбайды алдап шығарып, арбаға таңып, өз аулына қорлап алып келгені жөнінде әңгімелеп берді.





Оспанның Оразбайды осылайша мазақ жазаға ұшыратып, қорлап әкелгенін білгенде ырғызбай іші әлекке түсті, хабар бүкіл тобықтыға тарады, бұл оқиға туралы әңгіме ұрпақтан-ұрпаққа сақталып қалған.

Эпопеяда Оспан билерді, елубасыларды, старшин, атшабарларды, песірлерді ертіп, жылқы айдаптырып алып жүрген оның ісі бойынша съезді тездету үшін Оразбай ауылына барғандығы, оны естіген Оразбайдың Оспанның үстінен арыз етпекші болып, жылысып, Семейге кеткені айтылған.

Қап-кара боп түтігіп кеткен Оспан: «Осыдан, жердің түбіне кіріп кетсе де, Оразбайды лақша бақыртып, байлатып алғызбай, тыным таппасын!» деп ақыра зіл тастаған. Оспан Оразбайды уезд бастығының кеңсесінде кездестіріп, оны алдап-арбап далаға шығарып, күймеге тақап келеді де, оны күйменің түкпіріне күшпен тығып жіберіп, қаладан алып шығады. Ертістен өтіп, кең-байтақ оңашада Оразбайдың арқасын күймеге беріп, белуарын, қол-аяғын арбаға шандып, таңып салады да, сол күйінде өз аулына кеп түседі. Бұл оқиғалардың бәрі автордың творчестволық қиялы арқылы өте тартымды, күшті әсер ететін көрініс болып шыққан.

Оспанның батылдығы мен өркөкірек мінезін көрсете отырып, автор оның өз ойы мен ісін жүзеге асыруда өз табының мүддесін көздегенін де ашып көрсетеді. Оспанды мұндай жолға итермелеген нәрсе Абайдың даусыз күшті беделі мен қатты сынап- мінегендігі ғана емес. Оған Оразбайды байлап алуға дейін барған батыл істі жасатқан оның өскен ортасының идеологиясы екендігін автор өте-мөте дұрыс және нанымды түрде көрсетіп, таптық тұрғыдан негіздей білген. М.О.Әуезов Оспан болыс болып сайланатын болса, әділетті боламын деп барлығына уәде бергенін түсіндіреді. Ол «құрықсыз кеткен, тынымсыз тентек пен терісті тезге салсаң, ырқына көндірсе ғана оның билігі ойдағыдай жүретіндігін түсінді» (23.215).

Үстем таптың типтік өкілі болғандықтан да Оспан күш жұмсамай, озбырлықа бармай қала алмады, халыққа ешқандай пайдасы жоқ, жеке адамға қастандық жасауға дейін барды. Сондықтан да Абай оның күрес әдісінің теріс екендігін айтты: «Оспан оны (Оразбайды – Л. Ә.) табуын дұрыс тапқан. Бірақ бұндайлармен алысқанда халықтың есесін әперіп отырып, асағанын қайта құсқызып, елге әйгілеп алысу керек еді. Ал Оспан өз басының жауы етіп алысыпты. Өзінің өші мен кегі үшін алысқан кісі боп кетіп отыр. Бұның арты белгілі – екі жуанның бас араздығы, бәсекесі болады да қалады» (23.219). Сөйтіп, М.Әуезов Оспанға қатысы бар болса да басты емес, қосымша мәліметтерді елеусіз қалдырып, оның өзіне ғана тән, өзін ерекшелендіретін қасиеттерімен қатар, өз дәуіріне лайық типтік белгілерін тарихи дәлдікпен, үлкен көркемдік шеберлікпен айырып, ашып көрсетуге ұмтылды.

Тарихи характерлерді көркемдік тәсілмен қайта жасаудың ең маңызды

жақтарына баса назар аударған Ромен Ролланның бұл туралы айтқан мына бір пікірінің маңызы зор. Ол А.Толстойға былай деп жазған болатын: «Сіздің өнеріңіздегі нақтылық пен дәлдік мәні ерекше таңдандырады, сіз өз кейіпкеріңізді оларды қоршаған ортамен қосып, біріктіріп жасайсыз. Олар айналасындағы ауаның, жердің, жарықтың ажырамас бір бөлегі және сіз қыл қаламыңызбен ортаның нәзік реңін де біріктіріп сала білесіз» (77.421), демек характерді айналасындағы жағдаймен қоса салып шығасыз және ортаны суреттеуіңіз соншалықты қою бояулы да жан-жақты болып шыққан» (77.422).

Абай замандастарының естеліктерін зерттеу үстінде М.О.Әуезов үнемі олардың субъективті немесе таптық бір беткей сипатын ескеріп отырды.

Автордың осы сияқты деректерге біршама сын көзімен қарағандығын мына мысалдан көруге болады. Әлімбаидың айтуы бойынша, өз замандастарының ішінен жас Абай бөкенші руының старшыны Сүйіндіктің баласы Асылбекті ерекше сыйлаған.

«Абайдың ең зор қызмет еткен, ең сыйлаған кісісі жалғыз Асыл аған, ылғи сөз сұрап отырғызып өзі тыңдайды да отырады» (31).

Осы дерекке сүйене отырып, жазушы Абайдың Асылбекпен достық қатынасын көрсетеді: ақын Асылбекті Балқыбек төтенше съезінде төбе би етіп, оның адалдығы мен әділеттілігіне сенеді.

Алайда оны болыс етіп тағайындағаннан соң (Абайдың ұсынуымен) Абайдың Асылбектен көңілі қалады, ол үстем таптың типтік өкілі болып шығады: оның тұсында да, оның алдындағылар тұсындағыдай болыстың лауазымды адамдары тарапынан халық қорлық пен зорлықты кем көрмеді.

Осылайша, айтушылардың белгілі бір тарихи прототиптерге субъективтік қатынасына байланысты кейбір адамдарды идеализациялауды М.О.Әуезов міндетті түрде алып тастады. Өйткені мұны ескермеу өз кейіпкерінің таптық мәнін жоятын еді. Себебі олардың істері мен көзқарасы толығынан әлеуметтік ортасына байланысты болатын.

М.О.Әуезов бұл жөнінде былай деп жазды: «Әрбір нақты фактіден, замандастарының әр түрлі көзқарасынан нағыз шындық мәнді, тарихи процестің қозғаушы күшін көру және түсіну қажет болды. Бұл арада мен жазған адамдардың психологиялық бейнесін көрсету арқылы олардың істерін әлеуметтік негіздеудің ерекше маңызы болды (10.360).

Эпопеяның екінші кітабында «Сахарада бұрын болып көрмеген, жаңа адамдар» образының пайда болуына көбірек көңіл бөлінеді. Бұлар – өз дәуірінің прогрестік қоғамдық талпынысын білдірушілер. Осы кейіпкерлерінің тағдыры арқылы автор халықтың тарихи дамуындағы маңызды өзгерістерді көрсетуге тырысқан. Бұл арада ойдан шығарылған



кейіпкерлер – Дәрмен, Дәркембай тағы басқалар. Абайдың ұлы Өбдірахманның және Базаралының прототиптері нағыз тарихта болған адамдар, бұл образдардың зор маңызы бар. Мысалы, Базаралының Сібірде айдауда болғаны белгілі. Автор оның айдаудан кейінгі іс-әрекеттеріне қарай отырып, Базаралы ол жақтан «саяси жағынан пісіп жетілген» адам болып келді деп ойлауына барлық негіз бар. Эпопеяда сахарадағы тап күресінің жаңа формасы, Базаралының бастауымен халық наразылығының белсенді түрде көрінуі суреттелген. Оның тарихи прототипі кім болды екен және М.О.Әуезов ол жөніндегі деректерді қалайша көрсетіп, толықтырып, өңдеді?

Замандастарының естелігі бойынша Базаралы жігітек руынан Қаумен дегеннің баласы, тарихта болған адам. Оның сырт көрінісін суреттеудің өзі-ақ көрнекті адам екенін байқатады.

«Базаралы – дәл Кенесары сықылды, бірақ өте сұлу, тентекбас, қалжыңқой» (31).

Ермұсада «Базаралы биік, сұлу, тік бойлы» (31.11).

Мадиярдың айтуы бойынша: «Базаралы Ысқақ болыс болған кез еді деді. Он шақты жылқы үшін айдалған. Тобыл губерниясына барып 10 жылдан соң келген» (31.149).

Әлімбеттің мәлімдеуі бойынша: «Базаралы 15 жыл айдауда болған. 52–50 шамасында келді, сақалды күзеп тастаған екен» (31.132).

Осындай үзік-үзік мәліметтерден шығарып, М.О.Әуезов романның бірінші кітабында Базаралы тарихын – Оралбайдың ісімен байланысты оның заңсыз айыпталуын, тайпаны билеп тұрған Құнанбаевтардың оны айдаттыруға қолдарының жетуін, тағы басқаларын толық суреттейді. Эпопеяны жазу үстінде нақ осы сияқты тірнектеп жиналған мәліметтер туралы автор былай деп жазған болатын: «Қандай да бір оқиғалар жөнінде жинауға мүмкіндік болған үзік-үзік деректерді, әрқайсысын әруақыт сол дәуіріне және жағдайға қарай болу мүмкіндігін ескере отырып өңдеуге тура келеді» (10.360).

Базаралының характерін, оның өзіне тән қасиеттерін көрсетуде халық жадында қалған белгілі бір естеліктердің де зор маңызы болды. Бұлар оны Абайға жақындастырған өткір ойы, қалжың мысқылы, тапқырлығы жөнінде айтады, мысалы, осы туралы жазып алынғандар көркемдік тұрғыдан баяндалған да, шығармаға енген.

«Бесбайдың әйелі Балбала. Соның қыз күнінде (Базаралы көңілдесі) торғайлар қамап барып, байлап алып, өгізге мінгізіп әкеліпті. Майбасар қалжақтап: «Саған азғана торғай қылды-ау, Базым-ай! – дейді. Сонда Базаралы іле жауап береді: «Ай, Майым-ай, ол торғай қырғи болып шықты ғой, екеуіміздің біріміздің басымызға мініп, біріміздің... (артымызға) шоқиды ғой» деп тоқтатып кетіпті» (31).

Романда Балбала қыздың қайын жұрты торғайлардың Базаралыны

сабап кеткені жөнінде әңгіме еткенде М.О.Әуезов Базаралыны сабап кетуге байланысты Майбасардың келемеждеген сұрақтарымен аяқтайды. Майбасар Базаралыға аяныш білдірген болып, оны Абай қонақтарының алдында, әсіресе Құнанбайдың тоқалы сұлу Нұрғанымның алдында кемсіткісі келеді.

Базаралыға сықсия қарап отырып, бір танауынан мырс беріп күліп, табалауым дегендей қып:

Базым, қамшы өзіңнің бетіңе де тиген ғой түрі! Құтырыпты-ау бұл торғай, ә? Басыңа мініп, қырғи боп, қайткелі жүр бұл?– деді... Осы шаққа шейін тартынып жүдегендей боп отырған Базаралы енді аппақ болған жүзіне дуылдап ыза намыс шығып, екі көзі Майбасарға қадала қарап, жалт етті.

Е, торғайдың торғай болмай, қырғи шыққанын жаңа біліп пе ең, сығыр! Әуелі артыңа шоқайтып дәндеткен өзің емес пе ең? Менің басыма, сенің артыңа мінген соң қырғи болмай, кім болушы еді?–деп салды. Бар жараны оп-оңай сілкіп тастап, кегі қайтқандай рақаттанып, сақ-сақ күлді.

Үй іші де тегіс қостап күліп еді, бұдан бірнеше жыл бұрын Майбасарды да бесқасқа Манап аға-інілерімен (торғайлар – Л. Ә.) мықтап сабағанын бәрі еске түсіреді. Майбасар аузын аша алмай, қақ басқа бір салғандай болды. Мойнын оқыс теріс бұрып салып:

Әй, тіліңе шоқ түссін, қан шелек!–деп ұялғаннан күліп жіберді.

Абай соншалық рақаттанып, сүйсініп күліп кеп:

– Есіл, Базеке-ай, осындай найза тілің барда, сенен қазақтың қамшысы түгіл, мылтығының оғы да өтпес-ау...– деді» (22.463).

Өз кейіпкерлерінің әлеуметтік мәнін ашу үшін, М.О.Әуезов оларға өз заманында жау таптың өкілдері берген сипаттаманы да пайдаланды.

Мысалы, халық арасында Жиреншенің мына бір сөзі сақталып қалған: «Базаралының бағын ұрлық пен ойнас қайырды, дейді Жиренше» (31).

Жазушы Базаралы туралы оның достарының ғана емес, сонымен қатар дұшпандарының да айтқандарын шебер пайдаланған. Мұның өзі кейіпкердің образын жан-жақты ашып көрсетуге септігін тигізген. Бұған мысал ретінде романның мынадай үзінді келтірейік. «Ер жігіттің сырт сымбаты да соншалық өзгеше. Өр көңілді батыр бейнесіндей, әнші, старшындар «тынымсыз сотқар» деп санаған... «үйірінен айрылған ат» – деседі қарт адамдар,– сөзі зәрлі, кекесінді болса да зілсіз».

Енді бір жерде автор Базаралыны өркөкірек те намысқор, қызыл шырайлы, өткір үлкен көзді, ер тұлғалы етіп суреттейді. Базаралыға қызығып та қызғана қараған Құнанбайдың өзі ол туралы былай деген: «Бұл өңірдің жігітіне бітпеген сыртың мен нұрың бар. Ішінде жатқан тұнық мөлдір сырың да бар».

Өр тұлғалы Базаралы бар ықылас ниетімен күреске беріледі. Оның



бастауымен кедейлер байлардың ауылын шабуға шыққан белсенді таптық шайқас сәттерінде ол қарапайым халықтың қолбасшысы ретінде бой көрсетеді. Мұның бәрі де ерекше көркем де нанымды берілген.

Сонымен, кейіпкерді нақты тарихи жағдайда алып көрсетуде жазушы әдеттегі суреткерлік схематизм мен модернизацияға ұрынбаған. Романда Базаралы белгілі бір идеяны білдіруші адам ретінде көрінбейді, қайта тарихи типтілік пен ерекше жеке-даралықты тамаша ұштастырған, оның образы өмірдің өзінен алынып, қат-қабат көркем жасалған. Халыққа тән ең жақсы қасиеттерді өз бойына жинақтаған ол романдағы басты, халық образын көркемдік жағынан жинақтаған тұлғалардың – бірі. Өр мінезді, еңсесі биік бұл адам халық мүддесі жолындағы күреске құлшына шығады. Базаралы образын, сондай-ақ романдағы өз заманының прогрестік бағытын білдіретін басқа да кейіпкерлердің, оның ішінде Абайдың да образын беру концепциясында автор қазақтың болашаққа барар жолындағы ұлттық ерекшелігін қазақтардың XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихына толық сай көрсетуге ұмтылғаны айқын байқалады. Бұл мәселеде М.Әуезов үшін де, советтің басқа да тарихи роман жазушылары үшін де Горький творчествосының орасан зор маңызы болды. Өйткені пролетариаттың ұлы жазушысы «тарихи дәуірдің элеуметтік және идеологиялық күресіне терең енуге, күресуші жақтар мен тарихи процестің алға апарушы бағыттарын бойына сіңірген көркем образдар жасауға, демек тарихи романның негізгі проблемаларын шешуге үйретті» (14.74).

Романдағы прогрестік бағытты білдіруші кейіпкерлердің бірі, Абайдың ұлы – Әбдірахман. Ол да тарихта болған адам. Оның образын жасауда М.О.Әуезов Абайдың замандастары мен үрім-бұтақтарының естеліктерін, сонымен қатар Әбдірахманның Петербургтағы Михайлов Артиллерия училищесінде болған кездегі нақты документтік деректерді мол пайдаланған. Академик Ә.Марғұлан Ленинградтағы Орталық Артиллерия музейінің архивінен осы училищенің юнкері Әбдірахман Өскенбаевтың дербес ісін тапқан болатын. Ғалым 1948 жылы бұл істі Мұхтар Омарханұлына табыс еткен еді. Қазір бұл жазушының жеке архивінде сақтаулы.

Бұрын жарияланбаған бұл материалда Әбдірахман өмір баянының деректері дәл берілген, оның мінез-құлқы, қалай оқығандығы, айналасындағылармен қарым-қатынасы жөнінде жалпы түсінік береді.

Әбдірахман 1869 жылы декабрьде туған, бастауыш білімді Семейдегі қалалық, ал содан соң Тюмендегі Александров реалдық училищелерінде алған.

1889 жылы августа Политехникалық институтқа түсу үшін Петербургқа келеді. Алайда арнаулы пәндер бойынша білімінің жеткіліксіздігінен тек Михайлов Артиллерия училищесіне түседі. Училищеде юнкер

Өскенбаевты кезекті аттестациядан өткізу кезінің бірінде былай деп жазылған: «Мінезі байсалды, рақымды және өзінше бөлек. Ақыл-ой қабілетінің дамуы жақсы. Қызметке өте адал қарайды және қабылданған тәртіпті, өзіне қойылған талап пен әдептілікті қатаң сақтауға әрқашан тырысады. Жолдастарымен тату-тәтті тұрады, ал кейбіреулерімен тіпті өте жақын достық қатынаста болады» (78).

Әбдірахманның дербес іс қағазы оның қалай науқастануы және училищеде оқып жүргенде қалай емделгені туралы деректер береді. Училищеге түспес бұрын-ақ оның денсаулығының мәз емес екендігі атап көрсетілген. 1889 жылы өкпе ауруымен ауырады да, бүкіл қыс бойы дерлік лазаретте жатады. Орынбор сахарасында, елінде қымыз ішіп емделгеннен ештеңе шықпаған соң, қаражат алып, Одесса әскери госпиталына, одан Кавказдағы Абастуманға жіберіледі (16).

Ә.Өскенбаев 1892 ж. ауыр науқасына, оқуды жиі-жиі үзіп алуына қарамастан училищені бітіреді. Подпоручик атағын алған. Ол Ташкент қамалы артиллериясында қызмет атқаруға жолдама алады. Содан соң Верный қаласында қызмет атқара жүріп, Әбдірахман Артиллерия академиясына түсуге әзірленеді. Бірақ бұл жоспарын іске асыра алмады – өкпе ауруынан жастай өліп кетті.

Бұл фактілердің барлығы да эпопеяда көрініс тапты. Автор Әбіштің орысша білім алуының, емделу және қызмет атқару кезінде талай жерді аралап көруінің бәрі де оның ой-өрісін кеңейткенін, табиғатындағы алғыр ақылы із-түссіз өтпегенін көрсетеді.

Осы бір азын-аулақ деректерді көркемдік жағынан жетілдіре отырып, М.О.Әуезов Әбдірахман образының идеялық жағын терең ашып көрсететін материалдар да таба білді. Бұл жөнінде өзі былай деп жазды: Бұл туралы қолымда мәлімет болмаса да, мен романда Әбіштің Морозов стачкасы, Россиядағы шаруалар қозғалысы жөнінде білетіндігін жазамын. Сол уақытта оқыған және алдыңғы қатардағы жас жігіт бола тұрып, бұл оқиғаларға белгілі бір көзқарасы болмауы, ауылға қайтып келгенде ол туралы әкесіне айтпауы мүмкін емес деп ойлаймын» (10.363).

Әбдірахманның дербес іс қағазынан белгілі болғанындай, Петербург студенттерінің арасында оның достары болды, ол әкесінің демократтық көзқарасын білді және Семейдегі саяси көзқарасы үшін жер аударылып келгендермен әкесі арқылы байланыста болды. Сондықтан да ол XIX ғасырдың 80-жылдарында елдің қоғамдық өмірінде маңызды орын алған «Народная воля» ұйымының қозғалысына көңіл бөлмеуі мүмкін емес. Оның үстіне, Әбдірахманды жете түсіну үшін қажетті мол деректі Абайдың өзі береді. Ол Әбіш қайтыс болғанда қалың қайғыға толы жоқтау шығарып, онда ақын «Жыл құсындай жаңа төлдің басшысы болар деген алғашқы буын азаматы кетті» (23.600) деп толғады.

Әбіштің романда бейнеленген өмірбаянының бұл фактілерінің



қай-қайсысы да орыс мәдениеті жөніндегі, орыс мәдениетінің қазақ қоғамына игі ықпалы жөніндегі айтқап пікірлеріп толық заңды өте түседі. М.О.Әуезов Әбіштің аузына сондықтан да мынадай сөздер салады: «Бұл (демек Абай ауылы.– Л.Ә.) қыбласынан адасқан емес, осы сахараның анық қалың халқына шын қыбланы іздеп, соны көріп отырған жалғыз ғана көзді – қарақты ауыл. Мен де, осы ауыл да орысшылмыз, бірақ қай орысты дос көреміз? Ол Казанцев ояз бен жандаралдар емес. Қараңғы надан халқымызға, меңіреу-мешеу сахараға білім, өнер, жарық сәуле әкелетін орысты сүйеміз. Одан басқа, анық содан басқа дос та жоқ, қыбла да жоқ... халықтың көзін бір жағынан сонымен ашу керек» (31).

Сөйтіп, бұл арада автордың ойдан қосқан нәрсесі эпопеяға ерекше идеялық айқындық пен тұтастық беретін тарихи концепциямен әбден үндес келеді.

Романның соңғы кітабында Абайдың екінші ұлы – Мағауия ақынға үлкен орын берілген. Ол денсаулығына байланысты қалада білім ала алмағанымен, Абайдың ағартушылық қызметінің ықпалымен өз заманының біршама жақсы білімді адамы болды.

Мағауияның өмірбаянынан оның Абай ұсынған тақырыпқа бірнеше өлең шығарғаны белгілі. Мұны М.О.Әуезов романды жазу үстінде пайдаланған Әрхам Ысқақовтың естелігінен көруге болады (31).

Мағауияға деген үлкен үміт, оның қайтыс болуы, Абайдың қайғысы – эпопеяда аса зор күшті сезіммен берілген. Автор бұның бәрін Әрхамның естелігі бойынша бейнелеген:

«Қысыр сауған жылы жазғытұрым Мағаш ауру болды. Мартта Абай Мағаштың қасында болам деп, Ақшоқыға кетіп қалды. Майдың 12-де Мағаш өлді. Өлгенде өзі Мағаштың қасында болды Жылап бардық. Дәулеткелді жылап келгенде:

«Ойбай-ай бергішім-ай, жомартым-ай, – дегенде, Абай: «Келе ғой алғышым-ай, қайт дейсің-ай!» деп көптің үсті болса да жаңағыны айтады. Мағаштың өлімі ерлік пен ездікті сынайтын өлім ғой. Ез күнде өледі, ер бір күнде өледі – деген» (31).

Осындай Абайдың, Мағауияны білетіндердің бәрінің қайғысы туралы естеліктер, сондай-ақ Абайдың соңғы күндері жөніндегі деректер, әсіресе, халықтың есінде сақталып қалғандары М.О.Әуезовтің эпопеяның соңғы кітабының тебіrentкен жолдарында пайдаланылған, ем қонбаған, өмірден кетіп бара жатқан Абайдың шарасыз қайғылы халі жұтпен байланысты жоқшылықтан өліп бара жатқан халық қайғысымен ұштасып жатыр.

Жазушы Абай төңірегіндегі өзге кейіпкерлердің образын жасағанда да оларды өз көзімен көргендердің естеліктерін мол пайдаланады. Олардың сырт көрінісі, мінез-құлқының ерекшеліктері, өмір сүрген уақыттары туралы айтылғандардың бәрін мұқият жазып алып жүрген.

Осындай жазып алғандары мына үзінділерден көрінеді:

«Жиреншенің сақалы үлкен, беті, көзі, мұрны томпағырақ. Қалжыңбас, күлегеш, аузы тоқтамайтын» (31).

«Байсал 59 да өлген, 75-жылдар шамасында өлген.

Байсал арам кісі емес еді, қара күрең, қара торы жіңішке кісі еді» (31).

«Байдалы Байсалдан бұрын өлген, Сүйіндік те Бөжейден кейін өлген» (31).

«Қаратай қатты семіз болған, бұғағы түсіп тұрады екен. 1875–76 жылдарда Қаратай өлген» (31).

М.О.Әуезов романда халықтың патша чиювниктеріне берген өткір тілді сипаттамаларын да пайдаланған.

«Сұлу майыр, семіз майыр, піскен бас майыр, сақалды майыр, айғыр майыр, қаражақ майыр» (31).

Сөйтіп, романдағы кейіпкерлердің көпшілігінің прототиптері болғанын көреміз. Бірақ автордың қолында олар туралы болмашы ғана мәліметтер болды. Мұның өзі негізінен олардың есімдерін атау, сыртқы пішінін суреттеу, әлеуметтік жағдайы туралы бірер сөз, өмірлерінің кейбір кезеңдері жөнінде ғана болды.

Осы фактілерге сүйенген жазушы өз қиялы арқасында адам- дардың әрқайсысының жеке-дара түр-тұлғасын және рухани бейнесін, әлеуметтік айқын айырмашылықтарын, мінез-құлқы мен психологиясының ерекшеліктерін заңды түрде өрбітіп отырды, тартымды образдар жасап берді. Бұл арада сол замандағы тарихи нақты жағдайды терең түсінуге негізделген автор қиялы шешуші роль атқарды. Өйткені «қиялсыз өнер жоқ» (13.100).

Нағыз тарихи шындықты суреттеу және кейіпкерлерді типтендіре жинақтау арқылы автор оларды жан-жақты көрсеткен, олардың бейнелерінің қайталанбас ерекшеліктерін ашып берген. Сондықтан да ол бұл жерде әлеуметтік белгілерді ғана нәрсіз схема бойынша суреттеуден аулақ.

Сонымен қатар романдағы кейіпкерлердің бәрі де – ойдан шығарылғандары да, нақты прототиптері барлары да – жинақталған образдар. Образ психологиялық қасиеттері жағынан әлеуметтік тамырлармен тығыз байланыста болу арқылы, қарастырылып отырған дәуірдің негізгі заңдылықтарына терең ену арқылы неғұрлым терең ашып көрсетілген сайын тарихи романның кейіпкері де соншалықты шебер көркемдік нанымға және тарихи шындыққа ие бола түседі. Сөйтіп, романда Абай дәуірін толық және жан-жақты бейнелеу сол дәуірге тән типтік өкілдердің тартымды, дәлме-дәл, алуан түрлі әлеуметтік тарихи портреттерін жасауға жағдай тудырды. «Тарихи роман тарихты қайталамайды, қайта тарихи оқиғаларға қатысушы адамдардың мінез-құлқын, әдет-ғұрпын, ішкі дүниесін, іс-әрекеті мен қылығын бейнелейді» (79.188).





Абай дәуірінің әлеуметтік шындығын терең де дәл түсінуден туған «Абай жолы» эпопеясының тарихи жағынан дұрыстығына, оның көркемдік тұрғыдан суреттелуіне ақынның өз творчествосы да едәуір көмек болды. Абай творчествосы – эпопеяның басты деректерінің бірі.

Бұл мәселе өзінің күрделілігі мен тереңдігі жағынан дербес зерттеуді қажет ететінін айтуға болады. Бұл жұмысты Е. В. Лизунова «Современный казахский роман» – деген монографиясының «Поэзия Абая – «главный документ» романа-эпопеи» деген бөлімінде бастап берді. Бұл мәселені тұңғыш көтерген автор Абайдың поэзиясын эпопеяның текстімен салыстыра отырып, М.О.Әуезовтің эпопеяның басынан аяғына дейін Абайдың дәуіріне қатысы бар мазмұн бойынша және басты көркем образдарды жасауда Абай творчествосын қолданып шыққанын көрсетіп берді. Е.И.Лизунованың зерттеуінен М.О.Әуезовтің Абай поэзиясын ақынның творчестволық психологиясын, ақындық талантының эволюциясын бейнелеген тұстарда қалай пайдаланылғанын байқаудың ерекше зор маңызы бар.

Эпопеяны талдау кезінде біз де Абай Құнанбаев өз поэзиясына тұңғыш ендірген, өз дәуіріндегі қазақ қауымының барлық әлеуметтік жіктерін жан-жақты көрсете отырып, олардың әлеуметтік экономикалық, праволық, семьялық және мәдени салада алатын орнын суреттеген әрі толық, әрі жан-жақты ашып берген жаңа тақырыптарды сөз етіп отырмыз.

Абай, үлкен суреткер ретінде, өз айналасындағы өмірге тән құбылыстарды айыра отырып, өзіне тән таланттың күшін, ең алдымен, әлеуметтік жауыздықты, қоғамдық өмірдің барлық кеселін ызалы түрде әшкерелеуге жұмсады, тұрмыстың артта қалған жағдайларын, надандықты, керітартпалықты, ескінің тағы әдет-ғұрыпына жабысып айырылмайтындарды әділетті түрде шенеді.

Ру арасындағы тартыстың, әсіресе феодалдар арасындағы шен-шекпен, лауазым үшін, атап айтқанда, болыс не би болу үшін үздіксіз жүріп жататын қиян-кескі күрестің халық үшін қаншалықты ауыр екенін Абай қатты қинала отырып, өлтіре шенеп жазды.

Болды да партия	Ортаға кеп салдым
Ел іші жарылды	Өзімде барымды
Әуремін мен тыя	Япырау, ненді алдым
Дауың мен шарыңды...	Сау қоймай арымды? (22.272)

Абай болыстардың халыққа қарсы ісін, сатқындығын, патша өкіметінің қарғылы төбеті болған бұлардың паракорлығын көптеген сықақ өлеңдерінде әжуалайды.

Мәз болады болысың,	Шелтірейтіп орысың,
Арқаға ұлық қаққанға,	Шенді шекпен жапқанға (22.133).

Абайдың осы өлең жолдары мен М.О.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында суреттелген Қарамола төтенше съезіне келген генерал-

губернатордың алдында болыстардың құрдай жорғалағанын салыстырсақ, бұл екі арада тығыз байланыс бар екенін байқау қиын емес.

Абайдың «Күлембайға», «Мәз болады болысың», «Жылуы жоқ бойының», Мұқыр болысы Дүтбайға арналған «Болыс болдым мінеки» сияқты өлеңдерінде отаршы өкіметтің құлақ кесті құлдарына тән көптеген жалпы сипаттар берілген, феодалдар арасында үздіксіз жүріп жататын дау-шар, сатқындық, паракорлық, болыс сайлауы алдындағы қарсыластарына жабылған жала, шектен тыс жасалған озбырлық, жемқорлық, халыққа көрсеткен қорлық пен зорлық, феодалдардың әр түрлі топтары арасындағы бұлтарыстар әсіресе сайлау қарсаңында патша чиновниктері алдындағы шексіз жағымпаздық өлтіре сыналған.

Мысалы, Абай «Күлембайға» деген өлеңінде пара мен тартыстың күшімен болыс болған адамның билік жүргізген алғашқы күнінен бастап жасаған заңсыздықтары, қиянат-қорлығы мен зорлығы үшін орнынан алынып, сотқа берілу қаупі туғанға дейінгі қулық-сұмдық істерін түгел әшкерелейді.

Бұрынғыдай дәурен жоқ,  
Ұлық жолы тарайды,  
Өтірік берген қағаздың  
Алды-артына қарайды...

Өзі залым зақуншік  
Танып алды талайды,  
Көрмей тұрып құсамын,  
Темір көзді сарайды (22.131).

Дүтбайға арналған өлеңінде өз мақсатын ғана ойлайтын болыстың залымдығы мен екі жүзділігін әбден әшкерелейді:

Бір көрмеге тәп-тәтті,  
Қазаны мен қалбаңы.

Дөң айналмай ант атты  
Бүксіп, бықсып ар жағы (22.285)

Абайдың болыстарға берген, дәл тауып айтылған сипаттамасы, өмірде көргендерін өзінің мысқыл өлеңдерінде бейнелеуі «Абай жолы» эпопеясында ақынның нақты замандастары: Күнту, Тәкежан, Жиренше, Майбасар сияқты болыстардың образдарына да дәл келеді.

Эпопеяда патриаралдық-феодалдық қатынастардың ыдырап, капиталистік қатынастардың енуімен байланысты ғана жаңа экономикалық жағдайға тез бейімделе бастаған байшылдықтың күшеюі көрсетілген деп айтып өтілген еді. Осындай қанаудың жаңа тәсілін қолданған, товарлы мал шаруашылығымен айналысатын жаңа бойдың образын Абай «Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай», «Байлар жүр жиған малын қорғалатып», «Еңбексіз елді қалай ұстайсың» деген өлеңдерінде бейнелейді.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» деген өлеңінде А. Құнанбаев болыс



болған бай туралы жиренішпен айтады, оны халықтың жауы, езуші ретінде суреттейді:

Орыс сияз қылдырса,  
Болыс елін қармайды.

Қу старшын, аш билер  
Аз жүрегін жалғайды (22.112).

Әсіресе байдың кедейді бүкіл семьясы болып жыртқыштықпен қанайтынын әшкерелеуі өте күшті әсер етеді. «Қараша желтоқсан мен сол бір-екі ай» деген өлеңінде, «ерте барсам жерімді жеп қоям» деп кара күзге дейін ықтырмамен күзеуде қалып қойған байды әшкерелейді.

Қараша, жел тоқсанмен сол бір-екі ай,  
Қыстың басы, бірі ерте, біреуі жәй.  
Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,  
Ықтырмамен күзеуде отырар бай.  
Кедейдің өзі жүрер малды бағып,  
Отыруға отын жоқ үзбей жағып,  
Тоңған иін жылытып, тонын илеп,  
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.  
Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,  
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап...  
Кәрі қой ептеп сойған байдың үйі,  
Қай жерінде кедейдің тұрсын күйі?  
Қара кидан орта қап ұрыспай берсе,  
О да қылған кедейге үлкен сыйы...  
Бай үйіне кіре алмас тұра ұмтылып,  
Бала шықса асынан үзіп-жұлып,  
Ық жағынан сол үйдің ұзап кетпес,  
Үйген жүктің күн жағын орын қылып.  
Жалшы үйіне жаны ашып, ас бермес бай,  
Артық қайыр, артықша қызметке орай,  
Байда мейір, жалшыда бейіл де жоқ.  
Аңдыстырған екеуін, құдайым-ай! (22.121-122)

Революцияға дейінгі ауылдағы әлеуметтік қарама-қайшылықты Абайдың осы өлеңінде және басқа да өлеңдерінде терең толғана отырып, мейілінше дәл шындықпен жазып кетуін, М.О.Әуезовтің Тәкежан сияқты сахараны өз бетінше билеп-төстеушілерді көрсетуде, оларды өз ауылдарының жоқшылық, қайыршылығымен салыстыруда мұқият ескергені, әрине, сөзсіз.

Әлеуметтік әділетсіздікке қарсы тұра отырып, Абай үстем таптың барлық жіктерін – халықты жыртқыштықпен тонаушы болыс, байлардан бастап, ескілік пен надандықтың тұқымын себуші, халық мүлкін үстем таптың басқа өкілдерінен тіпті де кем тонамайтын екі жүзді молдаларға дейін («Көзінен басқа ойы жоқ» тағы басқалары) жеріне жеткізе әшкерелейді.

Абайдың ағартушылық қызметін эпопеяда көрсетуде оның өмірбаянының анық фактілері мен және замандастарының естеліктерімен қатар Абайдың ағартушылық-демократтық көзқарасын білдіретін өзінің творчестволық мұрасы да басты роль атқарды.

Халықты қорлау мен езуге, әлеуметтік жауыздық атаулының бәріне, шаруашылықтың артта қалған формаларына, шарифаттың әйелдерді семьяларда кемсіту сияқты реакциялық формаларына қарсы бола тұрып, Абай халықты білім алуға, шаруашылықтың алдыңғы қатарлы озық түрлерімен (қолөнер, егіншілік) айналысуға шақырды.

Абайдың өз творчествосында көтерген бұл аталған проблемалары «Абай жолы» романы тексінде жазылған жоғарыда айтылған. «Сол уақыттағы Абайды қоршаған қоғамдық орта, тұрмыстың ғасырлар бойына орныққан феодалдық-рулық өмірлік негіздеріне сын көзімен қарау, қарсы тұру жаңа дүниенің позитивтік программасы, идеялық ұраны болды. Осының бәрі жас ұрпақты жаңаша, халықтық, демократтық идеялар рухында, Абай қызметінің әлеуметтік программасының сахара үшін жаңа идеясы рухында тәрбиеледі.

Өз заманының жоғары демократтық идеяларын насихаттайтын бұл ақындық өсиет Абайдың данышпан ақын, қазақ халқының ұлы перзенті, орыс классиктерінің, адамзаттың озат ойшылдарының жолымен өзіне дұрыс бағыт пен жол тапқан адам екенін көрсетеді» (80.47).

Эпопеяда Абайдың ағартушылық, демократтық көзқарасы өзімен пікірлес адамдармен әңгімесі үстінде айқын көрінеді. Ол мысалы «Қазақ халқының бүгінгі ұрпағы үшін ендігі Россия кім?» деп сұрақ қояды да, оған өзі жауап береді:

– «Ол – өздеріңе мәлім, кітаптарын, ой алыптарын былай қойғанда ең алдымен ұшы-қиыры жоқ өнер. Ол сансыз көп шаһарлар, солар толған медреселер, ауруханалар, кітапханалар мен салтанатты сарайлар. Ол – анау Сібірге кеткен шойын жол, Ертісте жүзген пароходтар, үстіңе – киім, қолыңа – құрал-сайман, үйіңе – бұйым-машиналар беріп отырған фабрик-заводтар, – міне осының бәрі де Россия ғой... Бара білсең, ала білсең сені жатырқамайтын, «келе бер де үйрене бер!» деп отыратын Россия ғой! Халқымыздың адал ұлы болсақ, біз осы Россияны кімің деп түсіндіреміз? Әрине досың дейміз. Шындық – халықтың тілегін тапқан шындық болсын. Ендеше дәл осы себепті, досың орыс өнері деп түсіндіруіміз лайық» (23.36-37).

Халықтың тұрмысын жақсарту жолындағы ақынның көптеген ойлары, оның оқу-ағарту ісіне артқан үмітімен байланысты. «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде:

Интернатта оқып жүр

Талай қазақ баласы,–

деп өте бір қанағаттанғандық сезіммен жазады.



Эпопеяда оқу-ағарту жөніндегі Абайдың қара сөзінде келтірілген ойы да кеңінен пайдаланылған. Мысалы, 32-сөзінде жастарды білім-ғылым үйренбекке шақырады: «Ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек»,– дейді (22.463-464).

41-сөзде бұл арманын дамыта түседі;

«Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп,... бәрін сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, ... хатта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберіп... үйретсе болар еді» (22.484).

Білімге ұмтылмайтын, орыс тілін бас пайдасын ойлап, отаршыл аппаратта қызметке тұру үшін ғана үйренетіндерді келеке етіп, былай дейді.

Ойында жоқ бірінің Я тілмаш, я адвокат  
Салтыков пен Толстой, болсам деген бәрінде ой» (22.100).

Осы өлеңді эпопеяның 2-кітабындағы материалмен салыстырудың өзі қызық, онда Абайдың Семейдегі орыс мектебінде оқитын қазақ балаларын қамқорлыққа алғандығы айтылған.

XIX ғасырдың аяғында өз балаларын орыс мектебіне үстем таптың өкілдері де бере бастағаны белгілі. Бұл да романда бейнеленген. Әзімбай мен Кәкітайдың балалары Семей қаласында гимназияда оқиды. Абай оларға қауіптен қарайды. «Бұлар – Құнанбаевтар» сахараның тәкаппар ақсауақтары, сотқар да ұрыншақ бай аулының қожалары» болып шықпас па екен, онда халықтың сору ғой», деп күдіктенетін.

Абай творчествосынан, өзі соның арасында болып тұратын қазақ халқының өміріндегі ақынның ролінен шығарып, М.О.Әуезов халыққа, ең алдымен, өз өлеңдері, қазақтың ақындық сезіміне жақын да түсінікті өлеңдері арқылы ықпалы болған ағартушының образын жасайды.

Екінші жағынан, өз заманының бүкіл қайшылықтарын толығынан көрсетуші Абай поэзиясының мазмұнына сүйене отырып, М.О.Әуезов ақынның, ойшылдың, күрескердің образын жасап қана қойған жоқ, сонымен қатар Қазақстан тарихындағы осы бір келелі кезеңдегі халық идеологиясын, халық талантын, оның дамуының тарихи сипатын, халықтың өз тағдырын да бейнеледі.

Абайдың қартайған шағындағы шығармалары езілген, правосыз, артта қалған халықтың қиын жағдайы жөніндегі өкінішті де қайғылы ойға толы.

Эпопеяда халықтың тағдыры жөніндегі ақынның «Қалың елім қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінің сазы естіліп тұрғандай.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі – қан, бірі – май боп, енді екі ұртың...

Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.  
Баста ми, қолда малға талас қылған,  
Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын (22.78).

Абай поэзиясын оның замандастарының образын жасауда басты түп нұсқа етіп пайдалана отырып, М.О.Әуезов ең алдымен сол кезде болған, ақын шығармаларында бейнеленген адамдарға берілген поэтикалық сипаттама мен бағаны көркемдік жағынан ашып көрсетті.

Ең алдымен бұның Абайдың өз балалары Әбдірахман мен Мағауияға қатысы бар. М.О.Әуезов: «Әбіш Абайдың өзімен салыстырғанда да жаңа атаулыны жүзеге асырушы» деп жазды (31). Осындай сипаттаманы ұлының ауруы және мезгілсіз қайтыс болуымен, осындай дарынды, білімді, алдыңғы қатарлы жас жігітке Абай артқан үлкен үміттің жойылуымен байланысты жазған өлеңдерінде берілген (22.232-234).

Абайдың айықпас ауыр қайғысы, оның толғануы, Әбішті жоқтауы романда көрсетілгеніндей, оны «болашақтың адамы, алдыңғы қатарлының бәрін алға апарушы, өзінің рухани мұрагері» ретінде көруі ақынның ішкі күйінішінен туған, егіліп жазған өлеңдеріне құрылған.

Тартымды, жарқын, төлтума тұлға Оспан образын жасауда да Абайдың оған берген мінездемесі пайдаланылған. Оспанның жүгенсіз кетушілікпен байланысты жіберген көптеген кемшіліктеріне қарамастан, Абай оның қайырымдылығын, бірбеткейлігін, мырзалығын да атап айтып өткен.

Абай өз өлеңдерін арнаған, кемшілігін беттеріне басқан, тарихта болған Күлембай, Көжекбай, Дұтбай сияқты тағы басқа да нақты адамдармен қатар, оның поэзиясында есімдері аталмаған халық өкілдері де – жылқышылар, малшылар, диқандар, қолөнершілер бар. Әдебиеттанушы Е.Лизунованың әбден дұрыс атап өткеніндей, М.О.Әуезовтің «өз дәуірінің, өз табының типтік белгілерін алып барушы, ойдан шығарылған көптеген кейіпкерлерінде Абай образдарына тән сипаттар бар» (81.305).

Үстем таптың моралын, өмірдің артта қалған нормаларын әшкерелей отырып, Абай оларға жаңа моралды – білімге, еңбекке, бостандыққа талпынушылыққа, халық тұрмысын жақсартуға тәрбиелейтін моралды қарсы қойды.

Ақынның айтқандары, прогресшіл ойшыл адамның ішкі дүниесін бейнелейтін, ақын ретінде оның қалыптасуын, оның творчествосының психологиясын, оның жеке шығармаларының туу тарихын ашып көрсететін терең ойлы монологтары – әрине, Абайдың поэтикалық творчествосына негізделгені, М.О.Әуезовтің оларды қазақтың ұлы ақынының образын жасауда басты дерек етіп алғаны сөзсіз.

Сонымен, эпопеядағы Абайдың бүкіл рухани бейнесінің барлық қасиеттері оның өз поэзиясына, оның өмір сүрген дәуіріндегі қайшылығы



мол тарихи болмыстан туған поэзиясына негізделген. Сондықтан да Абайдың творчествосында, оның образы дамуының диалектикасында қайшылықтар да кездесіп қалады. Ақынның ұлылығы, мысалы, советтің көрнекті жазушысы Леонид Леоновтың төменде айтылған сөзінде бейнелі де дәл көрсетілген: «Тарихи тағдырдың қиылысында тапжылмай тұру үшін шын мәнінде ұшқыр ақыл, қыран көзі керек болар еді. Өз халқына өте алыстан байқалған іс туралы жеткізу үшін мықты дауыс керек болар еді, ақырында, ғасырлар бойы артта қалған ел жағдайында жеткізіп айту үшін сирек кездесетін батылдық керек болар еді... Өз халқының шамшырағы болған адам – Абай Құнанбаев осындай адам болды» (82.87-88).

«Абай жолы» роман-эпопеясында өз творчествосында Абай жинақтаған, өмірде болған фактілерді пайдалана отырып, М.О.Әуезов ақын образын жасауда оның творчествосының психологиясын неғұрлым мотивті де шын етіп беруге, оның поэзиясының өмірден алған көздерін табуға тырысты. «Абай туралы» және «Абай жолы» лекцияларының тезистерінде М.О.Әуезов былай деп жазды: «Тұтас кітап бойынша да, оның әр тарауында да өмірде болған, реалистік негіздер, оның творчествосының өмірдегі бұлақтары алынды». Одан әрі жазушы, бұл өмір алғы шарттары мынадай фактілерге бөлінеді дейді: 1) тек өз басы, ашнлығы, 2) семьялық, 3) қоғамдық, 4) халықтық, басқаша айтқанда тарихи оқиғалар. Бұлар көбіне араласып жатады, барлық шығармада да немесе реалистік романда солай болуы да керек» (31).

Абай поэзиясының өмірден алған көздері арасында, М.О.Әуезов атап көрсеткендей «Дәл өмір баянындағы да, қиялмен толықтырылғандары да бар» (31).

Абайдың белгілі бір өлеңдерінің пайда болуына жағдай жасаған өмірдегі оқиғалар романда автор қиялы арқылы көрсетілгенін байқау қиын емес. Мысалы, романның бірінші кітабында оқиғалардың бүкіл даму логикасы барысында, жеке басының қайғы-қасіреті арқылы Абай «сахараның қорқау зандарына» қарсы тұруға психологиялық жағынан даярланады.

Халық өмірінің қақ ортасында болып, халықтың, әсіресе еңбегінің жемісін байлар көрген жатақтардың мүшкіл халін көзімен көрген Абай халық жағына шығады. «Болыстардың, чиновниктердің, байлардың зорлығы мен кедейлердің қайғы-қасіреті туралы» өлеңдердің тууы да содан. «Әлеуметтік қарсылық, мінеушілік, күрес өлеңдерінің» тууы өмірден алынған материал бойынша көрсетілген (31).

Абайдың Тоғжанды, кейін одан аумай қалған – әнші Әйгерімді сүюі оның жүрек түкпірінен жарып шыққан лирикалық өлеңдерін жазуға рухтандырды.

Абайдың А.С.Пушкин творчествосына қатынасын суреттей отырып, М.О.Әуезов суреткердің өмірімен байланысын көрсетуі, біздің байқауымызша, өте тартымды болған. «Менің романды жазғандағы алға

қойған мақсатым: Абайдың – ақынның қызметін жай көзге елестету ғана емес, оның творчествосының қоғамдық-тарихи, философиялық, өмірді көрсететін негіздерін ашып көрсету. Бұл тұрғыдан алғанда менің аса ықылас қойғаным Абайдың Пушкин мұрасына көңіл аударуы болды».

«Құз-қияда» тарауында Абай «Евгений Онегинді» оқиды да, қазақ әйелінің қасіретті жағдайын өте жақсы білетін, көптеген қиыншылық пен бақытсыздықты басынан кешірген адамның көзімен дала табиғатына сырттай қарай отырып, Пушкин кейіпкері образынан тек Татьяна Ларинаны көріп қана қоймайды, сонымен қатар әйелдің, жалпы адамзаттың мұратын да көреді.

«Татьянаның жан-жүрегі ашып беруінен ол өзіне жақын адамдардың даусын естігендей болды. Оның көз алдынан Тоғжан, Әйгерім, Салтанат, Салиха образдары өтіп жатты. Ол Татьяна хатын аударуымен қазақ тілінде Пушкинді танытып қана қойған жоқ, онда өз көңіл күйін де, өз отандастарының әсерленушілігін де көрсетті» (10.367).

Алайда, эпопеядағы адамдардың көпшілігінің өмірде прототиптері болғанымен, олардың әрқайсысы типтендіру нәтижесінде, автордың творчестволық жинақтауымен өз табының өкілдеріне тән көптеген қасиеттерді бойына сіңірген, сондықтан белгілі тарихи деректер бойынша прообразының қасиеттерін ғана алған адамдар емес екені туралы да айту қажет.

Тап өкілдерінің өмірде кездескен, нақтылы қасиеттерін, әсіресе, үстем тап өкілдерінің каталдығын, дүниеқорлығын, пайда күнемдігін дәуір рухына сай етіп дәл және нанымды етіп беруіне М.О.Әуезовтің өз көзімен көргендігінің де пайдасы тиген болар деп ойлаймыз. Өйткені автордың балалық шағы мен жас кезі революцияға дейінгі қазақ аулында өтті ғой.

Әрине, М.О.Әуезов те жеке басының сезіп-білгендері ғана бір замандағы тарихи дәуірді нақты да көлемді етіп беруде тұтас та толық картинаны көру үшін тарихи сезімін дамыта алмас еді. Бұл арада оның көркемдік қабілетімен қатар эпопеяны жазуға даярланған кездегі жазу үстіндегі тарихты, этнографияны, экономиканы, революцияға дейінгі Қазақстанның жай тұрмыстық правосын зерттеумен шұғылданған ұзақ жылғы орасан еңбегінің де сөзсіз үлкен маңызы болды.

Суреттелетін дәуірді тарихи шындық тұрғысынан нақты да дәл беру – тарихи романды құрастырудың басты критерийі. Өйткені оған тарихи кейіпкерлер мен ойдан шығарылған кейіпкерлердің көркемдік жағынан көрсетілуі тікелей байланысты болады. Тарихи романның осы маңызды ерекшелігіне әдебиет сыны талай рет назар аударған болатын. Мысалы, Н.Асеев Ю.Тыняновтың «Кюхля» романына күнделіктер, архив документтері бойынша қалпына келтірілген дәуірдің тұрмысы кейіпкерлерінің тағдыры жанданып кететін романның нақты арқауын береді. Осы арқау қаһармандардың тағдырын заңдастырады, сөздеріне





нәр береді, кимылын көрсетеді, оларды «тарихи адамнан тамырында қан жүріп тұрған тірі адамдарға айналдырады, бұлар бізге құрметті де жақын адамдар» (14.469).


Дәуір жөнінде мол және жан-жақты білімі бола тұрып, қоғам дамуының заңдылықтары туралы маркстік-лениндік іліммен қаруланған М.О.Әуезов қазақ мәдениетінің көрнекті қайраткері Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчество тағдыры туралы баяндай отырып, оның өскен ортасын, тұтасынан алғандағы халық өмірін ерекше де тамаша толық жинақтап, типтендіріп, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамының жарты ғасырлық тарихының прогресшіл бағытын көрсете білді. Жоғарыда айтылған мысалдардан, қарастырылып отырылған дәуірді суреттеуде тарихи өмір шындығын мейлінше дәл беруге ұмтылушылық автордың творчестволық қиялын шектемегені былай тұрсын, қайта оған ерекше қанат бітіріп, өмірлік мән бергенін, өйткені бұл қиял тарихи болмысты дұрыс талдаумен тығыз байланысты болғандығын атап айтқымыз келеді.

М.О.Әуезов «XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі қазақ халқы өмірінің алдыңғы қатарлы, тарихи прогрестік бастамасын бойына сіңірген» (49.104) Абайдың жүріп өткен өмір жолының елеулі кезеңін неғұрлым толық көрсетуді мақсат етіп қойғанын атап көрсеткен болатын. Демек, Абай, ең алдымен, қоғам дамуының прогресшіл бағытын көрсетуші. Осының өзі автордың Абайдың өмір жолын сол дәуірдің жарты ғасыр ішіндегі дамуының объективті-тарихи заңдылықтарымен байланыстыруына негіз болды. Абай образын көркемдік тұрғыдан ойластыруға қатысы бар бұл басты принципті әдебиет зерттеуші Б. Брайнина былай көрсетті:

«Кемеңгердің образын беруде оны өлмес тұлға жасайтын ең дұрыс, ең тарихи қажетті, прогресшіл жайларды табу, оның жеке басына тән қасиеттер мен ерекшеліктерді табу – талантты да, тәжірибені де, жоғарғы идеялықты да керек ететін зор еңбекті талап етеді. Біз көріп отырғанымыздай, Әуезов осы міндетті тамаша орындап шыққан, демек қажетті идеялық-көркемдік концепцияны дәл тапқан» (83.212).

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ тарихының тұтас концепциясын халық болмысының барлық жақтарының бүкіл байланыстары және қайшылықтарымен біріктіріп, М.О.Әуезов халықтың бұдан былайғы даму перспективасын көрсетеді. Социалистік реализм әдісінің – өмірді болашаққа қарай қозғалыста көрсетудің мәні де, міне, осында.

Советтік тарихи роман жазушыларының осы негізгі ерекшеліктеріне А.Фадеев те көңіл бөлді. Ол: «Советтің тарихи роман жазушылары біздің санамызға мемлекетіміздің тарихи дамуындағы прогресшіл күштердің ролін орнықтырды және орыстың, сондай-ақ СССР-дің басқа да халықтарының характерінің ең жақсы алдыңғы қатардағы қасиеттерін көрсетіп берді» (84).



#### IV ТАРАУ

### АБАЙДЫҢ САЯСИ ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ОРЫС ДОСТАРЫ

Абайдың дүние танымының қалыптасуында және рухани өсуінде оның саяси жер аударылған орыстармен достығы маңызды роль атқарды.

Петербург университетінің жер аударылған студенті шестидесятник К.П.Михаэлиспен, «Народная воляның» мүшелері Н.Долгополовпен, С.Гросспен, А.Блекпен, П.Лобановскиймен, А.Леонтьевпен, Н.Коншинмен Абай арасында ұзақ жылдарға созылған достық байланыстың болғаны әбден белгілі. Бұлардың бәрі де Семейге жер аударылып, өздерінің жазасын өтеуге келгендер еді.

Абайдың бұлармен байланысы романда ең алдымен оның орыс достары Михайлов пен Павлов образдары арқылы көрініс тапты. Ал оның шын тарихи прототиптері Е.П.Михаэлис пен Н.Долгополов еді. Әйтсе де М.О.Әуезов орыс революциялық демократиялық қозғалысы өкілдері мен Абай арасындағы өте жақын байланысты еске ала отырып, бұл образдарды жинақтай түсті. Жоғарыда аталғанындай, осылардың негізінде Михаэлис пен Долгополовқа қатысы бар шынайы тарихи дәлелдермен бірге көптеген характерлер, басқа да прототиптерге тән мінездер сомдалған. Суреткердің өз творчестволық ой елегінен өткізіп, бейнелеп толықтыруы орыстың революционер демократтарының бейнесін жасауға негіз болды.

Саяси жер аударылғандардың Абай өміріне қалай ықпалы болғанын, М.О.Әуезовтің оларды қай жағынан сомдап көрсетуді қажет деп тапқанын тарихи дәлелдер негізінде неғұрлым жеткілікті білу үшін олардың революциялық-демократиялық қызметінің мәнін, романдағы прототиптердің Семейге келген кезіндегі идеялық және мәдени білім дәрежесінің қандай болғанын қарастырғанымыз жөн.

Саяси жер аударылғандардың Қазақстанға келуі Россиядағы революциялық қозғалыстың әр түрлі кезеңдерімен байланысты болғанын атап айту қажет. Мәселен саяси жер аударылғандардың ішінде Абай Құнанбаевпен ең алғаш дос болып кеткен Евгений Михаэлистің қызметі Россиядағы 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалыспен тығыз байланысты болды.



Евгений Петрович Михаэлис кедей-дворян семьясынан шыққан. 1859 жылы ол жаратылыс тану ғылымын оқып үйрену үшін Петербург университетіне түсті. Михаэлистің университетте оқыған кезі революциялық-демократиялық қозғалыстың өрлеген кезеңімен, Россиядағы алғашқы революциялық ситуацияның пайда болған уақытымен (1859–1861 жж.) дәл келді.

Россия экономикасының одан әрі дамуына крепостнойлық право үлкен кедергі жасады; патша үкіметінің Қырым соғысында масқаралықпен жеңілуіне байланысты елде жалпы әлеуметтік саяси дағдарыс етек алды, патша үкіметі реформа жүргізуге мәжбүр болды. Мұның өзі шаруалардың басыбайлы тәуелділіктен құтылуына жағдай жасады. Алайда, халыққа қарсы жүргізілген бұл реформа іс жүзінде шаруаларға жер де бермеді, шын мәніндегі бостандық та бермеді, сөйтіп елде революциялық ситуацияны одан бетер шиеленістіре түсті.

Шаруалардың жер үшін болған көтерілісі ерекше кең өріс алды, ол реформаның крепостнойлық сипатын әшкереледі және шаруалардың мүддесін қорғады, сөйтіп әртекті интеллигенцияның революциялық қызметін жандандырудың негізіне айналды.

«Крепостниктік правоның жойылуы жалпы азаттық қозғалыстың, әсіресе демократиялық цензурасыз баспасөздің бұқаралық басты қайраткері болып табылатын әртектінің тууына себеп болды» (3.247).

Елдің демократиялық күштерінің өкілдері жария және құпия баспасөз беттерінде реформаны өлтіре сынға алды.

Реформаның жариялануына жауап ретінде шаруалардың бұқаралық толқуы революциялық демократиялық таптардың ендігі жерде бір ғана әдеби насихат жеткіліксіз, революциялық интеллигенция мен халықты жақындастыру жолына түсу керек, революциялық насихаттың жаңа түрлерін іздестіру қажет деген сенімін нығайтты.

Орыс қоғамындағы бір-бірімен ымыраға келмейтін таптық қарама-қайшылықтар туралы айта келіп, Н.Г.Чернышевский шаруалар революциясының күшімен қоғамды революциялық жолмен қайта құрудың қажет екенін, оның түпкі мақсаты шаруалардың қауымы негізінде социализм құру болып табылатынын дәлелдеді.

«Бірақ Чернышевский тек социалист-утопист қана болған жоқ. Мұнымен бірге ол революцияшыл демократ болды, ол цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан – шаруалар революциясы идеясын, бұқараның бүкіл ескі өкіметті құлату жолындағы күресі идеясын тарата отырып, өз дәуіріндегі саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді» (3.175).

Елді крепостнойлықтан азат етудің революциялық программасы болып табылатын бұл насихат оқушы-жастар арасында негізгі қолдаушысын тапты. Бұл революциялық қозғалысқа әсіресе Петербург,

Москва, Қазан және Харьков университеттерінің студенттері белсене қатысты.

Олардың елдегі жалпы саяси қозғалысы мен революциялық-демократиялық насихатты таратуға қатысуы 60-жылдардағы студенттік толқулардың ерекшелік сипатына айналды. Н.Г.Чернышевский, Н.В.Шелгунов, М.А.Антонович, М.Л.Михайлов тағы басқа революционер-демократтардың алдыңғы қатарлы жастарды революциялық-демократиялық идеяға тартуы, Петербург университеті студенттерінің жетекшілерімен тығыз байланыс жасауы кездейсоқ нәрсе емес.

П.Л.Лавров пен Л.П.Пантелеевтің естеліктерінде Н.Г.Чернышевскийдің сол кездегі Петербург университеті студенттерінің өмірінен мейлінше толық хабардар болғаны жайында бірнеше жерде айтылады. Л.П.Пантелеев Чернышевский өзінің ақыл-кеңесі арқылы университеттегі студенттік толқулардың барысына тікелей басшылық жасап отырды дейді (85.115).

Н.Г.Чернышевскийдің жақын серіктестерінің бірі, 60-жылдардың басындағы революциялық қозғалыстың белсенді қатысушысы Н.В.Шелгунов алдыңғы қатарлы студенттер тобының дүниеге көзқарасын қалыптастыруда Н.Г.Чернышевскийдің керемет үлкен роль атқарғанын атап өтеді: «Чернышевский мен Добролюбов университет жастарының пайғамбары болды, олар әр жолдан керегін тауып үздіксіз таң қалдырып отырды, тіпті одан да кереметі әр жол арасынан оқитынды шығарды. Мақалалары неғұрлым өте күшті болған сайын студенттерге соғұрлым әсерлі ықпал жасай бастады» (86.36). Маркс пен Энгельс те осы қозғалыстың идеялық жігерлендірушісі Чернышевский болды деп атап керсетті (39.596).

М.О.Әуезов, оның оқығандарына қарағанда, орыс тарихының осы дәуірін зерттеуге, Чернышевскийдің тікелей ықпалымен революционер-демократ болып қалыптасқан тарихи жеке адамдарға баса назар аударды.

Оны Н.Г.Чернышевскийдің жақын серіктестері Н.А.Добролюбов, Н.В.Шелгунов, М.Л.Михайлов, А. және Н. Серно-Соловьевичтер және басқалар қызықтырды. Өйткені Е.Михаэлистің олармен тікелей байланысы болған.

Шелгуновтар семьясының ең жақын адамы ретінде (Н.В.Шелгуновтың зайыбы Людмила Петровна Шелгунова Е.П.Михаэлистің туған апасы) және университетте оқып жүрген кезінде солардың үйінде тұрғандықтан да Е.П.Михаэлис сол кездегі революциялық-демократиялық күрестің қайнаған ортасында болды.

Бізге бұрыннан белгілі болғанындай, 60-жылдардың қайраткерлері халық арасындағы насихат жұмысына баса назар аударды. Н.Г.Чернышевский және онымен ой-мақсаты бір адамдар «бірте-бірте



жолығу керек, алайда біршама аз уақыт ішінде 19 февральдағы алданған халықтың сөзіне құлақ асатын барлық топтарға жолығу керек. Шаруалар мен солдаттар, жікшілдер мұнда жапа шеккен үш топ. Төртіншісі – жастар, олардың достары, жәрдемшілері, жігерлендірушілері және мұғалімдері (87.318).

Н.В.Шелгунов «Солдаттарға» және «Жас ұрпаққа» атты прокламация жазды. Оның соңғысын Н.В.Шелгуновтың досы ақын және қоғам қайраткері М.Л.Михайловтың инициативасы бойынша Герцен Лондонда бастырды. Олар оның 600 данасын Петербургке әкеп, 1861 жылы сентябрьде таратты. Оның авторы патша мен дворяндықты қатты айыптады. Революцияның болмай қоймайтынын айтты, сондықтан барлық жас ұрпақты күрес жолында күш біріктіруге, халықпен тізе қосуға шақырды. Бұл прокламация Н.Г.Чернышевский басқарып, идеялық жағынан жігер беріп отырған революциялық-демократиялық насихаттың, сөз жоқ, құрамдас маңызды бір бөлігіне айналды. Барлық Петербург полициясы революцияшыл насихатшыларды табуға жұмылдырылды. Бірақ одан түк шықпады. Тек В.Костомаровтың сатқындығы ғана істі бүлдірді. М.Михайлов оған Москвада прокламация таратуды сеніп тапсырған еді. Ал ол сатқындық жасап, III-бөлімшеге айтып қойды. Революцияшыл насихатшылар қуғын-сүргінге ұшырады.

М.Л.Михайлов қамауға алынды. Ол прокламацияны (88) жазған автор да, оны таратқан да өзім деп көрсетті. Сөйтіп өзінің жәрдемшілері Н.В.Шелгуновты, Е.П.Михаэлисті, А.Серно-Соловьевичті және Л.П.Шелгунованы тергеуден аман алып қалды. Ол жақын достары мен серіктерінің бостандықта жүріп, революциялық күресті жүргізе беруі үшін өзін өзі құрбан етуге бел байлады. Тіпті өзінің естеліктерінде де олардың аттарын атамайды. Михайловтың осылай құрбан болғанын аз ғана топ – Чернышевский, Добролюбов, Герцен, Огарев; ағайынды Серно-Соловьевичтер ғана білді (89.484).

Л.Ф.Пантелеевтің 1905 жылы жарияланған естеліктерінде «Жас ұрпаққа» деген үндеудің авторы Шелгунов еді деп айтқанға дейін осы прокламацияның шын тарихы құпия, белгісіз болып келді (89). Пантелеевтің бұл айтқаны көп ұзамай Шелгуновтың естеліктері тұңғыш рет жарияланған кезде тағы да расталды. Онда ол былай деп жазды: «Прокламацияны тарату оны басудан гөрі өте қиын әрі қауіпті еді, өйткені мұны екі адамның атқаруына ешқандай мүмкіндік болмады. Біз, әйелімнің ағасы, Петербург университетінің студенті Михаэлис пен Александр Серно-Соловьевич, өзімізді осы бір құпия іске арнадық (88).

М.Л.Михайлов барлық правосынан айрылып, Сібірге 12 жылға каторгалық жұмысқа айдалды, одан кейін Сібірде тұрақты тұруға кесілді (88).

М.Л.Михайловтың қаншалықты қауіпті мемлекеттік қылмысты деп

саналғанын каторгаға жіберілуіне және Тобыл түрмесінде уақытша болуына байланысты сақталған архив документтері айқын көрсетіп береді.

Қатты қиналып, әбден зардап шеккен белгілі ақын, қоғам қайраткері М.Л.Михайловты кейбір әкімшілік адамдары түрмеден шығарып, үйлеріне шақырды, түсте тамақ берді. Тобылдың прогрестік жолға бет бұрған интеллигенциясы өкілдерінің бір тобымен кездесу ұйымдастырылды. «Қылмыскерге, мемлекеттік қылмыс жасап, қатаң жазаға сотталған адамға» осындай жан ашушылық білдірушілік Петербургтың басқару орындарында отырған топтарының ашу-ызасын келтірді. Патшаның жеке өзі берген бұйрық бойынша Тобылдың бір топ жауапты әкімшілік адамы осындай бетімен жіберушілікке кінәлі болғаны үшін орындарынан алынып, істері сотқа берілді (29).

М.О.Әуезов, орыстың саяси жер аударылушысы Михайловтың бейнесін жасай отырып, романда оның қызметін алғаш революциялық-демократиялық көзқарасы қалыптаса бастаған сонау студенттік кезінен бастап суреттейді. Әуелі Петропавл қамалына қамалған, кейіннен басқа жаққа жер аударылған Петербург университеті студенттерінің тексеру ісі сақталған СССР Мемлекеттік тарихи архивіндегі Юстиция министрлігінің қорындағы документтерді зерттегенімізде М.О.Әуезовтің сол кездердегі мемуарлық әдебиеттерден алып пайдаланған басты образ Михаэлистің прототипі Михайловтың 60-жылдардағы студенттік қозғалысқа белсене қатысқанын анықтайтын нақты материал толық расталды.

1861 жылдың күзінде Петербургтағы студенттер толқуының формальды себебі университет студенттерінің правосына нұқсан келтіретін жаңа ережелердің енгізілуі болды.

Петербург университеті студенттерінің толқуы студенттердің шағын жиындарынан басталды. Соның нәтижесінде 25 сентябрьде лекция тоқтатылды және университет үйі жабылды. Сол кезде студенттер барлығы 1500 адам болып университет маңына жиналып, демонстрация ұйымдастырды, сөйтіп қамқоршы уәкілдің үйіне қарай жылжи бастады. Қамқоршы уәкілдің үйінің жанынан студенттерді және оларға қосылған топтарды атты және жаяу полиция қоршап алды, бұған қоса әскерлер шақырылды. Алайда әскерлермен қақтығысу болмады, қамқоршы уәкіл университет демонстранттарының шағымын тыңдауға келісті. Қайта оралған студенттер келісімін жүргізу үшін өздерінің депутаттары етіп – Михаэлисті, Генді және Стефановичті (88) сайлады. Олар қамқоршы уәкілге студенттердің талабын жеткізген еді, бірақ оған ешкім құлақ аспады. Келісім жүргізуге келген әскери генерал-губернатор егер жиналғандар жөн-жөніне кетпесе, онда өзінің оларды «күшпен қуып тарату үшін жасақ қолдануға мәжбүр болатынын» хабарлады (88).

1861 жылғы 26 сентябрьдің түнінде революция ісіне неғұрлым



берілген студенттер Петропавл қамалына отырғызылды. Тергеуде Е. Михаэлис пен Н. Утин осы қозғалыстың басты жетекшісі деп табылды.

1861 жылғы Петербург университеті студенттері қозғалысының тарихы М.О.Әуезовті қатты қызықтырды: мұның өзі Михаэлистің осы қозғалыстағы ролін аша түсті, жазушы оның жеке басы және көзқарасы жөнінде неғұрлым жете білуге мүмкіндік алды.

ІІІ-бөлімшенің тексеру комиссиясының іс қағазында Е.Михаэлис бұлтарыссыз «шатақ шығарушы» деп (88) аталған.

Архив документтері мен өз замандастарының естеліктерінде Михаэлистің студенттер арасында зор беделі болғандығы айтылады. Ол университет басшыларының алдында студенттердің мүддесін қорғау үшін депутат болып сайланады, оның сөзін студенттер ұйып тыңдайды және негізгі қалың бұқара оның ұсынысын қолдайды. 60-жылдардағы құпия революциялық жұмысқа белсене қатысушылардың бірі, күйеуі Н.В.Шелгунов пен М.Михайловтың барлық құпия жұмыстарынан толық хабардар Л.И.Шелгунова Михаэлистің жеке өзі туралы біздің ойымызды мынадай қызықты детальмен толықтыра түседі. «Біздің үйде сол жылдың қысында студент ағайым Михаэлис тұрды... Ол университетте беделді болуы керек, өйткені Михайловқа бір күні Добролюбов келіп, былай деді: студент Михаэлиспен танысу үшін келдім, ол туралы өте көп естідім. Добролюбов университетте бір ақылды студент бар дегенді ести сала оның өзі келіп танысар деп күтпеді, қайта өзі іздеп келді» (89.115).

Н.В.Шелгунов талай рет Евгений Михайлович туралы аса зор жылы сөздер айтты. «Бұл өте тамаша дарынды, бойында күш-қуаты мол адам еді, әсіресе адамгершілігі басым болды, мұндай адам бұл кезде бай адамдар арасында өте аз еді, ол арқылы университет тамырының соғысының лүпілін сезетін едік. Албырт, ақылды және батыл Михаэлис өзінің 18 жаста екеніне қарамастан керемет ерекше болды, депутат болып сайланды, ықпалы күшті еді, амал не, алғашқы бестіктің категориясына қосылып кетті» (89.116).

Петербургтегі студенттік қозғалыстың басшыларының бірі ретінде Е. Михаэлис Олонецк губерниясына қарасты Петрозаводск қаласына жіберілді, ал 1863 жылдың августында қаладан өзінше кетіп қалғаннан кейін полицияның қатаң бақылауымен Тобыл губерниясының Тара деп аталатын қаласына жіберілді.

1869 жылы Михаэлис Семейге ауысуға рұқсат алады, осында Семей облыстық басқармасының қызметіне іс жүргізушінің жәрдемшісі болып орналасады. 1870 жылы ол осы мекеменің ерекше тапсырма орындайтын кіші чиновнигі болады. Қызмет бабындағы тапсырмамен Е. Михаэлис облысты жиі аралайды. Мынаны атап өту өте қызық: 1871 және 1872 жылы ол екі рет Қоңырқөкше-Тобықты болысына қылмысты істердің бірін тексеруге барады. Абай мен Михаэлистің таныстығы ертеден

1870 жылдан басталғаны және, замандастарының естеліктерінде айтылатындай, Михаэлистің Абай аулында қонақ болғаны белгілі.

1878 жылы полицей бақылауынан бостандық алған Михаэлис 1882 жылы Өскеменге біржола көшіп келіп, осында өмірінің соңғы күндеріне дейін тұрады. Е.Михаэлис Семейде жүрген кезінде қаланың мәдени өміріне тыңғылықты үлес қосты. Ол облыстық басқарма жанындағы 1878 жылы құрылған Статистика комитетінің секретары болған кезінде Семей облысының табиғи жағдайын, шаруашылығы мен мәдениетін үйренуге зор ықылас қойды. Ол университеттегі оқуының ерте үзілгеніне қарамастан өзінше оқып, білім алуының, жақсы дайындығы барының, білімдарлығының нәтижесінде тамаша өлке зерттеуші болады. Оның еңбегі Сібір ғылыми қоғамының ерекше назарына ілінеді.

1880 жылы Е.Михаэлис орыс география қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің мүшелігіне сайланады. Ол осы өлкені жан-жақты зерттеп, үлкен үлес қосты, оның ғылымға деген ынта-ықыласын төменде келтіріліп отырған негізгі жұмыстарының тізімі де айқын сипаттай алады.

1871 жылы ол Зайсан уезінен тас көмір кенін ашады. Оның запасы ол кезде 10 миллиард пұт деп есептелінді. Е.Михаэлис Ертістің бастауын Семейден Зайсан келіне дейін ұзындығы 700 километр жерді зерттеп, «Пароход шаруашылығына жарамды екен» деп тапты. Бұдан басқа ол осы учаскенің навигациялық картасын жасады және экономикалық, географиялық сипатта тамаша материал жинады. Мұның бәрі Ертісте бір жағы Монғолиямен шектес тіреліп, Семей өлкесінің бір бөлігін Сібірмен байланыстыратын пароход шаруашылығын ұйымдастыру туралы мәселені бір жола шешу кезінде басты назарға алынды (90.1).

Е.Михаэлистің Алтай мұздарын зерттеу жөніндегі еңбегі де қызық. Мұның үстінде ол ең алғаш рет бұрынғы қуатты мұз басқан Алтайдың шекарасын анықтады.

Сібірдің конхиология (91) саласы туралы жазылған еңбек те Е.Михаэлистікі. Ол онда Тобыл губерниясының үлкен ауданы Тара қаласынан Солтүстік Жоңғарияға дейін зерттеген. Е.Михаэлис профессор В.А.Обручевпен бірге Семейдің терең құмдарының пайда болуы тарихымен де айналысып, кейбір қорытындылар жасайды, оның құмның үйіліп қалу сипатына тоқталып, онымен күрес жүргізудің көптеген шараларын қарастырды. Олар Семей округының шығыс жақ бөлігіндегі алтын қоры бар Қолба жотасын зерттеді және дайындық жұмыстарын жүргізетін аудандарды дәл көрсетіп берді. Көп ұзамай, бұл аудандардан алтын өндіріле бастады. Михаэлистің негізгі еңбектері орыс география қоғамы Ғылым Академиясының кезекті басылымдарында жарияланды.

«Абай жолы» эпопеясында Абай тағдырына саяси жер аударылған Михайловтың жақындасуы үлкен роль атқарғаны көрсетілген, оның образы арқылы Евгений Петрович Михаэлистің өмірбаянының көптеген жақтары және мінездері берілген.





Көркемдік образдың бұл ұқсастығы өзінің прототипі арқылы Михайлов пен Михаэлистің прототиптік ұқсастығынан-ақ белгілі. «Ол жасы отыздың ішіне толық кірген, кең жайылған қара сақалды, зор ашық маңдайлы, қасқа бастау келген, қайратты дана пішінді болатын» (22.541).

Абай эпопеяда Михайловпен, шындығында Михаэлиспен Семейдің қоғамдық кітапханасында танысады.

«Құнанбаевпен танысқан және оның керемет қабілеттілігін байқаған Михаэлис оның тәжірибесіне баса назар аударды. Бірнеше жыл қатарында Абай Евгений Петровичпен тығыз байланыс жасап тұрды. Жыл сайын Абай Семей қаласында қонақ болып, кешкі уақытын Михаэлиспен әңгімелесіп өткізетін» – деп жазды Семейдің белгілі өлкетанушы зерттеушісі Б.Герасимов (92.6). Абайдың Михайловқа қызығушылығы романда тектен-тек көрсетіліп отырған жоқ. Михайлов «бүкіл Семейдегі ең ақылды, ең білімді» адам. Михайловтың ой-пікірі, көзқарасы мен өмірдегі басты прототипі арасындағы байланыс жеңіл ғана байқалып өтеді.

Михайловтың дүниетанымы да революцияшыл-демократ Е.П.Михаэлистің образы сияқты, Н.Г.Чернышевскийдің серіктестеріне идеялық түрде жақындастырылып, шартты түрде алынған.

Мысалы романда патша чиновниктері туралы Михайловтың аузына салынып отырған жиынтық пікір әбден заңды. Ол Абаймен әңгімесінде былай дейді: олардың бәрі бірдей – түйе тікен тұқымы сияқты, еккен қол да біреу – ол патшалық құрылыс.

Эпопея авторының жүзеге асырғанындай, Е.П.Михаэлистің 60-жылдарындағы революциялық қозғалысқа белсене қатысуын жан-жақты зерттеу жазушыға Михайловтың Абаймен Россиядағы революциялық қозғалыс жағдайындағы әңгімесін, оның идеологиясын, Е.Михаэлистің өмірде бірінші рет (бұл тарихи ақиқат нәрсе) ақынға не дегенін көркемдік тәсілмен қайта жасап беруге толық негіз қалады.

М.О.Әуезов Михаэлиске байланысты өмірлік материалдардан қашып, Абай Михайловтан Россиядағы революциялық қозғалыс кезіндегі Чернышевскийдің ролі туралы қалай естігенін, оның қамалғанын және жер айдалып, өлім жазасына кесілгенін творчестволық бейнелеуге сүйене отырып, жақсы ашып береді. Романда Абай Михайловтан Н.Г.Чернышевскийдің және оның серіктестерінің жазған, 60-жылдардағы белгілі революциялық прокламациялардың мазмұнын естіп біледі.

Сөйтіп ол «Бариндердің шаруаларына, олардың достарына сәлем» деген прокламацияның мазмұнымен танысады. Егер біз оның прототипі Е.Михаэлистің прокламацияның мазмұнымен тек қана таныс емес, қайта оның прокламацияны таратуға белсене қатысқанын еске алсақ, мұны өте заңды деуге болады.

Абайдың қоғам өміріне қатты қызығушылығын байқаған Михайлов

оны Россиядағы революциялық ой-пікірдің тарихымен таныстырады. Ол оған «патшалыққа қарсы күрестің түп тамырлары туралы, Пушкин, Белинский, Герцен туралы айтады, революциялық күрестің Чернышевский кезінде көтерілген жаңа толқыны жайлы айтады. Ол туралы аса зор құрмет пен өте жылы лебіз білдіреді. «Шынында да Чернышевский менің досымның ұстазы екен деген берік шешімге келеді Абай» (22.676).

Дегенмен Михайлов Петрозаводскіде жүргенде патшаның атына оқуын аяқтау үшін өзін Петербургке қайта баруға рұқсат сұрап өтініш жазғанын Абайға айтқан. Арыз жазылған қағазға сия тамып кетіпті, оған жас студент онша мән бермеген. Сия тамған арызды көрген патша қатты ашуланды да, өзін мұқатты деп ұғып, оны Сібірге жер аударуға бұйрық берді.

Михайловтың өмірбаянындағы осы детальды қайта жасауға Н.Шелгуновтың естелігі негіз болды. Бұл жағдаймен М.О.Әуезов аталған естеліктен алынып, сақталған көшірмелер арқылы таныс еді.

Шелгунов бірде өзінің князь А.Суворовпен – Петербургтың 1861 – 1866 жылдардағы әскери губернаторымен әңгімелесуіне тура келгені жайында жазады: «Біз Михаэлис туралы еске алғанымызда ол маған Михаэлистің барлық тағдырын өзгертіп қырсыққа ұшыратқан сия таңбасы туралы оқиганы айтып берді. Абайсызда тамып кеткен осы бір сия таңбасы болмағанда, Михаэлис Тара қаласына жіберілмей, Петербургқа баратын еді. Михаэлис пен Ген Петрозаводскіден патшаның атына арыз жазып, қайтадан университетке түсуге мүмкіндік беруін сұрайды. Асығыстық пен ұқыпсыздық салдарынан жазудың аяғына сия тамып кетіпті, арызды қайта жазудың орнына тілімен жалап, қағаз бетін былғап қойыпты. Патша соған көзі түскенде ашуланып кетіп, оларға риза болмай қалады, өтініш қанағаттандырмай тастайды.

– Патша мұндай хат алып әдеттенбеген, – дейді Суворов шындап» (89.157-158).

Михайловтар семьясын революционерлер семьясы деуге болады. Абай мынаны естіп біледі: Чернышевскийді жазалаған күні Михайловтың туған апасы Мария айнала қоршап тұрған патшаның әкімдері, жендеттері, әскер жасақтарының көзінше «мені көрдің бе!» дегендей батыл барып, бір буда гүлді Чернышевскийге қарай лақтырады. Бұл фактінің шындығында да болғаны рас. Бір буда гүлді Чернышевскийдің аяғының астына Е.М.Михаэлистің апасы Мария Петровна лақтырған болатын, сол үшін де ол полицияның қатаң бақылауына алынған-ды.

Мария Петровна Михаэлис (тұрмысқа шыққаннан кейінгі фамилиясы Богданович) бұдан былай да шаруалар арасында халықтық насихат жұмысын жүргізуге белсене қатысады.

Михайловтың Сібірге ертерек жер аударылуы оның саяси күреске



белсене қатысуына мүмкіндік бермеді. Ол өзі туралы қызына сөйлеп, «Мүмкін, көктей ормағанда, менен де бір өзгеше әрекет шығар еді» (22.681)

Н.Шелгунов та осылай жас Михаэлистің тамаша дайындығы мен ғылыми қабілеттілігін атап көрсетті. Ол былай деп жазды: «Егер тым ерте жер айдалмағанда «одан, сөзсіз керемет, профессор-натуралист және көрнекті ғалым... шыққан болар еді» (89.157-158).

Эпопеяда Михайлов Абайға өз білімін өз бетінше көтеруге көмектеседі. М.О.Әуезов мұнда да жақын туыстарының жадында қалған, ақын өмірбаянының кеңінен белгілі фактілеріне сүйенді. Михаэлис Абайды Пушкиннің, Лермонтов пен Толстойдың, Салтыков-Щедриннің, Белинский мен Чернышевскийдің, тағы басқалардың творчестволарымен таныстырғаны белгілі.

Сөйтіп М.О.Әуезовтің Абайды орыс және батыс еуропа әдебиеттеріне, орыстың революционер-демократтарының еңбегіне ынта-ықылас қоюы арқылы бейнелеуінде автордың өз жанынан қосқан ешнәрсе жоқ. Абай өмірбаянындағы бұл фактілерді қайта жасау тарихи айқын шындыққа, Абай творчествосынан көрініс тапқан басқа да жайларға сүйенген.

Михайлов эпопеяда былай дейді: «Рұқсат етсеңіз бұдан былай өз бетіңізбен оқуда, сізге мен көмекші болайын. Оқу талабыңыз жақсы екен. Сіздің халықтан әлі оқыған жандар аз. Сізге көп білу керек... Бұл жөнінде орыс кітабы үлкен достық етеді. Сенімді серігіңіз болады!» (22.568).

Романда Семейдегі мемлекеттік мекеме қызметіне көп жағдайда саяси жер аударылғандардың тартылу себептері ашылып, жақсы көрсетілген. Мысалы, Михайлов былай дейді: «Қызметке мені қалауым бойынша алғанда, қалап алған кісісі емеспін. Амалсыздан алынғанмын. Бұндағы жандарал Петербордан статистика комитетін ашуға бұйрық алған. Ал статистика, санақ деген не? Ол ғылым жолымен істелген іс болғанда қалай бастап, қалай ретке қойылу керек. Қысқасы, біздің орыс тілімен айтқанда: «ол анды немен қосып, қалайша жеуді» білетін бұл шаһардың чиновнигі жоқ болатын. Менің студент боп білім зерттеп жүрген кезімде осы салаға да көп көңіл бөлгемін, шұғылданып көргенім бар еді. Бұл шаһарда ол тың істі бастап кететін сенімді кісі шықпаған соң, мені амалсыздан, сондай бір әкімшілігі аз, еңбегі көп іске шақырған еді. Тек жүрмес үшін соны алған едім... Сіздің облыстың шаруа санын қуатын, халықтар санын, көп сырларын, дәл деректер жиып, ғылым жолымен тани бастап едім» (22.672-673).

Михаэлистің Қазақстанда жүргізген бүкіл маңызды және жан-жақты жүргізген өлкетану жұмысының мәні Михайловтың мына бір сөзінен де байқалады: «...Бірақ мен қазір сыртта болмасам да осында бастаған ісімді тастамастан, Сізді халқыңыз мекен еткен өлке туралы, бәлкі мен де бір керекке жарарлық еңбек етермін» (22.673).

Сөйтіп Абайдың рухани жағынан өсуіне және орыс мәдениетіне араласуына оның Михайловпен әңгімелесуінің орасан зор маңызы болды.

Абайдың ағартушылық-қызметіне бағыт бере отырып Михайлов оған былай деп ақыл айтады: «Оқыған мен білгенді халыққа жаю. Қараңғы сахараға бір шам болса да, жалғыз қолда бір шырақ болса да, өз білгеніңізді апаруға, танытуға керек» (22.683).

Алайда М.О.Әуезов Михайлов бейнесін жинақталған образ деп атап көрсеткен болатын. Абаймен достығы жарасқан, тарихта болған нақты адамның – Михаэлистің өмірбаянының шындық фактілеріне сүйене отырып, автор көркемдік ойдан қосу правосын пайдаланған, сүйтіп бұл образды дамытып, оған 80-жылдардағы революционер күрескердің негізін берген.

XIX ғасырдың 80-жылдарында Абай Құнанбаев орыстың саяси жер айдалушыларымен өзінің байланысын кеңітіп, «Народная воля» ұйымының өкілдерімен жақындасады. Бұл ұйымның қызметі Россиядағы қоғамдық-саяси күрестің әбден шиеленіскен кезіне, екінші революциялық ситуация кезіне, 1879–1880 жылдарға сай келеді. «Народная воля» ұйымының мүшелері разночиндік бостандық қозғалысының жаңа кезеңін бастады. Халықшылдар жалпы қарулы көтеріліс арқылы самодержавиені бір жола құлатуды өздеріне мақсат тұтып, халыққа жақындай түсті, оларды революцияға, күреске шақырды. Алайда бұл қозғалыстың, ол кездегі тарихи жағдайларға байланысты табысқа жетуі мүмкін емес еді. Халықшылдардың бұл бірлігі мен шаруалардың бытыраңқы қарсылықтарын патша үкіметі қатты басып тастап отырды.

Осындай жағдайда 1879 жылдың август айында «Земля и воля» деп аталатын халықшылдар ұйымы екіге бөлініп – «Народная воля» және «Черный передел» дейтін екі жаңа ұйым пайда болды.

Орыс революциялық-демократиялық қозғалысының А.И.Желябов, А.Д.Михайлов, С.Петровский, В.Фигнер сияқты басқа да белгілі өкілдерінің есімі «Народная волямен» тығыз байланыста болды. Олар осы ұйым атқару комитетінің мүшелері болды. «Народная воля» өз күресінің ең басты мақсатын мемлекетті қайта құрып, самодержавиені құлату, сүйтіп демократиялық республика орнату, еңбекшілерге саяси бостандық беру, жерді шаруаларға, завод пен фабриканы жұмысшыларға әперу деп есептеді. «Народная воля» мүшелері саяси күрестің қажеттігін тұңғыш рет алға қойды, студент жастардың, әскери адамдардың, аздап жұмысшылардың арасында революциялық насихат жұмысын жүргізді.

«Народная воляның» мүшелері соншалықты қажырлылықпен, соншалықты ерлікпен жүргізген жұмысына, олар халықтық



революцияны болдыра алмады. Өйткені Россияда бұл күреске пролетариат басшылық жасайтындай не әлеуметтік, не экономикалық даму жағдайы әлі пайда бола қойған жоқ еді. «Народная воляның» халықпен тығыз байланысы болмады. Сондықтан да олардың қызметі қайткен күнде де сәтсіздікке ұшырайтыны даусыз еді. «Народная воля» бар болғаны заговорлық тактикаға бой ұрып, жекелеген террорға әкеп соқтырды. Ұйым мүшелерінің барлық практикалық жұмысы, сайып келгенде, Александр II патшаға қастандық жасауды ұйымдастырумен тынды. Олардың бұл ойы жүзеге асырылғаннан кейін ұйым біржола әшкереленіп, оның басшылары жазаға тартылды.

Революцияшыл халықшылардың басқа бір ұйымы – «Черный передел» алғашқы кезде «Земля и воля» программасына адал болды. Оның мүшелері «Народная воля» террорлық қызметін сынға алды. Алайда «Черный переделдің» мүшелері шаруаларды революция ісіне тарту мақсатымен деревняда жүргізген үгітінен ештеңе шықпаған соң өз программаларынан бас тартуға мәжбүр болып, өздерінің ендігі қызметін бірте-бірте жұмысшыларға қарай аудары бастады.

1881 жылғы 1 марттағы оқиғадан кейін «Черный переделдің» бір бөлегі «Народная воляға» қосылды. Ал теориялық жағынан әзірлігі едәуір мол бір топ мүшелері халықшылдардан бір жола қол үзіп, өздерінің бұрынғы идеялық көзқарастарын өзгертті де марксизмге қарай ауыса бастайды. «Черный переделдің» Плеханов, Дейч, Засулич, Аксельрод сияқты көрнекті мүшелері 1883 жылы Женевада орыстың бірінші марксистік ұйымын – «Еңбекті азат ету» тобын құрды.

В.И.Ленин халықшылдардың жұмысшылар қозғалысынан қол үзген, шаруалар демократиясы мен жеке адамға қарсы террор, заговорлық күрес туралы идеяларынан айқын келіп туындайтын теориялық қателіктерін атап көрсетті. Сонымен қатар олардың ерлігін, батырлығын ұйымдастыру талантын, саяси батыл күресін тиісті дәрежеде бағалады.

«70-жылдар революционерлерінің тамаша саңлақтарының» демократиялық революция жағында екенін және оның орыс азаттық қозғалысындағы маңызды ролін жоғары бағалай келіп, В.И.Ленин «Народная воляның» мүшелерін орыс социал-демократтарының алды деп атады» (3.331).

«Народная воляның» жер аударылған мүшелерінің ішінде 80-жылдарда Абай достасқан ірі тұлғалардың бірі Н. Долгополов болды.

Нифонт Иванович Долгополов Воронеж губерниясына қарасты Бирюче қаласында 1857 жылы кеңсе қызметкерінің семьясында дүниеге келді. Харьков университетінің медицина факультетінде студент болып жүріп-ақ Н.Долгополов сондағы ұйымдастырылған «Народная воля» үйірмесінің белсенді мүшесі болды.

Үйірме мүшелері оқушы жастар, интеллигенция мен жұмысшылар

арасында революциялық насихат жұмысын жүргізді. Н.Долгополовтың қамауға алынып, жер айдалуына себеп болған жағдайдың бірі оның Харьковте 1878 жылы күзінде болған студенттердің ірі толқуына белсене қатысуы еді. Оның үстіне ол «Харьковтегі толқудың басты басшылары» (42) атанған жетеудің бірі ретінде қамауға алынды және полицияның ашықтан-ашық бақылауында болатын шартпен 5 жылға жер аударылды. 1880 жылы ол Тобыл губерниясының Қорған қаласына келді.

Н.Долгополов университеттің 5 курсынан шығарылғанымен, жақсы дайындығы бар дәрігер болатын. Қаладағы саяси жер аударылып келгендерге жанашырлықпен қарайтын қалалық дәрігер Головки оның білімін пайдалануды жөн көрді. Барлығын да және өз жауапкершілігіне алған ол Долгополовтың қалалық ауруханада жұмыс істеуіне рұқсат етті.

Қорғандағы аурухана әбден тозып біткен күйде болатын. Мұнда ауруларға жан-жақты дәрігерлік көмек көрсету жөнінде тіпті сөз болуы да мүмкін емес еді. Тәулігіне 18 сағаттан жұмыс істеп, күш-жігерін аямаған Н.Долгополов аурухананы тиісті санитарлық жағдайға келтіруді міндетіне алды. Көп ұзамай-ақ жергілікті дәрігерлердің практикасында бірінші рет күн сайын амбулаториялық тегін қабылдау енгізілді, жатып емделетін хирургиялық бөлімше ашылды, онда Н.Долгополов талай-талай сәтті операция жасады. Мәселен, көз ауруының суқараңғылығын емдеп, жанарды қайтадан көретін етті. Әсіресе осы соңғы операциясы атақ-даңқ іздемейтін доктордың есімін Қорғаннан тыс жерлерге де кеңінен мәлім етті. Оған Есіл, Ялутор округтарынан, Петропавлдан, Шадринскіден және Челябинск уезінен емделуге адамдар ағылып келіп жатты.

1881 жылы февральда Ішкі істер министрлігі Тобыл генерал губернаторының өтінішіне жауап бере отырып, Н.Долгополовтың қалалық ауруханада жұмыс істеуіне ресми түрде рұқсат берді. Алайда, Н. Долгополов Батыс Сібірде саяси жер аударылғандармен бірге өзінің көзқарасына деген принциптілігі мен адалдығын білдіріп, Александр III-нің таққа мінуіне байланысты оған өзінің шын берілгендігін дәлелдеп, ант беруден жұрттың көзінше бас тартты. Ішкі істер министрлігі оны «саяси жағынан мүлдем сенім артуға болмайтын, қазіргі тәртіпке сенімсіздікпен қарап, наразылық таратушы» (29) адам деп тапты. Сөйтіп оның ауруханада практикалық жұмыс істеуіне рұқсат еткен бұрынғы шешімін қайта бұзды. Н.Долгополовтың жаңа патшаға ант беруден бас тартуына байланысты оның жер аударылу мерзімі 1881 жылдың сентябрінен бастап тағы да бір жылға ұзартылды. Ауруханада жұмыс істеу мүмкіндігінен айрыла тұрса да тамаша дәрігер ретінде халық арасында жоғары беделге ие болған Н.Долгополов өзіне келген



ауруларға құпия түрде медициналық көмек көрсете берді (29). Дәрігерлік жұмыспен айналысуға болмайды деген қатаң тәртіпті бұзғаны үшін оған түрлі сөгіс шаралары қолданылды және бірнеше тәулікке қамауға алынды (29).

1882 жылдың күзінде Н.Долгополов Қорғаннан басқа жаққа ауыстырылып, Токалы қаласына уақытша қоныс аударды.

1884 жылдың июнь айында Н.Долгополов Семейге келді. Осында полицияның ашық бақылауында жүрген ол жер аударылу мерзімі біткенге дейін болды. Әсіресе осы жылдары – 1884 жылдан 1886 жылдар ішінде ол Абай Құнанбаевпен өте жақын танысты. Олардың достық байланысын Абай замандастарының белгілі естеліктері, олардың өмірбаянын алғаш зерттеушілер, сондай-ақ Семей облыстық басқармасының қорындағы архивтік документтер дәлелдейді. 1885 жылдың жазында ауырып қалған Н.Долгополов Семей генерал-губернаторынан Абай ауылына барып, емделіп қайтуға рұқсат сұрайды.

«Менің денсаулығым қатты бұзылды – безгек және өкпе ауруымен ауырамын, денсаулығымды түзету үшін қаладан жаз айларында далаға барып қымыз ішіп, таза ауа жұтуым керек. Жоғары мәртебелі Сізден осыған байланысты Шыңғыс болысына – Өскенбаев Құнанбай ауылына баруыма 15 августқа дейін рұқсат беруіңізді сұраймын, 1885 жылғы 4 июнь Н.Долгополов» (29).

Генерал-губернатор рұқсат беруін бере тұрса да Семей уезі бастығының есіне «Долгополов барған жерінде полицияның қатаң бақылауында болсын» (29) деген нұсқауды қоса хабарлады.

Семейге саяси жер аударылған әйелдердің өмірімен және қызметімен таныса отырып, М.О.Әуезов олардың жиынтық бейнесін, Павлова Саша деген әйел образы арқылы берді. Сашаның тікелей прототипі – Александра (Шейн) Шур. Ол да өзінің революциялық қызметін «Народная воля» ұйымымен байланыстырған болатын.

Могилевтағы көпестің қызы А. Шур, тергеу ісіндегі мәлімет бойынша, өте білімді адам еді, неміс және француз тілдерін еркін білген, шет мемлекеттерде (Берлинде, Лондонда, Швейцарияда) көп уақыт бойы тұрған, онда жаратылыс тану ғылымын оқып-үйренумен айналысқан. А.Шур өзінің шетелдерде тұрған кезінде эмигранттық оқушы жастармен тығыз байланыс жасаған. Міне, бұл жөнінде юстиция министріне жіберілген құпия мәлімдемеді былай делінген: «Қазіргі кезде шетелдерде орыс азаматы болып жүрген еврейлер, Батыс өлкеде тұрғандар, едәуір дәрежеде жиналып, топтаса бастады, міне солардың қатарында революциялық ситуация тек Россиядағана емес, Германия мен Австрияда белгілі роль атқарған Шур да бар» (88).

1878 жылдың сентябрінде шекарадан өтіп келе жатқан А.Шур (ол Швейцариядан Россияға келе жатқан) «Орыс эмигрант-социалист

ерінің» (88) маңызды тапсырмасын орындау үшін келеді деген күдікпен қамауға алынды. Оны тінтіген кезде одан хаттар, шифрлы жазулар, әр түрлі шифр белгілері табылды.

А.Шурдың қызметін жете тергеу нәтижесінде тиісті органдар оны «Народная воля» партиясына жатады деген қорытындыға келді. Ол шетелден Россияға келіп, тиісті тапсырмалар орындап жүрген, сондықтан да «өте саяси сенімсіз адам» (88) деп танылды. А.Шур әкімшілік тәртібі бойынша полицияның ашық бақылауында болу үшін Тобыл губерниясының Қорған қаласына жер аударылды.

80-жылдары Абай Семейге жер аударылған поляк, өте білімді адам, право ғылымының кандидаты, 1877 жылы Петербург университетін бітірген Севириин Гросспен жақындасады. Гросс Батыс Сібірге 1880 жылдың орта кезінде пайда болған Польша жастарының революциялық құпия ұйымына қатысу үшін жіберілген.

Бұл ұйымның негізі 1878 жылдың өзінде-ақ Петербургте бір топ поляк студентінің өздерінше білім көтеру үйірмесін ұйымдастыруына байланысты пайда болған еді. Ол 1880 жылдың басында гмины деп ахалатын Петербургтағы Польша жастарының революциялық жерлестік ұйымының орталығына айналды.

Осындай ұйымдар алдыңғы қатарлы поляк жастарының ықпалымен 1880 жылы Москва, Киев, Вильне қалаларында пайда бола бастады. Гмины программасы анық нақтыланбады, бірақ «Польша социалистерінің іс программасының» сақталған текстінің алғашқы нұсқасымен салыстырсақ «1880 жылы Польша революционерлерінің халықшылдардың, соның ішінде негізінен алғанда «Черный передел» идеясында болғанын (88) білеміз. Олар насихат жұмысын жұмысшылар арасында жүргізуге көбірек назар аударғаны тіпті де кездейсоқ нәрсе болмаса керек.

III-бөлімшенің тергеу материалдарында ұйымның программасы мен міндетін айқын ашып көрсетуге әрекет жасалады: «Польша әлеуметтік-революциялық партиясының мақсаты – Польшаны Россиядан бөліп әкету және тұңғыш федерация түрінде жекелеген гминдер құруды ұйымдастыру. Мұның экономикалық негізінде өнеркәсіп орындарын өз жеке меншік правосында ұстайтын жұмысшы корпорациялары жатуы тиіс және жерді қауымдасып иелену аграрлық құрылысының ең дұрыс жолы» (88).

Кейбір гмин топтарының күрес тактикасында алшақтық бола тұра, түпкі мақсаты бір мәселеге барып саяды, атап айтқанда, «революция партия мұратын жүзеге асырудың соңғы құралы, оның алғашқы құрбаны экономикалық құрылысқа шыдай алмайтын қазіргі өнеркәсіп орындарының иелері және ірі жер учаскесінің иелері болуы тиіс (93.406).





Бұл идеяларды насихаттаудың басты органдары көбіне Вильне, Киев сияқты басқа да қалаларда пайда болған «әлеуметтік гминдер» болды – оларда оқушы жастар үйірмелерге тартылып, үгіттің негізгі объектілерін жасады» (88).

1880 жылы июньде Варшава қаласында партияның программасын белгілеу үшін әр түрлі гмин өкілдерінің съезі болды, оған Севоин Гросс қатысты. Осындай құпия революциялық ұйымның бар екенін патша үкіметі 1881 жылдың басында біліп қойды. Оны тез арада талқандау және жазалау шаралары қолға алынды. Осы жылдың март айында Гросс және Вильне гминінің басқа да басшылары ұсталып, әрқайсысы 1 жылға қамауға алынды.

С. Гроссқа Вильнедегі гминге басшылық жасағаны, Варшавадағы құпия жиналыстар мен съезге қатысқаны, шетелдерде Польша социалистерімен байланыс орнатқаны, ұйымдарға материалдық көмек бергені үшін айып тағылды (29).

Патшаның бұйрығы бойынша Гросстың және Вильне гминінің басқа да басшыларының ісі 1882 жылы январьда әкімшілік жолымен шешіліп, С. Гросс Батыс Сібірдегі генерал-губернатордың қол астына жіберілді. Мұнда ол полицияның ашық бақылауында тұрып өмір сүруі үшін бес жыл мерзімге жер аударылды (29).

Алғашында С.Гросс Есіл қаласына қоныс тепті, бұл жерге оны полиция айдап әкелді (88).

С. Гросс 1882 жылы Есілде өзі сияқты полиция бақылауында жүрген саяси жер аударылған Анна Скалецкаяға үйленді. Ол мұнда 1880 жылы Киевтен «саяси сенімсіздігі және қауіпті насихат жүргізгені үшін» (29) жер аударылған болатын.

1883 жылы С. Гросс әйелімен Семейге көшіп келді, мұнда да оның үстінен ашық полиция бақылауы орнатылды.

Абай Семейге жер аударылған Петербург университетінің студенті Блекпен жақсы таныс еді, оны американ журналисі Джордж Кеннан Семейге жер аударылғандардың ішіндегі ерекше адам деп жеке-дара бөліп атаған болатын (94.100-102).

А.Блек Петербург университеті студенттерінің оппозициялық бағыттағы алдыңғы қатарлы топтарына жататын. Ол революциялық құпия үйірмелерді ұйымдастырушылардың бірі болды. 80-жылдары «Народная воля» атқару комитетімен тығыз байланыс жасай тұрған Петербургтегі орталық университет үйірмесіне «Черный переделдің» мүшелері де қатты ықпал жасады. «Черный переделдің» мүшелері Петербург университеті жастарының арасында өздері арқа сүйеген жастар арасында заң факультетінің студенті Александр Блекті ең алдымен ауызға алады.

1880 жылдың февраль-март айларында Петербургте «Черный

перedel» бағытындағы тағы бір өзгеше революциялық үйірме құрылды, оған 40 адам мүше болады, үйірмеге мүше болып А. Блек те кіреді.

«Черный перedel» мүшелерінің XIX ғасырдың 80-жылдарындағы негізгі міндеті жұмысшылар арасында насихат жұмысын кеңінен өрістетуге болды, олар жұмысшылар шаруаларға қарағанда ұйымшылдықпен күресуге және революциялық насихатты әлдеқайда тез қабылдауға қабілетті бірден-бір тап деп білді. А.Блек те Петербургтағы жұмысшы үйірмесінің белсенді насихатшысы болды.

1881 жылғы 1 марттағы оқиғадан кейін «Народная воля» атқару комитетінің талқандалғаны мәлім. Оның бостандықта қалған мүшелерінің бір бөлегі «Черный перedelге» жақындасудың жолдарын іздестірді. Сөйтіп олар 1881 жылы ноябрь айында өз ара бірігеді. «Черный перedelдің» «Народная волямен» біріккен мүшелерінің арасында А.Блек те бар болатын. Алайда «Черный перedel» мүшелері «Народная волямен» бірігіп алған соң да өздерінің практикалық қызметінде насихат жұмысын негізінен жұмысшылар арасында жүргізе берді (95.157).

«Черный перedelдің» Петербург ұйымы Гельсингфорстағы құпия революциялық үйірмемен тығыз байланыс жасап тұрды. Ол Петербургтағы «Черный перedel» мүшелеріне жасырын әдебиеттерді қайта басып шығаруға қатты көмектесті. Үйірмемен байланыс жұмысын Кланг, Марковский және А. Блек жүзеге асырды.

А.Блек 1882 жылдың жазында гектограф алу үшін Гельсингфорсқа әдейі барды. Гельсингфорс үйірмесінің көмегі нәтижесінде ол екі гектограф тапты. Бірақ оны Петербургқа жеткізудің мүмкіндігі болмады: фин жандармдары үйірмені біліп қойып, ізіне түсті де, оны талқандады. А.Блек 1882 жылдың сентябрінде қамауға алынып, Петербург жандармерия басқармасының қарамағына күзетпен жіберілді (88).

Сөйтіп табылған документтер мен атқарған қызметіне қарағанда А. Блек «Народная воля» басшыларымен тығыз байланыс жасаған және Гельсингфорсқа жергілікті ұйымдармен байланыс орнату үшін, насихаттық қызметтің өрісін кеңейту үшін жіберілген. Петербург полициясы Александр Блек «Народная воляның» басылымдарын таратып жүр деп бұрын да күдіктенгені тергеу материалдарынан айқын байқалады.

1882 жылдың басында А.Блектің үйіне жасалған тінту кезінде одан «Народная воляның» программасы, жұмысшы кассасының уставы мен программасы, «Орыс жұмысшыларының Батыс одағының программасы» табылған. Оның соңғысын А. Блек өзі Гельсингфорстан тапқан гектографтан әкелген түп нұсқа бойынша гектографқа басып қойған болып шықты.

А.Блекке Гельсингфорстағы революциялық үйірмелермен байланыс



жасағаны, революциялық басылымдарды, ең алдымен жұмысшылар арасында таратқаны, үкіметке қарсы бағыттағы прокламацияларды басып тарату үшін гектограф тапқаны және жасырын баспахана үшін әріптер табуға әрекеттенгені үшін кінә тағылды (88).

А.Блектің ісі әкімшілік жолмен шешілді, 1883 жылдың майынан есептелініп полицияның ашық бақылауына алынып, 5 жылға Батыс Сібірге жер аударылды. 1887 жылы А.Блек Семейге ауыстырылып, статистика комитетінде жұмыс істейді.

С.Гросс пен А. Блектің Ульбаға келген кезінде олармен Джордж Кеннан танысқан еді, кейіннен ол былай деп жазды: «Гросс мырза 30-дар шамасында, қоңыр шашы бар, сакалы, қалың мұрты бар еді, көзі көгілдір, бет сипаты әдемі келген жігіт болатын. Ол өте тез сөйлейтін, даусы сондай мәнерлі, сөз арасында бір нәрсеге қызыққанда, не абыржыған сәтте көзін қатты ашатын әдегі бар еді. Екі жас жігіттің екеуінің де ғылыми атағы бар, французша да, немісше де сөйлей білетін, ал Блек мырза болса ағылшынша оқитын, екеуі де экономикаға қызығатын, оның қай-қайсысын да профессор екен деп батыл ойлауға болатын» (94.100).

Д. Кеннан С.Гросс пен А. Блек сияқты Семейге жер аударылған басқа да адамдар туралы айта келіп былай дейді: «... Барлық жер аударылғандардың жағдайлары қандай нашар болса да мен олардан жазу столын, кітаптар мен газеттер таптым, мысалы *Revue des deux Mondes* және «Русский вестник» бар екен. Блек мырзаның үйінде шағын ғана ұқыпты жиналған кітапханасы болды, онда орыс кітаптарынан басқа Лонгфеллоның өлеңдері, Мэннің «Ежелгі право» және «Село қауымы», Миланның «Саяси экономикасы», Локктың «Раціонализм тарихы», Спенсердің «Тәжірибесі», «Социология принциптері», Тэннің «Ағылшын әдебиетінің тарихы», Лабулэнің «Біріккен Штаттар тарихы», басқа да көптеген заң және саяси экономия жөніндегі французша және немісше жазылған шығармалар бар. Осынша кітаптарды оқып, оларды өзімен бірге Сібірге әкеліп жүрген адамдар ешқашан жабайы фанатик болмақ емес, «надан етікші және қолөнерші» болмақ емес, олай деп ойлаудың өзі артық, қайта маған бір орыс офицерінің суреттегеніндей – олар өте ұстамды, білімді, ойшыл адамдар. Егер ондай адамдар монғол шекарасындағы қараңғы қапас Сібір деревнясына жіберілсе, онда олар, мемлекеттік қызметті атқара жүріп, өз Отанына пайда келтіреді, бұл, әрине, мемлекет үшін жаман» (94.102).

Д. Кеннан әсіресе Александр Блекті ерекше бөліп атап, оның өзін бірден баурап алып кеткені туралы жазған болатын. «Ол 26–28 жастағы жігіт болатын, орта бойлы және дене құрылысы ықшам, қалың шашты, көзі қара, сақалсыз, бет құрылысы ойлы адамның бейнесін аңғартады, бойында адамгершілігі басым және қуат-күші мол» (94.100).

«Өскеменге жер аударылушының әсіресе саяси экономия және заң жөніндегі жан-жақты терең білімін және оның биік ой- парасатын» Д.Кеннан А.Блектің кітапханасынан байқады, жинақталған кітаптардың өзі-ақ жоғарыда атап өткеніміздей, оның иесін қандай мәселелер қызықтыратынын аңғартады.

Архив мәліметтері және әдеби деректер бойынша, Абай Құнанбаев Семейге жер аударылып келген – А.Леонтьевпен де, П.Лобановскиймен де, Н. Коншинмен де жақсы таныс болатын.

Александр Александрович Леонтьев 1858 жылы Петербургте туған, сол жерден Пажеский корпусы бітіреді. 1884 жылы гвардия запасының поручигі болған А.А.Леонтьев «Петропавл қамалында қамауда жатқан адамдармен байланыс жасағаны үшін» айыпталып, үш жылға Батыс Сібірге жер аударылған болатын. Сол жылы А.Леонтьев Семейге ауысады, мұнда оған Омбыға екі жылға саяси жер аударылған қалыңдығы Е.Л.Михайлова келіп тұрады.

А. Блек, А.Леонтьев және С.Гросс өздерінің Семейдегі статистика комитетіндегі жұмыстарынан басқа қоғамдық кітапханаға және жергілікті музей ашуға көп күш жұмсайды. Мұның өзі кезінде үлкені жан-жақты зерттеу жөніндегі өздерінің қызметінде маңызды роль атқарды. Бұдан басқа Семей уезінің судьясы Маковецкий оларды керемет заңбілімін білетін адам ретінде, қазақтың күнделікті заңын зерттеу ісіне тартты. Осы жұмыстың жемісі ретінде 1886 жылы «Қырғыздардың заң жөніндегі әдет-ғұрыптарын үйренуге арналған материалдар» деген басылым шықты, онда осы күнге дейін Октябрь революциясына дейінгі қазақтың заң дәстүрі жөнінде бағалы қазына болып табылатын нақты материал жинақталып, қорытылған (88).

1884 жылы июньде С.Гросс Семей уезіндегі Шыңғыс болысына баруға бір айлық рұқсат алды.

Гросс Абайда болды және жоғарыда аталған жұмысқа материал жинау үшін Абайдан консультация алды деп үлкен сенім білдіруге болады.

Д.Кеннан А.Леонтьевтің қазақтардың антропологиясымен және этнографиясымен айналысып жүргеніне баса назар аударды.

Д. Кеннанның кітабындағы Абайдың не оқып, не қойып жүргенін және оның саяси жер аударылғандармен танысуы жөнінде мағлұмат беретін мына бір жазулар өте қызық және көп жайларды аңғартады. А. Леонтьев Семейдегі саяси жер аударылғандармен танысқысы келген Д.Кеннанның құрметіне арнап, өз үйіне кешкі ас ұйымдастырады. Оған қаладағы саяси жер аударылғандардың бір тобы шақырылады. Қызу пікір алысу үстінде және Кеннанның сұрағына жауап бере отырып, А.Леонтьев Семейдің кітапханасы туралы, оның тек қана саяси жер аударылғандар үшін ғана емес, сонымен бірге жергілікті тұрғындар



үшін де керемет маңызының бар екендігі жайлы айтып береді. «Тіпті қырғыздардың өзі, – деді ол, – қатты пайдаланады. Мен осында Бокль мен Милльді және Дрепэрді оқыған бір оқымысты қырғызды білемін.

Семейде Милль мен Дрепэрді оқыған қарт қырғыз бар! – деді жас студент.

Иә, иә, – деп жауап берді Леонтьев, – мен оны бірінші рет көрдім. Ол менен индукция мен дедукция арасындағы айырмашылықты айтып түсіндіріп беруді өтініп, керемет таң қалдырды. Мен оны ағылшын философтарын зерттеп, орысша аудармасы арқылы мен атаған барлық авторларды оқып шыққанын кейіннен білдім.

Әйтсе де сол оқығандарынан бір нәрсені түсінді деп сенесіз бе? – деп сұрады студент.

– Мен одан Дрепэрдің «Европа ақыл-ойының дамуы» деген кітабы бойынша екі кеш бойы сынақ алдым, – деп қарсы дау айтты Леонтьев. – Ол мұны өте жақсы түсінеді, мен бұған сізді сендіре аламын» (94.84-85).

Абайдың өзіне қарап отырып салынған бірден-бір жалғыз портреттің, авторы саяси жер аударылушы Павел Лобановский екені белгілі.

Павел Дмитриевич Лобановский 1884 жылдын, март айында саяси сенімсіздігі – «Народная воляның» прокламацияларын және басқа басылымдарын таратқаны үшін ешқандай сотсыз-ақ Дондағы Ростовтан далалық генерал-губернатордың қарамағына үш жыл мерзімге полицияның ашық бақылауына алынып, жер аударылып келген болатын. Алғашында П.Лобановский Өскеменге орналасып, кейіннен 1884 жылдың август айында Семейге ауысты.

Джордж Кеннан П.Лобановскийге екі рет арнайы келіп, онымен «Народная воляның» күресінің әдістері мен мақсаттары жөнінде әңгімелесті. П.Лобановский саяси күрестің әдісі ретіндегі жекелеген террорға өзінің мүлдем қарсы екенін қоса айтқан болатын.

Лобановскийдің Кеннанмен бұл әңгімесінің, оның алдында өзінің көзқарасын жасырмауының маңызы өте зор. Өйткені көптеген саяси жер аударылғандар революциялық күрестен қол үзіп, өмір сүруі үшін өздерінің қарақан басының қамын ойлап кетеді деп дәлелденгеніндей емес, ол өз көзқарасына адалдығын сақтап қалғанын көрсетеді. Кеннан Лобановский, Леонтьев, Гросс туралы олар өздері таңдаған жол мен мақсаттан аумайтын, өз міндеті мен абыройын жете түсінетін адамдар деген берік ойда қалды.

М.О.Әуезовті «Народная воляның» мүшесі Н.Я.Коншиннің тұлғасы да қатты қызықтырды. Өйткені Абай онымен де өте жақын болған, Семейдегі облыстық статистика басқармасында бірге жолығып жүрген.

Николай Яковлевич Коншин 1862 жылы Тверь қаласында туды, шыққан тегі дворянин, ешқандай байлығы болған жоқ. Н.Я.Коншин

Москва университеті студенттері кетерілісіне катысқан 1884 жылдың өзінде-ақ «саяси жагынан сенімсіздігімен» күдік туғызған еді. Ол Ішкі істер министрлігінің бұйрығы бойынша университеттен шығарылып, Москвадан куылды, оған жасырын түрде полиция бақылауы қойылды (88).

Н.Я.Коншин 1886 жылы Ярославльдағы Демидов лицейінің студенті кезінде, лицейдегі студенттер құрған революциялық үйірмеге катысқаны үшін қамауға алынды. Бұл үйірме Ярославльдағы біраз жастарды біріктірді, Москвадағы «Народная воля» ұйымымен тығыз байланыста болды (88). Н.Я.Коншинді және үйірменің басқа да катысушыларын тінтіген кезде «Народная воляның» неше түрлі басылымдары табылды.

Тергеу материалдары мынаны көрсетеді: үйірме мүшелері К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Коммунистік партияның манифесі», Плехановтың «Еңбекті азат ету» социал-демократиялық тобының программасы, «Социализм және саяси күрес» сияқты басқа да революциялық еңбектерді оқып үйренген (88).

Демидов лицейінің революциялық үйірме жөніндегі ісіне байланысты 27 адам сотқа тартылған, оның ішінде Н.Я.Коншиннің фамилиясы ең алдымен аталған.

Народоволец Н.Я.Коншин Семейге 1890 жылдың ноябрінде келген, одан бұрын Зайсан постысында өзінің жер аударылған мерзімін өтеген Семейде де оған полицияның ашық бақылауы орнатылды, мұнда Н.Я.Коншин облыстық басқарма жанындағы аралас бөлімшенің секретары міндетін атқарды.

Н.Я.Коншин жер аударылу мерзімі біткеннен кейін Батыс Сібірде біржола қалып қойды. Көп жылдар бойы ол облыстық статистика комитетінің және орыс география қоғамы Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі қосымша бөлімшесінің басшысы болып істеді. Ол қазақтардың этнографиясы, тарихы, экономикасы жөнінде көптеген еңбектер жазды. Ол Қазақстан тарихнамасында осы кезге дейін өзінің маңызын жойған жоқ<sup>8\*</sup>.

Американ журналисі Д.Кеннан Семей сияқты провинциалдық шет аймақтан өлкелік музейді және оқу залы бар, барлық орыс газет-журналдарын жаздырып алатын, тамаша жинақталған мың томға жуық кітап қоры бар қоғамдық кітапхананы көргенде қатты таңырқады. «Мен Спенсердің, Бокльдің, Льюистің, Милльдің, Тэннің,

<sup>8\*</sup> Н. К о н ш и н. Семей облысының қысқаша тарихи очеркі, «Семейдегі қырғыздардың экономикалық тұрмысы жөніндегі очеркі» 1901 жылға арналған Семей облысында еске сақтау кітапшасы. 5-шығарылуы. Соныкі. «Семей облысы қырғыздарының отырықшылық жағдайға ауысуы мәселесіне арналған, 1898 жылға арналған Семей облысында еске сақтау кітапшасы», 1880–1894 және басқа жылдарға арналған Ақмола облысындағы сауда және өнеркәсіп жөніндегі қысқаша статистикалық очерк, т. б.



Леббоктың, Гекслидің, Дарвиннің, Лайельдің, Тиндальдің, Альфред Руссель Уэллестің, Мэкензи Уэллестің және сэр Генри Мэннің шығармаларын, Скоттың, Диккенстің Мариэттің, Жорж Элиоттың, Жорж Мак-Дональдтің, Антоний Троллоптың, Жюстина Ме-Carthusдің, Эркман-Шатрианның, Эдгар Поның және Брет Гарттың романдары мен повестерін көріп қатты таң қалдым. Әсіресе ғылыми шығармалар, оның көбісі саяси экономия жөніндегі шығармалар екен. Кітапты бұлай жинау, оны ұқыптап тауып пайдаланатын адамдардың талғамының соншалықты жақсы екенін дәлелдейді және интеллигенттік абыройын жоғары көтереді. Осындай кітаптардың арқасында Семей туралы бұрын көріп, естігеннен бетер өте жақсы пікірде қалдым (94.68-69).

Сөйтіп Абай тұрақты кітап алып тұрған Семейдегі кітапханада қаладағы саяси жер аударылғандардың ықпалы нәтижесінде сол кездегі тарих, философия жөніндегі озық еңбектер, орыс және батыс еуропа әдебиеттері, мерзімдік баспасөздер болды.

Былай деп батыл айтуға болады: саяси жер аударылғандардың мәдени және саяси қызметі Семейде Батыс Сибирьдің елсіз-жерсіз қалаларында болмаған жағдайларды туғызды, олардан біржола ерекшелендірді. 1878 жылы статистика комитетінің құрылуы қаланың мәдени өмірінде зор маңыз атқарды. Оның ең басты мақсаты Семей облысы бойынша статистикалық мәліметтерді өңдеп, қорыту болды. Статистика комитеті саяси жер аударылғандардың күшімен өлкелік жұмыстарды да басқарды. Ол өлкенің мәдени өмірін, географиясын, тарихы мен экономикасын, этнографиясын зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Жер аударылғандарға орнатылатын полициялық бақылау тәртібі олардың өз мамандығы бойынша жұмыс істеуіне тыйым салатын. Алайда Семей облысының генерал-губернаторы Цеклинский ережеден тыс кейбір жағдайларға жол беріп, бірсыпыра жер аударылғандардың статистика комитетінде жұмыс істеуіне, сөйтіп облыстық басқарма бойынша хат тіркеу, оны есепке алу ісімен айналысуына рұқсат берді. Губернатордың әрине бұл жағдайға баруы, оның жер аударылғандарға жаны ашығандықтан емес, қайта статистика комитетінде олардың квалификациялық еңбегінің өте-мөте қажет болғандығынан деп түсіну керек.

Өз білімдерін практикалық жүзеге асыруды сарыла күтіп жүрген, жоғарыда аттары аталған Семейдің саяси жер аударылушылары және өз заманының өте білімді адамдары үшін бұл қоғамдық пайдалы еңбек, тарихты, қазақ халқының мәдениетін, өлкенің табиғи байлықтарын үйренуге деген ықылас өте заңды құбылыс еді.

Әсіресе жоғарыда атап өткеніміздей, Семейде Евгений Петрович Михаэлис айтарлықтай зерттеу және ағартушылық жұмыстар жүргізді.

Жергілікті жерде патша өкіметінің барлық жағынан кесір жасап, кедергі қоюына қарамастан, бұл жұмыс одан өте шыдамды болуды, көптеген күш-жігер жұмсауды, көздеген мақсатқа жетпей тынбауды талап етті. Ол статистика комитетінің бірінші секретары болып, жинақтау және зерттеу жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, істі білгірлікпен жүргізді. Тап сол Михаэлистің тұсында комитет Семейдегі ең бірінші нағыз ғылыми мекемеге айналды.

Михаэлистің жиналған экспонаттары негізінде 1883 жылы комитет жанынан музей ашылды. Ол алғашында археологиялық және зоологиялық коллекциялардан тұрды. Бірте-бірте ол облыстан жиналған пайдалы ғылыми материалмен толықтырылды. Олардың арасында қазақтардың этнографиясына қатысты экспонаттар үлкен орын алды. Әдебиет зерттеуші Қ.Мұхамедхановтың анықтағанындай, бірсыпыра қазақ колөнері бұйымдарының үлгісін музейге Н.Долгополов арқылы Абай Құнанбаев бергені музей коллекцияларының тізіміне тиісті документтерден айқын көрінеді.

1886 жылы Е.П.Михаэлистің ұсынуы бойынша Абай Құнанбаев Семей облыстық статистика комитетінің мүшесі болады.

1902 жылы апрель айында статистика комитетінің негізінде әлдеқашан өлкелік ғылыми мекеме болып қалыптасқан орыс география қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің Семей қосымша бөлімшесі құрылды. Оның «Семей облысының еске сақтау кітапшасы» атты мерзімді басылымы шығып тұрды. Осы уақыттан бастап орыс география қоғамының Семей қосымша бөлімшесінің ғылымн зерттеу жұмыстарының көлемі айтарлықтай арта түсті. Қоғам тарихы, этнографиялық, археологиялық және географиялық экспедиция ұйымдастырып, бұрын белгілі емес көптеген қызықты материалдар жинады. Мұның бәрі де үлкені зерттеушілердің кәдесіне асты. Қоғам жұмысына Г.Н.Потанин, В.А.Обручев, П.П.Семенов-Тянь-Шанский тағы басқалар белсене қатысты. А.П.Қарпинский, С.Ф.Ольденбург, Ю.М.Шокальский, жергілікті оқымыстылардан Е.П.Михаэлис, Н.Я.Коншин, Б. Г.Герасимов және Абай Құнанбаев қоғамның құрметті мүшесі және оның академигі болды (96.78)

Сөйтіп, Семейге саяси жер аударылғандардың көпшілігі европалық Россияның революциялық қозғалысынан қол үзіп қалғандықтан, практикалық революциялық қызметтер бірте-бірте алыстай берді. Ал олардың бір бөлегі жергілікті тұрғындар арасында ағартушылық қызметін атқаруға белсене қатысты. Бұл сөз жоқ, Россияның ең артта қалған отарлық шет аймақтарында маңызды роль атқарды. «Абай жолы» эпопеясында өкімет тарапынан қуғын-сүргінге ұшыраған Абайдың достарына және оның өзіне жанашырлықтай қарайтын орыс адвокаты Андреевтің образы да берілген.





Осы либералды орыс чиновнигінің прототипі шынында да бірсыпыра жылдар бойы Статистика комитетін басқарған және қазақтардың заң жөніндегі әдет-ғұрыптарын зерттеген Семей уезінің судьясы Маковецкий болуы әбден ықтимал.

Романда Андреев қазақтардын тұрмысы мен әдет-ғұрыптары туралы материал жинаумен шындап айналысушы, сонымен бірге ағартушылық қызметті өте-мөте жақтаушы адам ретінде көрсетілген. Ол Абайдың білімге деген құштарлығын байқап, оған білімін өз бетінше көтере берудің жолын көрсетіп береді. Ол Абайға мектепке бармай-ақ оқудың жолын түсіндіреді. Андреев оған мұғалім тауып беремін деп сөз береді. Абай кітапқа құныға отырып, жұмыс істеуге бел байлауы тиіс. Егер ол бұрған дайын болса, ғылымның есігі оның алдынан өзі ашылады.

Бұл, әрине, автордың ойлап тапқан деталі болуы тиіс. Әйтсе де Абай мен Михаэлистің Семейдің қоғамдық кітапханасында кездескен кезінде ақынның әдебиетті орыс тілінде еркін оқи алатынын ескеретін болсақ, бұл өте заңды және дұрыс деталь.

Жазушы Абайдың өздігінен оқып, білім көтеруінің негізі қалай қалыптаса бастағанын осы детальдар арқылы көрсетеді. Ойдан шығарылған бұл детальдар қазақтың ағартушы ақыны Абайдың өмірбаянын толықтыра түседі, оның жеке басының жүйелі түрде даму барысын суреттейді.

М.О.Әуезовтің архивінде, бұрын атап өткеніміздей, әр түрлі архивтерден және әдеби шығармалардан жазылып алынған қыруар көшірме сақтаулы. Онда Абайдың Семейге саяси жер аударылған орыс достары жайлы көптеген деректер бар. Осы материалды қарастырсақ, идеялық жағынан алғанда эпопеядағы аса маңызды тұлға болып табылатын Михайловты М.О.Әуезов оның өмірлік прототипі тұрғысынан көрсетуді ғана мақсат тұтпағанын, қайта 60–80 жылдардағы орыс революционер-демократтары өкілдерінің жан-жақты сипаттай көрсететін типтік жинақы образ жасауды көздегенін айқын аңғарамыз.

Эпопеяда Михайлов образы 60-жылдардағы азаттық қозғалысы қайраткерлерінің және «Народная воля» халықшылдары қозғалысына байланысты саяси жер аударылғандардың айрықша белгілерін сөзсіз жан-жақты қамтыған жинақы образ. Эпопеяда Михайлов өздерінің алға қойған мақсат-мұратымен және күрес жолымен Абайды зор ықыласпен таныстыруы тектен-тек нәрсе емес. Ол Абайға Қарақозов жайлы, Ишутиннің үйірмесі туралы, тіпті патшаның өлімі жөнінде әңгіме айтып береді.

Романдағы саяси жер аударылған басқа бір адам Павлов образының басты прототипі жоғарыда аталып өткен Н.Долгополов болып

табылады. Оның бұдан арғы өмір жолы негізінде автордың Россиядағы алғашқы марксистік үйірмелерге қатысушылардың бірінің образын ойдан шығаруына мүмкіндік берді.

Семейде Абай Құнанбаев байланыс жасаған көптеген саяси жер аударылғандар Россиядағы революциялық күрестен қол үзіп қалып, ендігі жерде тек мәдени-ағарту жұмыстарымен, әсіресе өлке тану саласындағы жұмыстармен Е.Михаэлис, Н.Қоншин және басқалары айналысып қана қалса, Н.Долгополовтың олардан бір ерекшелігі ол жер аударылудан қайта оралысымен саяси күреске тағы да белсене араласып кетті.

Н.Долгополов 1887 жылы Харьков университеті медициналық факультетінің соңғы курсына түсті және оны үздік бітіріп шықты. Диплом алғаннан кейін ол біраз уақыт Екатеринослав губерниясына қарасты қант заводында дәрігер болып жұмыс істеді. 1893 – 1895 жылдары Н.Долгополов Курскіде земство ауруханасында хирург болды. 1896 жылы ол семьясымен Тула қаласына аз уақытқа көшіп барады. Сол жерде оның Л.Н.Толстоймен таныстығы басталады, Ясная Полянаға барады. 1898 жылы Н.Долгополов Нижний Новгородқа көшіп келіп, көп ұзамай, Кунавин деп аталатын жұмысшы ауданындағы Бабушкин ауруханасында бас дәрігер болады. Осында А.М.Горькиймен етене танысып кетеді. Нижнийде 1898 жылдар шамасында және одан беріректерде Горький Кунавин ауруханасының дәрігері Нифонт Иванович Долгополовпен достасып кетті. Жыл сайын ақынды еске алу ретінде Т.Г.Шевченконың туған күніне арнап Н.И.Долгополов өзінде жиналыс өткізетін. Горький оған ұдайы қатысып отыратын» (97.30). Нижнийден өтіп бара жатқан кезінде В.Г.Короленко, А.П.Чехов, С.Г.Скиталец, Н.А.Семашко және басқалар Н.Долгополовта қонақта болған. Н.Долгополов Нижний Новгород қаласында Горькиймен бірге жұмысшылар арасында үгіт жұмысын жүргізді. Полицияның сол кездегі бір мәлімдеме қағазында былай деп тура айтылған: «Горький жұмысшыларды ақшамен және кітаптармен қамтамасыз ете отырып, жұмысты жасырын жүргізеді. Ал доктор Долгополов оның басты көмекшісі».

1905 жылы Нижний Новгородта болған бір революциялық ереуіл кезінде Н. Долгополов арнаулы санитарлық отряд ұйымдастырды, сөйтіп қазақтарға және полицияға қарсы болған қақтығысулар кезінде жарақаттанғандарды қорғады, оларды баррикададан тура ауруханаға алдырды. Жарақаттанғандарға қажетті медициналық көмек көрсетілгеннен кейін, олардың полиция бақылауына ілікпей неғұрлым тез кетуіне көмектесті.

Ереуіл жасаушыларға белсене көмек көрсеткені үшін Н.Долгополов 1906 жылдың январында қамауға алынып, Москваның



Бутырская түрмесіне жабылды. Оған қайтадан Сібірге жер аударылу қаупі төнді. Бірақ бұл жолы іс оның Астраханьға жер аударылуымен тынды.

Астраханьда Н.Долгополовқа ауруханада жұмыс істеуге тағы да рұқсат етілмеді. Соған қарамастан Н. Долгополов өзіне келген көптеген кедейлерге тегін жәрдем көрсетіп отырды. Оның Астраханьдағы үйі қаладағы саяси жер аударылушылардың жиналып, ақылдасатын орталығына айналды.

Н.Долгополов 1907 жылы II Мемлекеттік думаға эсерлер партиясынан депутат болып сайланды. Думаның бір мәжілісінде ол өте батыл сөз сөйлеп, саяси көзқарасы үшін өлім жазасына кесуді доғару қажеттігі туралы айтты.

Н.Долгополов медицина саласында оннан аса ғылыми еңбек жазды. Оның бұл еңбектерде алға қойған мәселелері медицина проблемасының шеңберінен әлдеқайда асып кетіп отырды. Ол биік мінбелерден (мысалы Пирогов съезінде) завод-фабрика орындарында жұмысшыларға медициналық көмек көрсетуді жақсарту туралы барынша батыл түрде мәселе қойды. Октябрь революциясынан кейін Н.Долгополов бірінші сайланған Астрахань қалалық Совет атқару комитетінің құрамына сайланды, қалада ашылған медициналық институтқа лекция оқи бастады.

1921 жылдың аяғында Астраханьда сүзек ауруы эпидемиясы етек алды. Бұл кезде егде тартып қалған (65-те) доктор Н.Долгополов өзінің барлық күш-жігерін ауруларды емдеуге жұмсады. 1922 жылдың январында ол сүзекпен ауырып, дүние салды.

Астраханьда шығатын «Коммунист» газетінде 1922 жылғы 26 январьда берілген некрологта былай деп жазылды:

«Астрахань жұмысшыларынан Нифонт Ивановичті кім білмейді, алыс жерлерден келген ауруларға уақыттың күн-түніне қарамай қамқорлық жасайтын құрметті қарияны кім көрмеді.

Доктор Н.Долгополовтан көмек сұрай келген жұмысшылардың ешқайсысының беті қайтып көрген емес. Байырғы революционер, қоғам қайраткері Нифонт Иванович ғұмырының соңғы күніне дейін жастық жалынды жігері мен күшін сақтады» (98.137).

Н.Долгополовтың денесі салынған табыт Ф.Э.Дзержинскийдің рұқсаты бойынша Москваға жеткізіліп, Новодевичье қабырына қойылды. Нижний-Новгород қаласындағы аурухана және Астраханьдағы бір көше Н.Долгополовтың атымен аталды.

Абайдың досы, саяси жер аударылушы Федор Иванович Павлов романда ақылды, рухани жағынан күшті, көрнекті қайраткер ретінде көрсетіледі. М.О.Әуезов оның образының протипі етіп өмірде болған Абаймен достығы керемет жарасқан адамды саяси жер аударылған

Нифонт Иванович Долгополовты алған образда оның мінез-құлқына дейін сақталған.

Романда, жоғарыда атап өткеніміздей, Н.Долгополовтың өмірбаяндық негізгі фактілері: жұрттың көзінше салтанатты түрде III Александрдың антын қабылдаудан бас тартуы, содан барып оның жер аударылу мерзімінің ұзартылғаны; өзінің жеке өмірінің фактілерінің тура келуі; саяси жер аударылған Александра (Шейн) Шурға үйленуі, олардың үйленуіне өкімет тарапынан жасалған қастандық кесірлер, оларды семья деп есептемей қойғаны, екеуін екі жаққа жиі-жиі жіберу сияқты фактілер көрініс табады.

Павлов та Долгополов сияқты Абай аулында қонақ болған.

Павлов Абаймен болған ұзақ әңгімесінде Россиядағы саяси жағдай, жұмысшы қозғалысы жайлы сыр шертісті.

Затондағы жұмысшылар араласқан Мәкен ісі жөніндегі күрестен кейін Павлов мұның өзі қала жұмысшы табының бас көтеріп, әрекет жасауына себеп болғанын әңгіме етеді. Павловтың бұлай сөйлеуі де тектен-тек нәрсе емес.

Эпопеяда Павлов алпысыншы жылдардың халықшылдары мен «Народная воля» халықшыларын ауыстырған адам ретінде көрінеді. Ол туралы автор былай деп жазады: «Сол кездегі революцияшыл орыс жастарының осы бір өкілі маған 80-жылдардағы орыс марксистері тобына қатысушылардың бірі ретінде елестейді» (10.371).

Самодержавиенің құламай қоймайтыны, орыс халқының революциялық күресі жайында айта келіп, Павлов Абайға «Россиядағы ең күшті және ең батыл революциялық партия жұмысшылар арасына құпия түрде таратып жүрген, 1899 жылдың декабрінде шыққан құпия газет мақаласының үзіндісін» көрсетеді.

Павлов образы – жиынтық образ, оның нақты прототиптерінің бірі – Н.Долгополов 1886 жылы Семейден кетеді. Павлов Абаймен ғұмырының соңғы күндеріне дейін бірге болады. Ол жүріп жатқан орыс-жапон соғысының сипатын ашып береді. Россияның жеңілуі, барлық самодержавиенің әлсіреуі революциялық күштердің өсуіне ықпал жасайтынын, яғни бұл соғысқа В.И.Лениннің берген бағасын айтып түсіндіреді.

Романдағы Павлов образы Россиядағы революциялық қозғалыс тарихында 1861–1865 жылдардағы разночиндік буржуазиялық-демократиялық кезеңдегі азаттық күресінің пролетарлық күреске жалғасқанын көрсетеді.

Павловтың тарихи прототипі – жер аударылған Н.Долгополов – социал-демократ болған жоқ. Әйтсе де оның революциялық күреске белсене қатысуы, жұмысшы қозғалысымен тығыз байланыс жасауы, өмірінің соңғы күніне дейін халқына адал қызмет етуі М.О.Әуезовтің



романда барлық қызметі Россияда марксизмнің таратылуымен, «Жұмысшы табын азат етудің Петербурттағы күрес одағының» пайда болуымен байланысты жер аударылған революционердің образын жасауға толық негіз берді.

Сонымен бірге автордың романға социал-демократ Павловтың образын ендіруі тарихи өмір шындығымен ұштасып жатыр: тоқсаныншы жылдары Россиядағы алғашқы марксистік үйірмелер талқандалып орыс марксистерінің үлкен бір тобы Сібірге, Қазақстанға жер аударылған болатын.

Сөйтіп, жоғарыда аталған саяси жер аударылғандар Абаймен тығыз байланыс жасап тұрғанын, Россиядағы революциялық қозғалысқа белсене араласқанын және белгілі жағдайда өз заманының озық идеяларын таратушылар болғанын көреміз.

М.О.Әуезов саяси жер аударылғандармен жасаған байланысын негізге ала отырып, ақынның сол замандағы озық ойлы адамдармен жақын араласқанын, мұның өзі оның орыстың революционер-демократ ағартушыларының идеясын терең түсінуіне қалай ықпал жасағанын, дүниеге көзқарасының қалай қалыптасып, творчестволық өсуіне қалай әсер еткенін романда жақсы көрсетеді.

Өз заманының жоғары білімді, озық ойлы адамдарының езілген халықты азат ету жолында патшалық самодержавияға қарсы белсенді күрескерлер болған, саяси жер аударылған адамдардың патша өкіметінің тепкісіндегі қазақ халқына оның алдыңғы қатарлы ұлдары арқылы орыс халқы туралы бар шындықты айтуы, демократиялық орыс әдебиетінің және Россиядағы революциялық-демократиялық қозғалыстың азаттық идеясын насихаттауы әбден заңды еді.

Абай Құнанбаевтың саяси жер аударылушылар арасындағы қарым-қатынасты зерттеу барысында олардың ақынның рухани тілегіне аса пайымды түрде ықылас қойып, оған тиісті кітаптар іріктеп, тауып беріп, оның білгісі келетін көптеген сұрақтарына жауап беріп отырғанын көреміз. Жер аударылғандардың көмегі нәтижесінде Абай өз заманындағы ортағасырлық артта қалушылықты басып озып, дүние жүзілік рухани мәдениеттің асқар биігіне қол жеткізді, басқа Россияны – Белинскийдің, Пушкиннің, Герцен мен Чернышевскийдің Россиясын, бостандық сүйгіш орыс халқының Россиясын танып білді.

Сөйтіп, ақынның жер аударылған орыс достары революциялық демократиялық күресте (жалпы Россиялық көлемде) ірі тұлға болмаса да сол кездегі ең озық дүние жүзілік қоғамдық ойлар мен әдебиеттерді таратушылар ретінде Абай Құнанбаевқа өте маңызды ықпал жасады. Олармен жақындасу Абайдың орыс мәдениетімен танысуын тездеткені және Пушкиннің, Лермонтовтың, Толстойдың, Салтыков-Щедриннің,

Некрасовтың, Белинскийдің, Чернышевскийдің және басқалардың туындыларын оқып-зерттеуге дұрыс бағыт-бағдар бергені сөзсіз.

Абай Белинский мен Чернышевскийдің ақынның ақындық міндеті – халықтың тілегін, терең ойын, арманын дөп басу деген эстетикалық өсиетін терең қабылдады. «Абайдың рухани бейнесінің қалыптасуын зерттей отырып, жазушы жоғары дәрежеде көркемдік ойлауды тарихи шындыққа әкелді. Бұл социалистік реализм әдісіне берілудің маңызды шарты... уақыттың рухына ере отырып, Абай халыққа бостандық әперудің және оған қатысудың жолын іздейді, ол өзінің бұл ойына орыстың алдыңғы қатарлы озық ойларынан тірек табады (99.373) (курсив біздікі Л. Ә.) Міне, Абайдың жеке басының қалыптасуын шынайы көркемдік тәсілмен суреттеу барысында М. Әуезовтің тап осылай халық бостандығы жолында өзіндік ізденіс жасауы Абайдың орыстың жер аударылушылармен достығы кездейсоқ нәрсе емес екенін, қайта Абай үшін заңды болғанын дәлелдей түседі. «Абай өмірінің өте ауыр және қайғылы күндерінде жанын жеген күдікті ойларды шешу үшін оған орыс интеллигенциясының ақылды және алғыр өкілдері келді. Олар өршіл ақынның жүзінен адамға деген мейірімділік, жақындық тапты (100).

М.О.Әуезов «Абай жолы» романы туралы сөйлеген сөзінде былай деп атап өтті. Абайдың жеке басын қалыптастыруда шешуші роль атқарған екі фактор болды: халықтың ауыр жағдайы туралы ойлар, өз табының көзқарасынан халықтың мүддесін қорғауға ашық ауысуы және осыдан бастап органикалық түрде орыстың демократиялық мәдениетін терең қабылдау. «Осыған барлық кітап (екінші – Л. Ә.) бағытталған. Біріншіде ұсақтағым келмеді» (31).

Орыс әдебиетін оқып үйрену қазақ әдебиеті классигінің Абайдың көп жағдайда ақындық творчествосының дамуын және дүниеге көзқарасының қалыптасуын анықтағаны романда жақсы көрсетілген.

Тұтас алғанда Абай қоғамды қайта құру туралы революциялық ілімді меңгере алмаса да орыс жер аударушыларынан халықтың жарқын болашағы туралы сенімді жақсы қабылдады. Сол бір қатал заманда осы сенім Абайдың өз халқын орыс халқымен жақындасуға оның демократиялық мәдениетінен үйренуге шақырып, дұрыс бағыт беруіне зор ықпал етті.



## ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. В.Г.Белинский. Полное собрание сочинений, М., 1954.
2. Ст. Злобин. О моей работе над историческим романом. В сб. «Советская литература и вопросы мастерства». М., 1957, вып. 1.
3. В.И.Ленин. Шығармалар 35 том.
4. См. например, статью академика АН КазССР А.Н. Нусупбекова «М.О.Ауэзов в советской историографии». «Известия» АН КазССР серия общественная», 1968, №3.
5. А.Чичерин. Возникновение романа-эпопеи. М., 1958.
6. Ч.Айтматов. Предисловие к публикации «Лихой годины» М.Ауэзова. «Новый мир», 1972, №6.
7. К.Сагпаев. Выдающееся произведение казахской советской литературы. В сб. М.О.Ауэзов. Сборник статей к его шестидесятилетию. Алма-Ата, 1959.
8. Л.Черепнин. Исторические взгляды русских классиков. М., 1968.
9. В.Г. Белинский. Соч.т. 1 Спб., 1907.
10. М.О.Ауэзов. Как я работал над романами «Абай» и «Путь Абая». В кн. М.О.Ауэзов. Абай Кунанбаев. Статьи и исследования. Алма-Ата, 1967.
11. С.Голубов. «Правда и вымысел в советском историческом романе». «Вопросы литературы», 1958, №1.
12. М.Горький. Собрание соч. в 30 т. М., 1953. т. 25.
13. Г.Ленюль. Писатель и его работа. М., 1966.
14. С.Петров. Советский исторический роман. М., 1960.
15. Б.Вальбе. «Жизнь Клима Самгина», «в свете истории русской общественной мысли». М. – Л., 1966.
16. Мұхтар Әуезовтің әдеби музейі. Архив №325-папка.
17. М.Әуезов. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1961.
18. А.Н.Толстой. «Петр I» (Комментарии). М., 1947.
19. А.Н.Толстой. О литературе, М., 1956.
20. Г.Ленюль. История и литература. М., 1960.
21. Л.Ауэзова. «Исторические основы эпопеи «Путь Абая». Алма-Ата, 1969 г.
22. М.Әуезов. «Абай жолы»: I-кітап. М., 1961 жыл.
23. М.Әуезов. «Абай жолы»: II-кітап.
24. М.П. Вяткин. Батыр Сырым. М.–Л., 1947.
25. Е.Б.Бекмаханов. Присоединение Казахстана к России. М., 1957.
26. Т.М.Культелеев. Уголовное обычное право казахов. Алма-Ата, 1955.
27. Т.М.Культелеев. Вопросы казахского обычного права в романе Мухтара Ауэзова «Абай». Вестник АН КазССР, 1950, №9.

28. КазССР, ф. 15, оп. 1. д. 103, лл. 22–23.
29. ГАОО, ф. 3. д. 3649, л. 333.
30. С.Е.Толыбеков. Общественно-экономический строй казахов ХУІІІ – ХІХ вв. Алма-Ата, 1959.
31. Архив ЛММА, папка №29, Л., 211.
32. Г.Успенский. Цитир. По книге. Е. Добин. Жизненный материал и художественный сюжет. Л., 1958.
33. Н.Луговцев. Творчество О.Форш. Л., 1964.
34. З.Кедрина. Мухтар Омарханович Ауэзов. В кн: Мухтар Ауэзов. Путь Абая. Роман-эпопея в двух томах, т.І. М., 1965.
35. Янушкевич. Дневники и письма. Из путешествия по казахским степям. Алма-Ата, 1966.
36. Цитир. По кн: В.Шербина, А.Н.Толстой. Творческий путь М., 1956.
37. А.Зегерс. Заметки о Достоевском. «Вопросы литературы», 1963, №4.
38. М.Қаратаев. Предисловие. В. кн.: М.Ауэзов «Путь Абая», том І, Алма-Ата, 1960.
39. К. Маркс и Ф.Энгельс. Соч., т.ІУ, М., 1955.
40. В.Остафьев. «Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве. Записки Западно-сибирского отдела РГО». Кн. ХУІІІ, 1895, вып. 2.
41. «История Казахской ССР», т.І. Алма-Ата, 1957.
42. ЦГА КазССР, ф. 15, оп. І, д. 471. лл. 7-70.
43. Е.Бекмаханов. К вопросу о социальном строе казахов во второй половине ХІХ в. «Вестник АН. КазССР». 1950, №2.
44. С.Злобин. Задачи романа. «Вопросы лит-ры» 1965, №9.
45. Е.Книпович. Пут художника. М., 1968, №4.
46. Д.Благой. Из наблюдений над романом А.Толстого «Петр І» В, кн.: Д.Благой Литература и действительность, М., 1959.
47. Н.Максимов. Народный суд у киргизов. «Журнал юридического общества», Кн. VIII, 1897.
48. Б. Сулейменов. Аграрный вопрос в Казахстане в последней трети ХІХ – начале ХХ века, Алма-Ата, 1963.
49. М. А у э з о в. Моя работа над романами об Абае. «Вопросы литературы», 1959, № 6.
50. Указанные материалы по киргизскому землепользованию Т. Х.
51. «Обзор Семипалатинской области за 1889 год».
52. В.А.Тресвяцкий. «Материалды по земельному вопросу в Азиатской России». Выпуск І. Степной край. Пг. 1970.
53. А.Алекторов. Экономическое положение оседлого и кочевого населения Семипалатинской области. «Оренбургский листок», 1899, №26.





54. «Россия». Полное географ. описание нашего отечества под редакцией П. П. Семенова, Т. XVIII, Киргизский край, СПб, 1903.

55. А. Толстой. Полное собрание сочинений в 15-ти томах (1946 – 1953 гг.) т. 13.

56. К. Паустовский. Чувство истории. «Вопросы литературы», 1965, №9.

57. Цитир. по А. Мансуров. Творческая фантазия и художественная правда. «Звезда Востока», 1968, № 1.

58. К. Ф е д и н. Писатель, искусство, время. М., 1957.

59. В. И. Семевский. Рабочие на Сибирских золотых промыслах. т. II, 1898.

60. Е. Дильмухамедов. Революционное движение горнорабочих Казахстана. Алма-Ата, 1955.

61. Десять незабываемых дней. Декада каз. литературы и искусства в Москве. Алма-Ата, 1961 г.

62. М. Қаратаев. Казахская литература. Сборник статей, М., 1960.

63. Н. Зарьян. В кн.: «М. О. Ауэзов. Сборник статей к его 60-летию», Алма-Ата, 1959.

64. В. Смирнова. Современный портрет, М., 1964.

65. З. Османова. Путь Абая. «Новый мир», 1959, № 6.

66. А. Нусупбеков. М. О. Ауэзов в советской историографии. «Известия АН КазССР», серия общественная, 1968, № 3.

67. Н. Добролюбов. Полное собр. соч. ГИХЛ 1934., Цитирую по книге С. Петрова «Советский исторический роман», М., 1960.

68. К. Симонов. «О советской художественной прозе», в книге «Второй всесоюзный съезд советских писателей», М, 1956.

69. А.Белинков. Юрий Тынянов, М., 1960.

70. Ю. Андреев. Русский советский исторический роман в 20–30 годы. М.-Л., 1962.

71. Қазақ ССР-нің Орталық мемлекеттік архиві, 64-ф., 1-оп., 1930-іс, 90-байлам.

72. Ф. Киреев. Новые данные к биографии Абая. «Казахстан», 1947, кн. 7.

73. ЦГАОР СССР, ф. 102, оп. 1903, ед. хр. 50.

74. Среди архивных документов (новые материалы об Абае Кунанбаеве). «Советский Казахстан». 1956, № 9.

75. М. С. Сильченко. Абай, 1945.

76. М. Каратаев. Первая казахская эпопея. В кн.: «Сборник статей о казахской литературе». Алма-Ата, 1957.

77. Цитата Н. Додоновадан алынды. Проблемы исторического характера в романе А. Н. Толстого «Петр I». Научные работы и сообщения (Отделения общественных наук АН УзССР) 1963, в кн. 6.


78. ЦГВИА, ф. 310, д. л. 29 об.
79. В. Попов. О роли фантазии в создании художественной правды советского исторического романа. В сб. «Проблемы реализма и художественной правды», Львов, 1961 г.
80. М. Ауэзов, Е. Лизунова. Из истории казахской литературы. «Вестник АН КазССР». 1957, № 11
81. Е. Лизунова. Современный казахский роман. Алма-Ата, 1964.
82. «Русские о казахской литературе», Алма-Ата, 1957.
83. Б.Брайнина. Мудрость рождается от свершенных мечтаний. Москва, №3, 1959.
84. «Литература и искусство», 1943, 16 октября.
85. «Литературное наследство», т. VII–VIII, М., 1933.
86. Н. В. Шелгунов. Воспоминания. М., 1923.
87. М. Лемке. Политические процессы в России. М.–Пг., изд 2, 1923.
88. ЦГА СССР, ф. 1405, оп. 59, д. 6618, лл. 76 об., 77, 77 об.
89. Н. В. Шелгунов, Л. П. Шелгунова, М. Л. М и х а й л о в. Воспоминания, т. 1, М, 1967.
90. Семей өлке тану музейінің архиві, іс № 11400.
91. Конхиология – зоологияның бір бөлімі.
92. Записки Семипалатинского подотдела Зап. Сиб. отдела Русского геогр. общества, 1914, вып. VIII.
93. С. С. Волк. «Народная воля». М., 1966.
94. Д. Кеннан. Сибирь, т. 1, СПб., 1906.
95. Г.В.Плеханов. Соч., т. XXIV, М., 1926.
96. Ә. Жиреншин. Абай және оның орыс достары. Алматы, 1949.
97. Н. Пиксанов. «Горький и национальные литературы». М., 1946.
98. «Памяти замечательного русского врача-революционера Н. И. Долгополова». «Советская медицина», 1957, № 6.
99. Б. Сучков. Исторические судьбы реализма. М., 1957.
100. Всеволод Иванов. Роман о песне. «Литературная газета» 10 ноября 1948 г.






Керімбек  
СЫЗДЫҚОВ

**Мұхтартанудың  
беймәлім  
беттері**





## I ТАРАУ

### МҰХТАР ӘУЕЗОВТІҢ ӨМІРІ МЕН ТВОРЧЕСТВОСЫНЫҢ БЕЙМӘЛІМ БЕТТЕРІ

Қалыптасқан дәстүр бойынша, біз алдымен жазушының өмірбаянына қысқаша болса да тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз. Өйткені кім-кімнің де творчествосын, болмыс, бітімін тану оның өміртарихын білуден басталары сөзсіз. М.Әуезовтің өзі Абай творчествосын жан-жақты зерттегенде оның өмірбаянын анықтауға үлкен мән беріп, бірнеше рет қайта-қайта оралып, толықтыра түскен екен. 1933 жылы тұңғыш жазған өмірбаянында: «Болашақ ақынның туыстан ала келген қалпы бар. Ата салтымен қалыптанған өмірі бар. Ата-бабадан, әке-шешеден нәсіліне көшкен мінездері бар» – деп бастайды. Әрине, М.Әуезовтің өмірбаянын жазуды Абайдың өміртарихын жазумен салыстыруға болмайды. Басқасын айтпағанның өзінде, жазушының өзі бірнеше рет автобиография етіп жазып қалдырған. Одан тыс өз көзі тірісінде мектеп оқулықтарында, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, әдебиет тарихына арналған зерттеулерде жазушы өмірбаяны әлденеше рет жазылған екен. Сондай-ақ күні кешеге дейін М.Әуезовпен бірге оқып, бірге өсіп, қызметтес болған кісілер өз естелік мәліметтерін жазып жариялап келді. Соңғы кездері жазушы туралы жазылған деректі, көркем туындылардың өзі оншақты болып қалды. Яғни, бұдан байқалып отырғандай, жазушы өмірінің әрбір кезеңі, сәті ресми, бейресми хатқа түсіп танбаланған. Оның ішінде, жазушының бірге туысқан бауыры Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар», «Жас Мұхтар» атты кітаптары, белгілі жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Бесігіңді түзе!» және «Бесігіңді аяла» атты М.Әуезовтің творчестволық өмір жолын кеңінен баяндауға арналған «Жұлдыз» журналының бес-алты санында жарияланған көлемді де көрнекті портрет-эссесі, танымал қалам қайраткерлері Дүкенбай Досжанов пен Кәмен Оразалиннің бірнеше романдары, кітаптары аса құнды көп мәселелерді, мағлұматтарды ашып бере алған. Дегенмен осы сияқты тағы басқа да көптеген бағалы еңбектерде жазушы өмірінің кей кезеңдеріне, әсіресе, алғашқы өмір жолына байланысты бір-бірімен қиғаш, қайшы келіп қалатын, әлі де анық, толық ашылмай жататын тұстары кездесіп отырады. Өйткені естелік жазушылардың есінде



бәрі қаз-қалпында сайрап тұра бермейтіні өзінен өзі түсінікті, көркем шығармаларда тарихи нақты деректер сол күйінде сақталуы міндет емес, ал жазушының өзі автобиографияларында өмірінің барлық кезең сәттерін тәптіштеп тізбектей бермей, замана қыспағына, қызыл идеологияның қасаң шеңбер-шебіне сәйкес кей тұстарынан аттап өтіп, кей жәйттерді айтпай кеткен жерлері де кездесіп отырғаны белгілі. Сондықтан да біз, осыларды ескере отырып, сол еңбектердегі негізгі дерек мағлұматтарды бір-бірімен және өзіміздің түрлі архивтерден ақтарып анықтаған қолда бар материалдармен салыстыра, сабақтастыра отырып, жазушының өмір жолын өз пайымдауымызша жүйелеп, қысқаша шолып өтуді жөн көрдік.

Жазушының өмірбаянын анықтау – оның творчествосын тереңірек тануға алғашқы жол салу болғандықтан да біз, біріншіден, қазіргідей орта, жоғары оқу орындарына арналған жаңа заман талабына сай оқулықтардың әлі толық жазылмай, барларының өзі өте тапшы болып отырған кезеңде қалың оқырман жұртшылықтың қажетін өтеуге аздап болса да септігі тиер деген мақсатты көздедік. Екіншіден, зарығып жеткен тәуелсіздігіміздің аясында алғаш рет өткелі отырған ұлы жазушының үлкен мерейтойы қарсаңында оның творчестволық өмір жолына байланысты жаңаша көзқарас тұрғысынан көптеген ұлағатты игі істердің қолға алынары сөзсіз. Міне, осы бағытта атқарылар үлкен тірліктерге осы шағын еңбегіміздің аздап ой саларлық, еске аларлық көмек қызметі болып қалар деген ниетті де мақсат тұттық.

Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Семей облысы, Абай ауданы, М.Әуезов атындағы совхоздың Бөрлі ауылында (бұрынғы Семей уезі, Шыңғыс болысының 8-ауылы) дүниеге келді. Бөрлі – Семей қаласы мен Абай ауданының орталығы Қарауыл селосымен екі аралықта шамамен екі жағына да жүз шақырымдай қашықтықта орын тепкен. Онда жазушының 70 жылдық мерейтойына арнап шағын мұражай салынған еді.

М.Әуезовтің арғы аталары Қаратау өңірінде тұрған қожа тұқымынан. Ол туралы жазушының өзі 1950 жылы Москвада шыққан «Абай» романына алғысөз ретінде арнайы жазып берген өмірбаянында: «XIX ғасырдың бас кезінде Орта Азия жақтан кеп, Тобықты руына сіңіп кетіпті» (1.21) – деп жазған болатын. Жазушы бұл пікірін Оңтүстік Қазақстан облысына келген сапарында таратыңқырап, Әуездің әкесі Бердіқожаның Түркістанда мешіт имамының көмекшісі болғанын, оны Құнанбайдың сол өңірге келген бір сапарында өзімен бірге ерте кеткенін айтқан көрінеді (2.54). Солай десе де, осыған байланысты басқаша пікір айтушылар да жоқ емес.

М.Әуезов туралы «Абайдан соң» атты көп томды романның авторы белгілі жазушы Кәмен Оразалин 1967 жылы «Ұлы жазушының өскен ортасы» атты мақаласында: «Бір кезде рулы елді бастап келген Мамай

батыр Шыңғыс жерін бөліске салғанда, оның жақын серіктерінің бірі Бақшейіш те Арқат тауынан қоныс алады. Бақшейіштің түбі Қожа деп аталады екен. Кейін оның ұрпақтары өздерін Мамаймыз деп атап кетеді. Бақшейіш – Мұхтардың арғы аталары. Атап айтсақ, Бақшейіштен – Саяқып, одан Берді, Бердіден Әуез туады. Саяқыптың бейіті күні бүгінге дейін Арқат тауының сыртындағы Бетағаш деген жерде тұр» (3) – деп жазады. Біз бұл пікірді әдейі келтіріп отырмыз. Өйткені К.Оразалиннің М.Әуезовпен кезінде жақын таныс-біліс болғаны белгілі. Оның үстіне, кейінірек роман жазу үстінде ізденіп зерттеген де болу керек. Сондықтан да бұл мәселені әлі де ашып, анықтай түсу қажет болар. Дегенмен осы жерде М.Әуезовтің 1928 жылы жазып, қолжазба күйінде көп уақыт «жабулы қазан жабуымен» жатқан, оқырман жұртшылыққа әлі кеңінен таныла қоймаған, «Өз жайымнан мағлұматынан» да (М.Әуезов музейінің архиві, П. № 382) үзінді келтіре кетейік: «Менің аталарым Қожа, алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді. Үлкен әкемнің үйінде сақталған қожалар шежіресінен бала кезде бір көргенімде біздің қожалардың арғы атасын Бақсайыс дейді... Менің әкем Омарханға 18-ші ата болып келуші еді... Тобықты ішіне менің үшінші атам Бердіқожа бірталай туысқандарын ертіп Найман ішінен келген. Ол Құнанбай заманы. Құнанбайдың шақыруымен келгенге ұқсайды» (4).

Біздіңше, қай жағынан болмасын, жазушының өзі көрсеткен мағлұмат дұрыс болса керек. Оның үстіне күні бүгінге дейін Бақсайыстың ұрпақтары негізінен осы Қаратау өңірінен тарайды.

Мұхтардың әкесі – Омархан, атасы – Әуез ескіше сауатты, көзі ашық, көкірегі ояу, Абаймен сыйлас, құдандалас, жақын қарым-қатынаста болған. Ақынның «Разаққа» деген белгілі өлеңінде:

Мына үйде отыр Разақ,  
Елдің жөнін айтар ма,  
Шақырып алып сұрасақ.  
Үлкен қожа – ортан қол  
Өзгелері – аты жоқ пенен шынашақ.

Сонда Абайдың немересі Әубәкір: Омархан ағам ше? – дегенде:

Оныдағы байқармыз,  
Біраз ғана сынасақ –

деп келеді. Ұлы ақынның М.Әуезовтің тікелей басқаруымен 1957 жылы шыққан екі томдық академиялық жинағының түсініктерінде: «Бұл өлең алғаш рет 1933 жылғы баспаға кіргізілген. Разақ – Абай елінің жігіті. Осы өлеңді Абай Разақ құрбысы Әубәкір дегендікіне келіп отырғанда айтыпты. Үлкен қожа деп отырғаны – Әуез» (5.344) деп жазады.

Осы өлең Ұлттық Ғылым академиясының ғылыми кітапханасының қолжазба қорында сәл басқашалау болып келеді:



«Оның аты Разақ  
Барған жерін, ауылын,  
Айтар ма екен сұрасақ.  
Әуез қожа – орган қол,  
Өзге қожа – шынашақ.  
Бір Әуезге жетпейді-ау.  
Бар қожаны құрасақ –

дегенде, Әубәкір: «Аға, Омархан да жақсы ғой» – депті. Сонда Абай:

Оны дағы көрерміз,  
Біраз ғана шыдасақ, –

депті (6). («Айтушы – Смайылхан, жазылып алынған жылы белгісіз, ОҒК, қ-599).

Омарханның екі әйелі Нұржамал мен Мәдинадан (бауыры Самархан қайтыс болған соң әмеңгерлікпен алған) көп уақыт ұл баласы болмай, қыздары: Қорлықа, Рақия, Гүлсім, Зүбәйләлерден кейін Нұржамал Мұхтарды туады. (Одан екі жыл кейін Үмия деген қарындасы туған. Мәдинадан Мұхтармен құралыптас Біләл туады).

Қазақтың қалыптасқан ата салты бойыпша, Мұхтарды атасы Әуез бен әжесі Дінәсіл бауырына басып, тәрбиесіне алыпты. Басқа балалары мен немерелері сияқты оны да атасы бес-алты жасынан өзі оқытып, Абай өлеңдерін жаттатып өсіреді. Екі үйдің ортасында жалғыз ұл – «бейнетсіз, бурақан үй тентек бала болып өскен» ерке Мұхтар: «Ең алғашқы «тізені» Абайдан көрдім. Өлеңін күндіз де, түнде де жаттадым... Сонымен бір қыс, бір жазда Абайды түгелге жақын жаттап шығып едім» (7) – деп еске алады.

Міне, келешек ұлы эпопея тудырған суреткердің, салиқалы зерттеулер қалдырған ғұлама ғалымның творчестволық бағыт бетін белгілеген бастау бұлағы, нәр алған құнарлы тамыр тереңі осыдан басталса керек. Жеті жасқа толғанға дейін болашақ жазушы ұлы жерлесін байыптап назар аударып көре алды ма, жоқ па – ол жағы беймәлім. Бұл туралы жазушының өзі еш нәрсе айтып, жазып қалдырмаған.

Ата-аналары дәулеті асқан бай болмағанымен, кедей де емес, өздеріне жетерлігі болған сияқты. 1919 жылы 19 қарашада толтырылған іс-қағаздардың ішіндегі «Совет мекемелерінің қызметкерлеріне арналған анкетаның» сұрақтарына жазушы: «Ата-анам малшылық кәсіппен айналысады, дәулеті орташа, елу қой, бес қарасы бар» (8.228) – деп жауап жазған екен.

Әкесі Омархан 1909 жылы, шешесі Нұржамал 1912 жылы екеуі де елу жас шамасында, атасы Әуез 1918 жылы 90 жасқа таянып қайтыс болады.

Енді М.Әуезов қай жылдары, қандай оқу оқыды деген мәселеге келсек, оның Семейдегі бес кластық қалалық орыс училищесінде оқып,

сонан соң мұғалімдік семинарияны бітіргені белгілі. Соның өзінде жазушының өмірбаянын түзген авторлардың әрқайсысы әртүрлі етіп жазғанын көреміз.

Ертеректегі орта мектепке арналған оқулықта белгілі Мұхтартанушы ғалым Б.Сахариев: «М.Әуезов Абай аулындағы бастауыш орыс мектебінде оқиды, бұдан кейін Семей қаласындағы жеті жылдық көлеміндегі орыс мектебіне оқуға түседі» (9.130) – десе, профессорлар М.Сильченко мен Н.Смирнова: «...ол төтенше оқытатын медресені тауысқан болатын» (10.4) – деп жазады. Академик М.Қаратаев жоғары оқу орындарына арналған оқулықтары мен арнайы зерттеулерінде: «Мұхтардың әкесі Омарханның ықтиярына қарамай, Қасымбек немере інісін 1908 жылы Семейге апарып медресеге берудің орнына орыс мектебіне береді» (11.433) – дейді. Ал Ахмет Әуезов: «Мұхтар 1907 жылы Семейдегі 5 кластық қалалық орыс училищесіне түсті» (12.27) – деп жазады.

Көріп отырсыздар, бұл еңбектерде анау айтқан өрескел қателік болмағанымен, әрқайсысы өзінше тон піше берген. Әділдігін айту керек, бұл турасында архивтерде де, жазушының 50-жылдардан бергі өзі жазған өмірбаяндарында да нақты деректер жоқ болатын. Ал жоғарыда аталған «Өз жайымнан мағлұмат» ешкімге белгісіз күйінде әуелде Смағұл Садуақасовтың жұбайы Мәскеу медицина институтының профессоры Елизаветта Әлихановна Бөкейханованың қолында, кейіннен еліміз тәуелсіздікке ие болғанға дейін музейдің жабық қорында жатқан еді. Сондағы жазушының өз мәлімдеуінше: «Оқуды бес-алты жасқа келген соң үлкен әкемнен оқи бастадым. Сол кісінің алдынан хат танып, түбі оқитын болған соң 9-10 жасымда әкеммен бірге туысқан ағам Қасымбек қасына алып, басында бір жыл Семейдегі Камали деген қазіреттің медресесінде мұсылманша оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс оқуына әуелі өзі дайындады. Содан кейін бір қыс ел ішіндегі ауылнай школдан, Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ учителінен оқып, келесі жылы күз Семейдің «5-ти класный городской училищесіне» түстім. Содан әрі мектептегі оқу тәртіппен кетті» (13.6), – делінген.

Міне, енді біраз мәселенің беті ашылды десек болады. Ал сонда бес кластық училищеге ол 1909 жылы түсті ме, жоқ 1910 жылы түсті ме – бұл әлі де анық емес. Өйткені сөз болып отырған өмірбаянда жазушының өзі: «15 жылы городское училищені бітіріп күз семинарияға түстім» (13.7) – деп жазады. Ал жоғарыда аталған 1919 жылы толтырылған анкетаның сұрағына: «Семей қаласында 1909 жылдан бері тұрып жатырмын» (14.228) деп жауап береді.

Жарайды, ағамыз қазақ бір-екі жылдың ары-берісіне кеңшілік жасап, көп басын ауыртып жағпаған ғой. Дегенмен енді осыдан келіп, жазушының мұғалімдік семинарияны қай жылы бастап, қашан бітіргені





де дәл анықталмай отыр. Ол жөнінде М.Әуезовтің өзі 1950 жылғы өмірбаянынан бері бірнеше рет: «Семей мұғалімдік семинариясын 1915 жылдан бастап оқып 1919 жылдың басында бітірдім» (15.44) – деп жазған. Солай бола тұрса да, оның бергі жағында жазушының өмірбаянын түзуші авторлардың мәліметтері түрліше болып келеді. Айталық, 1950 жылы Ғ.Мүсірепов, Қ.Бекқожин, Қ. Жармағанбетов, С.Сейітовтердің жазған 10-класқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында: «1917 жылы М.Әуезов семинарияны бітіріп, бірыңғай әдеби қызметпен шұғылданады» (16.125), – деп көрсетсе, З.Кедрина 1951 ж. Мәскеуде шыққан «Мұхтар Ауэзов» атты кітабында мұғалімдік семинарияны 1915 жылы бітірді деп жазады (17.20). Сол семинарияда оқытушы болып істеген В.Попов деген кісі өз естелігінде: «Мен М.О.Әуезовпен тұңғыш рет 1916 ж. таныстым. Сол жылы августа мен Семей мұғалімдік семинариясына орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып келдім. Ол кезде Мұхтар Әуезов семинарияның бірінші курсінде оқып жүр екен» (18.355) деп айтады. Ал М.Әуезовтің өте жақын сырлас дос-інісі, шәкірті белгілі ғалым Қайым Мұхаметханов «архив деректері арқылы 1911 – 1912 жылдары семинарияның бірінші курсінде оқығандығын дәлелдейді» (19.124). Жазушы «Өз жайымнан мағлұматта»: «Арасында ауырып, оқуды бірлі-жарымды тоқтатып доғарып қойып жүріп, семинарияны 1919 жылы шала-шарпы бітірдім» (20.7), – деп жазған. Ал 1919 жылы 23 желтоқсанда толтырылған бір жеке іс-қағаздарында: «Учился и учительствовал до нынешнего переворота» (21), – деген де мәлімет бар екен.

Әрине, жазушының өз айтқандарына ешқандай күмән, күдік келтірудің жөні жоқ. Сонымен-ақ шектеліп, әңгімені көп созбай-ақ қоя салуға болар еді. Дегенмен осының бәрін әлі де бір ізге түсіріп анықтап, нақтылай түсуші талапкер зерттеушілер болып жатса, нұр үстіне нұр.

М. Әуезов әдеби, ғылыми творчестволық еңбекпен шындап айналысуды осы семинария қабырғасында бастап, болашақ үлкен суреткерлік, ғалымдық биік тұғырдың алғашқы ізі, қадам жолы осында салынады. 1917 жылы «Еңлік-Кебек» пьесасы қойылып, «Алаш», «Сары Арқа» газеттерінде 4-5 мақаласы, 1918 жылы «Абай» журналында жиырмаға тарта еңбектері жарияланған болатын. Заман талабына үн қосқан, болашақ бағыт бетіне із салған, қоғамдық-әлеуметтік, ғылым, мәдениет мәселелерін сөз ететін ол еңбектер өз алдына арнайы әңгімеге арқау болары сөзсіз.

Ендігі мәселе М. Әуезовтің осы 1919–1922 жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік қызметі жайлы. Көп уақыт бойына жете ашылмай, аз-кем айтылған тұстарда әртүрлі алып-қашпа әңгімеге тиек болған жазушының осы саладағы қызметіне біршама кеңірек тоқталу қажет деп білеміз. «Өз жайымнан мағлұматтағы» жоғарыда келтірілген цитатаны жалғастырсақ: «Бұл кездерде февраль төңкерісі болған. 19 жылдың аяғында кеңес өзгерісі

болды, әлеумет қызметіне араласып кеттік»...(22.7) – деп түйіндеген екен. Ары қарай атқарған қызметтері жайлы ешнәрсе айтылмайды да, қай жылдары қандай шығармалар жазғаны баяндалады. 50-жылдардан бергі жазған өмірбаяндарында да М.Әуезов ол қызметтері жайлы нақты деректер келтірмей, жалпылама айтып өтеді де, тек 1946 жылы 30.01 – күні толтырылған жеке іс-қағаздарында:

1) XI.1919–X.1920 Зав. казах. п/отделом Семипалатинского облисполкома.

2) 1.1921– 5.1921 Зав. казах. отделеннем облсуда.

3) 5.1921–8.1921 Зав. отд. юстиции облисп., член президиума облисп.

4) 8.1921–XI.1921 председатель облисполкома.

5) XI.1921–XII.1922 член президиума КазЦИК, Оренбург.

6) XII.1922–V.1923 член редколлегии журн. Чолпан. Ташкент.

7) 1923–1928 учился ЛГУ.

8) 1928–1930 проходил аспирантуру при Востфака САГУ» (23.20), – деп, ары қарай да бәрін тізіп өтеді. Мұнда жазушы сол жылдардағы негізгі қызметтерін түгелге жуық нақтылай қамтыған деуге болады. Дегенмен архивтер мен баспасөз мағлұматтары арқылы аздаған қосымша толықтыруды да қажет ететін сияқты. Семей облыстық архивінен М.О.Әуезовтің 23.XII.1919 ж. басталып 10.IX. 1920 ж. аяқталған 11 парақтан тұратын жеке іс-қағаздарын және 19.XI–31.XII.1920 аралығындағы М.Әуезовке және басқа қызметкерлерге қатысты папканы қарастырғанымызда, жазушының өзі көрсеткен қызметтерге қосымша мынадай деректерді анықтадық.

1919 жылдың аяғында М.Әуезовтің қызметке тағайындау жөнінде бұйрықта қызметтің ресми атауы «зав. общим Подотделом по инородческой части» деп аталған екен де, кейінгі құжаттарда қысқаша «киротдел» деп жазылыпты. 1920 жылдың 10 қыркүйегіндегі Губревкомның №135 протоколының көшірмесінде: «Слушали: 4. Об удовлетворении ходатайство завкиротделом тов. Ауэзова, ввиду отъезда для продолжения образования с смешения его с должности завкиротделом. Постановили: Просьбу тов. Ауэзова удовлетворить. Временно заведование киротделом возложить на члена губревкома тов. Аймауытова» (24.7), – деп жазылған екен.

Бұл жерде біз Мұхтардың сол тұста да қызметтің қызығына түспей, оқуға талпынған талабын атап көрсетпек болдық. Бірақ оның қалай, не себептен жүзеге аспай қалғаны әзір анық емес. Келесі толтырылған 1920 жылдың 19.XI – 30.XII аралығындағы іс-қағаздарында М.Әуезов: «4. Местослужбы в настоящий момент и занимаемая должность – редактор киргизской газеты «Казах тілі» органа Семгубисполкома и губбюро РКП» (24.228), – деп жазады. Бұл кезеңдегі М.Әуезовке байланысты



біраз құжат қағаздар облыстық партия архивінде сақталғаны белгілі. Біз ертеректе де, кейіндеу де түрлі себептермен ол құжаттарға жол таба алмаған едік.

Ал қолда бар деректер бойынша, М.Әуезов Коммунистік партия қатарында 1919 жылдың аяғынан 1923 жылдың басына дейін мүше болғанын анықтадық. Оны жазушының өзі алғашқы және кейінгі толтырған жеке іс-қағаздарында көрсеткен. Семей облыстық партия архивіндегі материалдар негізінде «Иртыш» газетінің 1967 ж. 17 қыркүйектегі №185 санында «Семипалатинские годы Мухтара» деген мақаласында доцент А. Романов мынадай мағлұматтарды келтіреді: жоғарыда аталған қызметінен соң ары қарай 1920 ж. желтоқсанынан губерниялық халық билер кеңесінің төрағасы, онымен қоса газет редакторы және губерниялық халық ағарту бөлімінің штаттағы қызметкері болған екен. Келесі жылдың 28 желтоқсанынан бастап, алда өтетін партконференцияның редакциялық комиссиясы мүшелігіне сайланып, Қарқаралы уезінде және басқа жерлерде дайындық жұмыстарын жандандыруға ат салысады. 23 мамырынан РКП(б) губкомының кеңейтілген мәжілісінде оның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі қызметіне бекітіледі. Ал 12 тамыз күні губком мен губревкомның уездердегі кеңес және партия ұйымдары өкілдерімен бірлескен кезекті мәжілісінде Семей губерниялық атқару комитеті төралқасының (президиумының) төрағасы болып сайланады. Сентябрьде бүкіл қазақтар Советінің съезіне, октябрьде өлкелік партия съезіне делегат ретінде қатынасыпты. 1921 жылы қарашадан 1922 жылдың желтоқсаны аралығында Қазақстан Орталық Атқару комитетінің (КазЦИК) президиум мүшесі болып сол кездегі Қазақ АССР-ының астанасы Орынборда істегенін жоғарыда келтірдік. Сол кезде М.Әуезов әрі КазЦИК-тің жауапты (саяси) хатшысы, әрі «Еңбекші қазақ» газетінің редколлегия мүшесі, редакторы қызметтерін де қатар атқарады. Ол туралы 1929 ж. Мәскеуде шыққан «Литературная энциклопедияда»: Ауэзов Мухтар (1897) – современный выдающийся писатель Казахстана. В начале революции Ауэзов занимал пост отв. секретаря ЦИКа Киргизской республики, во время колчаковщины принимал активное участие в борьбе с Колчаком в Семипалатинской области» (25.277), деп көрсетеді.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 27 қарашадағы №272 санында газеттің мыңыншы саны шығуына байланысты «Еңбекші қазақтың» алғашқы шығарушылар алқасы: Байділдаұлы Әбдірахман, Асылбекұлы Абдолла, Әуезұлы Мұхтар, Телжанұлы Темірболат, Нұрмақамметұлы Қасен» – деп атап, суреттерін беріпті. «Советская степь» газетінің 1930 жылғы 18 октябрьдегі № 231 санында «Қазақстандағы партия құрылысына он жыл» деп, Голощекиннің Алматы қалалық партия активіндегі 1 октябрь күнгі баяндамасын жариялап, онда: ...Байдильдин

в своих показаниях говорит: «...В 1921 году в «Энбекши казахе» имеется первая моя статья, посвященная 4-годовщине Октябрьской революции. Главным редактором в то время был Ауэзов... когда я выпустил статью, меня вызвал к себе Ауэзов и поругал... Ауэзов мне заявил, что если в дальнейшем буду ругать Алаш-Орду, то он уйдет из редакции» – деп жазады. Бұл жерде бізге керегі М.Әуезовтің газеттің бас редакторы болғандығы жөніндегі мәлімет. Оны көрнекті жазушы Д.Досжановтың 1992 ж. шыққан «Абақты» атты аса құнды деректі кітабында «Мұхтар Әуезовтің істі болуы хақында» тарауында келтірілген тергеу жауаптарында да анықтап растайды. Біздің бұл деректі кадала айтып отыруымыздың және бір себебі 1921 жылдың 7 қарашасынан «Еңбекші қазақ» деген атпен шыға бастаған газеттің тұңғыш редколлегия мүшелері жайлы соңғы кездерге дейін дәл дұрыс мағлұматтың берілмей келгендігі. Белгілі ғалым, тарих ғылымының докторы Хайыржан Бекхожин ертеректе шыққан «Қазақ баспасөзінің даму жолдары» атты зерттеуінде «Еңбекші қазақ» газетінің тұңғыш редколлегия мүшелері деп С.Сейфуллин, А. Сегізбаев, Қ.Ғабдуллин, А.Жолдыбаев, Н.Құлжанова, Т.Арыстанбеков, С. Мұқановтардың фотосуреттерін жариялаған.

Одан кейінгі жазылып жүрген кейбір еңбектерге де сол дерек негіз болғанға ұқсайды. Қазақ баспасөзі тарихының терең білгір ғалымы сол кезде жоғарыда біз келтірген деректі білмеуі мүмкін емес, бірақ кезінде кейбір кісілерді атап көрсетуді саясат ыңғайы көтермеген болар. Әйтпесе, С. Сейфуллиннің газетке редактор болуын ол туралы естелік айтушылар мен зерттеушілер 1922 жылдан бастайды (26.494). Нақтылай түссек, «1922 жылы осы сапардан қайтқаннан кейін Сәкен Оқу халық Комиссарының орынбасары (13-июнь), «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы (28-июль) болып тағайындалады (27.35).

Міне, осындай үлкен облыстық, республикалық ауқымдағы қоғамдық-әлеуметтік басшылық қызметтер атқару барысында жас қайраткер М.Әуезов сол кездегі елдің, халықтың, ұлттың мүддесіне, мұн-мұқтажына қатысты келелі іс-тіршіліктердің басы-қасында болғандығы сөзсіз. Оны біз алдымен, сол жылдары жазушының әдеби, көркем туындыларынан тыс, осы қоғамдық-әлеуметтік тақырыпта жазылған публицистикалық мақалаларынан айқын көруімізге болады. 1920-22 жылдары «Қазақ тілі» газетінде жарияланған: «Қазақ оқығандарына ашық хат» (1920, 5 февраль) «Қазынадан азық-түлік алу турасында» (1920, 24 декабрь) «Бүгінгі зор міндет» (1920, 31 декабрь) «Сот» (1921, 8, 12 январь), «Қазақ қызметкерлерінің міндеті» (1921, 14 январь), «Қазақ бөлімдері туралы» (1921, 29 январь), «Егінге дайындалыңдар» (1921, 18 февраль), «Орынбордан телеграмма» (1922, 26 апрель), «Ашық хат» (1922, 27 август), «Мадиярға жауап» (1922, 14 октябрь), «К трехлетию Кирреспублики» (Степная правда. 1923. 16 июня) сияқты



мақалаларында, тақырып атауларынан-ақ танылып тұрғандай, сол кездегі үкімет тарапына жүргізіліп отырған іс-шараларын халыққа түсіндіріп, насихаттауға, жүзеге асыру жолдарын жан-жақты іздестіріп, елдің күнделікті тұрмыс жағдайына, келешек өсу өрісіне мейлінше тиімді ету жолына бар жан-тәнімен беріле еңбек еткенін байқауға болады. Сол жылдары М.Әуезов Кеңес өкіметінің саясатын ешбір астарсыз, аласыз, таза көңілмен өзінше дұрыс деп түсініп, оған құлай сенгенге ұқсайды.

«Россияның ішіндегі көбігі аспанға атып жүз толғанып, бұлқынып жатқан революция толқыны дүние жүзіндегі еңбекшілерді құлданған патшалықтардың бәрінің жүз жылдап құрған құлдық қорғандарын іргесімен теңселтіп, жапсарып ашып, жігін үлкейтіп тұрғаны әркімге мәлім... Бүгінгі күні кешегі қараңғы құлдық күннің күңгірт жүзді қожасы – жуандардың басына келетін ауыр күннің қаһарлы бұлттарын Россия жуандарының төбесіне заман желі айдап келіп тұр» (28), – деп басталатын «қазақ оқығандарына ашық хатында» оларды жаңа үкіметтің қызметіне етене араласып, қазақтың мұң-мұқтажы үшін аянбай еңбек етіп, ғасырлар бойы кеткен есесін алып беруі керек деген ойын ашық білдіреді. Жазушы қазақ арасында Россиядағыдай тап қайшылығы, тап күресі болған жоқ деп түсінген. Оны да ешбір бүкпесіз, жасырмай: «Бұл күнге шейін бар қазақтың баласында бір-ақ түрлі құлдықтың ноктасы болатын. Бірінен бірінің қара үзіп, артып кеткен еш жері жоқ. Бәрінің көргені де өгейлік, жетімдік. Бәрінің көргені де қуғын-сүргін болатын. Әсіресе оқығандардың бой жазып кең отырған күні бұл күнге шейін болған жоқ. Қашан болса күні қысылу, бұғып қорқу болатын. Олай болса, кешегі басынан сырық, малынан құрық артпаған жауыз өкіметтің артынан қай қызығын көксең кетіп отыр» (28), – деп жазады. Совет өкіметінің алғашқы жылдарында Ресейдің өзінде де түрлі өндіріс, шаруашылық мекемелерінде іс жүргізуші даяр мамандардың жетіспеушілігінен ауытқуда жүрген ескі буржуазияшыл оқығандарды іске тартуға ерекше мән берген болатын. Ол жөнінде 1919 жылы-ақ В.И.Лениннің өзі: «... Мамандар туралы мәселе кеңінен қойылуға тиіс. Біз оларды құрылыстың барлық салаларында да пайдалануға тиіспіз, өйткені ескі буржуазиялық мамандарда бар тәжірибе мен ғылыми даярлық бізде жоқ...» (29), – деген болатын.

М.Әуезов пролетариат көсемінің бұл пікірімен таныс болды ма, болмады ма, қалай болғанда да, өзінің барлық түсінік, танымымен халық мүддесін шындап ойлайтын кісіге нағыз қызмет істейтін кезең енді келді деген пікірді айтады. Ол өз түсінігі бойынша, қазақ оқығандарының Совет өкіметіне істеген ешбір жазығы жоқ екенін, ал бола қалған күнде «Совет өкіметі үлкен жазығы бар адамдарды да қатарына кіріп пайдалы қызметімді істеймін десе, қумайтынын» айтып, бұл ашық хатын бұрын түсінбеушілікте, қателікте болып келіп, енді елдің қамы үшін адал қызмет

істеймін дейтін оқығандарға бағыттап отыр. «Қазіргі заман қазақтың басына келіп тұрған әрі қиын, әрі ең пайдалы жайлы заман... Елдің қамын жеген оқыған азаматтар не қылса да қолынан келген шарасын істеп, осы өкіметтің арасына кіріп, қазақтың есесін әперіп қалатын уақыты келді деп білеміз» (30), – деген өзінің сенім ойын ашып айтады.

Басқа мақалаларында М.Әуезов осы ойын таратып, халықтың күнделікті күн көріс қажеттеріне байланысты шаруашылық, өндіріс, қолөнеркәсібі сияқты мәселелерді де жан-жақты сөз етіп, солардың ішінде елдің келешек өсу жолына негіз болатын, ертеңге жалғасар бағыт бетін айқындауға ұмтылады. Қалың жұртшылықтың «өз аманшылығын сақтап, мемлекет халіне, көпшіліктің халін ескермейтінін», яғни азға малданып, жоққа алданып, өзінен арғыны, ертеңгісін кең ойламайтынын, ал кейбір «елдің қамын жегіш пысықтардың» қазіргі өкімет ісіндегі уақытша қиыншылықтары мен жеке-жарым кемшіліктеріне көлденең сыншы болып қана жүргендігіне қынжылып, көп болып көмектеп, «елді мәдениетке жеткізіп ағарту, өнер-білім таратып құралдандыру, дүниенің халін көруге көзін ашу, шаруасын түрлеп ішінен жетілту» ісіне бар күш жігерді жұмылдыру керек, ал бұл бағыттағы бүгінгі зор міндет – оқу ісін бірінші кезекте дұрыс жолға қою деп біледі автор.

М.Әуезов осындай келелі көкейкесті мәселелерді тек мақала еңбектерінде жазып, сөз жүзінде айтып қана қоймай, өзі атқарып отырған қызмет бабында тікелей іске асыруға да мол жігер-қайрат жұмсаған екен. Оны естелік айтушылар мен зерттеу еңбектерден («Біздің Мұхтар». Алматы, 1976, Т.Жұртбаев. «Бесігіңді аяла» т.б.) аңғарып байқауға болады. Жоғарыда аталған доцент А.Романов партия архиві материалдары негізінде жазылған мақаласында сол жылдары М.Әуезовтің тікелей қатысуымен атқарылған іс-шараларды келтіріп өткен. 1928 ж. жазған «Өз жайымнан мағлұматында» жазушының өзі аштықпен күрес жүргізу үшін 1922 ж. январьда Оралға, Теке қаласына арнайы барғандығы туралы айтады. Осыларға қосымша «Қазақ тілі» газетінің 1922 ж. 26 сәуіріндегі санында жарияланған «Сөзден іске» атты шағын мақаладан бір үзінді келтірмекпіз: «...Осы санда, 19 апрельде алынған Мұхтар Әуезовтің телеграммын басып отырмыз. Ол кісі күшті әмірмен келе жатса керек. Қазақстан кіндігіндегі үш үлкен мекеменің атынан уполномоченный (уәкіл) болған көрінеді. Телеграмына қарағанда беті қатты: қазақ ішінде советский, партийный һәм кәсіпшілер жұмыстарын күшейтемін дейді. Жер туралы шыққан декреттерді орындаймын, яғни Ертіс бойынан қазаққа жер алып беремін, милицияны қазақ еңбекшілерінен жасаймын дейді. Бұл жұмыстарды орындау үшін алғашқы уақытта қазақтан жиырма шақты қызметкер керек. Керекті кісілерді Семейге алдырып қойындар дейді... Әуезов жолдастың мойнына алып келе жатқан міндеті зор. Сондықтан бұл міндеттерді орындау үшін, әуелі Әуезов жолдастың білімі, күші,



беделі, жігері, қандай керек болса, екінші жергілікті қызметкерлердің ынта-жігері, ниеті, талабы сондай керек. Қазақстан басшыларының сөзден шығып, іске кіріскендігіне зор қуаныш қыламыз. Әлдеқашан осылай болу керек еді. «Ештен кеш артық, қайырлы болсын!»,- деп аяқтайды.

М.Әуезовтің осы жылдары Кеңес өкімет орындарында шын беріліп істеген тиянақты қызметін кейіннен басқаша, бұрмалап бағалаушылық болды. 1932 жылғы тергеудің айыптау қортындысында: «М.О.Әуезов айыпталады: 1. Контрреволюциялық ұйымға еніп, өзінің жат пиғылын іске асыру үшін ұйымның тапсырмасы бойынша ВКП(б) мүшелігіне өткен, 12-партсъезде ұлт мәселесі жөнінде Бөкейханов, Садуақасовтардың бетке ұстаған платформасын қолдап, колонизаторлыққа қарсы күресті желеу етіп, өз жұмыстарында ұлтшылдық көзқарасты жүргізіп отырған... 2. Советтің мемлекеттік аппаратында өз ұйымдарының сойылын соғатын кісілерді енгізуге күш салған...» (31.30),- деп көрсетеді. Дәл осы сияқты айыптауды жоғарыда аталған Голощекиннің 1930 жылғы баяндамасында да келтірген болатын.

Біздің аңғаруымызша, М.Әуезов Кеңес өкіметінің, компартияның алғашқы кезеңде жүргізген саясатына езілген ұлттарға еркіндік, теңдік деген бағдарламасы мен ұранына шын сеніп, сол күйінше түсінген. Ол өз еліне адал еңбек етсем деген басты бағдарына әрқашан да берік бола білді. Сондықтан да бұл жерде ішті-тысты қызмет жасаған Әуезов емес, керісінше, оны шатастырған сол кездегі өкіметтің сөзі мен ісі қабыспайтын бұралаң, бұқпантай саясаты болды. Кеңес өкіметі алғашқы кезде 1917 жылы 5-13 декабрьде Орынборда өткен қазақтардың жалпы съезінің қаулысы бойынша құрылған Алаш үкіметін, оның негізгі бағыт-бетін дұрыс деп қабылдап қолдағаны белгілі. «Сары-Арқа» газетінің 1918 ж. 23.03 №35 санында: «1918 ж. 19 март күні Сталин Бөкейханов пен Халел Ғаббасовты прямой проводқа шақырып сөйлескен: «Ресейдегі халықтардың құқықтары туралы халық комиссарларының шығарған белгілі ережесі бұл күнге шейін ұлт мәселесі тақырыпты Совет өкіметінің негізгі қызмет жобасы болып келеді. Үшінші Советтер съезі осы ережені жайғастыруға қаулы қылды. Өзіңіз бізге тапсырып отырған жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы түгелімен жоғарғы жобаға маһлық (сәйкес – К.С.) келеді» – деген хабар мен 1919 20 қаңт. санында: «Семипалатинск, председателю Алаш-Орды Букейханову. Благовлите срочно телеграфировать могу ли представить вас на должность Главного уполномоченного по управлению Алашем. Крайне желателен Ваш приезд в Омск для урегулирования вопросом Алаш-Орды. № 212. Управляющий министерством внутренних дел Гаттенбергер» – деген телеграмманы жариялаған екен.

Осы сияқты қуанышты хабарларды басқа да газет-журналдар,

соның ішінде «Абай» журналы да, жапа-тармағай жариялап, сүйінші сұрасып жатты. Ол кезде әлі семинарияда оқып жүрген М.Әуезов өмірдің, тұрмыстың, саясаттың барлық болмыс-бітімін дәл газеттегідей, кітаптағыдай деп қабылдап, құлай сенгендігіне шүбә келтірудің реті жоқ сияқты.

Д.Досжановтың кітабында келтірген тергеу кезіндегі жауаптарына көз жүгіртіп көрейік: «Алашорда адамдарының астыртын жел беруімен коммунистке өтті деген шындыққа жанаспайтын жала. Өз басым губерниялық комитеттің қызметкерлері Кожевников пен Мой жолдастардың кепілдік беруімен партияға өткем. Коммунист қатарына өту жағдайым Колчаққа қарсы астыртын ұйымда істеген әрекетімнің табиғи жалғасы дер едім» (31.16), – деген ауызба-ауыз берген жауабы тергеу протоколына тіркелген екен. Одан әрі, 1931 ж. 29.Х. күні жазған, Біріккен саяси Бас басқарма коллегиясына қазақ ұлтшылдары деген іс бойынша қамаудағы Әуезов Мұхтардың арызында: «Колонизаторлық көзқарастан әлі құтыла қоймаған жергілікті партия қызметкерлерінің кең тараған ескілік салты менің көңілімді тез қалдырды. Біздің ішіміздегі колонизаторлық көзқарас ұлттық намысымды қоздырды. (Жоспарлы ұлтшылдықты өз өмірімде ұстанған емеспін), мендегі көңіл күйіндегі ғана ұлтшылдық еді. Партия қатарынан шығуыма бірден бір себеп – осы» (31.26-27) – деп ағынан жарылады.

Міне, осындай себептермен жазушы 1922 жылы қараша айының аяғында биік лауазымды қызметіне де, партиялығына да, саясатқа да қолды бір-ақ сілтеп, өз бетінше Тәшкенге кетіп қалады. Сол үшін 1923 жылы ақпан айында «За нарушение партдисциплины и за национализм» деп партия қатарынан шығарылады (32.57). Әрине, бұл жайдың да өзінің кейінгі істі болуына себепші таяқ болып тигендігі сөзсіз.

Тәшкенге келген бойда М.Әуезов өзінің негізгі өмірлік мақсаты – оқуын ары қарай жалғастыру үшін Орта Азия коммунистік университетіне (САКУ) еркін тыңдаушы, әрі сол кезде енді құрылған «Шолпан» журналын шығарысуға Тоқтыбаевпен бірге қызу кірісіп кетеді.

Оқырманға бұрыннан мәлім, 1918-1924 жылдары РСФСР құрамында болған Түркістан АССР-інің Сырдария, Жетісу губерниялары қазіргі Қазақстанның Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы, Талдықорған облыстарын, Семей облысының біраз жерлерін қамтитын еді. Сол жылдары және кейінірек те Тәшкен қаласында қазақ-қырғыз Білім Комиссариаты, қазақ халық ағарту институты ашылып, қазақ тілінде «Ақ жол», «Жас Алаш», «Жас Қайрат» газеттері, «Шолпан», «Сана», «Сәуле», «Жас Қайрат», «Лениншіл жас», «Кедей анасы», т.б. журналдары шығып тұрған. Өзбекстан Орталық Мемлекеттік архивіндегі мерзімді баспасөздер анкетасында: «Шолпан» журналының қызметкерлері кімдер деген сұраққа М. Әуезов пен М.Жұмабаевтар аталып, редколлегия мүшелері Тоқтыбаев пен Әуезов деп көрсетіліпті, «Сана» журналының





қызметкерлері ретінде оның редакторы Х.Досмұхаметовпен бірге Жұмабаев, Жәленов, Әуезов, Оспанов, Тынышбаев т. б. аталған екен (33.18-22).

М.Әуезов аз ғана жылға жетпейтін уақыт ішінде осы басылымдарға оннан астам әңгіме, әдеби-сын мақалаларын жариялап, едәуір мол еңбек сіңіргені байқалады. 1923 жылы қыркүйек айынан Петроград (Ленинград) университетінің қоғамдық ғылымдар факультетіне тіл-әдебиет бөлімінің орыс-славян секциясына оқуға түсіп, сол жылдың аяғына дейін оқиды. Осы жылы желтоқсан айында Семей облыстық оқу бөлімінің, жергілікті өкімет орындарының тілек-талабымен оқуын үзіп, 1925 жылдың күзіне дейін Қазпедтехникумде, мұғалімдерді қайта дайындайтын курстарда қазақ әдебиетінен, Семей губерниялық партия мектебінде Россиядағы революциялық қозғалыстар тарихынан сабақ жүргізіп, орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі төрағасының орынбасары, Семей Губкомы мен губ. атқару комитетінің органы «Таң» журналының техникалық редакторы қызметтерін қатар атқарып, өлкетану, әдебиеттану бағытында маңызды тірліктер істеп, әдеби-көркем туындыларын жариялаған. Ол туралы Ленинград архивінде сақталған М.Әуезовтің студенттік қағаздарының ішіндегі Семей губ. атқару комитетінің төрағасы Тоқтыбаев бастаған бірнеше ресми қызметкерлердің ЛГУ басшыларына жолдаған қатынас қағазында толық баяндалған (34). М.Әуезов 1925 жылы күзде университетке қайта келіп оқып, 1928 жылы бітіріп шығады.

Осы кезеңде жазушы оншақты әңгіме, бірнеше әдеби сын мақалаларымен қатар «Әдебиет тарихы» (Қ-01927) атты үлкен зерттеу-оқулығын, «Қаракөз» (Семей, 1926) пьесасы мен «Қараш-Қараш оқиғасы» (1927), «Қилы заман» (Қ-01,928) сияқты повестерін жариялап және баспа бетін көрмей жоғалып кеткен бір роман, пьеса, «Сұғанақ сұр» повестерін жазған екен. Жоғарыда аталған, 1931 ж. қамауда жатып Біріккен саяси Бас басқарма Коллегиясына жазған арызында М.Әуезов «барша қабілетім жазушы болуға арналуы керек деп жас күнінен армандағанын», «23-24- жылдардан бастап-ақ саясатпен айналыспауға бел буғанын» айтып, «былайғы өмірімді әдебиетке, педагогтік, ғылымдық жолға арнағанды ақыл көрдім. Бұл жол қызықтырып әкеткені ғажайып, өзгедей қызық бар деп ойламадым» (31.27),– деп жазады.

М.Әуезов 1928 жылы Университетті бітірген соң Тәшкенге келіп, оқу-ағарту институты және орман шаруашылығы техникумында қазақ әдебиетінен сабақ беріп, 1929 жылдан САГУ-дің тюркология кафедрасында аспирант, әрі ғылыми қызметкер болып істеген екен. Аспиранттық кезеңі туралы белгілі Мұхтартанушы ғалым профессор Мекемтас Мырзахметов «Қазақстан мұғалімі» (1977ж. 14-октябрь), «Қазақ әдебиеті» (1981ж. 10- июль) газеттерінде архив материалдарын келтіріп, кеңінен әңгімелеген. Оған қосымша, САГУ-дің бюллетенінде



(1929 ж. 18-кітап, 150-бет) 1929 жылдың 1-июньдегі мәліметі бойынша ғылыми қызметкерлердің ішінде: «М.О.Әуезов – по кафедре турецкой филологии (востфак); Х.Д.Кемеңгеров – по кафедре туркологии (востфак) мұғалімдердің ішінде: «Э.О.Омаров – казахский язык (востфак, сельфак)» (35.150) аталады.

Осы тұста М.Әуезовтің отбасылық өмірі жайлы қысқаша мағлұмат келтіре кетсек, артық болмас. Бұл туралы Тұрсын Жұртбаевтың жоғарыда аталған эссесінде кеңінен баяндалған. Жазушы 1917 жылы Райхан Кәкенқызымен тұрмыс құрып, одан 1918 жылы қызы Мұғамила, 1919 жылы ұлы Шоқан дүниеге келеді. Шоқан сегіз айлығында шетінеген. Райханмен 1919 жылдың соңында сот арқылы заңды түрде ажырасып, 1920 жылы Абайдың Мағауиясының қызы Кәмиламен (Кәмаш) қосылған екен. Семейде қызмет істеп жүргенде алғаш толтырған анкеталарында «бойдақпын» деп көрсеткен. Ленинград университетіндегі құжаттары бойынша: «1925ж. х. жена Камила, 7 летн. дочь Мугаш и сестра Гапура» немере ағасы Разақтың қызы деп жазады. Кәмиланың денсаулығы көтермей, отбасылық жарастығы жалғаспаған соң, одан да ажырап, 1926 жылы Кузьмина Валентина Николаевнамен тұрмыс құрып, Елдос (1927–1928), Ләйлә (1928–1993), Елдар (1941–1942), Ернар (1943–1995) атты ұл-қыздар көрген. 1942 жылы Фатима Ғабитовамен көңіл қосып, одан Мұрат (1943 ж. т.) атты ұл сүйген. Ол қазір белгілі ғалым, қоғам қайраткері.

М.Әуезов осы Тәшкенде 1930 жылы 1-қазанда қамауға алынып, бір жарым жылдан астам Алматы түрмесінде жатып, 1932-жылдың 7 мамырында бостандыққа шыққан екен. Д.Досжановтың «Абақты» атты кітабында: «№111/к Протоколдан көшірме: «Қазақстандағы біріккен саяси Бас басқарма жанындағы Үштіктің мәжілісі. 20 сәуір, 1932 жыл.

17. Мұхтар Әуезов – 1930 жылдың қазан айының 8-ші жұлдызынан бастап үш жылға концлагерьде ұсталуға үкім етілсін. Ермеков пен Әуезов жөнінде бұл үкім ұсталған күнінен есептеліп, қалған уақытта бостандықта жүргенде бақылауда болуға ұйғарылсын» (31.32), деп келтірілген. Сол үкім заманның беті бері қарай бастаған кезде, 1958ж. Қазақ ССР-і Жоғарғы сотының қылмысты істер жөніндегі сот коллегиясының №22/0154 (28.02.1958) анықтамасы бойынша: «1932 жылғы сәуірдің 20-шы жұлдызында «қазақ ұлтшылдары» деген айыппен сотталған 20 кісінің қылмысты ісін қарай келіп, төмендегі шешімді шығардық: ол адамдардың іс-әрекеттерінде қылмыс құрамы болмағандықтан, Үштік шығарған үкім күшін жойсын» (31.34),– деп ақталған екен.

Бұл кітапта тергеушілердің ұзақ уақыт қайта-қайта қинап тергегенімен олардың қойып отырған «айыбын мойындамағандығы» туралы да айтылған. Бостандыққа шыққан соң түрмедегі жасы үлкен жанашыр кісінің кеңесі бойынша ҚазАПП басшыларына өзінің өткендегі «қателерін» мойындағандай болып жазған хаты «Социалды Қазақстан»,



«Казахстанская правда» газеттерінің 1932 ж. 10.06 күнгі сандарында жарияланады. «Ажалсызға себепші» дегендей, М.Әуезовтің 1937 жылғы және кейінгі әртүрлі зұлматтардан тұзақ, торлардан әуірім тәңірімен қыл көпірге ілініп-салынып аман қалуына осы хаттың да септігі тиген болар деген жорамалдың жаны да, жөні де бар деп ойлаймыз.

М.Әуезовтің 1932 жылдан кейінгі өмірі, қызметі оқырман қауымға негізінен таныс және ресми құжаттардағы мәліметтер оқулық, зерттеулердегі жазушының өмірбаяны арасында ешқандай қайшылық, алшақтық жоқ деуге болады. Дегенмен жазушы өмірбаянының негізгі қадау сәттерін қысқаша айқындап, нақтылай атап өту артық болмас.

М.Әуезов мұражайының архивіндегі өзі толтырған жеке іс-қағаздары (36) мен 13.01.1939 ж. толтырылған еңбек кітапшасы бойынша: 1932 ж. 01.09 Алматыдағы қазақ ауылшаруашылығы (зоовет) институтының қазақ және орыс тілі кафедрасының доценті ретінде жұмысқа қабылданады. Сонымен қатар сол 1932–1937 жж. Қазақ академиялық драма театрының әдеби бөлімінің меңгерушісі болып та істеген. 1934 жылдан ҚазПИ-дің қазақ әдебиеті кафедрасында профессордың міндетін атқарушы болып, әрі ҚазГУ-де де қатарынан, ал 1942–1961 ж.ж. түгелдей ауысып істейді. 1943 жылдан КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтының аға ғылыми қызметкері, 1946 жылдан ҚазССР Ғ.А. қазақ әдебиеті тарихы секторының меңгерушісі, 1957–1961 ж.ж. халық ауыз әдебиеті бөлімінің меңгерушісі болып істеген. 1946 жылы оған профессор ғылыми атағы мен филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі беріледі. Сол жылы Қазақстан Ғылым академиясы құрылып, алғашқы 14 академиктің ішінде қазақ ғалымдарынан: М.Әуезов, Ә.Бектұров, А.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Н.Сауранбаев, Қ.Сәтпаевтар сайланған екен. М.Әуезов оның алғашқы президиумының мүшесі болып та сайланады. 1953–1954 ж.ж. Мәскеу мемлекеттік Университетінің КСРО халықтарының әдебиеті кафедрасының профессоры қызметін де істеп қайтқан. 1957 жылы «Қазақ ССР ғылымына еңбек сіңірген қайраткер» атағы берілді. М.Әуезов Одақтық, Республикалық Жазушылар Одағы басқармалар президиумының мүшесі, газет, журналдар редколлегияларының мүшесі, Бейбітшілік қорғау Советтік комитетінің, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар беру жөніндегі комитеттің мүшесі, Азия – Африка елдерімен ынтымақтық Советтік комитеті төрағасының орынбасары, үнді-совет достығы және мәдени байланыстар қоғамы Қазақстандық бөлімінің төрағасы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты (1955 және 1959 ж.ж.) болып сайланады.

Осы жылдары жазушы шығармалары дүниежүзінің отыздан астам басты тілдеріне аударылып, «XX ғасырдың ең үздік шығармаларының бірі» ретінде жоғары бағаланған төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясымен қатар «Өскен өркен» романының алғашқы кітабын, жиырма

шақты драмалық шығармаларын, отыздан астам әңгіме, очерктерін, жүзден астам мақала-зерттеу еңбектерін жазып, әлем әдебиетінің классиктері: В.Шекспир, Л.Толстой, Н.Гоголь, Дж.Лондон, И.Тургенев, Н.Погодин, Л.Афиногенов, К.Треневтердің үздік шығармаларын аударған.

М.Әуезов әдебиет, мәдениет қайраткерлері делегациясы құрамында бұрынғы Одақ елдерінің барлығында дерлік және көптеген шетелдерде өткен келелі жиын, мәжілістерге қатысып, баяндамалар жасап, сөз сөйлеген. 1955 және 1961 жылдары Индияға Халықаралық бейбітшілік қорғау конгресіне, 1955 ж.ж. Берлинге ГДР жазушыларының 4-ші съезіне, 1956 жылы мәдениет қайраткерлері делегациясының құрамында Чехословакияға, 1957 жылы Токиода өткен атом, сутегі қаруларына тиым салу жөніндегі 3 халықаралық конференцияға, 1960 жылы Совет Жазушыларының алғашқы ресми делегациясының құрамында Америка Құрама штаттарына барып қайтты.

М.Әуезов Одақтың өз кезіндегі ең жоғарғы мәртебесі: 1949 жылы I-дәрежелі Сталиндік сыйлығына, 1959 жылы Лениндік сыйлығына ие болды.

Ол Ленин орденімен, екі рет Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, «Құрмет белгісі» орденімен, Ұлы Отан соғысы кезіндегі Еңбектегі ерлігі үшін медалімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамоталарымен, ҚазЦИК-тің «ҚАССР-дің 15 жылдығы» белгісімен әдебиетке сіңірген еңбегі үшін марапатталған.

1961 жылы 27 маусымда жазушы Мәскеуде Кремль ауруханасының Кунцеводағы бөлімінде операция үстінде қаза болып, Алматыға әкеліп жерленді.

Қазақ халқын төрткүл дүниеге танытуға, оның әдебиеті мен мәдениетін әлемдік деңгейге көтеруге өлшеусіз мол үлес қосқан заманымыздың ұлы суреткер жазушысы, кемеңгер ғалымы Мұхтар Әуезовтің творчестволық мұрасының қалың әлеуметке әлі де кеңінен танылмай, жете ашылмай, айтылмай келе жатқан жәйттері баршылық. Олардың сол дер кезінде қолға алынып, өз дәрежесінде сөз болмауының түрлі объективті, субъективті себептерінен оқырман қауым хабардар болар. Енді «ештен кеш жақсы» дегендей, ізін суытып алмай, жедел қарастырар өзекті мәселелер осы төңіректен болуға керек деп білеміз.

Алдымен, М.Әуезовтің 1932 жылға дейінгі негізгі қолжазба, шығармашылық мүлік, мұрасы оның әдеби-мемориалдық мұражайында да, ертеректе біз қарастырған Семей, Ташкент, Алматы, Мәскеу, Петербург архивтерінде де сақталмаған. Олардың ішінде жазушының сол кезеңдегі баспасөз бетінде басылған еңбектерінің қолжазба, материалдарымен қатар еш жерде жарияланып үлгермеген шығармаларының да болғандығы анық. Сондай дүние-мүліктер туралы өзіміз кездестірген бірер мағлұмат, деректерді келтіре кетейік.



Мұхтар Әуезов өзінің творчестволық қаз-қадамын неден, қандай шығармалардан бастады? Бұл, әрине, жай жеңісқойлықтан туып отырған жоқ. Оны анықтап, айырудың әдеби, ғылыми-танымдық маңызы бар екені сөзсіз. Мұхаң да жалпы қазақ қаламгерлерінің көпшілігіне тән мәнер машығы – өлең жазудан бастаған көрінеді. 1953 жылы жазған өмірбаянында: «Первые литературные опыты я начал со стихов, которые не были опубликованы» (36.20) деп мәлімдейді. Кейін-соңы М.Әуезов жазды деген өлеңдердің еш жерде жарияланбағаны белгілі. Солай бола тұрса да оның әйгілі «Айман-Шолпан», «Қара қыпшақ Қобыланды», «Абай», т.б. либретто, музыкалық драмаларынан, сондай-ақ кез-келген прозалық шығармасынан да кеудесіндегі ақындықтың күй сандығының күмбірлеп тұрғандығын ешқандай күмән тудырмаса керек.

Жазушы творчествосының зерек зерттеушісі Тұрсын Жұртбаев «Бесігінді түзе!» атты портрет-эссесінде Мұхтардың құрдасы Адамжанның жұбайы Мәден Түсіпбаеваның бір үзік сырын келтіреді: «Біздің ауылға Мұхтар 1916 жылдары келді... Көбінесе жеке отауда отырып жазу жазатын. Бірде Адамжан мен Смағұлды шақырып алып, жазғанын оқып беріпті. Ол бір күлдіргі оқиғалы сықақ әңгіме болатын. Бұның атын «Маса» деп қоямын, уыты мен сатирасы мол деп Мұхаңның өзі айтып отыратын. Ұлы жазушының алғаш қалам тартқаны сол «Маса» болуы керек. Кейін ешбір жерде жарияланбады. Мен зерттеушілер мен кейінгі ұрпақтың есінде қалсын деп айтып отырмын» (37.129), дейді.

Ал «Еңлік-Кебек» пьесасының 1917 жылы жазылып, Ойқұдық жайлауында Әйгерімнің киіз үйінде қойылғаны оқырманға бұрыннан мәлім. Бірақ бұл шығарма да кейінірек, 1922 жылы жарияланды.

1921 жылы Семейде шығатын «Қазақ тілі» газетінің 26 ақпандағы № 222 санында «Қазақша сауық кеші» деген мақала жарияланып, онда: «12 февральда Алаштағы «Жаңа Семей» (біршама уақыт солай аталған – К.С) халық ағарту «Ес аймақ» ұйымы Затондағы қазақ жұмысшыларына қазақша сауық жасады. Тамашаға жас жазушы Мұхтар Әуезовтің «Ел ағасы» атты нағыз қазақ тұрмысынан алған төрт бөлімді кітабы қойылды. Бұл кітап бұрын дүниеге шықпаған жаңа кітап болғандықтан, біраз сөз айтып кетейік...»,– деп пьесаның мазмұнын қысқаша баяндайды. Міне, сол пьеса кезінде де, кейін- соңы еш жерде жарияланбаған күйі із-түзсіз ғайып болады. Бұған қоса М.Әуезовтің өзі жазған өмірбаяндарының бірінде: «1924 жылы қыс елде тұрып бір роман жазып едім, баспаға шыққан жоқ. Ташкенде тұрғанда бір пьеса жаздым, ол да әлі шыққан жоқ. 26–27-жылы «Сұғанақ сұр» деген повесть жазып едім, баспаға шықпады» (38.8),– деп мәлімдейді.

Көріп отырсыздар, қаншама асыл қазынадан айырылғанбыз. «Ішпеген астың күйігі жаман» демекші, сол күйі хабар-ошарсыз, іздеу-сұраусыз, алаңсыз қол қусырып қалай отыра аламыз?!

Оның үстіне 1992 жылы шыққан Дүкенбай Досжановтың «Абақты»

атты көп құпияның бетін ашатын өте құнды деректі кітабында «М.Әуезовтің істі болуы хақында» деген арнайы тарау беріліп, онда: «Бұл екі кісі туралы (Тынышбаев пен Досмұхамбетовтерді айтып отыр – К. С.) өз бағамды 1926 және 1924 жылдары бергенмін, бірі «Сұғанақ сұр» повесінде, екіншісі Абай өлеңдеріне жазған алғысөзде (бұл екі шығарманы тұтқындалған кезде сіздің адамдар өзге қолжазбамен қосып алған). Байларды кәмпескелеуге қатысты ойымды әлгі повесть пен орыс тілінде жазған либретто арқылы аса маңызды төңкеріс оқиғасы деп анық білдіргенмін. Либретто «Соңғы соққы» деген атпен Шығыс Киносында жатыр. Ол шығармалардан жүріп өткен қат-қабат науқаншылыққа қарсы үн емес, көп болғанда адамдарға аяныш сезімі байқалады (Әуезов М. 12.ХІІ. 1930.(31.11)) – деген жазбаша мәлімдемесі келтірілген. Автор ары қарай жазушының қызы Ләйлә Мұхтарқызының: «Сол заттардан әкем мен шешемнің бірге түскен суретін, бірер кітапты ғана қайтарды.

Ашығына жүгінсек, жазушының 1930 жылға дейінгі қолжазбасының ешқайсысы табылған жоқ, ізінен адасып қалдық» (31.12) – деген естелік сөзін береді. Осы сияқты басқа да дүние-мүліктердің әлі де болуы әбден мүмкін ғой. Олай болмаған күнде де ұлы суреткердің сол 30 жылдарға дейінгі алғашқы баспа бетін көрген шығармаларының қолжазба нұсқаларының өзі де әдебиет, ғылым үшін үлкен шығармашылық лаборатория, шеберлік мектебі болары сөзсіз. Ал осы қымбат рухани қазына қайда қалды екен?! Оларды арнайы іздестіру әлі де кеш емес және ол – ресми орындардың қолға алар жауапты да абыройлы ісі болар еді.

М.Әуезовтің 1932 жылдан бергі кезеңде жазған басты-басты шығармалары негізінен түгелге жуық баспа бетінде жарияланған деуге болады. Қолжазбалары жазушы музейінің архивінде үлкен-үлкен 564 папкіде сақталған. Онда көптеген шығармаларының бірнеше варианттары кездеседі. Сондай-ақ аяқталмай қалған, жоспар, эскиз күйіндегі қолжазбалар да баршылық. «М.О.Әуезовтің қолжазба мұрасы» (Алматы, 1977. 790-б.) атты аса құнды жазушы архивінің ғылыми сипаттамасында көрсетілгендей, кей шығармалардың әртүрлі варианттары мен материалдарынан тыс жазушының әлі де жарияланбаған үлкенді-кішілі шығармаларының ұзын саны елуден асып жығылады екен.

Бір ғана мысал келтіре кетсек, архивте №128 папкінің 9–37-беттерінде «Тұман айығарда» атты романның жоспары, эскиздері сақталған. Оның үзіндісін белгілі ғалым ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Рымғали Нұрғалиев 1966 жылы «Лениншіл жас» газетінің 25–27 қыркүйектегі сандарында жариялап, «көлемі машинкаға басқанда 70 беттей... Роман аяқталмаған. Бірақ шығарма эскизінің өзі көркем, қызықты» – деп жазған болатын.

Міне, осы сияқты баспа бетін көрмеген шығармалар келешекте жарияланса, олардың әдебиет, ғылым, жалпы әлеумет, оқырман қауым үшін де маңыз-мәні өте жоғары болары сөзсіз.



М.Әуезовтің алғашқы баспа бетінде жарияланған шығармасы ретінде соңғы жылдарға дейін «Сары Арқа» газетінің 1917 жылғы 5 сентябрьдегі №12 санындағы «Адамдық негізі – әйел» мақаласын атап келген едік. Оның негізгі себебі, бір жағынан, жазушының өзі ілгеріректе жазған өмірбаянында («Өз жайымнан мағлұмат»): «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталды. Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сары Арқа» газетінде: «Адамдық негізі – әйел» деген нәрсе еді» (38.7), – деп жазғандығы болса, екінші жағынан, одан жарты жыл бұрын Ташкенде шығып тұрған «Алаш» газетінің 1917 жылғы 30 марттағы №16 санында жарияланған «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаланы Жүсіпбек Аймауытовпен бірге жазғандығы еді. 1928 жылы түрмеге жабылған асыл азаматтың атын кезінде атаудың өзі ақыр заман болғандығы белгілі ғой. Неге екені мәлімсіз, бұл мақаланы өзі жазған өмірбаянында Ж.Аймауытов та атамапты, «Ең алғаш баспа жүзіне шыққан сөздерім – 1917 жылғы «Сары Арқада» («Бес арыс», А., 1992, 379-б.) – деп жазады. Ал «Сары Арқа» газеті сол жылы маусым айынан бастап шыққан. Ол мақаланы 60-жылдардың соңында тәуекелге салып, бірақ кіммен бірге жазылғанын көрсетпей, «Мұхтар Әуезовтің әдеби-сын мұрасы» атты диссертациялық жұмысымыз бен оның авторефератында арнайы атап, талдау жасаған едік. Ал, кейінірек, заман өзгеріп, заң түзелген кезде, 1990 жылы «Лениншіл жас» газетінің 27 шілдедегі санында, «Жібек жолы» журналының № 3 санында жариялағанбыз.

Осы тұста ескерте кеткен жөн болар деп ойлаймыз, қазақ мәдениетінің тарихына айтулы үлес қосқан ғалым Үшкүлтай Субханбердина «Қазақ, Алаш. Сары Арқа» атты мазмұндалған библиографиялық көрсеткішінде (Алматы «Ғылым», 1993 ж. 110-б.) «Қазақ» газетінде 1915 жылы «М» деп қол қойылған үш мақаланы М.Әуезовтікі емес пе екен деп болжам жасап, көрсеткен екен (39.110). Жалпы оған келешек зерттеушілердің қаперінде болып назар аударғаны артықтық етпейді. Дегенмен, біздің ойымызша, ол болжамның жөні келінкіремейтін сияқты.

Әзірге басы ашық мәселе – жоғарыда аталған «Қазақтың өзгеше мінездері» атты «Семей семинариясында оқитын Аймауытов һәм Әуезов» деп қол қойылған мақала жазушының баспа бетін көрген тұңғыш туындысы екендігі. Одан кейінгі жарияланған «Адамдық негізі – әйел» атты мақаланы да автор жеке өзі жазбай, Тұрағұл Абайұлымен бірге жазғандығын да айта кетуіміз керек. Ол туралы М.Әуезовтің өзі жоғарыда келтірілген өмірбаянында: «Бұл, анығында, менің жалғыз өзімдікі емес, Тұраш екеуміздікі болатын... Мақаланы бергенімізде ешқайсымыздың қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласы ма, болмаса Әлімбаев пе, біреуі, мен әкеп берген соң «Семинарист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті» (40.7) – деп мәлімдейді.

Осы 1917–18 жылдары М.Әуезовтің газет, журнал беттерінде

жиырмаға тарта мақалалары жарық көріпті. Әуелгі жылы жоғарыда аталған екі мақаладан басқа Семейде шығатын «Сары Арқа» газетінде: «Оқудағы құрбыларыма» (1917. 14сентябрь), «Қайсысын қолданамыз?» (1917.19 сентябрь) деген мақалалары басылды. Ал 1918 жылы жазушының бір «Абай» журналының өзінде 15 мақала, еңбектері жарияланған екен.

Болашақ «Абайтану» ілімінің іргетасын қаласып, негізін салған зерттеуші ғалым-академик, ұлы ақын туралы көркем туындылардың галереясын жасап, бүкіл әлемге «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» ретінде танылған «Абай жолы» роман-эпопеясын жазған ұлы суреткер М.Әуезовтің өзіндік қолтаңбасының, әдеби, ғылыми ой-сана, танымының қалыптасуына үлкен тәжірибелік, тәлімдік қызмет атқарған осы «Абай» журналына жазушының тікелей ат салысып, атқарған еңбегіне арнайы тоқталу қажет деп білеміз. М.Әуезов журналды ұйымдастырушы, шығарушылардың, соның ішінде негізгі екеудің бірі болған. Журналға шығарушы редактор ретінде Мұхтардан бес жас үлкендігі бар Жүсіпбек Аймауытов қол қойғанмен, олардың бірлесіп, жұп жазбай еңбек еткенін журналды оқып қараған кісі бірден аңғаруына болады.

Журналдың алғашқы саны 1918 жылы 4 февраль күні шыққан болса, одан біраз уақыт бұрын, яғни 1917 жылы желтоқсан айында «Сары Арқа» газетінің № 26 санында мынадай жарнама жарияланған екен: «Абай» атты қазақша ғылыми, әдеби, шаруашылық журналына жазылу ашылды. Журналдың жобасы кең, жазушылары сай, нағыз қазақ тілінде, ай сайын екі рет шығады. Ылғи жазып тұрушылар: Мінән Тұрғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, Сәбит Дөнентаев, Сейітбаттал Мұстафин» деп, журналдың адресін көрсеткен.

Ж.Аймауытов алғашқы сандағы «Журнал туралы» атты мақаласында да шығарушы 5-6 жігіт екенін көрсетеді. Солардың ішінде Жүсіпбек пен Мұхтардың творчестволық ынтымағының бөлекше, өте тығыз болғандығын айқындайтын мағлұматтар жиі кездеседі. Екеуі семинария қабырғасында қатар оқи жүріп, М.Әуезовтің тұңғыш баспа бетін көрген «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаланы бірге жазғандығы, «Абай» журналында бірнеше мақалаларды бірлесіп жазып, «Екеу» деген бүркеніш атпен жариялағаны, семинарияны бітірген соң да Семей губревкомында тізе қосып қатар қызмет атқарғандары осыған айқын дәлел бола алса керек.

Ендігі бір мәселе: М.Әуезов осы журнал шығып тұрған 1918 жылы қайда болды, не шаруамен айналысты деген сауалдың да басын аша кету қажет сияқты.

Жазушы сол ертерек кезеңде өз қолымен толтырылған жеке іс қағаздарында «Абай» журналындағы қызметі жөнінде ешнәрсе айтпайды. 1919 ж. 19. XI. күні толтырылған анкеталық сұрақтарға: 14. Какие должности занимали или где работали до 1914 г, с 1914 г. по февраль 1917 г.– **учился**. 15. Где работали с февраля 1917 г. до октября





**учился.** 16. Где работали после октябрьской революции: а) до мая 1918 г. – **нигде.** 17. Где работали с мая 1918 г. по август 1919 г.– **нигде.** 18. С какого времени проживаете в Семипалатинске: а) с какими перерывами и куда уезжали: – **с 1909 года. Каждый год ездил на каникулы.**

М.Әуезовтің «Абай» журналындағы қызметі туралы ертеректе еске алмауының себебі кезінде журналға да саяси айып тағылып, оны «Семейдегі Алаш-орда облыстық комитетінің тілі» болды, сол арқылы М.Әуезов кенеске қарсы науқан жүргізді деген сияқты пікірлер өріс алған еді (41.228). (Қайып-Назар ұлы Мұстафа «Қазақ пролетариат әдебиетінің жай-күйі мен алдағы міндеттері». I-ҚазАПП съезінде жасаған баяндамасы. «Қазақстан» баспасы 1932 жылы, 6–8-бет).

Кейінірек, 1953ж., жазған өмірбаянында жазушы: «Обучаясь в учительской семинарии в 1918–19 гг., я сотрудничал в журнале «Абай», издавшемся на средств алашского кредитного товарищества силами учащейся молодежи. Общественно-литературный журнал «Абай» не был органом правительства Алаш-орды, но имел в основе культурно-просветительной программы националистическую направленность. В нем сотрудничали молодые литераторы и учителя, здесь не сотрудничал ни один из видных деятелей, публицистов, литераторов, членов «Алаш-орды». Являясь членом редколлегии, я никогда не был редактором журнала «Абай» (42.6-8),– деп жазады. Ұлы суреткер бұл жерде де бойына біткен тектілік, парасаттылық қасиетімен ешнәрсені де қосып-алып, жалтарып отырған жоқ. Қайбір нәрсенің болмасын, айтылатын, айтылмайтын орны, жөні, жосығы бар. Өмір бойы төбесінен арылмаған қауып-қатердің қара бұлтының сол жылдары жазушының басына қоюлана қайта түнергенін ескерсек, жоғарыда келтірілген жолдардың әуез-мақамын айқынырақ айыруға болатын сияқты.

Сонымен, қалай болғанда, М.Әуезовтің «Абай» журналының шығуына да, оның бастан-аяқ барлық жұмысына айрықша құлшынып ат салысқанына және оның келешек суреткерлік, ойшылдық еңбек жолында творчестволық қаз-қадамының, әлеуметтік көзқарас танымының қалыптасуына үлкен тағлымдық мектеп болғандығы ешқандай күмән тудырмайды.

Журналдың біз қарастырып өткен санының әрқайсысында дерлік жазушының 1–2-ден шығармалары үзбей жарияланып тұрған екен:

№ 1. «Ғылым» (4-5-б.). «Будда» (аударма Толстойдан) (7-9-б.).

№ 2. «Абайдың өнері һәм қызметі» (1-3-б.). («Екеу» деп қол қойған Ж.Аймауытовпен бірге), «Қазақ ішіндегі партия неден?» (3-5-б.), «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» (9-10-б.).

№ 3. «Философия жайынан» (6-8-б.).

№ 4. «Жапония» (10-11-б. Жалғасы бар).

№ 5. «Абайдан соңғы ақындар» (1-6-б. «Екеу»), «Жапония» (14-16-б.).

№ 6. «Бірінші жалпы жастар съезі» (3-4-б), «Жастар ұйымдарына ашық хат» (4-6-б).

№ 7. «Ғылым тілі» (Научный термин) (4-7-б).

№ 8. «Қазақ әйелі» (6-8-б).

№ 10. «Мәдениет һәм ұлт» (1-5-б), «Земство һәм кооператив қауымдары» (9-12-б).

№ 11. «Оқу ісі» (5-9-б).

Міне, бұлар қолымызға түскен журнал сандарындағы жазушының өз атынан жариялаған шығармалары. Ал ел ішінен жинап әкеліп, журналға арнап әзірлеген, басқалардың атынан немесе авторсыз шығарған материалдар қаншама? Олардың бәрін анықтап, айғақтап жату әзірше өте қиын.

Осы шығармалардан М.Әуезовтің кейінгі шыққан жинақтарына: «Философия жайынан», «Ғылым тілі», «Оқу ісі» мақалалары мен «Будда» аудармасы ғана енді, ал басқаларын баспа мен цензура жібермей қойған. Оның негізгі себебі кезінде кеңестік идеологияның қырына ілініп қалмасак деген шектен тыс секемшілдік пен сауысқан сақтықтан болып отырғандығы өзінен-өзі түсінікті ғой. Ендігі жерде ол шығармаларды жеке-жарым артық-кем айтылған тұстары бола қалғанның өзінде қалың оқырманға ұсынып, жұртшылықтың игілігіне айналдыру әрі қарыз, әрі парыз болары сөзсіз.

М.Әуезовтің осы 1917–18 жылдары жазған мақалаларының барлығы дерлік, тақырып атауларынан-ақ байқалып тұрғандай, ауыл үй арасының жай уақ-түйек шаруаларын емес, сол кезеңнің негізгі көкейкесті ірі қоғамдық-әлеуметтік мәселелерін сөз етеді. Мұның да өзіндік заңдылығы бар. Өйткені, кім де кім болмасын өз дәуірінің, өз өскен ортасының перзенті. Осы ғасырымыздың бастапқы жылдарында бүкіл әлемде, Ресейде болып жатқан өзгеріс, ауыртпалықтарға сәйкес қазақ халқының да тұрмыс халінің ауырлай түсіп, ел азаматтарының қыспақтан жол іздеп, сана-сезімінің ояна бастаған кезеңінде, тумысынан артықша жаратылған жас шәкірттің әуел бастан-ақ өз дәуіріне үн қосып, халқының мұң-мүддесін тереңінен толғағанына таңданудың жөні жоқ.

«Қазақтың өзгеше мінездері» атты алғашқы мақала: «Қазақтағы неше түрлі болып тұрған ауыр халдердің түпкі негізі, тамыры қайдан тарап, бұл күйге ұшырағанды ешкім қолға алып, мағбұғат жүзінде қозғап көрген жоқ. Соның үшін бұл терең сауалды жұрттың есіне салып, жүректі қыздыруға сөз бастап отырмыз» (43), – деп басталады.

Әрине, халық тағдырына ғасырлар бойы арылмай, етген өтіп, сүйекке сіңіп қалған түрлі ауыртпалықтардың себебі мен одан дереу құлан-таза сауығудың жолын бір сөзбен, бір, не бірнеше мақалада бірден тауып беру мүмкін болмаған, әлі тани алмай келе жатқанымыз сондықтан. Қоғам өмірінің дамуы спирал өрімі секілді өсімімен оратыла қайталанып келіп отырады десек, біз қазіргі күні осы үстіміздегі ғасырдың бастапқы



кезендегідей «еліміз қандай бағыт жолмен көшіп, өркен жая алады» – деген гамлеттік сұрақпен бетпе-бет қайта бір қабысып тоқайласқан сияқтымыз. Олай болса, жас қаламгердің сол кездің өзінде-ақ ұсынып отырған ой-пікірлері күні бүгінге дейін өз құнын, мәнін жоғалтпай, кәдеге асатыны күмәнсіз.

Мақалада қазақ арасында өрістей түскен «ұйымсыздық, күндестік, парақорлық, партия, әділетсіз билік, әйелдің жолы деген сияқты» кемшіліктер аталып, қатты сынға алынады. Ал енді осы ауыртпалықтардан құтылудың бір жолы ретінде авторлар: «Халықтың өзіне айтып мінезін түзеу қолымыздан келмейді. Жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз – оқығандарда. Оқығандар ендігі жас балаларды өздері үлгі болып, надандықтан шығарып, адамшылықтың жарық жағына сүйреуге міндетті» (44), дейді.

Осы ой-пікірін М.Әуезов келесі мақалаларында жалғастырып дамыта түскен. «Адамдық негізі – әйел» атты екінші мақаласында сол кезеңде қазақ әдебиетінде жаңадан туып жатқан роман, повесть, әңгімелерде, пьесаларда үзбей жазылып, жапа тармағай сөз болып келген әйел теңдігі мәселесін автор үлкен әлеуметтік, ғылыми-философиялық тұрғыдан талдап тануға ұмтылған. Ағартушы-демократтық көзқарасты ұстанған ойшыл жас қоғамдық дамудың басты тетігінің бірі халықтың адамгершілік құлқы, сана-сезім, білім дәрежесіне тікелей байланысты деп түсінеді. Соған сәйкес мақалада автор қоғамды ілгері жылжытудағы, яғни, адамның мінез-құлық, ой-санасын тәрбиелеп өсіру жолында әйелдің атқарар қызметіне ерекше мән берген: «Адам баласы тағы болып, еркегі хайуандық дәрежеде жүргенде әйелден бала туып, ол балалардың бәрі де жастық, қорғансыздықтан анасының айналасына үйіріліп, үй-ішінің бірлігін, одан туысқандық ұйымын кіргізген. Бұған қарағанда адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақшиеті (прогресі деген мағынада – К.С.) әйел халіне жалғасады. Сол себепті, әйелдің басындағы сасық тұман айықпай, халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ, мешел болып қалам демесең, тағлімінді, бесігіңді түзе! Оны түзеймін десең, әйелдің халін түзе» (44),– деп жазады.

Келесі мақала еңбектерінде М.Әуезов қоғам өмірінің, халықтың тұрмыс халінің ілгері дамуының негізгі бір жолы алдыңғы қатарлы елдердің үлгісімен ғылымды, мәдениетті үйреніп, игеру қажет деп біледі. «Ғылым» атты мақалада автор адам баласының алғаш жаратылып, өмір кешіп, өсіп-өрлеу жолында біртіндеп сана-сезімінің, ақыл- ойының, ғылым-білімнің туып қалыптастыру сатыларын саралап, шолу жасаудан бастайды. Яғни, ол, бір жағынан, мәдениеттің, ғылым түрлерінің күнделік тұрмыстық қажеттен туып, жетілгенін, сондықтан да өз кезегінде сол ғылым-білімнің адам баласының тұрмыс-тіршілігін жеңілдетіп, өсіріп дамытуға қызмет ететіндігін Америка сияқты өркен жайған елдерді

мысалға ала отырып дәлелдейді: «Ғылымның артынан еріп, көрсеткен жолымен жүрген – бұл күнде өмірдің төрінде» деп оны жете игеріп, дұрыс жолмен пайдалану қажеттігін, «адамдық, ақтық мақсатқа жұмсау» жөнінде өз пікірі байламын ұсынады.

«Абай» журналының 2 және 3-сандарында жарияланған «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» атты мақалалар да бірімен бірі жұптасып, септесіп, осы әлеуметтік мәселелерді зерделей түсуге арналған. Алғашқысында: «Әрбір халықтың өзгеден өзгеше халықтығында екі түрлі шарт бар. Бірі – сол халықтың кәсібі, екіншісі – жұрт билеу тәртібі. Осы екі шарт қазақ өмірінде қандай түрлерде? Тексеріп көрейік» (45) – деп, қазақтың тұтынып жүрген көшпелі мал бағу кәсібінің, оның мінез-құлық, психологиясына, сол арқылы тұрмыс-тіршілігіне; жұрт билеу тәртібіне, яғни, қоғамдық құрылысына тигізіп отырған көп зиянды ықпал-әсерін, жікшілдік, рушылдық, партия құмарлық сияқты бойға сіңген кесел кемшіліктердің себеп-салдарын ашып көрсетеді. Осындай қоғамдық, әлеуметтік қатынастардың материалдық, экономикалық жағдаяттарға байланысты туындайтынын да дұрыс тани алған.

Екінші мақаласында автор адам баласының әуел бастан тұтынып келген негізгі кәсіптерін тізіп, олардың әрқайсысының өзіндік артықшылығына ыңғай-икеміне қарай саралап береді.

Үстіміздегі ғасырдың басында қазақ зиялылары, көзі ашық оқығандары «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналында халық тағдырының жай-күйі, келешек бағыт беті, өсу өрісі жайлы ой қозғаған мақала еңбектерінде осы тұрмыстық кәсіп жайлы түрлі пікір ұсыныстар айтқан болатын.

Алғыр да албырт М.Әуезов өз мақаласында осы толғақты мәселені көтеріп, қазақтың көшпелі малшылық кәсібінің өркениет, мәдениет жолына етене жанаса бермейтінін, ондай кәсіпті тұтынған халықтың ғылым-білімге тез арада түсініп, еліге қоюының қиын болатынын ашып айтады. Адам баласы тұтынып жүрген кәсіптердің ішінде ғылым жолына ең жақын, өкшесін басып келе жатқан және «түрден түр табатын ұзақ өмірлі кәсіп» отырықшы егіншілік екенін тұрмыстық және ғылыми тұжырым тұрғыдан дәлелдеп беріп, соған үндейді. Солай ете тұра автор ата-бабамыздың ғасырлар бойы тұтынып келген мал бағу кәсібін мүлде мансұқ етпейтін де тәрізді: «Бұл турада мал бағып жүріп ғылымды ел болған Швейцария, Голландия мысал болуға келмейді. Олар нағыз мал баққанды кәсіп қылған көшпелі ел емес. Егер мал баққан ел ғылымға түсінсе, басқа кәсіппен жүріп түсінген жұрттан ақыл, сезім жолында артық болады. Себебі, бұлардың рухы күшті, дүниенің сырынан жүрегіне жиылған әсері көп деген Европа ғалымдарының сөзі бар» (46.3) – дейді. Яғни, ол малшылықтан мүлде ара тұра ат-тонын алып қашпайды, бірақ көшпенділікке қарсы. Сонан соң байқайсыз ба, жас қалам қайраткерінің сол жылдары әлі оқып-тоқып, көріп-білгені оншалықты көп емес кездің



өзінде-ақ, айтқан ой толғамдарында соншама зерделілік, көрегендік жатқан сияқты ғой.

Енді осы жерде және бір айтпай кетуге болмайтын жайт – бұл мақаласының соңында М.Әуезов: «Ақыры бұл кәсіптердің бәрін қарап келгенде мінезге, мәдениеттің күшеюіне біздің кәсібімізден қолайсыз кәсіп жоқ. Мұның біздің сүйегімізге сіңірген бірталай мінез таңбасы көп жерге барады. Енді ол таңбаны кетірсе, не өзгерген отырықшылық секілді кәсіп түрі жоғалтады, не соғыс жоғалтады. Соғыс болса, әлде уақыт толқынымен денедегі арам еттің арасына тарап, жоғалып кеткен жауынгерлік, қайраттылық қаны қайта жүрекке жиналып қазақ жұртын бір қилыға мінгізер» (46.9), – деген болжам айтады. Сонда бұл арада автордың айтып отырғаны қай соғыс, қандай соғыс болды екен. Әрине, қандай болғанда да соғыс – нағыз халықтық прогресс жолына әрқашан жат. Ол туралы 1917 жылы жазған «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласында М.Әуезовтің өзі де: «...адамгершілік құлқы еспеген соң жақсылықтың бәрі жамандыққа айналып, бар дүниедегі маңдай басы елдердің үш жылдай адамның көзінің жасы мен қанынан дария ағызып жатқанын...» (47) айыптап, соғыстың адамгершілік жолына мүлде жанаспайтындығын ашып айтады. Бұл мақаласында да автор ешқандай бір нақты соғысты ұсынып үндеп отырған жоқ. Мақаланың ұзына бойында адам баласы тұтынып жүрген кәсіптерді және олардың мінез-құлық, сана-сезімге тигізер әсерін сөз ете келіп, қорытындысына автор қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып қалған тұрмыс қалпын, соған сәйкес өн бойына әбден сүңгіп сіңіп кеткен мінез-құлық, ой-санасын өзгертіп, өсіру үшін көшпенділіктен отырықшылық кәсіп түріне ауысу керек, әйтпеген жағдайда халықты үлкен ауыртпалығымен дүр сілкіндірерлік күрделі құбылыс, үрдіс қозғалыс қана өзгертуі мүмкін деген тұрғыда «соғысты» атап отыр.

Автордың бұл ойы теориялық планда К.Маркс пен Ф.Энгельстің «Неміс идеологиясы» атты еңбегіндегі «Как для массового порождения этого коммунистического сознания, так и для достижения самой цели необходимо массовое изменение людей, которое возможно только в практическом движении – в революции, следовательно революция необходимо не только потому, что никаким иным способом невозможно свергнуть господствующий класс, но и потому, что свергающий класс только в революции может избавиться от всей старой мерзости и стать способным создать новое общество» (48.70), деген пікірімен орайлас келіп тұрғаны анық.

Біз, әрине, қазір революция, коммунистік идея атаулыдан әбден жүрек шайлығып, ығыр болған кезіміз. Солай болғанның өзінде, ұлы ойшылдардың еңбектерімен келіспеген күннің өзінде оларды ғылыми тұрғыдан мүлде теріске шығарып, мансұқ ете алмасақ керек. Семинария шәкірті М.Әуезов сол жылдары әлем пролетариаты көсемдерінің

идеяларымен таныс бола қоймаған да шығар. Дегенмен, соңғы төрт жыл бойына дүниежүзілік соғыс толастамай, Ресейдің өзінде бір революция екінші революцияға жалғасып, елде азамат соғысы етек алып, дүниенің астан-кестені шығып жатқан кезде сезімтал албырт қаламгердің әлгіндей пікірге келуін дереу әбестікке жори салмай, оны табиғи тұрғыда түсіністікпен қабылдағанымыз мақұл. Сол кездерде әрбір сөзге күдікпен қарап, астар іздегендерге ненің болмасын өңін айналдырып ала салу оңай болды ғой. М.Әуезов сияқты ұлы суреткердің өзіне көп жылдар бойы қырсық болып жабысып, бағын байлап жүйкесін тоздыруға себеп болған осы сияқты бірен-саран пікірлер болғаны анық.

Тіпті, жазушының өзі қайтыс болғаннан кейінгі, күні кешеге дейін 12 томдық, 20 томдық шығармалар жинағының өзіне енгізбек болғанымызда баспа қызметкерлері теріліп, басылып қойған томдарды кесіп қырқып, қаншама әуре-сарсаңға салғанын қайтесіз. Міне, осындай себептермен жоғарыда аталған мақалалар әлі күнге қалың оқырман қауымның игілігіне айнала алмай келген еді.

«Ғылым тілі» (научный термин) атты келесі мақаласында М.Әуезов халықты білім жолына ілгерілетудің, ағартудың нақты мәселелерін арнайы сөз етеді. 1917 жылы жазылған «Қайсысын қолданамыз?» деген мақалада автор қазақ мектептерінде оқудың біркелкі жалпыға ортақ бір қалыпқа түспей келе жатқандығын, оның оқу ісіне, жалпы ғылым-білімнің таралуына көп нұқсан келтіріп отырғанын қынжыла атап көрсеткен еді. Мақала: «...Осы туралы орысша оқыған өз машығына, мұсылманша оқыған өз машығына тартпай, дәлелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтың өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керек. Сонан соң не мұсылманша оқығандар болып, не орысша оқығандар болып бір жағынан елігіп, белгілі бір жолға түселік» (49.10),– деп мәселені нақтылай қойып, көпке ой тастап, пікір алысуға шақырады. Кейінгі мақалада М.Әуезов халықтың сусап отырған рухани қажеті – оқу-білімді таратудың негізгі тетігі – ғылыми терминнің мән-жайын жан-жақты сөз етеді. Мұнда жас шәкірттің бойындағы қырағы көрегендік пен кең құлаш білімдарлықтың шамырқанған қайнар бұлағы айқын байқалғандай. Осы толғақты мәселенің өз кезінде қаншалық маңызды екендігін, оның халық тұрмыс тіршілігі мен мәдениетін, жалпы қоғам өмірін дамытуға шешуші ықпал жасайтын қызметін автор әлемдегі басқа елдердің өсу сатыларын мысалға алып, саралай отырып дәлелдейді. Жазушы қазіргі өнер, ғылымдағы басты жаңалықтардың европа елдерінде өркендеп жатқандығын, ол жаңалық қай елде шықса, сол елдің тілінде таралағындығын ескерте келіп, біздің дін мұсылман туыстарымыздың өздерінің «Европаның дастарқанының шетінен орын алып отырғанын» айтады. «...Мәдениеттің кіндігі болған жерге тура тартпай, өзіміздің қалпымыздағы түрікті өткел қылғаннан гөрі...» заманның өзі көрсетіп отырған дәлелге мойынсұну керек» (49.13),




деген пікір тұжырымын ұсынады. Мұны автордың билеуші елдің ығына жығылып, саясат ыңғайынан емес, ғылыми тұрғыдан айтып отырғаны талассыз болса керек.

М.Әуезов бұл ой-пікірлерін «Оқу ісі», «Земство һәм кооператив қауымдары» атты мақалаларында ары қарай жалғастырып, қазақ жағдайына сәйкес нақтылай түседі. Ал «Философия жайынан», «Мәдениет һәм ұлт» деген мақалаларында ғылымның жеке түрлерін саралап олардың зерттеу объектісі, салалары, бір-бірімен, жалпы өмірмен байланысы, ара қатынасы жайлы шын мәніндегі ғылыми түсінік берсе, журналдың екі санына жалғасын жарияланған «Жапония» атты көлемді мақаласында жапон елінің тынымсыз ізденісімен, жанкешті еңбеккештігімен ғылым-білімді терең игеріп жедел дамыту арқасында аз уақыттың ішінде дүниедегі алдыңғы қатарлы елдердің деңгейіне жету тәжірибесін үлгі етіп ұсынады.

Журналдың 6-санында М.Әуезовтің «Бірінші жалпы жастар съезі» және «Жастар ұйымдарына ашық хат» деген екі мақаласы жарияланды. Бұл мақалада автордың өзі қатысуымен 1918 жылы 5–13 мамырда Омбы қаласында өткен «Жалпы қазақ жастарының съезі» туралы есеп-хабар түрінде жазылған. Алғашқы мақалада съездің жай-жапсары, кімдердің қатысып, қандай мәселелер талқыланғаны қысқаша хабарланса, екіншісінде сол қаралған мәселелер бойынша жасалған жобаның жалпы мазмұны баяндалады. Ол съездің және соның қаулысымен құрылған «Жас азамат» ұйымының ұлтшылдық, алашордашыл бағытта болғанын С.Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» мемуар-романында жазған болатын. Ал жоғарыда аталған Мұстафа Қайып-Назар ұлының ҚазАПП съезіндегі баяндамасында нағыз әпербақан у-сойкы сынға негіз болған еді. Жалпы М.Әуезовтің 1930 жылдың 1-қазанынан 1932 жылдың 7 мамырына дейінгі аралықта қамау-қапаста отырып шығуына да алғашқы осы съезд бен сол туралы мақалалары да себепші болса керек. Сондықтан да жазушының өзі 1953 жылғы автобиографиясында: «В 1918 г. будучи представителем культурно-просветительского молодежного кружка «Жанар», я участвовал на совещании казахской молодежи, представителей 10–12 кружков, в г. Омске. Я председательствовал на этом совещании, но не вошел в состав избранного комитета, уехал к себе в Семипалатинск. Программа молодежной организации «Жас азамат», объединившей представленные кружки, был в основе сходной с программой националистической партии «Алаш-Орды» (50.55) – деп жазуға мәжбүр болған.

Сонымен, тұжырымдай келсек, жоғарыда қарастырып өткен мақалалар ойшыл суреткердің келешек үлкен өнер-ғылым жолына қадам басуының алғашқы бел-белестері ретінде оның өсіп жетілу, қалыптасу кезеңдерінен мол мағлұматтар беріп қана қоймай, бүгінгі күннің, қазіргі тәуелсіз еліміздің ең толғақты көкейкесті мәселелерімен де тікелей үндесіп, үйлесіп тұрғандай.



## II ТАРАУ

### ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ІЗДЕНІСТЕР

Жалпы өмірдегі, қоғамдағы түрлі болмыс, құбылыстардың бір-бірімен тығыз байланысып, сабақтасып жатқаны сияқты бір творчестволық тұлғаның түрлі саладағы іс-әрекеті, еңбек табыстары, жалпы болмыс-бітімі бірімен-бірі қабысып, біте қайнасып, тұтасып жатады. Бір адамның бойында, сырттай қарағанда, бір-бірінен алшақ бейімнің, саланың басын қосарлық жан-жақты қабілет, қасиеті де болады. Олардың бұр жарып ашылуына, аршылуына түрлі объективті, субъективті жағдайлардың себебі, септігі тиеді, әрине. Үстіміздегі ғасырдың басында қазақ халқы үздіксіз үрдіс ізденісте, жапа-тармағай талпынып, ұмтылыс іс-әрекетінде болды. Қашан да қоғамдық-әлеуметтік көш-көліктің басы-қасында зиялы оқығандар, қалам қайраткерлері жүрген ғой. Осы жөнінде Әбділда Тәжібаев: «Бізге бәрін істеу керек,— дейтін Сәкен. Бұған Бейімбет, Сәбит, Илиястар жақсы түсінетін. Олар да бәрін істейтін. Қазақстанға театр керек. Пьеса қайда? Жазушыда Сәкен мен Бейімбет отыра қалып, өлеңнен драмаға ауысады. Өйткені пьесасыз театр жоқ... Роман жазу үшін туған Мұхтар қаршадайынан қазақ әдебиетінің ғалымына айналды: үйде отырып әдебиет тарихын зерттейді, институтқа барып сабақ береді. Өйткені «бәрін істеу керек» (51.3-4),— деп қисындатады.

Қашан да адамды алыпты заман тудырады десек, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының басынан өткерген сан қилы тағдыр тауқыметі өзінің көп қырлы, кең ауқымды кемегер перзенттерін де дүниеге алып келген екен.

Мұхтар Әуезов те – өз заманының бел баласы. Ол өзі өсіп қалыптаса бастаған уақыттың талабына, халықтың тағдыр талайына қажетті еңбектің барлық саласына етене араласып, белсене қызмет атқару міндетін жан-тәнімен терең ұғына білді. Творчестволық еңбекке алғаш араласқаннан бастап ел ортасының күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қатысты, келешек өсіп өркендеуіне байланысты қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге арналған өткір ойлы, терең толғамды ғылыми-публицистикалық мақала, еңбектер жазып, қазақтың алғашқы баспасөз орындарында, оқу-ағарту саласында аянбай еңбек етіп, жастайынан ірі мемлекеттік ауқымдағы облыстық атқару комитетінің төрағасы, КазЦИК-тің президиум мүшесі, саяси





хатшысы сияқты жауапты қызметтер атқарып, кейінірек халықаралық дәрежедегі Бейбітшілікті қорғау комитетінің, Азия, Африка елдері ынтымақтастығы комитетінің, Жазушылар ұйымдарының президиум мүшесі, Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты, т. с. с. мемлекеттік және қоғамдық жұмыстарға атсалысқаны белгілі.

Ол – өзінің қаламалды көркем туындылары – европалық прозаның деңгейіндегі әңгіме, повестерімен, «Абай жолы» роман-эпопеясымен қазақ әдебиетін дүниежүзілік биік тұғырға көтерген үздік суреткер, қазақ драматургиясының іргетасын қаласып, шаңырағын биіктеткен тұңғыш та, тұлғалы драматург, қазақ оқырмандарын әлем әдебиетінің: В. Шекспир, Л. Толстой, Дж. Лондон, Н. Гоголь, И.Тургенев, Н. Погодин сынды классиктерінің туындыларымен таныстырып, табыстырған шебер аудармашы да. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтап, жүйелеген, қазақ әдебиеті тарихының, Абайдың өмірі мен творчествосының, туыстас халықтар әдебиетінің өзара байланысы мәселелерін жан-жақты түбегейлі терең зерттеген, әдебиет пен өнердің түрлі теориялық проблемаларын, өсу-өркендеу жолдарын, әдеби процестің жеке құбылыстарын жете бағалап, саралаушы ғұлама ғалым, талғампаз сыншы. Ол – ауыл мектептерінен бастап, алғашқы педтехникум, партия мектебі, қазақтың оқу-ағарту институттары мен Университеті, Мәскеу мемлекеттік университеті сияқты үлкен оқу орындарында дәріс беріп, оқулықтар жазған ұлағатты ұстаз да болған.

Міне, осының барлығы да бір кісінің бойына жинақталып, оның кең ауқымды творчестволық тұлғасын толықтырып, молықтырып тұрғандай. Екінші жағынан, бұл М. Әуезов сияқты көп бейімді қалам қайраткерінің бойындағы асыл қазынаның, абзал қасиеттің әртүрлі қырынан көрінуі деп те түсінуге керек. Өйткені, шын мәніндегі суреткерлік – ойшылдық, ғалымдықпен де біте қайнасын жатады. Олай болса, ол әрі қайраткерлік деген ұғымды да қамтиды.

Абай жайлы роман-эпопеяның алғашқы екі кітабы жарық көріп, 1-дәрежелі Сталиндік сыйлыққа ие болғанда қазақ ғалымдарының көш басшысы академик Қаныш Сәтпаев оны «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің өмір тіршілігі мен болмыс-тұрмысын бар қырынан жан-жақты суреттейтін шын мәніндегі энциклопедия» деп бағалай келіп, «Қазақ халқының өткенін зерттегісі келетін ғалымның бірде-бірі бұл кітапты жанап өте алмайды, ғалым-филолог одан фольклордың бай материалдарына қанығумен қоса қазақ әдеби тілінің қаз басуы мен қалыптасуын көреді; ғалым-этнограф қазір көне заманмен қоса көнерген небір тұрмыстық белгілер мен өмір құбылыстарын біледі, ғалым-юристер шарифаттан бастап, билер кесіміне шейінгі даланың заң жобаларынан бағалы мағлұматтар жинайды» (52.129),– деген салмақты да салихалы пікірін айтқан болатын.

Жазушының өзі де 1951 жылы Қ. Мұхаметханов диссертация қорғаған Ғылыми кеңес мәжілісінде сөйлеген сөзінде: «Ведь роман «Абай» – это наполовину итог научно-исследовательской работы многих лет» (53) дейді.

Бұл – әрине, ешқандай күмән тудырмайтын шындық. Дегенмен, жазушы, суреткерлердің ішінде көркем туындыларымен қатар ғылыми-сын еңбектерді арнайы жазатыны бар, жазбайтындары да бар. Барлығына бір өлшеммен келуге және болмайды.

М. Әуезов болса, қолына алғаш қалам алған күннен бастап, өмірінің соңына дейін үзбей әдеби-сын, ғылыми еңбектер жазып, өмір бойы негізінен оқу-ағарту, ғылыми мекемелерде қызмет істеген екен. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының алты томына тек осы ғылыми-сын еңбектері ғана еніп отыр. Олар – әдебиеттану ғылымының барлық саласын түгел қамтитын, өзінің маңыз-мәнін күні бүгін де, келешекте де жоғалтпайтын терең танымдық мәңгілік еңбектер.

Әдебиеттану ғылымы негізінен үш салаға бөлініп салаланатыны белгілі: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдебиет сыны. Бұл үшеуі бір-бірімен өте тығыз байланысты, олардың ара жігін ажыратып бөліп тастау мүлде қиын. Бұл жөнінде бұрын-соңды айтылған көп пікірлерді қозғамай-ақ, өз ортамыздағы білгір ғалымымыз, академик З. Қабдоловтың: «Әдебиет туралы ғылымның үш саласы (теориясы, тарихы, сыны) өзара тығыз бірлікте болатыны, әдебиеттің теориясын нәзік түсінбей тұрып, тарихы жайлы әңгіме қозғау, тарихын білмей тұрып, сынын өрбіту мүмкін емес екені екінің біріне аян» (54.49) – деген тиянақты тұжырымын келтірсек те жеткілікті болар деп ойлаймыз.

М. Әуезовтің үлкенді-кішілі мақала, зерттеу, оқулықтарының қай-қайсысында болмасын әдебиеттану ғылымының осы үш саласы да бір-бірімен байланысып, сабақтасып, араласып келіп отырады. Ол мейлі жеке бір жазушы жайлы, не оның жеке бір туындысы жайлы қысқа, нақты ой-пікір білдіргеннің өзінде, оны әдебиеттің теориялық заңдылығы негізінде, жалпы өсіп-өркендеу аясына байланыстыра отырып кеңінен толғайды. Сондықтан, оның кез келген сын, зерттеу еңбектерінің қай-қайсысын болмасын әдебиеттанудың жеке бір саласымен шектеп қою мүмкін емес. Дегенмен әдеби-ғылыми талдау, саралау, салалаудың қандайында болмасын, белгілі мөлшерде шарттылық орын алары сөзсіз.

Мұхтар Әуезовтің тікелей әдебиет тақырыбына арнап жазған еңбектері – 1918 жылы «Абай» журналының № 2 және № 5 сандарындағы «Абайдың өнері һәм қызметі» мен «Абайдан соңғы ақындар» атты Жүсіпбек Аймауытовпен бірге «Екеу» деп қол қойып жариялаған мақалалар.

«Екеу» деген бүркеніш атпен жазылған бұл мақалалардың авторлары осы екі қалам қайраткерлері екендігі қазір ешқандай күмән тудырмаса керек. 1992 жылдан бастап Семейден бұрынғы 1918 жылы бір жыл



бойы шығып тоқтап қалған «Абай» журналының заңды мұрагері іспетті жалғасып жарық көріп келе жатқан журналда әлденеше рет жеріне жеткізе дәлелденген деп білеміз. Ол мәселе одан да ілгеріректе проф. Бейсенбай Кенжебаевтың «Бүркеншек аттар сыры» деген «Қазақ әдебиеті» газетінің 1965 жылы 13-тамызда жарияланған мақаласында және біздің 1973 жылы шыққан «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» атты кітабымызда да белгілі мөлшерде сөз болған еді.

«Абай» журналында оны шығарушылардың осындай, ұлы ақын туралы мақала, еңбектер жазуы өзінен-өзі айқын түсінікті жағдай. «Талабым – таяғым, жігерім – азығым, маңдайыма ұстаған ақын Абай – қазағым деп үмітпен шығарып отырған» журналға авторлардың алдын ала ыждаһатты дайындықпен жоспарлы түрде кіріскендігі сөзсіз.

Алғашқы санда «Журнал туралы» мақаласында шығарушы Жүсіпбек Аймауытов ақын есімін қандай мақсатпен қойып отырғандықтарын түсіндіру барысында Абай еңбектерінің маңызына кеңірек тоқталып, сол санда Сәбит Дөнентаевтың «Абайға» арналған өлеңін жариялауы да сондықтан.

«Абай» журналының № 2 санында жарияланған «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаланы әдебиетші-ғалым, профессор Арап Еспенбетов «Абай» журналының кейінгі 1995 жылғы № 1–2 санында «Абайдың өмірі һәм қызметі» деген атпен қайта жариялаған екен. Сірә, алғашқы басылымдағы «өнері» деген сөзді типография қатесі деп қабылдаған да болар. Бірақ, біздіңше, олай емес, сол алғашқы атауы мақалаға өте сәйкес келеді. Өйткені авторлар Абайдың өмірі жайлы оның туған және қайтыс болған жылын атағаны болмаса, басқа дерек, мағлұмат бермеген, ақындық өнерінің ерекшелігін сөз етеді.

Мақала: «Абай 1845 жылы дүниеге келіп 60 жыл өмір сүріп, 1904 жылы дүниеден қайтты. Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншыққан елге дем болуға, қараңғы жерге нұр болуға, надандық – аждаһаны өртеуге құдай жіберген хақиқаттың ұшқыны Абай туды» (55) – деп басталады. Осы жерде және бір ескере кететін нәрсе, журналдың алғашқы № 1 санында «Журнал туралы» деген мақаласында Жүсіпбек: «Сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды»– деп жазған еді. Бұл екі мақаланың ары қарай да бір-бірімен үндесіп, үйлесіп тұрғаны айқын байқалады. Ендеше, жоғарыда айтылған «Екеудің» бірі Жүсіпбек екендігінің және бір дәлелі айқындала түссе керек.

Авторлар Абайды өзі туып-өскен ортасынан озып шығып, қазақ ақындарының бұрыннан ұстанып келе жатқан бағыт бетінен басқаша жол іздеп, жаңаша мазмұн мен түр ашты, тыңнан жол салды деп санайды. Абайдың ақындық өнері әр тараулы, сегіз қырлы: «мінез түзетегіндік (ахлақ), тереңнен толғайтындық (философия), сыншылдық

(критика), суретшілдік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ащы тілдік, ызамен күлетіндік (сатира) һәм керемет переводшілдік» (55) – деп, осы аталғандардың әрқайсысына ақын өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып талдау жасайды.

Сол кездегі әдеби сынның, әдебиеттану ғылымының жалпы жағдайын, өре деңгейін ескерсек, семинария шәкірттерінің осыншалық әдеби, ғылыми сауатты, әрі терең мағыналы көреген ой-пікірлер айтқанына әрі таңырқап, әрі сүйсінгендейсіз. «Абайдың қиялы шалымды, ойы терең, ақыл білімнің әр тарауынан көкірегінде асыл қазынаның көп» екендігін, дүниенің сыры мен жүрегінің жалғасып кететіндігін», «не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейтіндігін» дөп басып, дәл тани алған. Ақынның аудармалары жайлы саралап айтқан пікірлері де көңіл аударарлық: кейбір өлеңдерді «қалыбынан, мағынасынан ешбір аудармай, дәл жеткізсе, «кей жерлерде сөздің мағынасын ғана алып, қазақтың ұғымына ыңғайлап сырт пішінін өзгерткенін». ал кейбіреулерін «өзінің тән өлеңінен асырып, түрлеп, мағыналы, терең, тілге жеңіл келтіріп перевод еткенін» сөз етеді. Абайдың тілі туралы «ұғымды, қысқа, аз сөзге көп мағына сыйғызғыш, өрнекті дәлшіл, күйлі, таза һәм анық келеді» – деп оның «қазақ тілін анық түрлеп, өрнектеп, керекке жаратып түзегенін» де атап көрсетеді.

Мақаласының қорытындысында Абайдың өлеңшілікке өзгеше нұр кіргізгенін, «өлеңнен неше түрлі өлшеу көрсетіп, көп түр» енгізгенін айта келіп: «Қазақ жұрты кең дала, еркін ауада сайран қылып жер мен көк, су мен ағаш, тау мен тастың тамаша сырларымен бірге туысып біте қайнап, басы бос, хиялы күшті, бұлғақтап жүрген дүниенің бір ерке баласы, сондықтан қазақтың сүйегіне біткен ақындығы бар – бұл бір. Екінші, әдебиетіміздің алғашқы адымына надан халықтың ішінен мәдени жұрттардың алдыңғы ақындармен таласа Абай сықылды кісі шығып көтермеші, таяныш болып отыр. Бұл екі себепке қарағанда біздің әдебиетіміз мәдени жұрттардың әдебиетінің қатарына тез ілінеді деп білеміз» (55) деген көрегендік пікір айтады.

Бұл мақала 1918 жылы жазылған болса, ол кездегі қазақ әдебиетінде поэзиядан басқа жанрлардың енді ғана тұсау кесе бастағаны белгілі. Ал, арада 30–40 жыл өтпей-ақ М.Әуезовтің өзі «XX ғасырдың ең үздік көркем туындысы» деп бағаланған «Абай жолы» роман-эпопеясын жазса, 1959 жылы Мәскеуде өткен кеңес жазушыларының бүкілодақтық 3-съезінде: «Дәл қазіргі қазақ прозасындай өте күшті проза, өкінішке орай, Украинада да, өзге кеңестік ұлттық әдебиетімізде де жоқ. Оны мойындау керек» (56) деген пікірді съезд қаулысына енгізген екен.

Сонымен бұл мақалада авторлар Абай өлеңдерін, жалпы шығармашылығын, өнерін өзінен бұрынғы-кейінгі ақындармен салыстыра отырып, оның өзіндік ерекшелік, артықшылықтарын



айырып, қазақ әдебиетінің ең шоқтықты бағыт-бет тапқан кезеңін «Абай дәуірі» деп атап, тарихи тұрғыда қарастырады. Екінші жағынан, Абай өлеңдерінің тақырып аясып саралап, көркемдік ерекшелігін, өзіндік өрнек ерекшеліктерін айқындап теориялық талдаулар жасайды. Ақын туындыларының «адамның ақылын өз ішіне үңілтіп, жанымен сыр таластырып ұғып, оқып түсінгендердің» ақыл көзінің ауданын кеңейтіп, өмірді терең тануына, адамның өзін өзі тануына мол ықпал ететіндігін, сондай-ақ Абай сөздерінің адамның адамгершілік құлқын, мінезін, сезімін тәрбиелейтін қызметін айқын ашып көрсете алған. Бұдан басқа да әдебиет теориясының негізгі мәселелері болып саналатын өлеңдегі образдылық, бейнелілік ерекшеліктер, табиғат көрінісін өмірмен, адамның жан дүниесімен, қоғам өмірімен біргелікте суреттеуін, ынтық, ыстық жүректі жас ғашықтар психологиясын түптен тартып, тереңінен ашын көрсетуі және ел билеуші би-болыстардың сағиралық бейнесін жасау тәсілдері де ақын өлеңдерінің тілдік, жаңаша түр өрнектері де мақалада лайықты орын алған. Бұдан байқалатыны, мақаланың тақырып атауына сәйкес Абайдың әдебиетіміздің тарихынан алатын орнын айқындауға құрылғандығы, сонымен қатар мұнда Абай өлеңдерінің ерекшеліктеріне жан-жақты теориялық талдаулар да жасалатыны, яғни мақалада әдебиет тарихы мен теориясының тығыз байланысты болып, тұтасып кеткендігінің айқын белгісі бой көрсеткендей.

«Екеу» деп қол қойылған келесі мақала «Абайдан соңғы ақындар» деген атпен сол «Абай» журналының 1918 жылғы № 5 санында (1–6-б.) жарияланған. Бұл мақалада Абайдың әдебиетке, қазақ өлеңіне енгізген жаңалықтары айтылып, кейінгі ақындардың негізгі бағыт беті айқындалып ашылады.

«Қазір бізде өлең жазушылар көбеюіне себеп болып отырған нәрсе – бір оянудың барлығы. Бұл оянуға бірінші Абай, екінші «Қазақ» газеті, үшінші жалпы жұрттың ғылымға бет алуы себеп болды» (57) – деп, ары қарай осы пікірді таратып түсіндіреді авторлар. Абайдың қазақтың қоғамдық тұрмыс-тіршілігін мейлінше шынайы суреттеп, мінезін, мінін, сырын терең ашып, халықты жақсылыққа ілгері жетектеп, оянуына, ойлануына негізгі түрткі, себепші болғандығы туралы алғашқы мақаладағы ой-пікірлерін жалғастыра, дамыта түскен.

«Бұған жалғас, оянған ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған – «Қазақ» газеті. Бұл газет халықтың саяси көзі ашылуына, «жұрттық» деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп, өркендеуіне де сондай себеп болды» (57),– деп, қазақ әдебиетінің тақырып, мазмұн жағынан байып, мағынасы жағынан тереңдей түсуіне «Қазақ» газетінің идеялық бағыт-бетінің игі әсері болғандығын өте дұрыс танып білген.

«Қазақ» газеті – 1913 жылы 2 ақпаннан 1918 жылы 16 қыркүйекке

дейін шығып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби газет. Шығарушы редакторы Ахмет Байтұрсынов, екінші редакторы Міржақып Дулатов болған. Бұл газеттің қазақ халқының қоғамдық-саяси, жалпы рухани тыныс-тіршілігінде қаншалық зор қызмет атқарғаны қазір оқырман жұртшылыққа кеңінен мәлім болар деп ойлаймын. Солай болса да М.Әуезовтің өзінің 1923 жылғы бір мақаласында жазған мына сөзін келтіре кетсек артық болмас деп ойлаймын: «Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей шиырықтырған, етек-жеңін жиғызған, «Қазақ» газеті болатын» (58). Мақалада «Қазақ» газетінің осындай қоғамдық-әлеуметтік қызметін жоғары бағалап, оның негізгі бағыт-бетін ұстанған ақындарымызды құптап, қуаттай тұра, негізінен, өлеңге қойылатын негізгі көркемдік талаптарға баса назар аударады. Қара сөзді шеберлеп айтып өлеңге айналдыратын «өлеңшілік» пен шын мәніндегі ақындықтың ауылы қоңсы қонбайтынын, қазақтың қара тілді шешендеріне еліктеп, кез келген нәрсені өлеңдетіп айтудың мәдениет ілгерілеген сайын қала беретінін өте нанымды дәлелімен ескерте келіп, «өлеңшілікке өнері жоқ, жай тілді кісілер өлеңге салынып, бойдағы өзге өнерін жойып алуға мүмкін» екендігін айтады. Авторлардың поэзия жайлы теориялық толғамдары айрықша назар аударуға тұрарлық. «Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шарықтаған терең хиял, нәзік өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық дәлді нығыз тіл, – дей келіп, – әркімнің жүрегінде бір жасырын сыр бар, жасырын тіл бар, жасырын күй бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуантып, мұңайтып, жасырып күйдің ішегін шертіп, әрбір пернесін тап басу. Ондай өлеңді оқығанда оқушының шері қозғалып, ой-көзі жүрегіне үңілетін бір әсер пайда болады», (59) – деп түйеді.

Абайдан соңғы ақындарды осындай биік талғам таразысымен саралап үш топқа бөліп жіктейді: бірінші топқа «сезімге әсер берерлік өлеңдер жазатын сыршыл (лирик) ақындарға: Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт хәм Ахмет Мәметовтарды жатқызады. Оған дәлел ретінде Мағжан мен Міржақыптың кей өлеңдеріне талдау жасайды. Айталық, Мағжанның «Жолда» атты өлеңіндегі (Бұл өлең 1989 жылы шыққан ақын жинағында «Қысқы жолда» деген атпен, берілген – К. С.). «Жел кейде қатты ысқырып» деген сияқты теңеулерінің ұнасымды келетінін, табиғаттың түрлі сәттерімен сырласып, мұңдаса алатындығын, «адамның жүрегіннің сыры табиғатпен жалғасса, хиялы күшейіп, мінезі көркейіп, сезім нәзіктене беретінін» өте дәл түсінген авторлар ақынның «жел ішін тартып оскырып» деп келетін жолдарына орынды сын да айтады. «Оскырып» деген сөздің желге жалғаспайтын сипат екенін, оның көңілге байланып келе жатқан суреттің түрін бұзыңқырап» жіберетіндігін



дәлелді келтіреді. «Кенеттен киліккен оқиғаны тез сезіп, тез сіңіріп, тез жауап қайырғыш, жүйрік хиялды өлең Міржақыптан шығады» (59),– деп, ақынның: «Сағыну», «Хиял», «Шәкірт», «Қажыған көңіл», «Айырылу» т. с. с. өлеңдерін өте жоғары бағалайды.

Екінші топқа: халықшыл (народник) ақындар деп: Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Бекет Өтетілеуовтерді жатқызады. «Бұлардың өлеңі сырты төгілген сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті», (59) – деп, олардың сөзінің алғашқы топтағыларға қарағанда халыққа бір атасының жақын тұратынын бұлардың өлеңінің сезім мен хиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар екенін атап айтады. Әрқайсысының өлеңдерінің өзіндік өрнегіне қысқаша, дәл сыпаттама береді: «Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билейтін хиял ермегі айдап шығармайды, ойды оятуға, миды сергітуге мұңлы, мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады, біресе ызамен зекіп айтып, біресе ақыл қылып сипап айтып, біресе зарланып шермен айтып, не қылса, халықтың көзін ашпак. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, хиялы шалқып шарықтап кетпейді» (59),– деп тұжырымдайды. Сәбит Дөнентаев өлеңдерінде «көңілге дақ еткізе түсіретін тапқыштық, салыстырғыш, сыншылдық аса терең болмаса да, төрт тағандап түсетін нағыздық бар», аз сөзге көп мағына сиғызғыш, сөзді ойына құл қылған ұғымды, тілге жеңіл келетіндігін атап көрсетеді. Ал Шәкәрім өлеңінің Абай өлеңдеріне «сыртымен (түрімен, формасымен – К. С.) болмаса да ішкі мағынасымен еліктейтінін», бірақ терең мағыналы сөздерді өлеңмен келтірем деп сөзін сөзыңқырап, шұбатып әкететінін, «көбінесе өлеңі халыққа ұғымды болуын көздейтінін» және өлең арқылы халықтың ақылын да «тәрбие қылып жетілдіргісі келетінін» анықтап айтады.

Үшінші топқа «ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, желе жортақтатып, құбажондатып кететін» Омар Қарашевті жатқызады. «Халықтың мінезін суреттеп, мінін айтып, терең философия сөздерді желдіртіп, ескектетіп айту бұл заманда артық ұнаспайды. Өлеңнің сыртқы ағымын қуып отырғандықтан, ішкі мақсат анық шықпай, иеленіп, бытырап, бірін-бірі басып, көкірекке айқын із түспейді» (59) деген пікірді айтады.

Сол кезде әлі идеология, социология атаулының шырмауынан мүлде құлан таза, азат ойлы жас авторлардың осы екі мақаласындағы әдебиет-өнер таным көзқарастарының, жеке ақындардың өлеңдері жайлы ой-пікірлерінің соншалықты дәл, дөп түсіп жатқандығына, өресінің биік, көкірек көзінің көреген қырағылығына сүйсініп, дән риза болғандаймыз.

20–30-жылдары әдебиет сынына, баспасөзге белсене араласқан Ғаббас Тоғжанов 1929 жылы шыққан «Әдебиет пен сын мәселелері» атты кітабында: «Бұдан екі-үш жыл бұрын көркем әдебиет жайында бірін-саран адамдар жазатын. Әуезұлы Мұхтар жазатын еді. Аймауытұлы

Жүсіпбек жазатын еді. Анда-санда Сәкен мен Нәзір айтысып қоюшы еді. Қазақ оқығандарының ішінде Жүсіпбек, Мұхтарлар – «мандай оқығандарымыз», білімі де бар, қаламы да жүйрік оқығандар. Өздері сыншы, өздері ақын. Алғаш әдебиетті тексеріп сын жазғандар осылар» (60), – деп атап көрсетеді.

М. Әуезовтің өзі 1931 жылы 29 қазанда қамауда жатып Біріккен Саяси Бас басқарма Коллегиясына жазған арызында: «Жасыратыны жоқ, барша қабілетім жазушы болуға арналуы керек деп жас күнімнен армандадым, алғашқы пьесаларымның қуанышы сол арманды қанаттандыра түсті. Партия қатарынан кеткеннен бастап саясатқа мүлдем селқос болдым, сол 23–24-жылдардан бастап-ақ саясатпен айналыспауға бел будым. Өзімнің азғантай өткенімді таразылап келіп, былайғы өмірімді әдебиетке, педагогтік, ғылымдық жолға арнағанды ақыл көрдім. Бұл жол қызықтырып әкеткені ғажайып, өзгедей қызық бар деп ойламадым» (31.27), – деп жазған болатын.

М. Әуезов 1922 жылдың аяғында Қазақ АССР-ында атқарып жүрген биік лауазымды қоғамдық, мемлекеттік қызметтерін тастап, оқу-білімін жалғастырмақ ниетімен, екінші жағынан, жергілікті үкімет орындарының жүргізген саясатына іштей келіспей ренжігендіктен де болу керек, Түркістан АССР-ының астанасы Тәшкент қаласына келіп, САГУ-ге еркін тыңдаушы болып орналасады. Сол жылдары, проф. Т.Кәкішевтің сөзімен айтсақ, «Қазақ халқының үштен бірі Түркістан Республикасына қарағандықтан, Тәшкент қаласы қазақ зиялыларының, әсіресе алаш қозғалысына қатысқандардың рухани орталығы болды» (61.276). Осында келген бетте жазушы енді шыға бастаған, «Шолпан» журналының жұмысына етене араласып, сол 1922 жылғы № 2–3 санына бірнеше көркем шығармалары мен әдеби сын мақалаларын жариялайды. Журналдағы «Басқарма атынан Мұхтар Әуезов» деп қол қойып жариялаған «Қазақтың қалам қайраткерлеріне ашық хатында» әдебиеттің және оны насихаттайтын газет-журналдардың халыққа тигізер әсер-ықпалын қоғамдық міндет-парызын адамды тәрбиелейтін қызметін ашып көрсетеді: «Әдебиеттің бір сүйенетін діңгегі газет-журнал екенін бұл күнде жұрттың бәрі ұққан. Даусыз хақиқат екенін бәріміз де мойындаймыз. Газет-журнал жалпы әдебиетпен қосылған жерде елдің қисығын түзейтін тез, терісін көрсететін айна, ойы менен көңілін білім жарығына қарай айдайтын айдаушы екенін де тегіс ұғамыз» (62), – деп жазады.

«Қоңыр» деген бүркеніш атпен жазған келесі мақаласы «Қызыл сұңқарлар» (сын) деп аталады. Мұнда автор С. Сейфуллиннің аталмыш пьесасын талдап, оған өте жоғары талаптар қойып, қағал сындар айтқан.

1922 жылы Орынборда жаңадан құрылған «Қазақстан» баспасынан Сәкен Сейфуллиннің «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағы, «Қызыл





сұңқарлар» деген төңкерісшіл пьесасы, «Бақыт жолында» драмасы жарық көрген екен.

Осыған байланысты Т. Кәкішев: «Әрине, бір жылда бір автордың табаны күректей үш кітабын шығаруы бірқыдыру пенделік ой-пікірге қозғау салмай қалмады. Өйткені, «Қазақстан» баспасын ұйымдастыру, оның өнімін халыққа жеткізудің көп тетігі Сәкеннің өз қолында болғанды. Алайда бұл кітаптар жайында жазылған 20 шақты мақала, қағытпа, құптаулардың бәріне идеялық-көркемдік нысана негіз болды. Әлеуметтік мән мен пенделік пиғылдар араласып жатты» (61),– деп жазды. Сол жылдары баспасөз бетінде ол кітаптар туралы ала-құла алуан түрлі мақалалар жарияланғаны белгілі. Ал М.Әуезовтің мақаласы, биік көркемдік талап тұрғысынан өте өткір сынмен, сондықтан да белгілі мөлшерде қаталдау сарынмен жазылған. Бірақ оны пендешілікке сауға бола қояр ма екен. Өйткені сол 1921–22 жылы «Қазақстан» баспасынан оның өзінің де «Қорғансыздың күні» әңгімесі, «Еңлік – Кебек» және артынша «Бәйбіше-тоқал» пьесалары жеке-жеке кітап болып жарияланды. Яғни кітап шығару жағынан Әуезовтің өзі де ешкімнен кенде қалып жатқан жоқ.

С.Сейфуллиннің бұл пьесасы, тақырып атауы айтып тұрғандай, сол жаңа заманның, саясаттың ыңғайымен революция тақырыбына, кеңес үкіметін үндеуге үгіттеуге арналған еді. Қазақстан басшыларының жүргізіп отырған саясатына, қазақ оқығандарына, алашордашыларға теріс пиғыл көрсетулеріне риза болмай, Орынбордан Тәшкентке ауысып кеткен М.Әуезовке ол пьесаның тақырыбы да, атауы да, тіпті, кейіпкерлерінің есімі де ұнамай тұрғаны, жалпы шығарманың негізгі идеясымен де келіспейтіндігі айқын байқалып-ақ тұр. Сондықтан мақаладағы өткірлеу айтылған сынды пендешіліктен гөрі идеологиялық қайшылықтан, қарсылықтан деп түсінген дұрысырақ сияқты. Ал негізінен мақаладағы пьесаға қойылып отырған эстетикалық-көркемдік талаптар мен осы тұрғыдан айтылған сын пікірлерді теріске шығаруға болмайды. Автор алдымен: «Бұл күнге шейін дүние жүзінде жазылған пьесалардың мақсаты, бағыты неше түрлі болғанымен, бәрінің де әдебиет жолында амалсыздан бағынатын бір заңы бар. Ол – пьесаның ішінде сөзімен, мінезімен, ісімен кім екендігі айқын көрінетін белгілі типтер шығару» (62),– деген теориялық сауатты тұжырым тұрғысынан келіп, пьесаның осы негізгі талапқа сәйкес шыға алмағандығын батыра атап көрсетеді. Пьесадағы оншақты кейіпкердің «бәрінің мінезін жиып келсек, бір Еркебұланнан табылады, Лозовойдың мінезін алсақ, бәрінен табылады. Бәрі сөйлетіп қойған грамофон секілді, бәрі Сейфуллиннің бір-ақ қалыбына соққан жансыз адамдар» (62),– деп сынады.

Мақаладағы пьесаға қойылатын екінші талап – ондағы «қазақ



өмірінің көрсетілу» жайы. Автор «жоғарыда айтқан әлгі геройлары түгелімен бір-ақ кісі болудың үстіне оларда қазақтықтан ешбір белгі де жоқ» (62),– деген пікірді де айтады. Пьесаға қойылып отырған бұл талаптардың орынды екендігіне және қаталдау айтылса да, мақаладағы көрсетілген кемшіліктердің қай-қайсы болсын шындыққа жанасатындығына ешқандай күмән келтіріп, қарсы жауап айтудың реті жоқ сияқты. Мұндай сынмен пьеса жайлы ергелі-кеш пікір білдіруші сыншы-зерттеушілердің көпшілігі, белгілі мөлшерде пьеса авторының өзі де негізінен келісетіндігін байқауға болады. Оны қазақ әдебиетінің сол советтік кезеңінің қалыптасуы жайлы жазылған «Октябрь өркені» (А. 1962.) атты зерттеу еңбегінде проф. Т.Кәкішев те «белгілі межеде дұрыс» (63.28), деп табады.

Әуезов мұнымен қатар пьесаның бас қаһарманы Еркебұланнның есіміне байланысты да, ерекше мән беріп сын айтады: «Тағы бір сөз – кітаптың бас геройы Еркебұланнның аты туралы. Ұл – қазақта кез келмейтін ат. Мұнда қойылса, мақсатпен қойылған болу керек. Сондағы мақсат не? Бұл атта мырзалық пен серілік бар. Бұла болып, бұлпаш болып өскен ерке жалғыздың сипаты бар. Болмаса басы ауған жағына кететін салдың сыпаты бар. Бірақ бұл атты еш уақытта еңбекші елдің қамқоры, от пен судың азабында жүрген бейнетқорға жабыстыруға болмайды» (62),– дейді. Әдебиет тарихының кей кезеңдерінде, ХІХ ғасырдағы орыс, батыс әдебиетінде,– драмалық шығармаларының біршамасында басты кейіпкерлердің есімі оның шығармадағы атқарар қызмет-міндетіне сәйкес қойылатын болған. Бұл әрине, өз кезінде белгілі мөлшерде қалыптасып қалған ағым болып саналғанымен, оны қатаң заң деп қарауға болмас. Сондықтан мақала авторының қазақ арасында көп кездесе бермейтін мұндай есімнен айрықша мән-мағына іздеуінде әдеби көркем шығарманы барынша байсалды талдап танудан гөрі біржақтылау субъективті көзқарастың салдары басыңқырап кеткен деп те қарауға болады.

Мақалада сол кезеңде қазақ әдебиетінде революция тақырыбына алғаш жазылған бұл пьесаның идеялық-тақырыптық жаңалығы, сол кезеңінің әдеби даму ерекшелігі еленіп ескерілмей және оның кемшіліктерін қуалаңқырап қазбалай көрсетуге ден қоюшылықтың белгілі мөлшерде орын алғандығын теріске шығаруға болмайды. Ал жалпы алғанда, сыншының идеялық пен көркемдік қасиетті қатар қамту қажеттілігі тұрғысынан пьесаға қояр жоғары әрі қатаң талабы негізінен орынды. «Кітаптың бір мақсаты агитация десек, онда да жоғарғы шарттарды орындап отырып агитация жүргізуге болады» (62),– деген әділ тұжырым осыны көрсетеді. Мұндай биік талғам, көркемдік талап әдебиет пен өнер дүниесіне қай уақытта, қандай дәуірде болмасын сыйымды да, жарасымды.



Кейін С. Сейфуллиннің өзі пьесаны біраз өңдеп, өзгертіп қайта жазды. Сол екінші басылуына жазған алғы сөзінде ол былай дейді: «Бұл пьесаның ең бірінші көздеген мақсаты революция жолына шақыру, агитация еді. Қазір агитация заманы өтті. Құрғақ агитация, құрғақ үндеу үшін жазылған пьесаны үйреншікті жас ойнаушылар ойнай алмайтын болды. Сол себепті бұл пьесаның біраз жерлерін өзгертуге тура келді» (64.406).

Проф. Т.Кәкішев жоғарыда аталған зерттеу кітабында «Қызыл сұңқарларға» жазылған сындардың ішінде Мұхтар Әуезовтің «Шолпан» журналында жарияланған сыны эстетикалық талап-талғамы жағынан болсын, пьесаға қойылар драматургиялық шарттары жағынан болсын басқалардікінен әлдеқайда мәдениетті болғандығын» атап өтеді.

«Шолпан» журналының 1922 жылғы № 2–3 санында М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» мақаласының басы, ал 1923 жылғы № 4–5 санында оның соңы «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген атпен жарияланды. Бұл мақалаға да «Қоңыр» деп қол қойған. Себебі журналдың осы екі санында да жазушының бірнеше әңгіме, мақалалары жарияланған. Мақаланың авторы М.Әуезов екендігі ешқандай күмән келтірген емес, ілгерілі-кейінгі ол туралы жазылған еңбектерде солай аталып жүр.

Мақалаға автор «тарихи-әдеби сын» деген қосалқы анықтама атау берген. Соған сәйкес ол өзінің қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуіріне арналған мақаласын әдебиетінің ертедегі қалпын, сыр-сипатын саралай келіп, салыстыра сабақтастыра отырып анықтамақ болған. Әрине, бұл мақалада автор қазақ әдебиетінің өткен тарихын түгел қамтып, жан-жақты талдап қарастыруды мақсат тұтпағаны белгілі. Дегенмен бүгінгі әдебиеттің жай-жапсарын, дәуірлік ерекшелігін айқын айырып тану үшін, келешек бағыт бетін дұрыс бағдарлай білу үшін әдебиеттің тарихына осы күнгі көзқарас тұрғысынан шолу жасап өтуі методологиялық жағынан ұтымды шыққаны сөзсіз.

«Рас, өткен күннің әдебиеті біздің сүюімізді тілемейді. Сүюімізбен семірмейді де, түрленбейді. Жек көруімізбен жоғалып та кетпейді. Ескі әдебиеттің түрін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын, һәм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сөйлеуі де мүмкін», (62) – деп жазады.

Бұл мақаласында М.Әуезов қазақ әдебиетінің тарихын шартты түрде үш үлкен дәуірге бөліп қарастырады: ескі ауыз әдебиеті, көшпелі дәуір әдебиеті және жазбаша әдебиет. Бұған дейін қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан саралап, салалап дәуірлеу мәселесі қолға алына қоймағаны белгілі. Сондықтан да жас автордың бұл талабын әдебиет

тарихын ғылыми тұрғыдан қарастырудың алғашқы үлгісі ретінде бағалаудың артықтығы жоқ болса керек.

Біз бұл тарауда мақаланың әдебиет тарихын теориялық тұрғыдан бүгінгі әдебиетпен сабақтастыру ауқымында қарастырған тұстарына, соған байланысты айтылған ой-пікірлеріне ғана тоқталмақпыз.

М. Әуезов мақалада қазақ ауыз әдебиетін өте жоғары бағалай келіп, онда қазақ өмірінің «әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттері де» қамтылғанын, сондай-ақ мұнда «жазба әдебиеттер (классическ. произвлерде) кездесетін үлгілі мінездер, типтер, ел ішіндегі айрықша таптардың өзгеше психологиясы да дәл айтылғанын» нақты мысалдар келтіре отырып, дәлелді әрі көңілге қонымды етіп тұжырымдайды. Мысал ретінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырындағы Қарабай, Қодар бейнелерін, «Қобыланды», «Ер Тарғын» жырларын алып қарастырады.

Қай елде болмасын, жазба әдебиет бір күнде, не белгілі бір қысқа мерзім ішінде туып, бірден пайда бола салған емес. Бұл – өте күрделі процесс. Оны анықтап айыру үшін көп мәселенің басын ашып, жан-жақты мұқият қарастырып зерттеу қажет. Ғылым, оның ішінде қоғамдық ғылымдар да көзжұмбайлық байлаулармен сиыса бермейді. Жұртшылыққа мәлім, әуелгі кездері қазақ жазба әдебиетінің тарихын ХІХ ғасырдың екінші жартысынан, яғни Абай творчествосынан бастаған едік. Сәл кейінірек, біраз жылдар бойы оны ХVІІІ ғасырдың соңынан, Бұхар жыраудан бастап оқып келдік. Ал соңғы 20–30 жылдан бері жазба әдебиетіміздің тарихын қазақ хандығы құрылған ХV ғасырдан бастағанды жөн көріп, Асан қайғы, Қазтуған жырауларды, тіпті, әдебиетіміздің ежелгі дәуірі ретінде көне түркі жазбалары мен әл-Фараби, Ахмет Иасауи, т. б. творчестволарын зерттеп тану үстіндеміз. Бұл, әрине, ғылымның, ғылыми ақыл ойдың дами түсіп, күннен-күнге өсіп, тың дерек, мағлұматтар тауып, жаңа болжам, байлаулар жасап отырғандығының айғағы.

Міне, осы жазба әдебиетіміздің туып, қалыптасуына байланысты үлкен өзекті мәселені М. Әуезов сол «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты мақаласында-ақ қарастырып, өзіндік топшылау тұжырымын айтқан екен. Әрине, әдебиетіміздің ғана емес, жалпы қазақ халқының азаматтық тарихына байланысты ғылыми мағлұмат деректер жиналып, жүйеленбеген кезеңде мұндай күрделі, тарихи танымдық маңыз-мәні жоғары мәселені қозғап, ғылыми зерттеудің объектісі етуінің өзі әдебиеттану ғылымының туып қалыптасуына қосылған сүбелі үлес болғандығы сөзсіз. Сондықтан да жас ғалымның бұл еңбегіндегі өзіндік батыл болжам топшылаулары сол кезең үшін ғана емес, бүгінгі күн үшін де өзінің тарихи танымдық маңыз-мәнін жойған жоқ.

«Бұл күнге шейін қазақтың жазба әдебиеті жайынан сөз жазушылардың көбі біздің жазба әдебиетіміздің басы Абайдан басталады деп есептейді.



Бұл пікір суретті художественная литература ретінен қарағанда дұрыс болса да, әдебиет тарихының ретімен қарасақ, адасқандық болады. Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған», (65.120) – деп Әуезов өз пікір байламын ашып айтады.

Ол ауыз әдебиетінен Абай творчествосына бірден аттап өте қоюға болмайтынын ескерте келіп, осы екі аралықтағы әдебиетті – «Көшпелі дәуір әдебиеті» деп атайды.

Абай творчествосымен жете таныс және ол туралы терең толғамды мақала жазған жас зерттеуші Абайдай ұлы ақынның ғайыптан кездейсоқ туа салмағанын өте дұрыс аңғарып білді. Қандай да бір творчестволық, тарихи тұлға болмасын, ол – өз заманының, өз қоғамының бел баласы. Уақыт озып, өмір өзгерген сайын қоғамдық қажеттілік те өсіп отырады. Сол қажеттілік қоғамдық ақыл-ойдың, әдебиет пен өнер-ғылымның өсіп дамуына да негіз болады. Демек, Абайдай ел мұңының көзі ашық жоқшысы, халық дертінің емшісі бола алған ақынның туын, әдебиет айдынына келуі де ұзақ ғасырларда біртіндеп жетіле түскен көркемдік даму диалектикасының жемісі, бел-белесі іспеттес.

Әрине, біз бұл арада Абайдың өсіп, өркендеу жолына шығыс пен батыстың даналық ақыл-ойының, классикалық әдебиетінің тигізген игі әсерін ескермей отырған жоқпыз. Қайта Абайдың сол әлемдік әдебиет пен ғылымның биігіне қол созып, солармен танысып, іштей табысуына әлгі айтылған қоғамдық қажеттіліктің, объективті, субъективті жағдайлардың себепші болғандығы деп білеміз.

М. Әуезов осы алғашқы мақалаларында-ақ Абайдан бұрынғы кезеңдегі әдебиетті ауыз әдебиетінен жазба әдебиетіне қарай ойысқан, «көшпелі дәуір әдебиеті» деп жалпылама бір атау беріп, оны жазба әдебиеттің басы ретінде таниды: «Көшпелі дәуірдің ақындарының бәрінің жайынан айтатын сөз бұлар – өз заманының бел баласы. Олардың заманы – қараңғыда сипалап сенделудің заманы. Ел дертіне не нәрсенің ем екенін білмей, бірі – дінді, бірі ескілікті жоқтап, бірі орысты жамандап, бірі қазақты жамандап, түпкі дертті таба алмай, жалпақ адасқан заман. Мінекей, көшпелі дәуірдің айрықша мінезі – осы. Сондықтан ол мезгіл «көшпелі дәуір» деп аталады. Бірақ ол дәуірдің ақындары жазба әдебиеттің басы екендігі даусыз. Себебі бұлардың өлеңінде ел тұрмысының бұрынғы айтылып жүрген жалғыз қызығы мен желігінен басқа тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептер айтыла бастаған. Ел күндегі өмірі, күндегі сезімі, күндегі ойыменен әдебиет шеңберінің ішіне кіре бастаған» (65),– дейді. Міне, автор көшпелі дәуір әдебиетіне өзінше сыпаттама бере келіп, ойы жазба әдебиеттің басы дегенде, алдымен әдебиеттің қоғам өмірімен ара қатынасын, яғни оның қоғам өмірінің, халық тұрмыс тіршілігінің нақты жағдайларын «тұрмыстағы негізгі дерт, негізгі себептердің қозғап сөз етуін негізге алып, атап көрсетеді.

Біз, орыстың ұлы сыншы ғалымы В.Г.Белинскийдің берген анықтамасына арқа сүйеп, жазба әдебиеттің ауыз хатқа түсірілуі, авторының белгілі болуы, көп вариантты болмауы сияқты белгі-шарттарды атаушы едік. Әрине, бұлардың жазба әдебиетке тән өзгешеліктер екені сөзсіз. Бірақ бұл аталғандардың негізінен сыртқы белгі болып саналатыны да талас тудырмаса керек.

Жазба әдебиет, қандай жағдайда болмасын, ауыз әдебиетінің заңды жалғасы болып табылады. Оның үздік үлгілері өз бойына ауыз әдебиетінің ғасырлар бойы жинақтаған асыл қасиеттерін сіңіреді. Жалпы ауыз әдебиетінің игілікті ықпал-әсерінсіз ешбір елдің де жазба әдебиеті туып дамыған емес. Оның асыл қасиеттерін әлі күнге түгел игеріп, сіңіріп алдық деуге болмайды. Өйткені ауыз әдебиетінің үздік үлгілері халықтың рухани асыл қазына кені ретінде қай дәуірде болса да, жаңа бір қырынан көрініп, жаңаша сыр-сыпаттарымен танылып, құбыла түсіп, құлпырып отырады.

Сонымен қатар әрбір дәуірдің өзіндік қажеті, талап-танымы, соған сәйкес қоғам өмірінде, әдебиеті мен өнерінде де өзіндік өзгешелік, ерекшеліктері туып отырады. Айталық, қоғамдық ақыл-ойдың, ғылым мен мәдениеттің үздіксіз өсіп дамуы халықтың тұрмыс-тіршілік қалпын да біртіндеп өсіріп өзгертеді. Тіпті, келе-келе сол жазу өнерінің пайда болуының өзі – қоғамдық даму сатысының белгілі бір дәуірлік көрінісі ғой. Ал, сол әрбір кезеңде туған әдебиет пен өнер шығармаларында өзіндік ерекшелік, ерекшеліктердің де кездесіп отыруы заңды да. Олай болса, жазбаша әдебиет ауыз әдебиетінен әлгі аталған сыртқы өзгешелік сипаттарымен қатар ішкі мазмұн, мағынасымен ерекшеленері сөзсіз. Ал енді осы мазмұндық ерекшелік қайсы десек, алдымен сол М.Әуезов мақаласында айтылғандай, ауыз әдебиетінің ілгергі-кейінгі туындыларынан гөрі жазба әдебиет шығармаларында өмір, болмыс құбылыстары жалпылама, тұспалдай емес, мүмкіндігінше нақтылай, айқынырақ сөз етіле бастады деуге болады.

Мақалада автордың көшпелі дәуір әдебиеті өкілдеріне берген келесі сипаттамасы да, яғни «олар түпкі дертті таба алмай, жалпақ адасуда» болды деген пікірі де көңілге қонымды. Ол кезең әдебиеті туралы кейінгі зерттеулерде әр ғасырдағы әдебиет өкілдерін түрлі топтарға, саяси бағыт, ағымдарға жіктеп, біріне бірін қарсы қойып қарастыру әдіс-тәсілдері кең өріс алғаны белгілі. Қалай болғанда да ол дәуір әдебиеті өкілдерінің көпшілігіне ортақ ерекшелік сипатты М.Әуезов сол кездің өзінде-ақ біршама дұрыс аңғарып анықтағаны байқалып отыр.

Көшпелі дәуір әдебиетін осылай қысқаша сипаттай келіп, жазушы одан әрі Абай творчествосына тоқталады. Мұнда ол ұлы ақын жайлы жазған алғашқы мақалаларындағы ой-пікірлерін жалғастыра, дамыта түскен. Абай өлеңдерін қоғам қажеті, заман талабы тұрғысынан, оның әлеуметтік,



көркемдік маңыз мәнін ашып, айқындап, ақын творчествосының жалпы қазақ әдебиетінің даму тарихындағы алар орны мен атқарар қызметін нақтылай қарастырып, аса жоғары бағалайды: «Абайдың өлеңін ішіндегі мағынасы мен беттеген бағыты жағынан қарағанда көшпелі дәуірдің өлеңдерінен айырылатын жері: мұнда сүлдері құрыған зар да, әлі құрыған уайым да жоқ. Оның орнына қазақ өмірінің кем-кетігін түсінген көзі ашықтық бар, дәлдеп ауруын тауып, емін айтқан ширақтық бар» (65), – деп көрсетеді.

Мақалада автор Абайдан бастап әдебиетке «ашық тілек, айқын ұғымның, здоровый реализмнің сарыны» келгенін, осы кезеңнен бастап әдебиеттегі көшпелі дәуір бітіп, қазақ әдебиеті жаңа түр, жаңаша мазмұнға ие болып, жаңа бағытқа ойысқанын сөз етеді. «Абайдан басталған сол реализмнің сарыны қазақ әдебиетіне осы күнге шейін жол болып келе жатыр» – деп, М.Әуезов Абайдан кейінгі, ХХ ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттің жағдаятына біршама кең тоқталып өтеді.

Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті. «Қазақ» газетінің мезгілі Ахмет, Міржақыптың әдебиетте ұлтшылдық туын көтерген мезгілімен тұстас. Ол уақыт қазақ жұрты 1905-інші жылдың өзгерісін өткізіп, ел дертінің себебін ұғып, емін біліп, енді қазақты оятып, күшін бір жерге жиып, патша саясатына қарсылық ойлап, құрғақ уайымнан да, бос сөзден де іске қарай аяқ басамыз деп талап қыла бастаған уақытына келеді» (65), – деген тұжырымын айтып, сол дәуір ерекшелігін, соған сәйкес әдебиеттің де негізгі бағыт бетін жіті аңғара алғанын байқатады.

М. Әуезов қазақ әдебиетінің, жалпы қазақ қоғамының өсіп өркендеуінде «Қазақ» газетінің, оның шығарушылары А. Байтұрсынов, М. Дулатовтардың атқарған тарихи қызметі туралы 1918 жылы жазылған «Абайдан соңғы ақындар» атты зерттеу мақаласында кеңірек тоқталған болатын. Оған қосымша жазушы 1923 жылы «Ақ жол» газетінің 4-ақпандағы № 270 санында «Ақаңның елу жылдық тойы (юбилейі)» деген мақаласында осы ой-пікірлерін онан сайын анықтай, нықтай түскен. «Патша саясаты темір бұғаудай мойынға батып, қазақ жұртын әлсіретіп, «кедейді шалапқа мас қылып, байды қымызға мас қылып», елдігін жоғалтып бара жатқанын тұманды оймен сезуші едік. Ел басына келген бәленің атын білмей, түсін танымаса да, елі мінген еспесі жоқ қайықты теңіздің ішінде жылжытып бара жатқан жел мен құйынның бар екенін оқып жүрген бала да сезетұғын. Қазақтың еңкейген кәрі, еңбектеген жасына түгелімен ой түсіріп, өлім ұйқысынан оятып, жансыз денесіне қан жүгіртіп, күзгі таңның салқын желіндей ширықтырған, етек-жеңін жиғызған «Қазақ» газеті болатын. Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ



баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» (66),– деп жазады.

М. Әуезов «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты мақаласында да «Қазақ» газетінің қоғамдық-әлеуметтік маңыз-мәнін өте жоғары бағалай тұра, «таза әдебиет көзімен қарағанда, «Қазақ» газетінің заманында қазақ әдебиеті бөлекше түр тауып, өркендеп кетіп еді деп айтуға болмайтынын» да ашып айтқан. Өйткені, автордың пікірінше, саясат жүзіндегі бірбеткей жұмылудың заманында әдебиет көп жаңа түр тауып кете алмайды.

Автор қазақ әдебиетінің Абайдан кейінгі дәуірінің жалпы сипатын айқындай тұра, сол кездегі әдебиетте көріне бастаған түрлі әлеуметтік топтарды, ағымдарды саралап, топтап қарастырмаған. Мақалада, ол қазақ әдебиетінің, соңғы жылдардағы жалпы бағыт-бетіне, алдағы міндеттеріне байланысты ой қозғай келіп: «Жазба әдебиеттің Абайдан бергі ұзақ дәуірін алғанда, жолын өзгертетін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді. Ол жаңалық – жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі» (66),– деген теориялық пайымдауын білдіреді. Бұл арада біз жазушының осы көрегендік ой-тұжырымын жалаң, жалқы түсінбей, оны осы мақаладағы басқа да айтылған пікірлерімен сабақтастыра, ұштастыра, кең ауқымда дамыта түсінгеніміз абзал. Өйткені қандай бір еңбекте болмасын айтылған ойды жеке-жарым үзіп алып сөз етсек, оны неше саққа жүгіртіп, өз икемімізге ыңғайлап, өңін айналдырып ала қою қиын емес. Біз мұны айтып отырған себебіміз, кезінде М.Әуезовтің осы пікірін көлденең тартып, оған идеялық, саяси айып тағушылар болғандығы белгілі. Ол туралы сәл кейінірек арнайы сөз етерміз. Ал мақаладағы осы пікірін автор ары қарай сабақтай түсіп: «Бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны көбінесе құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді» (101),– деп, осы сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірінің басталуын әдебиеттің «келесі күнде шығатын талай тұғырларының біреуіне ғана жаңа-жаңа тырмысып келе жатқанының белгісі ретінде санайды да, одан әрі әдебиетіміздің реалистік бағытпен дамуының қажеттігін баса айтады.

«Олай болса, жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек. Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру – әдебиеттің ендігі міндеті. Бұл күнге шейін біз саяз жүзіп жүрміз. Қазақ әдебиеті қазақ өмірінің бетіндегі қаймағын жалап жүр. Бұрынғы әдебиеттің ішіне тазша бала мен жалшы сақау қатын да кірген болса, бүгінгі әдебиетке қалпақ киген оқығаннан бастап қой жайып жүрген қойшыға шейін кіруге тиіс. Әдебиет сол күнде ғана өмір айнасы, өмір тезі болуға мүмкін» (66), – деп аяқталады мақала.





Көріп отырғанымыздай, мұнда автор көркем әдебиетте нағыз шыншыл өміршең типтік бейнелер жасалу керектігін, әдебиет өмірдің бар болмысын терең де түбегейлі қамтып қарастырғанда ғана «өмір айнасы, өмір тезі» бола алатындығын, сонда ғана қоғам алдындағы өз міндетін дұрыс атқара алатынын өте айқын түсінген. Яғни автор мақалада романтизмді қазақ әдебиетінің келесі күнде шығатын талай тұғырларының бірі ретінде атай тұра оны реализмге қарсы қоймай, қайта ол екеуін бір-бірімен байланыстыра, сабақтастыра сөз етеді.

Әдебиетте, жалпы көркем өнер атаулыда осы негізгі екі әдіс – реализм мен романтизм, қазақшалап қарапайым тілмен айтсақ, шындық пен қиял, әсірелеп айтсақ, ахикат пеп арман – қашаннан-ақ қосақталып, қосарланып, таразының екі басындай тербетіліп келеді. Әуелде, балаң дәуірде хиял, арман қанаттанып шырқап қалықтайтын болса, есейе келе бірте-бірте шындыққа, ахикатқа ден қоя бастадық. Қаз-қалпынан ауытқып аумайтын кара байыр шындыққа, сыншыл шыншылдыққа етпеттеп, жер бауырлап жатып алған кезіміз де болды. Осылардан келіп түрлі тәсіл ағымдар туып жатты. Үстіміздегі ғасырдың бастапқы онжылдықтарында әлемдік әдебиет пен өнер саласында алуан түрлі ағым тәсілдердің кеңінен етек жая бастағаны, оның ішінде кенжелеп болса да, қазақ әдебиетінде де ізденіс, ұмтылыстардың бой көрсете бастағаны белгілі. Революция жеңіп, жаңаша қоғамдық құрылыс – Кеңестер Одағы құрылуымен барлық болмыс құбылысымызды, ой-санамызды да жаңартамыз, әдебиетімізді де жаңаша әдіс бағытпен, жаңа мазмұнмен жазу керек деп жар салған едік. Сөйтіп, жүріп тапқан әдісіміз «социалистік реализм» болды. Қазір осы әдіс туралы әртүрлі пікірлер айтылып, көп жағдайда ол мүлде мансұқталып та жүр. Ал біздің түсінуімізше, теориялық тұрғыдан бұл әдіске үрке қараудың жөні жоқ сияқты. Өйткені, кеңес жазушыларының 1934 жылғы I съезінде қабылданған Устав бойынша: «социалистік реализм» – суреткерден болмысты революциялық даму қалпында шыншылдықпен, тарихи нақтылықпен суреттеуін талап етеді» (67.290), – деп анықталған екен. Осындағы кейбір терминдердің біршама мезі етіп, суреткерден «талап етіп» міндеттегенін сәл жұмсартып, басқаша қалыптасақ, бұл анықтама «болмысты шыншылдықпен даму үстінде суреттеу» деген ұғымды білдірсе керек. Сондықтан да мұны әдебиет теориясының білгірі академик З.Қабдоловтың сөзімен айтсақ: «Социалистік реализмнің айрықша сипаттарының бірі – бір творчестволық әдістің ішінде екі түрлі әдістің – реализм мен романтизмнің бірігуі, біте қайнауы болып табылады» (68.374). Осыған байланысты орыстың ұлы жазушысы Алексей Толстой да: «Біздің елде романтиктермен реалистер арасындағы жік жоғалды, біздің бәріміз – әрі романтиктерміз, әрі реалистерміз» (68), – деген екен.

«Социалистік реализм» деген термин алғаш рет 1932 жылдан бері

қолданыла бастаған. Ал, М. Әуезовтің сөз болып отырған еңбегі одан он жыл бұрын жазылған.

Жоғарыда бұл мақалаға байланысты әртүрлі сын айтылып, авторға идеялық, саяси айыптар да тағылғанын ескертіп өткен едік. Айталық, 20-жылдары қазақ әдебиеті сынына белсене араласқандардың бірі Ғаббас Тоғжанов 1929 жылы шыққан «Әдебиет пен сын мәселелері» атты кітабында: «Мұхтардың «қазақ әдебиеті сары уайымға түсу керек, қазақ жұртшылығы жұмысынан безген көңілі жарым, жаны жарым хиялшыларға еліктеп, соларды үлгі қылу керек дегендері» осы күні дұрыстығы былай тұрсын, айтуға да ерсі. Жаңылмасам, 1923 жылы болса керек, Тәшкенде шыққан «Шолпан» журналына Мұхтар «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деп үлкен мақала жазған еді. Сонда қазақ әдебиеті күйректік-сыршылдық сарынына түссін, қазақтың елдегі жастары Біржан сықылды сал, Ақан сықылды сері болсын. Қазақтың қыздары Сара сықылды салдық құрсын, қазақтың кәрісі Асан қайғының қайғысына түссін деп еді» (69.157), – деген пікірді айтады.

Осы, 1929 жылы Тәшкенде шығатын «За партию» журналының № 5–6 санында жарияланған «Ложка дегтя в бочке меда» (100–103-б.б.) атты мақаласында сыншы Әбдірахман Байділдин де: «Во всех своих произведениях он (М.Ауэзов – К.С.) видит казахский быт глазами казахского бая, тоскующего о прошлом, воспекает казахскую старину – азиатщину, восхваляет казахских ханов, легендарных богатырей, «мудрых» биев, почетных аксакалов и феодальных рыцарей, всегда выставляя их положительными типами, достойными еще сегодня уважения, подражания. Мало этого, писатель Ауэзов эту явно реакционную идеологию открыто проповедовал и в своей критике. В одной критической статье о казахской литературе он убеждал казахскую общественность, что ничего плохого не будет, если наше молодежь сегодня сумеет подражать прежним казахским салам – феодальным рыцарям (типа Акансеры), наши старики – старым биям (почетным аксакалам), а наши казачки – легендарным певицам-казачкам старого времени типа Сары и т. д. (см. его статью в журнале «Чолпан»). Он возглавлял в критике то течение, которое считало, что в современной казахской литературе должен господствовать не реализм, а сентиментализм и романтизм средних веков. Это свое мнение он мотивировал тем, что в современных условиях аула для реализма нет еще почвы, и что сегодняшняя казахская действительность не удовлетворяет, не трогает казахских поэтов и т. д.» (70), – деп жазушыға ауыр саяси кінә артады.

Жұртшылыққа мәлім, М. Әуезовтің 1930–32 жылдары істі болып, абақтыда отырып шығуына себепкер болған осы сияқты сындарға арнайы тоқталып, оларды аталған мақаламен беттестіре кетуді жөн көріп отырмыз.



Алдымен сыншылардың тіліне тиек етіп отырғаны осы біз қарастырып өткен мақала екені анық. Өйткені «Шолпан» журналында автордың әдебиеттің теориялық мәселелерін қарастырып сөз ететін басқа мақаласы жарияланған емес. Бұл мақала туралы М. Әуезовтің өзі қамаудан, құдалаудан құтылу үшін амалсыз жазған «Ашық хатында» («Социалды Қазақстан» газеті, 1932 ж, 10 июнь, № 133, 2-бет); «Түгелдеп айтқанда, төңкеріс жолдарының қоғамдық қазақы мен төңкерісшіл жұртшылықтың тілегіне біржолата үйлеспейтін сөздерім болған. Бұл ретке қосылатын, төңкеріс соңындағы жылдар ішінде қазақ әдебиетінің жолы қандай болуы туралы «Шолпан» журналының бетінде ертеректе айтқан пікірім. Бұл салт-сана жолында залалды пікір еді», – деп, сондай-ақ: «Тағы бір сөз, ауыр қатам деп санайтыным, қазақ баспасөзінің жүзіндегі төңкерісшіл-марксистік сынына құлақ салмауымда» – деп жазуға мәжбүр болған. Әрине, бұл «Ашық хаттағы» жазушының айтқан ой-пікірлерінің мән-жайын бүгінгі көңлі жүйрік оқырманға тәптіштеп түсіндіріп жатуды артық деп білеміз. Ол туралы «Абай» журналының 1995 жылғы № 1–2 санында (186–187 т. б.) жарияланған белгілі қаламгер Тұрсын Жұртбайдың «Өмір үшін өнерінен бас тартқан» атты түсініктеме мақаласында жақсы айтылған.

Бұл арада біздің айтпағымыз, М. Әуезовтің сол мақаласы туралы төңкерісшіл сыншылардың жоғарыда келтірілген пікірлерінің қыр-сырын бүгінгі көзқарас тұрғысынан сараптамай-ақ, сол өз кезіндегі басшылыққа алынған идеология тұрғысынан да олардың көрінекөз өңін айналдырып, өрескел бұрмалағандығы жайында болмақ. Айталық, мақалада сыншылар бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай қайталап, қадап көрсеткендей, «қазақ жастары анаған-мынаған еліктесін, үлгі қылсын», деген, «Қазақ әдебиеті күйректікке, сентиментализмге салынсын» деген, болмаса «бүгінгі қазақ өмірі қазақ ақын-жазушыларына әсер бермейді, сондықтан реализмге негіз жоқ» деген сияқты дәлдеп айтқан пікірлердің бір де бірі кездеспейді. Мұнда автор біздің жазбаша әдебиетіміздің «Әлі жас, әлі бойы өсіп жетілмегенін», яғни өз дәуіріндегі ауыз әдебиетінің көтерілген көп биігіне оның әлі де шыға алмай тұрғанын айта келіп:

«Біздің ескі әдебиеттен келген көп сарын, кең ауданның бәрі де жазба әдебиетке келіп тарылып, азайып отыр. Жазба әдебиет бірбеткейліктен арылса, жаңа арылайын деп, жаңа ғана қайтадан тараулаанып, ауданын кеңейтейін деп отыр. Болмаса, ауызша әдебиет жасаған күлдіргі тип – Қодарды, қайғылы трагический геройлардың типі – Қозы Көрпеш, Баян, елдің зар мұңының тілшісі – Асан қайғыны, еркелік, серіліктің типі – Ақан серіні жазба әдебиет жасады ма? әлі жасаған жоқ. Бұларды айрықша жан деп, тип деп ұға білген қазақ кейінгіні де ұға алады, ұлпақ түгіл өміріне үлгі қылып еліктеуге де жарайды.

Ел ішіндегі бозбала Біржанның ақындығы мен салдығына, Ақанның

серілігіне еліктесе, батагөй қария Асан қайғының қайғысына еліктесе, далада еркін өскен ерке қыз Сараның салдығы мен айтыс құмарлығына еліктесе, бұл еліктеудің Чайльд-Гарольдке, Печоринге еліктеген орыс жастарының мінезінен қай жері кем? Әдебиеттің қазақ мінезін түзеп, басшы болуына мүмкін екендігі осы белгілерден білінбей ме? Олай болса, жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек. Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру – әдебиеттің ендігі міндеті» (65),– деп жазады.

Көріп отырсыздар, мұнда, алдымен, автор, жоғарыдағы сыншылар айыптағандай, «қазақ жұртшылығы жұмысынан безген көңілі жарым, жаны жарым хиялшыларға еліктеп, соларды үлгі қылсын» деп, немесе, «Ақан сықылды сері болсын, Сара сықылды салдық құрсын, Асан қайғының қайғысына түссін» – деп, болмаса «жастар бүгінгі болмыстан безініп, ескіге еліктесін» деген сияқты мағынада айтып отырған жоқ қой. Мұнда, әуелі ол ауыз әдебиеті жасаған Қодар, Қозы Көрпеш, Баян, Асан қайғы, т.с.с. кейіпкерлердің жалпы қазақ мінезін, өткендегі әлеуметтік өмірін көрсететін типтік бейнелер дәрежесінде көріне алғанын айтып, жоғары бағалай отырып, оларды өз кезінде орыс жастарына үлгі бола алған Чайльд-Гарольд, Печорин сияқты батыс, орыс әдебиеті жасаған үздік үлгілеріне теңейді. Сөйте келіп, автор бүгінгі жазба әдебиетіміз ауыз әдебиеті сияқты халыққа, жастарға тәлім-тәрбие боларлықтай кемел көркем бейнелерді әлі жасай алған жоқ, ендігі жерде жасауға тиіс. Өйткені: «Бұларды (ауыз әдебиеті жасаған кейіпкерлерді – К. С.) айрықша жан деп, тип деп ұға білген қазақ кейінгіні де (алдағы уақытта жазба әдебиет жасауға тиіс кейіпкерлерді – К. С.) ұға алады, ұқпақ түгіл, өміріне үлгі қылып еліктеуге де жарайды» (65),– деп айқын айтып отыр ғой. Яғни бұл мақаласында М.Әуезов жалпы осы күнге дейінгі әдебиеттің (қазақ ауыз әдебиетінің, дамыған елдердің жазба әдебиеттерінің) үздік үлгілері дәйім халық үшін, қоғам үшін қызмет етіп келді, ендігі жерде қазақ жазба әдебиеті де осы сияқты үлгіні жалғастырып дамыта түсуі керек деген озық идеяны алға тартады. Жалпы, әдебиет жұртшылықтың, жастардың мінезін түзейтін, тәлім-тәрбие беретін басшы болуы керек, ол үшін «Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру – әдебиеттің ендігі міндеті» болуға тиіс. Сонда ғана қазақ өмірін, өзіндік ерекшелігін айқын көрсететін типтік бейнелердің жасалуы мүмкін деген мағынада айтып отыр.

Мұнан соң сыншылар – Ғ.Тоғжанов та, Ә.Байділдин де жазушыны «қазақ әдебиеті сары уайымға түсу керек», «қазіргі қазақ өмірі жұтан, әдебиетке материал бола алмайды, сондықтан қазақ әдебиеті реализм әдісімен емес, орта ғасырдың романтизм, сентиментализм үлгісінде жазуы керек деп айтты» деп жазғырады. Сөз болып отырған бұл



мақалада дәл осылай айтылған пікір кездеспейді. Сыншылар бұл жерде де өз ыңғай, мүддесіне сай өңін өзгертіп отырғаны сөзсіз. Бұл мәселені де айқындай түсер болсақ, мақалада М. Әуезов қазақ әдебиетіндегі реалистік дәстүр Абай творчествосынан басталатындығын айта келіп: «Абайдан басталған сол реализмнің сарыны қазақ әдебиетіне осы күнге шейін жол болып келе жатыр. Рас, бұл жолда кейде бір ағым күшейіп, кейде жалпақ жарысқа ұқсап бытырандылық күшейіп жүрген мезгілдер бар. Бірақ негізгі сарынға келгенде, қазақ өміріне тез боламын деген әдісіне, айласына келгенде, қазақ әдебиеті Абай салған жолдан көп ұзап, өзгеріп кете қойған жоқ» (65),– деп, үстіміздегі ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің жалпы бағыт бетін дұрыс аңғарып пайымдай білген. Енді осы Абайдан басталып, кейінге жол болып жалғасып отырған реализм сарынын жазушы қалай түсініп бағалады десек, ол Абай өлеңдерінде «сүлдері құрыған зар да, әлі құрыған уайым да жоқ» екенін, қайта, керісінше, «қазақ өмірінің кем-кетігін түсінген көзі ашықтық» пен «дәлдеп ауруын тауып, емін айтқан ширақтық бар» екенін анықтап айтқан. Ендеше автор сыншылар көрсеткендей, сентиментализмді емес, нағыз реалистік үлгіні жақтап отыр ғой.

Рас, мақалада: «Абайдан бергі дәуірді орыстың реализм дәуіріндей толық реализм дәуірі деп айтпаймыз. Ол уақыт қазақ әдебиетінің аяғын апыл-тапыл басып келе жатқан кезі болғандықтан толық реализм шартын көрсеткен жоқ» (65),– деген де пікір айтылған. Ол бұған дау айтып, авторды кінәлаудың да еш реті жоқ. Өйткені, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі орыс әдебиетінде Ф. Достоевский, Л. Толстой, А. Чехов т. б. шығармаларындағы реалистік үлгілер сол кездегі қазақ әдебиетінде бола қоймағаны белгілі. Оларды бір-бірімен салыстырып, шендестірудің мүлде жөні келмейді, әрине. Бірақ бұдан ол кездегі қазақ әдебиетінде реализм дәстүрі болған жоқ деген қорытынды да шықпаса керек. Онда дәл орыс әдебиетіндегідей деңгейде болмағанмен, өз дәрежесіне лайықты, әдебиеттің сол кездегі шама-шарқына сәйкес реалистік үлгінің болғандығын кейінгі әдебиетші зерттеушілердің қай-қайсысы да болмасын түгелдей қуаттап, растайды. Оны сол мақаласында М. Әуезов те «өзге күйдің ішіндегі күштірек болған сарын сол» (65),– деп нақтылай атап та көрсеткен.

Одан әрі автор мақаладағы ой-пікірлерін түйіндеп қорытындылай келіп, соңында әдебиеттің ендігі міндеті қазақ өмірінің түгел шынайы суретін көрсетуі керек, қазақтың негізгі мінезін айқын көрсететін типтік бейнелер жасау қажет, «бүгінгі әдебиетке қалпақ киген оқығаннан бастап, қой жайып жүрген қойшыға шейін кіруге тиіс. Әдебиет сол күнде ғана өмір айнасы, өмір тезі болуға мүмкін»,– деп аяқтайды. Сонда, көріп отырғанымыздай, М. Әуезов мақалада әдебиеттің ендігі міндеті, алдағы бағыт-беті «сары уайымшылдыққа, сентиментализмге» салынуы керек



деп емес, керісінше, нағыз шыншыл, реалистік үлгіде болуы керек деген пікірді ұсынып отырған жоқ па?!

Біз М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты бұл мақаласына мүмкіндігінше кеңірек тоқталып өттік. Оның негізгі себебі, мақала әдебиетіміздің болашақ тұлғасы классик жазушымыздың, ғұлама ғалымның алғашқы кезеңдегі аяқ алысы мен ізденістерінен мол мағлұмат беріп қана қоймай, сол кезең-дәуірдегі әдебиетіміздің, әдебиет сыйы мен әдебиеттану ғылымының жалпы жай-күйі мен бағыт-бетінен де жан-жақты хабардар етері сөзсіз. Өйткені, бұл мақала қазақ халқының әлеуметтік өміріндегі жаңа кезең мен жаңаша қоғамдық құрылыстың бастапқы дәуірінде оның әдебиеті мен өнерінің жағдайын сөз етіп, келешек даму жолы мен өсу өрісінің қай бағытта өрістеуі жөнінде алғашқылардың бірі болып ой қозғап, пікір толғайды. Сол арқылы қазақ баспасөзінде осы мәселе төңірегінде пікір алысқан көптеген мақала еңбектердің туып, етек алуына негіз, себепкер болғандығы мәлім.

Міне, осы кезеңде 1924–25 жылдары «Ақ жол», «Еңбекшіл қазақ» газеттерінің бетінде әдеби айтыс, пікір алысу қызу басталған еді. Ол туралы проф. Т. Кәкішев 1994 жылы шыққан «Қазақ әдебиет сынының тарихы» атты сүбелі еңбегінде: «Сонымен қазақтың сыншылық ойына атой салып, дүр сілкіндірген саяси әлеуметтік, әдеби эстетикалық сауалдарды тізе баяндасак, өтпелі дәуірдің біраз шындықтарын ашатын демократиялық ой-сыңайдан хабардар боламыз.

Төңкерістен бұрынғы қазақ әдебиетінің бағыты, рухы қандай еді? Енді қандай болуы керек? Төңкеріс әдебиетке қандай олжа салды?

Қазақта төңкерісшіл, тапшыл ақын-жазушылар бар ма? Болса, кімдер? Тапшыл ақындар жоқ болса, себебі не? Қашан болады? Әдебиеттен ұлтшылдық жолы қашан қалады? Қазақ әдебиетінің орыс әдебиетінен өзгешелігі бар ма? Қазақ ақын-жазушылары төңкеріске жолдан қосылған жолбикелер ме? Әдебиет техникамен қатар өсе ме? Қазақ әдебиеті қазір қай дәуірде? Әдебиетке қандай көзбен қарау керек?» – деген сияқты бірінен бірі туындап, жауап үстінде жаңаларын қосақтап алып жатқан сауалдардың төңірегінде қызу айтыстың өрбігенін таратып-талдап өтеді (61.238).

Ал 1926–29 жылдары бұл айтыс қазақ баспасөзінде онан сайын өрістей түсіп, жаңаша сипат алғаны жайлы, оның тақырып аясының да, тартыс аумағының да кеңейе түсіп, бірте-бірте саяси сипат ала бастағанынан да оқырман қауым хабардар болар.

Сол тұстарда жарияланған мақалалардың тақырып атауларын жай тізіп өткеннің өзінде біраз жайдан мағлұмат берсе керек: Ғаббас Тоғжанов «Көркем әдебиет туралы марксшілдер не дейді, Жүсіпбек не дейді?», Сәбит Мұқанов «Көркем әдебиет туралы», Әбдірахман Байділдин «Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде», Қошкелі Кеменгеров



«Көркем әдебиет туралы», Ерғали Алдаоңғаров «Жазушылар мен көркем әдебиет», Мәжит Дәулетбаев «Сыншылар мен көркем әдебиет», С.Мұқанов «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірлерім», Қ.Кемеңгеров «Сәбитпен айтысты доғардым», С. Мұқанов «Мен айтысты доғармаймын», Смағұл Сәдуақасов «Әдебиет әңгімелері», Екеу «Көркем әдебиет туралы», Хамза Жүсіпбеков «Байдың толғағы», Ыдырыс Мұстамбаев «Көркем әдебиет туралы», Сәкен Сейфуллин «Қазақтың көркем әдебиеті туралы», Ә. Байділдин «Әдебиетке қандай көзбен қарап, сынау керек», «Садвакасовщина под маской «Молодого Казахстана», Ә. Тәжібаев «Әдебиеттегі смағұлшылдық», Ә.Мусин «Жікшілдіктің түбі – Жолбикелік», Ж.Сыздықов «Әдебиеттегі сәкеншілдер», М.Қайыпназаров «Илияс Жолбике емес», т.с.с. әртүрлі бағыттағы, әртүрлі деңгейдегі мақалалар өте көп жазылған еді. Олар жайлы жоғарыда аталған еңбегінде Т. Кәкішев те, 1960 жылы шыққан «Жазушы және өмір» атты зерттеуінде тегеурінді әдебиетші ғалым Темірғали Нұртазин де сол заман ыңғайына лайық біршама тоқталып өткен.

Біз бұл арада өз тақырыбымызға тікелей қатысты Екеу деген бүркеншік атпен «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 8–9 тамыздағы № 187–188 сандарында жарияланған «Көркем әдебиет туралы» атты мақаланың төңірегіне тоқталмақпыз. «Екеу» деген атпен 1918 жылы «Абай» журналында жарияланған екі мақаланың авторлары Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов екендігін жоғарыда айтып дәлелдегенбіз. Ол, әрине, ешқандай күмән тудырмайды. Ал, мына кейінгі мақаланың авторларын Сәбит Мұқанов 1960 жылы шыққан «Өсу жолдарымыз» атты мақалалар жинағында (56-бет) Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов деп көрсеткен (71.56). Бұл кітап М.Әуезовтің көзі тірісінде жарияланған. Соған байланысты жазушының өзі аталмыш мақаланың авторлары Ж.Аймауытов екеуі екендігін сол кезде профессор Бейсенбай Кенжебаевқа, академик Исмет Кеңесбаевқа айтқан екен. Кейінірек бұл туралы ол кісілерден біз де өз құлағымызбен естігенбіз. Оның үстіне ол мақаланың «Қазақ әдебиеті» газетінің 1989 жылғы 3 қазандағы санында М.Әуезов пен Ж.Аймауытовтікі деп әдебиетші-ғалым Рәзия Рүстембекова қайта жариялады.

Оған қосымша дәлел ретінде «Көркем әдебиет туралы» атты бұл мақаланың негізгі ойы М. Әуезовтің ілгеріде біз қарастырып өткен «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты мақаламен үндесіп, сөз саптау өрнегі де сонымен үйлесіп тұрғандығын айырып, анықтау еш қиындық тудырмайды. Сонан соң жоғарыда келтірілген Ғ.Тоғжанов пен Ә. Байділдин сындарындағы жазушыны «Қазақ әдебиеті сары уайымға салынсын, күйректікке, сентиментализмге түссін дейді» деп жазырғаны алғашқы мақаладан гөрі осы кейінгі мақалаға қатысты сияқты. Өйткені, «Шолпан» журналында жарияланған мақалада «Күйректік,



сентиментализм» деген сөз мүлде кездеспейді, ол термин кейінгі мақалада қолданылған. Сондықтан, сыншылар бұл мақаланың да авторы М.Әуезов екендігін білгендіктен, әдейі тілге тиек еткен болса керек.

«Көркем әдебиет туралы» атты бұл мақалаға авторлар «Айтыс ретінде» деп қосымша анықтамамен жариялаған. Мақалада әдебиеттің теориялық-әдістемелік мәселелері, яғни, қазақ әдебиетінің сол кездегі жалпы жағдайы, көркемдік әдісі, бағыт-беті оның қоғамдық-әлеуметтік маңыз-мәні тұрғысынан терең талданған деуге болады. Авторлардың әдеби, ғылыми теориялық таным-білімі мейлінше кеңейіп, арта түскені бірден байқалады.

Алдымен, әдебиеттің жалпы жағдайына, өсіп-өркендеуіне, көркемдік әдіс, ағым, бағыттарының туып, қалыптасып орнығуына қоғам өмірінің, халықтың тұрмыс ахуалының әлеуметтік құрылысының, мәдени хал-жағдайының, ақыл-ой деңгейінің «маңызды себепкер (фактор) болатынын» авторлар тарата сөз етіп, философиялық, диалектикалық талдаулар жасайды.

Халықтың тұрмыс халі, әл-ауқаты төменгі сатыда, «аңшылық, бақташылық, егіншілік кәсіптермен ғана күн көрген» кезеңде, «табиғат күшінің ықпалынан арыла алмай», түрлі сенім-нанымдардың шырмауында болатынын. Ал, «мұндай елдің ақылынан да, хиялы басым болатынын» айтады.

Қай елде болмасын оның әлеуметтік құрылысының қандай сыпатта болуы, соның әсері «халықтың жан әлеміне (психологиясына) да терең із қалдыратынын», «әр заманда бір үстем пікір (идея), үстем ұран шығатынын, оны ешкім ойлап шығармай, тұрмыс туғызатынын», ал оның бәрінің әдебиетке әсер етіп отыратынын да авторлар дұрыс түсініп білген.

«Атам заманнан адам баласының тарихында ақыл-хиял сезімі таласы қалмай келе жатыр. Бір заманда хиял-сезім үске шығып, әдебиетте санашылдық (идеализм), сарындамашылдық (романтизм), күйректік (сентиментализм) бағыттарын туғызса, кей заманда ақыл жеңіп, натурализм, реализм, материализм бағыттарын туғызып отырған. Адамда ақыл, хиял, сезім (көңіл) деген сипаттар бар. Бір дәуірдің жазушылары (ойшылдары) біржола ақылдан, немесе хиялдан безіп кете алмайды. Адам әр алуан болып жаратылады. Біреудің ақылы басым, біреудің хиялы, біреудің сезімі басым болады. Сондықтан әдебиетте нағыздық (реализм) бағыты басталды-ақ, сарындамашылдық (романтизм) бағыт пышақ кескендей тоқталады деп ұғу дұрыс емес. Екі бағыт аралас жүріп отырады: тек біреуі басымдырақ болғандықтан пәлен бағытта деп айтылады» (72),— деп жазады.

Авторлар осы сияқты теориялық толғамнан келіп қазақ әдебиетінің қазіргі қалпы мен келешек бағыт-бетін талдауға ойысады. Мақаланың





айтыс ретінде жазылғанын айттық. Өздеріне дейін Ә.Байділдиннің, Қ.Кемеңгеровтің және С.Мұқановтың екі мақаласы жарияланған екен. Сондықтан мақала солармен жауаптасып та өтеді. Ол мақалалардың ішінде, әсіресе, С.Мұқановтың екі мақаласында сол кездегі «байшыл-ұлтшыл және жолбике жазушыларға» қарсы қатты сындар айтылған. Жазушының 1960 жылы шыққан «Өсу жолдарымыз» атты жинағына бұл мақалалар аздап қысқартылып, ықшамдалып беріліпті. Жинақты құрастырушы бұл жөнінде: «Қызыл Қазақстан» журналының 1927 жылғы 22–23 сандарында «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірлерім» деген атпен жарияланған мақаладағы «Талантқа мен былай түсінем» деген бөлімі ғылыми жағынан қате жазылған (мысалы, адамның миында ақындықтың да бөлшегі бар» деу). Автордың ол кезде анатомия және физиология ғылымын жете білмеуі салдарынан туған бұл өрескелдік те кітапқа «кейбір қорытындылар» деген атпен кіріп отырған мақаладан өшірілді. Бірсыпыра мақалалардың аздап ықшамдалғаны болмаса, осы екі мақаладан басқа, жазылған кездегі пікірі негізінен өзгерген материалдар болған жоқ» (71.8),– деп жазады.

С.Мұқанов мақаласында қазақ әдебиетінде қазір үш түрлі бағыт бар: 1) еңбекшілдік бағыт, 2) кеңес үкіметіне қарсы бағыт, 3) шөре-шөредегілер деп, әрқайсысына өз бағасын береді. Қазақстанда кеңес өкіметі орнағаннан бергі алты жыл ішінде әдебиетте не істелді деген сұраққа – «жоқ» дегеннен басқа жауапты кімнің де болса бере қоюы қиын»,– дейді. Өйткені, бұрын қазақ кедейінің жүзден 99-ы хат білмейтін еді. «Азын-аулақ талаптардың бірлі-жарымдары ол-пұл жазса, яки ауызша шығарса, олары ел ішінен ілгері асқан жоқ» (71.31,42),– деп мойындайды. Дегенмен әдебиеттің келешегі тек осылар деп біледі. Екінші бағыттағы «байшылдар жазған шығармалардың сырты сұлу болғанмен, мазмұн жағы у болып келеді», – деп оларды мүлде іске алғысыз етеді. «Байшылдардың азырақ есі барлары өлетінін біледі де шөре-шөрелікке айналып, бізбен жақындасуға тырысады. Бұл бағыттағыларда тиянақты пікір жоқ. Күш кімде болса, оның тілегі сонда. Кеңес өкіметін тамағы тойса, жақсылайды, қарны ашса, жамандайды, бір күн байды жырласа, бір күн кедейді жырлайды. Олар тарыға қызығатын тауық сияқтылар» (71.42),– деп оған мысалға Мұхтар мен Жүсіпбекті келтіреді. Яғни, автор бұл бағыттағы жазушыларды да іштен теуіп, саяси тұрғыдан айнала қуып тастап аулақтатуға тырысады.

Біз, әрине, бұл арада барлық жаманатты қазақ әдебиетінде өзіндік қолтанбасы бар классиктерінің бірі С.Мұқановқа үйіп-төгуден аулақпыз. Сол дәуірдегі әдебиет ісіне бар ынты-шынтысымен белсене араласпақ ниеттегі жас жалынды жазушының мұндай бірбеткей үзілді-кесілді шетін көзқарасты ұстануына сол заман ағымы, саясат бағыты итермелеп отырғандығы бәрімізге де түсінікті. Ондай пікірді кезінде заман ыңғайын

аңғарып, икемделе алған басқа да сыншы, жазушылардың айтқандары белгілі.

Соның өзінде біздің сөз етіп отырған авторларымыз М. Әуезов пен Ж. Аймауытов мақалада Плеханов, Троцкий, Луначарский, Воронский сияқты ойшыл саясаткерлердің салиқалы пікірлеріне сілтеме жасай отырып, өз көзқарастарын ашық білдіріп дәлелдеуге тырысады.

Әдебиет пен өнерде қандай ағым, қандай бағыт туып өрістемесін, ол халықтың тұрмыс жағдайына, заман талабына, саясат ыңғайына тікелей байланысты, «тұрмыс бір басқа, әдебиет бір басқа болып жүре алмайды». Кезінде әдебиеттегі ұлтшылдық сарынның тууына да сондай объективті жағдайлардың әсері болғандығы сөзсіз.

«Ұлтшылдықты отаршылдық туғызғанына Сәбиттер таласпайтын болар. Бір күнде отаршылдық та, ұлтшылдық та жоғалып кетпек емес. Бірі қалғанда, екіншісі де қалады. Бұдан артық қаза беруге болмайды» (73), – дейді авторлар.

Әдебиеттің өсіп-өркендеуіне көптеген себептердің, факторлардың әсері тиеді. Оқыған, интеллигент жазушылар табансыз, пайдасыз деп тауып, еңбекші тап әдебиетін «интеллигентсіз-ақ қара күшпен соғып шығарамыз» деген бірбеткей сыңаржақ ұғымның мәдениеті дамыған елдердің, оның ішінде орыс әдебиетінің де тәжірибелеріне қайшы келіп, үйлеспейтінін ескертеді. Оларда «үйірге жаңа түскен сәуіркіше бірін-бірі сауырламайды, мүйіздемейді екен, сынаса өзін емес, сөзін сынайды екен». Сондықтан әдебиеттің күшеюіне қаламшыларға азды-көпті еркіндік керек, мүйіздеп қысымшылық көрсете бермеу керек» деген пікірді айтады.

Қазіргі біздің еңбекші бағытындағы тапшыл жазушыларымыз көбінесе үгіт сөз, үгіт өлең жазуға әуестеніп, өнер болу жағын ескермей кету қаупі бар. «Қолма-қол пайдасы тегін үгіт болмаса, «еңбекші» деген сөзді қыстырмаса, дәретсіздігі сезілетіндей тым қысыла-қымтырыла жазатын тәрізді. Өнердің пайдасы күнбе-күн, қолма-қол тие беруі шарт болмаса керек» деп түсінеді. Төңкерісшіл сыншылар айтып жүрген «ақын да, арбашы да, қойшы да, өз орнында ақын» деген сөздер ақын міндетін тым жабайы көрсеткендік, ақынның өнерін де, өресін де тым тарылтқандық болады. «Шын жүректен, табиғатынан қайнап шықпаған сөзде жан болмайды, ондай сөз ақындыққа жатпайды, бейнамаздың намазы болып шығады» (73) – дейді.

Авторлар айтыс мақала жазған сыншылардың: «Бұл дәуірде көбінесе нағыздық (реализм) пен төңкерісші сарындамалық (романтизм) бағыттары есеюге тиіс» деген пікірлерімен негізінен келісе отырып, өз байламдарын таратып, толықтырып жүйелейді.

(Біз бұл еңбегімізде сөз етіп отырған мақалалар М. Әуезовтің бұрын-сонды шыққан жинақ, кітаптарына еңбегендіктен, яғни қалың оқырманға



кең танымал болмағандықтан, олардың сөздерін өзімізше баяндағаннан да гөрі, жазушылардың өзіне сөз беріп, үзінділерді ұзақтау келтіріп отырмыз).

«Ұзын сөздің қысқасы – қазақ асарын – асап, жасарын жасамаған, мәдениеті көпей ел, табиғат сырына ақылы жетіп болмаған, бақташы, диканшы ел, дін тұманынан әлі арылмаған ел, жан жүйесі, ой жүйесі, рух әлемі жаңа қалыпқа әлі қалыптанып жетпеген ел, ұлтшылдық сезімі кемеліне келмеген ел, тапшылдық, әлеуметшілдік пікірін жаңа ғана естіп отырған ел. Өткендегі хандарын, билерін, батырларын жырлап, ақыл-ойы ертегімен, хиссамен, хиялмен суарылып келген ел, ескі өкіметтің зорлығын көріп, жерінен, еркіндігінен айырылған ел. Сондықтан қазақ әдебиетінің бұл күнгі бағыты көбінесе сарындамалық, қала берсе, нағыздық бағытта болуға тиісті. Осы күнгі азды-көпті әдебиет табыстарымыз осыны көрсетеді. Бұл бағытты ешкім кесіп-пішіп бермейді, ешкім мына бағытты алсын деп күштей алмайды, оны тұрмыс, тарих ағымы өзі белгілейді. Сыншының міндеті: барды бар, жоқты жоқ деу, бұлай болса, тәуір болар еді деп, түзу жөн сілтеу, жазушыға жәрдемдесу» (73),– деп өз пікірлерін ұсынып түйіндейді.

Енді құдайлығына келгенде, осы айтылған пікірге, жалпы мақаладағы қозғалған негізгі ой-пікірлердің, қай-қайсысының болмасын шындығына, дұрыстығына шүбә келтіріп, қарсы дау айтудың ешқандай жөні жоқ сияқты көрінеді бізге. Бірақ ол кездегі заман ағымы, саясат беті басқаша болды ғой. Авторлардың кезінде істі болып шырғалаңға түсуіне осы мақаланың да себепші болғандығы сөзсіз.

Өйткені, бұған іле-шала, артынша газеттің сол жылғы № 223–224 сандарында ауыр саяси айып тағылған Хамза Жүсіпбековтің авторлығымен «Байдың толғағы» атты үлкен мақала жарияланды. Бұл мақала кейін 1960 жылы шыққан С. Мұқановтың «Өсу жолдарымыз» атты мақалалар жинағына енген. Ол туралы ескерту-анықтамасында жазушы: «Бұл мақаланы «Еңбекшіл қазақ» редакциясына мен жазып апарғанда, редактор Тоғжанов баспады да, аздап өзгертіп, өлкелік партия комитетінің партиялық коллегиясында секретарь боп қызмет атқаратын Хамза Жүсіпбековтің қолын қойғызып апарған соң басты» (71.56) деп жазған екен. Бұл арада әңгіме мақаланы кімнің жазғандығында тұрған жоқ, әрине. Мәселе – сол мақаланың жарияланып, оның көп ұзамай, Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің айыпталып, істі болуына айтарлықтай себепші болғандығында.

«Байдың толғағы» атты бұл мақала шүу дегеннен: «Шынында «Екеудің» мақаласы әдебиет туралы ғана емес, әдебиетті бүркеншектеп, біздің ұстаған түпкі мақсатымызға түбімен қарсы пікір. Үстіртін қараған кісіге әдебиет туралы сықылды көрінгенмен, бұл мақаланың астын қазсаң, батпағы шығады»,– деп, одан «саяси астар» іздеп, зілді

кекесінмен авторларға түрлі ауыртпалық айыптауларды үйіп-төккен. Автор «Екеудің» мақаласынан үзінділер келтіре отырып, оған өзінің түсінік бағасын беріп отырады. Сондай бір үзіндіні келтіре кетейік:

«Екеуге» сөз берейік, не дер екен? «Манадан бергі сөзіміздің қорытындысы: қазақтың ұлтшылдығы – басқаны өзіне бағындыруды көкसेген, шегіне жеткен, озбыр ұлтшылдық емес, алдымен бас қорғауға, жан сауға қылуға, жете алса, теңдік алуға талпынған тіленші ұлтшылдық. Тұрмыс жүзінде ұсақ ұлттардың қалың бұқарасы теңгерілмей тұрғанда, ұлтшылдық жойылмайды. Бұрынғы жалаңаш ұлтшылдық бұл күнде бұқарашылдыққа айналса, бұл бір саты, бұл бір табиғи жол. Қазақ капитал дәуірін аттап өтіп, тегістік тұрмысқа жетсе, құба-құп, жете алмаса, әдебиетті аттағам дегенімен, тұрмыс аттамайды» – деп алып, одан ары сыншы өз сөзімен баяндап, мынадай пікір-үкімін айтады: «Қазіргі мәдениет, шаруашылық, басқа құрылыстарда істеп отырған жұмыстарымыз әдебиетке әсер беретін себепкер екенін айтудың орнына, «Екеу» «себепкер тек қана ескілік» дейді, олай болса, барлық жұмыстарыңды соған бейімдеп жасандар, қазақ елін капитализмнен аттатып, тегістік тұрмысқа жеткізем деп жүргендерің «хиял, сарындамалық, сандалма» дейді. Міне, «Екеудің» мақаласының саяси жат пікір екені, біздің жолымыз емес, қазақ байының жыры екені» (71.57).


Осы соңғы үзіндідегі «сандалма» деген сөзді сыншымыз қызды-қыздымен өзі қосып жіберген болар. «Екеудің» мақаласында бұл сөз кездеспейді. Сол жылдары үлкен қоғамдық мемлекеттік қызметтер атқарған, РКП(б) ОК нұсқаушы, Қазақстан өлкелік партия комитетінде бөлім бастығы, «Еңбекшіл қазақ» газетінің редакторы, Қазақстан Жазушылар одағының председателі, т. с. с. жауапты, басшылық жұмыстарда болып, әдебиет сынына белсене араласып, бірнеше кітаптар, мақалалар жариялап, 1937 жылы «Халық жауы» болып ұсталып, атылып кеткен Ғаббас Тоғжанұлы жоғарыда аталған «Әдебиет пен сын мәселелері» (Қ.О. 1929 ж.) атты кітабында: «Мұхтар да бір кезде коммунист партиясында болған, бірақ Мұхтардың көркем әдебиетте бұрынғы қалпынан өзгерген уағы жоқ. Мұхтар көркем әдебиетте әуелден байшылдықты жырлаушы еді, әлі сол байшылдығымен келе жатыр (156-б.). Мұхтар бүгінгіні көрмейді. Келешекке сенбейді. Мұхтардың көретіні, білетіні, іздейтіні – қазақтың өткен өмірі. Мұхтар жақсылықты, үлгіні өткеннен іздейді. Мұхтардың негізгі жолы, идеологиясы – әлі байшылдық, ұлтшылдық» (69.160) – деп ауыр саяси айып тағады.

Көріп отырсыздар, бұл сияқты түсінік, баға-байлам сол кезеңдегі мақалаларда (Ә. Байділдин, М. Қайыпназарұлы С. Камалұлы, Ф. Голощекин т. б.) жиі болмаса да ара-кідік орын алып отырған. Оған



сол заман кінәлі ме, адам кінәлі ме – оны тарих таразылап, сараптай жатар. Қазіргі оқырман да оны өз ой елегінен өткізіп, артық-кемін айырып байқай алса керек. Сондықтан бұл арада оларды талдап, тақымдап жатуды артық көріп отырмыз.

М. Әуезов «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты мақаласын 1922–23 жылы жарияласа, мына кейінгі «Көркем әдебиет туралы» атты мақала 1927 жылы жарияланды. Бұл екі мақаланың қозғаған тақырыбы, көтерген негізгі мәселелерінде бір-бірімен ұқсастық, үйлестік бар екенін, алғашқыда айтылған ой-пікірлердің кейінгісінде өз жалғасын тауып, қазақ әдебиетінің өткендегі жалпы тарихи жолы мен қазіргі дәуірдегі жай-күйін, өзіндік өзгешелік, ерекшелігін сыпаттай келіп, алдағы өсу өрісі, келешек бағыт-беті қалай дамиды деген, сол кезең үшін ең толғақты, көкейкесті мәселені сөз етуге арналғанын көріп өттік. Сол себепті біз де бұл екі мақаланы ара жігін ажыратпай, бір-біріне жалғастыра қарастырғанды жөн көрген едік. Бұл екі аралықта М. Әуезов көптеген көркем туындыларымен қатар бірнеше мақала, зерттеу еңбектерін де жариялайды. Айталық, «Қазақтың қалам қайраткерлеріне ашық хат», «Ыбырай Алтынсарыұлы», «Халық әдебиеті туралы», «Қобыланды батыр», «Шаншар» журналы, «Әдебиет ескілігін жинаушыларға», «Жалпы театр өнері мен қазақ театры», «Әдебиет тарихы» т.б. осы әдебиет, мәдениет, ғылым мәселелерін кеңірек, тереңдей тексеретін еңбектер. Олардың әрқайсысын өз тақырып танымына, мазмұн, маңыз ерекшеліктеріне қарай кезегімен арнайы топтап, жіктеп қарастыруды жөн санап отырмыз.



### III ТАРАУ

## ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЖАСАУ ЖОЛЫНДА

### 1. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры

М. Әуезов қазақ әдебиеттану ғылымында алғашқылардың бірі болып әдебиет тарихына байланысты зерттеу еңбектер жазып, мол мұра қалдырғаны белгілі. Өйткені жазушы өз мақала, еңбектерінде айтып өткеніндей, әдебиетті тану оның тарихын, осы күнге дейін жүріп өткен жолын, өсу кезеңдерін, түрлі заңдылықтарын білуден басталады деп түсінеді. Жоғарыда қарастырып өткен «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» (тарихи-әдеби сын) атты мақаладан басқа сол 20 жылдары әдебиет тарихының түрлі мәселелеріне арналған «Ыбырай Алтынсарыұлы», «Халық әдебиеті туралы», «Қобыланды батыр», «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақалалары мен «Әдебиет тарихы» атты көлемді зерттеу кітабын жариялайды.

«Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты алғашқы мақалада автор қазақ ауыз әдебиетіне, оның ерекшелігі мен маңыз-мәніне қысқаша шолу жасап өткен. Өйткені жазушы: «Ескі әдебиеттің түрін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну біздің өзіміз үшін керек» (62), дейді. Яғни, бұл біздің бүгінгі әдебиетіміздің жай-жапсарын терең танып, келешек бағыт-бетін дұрыс белгілеу үшін өте қажет деп біледі.

М. Әуезов: «Орыс жазушыларының қысқаша сындарына қарағанда, біздің ескі ауызша әдебиетіміз бай өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі, қысқасын айтқанда, қазақтың даласы секілді кең, келешегі көрікті үлкен, жалпы түрік әдебиетінің ішінде үлкен орын алатын әдебиет секілді көрінеді... Себебі, әдебиетімізде өзге көп жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетін үкқандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және жеке-жеке суреттері де айтылған» (62) – деп жазады.

«Халық әдебиеті» атты келесі мақаласында автор осы ой-пікірін ары қарай өрбітіп, қазақ халық әдебиетінің, яғни ауыз әдебиетінің осылайша өте жоғары сапалы болуы – әдебиетіміздің келешегі үшін де жалпы



халқымыздың «болашағы гүлді, түбінде іргелі ел болуына» негізгі тұлға, себепші деп түсінеді. Сондықтан мақалада қазір сол халық әдебиетінің үлгілерін ертерек қамдастырып, төгіліп-шашылып, жоғалмай тұрғанда жинақтап, жүйелеп, хатқа түсіріп алу қажеттігін баса айтады. Бұл істе әсіресе оқып жүрген шәкірттердің көп қолқабыс тигізе алатынын жазушы өте дұрыс ескертеді.

«Қобыланды батыр» атты мақалада М.Әуезов ауыз әдебиетінің халықтың азаматтық тарихымен байланысы жайлы өте қызықты, әрі ғылыми тұрғыдан құнды ой-пікірлер айтқан: «Бұрынғы заманда неше алуан хандық құрған түрік жұрттарының көбінің тойын бірге тойлап шыққан бір ел қазақ елі екені тарих жүзінен белгілі. Нағыз қазақ бірлігі XV ғасырлар ішінде шықты десек те, сол бірлікті жасаған рулардың көпшілігі ертерек заманда болған. Алтын Орда, Қазақ хандығы, Ноғайлы, Өзбек бірлігі сияқты хандықтардың бәріне де кірген, солармен бірге ыстығына күйіп, суығына тоңып ірі тарихи уақиғаларды бастарынан бірге көшіріскен» (74.45-46) – деп басталады мақала.

Автор жалпы ауыз әдебиеті шығармаларының, соның ішінде батырлар жырының да негізінен ел хиялынан, арманынан туатындығын, бірақ солай бола тұра, олардың өмірлік, тарихи белгілі бір негізі болатындығын, «бізге тіпті анық қылып тарих бетін ашып береді демесек те, сол ескі тарих көлемінде болған ірі мезгілдердің барлығының да ұлы суретін нобаймен, тұспалмен көрсететіндігін» (74.47) атап айтады. «Қобыланды батыр» жырына осы тұрғыдан талдау жасай келе, жазушы ел әңгімелерінің тарих «өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отыратынын», бұрын-соңды өткен оқиғаларды кейде бір дәуірге, бір кісінің басына жиып қоятын кездерінің болатынын да ескертіп өткен.

Бұл шағын мақалаларда ауыз әдебиеті, әдебиет тарихының кейбір мәселелері, жеке өкілдері мен шығармалары жайлы қысқаша барлау, шолу түрінде көрінген алғашқы қадам жасалса, «Әдебиет тарихы» кітабы жазушының сол ой-пікірлерінің жинақталып, жүйеленген тұңғыш тұлғалы зерттеу еңбектің үлгісі бола алған еді.

М. Әуезов бұл кітапты жазуға үлкен дайындықпен келген деуге болады. 1923 жылы Ленинград университетіне оқуға түскенімен, сол жылдың аяғынан 1925 жылдың қыркүйегіне дейін Семей қазпедтехникумында мұғалімдерді қайта дайындайтын курстарда қазақ әдебиетінен сабақ бергені белгілі. Сол жылдары жазушы «Таң» журналында өзінің көркем шығармалары, мақала-зерттеулерімен қатар ел арасынан жинаған көптеген ауыз әдебиетінің, әдебиет тарихының үлгілерін жариялайды.

Журналдың № 1 санында: «Сыбан Сабырбай ақынның Солтабай төреге айтқан сөзі», «Абайдың басылмаған сөздері», «Абайдың кейбір өсиет сөздері», «Жанак ақын айтуындағы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»

жырынан үзінді», «Бұхар жырау сөздері», «Бұхар жыраудың Керейге айтқан сөзі. Көкбай ақсақалдан».

№ 2 санында: «Айтаңсықтың қоштасқаны. Көзі Көрпеш – Баяннан», «Сыбан Ақтайлақ би». Көкбай ақсақал айтуынша. «Жаман сарт сарыны».

№ 3 санында: «Бөрікбай сарыны», «Алтыбай ақынның Тіленшіге айтқан сөзі».

№ 4 санында: «Абылай орыспен соғысамын дегенде, Бұхар жыраудың айтқан бір толғауы», «Күдері қожаның Қарқаралы тауымен қоштасқаны» т. б.

1925 жылы «Қазақ тілі» газетінің 23 сәуірдегі санында «Әдебиет ескілігін жинаушыларға» атты мақала жарияланған. Оған «Семей техникумы» деп қол қойған екен. Мақаланың авторы М. Әуезов екендігін жазушы творчествосының білгірі Қайым Мұхаметханов «Қазақ әдебиеті» газетінің 1971 жылғы 15 қаңтардағы санында архив деректерінен дәлел келтіре отырып жариялады. Ол дәлелдердің нанымдылығы да, мақаланың тілі, ой оралымдары да оның М.Әуезов туындысы екендігі күмән тудырмастай. Оның үстіне мақаладағы негізгі ой жазушының «Әдебиет тарихы» зерттеуіндегі ой-пікірлерімен сабақтасып, тіпті, кей жерлері сол күйінде қайталанып та отырады. Айталық, мақаладағы әдебиет тарихын жинап, зерттеудің маңызы туралы айтылған тұстар кітаптың «Жазушыдан» деп аталатын арнауындағы ойлармен тікелей үйлесіп жатса, мақаладағы Қодар образына берілген мінездеме мен жырдан келтірілген мысал кітаптың «Қозы Көрпеш – Баянның мәнісі» атты тарауында еш өзгеріссіз қайталанып келеді.

Міне, бұл айтылғандар «Әдебиет тарихы» зерттеуінің сол 1924–1925 жылдары жазушының педтехникумда, курстарда жүргізген дәрістері негізінде дайындалғанынан мағлұмат берсе керек.

Осы арада қосымша ретінде Ленинград облыстық архивінде сақталған М. Әуезовтің студенттік іс-қағаздарынан бірер маңызды деректерді келтіре кетуді жөн көріп отырмыз. М.Әуезов Семей губерниялық халық ағарту бөліміне қазпедтехникумның оқытушы қызметінен босатып, оқуын жалғастыруға мүмкіндік беруге өтініш жазған екен. Сол өтінішінің ішінде: «...Причем считаю необходимым о том, что годовичная деятельность в указанных отраслях не прошла бесследно для меня, она к полному моему удовлетворению прикрепило меня надолго и идейно к школе. В данный момент я не мыслю свое будущее вне школы. Это то ценное, что я приобрел в результате годовичной деятельности...» (75.3), деген жолдар бар.

Семей губерниялық атқару комитетінің төрағасы Тоқтабаев пен халық ағарту бөлімінің басшылары қол қойып, Ленинград университетінің басшыларына жолдаған қатынас қағазда былай деп көрсетіпті (Жазушының өмірбаяны мен еңбек жолынан өте маңызды мағлұматтар





беретін бұл құжаттан үзіндіні сол қалпында орыс тілінде ұзактау келтіріп отырмыз):

«...Ввиду отсутствия среды киргиз подготовленных культурных сил, при огромных потребностях туземной школы в подготовленном кадре киргизского учительства ГубОНО оставило тов. Ауэзова в качестве лектора, еще и потому, что в среде остального мало подготовленного киручительства не было лиц, могущих вести преподавания указанного нового предмета (киргизская литература – К. С.). А тов. Ауэзов, благодаря проявленному им интересу к киргизскому творчеству и благодаря своим самостоятельным исследованиям в данной области, являлся единственным кандидатом в качестве лектора кирлитературы в техникуме. Кроме того, тов. Ауэзов, по приглашению АПО Семгубкома вел преподавание по истории революционного движения в России, на киргизском отделении Семгуб. партшколы. Наряду с этими обязанностями тов. Ауэзов, являясь киргизским журналистом по прошлой своей деятельности, был приглашен редакцией журнала «Тан», органа Семгубкома, Губисполкома, в качестве технического редактора последнего, где работал до июля месяца настоящего года.

Со всеми перечисленными обязанностями тов. Ауэзов, еще совмещал краеведческую работу, будучи заместителем председателя Семипалатинского отдела Русского Географического общества. В последней отрасли своей деятельности он являлся одним из организаторов собрания киргизского фольклора и организатором киргизских краеведческих кружков.

В настоящий момент в дополнение к перечисленным обязанностям он является лектором летних киргизских курсов по переподготовке киручительства. Проявляя во всех указанных отраслях деятельности достаточную активность, тов. Ауэзов имеет глубокое уважение к идее народного просвещения, обещает быть одним из ценных работников киргизского края»...(75.9-10)

Сонымен, бұл «Әдебиет тарихы» сол 1925 жылдың аяғында жазылып біткен екен, автор қолжазбасына «Ленинград, декабрь, 1925 жыл» деп мерзім қойыпты. Баспадан 1927 жылы шыққан.

Қазақ ауыз әдебиеті нұсқалары XIX ғасырдан, негізінен оның екінші жартысынан жиналып хатқа түсіріліп, белгілі мөлшерде жүйелене басталғаны белгілі. Бұл салада орыс ғалымдары И.Березин, Н.Ильминский, Г.Потанин, В.Радлов т. б. еңбектері өте үлкен. Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Ә.Диваевтер де мол еңбек сіңірді. Дегенмен олардың сол өлшеусіз құнды еңбектері қалың жұртшылықтың, жаңа-жаңа ашыла бастаған қазақ мектептері оқушыларының игілігіне айналып, күнделік қажетін өтей алмағаны өзінен-өзі түсінікті.

Үстіміздегі ғасырдың бастапқы жылдарында, әсіресе кеңес өкіметінің

орнаған кезеңінен бастап жер-жерде бірінші басқыш мектептермен қоса біртіндеп орта буын мектеп, техникум, институт, әр алуан мамандық жолындағы курстар ашыла бастады.

М.Әуезов: «...Сол себепті қай қалада бастауыш мектептен гөрі жоғарырақ болып ашылған мектептер болса, барлығында ана тілінің әдебиетін ұғынудың талабы байқалады. Ана тілінің іздейтін жаңалығы, кең өрісі сол әдебиет болады. Әдебиет мектеп ішіндегі оқушылардың ақыл сезімін тәрбиелеп жетілуден басқа сол оқушыға қазақ деген елдің өткендегісі мен бүгіндегі пішінін танытуы керек.

Белгілі заманның тарихи шарттары мен кәсіп дағдысынан туған салт, сана, сезім, тілек қандай еді? Елдің өнер туғызған хиялы мен үлгілі сөз туғызған ақыл шалымы, ішкі дүние байлығы қандай еді? Қазақ тілінде әрбір заманда шыққан сырлы сөздердің үлгі түрі қандай, мағына, маңызы қандайлық? Бір-бірінің ортасындағы тарихи байлам, тіркестік қайсы, әрбір жұрнақты туғызған себеп не? Міне, осының бәрін бүгінгі мектеп ана тілінің шеңберіне сиғызып, оқушыға білдірмекке талап етеді» (132) – деп жазады кітаптың «Жазушыдан» деп аталатын алғы сөзінде.

Қазақ АССР-інің тұңғыш Халық ағарту комиссары болған ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынов «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әліппе астары» еңбектерінен кейін 1926 жылы «Әдебиет танытқыш» оқулығын жазған еді. Бұл әдебиеттанудан алғашқы байсалды теориялық зерттеу болса, соған іле-шала өкшелес шыққан М. Әуезовтің кітабы қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш жүйелі еңбек болып саналады.

Бұл туралы 1960 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихында»: «Қазақстан фольклористері ендігі жерде ауыз әдебиетін сала-салаға бөліп зерттей бастады. Ауыз әдебиетінің шығармаларын жанрлық ерекшеліктеріне қарай бөлу, бұрын зерттеу ісінде болып келген кемшіліктердің орнын толтырды, өйткені Радловтың жинағы шыққаннан кейінгі мезгілде бұл мәселе шын мәнінде қайта қаралмаған еді. 1920 жылдардың аяғы мен 1930 жылдардың бас кезінде Фалев, Диваев, Сейфуллин, Әуезов сияқты фольклорист-ғалымдар ауыз әдебиетін жанрға бөлу жөніндегі мәселені қазақ халқының тарихымен байланыстырды. Осы айтылған жайлар 20-жылдардың соңғы кезінде М.Әуезов еңбегінде («Әдебиет тарихы» Қызылорда-Ташкент 1927 ж.), 30-жылдардың бастапқы дәуірінде С.Сейфуллин зерттеуінде («Қазақ әдебиеті» 1-кітап, Қызылорда, 1932 ж.) тереңірек баяндалады» (77.60),– деп жазды.

Сонымен, М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты бұл кітабы қазақ ауыз әдебиеті, әдебиеттің тарихы туралы тұңғыш күрделі зерттеу еңбек болумен қатар сол дәуір талабына сай мектеп, оқу орындарына арналған алғашқы оқулық та болып табылады. Сол алғашқы басылымдағы арнау сөзінде жазушы: «Қазақ шөліндегі білім бұлағының күрекшісі – қазақ оқушыларына арнадым»,– деп жазыпты.



Автор кітаптың «Сөз басы» деп аталатын кіріспе бөлімінде «Жалпы тарих жолындағы адам баласының ілгерілеген басқыштарына» қысқаша шолу жасап, «қазақ ескілігінен аз мағлұмат» беруден бастайды. Жазушының адамзат тарихын «1. Тағылық тұсындағы ортақшылдық дәуір, 2. Ана қожалығы жүрген дәуір, 3. Ата мен ру қожалығы жүрген дәуір, 4. Мемлекет негізі құрылған дәуір» (76.12),– деп бөліп, оларға берген анықтама-мағлұматтары өте айқын, әрі көңілге қонымды.

Қазақ елінің жалпы тарихына байланысты берген аз мағлұматта автор бүгінгі таңда «қазақ ескілігінің жазу күйінде сақталып қалған белгісі жок» болғандықтан, «елдің ұзын-ырға тарихын кең көлемді қылып, ішкі, сыртқы өмір жолындағы өзгерістерінің барлығымен қатар алып отырып, толық пішінде құрастыру ауыр болып отырғандығын айтады. «Соңғы заманда қазақ елінің жалпы тарихына мағлұмат жиып жүрген Европа жазушылары мен қазақтың өз тарихшылары» негізінен ел әдебиеті берген дәлелдер мен белгілерге сүйенетіндігін, яғни арғы дәуірдің «біздің заманымызға жеткен белгілері болса, елдің әдет салтында да, өлең жырында, ескілікті ұғымында қалған белгілер болады»,– дейді. Бұдан әрі қарай жазушы қазақ елінің тарихын «өз бетімізбен долбар жасасақ», бірінші – ислам діні кіргенге дейін және екінші – ислам діні кіргеннен бергі дәуір деп үлкен екі дәуірге бөліп, әрқайсысына қысқаша сыпаттама береді.

Осы тұста М. Әуезовтің: «Әуелден алыс жерден бастауға болмайды. Әуелі өзімізге таныс бергі заманнан бастау керек. Іздеушілер көбейіп, табылған ескіліктің жұрнақтары көбейген соң, сол бұйымдардан құрап, қолға таяқ алып, ескілікті ерте заманға қарай тереңдеп жылжи беру керек» (76.20),– деген пікірінің де методологиялық маңыздылығын атап өткен ләзім.

Сонымен, М. Әуезов мұнда әдебиеттің өміршеңдік, тәрбиелік қасиетімен қоса оның өмір танытарлық, халықтың рухани өмірінен, жалпы тарихынан да мол мағлұмат берерлік қасиетін жете түсініп, әдебиет тарихын саралап, салалап жіктеудің негізгі жолын да дұрыс таба білген сияқты. Ол кітаптың осы кіріспе бөлімінде әдебиет тарихының қолданатын жолы деген мәселелерге де арнайы тоқталып, өзінің теориялық таным-түсінігін қысқаша тұжырымдап өткен.

Автор: «Әрбір тарих белгілі жолдағы істің өскенін, гүлденгенін сөз қылады»,– деп, алдымен, ертедегі әдебиет тарихының ішінен әдебиет көшін ілгерілетіп, дамытуға негіз болған үлгілерін айырып, бөліп алудың қажет екенін айтады. Сонан соң ол әдебиеттің осы үлгілерінің тууына негіз болған өмір құбылыстарын, дәуір ерекшеліктерін, қоғамдық ортаны да қоса зерттеп тану қажет деп біледі. «Әдебиет тарихы әр мезгілдегі себептерді, шарттарды тереді. Мәселен, белгілі ақынның өлеңіндегі мағына мен түрдің сыртқы өмірмен қандай байланысы барын айырады;

акынның өз өмірі, өз тірлігімен байланысқан сыртқы халдер, себептер болса, солар теріледі...» (76.16), – дегенде, жазушы, бір жағынан, ертедегі әдебиет шығармаларын тарихи кезеңдерге сүйене отырып зерттеу қажеттілігін, сонымен бірге әр кезеңдегі әдебиет үлгілері қандай, ол немен байланысты туды, өмір шындығымен қаншалықты байланыс, сабақтастығы бар екендігін айқындау міндеті тұрғандығын көрсеткен.

М.Әуезов әдебиет тарихының қолданатын жолын сөз еткенде осы пікірін ары қарай таратып, нақтылай түсіп, әрбір әдеби шығарманың, әрбір дәуір туындыларының әдебиет тарихынан алатын орнын айқындау үшін, жалпы әдебиет үлгілерін жете танып игеру үшін: 1) шығарманы оны туғызған акынның өмірімен байланысты қоса қарастыру; 2) акынды оны туғызған елінің өмірімен, яғни қоғамдық ортамен байланыста; 3) акынды, оның елін ұлтымен, ұлттық ерекшелігімен біргелікте; 4) ұлттың ерекшелігін табиғатпен ара қатынасын, яғни тұрмыстық, мәдени, салт-дәстүр өзгешеліктерін айқындай отырып қарастыру және; 5) көрші халықтардан алған әсер үлестерін де айырып тану қажет деген негізгі ойларын ортаға салады.

Міне, бұлар – жазушының қазақ әдебиетінің тарихын зерттеудегі басшылыққа алған, ұсынып отырған басты принциптері.

М. Әуезовтің ауыз әдебиеті мен жазбаша әдебиеттің айырмашылығы ретінде келтірген өзіндік айырым белгілері де көңіл аударарлық. Онда бұрын-соңды айтылып қалыптасып қалған анықтамалардан тыс автор ауыз әдебиетінде елдің өнері де, білімі де, тәрбиесі де, жалпы өмірге көзқарасы жинақталатынын айта келіп, «ауызша әдебиетте бір жаққа қарай беттеген арнаулы бағыт болмайды. Оны елдің дін нанымы, елдің белгілі салты, әдеті туғызады», – дейді. Сондай-ақ, «Ауызша әдебиеттің барлық жұрнақтары күйге өлшеніп, арнаулы әнмен айтылады. Сол себепті оның сыртқы түрінде жазбадан айырмасы бар. Ол желпініп айтылады» (76.21), – деген белгілерді ұсынады.

Ал ауызша әдебиеттің түрлерін жазушы: «1) сыршылдық салт өлеңдері, 2) әңгімелі өлеңдер (батырлар әңгімесі, ел поэмалары, тарихи өлеңдер), 3) айтыс – такпақ, 4) ертегі, мақал, мәтел, жұмбақ» (76) деп топтастырады. Бұл кейінгі зерттеу еңбектердің барлығында дерлік ауыз әдебиеті шығармаларын жанрға бөліп жіктеудің алғашқы үлгісі ретінде аталып, кейінгі топтастыруларға негіз болып келеді. Өмірдегі барлық болмыс, құбылыс, ақыл-ой үздіксіз жылжып, өсіп дамып отырады. Бұл – өмірдің өз заңы. Әдебиетті, ауыз әдебиетін тану, зерттеу де бір орында тұрып қалған жоқ. Алдымен М. Әуезовтің өзі бұл мәселеге әлденеше рет оралып, өз зерттеулерін дамыта, жетілдіре түскені белгілі. Солай бола тұрса да, ғалымның осы алғашқы топтастыруы түпкі қазық, іргетас болып қаланғаны сөзсіз. Олардың кей-бірінің атын өзгертіп, орнын ауыстырған сияқты болғанымен, негізі бұлжымай сақталып қалып отырды.



М. Әуезов Л. Соболевпен бірге «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты зерттеуін жазып, Мәскеудің «Литературный критик» журналының 1939 жылғы № 10– 11, 1940 жылғы № 1 сандарында жариялайды, кейін ол «Песни степей» (М., 1940 ж.) атты жинақтың алғы сөзі ретінде басылған. Бұл зерттеуде қазақ ауыз әдебиеті. «1. Халық поэзиясының шағын түрлері: үйлену-салт жырлары («жар-жар», «бет ашар», «сынсу»), мұң-шер өлеңдері («қоштасу», «естірту»). 2. Ертегі, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар. Ертегілер («хиял-ғажайып ертегілер», «хайуанаттар жайындағы ертегілер», «балаларға арналған ертегілер», «күй аңызы»). 3. Батырлар жыры («Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын»). 4. Ғашықтық жырлары («Қозы Көрпеш – Баян Сұлу», «Қыз Жібек», «Айман-Шолпан»). 5. Тарихи жырлар. 6. Айтыс өлеңдері» (78.158-159) – болып жіктеледі.

Кейінгі 1948 жылы және 1960 жылы М.Әуезовтің өзінің тікелей жетекшілігімен (жалпы редакциясын басқаруымен) шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» (1-том, 1-кітап) атты академиялық басылымда ауыз әдебиетінің жоғарыда келтірген түрлеріне «Шешендік сөздер» мен 1960 жылғы басылымда «Жұмысшы жырлары» тараулары қосылған. Ал 1927 жылғы «Әдебиет тарихында» осы «Шешендік сөздер» «Билер айтысы» деген атпен қысқаша шолу түрінде берілген.

Міне, бұл айтылғандардан байқалып отырғандай, қазақ ауыз әдебиетін топтап жіктеу мәселесі М. Әуезовтің сол алғашқы еңбегінен бастау алып, негізгі тірек болғандығын айқындап отырса керек.

«Әдебиет тарихының» 1-бөлімі «Сыршылдық салт өлеңдерін» туған ретіне қарай жазушы үш түрге бөліп қарастырады: 1. Жалпақ елдің салтымен байланысқан шер өлеңдері. 2. Дін салты мен ұғымынан туатын өлеңдер. 3. Қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдер.

Ал ел салтындағы шер өлеңдерді: жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айту деген сияқты топқа бөліп қарастырады. Олардың әрқайсысының туып, таралуын халықтың күнделікті тұрмыстық, әдет-ғұрып салтымен тікелей байланыстырып айқындайды: «Жүрек қайғысын өлеңмен, әнмен, кейде күймен шығару ескіліктің сүйген түрі болған... Шер өлеңі өлгенше ұзақ болмайды, шер мен қайғы үстінде кісі ұзақ сөйлесіп тұруға әлсіз болады. Сондықтан шын қайғы қысқа сөзбен көп мағынаны тізіп, тиімді қып айтады» (76.22-23),– деп жазады.

Бұл сияқты өлеңдердің басқа халықтар әдебиетінде де молынан ұшырасатынын айта отырып, автор солардан қазақ ауыз әдебиетінің өзіндік өзгешелік, ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Айталық, жоқтау өлеңдердің орыс ішінде көбіне жаттама болып келетінін, оны қайғылы үйдің өз ішінен шыққан адамдар емес, арнайы жалдамалы жоқтағыш – плакальщицалардың жылап жоқтайтындығын, ал қазақ ішінде қаралы үйдің өз ішіндегі барлық жаны жылап жоқтайтынын айтады: «Басқа

біреудің айтқан жоқтауын айту, жаттама өлеңді айту – қазақ ұғынысына мін. Ондай жоқтау көңілдің шын қайғы-зарынан шыққан емес, жалған жоқтау болады» (76.26),– дейді.

Естірту, көңіл айту өлеңдерінің де тікелей тұрмыс тауқыметінен туғандығын, «қайғы үстіндегі сүйеу сөз, көңіл айтып жұбатқан сөз болатынын, яғни естіртуде көбінесе тұспал, жұмбақпен ауыр хабарға алдын ала дайындап алатынын айтса, көңіл айтуға: «Ауыр хабар алғашқы рет естілетін жерде, құр ғана қайғының бірін айтып, жараның аузын ашып қоймай, қазақтағы бауырмалдық, туыскандық, жан күйерлік жолымен, соның емі сияқты жұбату да айтылады» (76.35),– дейді.

Дінмен байланысты өлеңдерді автор: «1) Ескі діннің сарқыты болған өлең. 2) Ислам дініне байланысқан өлеңдер» – деп екіге бөледі. Алғашқысына наурыз жайындағы сөздер мен бақсы сарынын жатқызады. М. Әуезов наурыз өлеңдеріне айрықша мән беріп, жоғары бағалайды: «Наурыз күн шығыс халқының көбінің мейрамы болған. Солардың ішінде, әсіресе көшпелі түріктер арасында ең қадірлі, ең ұлы мейрам болып саналған. Наурыз – бақташылық кәсібіне салынған елдің кәсіп мейрамы» (76.36),– деп атап көрсетеді. Яғни ол наурыз өлеңдерінің діни нанымдардан гөрі тұрмыстық кәсіпке көбірек байланысты туғандығын айтып отыр. Өйткені мал баққан қазақ басқалардан гөрі табиғатқа тікелей тәуелді болып келеді. Наурыз туып, жазғытұрым келуін қыс бойы елді қысып келген ауыртпалық өтіп, енді жаңа үміт, жаңа тіршілік есігі ашылып, ел де, жер де, жан-жануар да жаңарып жадырайды. «Сондықтан қазақ елі ұлы істің ұлы күнін көтерілген қуанышпен қарсы алатын»,– дейді.

Ескі діннің сарқыты болып саналатын «бақсы сарыны» жайлы да жазушы пікірі көңіл аударарлық: «Бақсының сарынында сөз қуаты ерекше күй алғандай болады. Сөздерінің бірі мен бірінде байланыс аз болса да әрбіреуі кесек-кесек болып түйдектеліп түсіп отырады. Сипат сөзінің барлығындағы салыстырған суретті қайдағы қиыннан, жат жерден, ойда жоқ белгісізден алады... Сондықтан біріне бірі үйлесіп, байланыспаса да өз бетінде кесек болып келетін асау сөздер, бір бөлек жайын қуаттап болып, ортқып түсіп отырады» (76.41),– деген сияқты айқындама сипаттауларда әрі ғылыми дәлдік, әрі әдеби әрлілік те жатқандай!

Ал ислам дініне байланысты туған жарапазан өлеңінің өзі өзге жұрттардағы сияқты жалаң діни үгіт, сәжде, дұға сияқты тәубе, жалбарынулардан гөрі қазақтың сүйегіне үйреншікті мақтау, мадақтау өлеңдеріне көп жақын келетіндігін, яғни дін таратушылардың қазақ ішіне не жайылса да әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатынын дұрыс түсінгендігін автор арнайы атап айтқан.

Жазушы қыз ұзатып, келін түсіру үстінде айтылатын жар-жар, қоштасу-танысу, бет ашар сияқты салт өлеңдері көбіне қалыптасқан



жаттама болып келеді дейді. Соның өзінде ол өлеңдердің жас жұбайларды алдағы жұмбағы көп жұптық өмірге алдын-ала іштей дайындайтындай терең мағынаға ие екендігін айтады. Мәселен: «бет ашарда қазақ елінің жаңа түскен келінді келешекте ана болуға, қадірлі келін, үлгілі жеңге болуға үйретеді» (76.53),– дейді.

Жоғарыда аталып өткен 1939–1940 жылдары Л.Соболевпен бірге жазған «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» атты еңбегінде басқа бөлімдердегі сияқты бұл бөлімде де біраз өзгерістер бар. Ол, әрине, түсінікті де. Өйткені, алдымен, араға 10–15 жыл уақыт салғаннан кейін автордың таным түсінігі, көзқарасы бір қалыпта қалмай, өсіп, заман ағымына сай өзгерістерге ұшырап отыруы табиғи заңды құбылыс болса, екіншіден, алғашқы еңбекті М.Әуезовтің өзі ғана жазса, бұл еңбекті қосалқы автормен бірлесіп жазған. Ал жалпы, кейінгі еңбектегі өзгерістердің ең негізгі себебі жазушының 1930–1932 жылдары қамауда болып, одан шартты жазамен босатылып, қатаң бақылауда жүргендігі мен 1937 жылғы ел басынан өткерген нәубет екендігі өзінен өзі түсінікті де. Керек болса, Ленинградтық большевик жазушы Л.Соболевті ықтап, бірлесіп жазуында да осы сырдың мәнісі жатқан болар. Әрине, біз көрнекті орыс жазушысы Л.Соболевтің кезінде қазақ әдебиеті мен мәдениетіне сіңірген үлкен еңбегіне күмән келтіріп, нұқсан түсіруден аулақпыз. Бірақ оның қазақ ауыз әдебиеті ғана емес, орыс фольклорының да айтулы маманы болмағандығы кімге болса да белгілі ғой. Қалай болғанда да, бір жағы осы Л.С.Соболевтің арқасында сол ілме-ғайып заманда қазақтың асыл рухани қазынасы ел игілігіне айналып, одақ оқырмандарына жолдама ала алғаны сөзсіз.

Сонымен, алғашқы кітаптағы «Сыршылдық салт өлеңдері» бұл еңбекте «Халық поэзиясының шағын түрлері» деп аталып, түгелдей дерлік қайта жазылды. Алғашқыдағы «Дінмен байланысты өлеңдер» тарауы алынып тасталып, наурыз, арбау, жалбарыну өлеңдері мен жарамазан саясат ағымына сәйкес үш-төрт ауыз сөзбен аталып қана өтеді. Салт өлеңдерінің берілу орын тәртібі ауысып, кейбірі басқаша аталды. Айталық, «қыз ұзату үстіндегі салт өлеңдер» – «үйлену-салт жырлары», «қоштасу-танысу» – «сынсу» болып өзгерді. «Жоктау» өлеңдерінің орыс фольклорымен салыстыратын жерлері мүлде алынып тасталды.

Ауыз әдебиетінің бұл түрін 1948 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбекте кеңейтіп, «Салт өлеңдері» деп атап, Б. Кенжебаев, ал 1960 жылы қайта шыққанда «Тұрмыс-салт жырлары» деп атап М.С.Сильченко жазған. М.Әуезовтің өзі бертініректе бұл тақырыпқа қайтып арнайы қалам тартпаған.

М.Әуезов 1957 жылы шыққан Қазақ ССР тарихының 1-томына арнап «Қазақтың ауыз әдебиеті» атты тарауын жазған. Онда тарих кітабының ерекшелігіне сай өзінің ілгергі зерттеулерін жинақы жүйелеп жазған

автор кей жерлерде жаңа ой-пікір талғамдар да айтып отырған. Айталық, осы тұрмыстық кәсіпке байланысты салт өлеңдері туралы қазақтың төрт түлік мал жайлы көптеген өлең жырларында малдың қадір-қасиетін, бағып қағудың, жұт-апаттан сақтаудың қыр-сырын жыр етеді. «Ауыз әдебиетінің көпшілігі көшпелі малшылардың көзқарастарын, ұғымдарын, еңбек процестерін, олардың көп ғасырлық еңбек тәжірибесін әржақты көрсетеді» (79.385) – деген тұжырымын айтады.

Алғашқы кітаптағы 2-бөлім «Батырлар әңгімесін» М.Әуезов орыс, Европа фольклористикасында сол кезеңде қалыптасқан таным үлгісімен «ұлы батырлар және кіші батырлар» деп екі жікке бөліп қарастырады. Бірақ оны жалаң алып жапсыра салмай, қазақ жырының өз табиғатына сәйкес саралай алған. Бұлардың негізгі айырмасы, алдымен жырдың тууының тарихи мерзіміне байланысты. Ұлы батырлар туралы жырдың тууы ерте дәуірдегі түрік бірлігі заманымен сабақтас болып келеді. Ол кездегі тыныштық, амандық, түгелдік ылғи найзаның ұшы, білектің күшімен алынатын, қара күштің ғана дәуірі жүрген заман. Сондықтан бұл кезеңнің батырлары туысы бөлек, орны басқа, ел хиялындағы баға – жоғары болған, ер – рудың басшысы, әрі ел іргесін бермейтін елдің ұлы қамқоры, ханы қатарлы болғандар. Олардың жаратылысын табиғат, әулие, пері сияқтылар араласып, кейбірі көп тілеуімен әулиеге ат айтып, қорасанға қой атқан күнде туған, айрықша жаратылған ерекше жандар.

Ал кіші батырлар бертінірек заманда, қазақтың тіршілігі тыныштық дәуіріне қарай ауысып, асау ханның жуасыған кезінде шыққан батырлар. Әуелгі батырлар пірдің тілеуімен туып, пірдің қорғауымен тіршілік ететін болса, «соңғы батырлар әншейін қоңыр қазақша туады... Уақыт өткен сайын кіші батырлардың пішіні алыстағы ерекше жан сияқтанбай, өмірге жақындап келе жатқан сияқтанады» (76.97), – дейді автор. Яғни бұл кезеңде ілгергі ірі бірліктер ыдырап, «әрбір ру отырған жер ыңғайына қарап, бөлек-бөлек елдік жасап кеткен кезде шыққан батырлар». Сондықтан «бұлардың ісі мен күшінің бәрі де қазақтың өз ортасындағы араздық пен жаулыққа жұмсалады. Болмаса үй іші, туыстың ғана жоғын жоқтайды», – деп сипаттайды.

Ұлы батырларға автор: «Едіге», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Нәрікұлы Шора батыр» жырларын, кіші батырларға: «Қамбар батыр», «Алпамыс батыр» жырларын жатқызады.

Кітапта жазушы осы жырлардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, оларды алдымен қысқаша мазмұндап алып, одан соң олардың мәнісіне тоқталып, ғылыми, әдеби талдаулар жасайды. Сол арқылы автор әдебиет тарихы, ауыз әдебиеті туралы алғаш рет қазақ әдебиеттану ғылымында шын мәніндегі зерттеу еңбектің де, оқулық құралдарының да үздік үлгісін жасап бере алған. М. Әуезовтің бұл еңбегін «Қазақ ауыз әдебиеті жайлы лекциялар» деп атауға да әбден лайық. Өкінішке орай, жоғары оқу





орындары үшін өте қажетті оқулықтардың осындай үлгісі бізде әлі күнге етек алып қалыптаса қойған жоқ. Ал өзге өркениетті елдерде, орыс әдебиеті мен ғылымында соңғы кезеңдерде әртүрлі ғылым, пәндерге байланысты сондай лекциялар жазылып қалыптасып келеді.

М. Әуезовтің «Батырлар әңгімесін» талдауының негізгі бір ерекшелігі әрбір жырдың тарихи негізін, ел тарихымен жанасатын тұстарын айқындап, өзіндік болжамын айтып отырады. Айталық, Едіге жырында Токтамыс, Ақсақ Темір заманының ізі бар десе, Қобыланды батырды Жәнібек, Әбілхайыр хандардың тұстасы, Ер Тарғын, Ер Сайын, Шора батырларды Ноғайлы, Қыпшақ бірліктері заманымен байланыстырады.

Әрине, автор ауыз әдебиетінде жырланатын оқиғалар мен «ескі тарих көлемінде болған ірі мезгілдердің» байланысы негізінен нобаймен, тұспалмен көрінетіндігін де арнайы атап көрсеткен.

Сондай-ақ жазушы бұл талдауларында әрбір жырдағы батырлар бейнесінің өзіндік жасалу ерекшеліктеріне де, олардың жан серігі, нәзік сезім, махаббат иесі бола алған әйел заты, «кыл құйрықты жел жетпес есті серігі – ер қанаты жүйрік аты» туралы да, жырдың көркемдік ерекшеліктері, тіл кестесі жайлы да терең сыр шертеді. Мәселен, «Қобыланды батыр» жырын талдағанда: «Күн батыс сыншылары: Барлық Азияның ақындық суреті ылғи алыстан, үлкеннен алған мысалмен келеді. Көпіртпей, аспандатпай салыстыра алмайды», дейді. Ондағысы сұлуды ай, жұлдызбен, жақсылықты аспанмен, күнмен, құдайшылық сыпатымен, діндарлық наныммен айтқан суреттерді айтады. Қобыланды батыр жырындағы суреттер ол күйден аман. Бұның суреті – өмір суреті. Әркімнің көз алдында көрініп жүрген халдан алған сурет. Бірақ ауаны үлкен, шұбарланған, түсі мол сурет... Көтеріп сөйлеген суреттерінің өзінде де көңілге қанықтығы толған суретті еріксіз қондырғандай болады» (76.74),– деп жазады.

Бұл бөлім Л.Соболевпен бірге жазған еңбекте үлкен өзгерістерге ұшыраған. Мұнда тек «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», жырлары ғана қысқаша жазылған. «Едіге», «Шора батыр», «Қамбар батыр», «Алпамыс батырлар» мүлде енбей қалған.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының екі басылымында да бұл бөлімді басқа-басқа авторлар жазған.

М. Әуезов 40-жылдары «Қара қыпшақ Қобыланды» атты дастан-драма жазғанынан оқырмандарымыз хабардар болар.

М. Әуезов ғашықтық жырларын бұл кітабында «Ел поэмалары» деген атпен беріп, «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры мен «Қыз Жібек» жырына тоқталады.

«Қозы Көрпеш»... жырының «өзге көп түрік жұрттарының ішінде әлденеше түрдегі әңгімелері барлығын», қазақ тілінің өзінде талай варианты бар екендігін айтып, оның қолда бар үш әңгімесін бір-бірімен

салыстырып қарастырады. Олар: Радлов бастырған, Жетісу қазағының арасынан Колпаковский жандаралдың жиғызған және Семей уезі, Тобықты ауданынан жиналған варианттары.

Жазушы осы сияқты ауыз әдебиеті шығармаларының көп вариантты болып, өзгерістерге ұшырап отыру себептері туралы өз тұжырымын ұсынады: «Қозы Көрпеш жайындағы әңгімелердің өзгерістері екі себептен болған: біреуі – көп айтушының аузынан өткен ескі әңгіме болғандықтан ұмытып, жаңылып, байқамай, ойсыз кіргізген өзгерістер бар, бұл – ықтиярсыз кірген жаңалық, жаттық. Екінші түрі – тыңдаушының тілегін, ақынның ұнатқан ыңғайына қарай бейімделіп кеткен өзгеріс, бұл – ықтиярлы өзгеріс, әдейі кіргізген жаңалық» (76.113), – дейді. Автордың бұл тұжырымы көңілге өте қонымды келеді.

Әрине, тыңнан жол салып, өзіндік ой-пікір айту қиынның қиыны екені сөзсіз. Екінші жағынан, мұндайда бұрын-соңды айтылған түрлі пікірлерді саралап, соларға алаңдап, жалтақтап жатпай, табиғи түрде төте жол табуға да мүмкіндік тудыратыны бар. Сондықтан М.Әуезовтің ғашықтық жырлар туралы, әсіресе «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жайлы талдаулары өте дәлелді, кейінгі зерттеулерге жол-жоба, үлгі боларлықтай.

Айталық, автор бұл жырды өте ескі заманда, ислам діні тарамай тұрған кезеңде туған деп санайды. Оның дәлелі ретінде жырдың түрік тілдес халықтардың ішінде көп заман бұрын алыс солтүстікке ауып кеткен якуттерде саха тілінде де кездесетінін айтады. Яғни жыр кейінірек олардың артынан қуа барғанынан гөрі, сол ерте дәуірде осы жақтан өздерімен бірге ала кетуі кысындырақ деп біледі.

Сонан соң бұл жырдың тууына негіз болған көшпелі елдің ескі ежеқабыл салты екендігі. «Бұл білімді, өнерлі, өзінше сезімдімін деген елдің көзімен қарағанда, қаншалық қара таңбадай кемшілікті мінез болса, сол ортада соны дұрыс деп өскен елдің өмірінің де қаншалық бағалы, қаншалық мағыналы екендігін білдіреді» (76.120), – дейді.

«Қозы Көрпеш...» жыры мен «Қыз Жібек» махаббат жыры болумен қатар көшпелі қазақ халқының өзгеден бөлек тұрмыс-тіршілігінен, салт, кәсібінен көп мәлімет беретін, «қалың қазақ жайлаған жібектей шалғыны, көлеңкелі ағашы, қоңыр желі, малға шүйгін ақ көдесі бар. Сарыарқаның жыры барлық қазақ елінің ішкі, сыртқы өмірінің күйі, даласы мен кәсібі, салтының жыры... Кең ауданды әңгіме осы сияқты белгілеріне қарағанда, Қозы Көрпеш қазақтың сымбатты өнерінің ішінде ұзаққа созылған тұтас бір дәуірдің мол қортындысы болады» (76), – деп жазады автор.

«Қозы Көрпеш – Баянның мәнісі» атты бұл талдауында жазушы жыр кейіпкерлеріне жеке-жеке тоқталып, олардың әрқайсысының бір-біріне де, басқаларға да мүлде ұқсамайтын өте шебер жасалған типтік бейнелер тізбегі сияқты. «Ежелден мінезге қарап, адамға баға беріп, бар өмірінде мінез бен туысқа қарай сын жасап, барлық тіршілік жіптері көп тараулы



мінездермен жалғасатын қазақ елі бұл әңгіменің тұсында өзінің мінез сынына жүйріктігін айқын көрсеткен» (76.121) – дейді. Жырдағы, бір жағынан, өте нәзік, сұлу сезімді махаббат иелері мен, екінші жағынан, қара күш пен дүниеқор пасықтардың тартысы «қасын түйген қара бұлт пен жүйрік, өткір найзағайды алыстырғандай болады» деп сыпаттайды.

Автор осы сияқты жырдың аса жоғары көркемдік ерекшеліктері қатарына оның мағыналы мазмұнынан басқа тіл кестесі мен өлең түрін де қосады. «Мұның тілі батырлар өлеңіндегі құлан жортыс сияқты құба жондатқан аспандағы тіл емес..., шешен қазақтың ортасында кестелеп айтылып жүрген қара тілі» (76.131). Оның ішінде кәрі-жас бірдей сүйетін салт өлеңдері: естірту, жоктау, қоштасу, жар-жардың бәрі бар екендігі және олардың ұрлықпен әкеліп жамалғандай емес, әңгіменің ағымына өте жарастық болып, сұлу түр болып үйлесіп кететінін айрықша атап көрсетеді.

М.Әуезов «Қыз Жібек» жырын да осылайша өзіндік ерекшеліктерін айқындап, құйқылжыта талдай келіп, оны ел әдебиетінің ішінде жазбаның романы сияқты көрінеді деп өте жоғары бағалайды.

Бұл 3-бөлім 1939 жылы шыққан еңбекте «Ғашықтық жырлары» деп аталып, біраз өзгертілген. Авторлар «Ғашықтық жырларының батырлық эпостан басты-басты үш өзгешелік, ерекшелігін атап көрсетеді: 1) мұндағы өзекті тақырып екі жастың ынтық махаббаты мен бақытқа жету жолындағы тартысы, қайғы-зары; 2) бұл жырлардың драмалық негізінде халықтың әдет-ғұрып салты жатады; 3) бұларда образдар реалистік түрде сыпатталады, оқиғалары мен кейіпкерлердің іс-әрекеттері психологиялық жағынан нанымды етіп беріледі деп санайды.

Сондай-ақ авторлар бұл еңбекте: таяуда Пушкин архивінен «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының мазмұны айтылған қолжазба табылғанын және сібірлік талантты ақын Г.Н.Тверитиннің жырды өзінше жырлап шыққанын мәлімдеген.

Мұндағы және бір өзгеріс алғашқы кітапта берілген екі жырдан басқа «Айман – Шолпан» жыры еніп, ол да өте қысқаша сөз болған.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырын М. Әуезов ерте кезден айрықша мән беріп, зерттей қарастырғаны мәлім. Оның «Айтаңсықтың қоштасуы» атты үзіндісін 1925 жылы «Таң» журналының № 2 (70-72-б.) санында жариялағанын жоғарыда айтқан едік. Бұл жырды кезінде Абай Бейсенбай деген ақынға хатқа түсірткен екен. Ол негізінен Жанақ ақынның вариантына келеді. Осы вариантты М. Әуезов 1936 жылы жеке кітап етіп бастырып, алғы сөз жазған екен.

1948 жылы және 1960 жылы шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихында» бұл жыр туралы М. Әуезовтің өзі жазды. Екі басылымның арасында айтарлықтай үлкен айырма жоқ десек те болады. Бірақ автор бірінен біріне көшіре салмаған. Жеке-жарым редакциялаудан тыс бұл жырға

байланысты қазақ әдебиетінде, басқа да түркі тілдес елдердің әдебиетші-зерттеушілерінің кейінгі еңбектері жайлы өз пікір байлауын беріп отырады. Жалпы, «Қозы Көрпеш» жыры жайлы ғалымның бұл еңбегі ауыз әдебиеті мұраларын академиялық тұғырдағы зерттеудің үздік үлгісі деп бағалауға әбден лайық деп білеміз.

«Қыз Жібек» жыры жайлы 1948 және 1960 жылғы кітапта М.Әуезов жазған зерттеудің бір-бірінен мүлде айырмасы жоқ деуге болады. Бірақ бұлар ең алғашқы, 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» мен Л. Соболевпен бірге жазған еңбектегіден гөрі өте кең, мол әрі терең де көркем жазылған.

Жырдың бас жағындағы Төлеген мен Жібектің азат сезім, жастық, дұрыс мүдде жолында табысуын «Бұрын жұрт аталық ықтияры жастар тағдырын емін-еркін билеуі керек десе, белкүда, ежеқабылдар айнымас жол десе, енді мына жырдың басында өз еркімен қосылған өр талапты жастарды мақұлдағандай болып басталады» (80.397),– деп жоғары баға береді.

Одан ары қарай жырдың ескі әдет-ғұрып, ертедегі сенім-нанымнан аса алмай, жесірлік, әменгерлік салтына амалсыз ойысқанына өкініш білдіргендей болады. Соның өзінде бұл «Қыз Жібек» жырының көркемдік ерекшелігін айрықша сүйсініспен тамсана, таңдана талдап сыпаттайды.

«Төлегенді көп көштен, көп сұлу қыздың қасынан өткізгенде жыршы аса шебер, психологиялық әдіс қолданады». Бір қыздан бір қыз асып түседі. Бірінің нұр сәулесі бетінде, бұралып кетіп барады, екіншісі «таң мезгілі болғанда, шолпанның туған жұлдызы, пейіштен шығып келмесе, бұл жалғанда хор қызы» деп көшті бастап бара жатқан он үш қыздан өтіп Жібекке жетпей жатып-ақ Төлегеннің ынтықтығы, құмарлығы аса түседі. Мұны автор: «үдетпелі, өндімелі әдіс, психологиялық жағынан анық динамикалы мотив болады» (80.401),– деп бағалайды.

Жырдың ең құнды жағы, оның тілінің өте бай, таза, көркем болып келуінде деп, онда оқиғаны айтып берудің: «хикаялау сипаттау, сөйлету» сияқты үш түрлі әдісі аралас жүретіндігіне тоқталады. Әрқайсысына мол, дәл мысалдар келтіре отырып дәлелдейді: «...Сипаттауға келгенде, көріктеу, ұқсатулардан гөрі теңеу сөздерді молырақ қолданады... Өлеңнің ұйқастары да, дыбыстық құрылысы да жатық, үндесіп келеді... Көп жерде жырдың ұйқасы тек сыртқы жағынан ғана емес, көбіне ішкі жағында болады» (80.413),– деп әдеби көркемдік талдаудың да үздік үлгісін жайып салады.

Алғашқы «Әдебиет тарихы» кітабының 4-бөлімінде тарихи өлеңдерге де біршама мол орын берілген. Автор бұған дейінгі қарастырып өткен өлең жырларда көңіл күй мен ақындық хиял тудырған даланың желіндей, кезіне қарай шалқып есіп, кейде ілгері, кейде кейін кететін еркіндік болса, «тарих өлеңдері ең алдымен ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады» (76.140), деп айғақтама береді. Бұлар белгілі бір



тарихи дәуірде өткен арнаулы оқиғалардың қақ ортасында болған атақты адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істелген істің жыры болады, және олар көбіне сол оқиғалардың ішінде болған, көзі көргендердің аузынан тараған жанды әңгіме болып жайылып, кейде ақындардың қолына жетіп, өлең өлшеуіне түседі. Сондықтан ол өлеңдердің сөзі мен суреттерінің шындығы көбінесе даусыз болады.

М. Әуезов нағыз тарихи өлеңдерінің басталған кезі Абылай заманынан бері қарай деп санайды. «Артқы өмірі асусыз тау, өткелсіз су сияқты белгісіздік кезеңнің астында жатса, мына заманда тарихтың асу кезеңінде шығып, бергі бетке қарай құлаған сияқты болады» (76.142),– деп, сол заманнан бергі дәуірге тарихи шолу жасайды. Өйткені тарих өлеңдерін толық ұғу үшін алдымен солардың мезгілін, сол заманның шартын білу керек деп түсінеді.

«Бұл дәуірдің басы 1723 жылғы ақтабан шұбырынды. Екінші сатысы: орыс сияқты шет жұртқа бағынуға айналып, елдің алдында «темір нокта мен қайыс ноктаның таңдауы шыққан заман» (76),– деп, қазақ елінің Ресейге қосылуы жайлы өз тұжырым, түсінігін айтады.

Күні кеше ғана Ресейге өз еркімізбен қосылғанымызға екі жарым ғасыр толғанын ұлан асыр тойлап өтсек, көп ұзамай, тарихымызды басқаша таразылайтын өзгеше көзқарас қалыптаса бастады.

Үстем саясатқа әлі де әбден мойынсына қоймаған кезінде жазылған азат ойлы жас ғалымның бұл туралы көзқарасы әрі қызықты, көңілге қонымды, әрі өз маңыз-мағынасын әлі күнге жоймай, қайта құндылығы арта түскен. Сондықтан автордың тарихымыздың ең бір толғақты көкейкесті мәселесі жайлы пікірін өзімше мазмұндап, әрі мен нәрін кетіріп алғаннан гөрі сол ұзақтау болса да, автордың өз аузынан айтқызғанды жөн көріп отырмыз:

«Қазақ елін орысқа бағындыруға зорлаған себептер көп. Бір жағынан қалмақ сияқты елдің тізесі батқан жаулығы болса, екінші – Орта Азия хандықтарының қысымшылығы, үшінші – орыс үкіметінің қазақты бағындыруды мақсат қылғандығы, осымен бірге тағы бір зор себеп, қазақтың өз хандарының алалығы. Өзара жаулық пен араздық, өштік күшейіп, бірін-бірі жауламақ үшін әрқайсы кез келген жұрттан көмек іздеп, қазақ елін әр айғырдың үйіріне сіңіруге айналғандығы. Осындай көп себептер тұтасып, ел тіршілігі бір шым-шытырақ мезгілге жеткенде, орыс үкіметінің шеңгелі қомағайлықпен созылып, қазақ даласын уысына кіргізіп әкетіп бара жатты. Орысқа бағыну, елдің алдына ұсынған сыбағалы табактай болып, еріксіз бой ұсындыруға айналды. Ел өмірі мен әдебиеті тарихында осы дәуірден қалған белгілер көп» (76),– деп жазады.

Міне, осылайша келіп, ел азып-тозып, «бір законінен» соң екінші «законі» шығып, ел тіршілігінің шеңбері тарыла бастады. Бұрын қайыс нокта болып созылудың орнына көндей кеуіп, темір құрсаудай болып

қысып, қинай бастады». Ілгергі ел билеуші тәуелсіз хандардың орнына енді орыс үкіметінің «көз, құлағы сияқты тыңшысы, жорға құлы болған» ұсақ төрешіктер келді. Осындай қиыншылық құрсауға шыдай алмай, елдің наразылығы, қозғалысы шыға бастады. Олар алдымен «жақын жердегі жау», елдің өз ішінен шыққан «арам ет» сияқты хандар мен төрелерге бағытталғанымен «жүректің түбінде жатқан дерт орыс билігі екенін бесіктегі бала да білді» (76.146),– дейді автор.

М. Әуезов сол халық наразылығынан туған қозғалыс, көтерілістер туралы жырлардың ішінен әзірге қолда бары деп «Кенесары – Наурызбай», «Исатай – Махамбет», «Бекет батыр» жайлы жырларды қарастырып талдау жасайды. Олардың әрқайсысының жеке-жеке өзіндік ерекшелік қасиеттерін ашып, анықтай отырып, автор осы тарихи жырларға тән, ауыз әдебиетінің басқа түрлерінен, батырлар жырынан өзгешелік, ерекшеліктерін саралап айқындайды. Сол ерекшеліктердің біреуі: тарихи жырлар басқа өлең жырлардағыдай, тұспалмен асыра, жасыра суреттеуге бой бермей, күні кеше ғана болып өткен барлық оқиғалардың бетінде тарих басып өткен жер, сорғалаған қан, сойқақтаған із болып ашық жатыр». Айталық, «Кенесарыларды баяғының батыры қылып қалай жырлайын десе де, олар көбінесе бүгінгінің адамы болып тұрып алып, кейін қарай шегінбей қойған». Екінші ерекшелік «тарихи өлеңдердің көпшілігін сол оқиғаның ішінде болып, сол заманды көзімен көргендер жыр қылған. Сондықтан, өзгені елемесе де, дәл мыналардың басынан аттап кету ел хиялына қиынырақ болған» – деп атап көрсетеді. Бұл жырларда ақын хиялы қаншалық шарықтаймын дегенімен «өмір кісенімен тұсалып» бұрынғы өлең, жырлардағы жасырынды сүйетін тұманды сарын сейіліп, әдебиетте жаңа бағыт туғызып, өмірге жанасу жағы басымдау бола берген. Олардағы «өлең тілі құр ғана ұйқасы мен қызуын қуған сөз» емес, сол заманның кестелі сұлу, шешен түрлерінен құралған сом алтындай жұмыр келетін кесек тіл», (76.155) – дейді.

М. Әуезов 1930 жылы «Қазақстандағы ұлттар» атты шағын кітапша жазған екен. 1926 жылғы есептің (санак) қортындысына сүйене отырып, өте сауатты, салауатты демографиялық талдаулар жасалған алғашқы зерттеу еңбек болса керек. Біз бұл арада кітаптың «Ұлттардың патша заманындағы тұрмысы» атты тарауындағы автордың алғашқы еңбектегі тарихи кезеңдерге жасаған шолуын жалғастыра, нақтылай түскен дерек, дәйектемелерін келтіре кетпекпіз. Сондағы ойымыз жазушының ілгергі-кейінгі жазған тарихи шолуларында жалпылама, шамамен, жобамен айта салмай, өзі сөз еткен кезеңнің жай-күйін ғылыми зерттеу тұрғысынан қарастырғанын білдірмек.

Қазақстандағы ұлттар 1738 жылдан бастап, Ресей патша өкіметінің құлдығы астында күн кешіп, үлкен ауыртпашылық хал-жәйді бастан өткерумен келгендігін нақтылай мәліметтермен айғақтап береді. Орыс



капиталистерінің шикізатты өте арзан бағаға алып, түрлі товарларды қымбатқа сататынын, мұжықтардың құнарлы жерлерге баса көктеп орналасып, 40 млн. шаршы метрдей жерді тартып алғандығын, егер жергілікті тұрғындарға 5–15 десятина жер берілетін болса, отаршыл мұжықтардың жан басына 35–70 десятинадан берілетіндігін келтіреді. Өкімет, бір жағынан, жергілікті ұлттар мен орыстар арасында, екінші жағынан, ұсақ ұлттарды өзара қастан араздық, дұшпандық тудыру саясатын жүргізіп отырғанын, оқу білімінің жергілікті ұсақ ұлттардың тілінде емес, жат тілде жүргізіліп, жаппай сауатсыздыққа жеткізбек т. т. Міне, осындай ауыртпалық, күйзелістер арқасында «1902 жыл мен 1913 жыл арасындағы есепке қарағанда, жергілікті бұқараның жалпы жанының 9 проценті кеміген... Тілмен айтып суреттеуге мүмкін болмаған қанау, езу астында жасаушы ұлттардың еңбекшілері шыдамай, өкіметке қарсы көтеріліс жасаған да уақыттары болды» (81.11),– деп, сол көтерілістердің ең үлкені ретінде 1916 жылғы көтерілісті атайды. Ондай көтерілістердің қарақалпақ, өзбек және басқа да ұлттар арасында болғандығын айтып өтеді.

1933 жылы М.Әуезовтің М.Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлымен бірігіп жазған 7-класқа арналған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабы» жарық көрген. Кітаптың «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталының дәуірлей бастаған кездің әдебиеті» деп аталатын М. Әуезов жазған тарауда сол кезеңдегі тарихи жағдайларға шолу жасалады. Әрине, 1930–32 жылдарғы азапты қамау-қыспақтан шартты түрде енді босап шыққан қалам қайраткері одан бұрын 1927 жылы жазған кітаптағы көзқарас пікірлерін өзгертіп айтуға мәжбүр болды. Бірақ соның өзінде ол саясат ыңғайына бірден қол қусырып елп ете салмай, сүйегіне сіңген тектілік қалып қасиетін сақтай отырып, ғылыми парасатты талдау жасаған.

XIX ғасырдың екінші жарымында Ресейде болып жатқан саяси, қоғамдық-әлеуметтік хал-ахуалдың, батыстың өндірістік капиталының ізімен енді өрістеп, өңдей бастаған жаңа өндіріс капиталының, сондай-ақ патша өкіметінің қазақ даласын билеп-төстеуге бағытталған саяси-экономикалық іс-шараларының еліміздің ішкі-тысқы өміріне тигізіп жатқан әсер-ықпалын ғылыми тұрғыдан терең талдап, сол кезеңдегі қазақ өлкесінің тарихи әлеуметтік жай-күйін айқын ашып суреттеп бергендей. Ол жағдай Ресейдегі болып жатқан өзгерістер мен оның арнайы жүргізіп отырған саясатына тікелей тәуелді, байланысты болып отырғанын айтып, «әрине, бұл айтылғаннан осы дәуірдегі қазақ тарихы жекешелік ерекшелігі жоқ тарихи ауанының көлеңкесі ғана деген байлау жасау керек емес... Маркс қисыны бойынша, бұл сияқты қоғамдық-шаруашылық құрылыстар әр жерде, әр дәуірде бірі орнына бірі келгенде, сол жердің өз топырағында болған тарихи үлкен процестердің нәтижесімен байланысты туады» (74.272) – деген тұжырым айтады.

Патшалық Ресей өкіметі әуелгі кезде қазақ даласын 1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав бойынша округке бөліп, округтік приказ билеген болса, енді «69-жылдың уақытша заңы» (сірә, 1868 жылғы «Жаңа низам» ережесі болар) шығып, бұрынғы округке бөлінудің орнына ұсақтанған болыстарға бөліну шығады. Аға сұлтандардың орнына болыстар билей бастады. Яғни ендігі жаңа әкімдерге «бұрынғыннан икемденіп, үйлесе бер» деген шарт қойылып, салмақ салынғандай болды. «Әкім тіл білсе, сауда қылса, тілмаш болса, қалаға қолайлы, базарға бейім болса, сонысы жаңалықтың табысы болуға лайық. Өзгерген уақыттың бел баласы сол болуға тиіс» – деп, осындай жаңа үлгідегі агенттерін шығару үшін қазақ балаларына арналған төменгі сағы мектептер ашып, тілмаш пен шала оқытушы әзірлене бастағанын айтады.

Сол өз дәуірінің ыңғайына қарай өте қомағай-жылмың пысық сәудегер, болыс әміршілер шығып, бір жағы базар, екінші жағы ажар сияқтыларды қос қалтасындай пайдаланатын болды, – дейді автор. Осы сияқты қоғамдық- әлеуметтік жағдай халықтың сана-сезіміне, әдебиеті мен мәдениетіне де мол ықпалын тигізгені сөзсіз деген мағынадағы ой тұжырымын білдіреді.

Біздің байқауымызша, М.Әуезов алғашқы еңбегіндегі негізгі көзқарасын көп өзгертпеген, қайта оны ғылыми тұрғыдан жұқалап болса да бекіте түскендей.

Келесі, Л.Соболевпен бірлесіп жазған, еңбекте бұл бөлімге тек қысқаша шолу түрінде өте аз орын берілген. Сол 1939–40 жылдары одан басқаша болуы мүмкін де емес еді. Сол кездің өзінде-ақ Кенесары – Наурызбайдың есімі ауызға алынбапты. Оның есесіне, мұнда «Есім туралы жырда» оның Азия тайпаларының хандарына қарсы күресі жайлы және Орақ – Мамай туралы көлемі он мың жолдай тарихи жыр бар екендігі айтылады.

Кейінгі, 1948 және 1960 жылғы кітаптарда бұл тақырыпты басқа-басқа авторлар жазған. 1979 жылы Ғылым академиясы шығарған «Қазақ тарихи жырларының мәселелері» атты ұжымдық еңбекте «...тарихи өлең» терминін фольклористикамызға алғаш енгізіп, жүйелі түрде зерттеген М.О.Әуезов болды» (82.16), деп, оның кейінгі зерттеулерге негіз болғандығын атап көрсетеді.

Ауыз әдебиетінің ертегі түрі – М. Әуезовтің ұзақ жылдар бойы үзбей, бірнеше рет қайта оралып, терең зерттеген тақырыбы. Бірақ бұл 5-бөлім алғашқы кітабында өте қысқаша шолу түрінде берілген екен. Онда автор ертегілердің қазақ арасында өте көп екенін, осы күнге шейін қыстың ұзақ түндері қыр елінің барлығында ертегі тыңдап, ертегі айтумен өтетінін атап көрсетеді.

Жазушы ертегілердің ескі замандағы ұғымның белгісін сақтап





қалғандарын – әуезе деп, елдің ескі салт әдетін білдіретін түрін – салт ертегісі, яки үлгілі ертегі деп екіге бөледі. Сонымен қатар және бір алуан ертегілер тобына Алдар көсе, Жиренше шешен және мұсылман күн шығысындағы осыларға ұқсайтын Қожанасыр жайлы әңгімелерді жатқызады.

Бұл арада автор өз еңбегінен бір жыл бұрын 1926 жылы шыққан А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» кітабындағы кейбір термин сөздерді үлгі етіп қолданды ма екен, бірақ кейінгі зерттеулерінде оларды мүлде басқаша топтап қарастырғаны белгілі.

Ал мақал-мәтел, жұмбақтар жайлы кітаптың кіріспе бөлімінде атап өткені болмаса, басқадай сөз етілмеген.

М.Әуезов 1937 жылы орта, орталау мектептің 6-касына арналған «Әдебиет хрестоматиясын» жазған. Ол 1938 жылы толықтырылып, қайта басылды. Онда XIX ғасырдағы қазақ, орыс әдебиеті өкілдерінің шығармалары, өмірі мен творчествосы туралы қысқаша мәліметтер берілген. Сонымен қатар қазақ ауыз әдебиеті туындыларынан: «Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр әңгімелері туралы», «Қырық өтіріктің мағынасы», «Қамбар жырының қысқаша мазмұны», «Қамбар жырының мағынасы мен түр ерекшеліктері», «Қобыландының Тайбурылы туралы» деген тақырыптар енген екен. Хрестоматия мектеп оқушыларына арналып жазылды десек те, ғұлама ғылым мұнда да біз қарастырып отырған тақырыптарға қатысты тұжырымды тың ойлар айтады. «Фольклор атаулының барлығы әрбір елдің көркем әдебиетіне үлкен ірге, мол қазына есепті болады. Көп ірі шығармалар фольклордың тілінен, көрікті кестесінен, мазмұн, түр ерекшелігінен пайдаланып отырады» (78.93) – деп ауыз әдебиетін жоғары бағалап, оның бүгінгі көркем әдебиетімізге тигізер әсер-ықпалын нақтылай түскен.

Аңыз ертегілердің ішінде Алдар көсе, Жиренше, Қожанасыр әңгімелерінің мазмұнды, мағыналы және өте шебер құрылғандықтан, көп замандар бойына ескірмей, ұмытылмай, уақыт озған сайын жаңара, жаңғыра түсіп, халықтың ой-сезіміне рухани нәр беріп отыратын қасиетін қастерлеп көрсетеді. Соның ішінде туыстас көрші елдердің «шаһарлы әңгімелерінен қыдырып» ауысып келген Қожанасыр бауырымыздың да қазақ ішіне өз жаны, өз тәніндей үйлесіп, сіңісіп, халық аузында күнделікті айтылып отыратын Алдар, Жиренше сияқты жаппай атауға ( нарицательный ат) ілініп кеткенін айтады.

Бұл кітаптың ішіне М.Әуезов еңбектерінде бұрын-соңды сөз болмаған «Қырық өтіріктің» мағынасы еніпті. Мұнда автор «қырық» санының қазақ ұғымындағы нақтылықтан гөрі мөлшерлікті білдіретін, ал өтіріктің өзін өмірде болса екен деген шын тілекпен, «болмасты болды деп, қисынсызды қиюластырып айта алатын» халықтың ақыл-ой, хиялының

(фантазиясының) ізденгіш жүйріктігінен, еркін, өткір, ұшқыр серпінінен туған терең тапқырлық әңгіме, өлеңдер деп бағалайды.

Келесі, 1939 жылы Л.Соболевпен бірлесіп жазған еңбекте бұл бөлім «Ертегі, аңыздар, мақал-мәтелдер, жұмбақтар» деген атпен салт өлеңдерінен кейін орналастырып, едәуір кең, мол талданған. Авторлар ертегілерді: қиял-ғажайып, хайуанаттар жайындағы, салт ертегілері, балаларға арналған ертегілер және аңыз ертегілер, күй аңызы деп бөліп әрқайсыларына жеке-жеке тоқталады.

Ертегілердің ежелгі адамдардың космогониялық ұғым-нанымдарын, бақташылық кәсіп түрлерін, ескі әдет-ғұрып, салттарын білдіріп қана қоймай, адамның тылсым табиғат сырларын ашуға, өзін қоршаған жадау ортадан алыстағыны болжап білуге тыным таппай ұмтылуын, адамның табиғатпен туысып, сіңісіп кетуін айқындап, елдің, әсіресе, жас баланың ой-санасы оянып қиялы шарықтап өсуіне әсер етеді деп санайды.

Аңыз әңгімелердің ішінен Қорқыт, Асан қайғы, Алдар көсе, Жиренше шешен жайлы айтылатындарына жеке-жеке талдау жасап, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Ал күй аңыздарының бұрынғы ескі түрдегі бар өнердің бірігіп топталып жүретін – синкретизм белгісін білдіретін, соның қалдығын сездіретін ескі өрнек ретінде терең сырлы анық шебер новеллаға келетіндігін айтып дәлелдейді.

Мұнда мақал-мәтел, жұмбақтар жайлы өте қысқа, тұжырымды, мәнді сыпаттама берген. Ауыз әдебиетінің өте мол ұшырайтын бұл түрінің қазақта өлең формасында келетінін және сондағы сөздердің өзара үндесіп, үйлесіп, ассонанс, аллитерациялардың мол, мағына-мәні де мейлінше терең болатындығы. Екінші бір ерекшелігі ретінде оларда халықтың мал баққан тұрмысына байланысты образдар мен сарындардың мол ұшырасатындығын атап, нақты мысалдар келтіреді.

Осы тұста М.Әуезовтің «Жұмбақ туралы» атты кеңірек жан-жақты терең талдау жасаған мақаласының 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналының № 10 санында жарияланғанын да айта кеткенді жөн деп білеміз. Мұнда автор жұмбақтардың өткір, ұшқыр сөз есебінде халық ортасында өте бағалы екенін, оның «сөз образының кілті есебінде... ақындықтың ұрығы, дәні тәрізді...», «жас баланың ойын тапқырлыққа тәрбиелейтін» көркем мәнді асыл мұра екендігі сөз болады.

1940 жылы М.Әуезовтің «Жұмбақ туралы» деген алғы сөзімен «Қазақ жұмбақтары» өз алдына кітап болып жарияланған (құрастырушы С. Аманжолов). Алғы сөз бен мына мақала арасында аздап болса да өзгерістер кездеседі. Алғы сөзде: «Бұл кітапта Ғылым академиясының қазақстандық филиалы әзір өзінің қолына түскен қазақ жұмбақтарын жинастырып, олардың дұрыстарын тұтас беруге мақсат етті... Қазіргі бірінші кітапты қазақ тіліндегі жұмбақтардың түрін көрсете алатын кітап етуге тырыстық, сондықтан да барлық жұмбақтарды мазмұндарына



қарап тақырыптық жіктерге бөлдік. Бұл жинақтағы тақырыптар «аспан, жер, хайуан, адам т.т. барлығы 20 тақырып» (83.9), – деп қосымша түсінік бере кеткен. Жалпы аздаған өзгешеліктерді айтпағанда екі мақаланың негізгі мазмұны бірдей.

«Қазақ әдебиетінің тарихының» екі басылымында да мақал-мәтел, жұмбақтарды басқа авторлар жазған. Ал ертегілерді екеуінде де М. Әуезов жазған және оларды бір-бірінен басқашалау етіп, жаңадан өңдеп, толықтырып отырған.

ВКП(б) Орталық Комитетінің 1946 жылдан бастап, әдебиет, мәдениет мәселелеріне байланысты шығып жатқан қаулыларына сәйкестендіріп, ҚК(б)П Орталық Комитеті де 1947 жылы 21 январьда «Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты жұмысындағы өрескел саяси қателер» деген атышулы қаулы қабылдаған болатын. Сол қаулыдан бұрын баспаға дайындалып қойған «Қазақ әдебиетінің тарихының I-томы қайтадан қаралып, фольклорды тап тартысының құралы тұрғысына тыңнан тексеріп, жаңаша жазып шығуға мәжбүр болған еді. Ол туралы М. Әуезов 1948 жылы «Әдебиет және искусство» журналының № 2 санында жарияланған «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері» атты мақаласында мазмұндап шыққан.

1948 жылғы басылымда автор ертегілерді: қиял-ғажайып, хайуанаттар жайындағы және шыншыл ертегілер деп үлкен үш топқа бөліп, шыншыл ертегілерді: салт ертегілері, күлдіргі ертегілер, аңыз ертегілер деп жіктеп, соңғысына: Қорқыт, Асан қайғы, Алдар көсе, Жиренше, Қожанасыр, Күй аңызы әңгімелерін енгізген.

Бұл басылым да көп ұзамай саяси тұрғыдан сыналып, қолданудан шығып қалған соң, М. Әуезов оны да саясат әуеніне ыңғайлап қайта жазып, 1956 жылы «Әдебиет және искусство» журналының екі санына, т. б. басылымдарда жариялап, «Қазақ әдебиетінің тарихы» зерттеуінің 1960 жылғы I-том, I-кітабына енгізді. Бұл нұсқада ертегілер: реформаға дейінгі қазақ ертегілері, реформадан кейінгі қазақ ертегілері деп үлкен екі топқа бөлінді.

Алғашқы топқа есте жоқ ескі заманнан өткен ғасырдың 60-жылдарындағы Ресейде болған реформаға дейінгі уақытта шыққан ертегілерді қамтып, оларды: қиял-ғажайып, хайуанаттар жайындағы және салт ертегілері деп топтап, оған қоса: Алдар көсе, Асан қайғы, Жиренше жайлы аңыздарды талдап қарастырады. Мұнда алғашқы нұсқадағы «шыншыл ертегілер» деген атауды «салт ертегілер» деп ауыстырып, Қорқыт, Қожанасыр және күй аңызы тақырыптарын қоспай қойған. Ертегілердің қай түріне болмасын негізінен қоғамдық-әлеуметтік, таптық тұрғыдан талдаулар жасаған.

Реформадан соңғы ертегілерге жасаған талдауын М.Әуезов: «60-жылдары болған реформадан бастап Ұлы Октябрь революциясына

дейінгі дәуірдің ертегілерін тексеруде біз ең алдымен И.В.Сталиннің: «Мәдениет өзінің бар мазмұнымен қоғамдық дамудағы әрбір жаңа дәуірмен қоса өзгеріп отырады» деген пікіріне сүйенеміз. Қай дәуірде болса да, халықтың ауыз әдебиеті халық мәдениетінің бір саласы болғандықтан, Сталин айтқан пікір, біз тексеретін мәдениет саласына да ортақ, аумас, айнымас шындық болады» (84.252) – деп бастайды.

Бұл пікір «Қазақ әдебиетінің тарихының» 1960 жылғы басылымынан және жазушы шығармалары жинағының кейінгі жариялануларынан алынып тасталыпты. Сондықтан біз әдейі келтіріп отырмыз. Өйткені оны сол, 50-жылдардың бас кезінде болған саяси науқанмен, партиялық баспасөз бетіндегі М.Әуезовке және басқаларға арналған қатыгез мақалалардан хабары бар оқырмандар мұны жақсы түсінеді. Қазақ әдебиеті мен ғылымының өкілдеріне, соның ішінде М.Әуезовтің де басына қара бұлт қайта түнеріп, Алматыдан Мәскеуге амалсыз ығысқан жазушы бір жағы әдебиетіміздің асыл мұраларын, екінші жағы, өз басын саясат сойқанынан арашалап сақтап қалу үшін де әлгіндей пікірлерді айтуға мәжбүр болды. Бұл кейде ара-тұра М.Әуезов бойынан, кей еңбегінен мін таппақ болғандар үшін де құлақ қағыс болады ғой деп те ойлаймын.

Ертегілер жайлы жазушы қолжазбалары өз архивінде үлкен алты папкіде жинақталған. Олардағы айырым өзгерістер, авторлық түзетулер арнайы зерттеушілер үшін қызықты мол мағлұматтар берері сөзсіз.

1927 жылғы «Әдебиет тарихының» 6-бөлімінде «Айтыс өлеңдер» сөз болады. М.Әуезов ауыз әдебиетінің бұл түрінің қазақ ішінде өте мол ұшырасатынын және олардың «қазақ ескілігінде өте жанды, өте қызулы, бағалы сөз болғандығын» мәлімдеп, «Айтыс сөздерінің молдығы мен көп жайылғандығына қарасақ, қазақ елі ақындық теңізі сияқты көрінеді» (76.173) – дейді.

Басқа халықтар арасындағы, ескі француз әдебиетіндегі «тенсондар», араб әдебиетіндегі «Мұғалла хат» сияқтылар анда-санда кездесетін шашыраған өлеңдер немесе нағыз айтыстан гөрі өлең жарысына ұқсайды. Сондықтан бұл «Қазақ әдебиетінің өзіне ғана меншікті саналады» дейді.

Қазақтағы айтыс әдебиет бөлімі болудан басқа ел жыршысының бұрынғыдан келе жатқан театры сияқты көпке бірдей қызық беретін жиын сауығы болған. Сонымен қатар ол кейде білім талас сияқты, жұмбақ пен ой тартысы болады деген пікірді айтады.

Айтыс ақындары қазақтың «бұрынғы жортуылшыл батырларынан кейін тапқан екінші алуандас батыры» ретінде қазақ ішіне тегіс аты жайылып, қадірлі болады дейді.

Автор айтысты: ақындар айтысы, билер айтысы деп екі жікке бөледі.

Ақындар айтысын айтыс өлеңдерінің сыртқы түріне қарай қайым өлең және қара өлең деп екіге бөліп, Біржан мен Сара, Мұрат пен



Жантолы, Шөже мен Кемпірбай, Сабырбай мен Тасыбай айтыстарынан мол мысалдар келтіреді.

Билер айтысын автор қысқаша сыпаттап, ішкі мағынасына қарай төрт жікке бөліп, қарастырады: бірінші – дау мен билікті қоса айтады деп Бұхар жыраудың Керейге айтқан тақпағын мысалға келтіреді. Екінші – екі бидің әділ билікке таласып айтқан талас сөздері деп Ақтайлақ пен Солтабайдың билігін айтады. Үшінші – арбасып, ырғасып жұмбақпен, тұспалмен айтысатын талас билік деп, оған мысалға Қараменде мен Кеңгірбайдың билігін келтіреді. Ал, төртінші – дау мен билік тұсында не жамандап, не мақтап айтатын сөздерге Сабырбайдың Солтабай төреге айтқан сөздерін мысал етеді (76.188-191).

М.Әуезов 1939 жылғы Л.Соболевпен бірге жазған еңбегінде билер айтысына тоқталмаған. 1948 және 1960 жылғы кітапта ол шешендік сөздер деген атпен беріліп, екеуін екі басқа автор жазған. Сол екі еңбекте де ғалымның осы алғашқы сүрлеуі негізге алынып, жетекші болғандығы айқын.

Ал айтыс өлеңдер кейінгі басылымның барлығында да М.Әуезов авторлығымен берілген. 1939 жылғы еңбекте ол өте қысқа жалпы шолу түрінде берілсе, кейінгі екі басылымда кең көлемде жан-жақты терең талдаулар жасалған. 1960 жылғы кітапқа арнап жазылған соңғы еңбекте қосымша толықтырулар кездеседі. Айталық, онда айтыс өлеңдердің ілгергі, кейінгі жиналып, зерттелу жайы жаңадан қосылған. Сондай-ақ айтыстың Индия, Иран елдерінде кездесетін «Мұшайра» түріне де қосымша тоқталады.

Бұл зерттеуінде автор айтысты: әдет-салт айтысы және ақындар айтысы деп үлкен екі топқа бөліп, жеке-жеке талдап қарастырған. Ақындар айтысын сыртқы көлеміне, түр ерекшелігіне қарай: түре айтыс және сүре айтыс деп, түре айтысты – қайым өлең, қара өлең деп жіктейді.

Сүре айтыстан Құлмамбеттің, Шөженің, Жамбылдың айтыстағы өнерін сыпаттап, Әсет пен Ырысжанның, Шәді мен Манат қыздың хат арқылы айтысына және Біржан мен Сараның айтысына кеңірек тоқталған. Осы жерде М.Әуезов Біржан мен Сараның айтысы болды ма, жоқ па?– деген көп жылдар бойы талас болып, әлі күнге толастамай тұрған мәселеге өз пікірін де білдіріп өткен.

Жазушы 1933 жылы Абай шығармаларының өзі құрастырып шығарған толық жинағындағы «Абайдың туысы мен өмірі» туралы зерттеу мақаласында ақынның:

Сөз айттым Әзірет Әлі айдаһарсыз,

Мұнда жоқ «алтын иек сары ала қыз»...

деген өлең жолдарын көңіліне ауыр алып, «...Әріп қатты намыс қылып кектеніп, Абайдан есесін қайырмақ болып «Біржан – Сара» айтысын шығарған» (383-б.) – деп жазған болатын. Осы пікірді көптеген ақын-

жазушы, ғалымдар қолдайтынын Қайым Мұхаметханов «Абайдың ақын шәкірттері» (3-кітап, Алматы, 1995, 23-24, 39-51-66.) атты еңбегінде бұлтартпастай мағлұмат деректер келтіре дәлелдепті. Ол туралы 1995 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің 5-желтоқсандағы санында көрнекті жазушы Қабдеш Жұмәділов те жеріне жеткізе айтқандай.

Олардың дәлел сөздеріне Әріп (Мұхамедғарып) Тәңірбергенұлының Сараға өлеңмен жолдаған ұзақ хатындағы:

Шығардым мен кітап қып әзіл үшін,  
Сорлымын арманымды тауса алмаған» –

деген жолдары (85.71) мен Сара Тастанбекқызының «Қош бол, елім!» атты толғауындағы:

Дом тартқан қадірлі елге тартып бұйрық,  
Осы бір он ауыз сөз менен сыйлық.  
Хикая, кітап жазып бере алмадым,  
Әріптей болмаған соң хатқа жүйрік –

деген өлең шумағы да қосымша болып, бекіте түседі.

Дегенмен, М. Әуезовтің араға жылдар салып, кейінірек өзінің алғашқы пікірін өзгертуіне жеңіл-желпі қарауға бола қоймас. Бұл әрбір сөзіне құлай сенуге болатын ғұламаға көзсіз табына салу емес. Әрине, ол Біржан мен Сараның да, Әріптің де жеке творчествосымен арнайы айналыспаған болар. Соның өзінде, айтыстың, көпке дейін ауызда жүріп, хатқа түскенше, көп өзгерістер көргенін, оны ең алғаш хатқа түсірушінің бірі Әріп екенін айта келіп, «анығында, негізгі шығарушы емес, бірақ өзгеше қоспалар қосушы, соңғы айтушы Әріп болғаны рас» (78.313) – дейді. Басқаша пікір айтушылардың бір дәлелі айтыс сөз ерекшелік, стилі жағынан екі ақыннан гөрі бір кісінің қолынан шыққан дегенге саяды. Онымен әбден-ақ келісуге болады. М. Әуезовтің мына айтып отырған пікірі де айналып келгенде сол төркіннен шығып отыр ғой.

Айтысты болмады деушілердің екінші бір дәлелі: қазақ энциклопедиясындағы мәлімет бойынша оны 1898 жылы кітап етіп бастырушы Жүсіпбек қожа Шайхсламұлының 1872 жылы Сараның аузынан жазып алып, баспаға дайындадым деген бұлтартпалы көп сөзінің біріне сеніп, сол жылдары Сараның әлі жарық дүниеге келмегендігін айтады. Біржан мен Сараның осындай жас алшақтықтары көп жағдайда тілге тиек болып жүр. Мұндай дәлел айтушылардың бір ескермей жүргені айтысты өз бетімен шығарушы деген Әріп Сарамен жақын таныс, біліс бола тұра, басқамен емес, неге Біржанмен айтыстырды екен. Абайдан қарымта алу үшін сонау Көкшетаудың керейі Біржаннан басқа да Сарамен айтысуға жас шамасы, жер жағдайы жақынырақ келетін ақын табылмай қалды дейсіз бе. «Шөптің басы жел тұрмаса қимылдамайды» ғой, қалай болғанда да Біржан мен Сара бір-бірімен кездескенін мүлде теріске шығаруға болмас. Қ. Мұхаметханов өз пікіріне көрнекті қайраткер



Илияс Омаровтың мақаласын да таяныш етіпті. «Ақын Сара» деген атпен автордың «Шабыт шалқары» жинағына енген бұл мақалада Талдықорған облысы, Қапал аудандық газетінің редакторы болған Тәңірберген Қалилахановтың «Жұлдыз» журналының 1958 жылғы 5-санында жарияланған және «Ақын Сара және Әріп» деген көлемді қолжазба еңбектеріне сүйене отырып, Біржанның 1895 жылы Жетісу өлкесіне келіп, Тұрысбековтің үйінде Сарамен жауаптасқанын, оған қамқорлық ниет білдіріп, азаттық алуына септігін тигізгенін жазған екен. Мұны автор сол өңірде кездесудің көзі тірі куәсі болған Шөпшектің Ахметі деген ақынның «Ешкі өлмес» поэмасынан үзінділер келтіріп дәлелдейді. І.Омаров: «Бұрынғы айтылып жүргендегідей айтыс болмаған,.. өңін айналдырушы Әріп» (86.199) деп тұжырымдайды. Қалай десе де, егер екі ақынның кездесіп, жауаптасқаны анық болса, көңіл мен көк дөненің басын ағытып қоя беріп, әркім өзінше ой жарыстыра беруіне толық негіз бар.

М.Әуезов осы «Айтыс өлеңдері» туралы соңғы зерттеуінде арнайы тақырыппен кеңес дәуірінде өткен айтыстарға да біршама тоқталып, Жамбыл, Шашубай, Иса, Нұрлыбектердің жаңа кезеңге сай творчестволық ерекшеліктерін сөз еткен.

Біз бұл еңбегімізде өз тақырыбымыздың талабына сай М. Әуезовтің жұртшылыққа кеңінен мәлім, арнайы зерттелген еңбектерінен гөрі әлі де жеке, жете зерттелмеген саласына көбірек көңіл аударуды мақсұт тұтқандықтан, оның кейінгі зерттеулеріне тек шолу түрінде тоқталып отырмыз. Соның өзінде ғұлама ғалымның қазақ совет фольклоры туралы, соның белді өкілі Жамбылдың творчестволық ерекшеліктеріне байланысты еңбектерін де біршама қарастырып, атап өтуді жөн көрдік.

Жамбыл туралы хабарлама, таныстыру сияқты мақалалар негізінен 1936 жылы басталды десек, оның өмірі мен творчествосы туралы кең, әрі терең толғамды, маңыз-мәні салмақты, салихалы еңбектер 1938 жылдан бастап жазылған екен. Сол жылы Жамбылдың ақындығының 75 жылдығы аталып, конференция өткізгенде М.Әуезов «Жамбыл және халық ақындары» атты баяндама жасап, оны кейін мақала етіп жариялайды.

Бұл туралы Ғылым академиясы 1964 жылы шығарған кеңес дәуіріндегі фольклор туралы «Қазақ әдебиетінің тарихы» I-том, 2-кітабында: «М.Әуезовтің бұл мақаласы бір Жамбыл ғана емес, барлық ақындардың творчествосын, сол арқылы бүкіл совет фольклорын зерттеуге жол-жоба көрсеткен программалық мақала еді» (87.28) деп арнайы атап көрсеткен.

Осы баяндамасында М.Әуезов: Әлемнің барлық халықтарында дүниежүзілік эпос пен фольклордың небір асыл мұраларын жасаған ақындар болғандығын, олардың әр халықтардың өз тілінде: аэдтар, рабсудтар, баяндар, барттар, ашуттер, ғафиздер, бақшылар, жомақшылар,

жырау-жыршылар, ақындар деп аталып, машһур болғандығын айтады. Ғұлама ғалым халық ақындарының өзіндік ерекшелік, өзгешелік машықтарына жаңаша көзқарас тұрғысынан сипаттама, анықтама бере келіп, өмірдің барлық құбылыстарына құлақ түріп, хабардар болып қадағалау ақындардың өткеннен де, бүгінгімен де жанды байланыс жасап отыруға баулыды. Халқына, айнала қоршаған ортасына не нәрсе мағлұм болса, ақын соны біліп, жанында сақтап отыруға тиіс. Ол – өз халқына, өз кезіне тән білімдердің тірі энциклопедиясы деп, халық ақындарының өзіндік өнерін сараптап, айқындап, өте жоғары бағалай отырып, «және халық ақыны бар оқиғаға индивидуальдық жазба ақыннан гөрі әлдеқайда бұрынырақ назар аударып, үн қатады. Халық поэзиясы анағұрлым шапшаң да ширақ» (88.) деген ой тұжырымын білдіреді.

Бұл қалыптасқан қағида бойынша, мектеп оқулықтарынан бастап, әдебиеттану ғылымында да ауыз әдебиеті жазба әдебиетінің айырмашылығы ретінде ауыз әдебиеті шығармаларының авторы белгісіз болады, көп вариантты болып келеді, жазба әдебиет туған соң ауыз әдебиетінің өсіп дамуы тежеледі деген үстем теорияны ұстанушы едік. Ал сонда Жамбыл сияқты халық ақындарының творчествосын қалай қабылдап, қалайша бағалауымыз керек, әдебиеттің қай түріне жатқызар екенбіз?

М.Әуезов: «Халық ақыны Жамбыл – өз шығармаларымен ғана емес, тарихи-әдеби зерттеу тұрғысынан да өзгеге ұқсамайтын дара оқшау бет-бейнесімен де аса зор құбылыс. Ол фольклорды белгісіз (анонимный) ақындардың ғана творчестволық еншісі деп менсінбей, енжар қарауға бағытталған буржуазиялық үйреншікті ұғымды қиратып отыр. Ол сондай-ақ, ауызша және жазбаша, индивидуальдық поэзия деп әдеттегідей тарихи-әдеби бөлүшілікті де қиратып отыр» (88) – деп атап көрсетеді.

М. Әуезов сол 1938 жылы бұл баяндамасынан басқа «Ардақты Жәке», «Мудрый певец, нашедший юность свою» атты да мақалалар жазған екен. 1945 жылы ақынның қайтыс болуына орай «Халықтың ғасырлық жыры» атты мақаласын жариялап, 1946 жылы оның жүз жылдық мерейтойына арналған конференцияда «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты ғылыми баяндама жасайды. Бұл баяндамасында М. Әуезов айтыс ақынына тән өзгеше бір ерекшеліктерді айқындап, саралай келе, ондай ақындарға халық «суырғып салма ақын» деген атақ беретінін, олардың «кынаптан қылыш суырғандай жалт еткіш, отты, өткір өнер иесі» болатынын; «шабыты келген ақпа ақын бабындағы аш қыранға меңдес. Тұрғыдан томағасын тартқанда алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін ілезде шалып қалғандай. Айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескені көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт» (84.360) деп, ұлы ақынның айтыстағы өнерін осы тұрғыдан өте жоғары бағалайды.





Бұл аталған баяндама, зерттеу мақалалардан тыс жазушы музейінің архивінде сақталған қолжазбалардың ішінде № 248, 249-папкілерде: «Жамбылдың бұрынғы қатты мысқыл өлеңдері», «Айтыстары», «Қатаған – Сүйінбай», «Состязательные песни и искусство импровизации у Джамбула», «Вековая песня народа» деген сияқты қолжазба, тезистер түрінде де материалдар кездеседі. Олардың кейбіріне «1960 жыл, 4 апрель» деген уақыт мерзімі қойылған екен. Соған қарағанда, ғалым Жамбыл творчествосын өзінің өмірінің соңғы сәттеріне дейін назардан тыс қалдырмай, алдағы жоспарларына да тиек етпек ниетте болған болар. Әрине, әдебиет, ғылым, мәдениет мүлкі санмен, көлеммен мөлшерленбей, санамен өлшенеді ғой. Олай болса, М.Әуезовтің бұл еңбектері өзінің маңыз-мәнін ешқашан да жоймасы анық.

Сонымен біз М.Әуезовтің 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» кітабындағы ауыз әдебиеті жайлы тарауларын сол туралы кейінгі жазған зерттеулерімен жалғастырып сөз еттік. Оның осы саладағы еңбектері, «Манас» жыры туралы зерттеулері, Шота Руставели мен оның «Жолбарыс тонды жортуылшы» дастаны, «Рүстем – дастан», «Жәңгір жыры» туралы пікірлері өз алдына кең, мол дүние. Фольклорист ғалымның бұл еңбектері өз алдына жеке зерттеулердің арнайы тақырыбы болып келеді, әлі де зерттеле берері сөзсіз.

## 2. Зар заман ақындары

М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» еңбегінің соңғы 7-бөлімі «Зар заман ақындары» деп аталады. Бұл атауды автор Шортанбай ақынның заманының халін айтқан бір өлеңінің аты екендігін, «Шортанбайдың өлеңі ілгері, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір араға тұтастырғандай жиыны өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман» ақындары деген ат қойдық» (76.192) – деп бастайды. Яғни, кітаптың алғашқы бөлімдерінде ауызша әдебиетті қарастырып өтсе, бұл бөлімде соған жалғастырып жазбаша әдебиетті сөз етеді.

Біз ілгеріректе қарастырып өткен М.Әуезовтің 1922 – 1923 жылдары жазған «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты мақаласында ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет жайлы қысқаша шолу жасап, жазбаша әдебиеттің басталу кезеңін «Көшпелі дәуір әдебиеті» деп атаған еді. Онда автор жазба әдебиеттің басы Абайдан басталады деп пікір айтушыларға қарсы жауап айтып, әдебиет тарихы ретімен қарасақ, «Қазақта жазба әдебиет Абайдан көп бұрын басталған» деп жазады. Осы жазба әдебиеттің басы болып саналатын көшпелі дәуірдің айрықша мінезі деп, «ел күндегі өмірі, күндегі сезімі, күндегі ойыменен әдебиет шеңберінің ішіне кіре

бастағанын» және сол тұрмыстағы түпкі дертті, негізгі себепті дәл таба алмай», «жалпақ адасуда» болғандығын айтқан.

Кейінгі еңбегінде жазушы осы ой-пікірін ары қарай жалғастырып, дамыта түсіп, «көшпелі дәуір» деген атаудың орнына нақтылау «Зар заман» деп атайды. Мұнда да жазба әдебиеттің белгісі ретінде «ел тіршілігінің сөз бола бастауын» атап, «жазба әдебиетті туғызатын, ең алдымен, жалғыз ақындар» деп санайды.

«Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай заманынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі», – дей тұра, автор оның алғашқы өкілі ретінде Асан қайғыны жатқызады. Асан қайғы ел аузындағы әңгіме бойынша Әз-Жәнібектей алыс заманның тұстасы деп, оның Жәнібекке арнап айтқан бір-екі толғауын келтіреді. Бірақ ол Асанның өмір сүрген кезеңі Абылай дәуірінің айналасы, одан аз-ақ бұрын өткен сияқты деген болжамын айтады. Оған дәлел ретінде Асан қайғы толғауларының ішіндегі: «Орыс алар қаланды, шулатып қатын, балаңды», – деген,

Ол күнде қарындастан қайырым кетер,  
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.  
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,  
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер –

деген сияқты сөздерді келтіріп, Жәнібек заманында орысқа қарау мәселесі туған емес дейді.

Қалай болғанда да, «алғашқы рет келешек заманның құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп, болжал айтқан Асан қайғы» деп, автор оны осы зар заман ақындарының, жазба әдебиеттің басы деп санайды. Ой толғауларында өзі тұрған заманның түрлі белгілеріне қарап, келешек заман қалай құбылып қиындайтынын болжап меңзейді:

...Құладың құстың құлы еді,  
Тышқан жеп жүні түледі.  
Аққу құстың төресі  
Ен жайлап көлді жүреді.  
Аңдып жүрген көп дұшпан  
Елге жау боп келеді.  
Құладың қуды өлтірсе,  
Өз басыңа келеді.  
Құлың кеп сені өлтірер  
Осыны Асан біледі.  
Мұны неге білмейсің  
Арасынан қытай, орыстың.  
Қорған сап, тыныш жатырсың.  
Өзің, Жәнібек, елден асқан батырсың...



Асан қайғы сөздерінің бәрі терең ой, мағынасы тылсым жұмбақ. «Беті шалғай терістен, қиын қиядан, бұлт құшқан биіктен, шыңыраудың түбінен шыққандай «қиырдан жиылған» суреттер болады».

«Құлан жортпас қу тақыр», «құлықтан туған құлаша», немесе «қилы-қилы заман болып, қарағай басын шортан шалғанда», «ұлы, қызы, орысқа бодан болғанда, қайран ел, есіл жұрт не болады» деген сияқты ауыр сұрақ, ащы жұмбақ нені аңғартады?! «Сыртқы аламыштығына қарап жатсынбай, ішкі жұмбақ мағынадағы түбірі бірлігін ойлап, соны ұғыну керек» (76.202), дейді.

М.Әуезов кітаптағы осы бөлімнің соңында арғы заманның Сыпыра жырау, Қазтуғаны, бергінің Алаша Байтоқ жырау, Базар жырауы, Досқожасы болсын, – зар заман дәуірінен үлкен орын алатынын айтып, бірақ оларға тоқталмауымыздың бір себебі, олардың шығармалары жарытып қолға тимей отырса, екінші себебі, бұл еңбекте «қазақ елінің әдебиет жұрнақтарын сыртқы түрі мен мағынасына қарап арнаулы жіктерге бөліп, әр түрінің орнын көрсетуді» мақсат еттік дейді.

Сондықтан да болар, Асан қайғыдан кейін Бұхар жырауға ауысады.

«Бұхар жырау – Абылайдың жанындағы уәзірі, заман күйін сынға салып, қорытынды айтып, бет нұсқайтын кемел ақылшысы» (76), дейді. Жалпы, сол ерте замандарда ақындар мен жыраулар, шешендер елді меңгерген хан мен бектердің қасында «қалың елдің ішінен қосылған «қариялар кеңесі» сияқты болған. Олардың дуалы аузынан шыққан «қорғасындай ауыр, оқтай жұмыр, өткір» сөздері басшыларға да, қосшыларға да ем болып отырған. Хан мен елдің жарлықтары мен тірліктерінің оң, терісін сұрыптап, дұрысы болса – құптап, ұшқары, терісі, болса – ұшықтап жөнге салушылар да осылар болған деп көсіле баяндап, еселеп бағалайды (ия, түптеп келгенде, қазіргі «мәжілісіміз» бен «маслихаттарымыз» да ата жолымен сол дәрежеден көрініп жүрсе, нұр үстіне нұр құйыла береді ғой!).

Бұхар жырау толғауларының сарыны Асан қайғы толғауларындай. Бірақ бұл да жалаң еліктеуден туған, қолдан жасап алған сарын емес, сол өз заманының «дерті улатқан ақынның жүрегінен қайнап шыққан шын жалын, шын қайғы». Асан қайғыдан кейінгі шыққан ақын, жыраулардың дені оның дәстүрін жалғастырып, толғауларының жұмбағын шешуге ұмтылған.

Бұхар жырау да Абылай, Асан сөзінің шешуін айт деп сұрағанда (бұл толғау Бұхар шығармаларының кейінгі басылымдарында көп кездесе бермегендіктен, М.Әуезов келтірген үзіндіні ұзақтау болса да сол күйінде көшіруді жөн көрдік):

Ханға жауап бермесем,  
Ханның көңілі қайтады.  
Қайтара жауап сөйлесем,  
Халқым не деп айтады.  
Хан Абылай, Абылай,  
Мұндай жаман хабарды  
Сұрамасаң, не егеді...  
...Енді айтайын сұрасаң,  
Маған қаһар қылмасаң.  
Қарағай судан қашып,  
Шөлге біткен бір дарак.  
Шортан шөлге шыдамсыз,  
Балықтағы бір қарак.  
Ойлама шортан ұшпас деп,  
Қарағайға шықпас деп.  
Құбыладан келер бір кәпір,  
Аузы-басы жүн кәпір.  
Жаяулап келер жұртыңа  
Қара шекпен кигізіп,  
Балды май жағар мұртыңа.  
Ел қамын айтқан жақсыны  
Сөйлетпей ұрар ұртыңа  
Есеп алар пұлыңнан,  
Солдат алар ұлыңнан.  
Күндердің күні, Абылай,  
Есе тимес өзіңе  
Есіктегі құлыңнан... –

деген толғауына, сондай-ақ «Бірінші тілек тілеңіз...», «Айналасын жер тұтқан...», «Ей, Абылай, Абылай...», «Керей, қайда барасың...» деп басталатын толғауларын мағыналық, көркемдік ерекшеліктеріне терең де, әсем талдаулар жасайды.

Бұхар жыраудың ханға ақыл айтып, кеңес бере отырып, кейде қатуланып қатал сындар айтатын өлеңдерінен де мысал келтіріп, «жырау құр ғана өлеңші, құр ғана ақылшы емес, керекті кезінде ханның да, қараның да қатты сыншысы, қатал тезі болатынын..., кей уақытта бөлініп жарылған елдің бітімші биі де болып кететінін» ескертіп кетеді.

Осы өлең-жырларды талдай отырып, ара-арасында автор: «Өлең сөздің міндеті елдің ақыл-ойын тәрбиелеу, білім үйретіп, басшылық ету, ой түсіріп, көзін ашу, көңілін ояту. Сондықтан өмір ақиқатын теңіздей тереңнен толқытып әкеледі» (76.204), деген сияқты теориялық тұжырымдарын келтіріп кетеді.



Бұдан ары М.Әуезов Абылай заманынан бергі дәуірдің, XIX ғасырдың әдебиет өкілдеріне тоқталады. Бұл кезеңнің ақындарын «біреуі – есі кірген ойлы ақындар, нағыз зар заманның өз ақындары, екіншісі – елдің қызық- сауығын салт қылған айтыс ақындары» (76.208) деп екі алуан топқа бөледі. Олардың ішінен Махамбет, Шортанбай, Мұрат, Алтынсарыұлы, Нарманбеттердің өлеңдерін қарастырып, айтыс ақындарынан кейбір өлеңдерімен осы жікке кіретін Шернияз, Досқожа, Күдері қожа сияқтыларды атайды.

Махамбет, Исатай бастаған көтерілістің бір басшысы да бола жүріп, жыраулардың үлгісімен «жаңа заманда, тар заманда шыққандықтан, үгіт пен істің соңына түскендігін, ...сөз сөйлесе жалпы қазақтың қанын қыздырып, желіктіріп, көтеріліске ерітпекші болады деп, оның «Ереуіл атқа ер салмай...», «Толарсақтан саз кешіп...», (Тар қамау), деп келетін және «Мұнар күн» өлеңінен үзінді келтіріп талдайды. Ол мысалдарды автор ақынның «Исатай – Махамбет» деген атпен 1925 жылы Ташкенде басылып шыққан алғашқы жинағынан алған болар. Оларды кейінгі 1962 жылғы Х.Жұмалиев шығарған және 1974, 1979 жылы Б.Аманшин дайындаған жинақтардағы өлеңдермен салыстырғанда, аздап болса да текстілік өзгерістер байқалады: Алдымен, «Ереуіл (кейінгі жинақтарда «Ерулі») атқа ер салмай» өлеңіндегі «Еңку-еңку жер шалмай» болып, М.Әуезовтің келтіруінде «Егіндікті жер шалмай» болып келген. Бұл жол 1933 жылы М.Әуезовтің бірлесіп жазған 7-класқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында жинақтағыдай беріліпті.

«Толарсақтан саз кешіп...» деп келетін өлең соңғы екі жинақта Қ.Мырзағалиевтің «Махамбет жырлары» деген мақаласында (Қазақ әдебиеті. 1971, 6 август) келтірілген жаңа деректерге сәйкес басқаша конструкцияларға түсіп, «Тар қамау» және «Қоштасу» деген атпен екі өлеңге бөлініп-жарылған екен. Жинақтағы «Тар қамау» өлеңінің 8 жолдан кейінгі екінші жартысы М.Әуезовтің келтіруінде мынандай ретпен берілген: (екеуін қатарластырайық):

Ат басына соқтырып,  
Ата-енені сөктіріп,  
Нәлет болсын жігіттер  
Біздің бұл жүрген жүріске  
Тағыдай таңдап су ішкен  
Тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген  
Тағы сынды мырза едің,  
Тағы да келдің тар жерге...  
Тандасаң тағы болар ма,

Тәңірінің салған бұл іске  
Тағыдай таңдап су ішкен,  
Тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген  
Тағы сынды ер едік,  
Тағы да келдік тар жерге.  
Таңдансақ тағы болар ма  
Тәңірің салған бұл іске?!  
Ата-енені сөктіріп,  
Ат басына соқтырып,  
Осынау біздің жүрген жүріске!

Мұнда шумақтардың, жеке жолдың ауысқанынан басқа, асты сызылған жолдарда да аздаған болса да өзгерістер кездеседі. Сондай-ақ кейінгі жинақтарда «Қоштасу» деп атаған өлеңге енгізген жолдарда М.Әуезов мысалға келтіретін:

Бұрынғыдай қарыштап  
Қона алмадық қонысқа,  
Келе алмадық келіске.  
Жағалай қонып қонысқа,  
Тағы жақын келдік ұрысқа...

деген шумақтың соңғы екі жолы еш жерге енбей қалған.

«Мұнар күн» өлеңінен келтірілген үзіндіде жинақтағы «Аса шапқан құла атша» деп, «Хас бәйтерек жығылып» – «Жас бәйтерек жығылып», «Алыстағы дұшпанның» – «Алыстағы дұшпандар» сияқты өзгерістер бар. Бұл жерде біз өзіміз текстология маманы болмағандықтан, арнайы айналысушы талапкерлердің назарына әдейі ұсынып отырмыз. Өйткені текстология ғылымы үшін тұспал, болжамнан гөрі нақтылық керек қой.

М.Әуезов Махамбеттен кейінгі зар заман ақындарының өлеңді жазып шығара бастағанын айтып, олардың да әрқайсының жеке және жалпысына ортақ ерекшеліктерін ашады.

Егер жыраулар кезінде жаңа туып келе жатқан заманның қара бұлттай түнеріп келе жатқан райынан, сыңайынан шошынып, ел басына төнер қауіп-қасіретті жұмбақтап жыр етсе, «бұл күннің ақындары баяғыдай шыққан бұлтты сөз қылмай, содан түскен бұршақты, үй жыққан дауылды, мал ықтырған соққыны сөз қылды». Ақ патша сыйлаған саясаттың жемісінен түскен қаза мен дерт қандай болды, соларды айтып күңірене жырларына қосатын.

Біреуі елді орыс ұлығы билеп, «ел мінезінің бұзылып, бірлік берекеден айырылғанын айтады. Екіншісі ел жайлауын орыс алып, жер тарылғанын айтады. Үшіншісі дін жоғалып, қарындастық қадір тозып, ру тіршілігінің шырқы бұзылғанын» айтады. Айналып келгенде, бәрінікі жиылып, «өткенді ойлап, күрсініп, сағынып, қазіргіден қажып, торығу, алдыңғыдан шошынып, қорқу, сондықтан ыңыранып, зарығу» (76.213) – деп түйеді.

Шортанбай өзінің атақты «Зар заман» өлеңінде:

Мынау ақыр заманда  
Алуан, алуан жан шықты,  
Арам, араз хан шықты,  
Қайыры жоқ бай шықты.  
Сауып ішер сүті жоқ,  
Мініп көрер күші жоқ,  
Ақша деген мал шықты –

деп күңіреніп, күйзеліп, заманнан да, адамнан да, бар амалдан да түңіліп, енді тек діннен ғана үміт күткендей болады.



«...Сөз үлгісі баяғының толғауы сияктанып, қарсыға шапқан жүйріктей көсіліп, құлашын керіп келетін» зар заманның екінші бір ірі ақыны Мұрат та заман неден бұзылғанына өз шешімін айтады:

Бәйіт еттім бұл сөзді.  
Қайғы шегіп заманнан.  
Заман азып не қылсын.  
Ай орнынан туады,  
Күн орнынан шығады,  
Бұның бәрі адамнан –

деп, адамгершілік құлық қасиетке иек артқандай болады. Бірақ оның өлеңдерінде де қайғы мен үмітсіздік басым. Ол алдағы заманнан онан сайын шошитын сияқты:

...Кейінгі туған баланың  
Шашын, мұртын қойдырып,  
Ащы суға тойдырып,  
Бұза ма деп реңін.  
Адыра қалғыр заманның  
Жаратпаймын сүреңін.

«Бұл сөзде жақындап келе жатқан заманның ақынды күпті қылған жұмбағы бар. Ол жұмбақ патша үкіметінің қазақ елін орыс қылмақ саясаты. Мұрат сол ниетінің шетін сезген» (76.217) – деген ойын ашық айтады.

Зар заман ағымына өлеңдерінің кейбір сарынымен ғана қосылатын Ыбырай Алтынсарин заман зарын айтудан гөрі, мүмкін болғанша, ем айтқысы келеді. Елдің үміт, сүйенішін жас буынға артқандай болып, оларды оқу, өнер-білімге шақырады. «Бірақ мұның айтқан емінде бір бағыттық, анықтап бастаған екпін, ағын жоқ» – дейді. Оның ақындық ерекшелігіне байланысты: кейбір өлеңдері оқымысты, үлгілі ақындардың салтымен жазылған мәдениетті ақын. «Алтынсариннен ең алғаш рет қазақ әдебиетіндегі сипаттау өлеңі басталады. Европа ақындарының үлгісімен қыр тұрмысының көркін суреттейді» (76.218) – деп бағалайды.

Заман зарының ең ақырғы күйін шертіп зарлаған ақын деп Нарманбетті атайды. Ол:

«Сарыарқа сарқыраған суың қайда,  
Түнде шық, күндіз мұнар, буың қайда.  
Найзағай жарқ-жүрк етіп нөсер құйған,  
Көк жасыл, кемпір қосақ туың қайда –

деп, заман бұзылған соң табиғат та бұзылып, бұрынғы көркінен, бұрынғы жарқын қызығынан айырылды деген бүгінгі күннің табиғатына да наразы көңлін білдіргенін айтады.

М.Әуезов кітапта әдебиет тарихының желісін тартып, «Қазак әдебиетінің тарихы зар заман дәуірінен соң Абайға келіп тіреледі», деп аяқтайды.

Жоғарыда М.Әуезовтің М.Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлымен бірге 7-класқа арнап жазған «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің оқу кітабын» 1933 жылы жариялағанын айтқан едік. Кітап кейін қайтып басылмай, пайдаланудан шығып қалған. Жазушы музейінің ғылыми қызметкерлері сол оқулықтан М.Әуезов жазған тақырыптарын анықтап, оның 20 томдық шығармалар жинағының 1984 жылы шыққан 15-томына енгізген екен. Енді біз сол еңбектерді жазушының алғашқы кітаптағы тақырыптарымен сабақтастыра, салыстырып қарап өтпекпіз.

Оқулықта Бұхар жырау туралы: «Бұхар жайындағы мағлұматтар» және «Бұхар сөздері» деген тақырыптармен молырақ орын берген. Алғашқы тақырыпта Бұхардың өмірі туралы жазба мәлімет, белгілердің жоқ екенін, ал ауызша айтылған там-тұм сөздерге қарап «Өмірбаян түзу» мүмкін еместігін, өйткені «ел ішінде қалған, аңыз болған көп аузына ілінген бірен-саран сөз, мінез, істер ғана айтылатын болады» дейді. Ақынның қолда бар 6-7 өлеңдерінде айтылған кей жайларға сүйеніп, оның XVIII ғасырда тіршілік еткенін, Абылайдан жасы үлкен және кейіндеу қайтыс болғанын айғақтап, «Бұхар XVII ғасырдың аяқ кезінде туған болу керек» деген болжам айтады.

Автор одан әрі «Жырау» деген сөзге: «Жыраудың ақын атаулыдан, жырышдан бөлек, өз жанры бар. Бұның сөз үлгісі, шығармасы – «толғау». Жыраудың мақсаты, міндеті – «не болса сол көңіл ашар», «әлдене» дерлік сөзді айту емес. Ол заман сыны, мезгіл, дәуір болжалын, тарихи уақиғаның мазмұн бағасын сөз қылады» (74.258) деп анықтама берген.

М.Әуезов бұл оқу кітабында Бұхар өлеңдерін таптық тұрғыдан талдап тексерген. Оның сол әзірше қолда бар аз өлеңінің өзінде көп жәйді сөз ететінін, саяси-қоғамдық жағынан, патша өкіметіне бағынбай, жеке хандық билікті сақтау және көпке тізгін бермей, оны нық ұстап, баурап отырып соңынан ерту керек деген сияқты негізгі екі сарын бар деп санайды: «Тілеген бетіңе айдап сал, бірақ сыр ұшығын берме. Қайта көпке мақсатың ұғымсыз, жүрісің, ісің қыздырмамен айдап салу боп, ұран болсын, сөзің жұмбақ болсын дейді. Осы Бұхардың өзі тұтынған жолы. Артында қалған сөзі де соны дәлелдейді» (74.206) деп, өсиет сөздерінің өзінде көпке ұғымсыз болғысы келеді. «Түйінді сөзін бірен-саран жерге ғана көмбе-көмбе қып екшеп-екшеп тастайтын» өлең жолдарынан мысал келтіреді:

Ай не болар күннен соң,  
Күн не болар айдан соң.  
Құбылып тұрған бәйшешек,





Қурай болар солған соң,  
Хандар киер қамқа тон,  
Шүберек болар тозған соң,  
Еңсесі биік кең сарай,  
Кемдік болар бөлген соң.

«Көпке ана сөз, мына сөздің жотасын қылқылдатып..., әдейі шаң қаптырып адастырып отырады» деп, жырауды таптық тұрғыдан кінәлағандай болады.

Аталыдан би қойсаң,  
Адаспас жол мен жобадан.  
Атасыздан би қойсаң,  
Босанбас аузы парадан –

деген шумақты «әмір иесі аталылар болсын дейді де, оларды өзге топтан екшеп шығарады», (74.260) деп талдау жасап, ақынның жоғарғы, билеуші таптың тілегін, талабын бүктемей көрсетіп ұстағанын сынайды.

Ілгеріректе айтып өткеніміздей, Мұхтар Әуезов бұл еңбекті тағдыры таразыда теңселіп тұрған сәтте жазып отыр. Сондықтан хан сарайының сардар жырауының таптық бағыт бетін сынамасқа амалы жоқ, әрине. Солай ете отырып, тұңғық терең ойшыл ғалымның атадан қалған асыл мұраның нәрі мен мәнін, көркемдік қуат сәнін жас ұрпақтың бойына сыналап сіңіре алғанына сүйсінбеске бола ма?!

Мұхтар Әуезов күрескер ақын Махамбеттің өмірі мен ақындығын жеке-жеке тақырыпқа бөліп қарастырады. «...Жаратылысынан әрі батыр, әрі жырау-ақын, әрі күйші-домбырашы болыпты. Мінезі өте қызулы, әдіс-шеберлікті көп ойламайтын, бет алған жағынан қайтпайтын, қайсар ер адам болған» (74.262) деп, күрескер ақынның өмірінен өзіне мәлім басқа да өмірбаяндық деректерін келтіре отырып, өлеңдеріне әдеби, эстетикалық талдаулар жасаған. Махамбет өлеңдері Бұхар жыраудың толғауларындай алуаны мол күрделі емес, бір ғана негізгі тақырыпқа құрылғандай: «Бұрынғы өлең-жырда әр жерден шаң беріп, басы қосылмай, бытырап жүретін суреттер мынада қатты жымдасып, екшеліп, бір бас, бір тас боп алады». Айталық, «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін автор ұзақ бір-ақ сөйлем есепті. «Неше алуан қатар жарысқан, жеке-жеке суреттердің байлауы ең аяққы жолда – «Ерлердің ісі бітер ме?» деген бір қайырмамен аяқтайды. Ауызша айтылған желдірме болғандықтан, ұйқасы кейде келіп, кейде келмейді. Бір жерінде қат-қабаттап кетіп, өзге бір жерінде шаншау-шаншау түсіп, тырағайлап отыратын ұйқасты... қыздырма сөздің құйылыс-тасқыны билейді» (74.268) – деп, кең көсіліп, кердең тастайды автор.

Махамбет өлең-жырлары туралы тек осы сияқты талдаулар жасау ғана

келісімді көрінеді бізге. «Әдебиет туындыларын білдіріп қана қоймай, сүйдіру керек. Жүректен шыққан сөз жүрекке жетеді» деген қағиданы Мұхтар Әуезов өмір бойы есте ұстап, әрдайым еске салып та отырушы еді ғой.

Әрі суреткер, әрі ғалым 7-класс оқушыларына арналған бұл оқу кітабында Махамбеттің әлгіндей бір ғана негізгі күрес тақырыбына жазылған өлең-жырларын үш кезең, үш дәуірге бөліп тексеру керек дейді: «...Тақырыбы біреу болғанмен, ақын сол тақырыбын әр кезде әр түрлі баян етеді: «Алғашқы соғысып жүрген кездегі» көңіл екпіні, сөз тасқыны да бір алуан, өзгеше. Одан кейін жеңіледі. Бұдан туатын көңіл-күйі екінші түрде. Ең аяғында қашқын-қысқын болып жүдеп-жадап» жүрген кездегі күй-қалып тағы бір басқа деп дәлел-мысалдар келтіріп өтеді.

Автор Махамбет өлеңдерінде жиі кездесетін ассонанс, аллитерацияларды да оның өзіндік көркемдік ерекшеліктері ретінде атап көрсеткен.

Осы тұста айта кету орынды болса керек, бізде оқулық атаулыға, әсіресе мектеп оқулықтарына деген көзқарас түсініктер әр түрлі болып отырады. Оқушылардың ұғымын, жас ерекшеліктерін ескеру керек деген желеу себеппен оларға жеңіл-желпі, әлжуаз жазылған мүліктерді тықпалап жіберу әдеті де кездесіп қалады. Әдебиет және басқа да қоғамдық пәндерге арналған оқулықтар мен хрестоматия, оқу құралдарына Мұхтар Әуезовтің осы 1927 жылдан бергі жазған оқу кітаптары анық асыл үлгі, өнеге болуға ылайық деп ойлаймыз.

Бұдан соң кітапта жазушы Шортанбай, Әбубәкір, Шәңгерей шығармалары туралы тақырыптарды жазған екен.

Егер алғашқы кітапта Шортанбай өлеңдеріне қысқаша тоқталып, оны сол дәуір әдебиетінің жалпы сарыны аясында өзінің бағыт бетін анықтаумен ғана шектелсе, мына оқу кітабында оның өлеңдерінің өзіндік мазмұн-мағыналық көркемдік ерекшеліктерін қарастырады.

«Шортанбай шығармалары XIX ғасырдың 60–70-жылдарында кеп шыққан бір ағынды көрсетеді» – деп, әуелі сол кезеңнің қазақ өміріндегі тарихи әлеуметтік жай-күйіне шолу түрінде сипаттама беріп, ақын шығармаларының заман өзгешелігіне байланысты туып, қалыптану ерекшеліктерін ашып көрсетуден бастайды.

Шортанбайдың «Зар заман», «Тар заман», «Бала зар», «Опасыз жалған», «Осынша азды ел неден», «Байды құдай атқаны» деген сияқты өлеңдерінде сол заман өзгерістеріне, «үстегі халге ырза болмай, алдыңғыдан ерте бастан түңіліп, шошып, артына қарай шегіне күңіренгенде, олардың аузынан шыққан сөздің бәрі «зар» боп, мұң, уайым, заман уайымы боп шығады». Ақынның шығармалары негізінен діншіл, ескі салт-әдетшіл сарынмен көпшілік бұқараға арналған «сынау



сөз бен үгіттеу сөз» болып, заман зарын айтқанда, «бұқараның өзінің өз мұңын айтып, оның да қышыған жерін қаси кетеді» деп таптық тұрғыдан да баға береді.

Автор ақын шығармаларының көркемдік ерекшелігіне байланысты: «Сөздің сырт келісімін сонша қумайды. Оған ішкі мағына, мазмұн толық жетсін дейді. Сол себепті дыбыс күйлеу, шындықты тауып ұйқас үшін астын-үстін әкете беретін аллитерация, ассонанс бұнда болмайды» (74.286). Оның өлеңдері ілгергі өлең-жырдағы «шешендік, ағындылық, алып ұшпалық көріктерінен айырылған жабайы тақ-тақ өлең боп қана көрінеді» деген шынайы, әділ де қатал пікір байлауын білдірген.

Осы кезеңде өмір сүрген Әбубәкір ақынның өлеңдері де көп жағынан Шортанбай өлеңдерімен мазмұндас, үйлес келеді. Оның біраз өлеңдері 1905 жылы Кәримов баспаханасында Негметжан Негматуллин бастырған «Әдебиет қазақия» деген кітапшаға топталған екен (Сол жылдары Қазаннан дәл осындай атпен басқа ақындардың өлеңдері басылған және бір-екі кітап шыққан).

Мұхтар Әуезов кітаптағы ақынның өлеңдерінде айтылатын деректерге, кейбір «үзілді-кесілді хабарларға» сүйеніп, оның өмір жолы жайлы қысқаша баяндап, шығармаларына көркемдік, эстетикалық талдаулар жасайды. Әдетте мұндай көркемдік сын талдаулар, біз кездестіріп етіміз үйреніп қалған дағды бойынша, үздік туындыларға, айталық, жоғарыда байқап өткеніміздей, Махамбеттің күн шапағына шағылысып шарпысқан алмас қылыштың өткір жүзіндей жарқ-жұрқ еткен жырлары сияқты көркемдік сипаты аса биік шығармаларға үйлесімді, жарасымды келетін еді ғой.

Ал Әбубәкір Кердерінің, автордың өзі бірден ескертіп алдын-ала айта кеткеніндей, ақындық қуаты күшті емес, өлеңдері құба төбел, жадағай. Сондықтан да оны ғұлама ғалым сол 20–30-жылдары етек алған ұр да жық сындардың үлгісімен жер-жебіріне жетіп желкелеп тастамай, өз сүйегіне біткен сынайы сырбаздықпен салихалы сын-талдаудың екінші бір үздік үлгісін жасап бергендей.

Жасында ескіше бірқатар жыл оқу оқып, молдалық қылып, кейіндеу ел ішіндегі жақсы атанып жүрген ірілі-уақты «кісілерді бірде мақтап, бірде шенеп, көңіл ашар ақын атанып, кәдімгі жыршының кәсібіне түскен» және сондай топтардың бас изеп мақұлдасып, дәріптеуімен өз ортасына атақ-даңқы артып, зорая түскен орташа ақынның, кейде олақ тілмен айтса, кейде оқта-текте тауып айтып қалатын» өлеңдерінің тақырыбы көпшіліктің көз алдындағы күнделік жәйлар да, негізгі бағыты, мақсұты «молданың, ұстаздың, сыншы-ойшының үгіті боп шығу» деп, өлеңдері арқылы суреткер ғалым тақуа ақынның жанды кескін-келбетін көз алдымызға елестеткендей болады. Сондықтан әдеби сын-зерттеудің өзгеше бір үлгісі іспетті жазылған суреткер ғалымның өз сөзіне ден қойғанды жөн көріп отырмыз.

Әбубәкір өлеңдерінде ақындық күйіне, терең сурет көрініске ұмтылмайды. «Тілі-тақ-тақ жадағай, екiнiң бiрi сөйлеп жүрген тiл... өзiнiң бiрқалыпты жорға емес, жортақы құрғақ үгiтiндей, айнымайтын бiрқалыпты төрт жолды ұйқасы бар. Соның көп жерiн ұйқастырғанда үнемі қайталап отыратын: «бiлдiм-бiлдiм», «жеттiм-жеттiм» деген сияқты бiр орында көп тепеңдеп тұратын олақ ұйқасты да қолданып кетедi. Ескi, баяғы сияқты болып қалған тозған үгiттi, тозған тақырыпты қайта тебiндеу – өлеңiне де ағын, екпiн бермейдi. Бiр ұйқас бiр сарынмен «сары жұртты қайта-қайта шиырлай бергенге ұқсайды» (74.290).

Ақынның ортасы, тындаушы, бас шұлғып қостаушылары да – «бұрынғы орын дәрежесiнен айырылып қалған, бұ күнде «ұсақтаған бай», «ұсақтаған ру басы», «тұғырдан түскен би», «әлқуаты кетiп, ескiсiне жармаса берудi ғана бiлетiн қариялар».

Ол өлеңдерiн көбiнесе барлық кiтапшыл, дiншiл шала оқулы ақындардың үлгiсiн тұтынып, құдайына сыйынудан бастайды:

Бiсiмiллә деп сөйлесем,  
Тiлге жәрдем бере көр,  
Тiл жаратқан жалалым,  
Жанға жәрдем бере көр.  
Жан жаратқан жалалым.

Қайғылы болды заманым,  
Заманым солай болған соң  
Тайғақ болды табаным,  
Патсадан жәрдем болмаса,  
Түзеуге жоқ-ты амалым,—

деп заманның ауыртыпалығын, соған наразылығын айта отырып, «патсадан жәрдем болмаса» дегендi айта кетедi. «Бұл жерi – екi ұшты. «Патсасы» құдай болуға ылайық, бiрақ Әбубәкiр осы сөздi әдейi алады. Бiр жағынан, тұсындағы әмiршi «патсасын айта кетуден де жат емес» (74.292), дейдi.

Жазушы оны Абай кешiрген дәуiрдiң ақыны, заманы бiр, таптық тұрғылары да жақын деп, екеуiнiң кей тақырыптарын салыстыра қарастырып әлгiндей наразылыққа «Әбубәкiр Абайша тұрғыдан қарамайды... әкiмнiң үлкенiне келгенде қиялап өтедi, қарсымын демейдi...».

Абай ненi айтса да терең шомып, кең суреттеп, көрiнiсiн түгендеп, бағасын таныта айтады... «Әбубәкiр көп нәрсенi санағыш, бiрақ еш нәрсенi де көкейiңе қондырмайды. Сыдыра жортып, өте бередi. Өлеңiнiң тiлiндей, бiрқалыпты айнымас тақ-тақ ұйқасындай мазмұны да жадағай, жайдақ. Шегi жоқ көп сөзiнде әдебиет өнерiнiң көркемдiгi жоқ. Саналған тақырып көп болса да, сайлы боп көрiктелген бiр көрiнiс, бiр тұтас пiкiр



де жоқ, дәуірі анықталмаған, тарихи орны белгіленбеген аз ғана топтың кезеген ақыны, ой-өнер жүзінде де қыдырыстап, үдере көше береді» (74.296) деп, өлеңдерінің және сол арқылы ақындық бағыт бетін, өзіндік болмыс бітімін де айқындап, ашып бере алған. Әрине, қаталдау, кесімді айтылған сын пікір. Бірақ «бетке айтқанның шіркеуі жоқ» демекші, әділеттің, шындықтың жүзі қашан да өткір, әрі жарқын.

Шәңгерей ақын жөніндегі сөз басқа. Ол – Бөкей ханның тұқымы, хан Жәңгірдің немересі, аз уақыт болса да соңғы хандық құрған Сақыпкерейдің «Нарындағы көк ордада» туған баласы, мұсылманша да, орысша да білім алған сыршыл ақын. «Самар губерниясындағы орыс дворян-ақсүйектерінің тізіміне жазылып, қазақтан шыққан бірінші дворян боп», патша үкіметінен тандаулы қоныс (имение) алып, «сәнді қып үйлер салғызып, алмалы тоғай, бау-бақшалар орнатып, көліне құс шүйгітіп, тоғайына тазы жүгіртіп, әрі қазақша бай-сері, әрі орысша дворян-ақсүйек боп өз бетінше кең сайран тіршілік етеді».

Шәңгерейдің артында сақталып қалған өлеңі өте аз. Бірақ сол аз өлеңі де бұның қатардан жоғары ірі таланты ақын екенін көрсетсе де, Шәңгерей өзі бой салып, көңіл бөліп еңбектенбеген.., әр кезінде әлдеқалай жазыла салған сияқты» (74.293), дейді автор. Таптық тұрғыдан ақын орыстың XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы күйректік, сарындамашылдыққа, неше түрлі қараңғы күңгірт сезімдерге бой бұрып, діни лирикаға да, елесшілдікке де (символизмге) берілген әдебиет өкілдері сияқты «дәме мен дәрмен, сенім мен үміттен» күдер үзіп, бүгінгіден қашатын «ұлтшыл-байшыл сарындамашыл, дарашыл ақындарының басы болады».

Сондықтап ол алған тақырыбының күбінде «үкілеп-тұмарлап, айшық сала сөйлеп... сөзден бедер салып, зергерлік жағып көп бағып, жалт-жұлтын күшейтеді» – деп көркемдік қасиетін жоғары сынаттай отырып, «...алып ұшқан, аспандаған кердең кербез күйді көрсетсе де, мағынасы көптірген жадағай, саяз ғана нәрсе болады. Сарнап тұрған үн бар, бірақ өніп тұрған нәр аз... дәлдіктен алыс тұманды айшық көп» – деген сияқты сол кезеңнің ерекшелік дағдысымен үстем көзқарас тұрғысынан да баға беруді естен шығармайды.

«...Есеңгірете айтқан боп, жалғыз сөз күйін қуып кетеді. Бұндай жерде Шәңгерей қазақ әдебиетінде бұрын болмаған өрістерді табады. Күйлі сөздің күштісін айтқан ескек ақынның бірі болады. Қазақ поэзиясы бұның шығармалары арқылы суретті-күйлілік тапқандай болады. Бұл дыбыс күйлілігіне жанасатын сөз.

Бірақ құлауға айналған таптық дағдарысты мазмұны мен күйректік, үмітсіздігін бұл сыртқы күй жеңіп, меңгеріп кете алмайды. Толық күшті ырғағымен, Шәңгерейдің өзі айтқан:

Кең сарай сахарада өтті күнім,  
Тас болат тар қамауда шықпайды үнім.  
Жалғыздық жанға батса, шер тарқатқан,  
Қобыздай күңіренген қайран тілім, –

дегені боп, бір үнді қобыз сарыны боп қала береді» (74.303) деп, батыл айтылған байлау бағасына қалай дау айтып, күдік келтіруге болады?! Мұны қалай түсінсек те, автордың сол бір қиын-қыстау қатерлі кезеңнің өзінде, бір жағынан, туралықты айтудан тайсалмаған табандылығына, екінші жағынан, осындай шындықты қиыннан қиыстыра қиялап айта алған шын шеберлігіне дән риза болғандайсыз.

Жоғарыда аталып өткен 1937-38 жылдары екі дүркін басылып шыққан, 6-класқа арналған «Әдебиет хрестоматиясында» Мұхтар Әуезов қазақ әдебиеті тарихының өкілдерінен Махамбет, Абай, Ыбырай, Молда Мұса, Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентаевтардың өмірі мен творчествосы туралы қысқаша мағлұматтар жазған екен. Оның кейбірі жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 17-томына енгізілген. Бұл еңбектердің де құндылық қасиеті автордың қашан да тыңғылықты, тың ой-пікірлер айтуымен қатар, аталған ойшыл ақындардың өмірі мен творчествосы туралы жазылған еңбектердің кейінгіге жалғасар бастау бұлақтардың көзін ашып, із тастай алғандығы болды.

Мұхтар Әуезов кейінірек жазған «Қазақ әдебиетінің тарихын жасау мәселелері», «Традиции русского реализма и казахская дореволюционная литература», «Из историй казахской литературы», «Әдеби мұраға арналған конференциядағы қорытынды сөз» т.б. мақалаларында тақырып атауларының ауқымына сай қазақ әдебиеті тарихының толғақты мәселелері мен XIX ғасыр және XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиеттің басты өкілдерінің творчестволық ерекшеліктерін қысқа жинақты түрде түйіндеп ашып көрсетеді. Бұл туралы Мұхтар Әуезов жайлы жазылған сын-зерттеу еңбектердің көбінде белгілі мөлшерде аталып, айтылып жүр.

Абайдың ақындық мектебінің тікелей шәкірттері болып саналатын Мағауия, Ақылбай, Көкбайлардың шығармалары жайлы, олардың тақырыптық жаңалықтары, Абай дәстүрінің әсер-ықпалына, творчестволық әдіс, тәсілдерінің ерекшеліктеріне байланысты алғаш рет тұжырым, байлаулар жасап, кейінгі зерттеушілерге жөн-жоба көрсетіп, жол ашып берген.

Мұхтар Әуезов «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» атты монографиялық зерттеуінде Ақылбай мен Мағауия шығармалары туралы жеке тараулар жазған. Олар жазушының 1959 жылы шыққан «Әр жылдар ойлары» жинағында және «Қазақ әдебиеті тарихының» 2-том, 1-кітабына (1961 жыл) жеке-жеке тарау болып енген.

Онда Ақылбайдың «Дағыстан» және «Зұлыс» поэмаларына талдаулар жасап, ақындық ерекшеліктеріне тоқталады. Ақылбай да Абайдың антик



дәуірінен «Ескендір» тақырыбын, араб ескілігінен «Масғұт» тақырыбын алып, «ұлттық шеңберден кеңірек өріс іздеген дәстүрін» жалғастырып:

Қазақтың Каф дегені Кавказ серек,  
Құдайым сұлу биік еткен ерек.  
Ақырып айдаһардай жүз толғанып,  
Тасты ағызып, тау жарған долы Терек» –

деп бастап, әкесінің Лермонтовтан жасаған аудармасындағы «Арыстанның жалындай бұйра толқынды өзенді еске алғандай» болады. Поэмада қызық оқиғалы тартыс түйіндерін өте шебер қалыптап, адам образын көрсетуде, қызғаныш, кек, махаббат сияқты өте сезімді күйлерді аса зорайтып жырлайды. Өлең тілінде, теңеулерінде «көтере көріктеу, асыра сипаттау мысалдары көп кездеседі» (84.181) деп, поэманың романтикалық сарында жазылғандығын айта келіп, жалпы Ақылбайдың суретшілігінде өзгеше бір өңдімелі кеңдік пен үйлескен анық дәлдік бар деген қорытынды бағасын береді.

Мағауияның: «Еңлік-Кебек», «Абылай» және «Медғат-Қасым» поэмаларын атап, соңғысына кең талдаулар жасайды. Романтизм сарындағы бұл поэма «барлық құрылыс, стилімен, сюжеттік, образдық мәдениет өрнегімен» және қазақ поэмасына кіргізген жаңаша шеберліктерімен орыс поэмаларынан көп үлгі алғанын айқын танытады. Адам бейнесін жасауда ақын өз сөзімен дәріптемей, кейіпкердің өз іс-мінездерін суреттеу арқылы қонымды тартыстарымен дәлелді көркемдікке сүйеніп, өмірге жанасымды етіп суреттеу арқылы кесек табысқа жетеді. «Абай берген бағыт бойынша ізденген шәкірт ақын Мағауия осы шығармасында Абайдың өзі жазбаған анық сюжетті поэманы туғызады» деп, өте жоғары бағалайды.

Мұхтар Әуезовтің 1994 жылы шыққан «Абайтану дәрістері» атты кітапқа енген «Абай мектебінің ақындары» деген қолжазба тезисте:

«Абай шәкірттерінің дәл осы жөніндегі табыс нәтижелерін айтқанда, олардың бірде-бірі Абай жеткен дәрежеге жеткен жоқ», деп әділетті пікірін де ашып білдірген.

Осы кітаптағы «Көкбайдың ақындығы» туралы мақаласында оның Абай айналасындағы бар ақынның ішінде суырып салма, импровизацияға ең жүйрік ақын болғандығын атап көрсетіп, 1924 жылдан бастап Абайдың өмірбаянын жазушыларға және барлық толық жинағын құрастыруға Көкбай барынша зор көмек көрсеткен еді, деп мол ризашылығын білдіріп, дәріптейді.

Осы орайда Абайдың тікелей төл шәкірті болған Шәкерім Құдайбердіұлы жайлы ғалымның көзқарас бағасын айта кетуді орынды санаймыз.

Мұхтар Әуезов 1918 жылы «Абай» журналында жарияланған

«Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында Шәкерім өлеңдерінің ерекшеліктері туралы қысқа да болса өте дәл, біздің ұғымымызша, өте әділ ой-пікір айтқанын жоғарыда қарастырып өттік. Кейінгі еңбектерінде бұл мәселе сөз болмайды. Оның басы ашық объективті себебі – қызыл белсенділердің Шәкерімді атып тастап, оның басына қисынсыз қауесет жалаларды үйіп-төгіп, қолдан «халық жауы» етіп шығарып, бүкіл Абай ұрпақтарын қуғын-сүргінге ұшыратқаны белгілі.

Жазушының көркем туындыларында Кәрім, Шұбар сияқты кейіпкерлер кездеседі. Кейбір оқырмандар, әдебиетшілер осы кейіпкерлердің прототипі Шәкерім деп түсінеді.

«Егемен Қазақстан» газетінде осыдан аз уақыт бұрын жарияланған бір мақалада бірер кісілердің куәлік сөзі бойынша қазақтың көрнекті қайраткері Әлімхан Ермеков Мұхтар Әуезовке: «Кітаптарыңда Шәкерімді жағымсыз етіп бейнелепсің» – деп, реніш білдіргенде, ол Абайды арашалап жарыққа шығару үшін амалсыз жасадым ғой деген екен. Мұнысын Ә. Ермеков те жөн көріп, ризашылығын айтқан екен деген сияқты сөздер жазылған болатын. Бұл ауыз-екі айтылған әңгімелер ғой.

Әрине, әркімнің әрқалай түсініп, жорамал жасай беруіне кесе-көлденең тұрудың да жөні жоқ. Дегенмен көркем шығарманың өзіндік ерекшелік, артықшылық мүмкіндіктері мол.

Тарихи тақырыпқа жазылған туындыларында автор көптеген танымал кісілерді өз есімімен атап, түстеп түгендеген. Ал баз бірінің атын да, затын да өзгертіп жіберуге мәжбүр болған. Бірақ солардың ешбіріне ол Шәкерім деп ат қойып айдар тақпаған. Сондықтан да ой-қиялымызды он саққа жүгіртуге ерік бергенімен, жазушы тарих алдында да, Шәкерімнің әруағының алдында да өзінің азаматтық, адамшылық ар-ұжданына дақ түсірмей, таза қалпында сақтап қала алған деп ойлаймыз.

Егер әлгі аталған мақаладағы сөздер ақиқат айтылған болса, несі бар, атасына рахмет, сол арқылы асыл азамат сондай қитұрқы саясаттың заманында қара ниет, көр тақым белсенділердің кәрінен Абайды да, белгілі мөлшерде өз басын да арашалап аман алып қалды ғой. Бірақ соның өзінде, біздің түсінігімізше, ешкімді де, әсіресе, Шәкерімді де қаралап, жығып беріп отырған жоқ.

Мұхтар Әуезов 1918 жылы жазған «Абайдан соңғы ақындар» атты мақаласында: Ахмет Байтұрсынов, Шәкерім Құдайбердиев, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев, Ахмет Мәметов, Бекет Өтетілеуов, Омар Қарашевтерді атап, олардың кей өлеңдеріне тоқталып, ақындық ерекшеліктеріне теориялық тарихи тұрғыдан шолу түрінде қарастырып өткен. XX ғасырдың бастапқы кезеңіндегі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері болып саналатын бұл ақындарды өлеңдерінің мазмұн-мағынасына, өрнек үлгісіне қарай үш





түрлі негізге, жіктерге бөліп саралағанын жоғарыда айтып тоқталған едік.

Кейін 1923 жылы «Ақ жол» газетінің 4-ақпандағы № 270 санында жарияланған: «Ақаңның елу жылдық тойы (юбилейі)» деген мақаласында Ахмет Байтұрсыновтың өмір жолы, қоғамдық-әлеуметтік қызметін, әдеби-ғылыми еңбектерін кеңірек сөз етеді. Сол кезеңдегі халықтың ой-санасының оянып, жетілуіне, жастардың оқу-білім бұлағынан сусындауына «Қазақ» газеті мен оқу кітаптарының тигізген орасан мол әсер-ықпалын айта келіп, автор: «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты – біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын... Жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ақаңды өзінің басшысы деп санайды» деген өзінің әрлі де нәрлі қорытынды ойын ақтарып салады.

Мұхтар Әуезов жоғарыда аталып өткен 1928 жылғы «Өз жайымнан мағлұмат» атты өмірбаянын Смағұл Садуақасовтың анкета түрінде қойған сұрақтарына орай жауап сияқты етіп жазған екен. Онда қазақ жазушыларынан, алдымен, Абайды сүйетіндігін айтып, түсінік береді де: «Бұдан соң Мағжанды сүйемін. Европалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Қазақ ақындығының қара қордалы ауылында туып, Европадағы мәдениет пен сұлулық сарайына оратылып барып жайлауы жарасқан Арқа қызын көріп сезгендей боламын. Мағжан – культурасы зор ақын. Сыртқы кестенің келісімі мен күйшілдігіне қарағанда, бұл бір заманның шегінен асқандай. Сезімі жетілмеген қазақ қауымынан ертерек шыққандай. Бірақ түбінде әдебиет таратушылары газетпен қосақталып, күндегі өмірдің керегін терген ақын болмайды, заманынан басы озып, ілгерілеп кеткен ақын болады. Әдебиет – әдебиет үшін деген таңба айқын болмай, нәрлі әдебиет болуға жол жоқ. Сондықтан бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін» (89.9) деп, Мағжан Жұмабаевтың ақындық ерекшелігі жайлы ілгергі айтқан ой-пікірін жалғастырып, қосымша үстемелеп айқындай түскен.

Мұхтар Әуезовтің творчествосының биік нысанасы да жеткен асқаралы асу шыңы да Абай тақырыбы, Абай әлемі болғандығы сөзсіз. Күллі әлемге айдай анық бұл жәйді тәптіштеп жатудың жөні жоқ. Әйтсе де, көпшілік оқырманға жете мәлім бола қоймаған әлгі «Өз жайымнан мағлұматта» жазылған автордың жан сыры іспетті кейбір ой-пікірін еске ала кетелік:

«Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да Абайдан. Таза әдебиет

сарынына бой ұрғанда маған Абай деген сөз қазақ деген сөзбен теңбе-тең түсетіндей кездері бар сияқты. Абайды сүюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүюмен барабар болатыны бар» (89.8) деп жазады.

Иә, енді бұдан артық не айтуға, қалай айтуға болады, бәрі жеріне жеткізе айтылған ғой.

Жазушы бүкіл өзінің творчествосына, барлық болмыс бітіміне Абайдың еткен әсер-ықпалын, үлгі-өнегесін үнемі, жазған өмірбаян, мақала-зерттеу, сөйлеген сөз, баяндамаларында айтып отырған. Өзі Абай туған топырақта туып-өсіп, бір судан нәр татып, шөл басып, бір ауамен тыныстаған екі алыпты айырып бөлуге еш мүмкін емес. Ел арасында ауызша айтылып жүрген «Абайды Абай еткен – Мұхтар, Мұхтарды Мұхтар еткен – Абай» деген сөздің мәтелге айналып кетуінің өзі-ақ көп жәйді аңғартып тұрса керек.

Мұхтар Әуезов ең алғашқы жазған осы өмірбаянында арғы аталарының ертеден Құнанбай аулымен құдандалы жекжат болып сіңіп кеткендігін, өзінің әкесі мен атасының Құнанбай балаларымен, Абайдың өзімен дос көңілде болғанын айта келіп: «...ауылда өткен балалық уақытымда әкелерімнің үнемі оқытатыны Абай өлеңдері болатын... Содан ел қыстаудан көшкенше күндіз-түні өзі үйде болған уақытта Абай өлеңдерін жаттатып, соны ылғи айтқызып, тыңдап, жақсылап жаттап алмаған жерлерімді қайтадан отырғызып, қайта жаттатушы еді... Сонымен бір қыс, бір жазда Абайды түгелге жақын жаттап шығып едім», – деп жазады.

Бұл, әрине, бостан-бос кеткен жоқ, «Абайдың өлеңін жақсы көрдім, бәрін ұқпасам да, ұйқасының өзі де қызықтырғандай әсер ететін» – деп өзі айтқандай, болашақ суреткердің бойына сүтпен кіріп, сүйекке сіңе берген ғой. Сондықтан да болар Семей семинариясында оқып жүріп, 1918 жылы Жүсіпбек Аймауытовпен бірге «Абай» атты журнал шығарып, оған «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» деген мақалалар жазып жариялаған еді. 1922–1923 жылдары Ташкентте университетте оқып жүрген кезінде «Шолған» журналын шығарысып, Абай творчествосы туралы кең, мол сөз ететін «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі» атты тарихи, әдеби сын зерттеуін жариялайды. Онда келешек ғұлама ғалым қазақ әдебиетінің тарихын Абайға дейінгі және Абай дәуірі деп бөліп, шолу жасаған. 1924–1925 жылдары Семей қаласында түрлі оқу орындарында әдебиет тарихынан дәріс бере жүріп, «Таң» журналында Абайдың «басылмаған сөздерін» жинап-теріп жарыққа шығарып, Семейдегі Географиялық қоғамның басшыларының бірі ретінде Абайдың қайтыс болуының 20 жылдығына арнап екі-үш күнге созылған үлкен әдеби кеш өткізіп, баяндама жасаған.

Міне, бұлар Мұхтар Әуезовтің келешекте өзі бастап, өз қолымен



көтерер Абайтану атты әдеби-ғылыми, зәулім сарайдың іргетасын қаласудағы алғашқы қаз қадам аяқ алыстары ғана еді. Абайтанудың айдын шалқар теңізіне құйыла бастаған таудан аққан тас бұлақтар еді.

Осы 1918 жылдан басталған еңбек жазушы өмірінің өн бойына ұзақ жылдар еш үзілмей үнемі жалғасып, түрден-түр ашып, толығып, толысып отырған екен. Жазушының өзі «Абай» және «Абай жолы» романдарын қалай жаздым? – деген мақаласының 1959 жылғы басылымында: «Создание романов «Абай» и «Путь Абая» – любимое дело едва ли всей моей творческой жизни» (90.257) десе, ең соңғы 1961 жылы жарияланған «Қазіргі роман және оның геройы» атты мақалада: «Аяулы Абайыммен қоштасқаныма, міне, екі жыл»...(90.316) деп, нақтылап атап көрсетеді.

Мұхтар Әуезов осы 40 жылдан астам уақыт аралығында жасаған қыруар ерен еңбегін жәй атап қана шығар болсақ, ол алдымен Абай шығармаларының толық жинағын 1933, 1939–40, 1945, 1957 жылы құрастырып жариялады. Оның ішінде ақын еңбектерінің 40 проценттейін өзі іздеп тауып енгізген. Орыс тіліне аудартып, бірнеше дүркін 1936, 1940, 1945, 1951, 1958 жылдары жеке жинақ етіп жариялатады. Өзбек, қырғыз, татар, карақалпақ, ұйғыр, түркмен т. б. шет ел тілдерінде кітап болып шығуына көп еңбек сіңірген.

Ақынның ғылыми өмірбаянын көп ізденіп, төрт рет қайта-қайта үстемелеп, өңдеп, толықтырып жазып шықты. Ол туралы автор: «... Өмірбаянды жазу ғылыми еңбек, зерттеу болатын. Оны оп-оңай ала салып, тізе салған кісі жоқ. Сондықтан 1927 жылдан бері қарай қайта-қайта үстеліп, түзеліп келеді. Дұрысталып, өсіп, тереңдеп келеді» (91.10) деп жазған екен.

«Абай жолы» атты төрт томдық роман – эпопеясын, «Абай» пьесасын, «Абай әндері» кинофильмнің сценарийін, «Абай» операсының либреттосын жазды.

Абайтануға арналған ғылыми монографиядан бастап, жалпы осы тақырыпқа жүзге тарта үлкен-кіші еңбектер жазып, жоғары оқу орындарында Абайтану арнаулы курсін пән ретінде өзі бастап дәріс жүргізіп, қалыптастырды. Абай тақырыбына докторлық, кандидаттық диссертациялар жазылуына жетекшілік, басшылық жасады. Жалпы жарияланғаны, жарияланбағаны бар, жазушы мұражайының архивінде осы тақырыпқа қатысты қолжазбалар елуден астам том пәпкіде жинақталған екен.

Мұхтар Әуезовтің осындай дәуірлік маңызы бар үлкен ұлы тақырыпқа екі бірдей салада қалам тартып, XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі ретінде танылған роман-эпопея, т.с.с. көрнекті көркем туындылар жазып, әрі терең де тегеурінді ғылыми зерттеу еңбектер жазуы – әлемдік әдебиет пен мәдениет, ғылым саласында бұрын-соңды теңдесі, аналогі жоқ таңғажайып тың құбылыстың бірі болып саналары сөзсіз.

Абай жайлы көркем полотнолар жасауда ойшыл суреткер мол ғылыми зерттеушілік дайындықтардан өтіп тақырыпты тылсым тереңінен қопарып, түптен тартып көрсетсе, Абайдың өмірі мен дәуірін, творчестволық өсу жолы, ақындық ерекшеліктері туралы суреткер ғалым ретінде сергек сезімталдықпен, нәзік зерделілікпен сырлы да сындарлы тұңғыық терең зерттеу еңбектер тудырды. Ол туралы автордың өзі: «... Жазушының тарихи тақырыпқа шығарма жазуы, ең алдымен ғылымдық, зерттеушілік ұзақ еңбекті қажет етеді. Әуелде мен Абайдың өмірбаянын толықтырып жазған едім. Сол жұмыстың кезінде кейін жазылатын романға керек деректің бірталайы қолыма түсті...

Екі саладағы еңбек біріне-бірі сүйеніш болып, жалпы Абай жайындағы білімімді толықтыра түсетіндей болу керек деген қорытынды ниетке бекіндім» (91.1), деп жазады. Сондай-ақ жазушы «Абай» романдарының жазылу жайын сөз еткен мақаласында да ақын өлеңдерін, шығармаларының тілдік қорын мейлінше мол пайдаланғанын да жеріне жеткізе айтқан. Бұл мәселе қашаннан-ақ сөз болып келе жатқан, әлі де зерттеле, зерделене берер тақырып екені күмәнсіз.

Мұхтар Әуезовтің осы Абайтануға байланысты еңбектері туралы қалам тартпаған қазақтың әдебиетші, қоғамтанушы ғалымдары мен белгілі ақын жазушылары кемде-кем. Ал дәл осы тақырыпқа тікелей еңбек жазып, кітап шығарғандарын атап, тізіп шығар болсақ, олар – З.Ахметов, Л.Әуезова, Ә.Байтанаев, Р.Бердібаев, Д.Досжанов, Ы.Дүйсенбаев, Е.Жанпейісов, Т.Жұртбаев, Т.Кәкішев, З.Кедрина, Б.Кенжебаев, З.Қабдолов, М.Қаратаев, С.Қирабаев, Е.Лизунова, М.Мырзахметов, Р.Нұрғалиев, А.Нұрқатов, К.Оразалин, Б.Сахариев т. б.

Әрине, бұл тізімді әлі де ұзынынан-ұзақ жалғастыра түсуге болады. Мұхтар Әуезовтің Абай жайлы еңбектеріне мақала арнап, ой-пікір айтқан қазақ зиялыларынан басқа дүниежүзілік әдебиет пен мәдениеттің өкілдерін жәй ғана тізіп өтудің өзі де аз көлем алмас еді. Сондықтан да біз тек арнайы үлкенді-кішілі жеке кітап, зерттеу жазған авторларды атаумен шектеліп отырмыз.

Міне, бұл еңбектерде жазушының ұлы ақын туралы көркем туындылары да, ғылыми, сын зерттеулері де жанжақты қамтылып, арнайы қарастырылғаны сөзсіз. Бірақ бұл түп-түгел, түбегейлі зерттеліп болды деген ұғымды білдірмейді. Ол – жылдан-жылға, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, уақыт озған сайын ұлғайып, тереңдей түсіп, жаңа қырынан жаңара берер тақырып.

Мұхтар Әуезовтің осы саладағы еңбектерін сөз етушілердің көбі оның көркемдік, эстетикалық талдауларына жеке, жете тоқтала қоймаған сияқты. Өйткені ол Абай творчествосын зерттеуде алдымен ақын өлеңдерінің қоғамдық-әлеуметтік, идеялық мәніне баса назар аударғаны белгілі. Абай туралы зерттеу еңбектерінің шоқтығы, қорытынды іспетті 1959 жылы шыққан монографиялық еңбекте:



«Абайды қазақ халқының әдебиет қазынасынан шығарып тастау керек деген сорақылыққа шейін барғандар да болды» (90.25), деп өзі атап көрсеткендей, өмір бойы ол әдіс айласын ауыстырып, бет пердесін бүркемелеп отырған осындай сорақылықтарға қарсы күресіп, қорғанып, жауап әзірлеумен әуре-сарсаңға түсіп келді ғой. Соның өзінде суреткер ғалым Абайдың ақындық қадір-қасиетін, өлендерінің әсемдік, әсерлілік нәзік сыр-сипатын, тылсым тереңін түптен тартып танытады. Алдымен 1954 жылы «Советтік Қарағанды» газетінің 5 қыркүйектегі санында берген интервьюінде:

«...Абай қазақ тарихында ақындықтың, ойшылдықтың өкілдерінің арасында жүз біріншісі емес, бірден-бірі ғана» – деп, оның орыс, батыс әдебиеттерінен үлгі-өнеге алғандығын баса айтқанымен, «Абайға әсер еткен дүниелер көп... Бірақ Абай деген сол әсерлердің жиынтығы емес, бәрінен қорытылған асылы, жаңа бітім, тың тұлға» (90.295) деген тұжырым бағасын, түйінді ойын айтады.

Одан әрі Мұхтар Әуезов монографиясының «Абайдың лирикасы» – деп аталатын тарауында жан-жақты терең көркемдік талдаулар жасаған.

Ал роман-эпопеядағы суреттеліп, сипатталатын Абайдың түрлі көңіл-күй, сезім сырлары оның әрбір өлеңінің өмірлік тамыр тереңі мен шеберлік сыр-сипатын ашып берерлік құдірет қасиеті өте жоғары өз алдына тың, тұнып жатқан мол асыл қазына ғой.

Абайдың жаңашылдығы, шыншылдығы, сыршылдығы 1882 жылғы «Қансонарда» өлеңінен бастап танылады. Онда ақын өзіңіз күні кеше ғана жүріп өткендей, адыр таулардың ой-қырын, жотасы мен қорым тастарын, қия беттерін, соны қарға түскен іздерімен дәл ғана, түгел көрсетеді. Бірақ оны тек сурет күйінде, пейзаж үшін ғана алмай, адамның іс-әрекеттерімен, неше алуан мінез өзгешеліктерімен араластырып, арнаулы қарым-қатынаста, шарпысу қалпында алады. Сол арқылы салқын күнде аппақ қардың үстінде бусанып тамған қызыл қан тамшысындай жанды шындықты суреттеп береді деп келтіреді автор.

Қар – аппақ, бүркіт – қара, түлкі – қызыл,

Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға...–

деген жолдарды таңдана, тамсандыра талдай келіп, «табиғатты, түлкі мен бүркітті түгел қосып, бір бейне етті», дейді.

Сондай-ақ осы өлеңге байланысты текстологиялық жұмыстар жүргізу барысында Мұхтар Әуезовтің үлкен білгірлік танытқанын академик З.Ахметов 1995 жылы «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналының № 5 санында жарияланған «Абай және Әуезов» атты мақаласында мынадай куәлік әңгіме келтіреді:

«Әр түрлі қолжазба, басылымдардың бірінде «Тастан түлкі табылар аңдығанға» деген жол «Таудан» деп басталған екен. Соны қуаттаушыларға

Мұхаң: «...Таудың түлкісі болады, тастың арасында жүреді «Тас» деген сөздің өзінде «тау» деген ұғым және бар. Бірақ «Тау» деген жалпылама сөз, «тас» деген сөзде поэзияға тән нақтылық бар. Абайдың сөзді дәл тауып, айтқанын көзге елестетерліктей етіп көрсетуге жүйріктігі осы бір сөзінен-ақ байқалып тұр» (92.6), дейді. Бір ғана балама сөзді өз орнына қоюдағы Абайдың суреткерлік шеберлігін айқын аңғарту тек білімдарлықтың ғана емес, сол дәрежедегі нәзік сыршылдықтың да белгісі болса керек.

Мұхтар Әуезов ақынның осы сияқты табиғат көркін жыр ететін «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдеріне де келістіре талдау жасап, әрқайсысының өзіне тән ерекшелік, жаңалықтарын ашып береді. Табиғаттағы күркіреп аққан өзенді, сымпылдап ұшқан үйрек-қазды, бұлтылдап шапқан құлын-тайды, сыңқылдап күлген қыз-келіншекті, қутындап жүрген жас бозбаланы осындай бір-біріне ұйқас сөздермен іштей үйлестіре үнемі қозғалыс үстінде суреттеу арқылы «өлеңге өзгеше ағындылық (темп) береді». «Өлеңнің ішінде жанды тіршілік, қайнар қызу мол болғандықтан, түрі менен өлшеу ұйқастарында да аса жанды, қызулы жүрдектік бар» (90.118), – деп өлеңнің сыртқы пішіні мен ішкі мағына, мазмұнының, суретінің үйлесім қабыса кеткеніне айрықша сүйсініс білдіреді.

Ал, қысты суреттейтін өлеңінде «Кәрі құдаң қыс келіп әлек салды» деген жол мен «Алты қанат ақ орда үй шайқалды» дейтін кесек теңеулер арқылы бұрын-соңды қазақ поэзиясында болмаған, қысты адам бейнесінде, шал етіп, онда да «ең сұрамсақ, әсіресе алымпаз, тойымы жоқ жеміт құда –кәрі құдаға» тенеу суреттеуімен «Абай Аяз бабайды орыс әдебиетінен алып келіп, оқушысына өзінің құдасы етіп, қабыстыра кетеді» (90.136), – дейді.

Табиғат көріністерін осылай барлық жанды тыныс демімен айнытпай суреттеген жаңашылдығын ашып көрсетіп, өте жоғары бағалай тұра, талғампаз сыншы-ғалым ұлы ақынның күдіретіне үнемі құлай да бермей, орны келген жерде орынды сын да айтып отырған.

Көбінше сұлулықты, жарастық келісімді жырлайтын «эстет ақын». «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» деп келетін өлеңінде де суреткерлік, шеберлік, шешендіктің үздік үлгісін таныта тұра, яғни ерекше сұлу қызды келісті біткен маңдайынан бастап, көзін, қасын, одан ары «ұлы мүшесіне», жауырыны, иығына дейін аса бір реттілікпен суреттей отырып, оған «қазақы көзбен», «қыз көре келген жігіттің, келін айттыра келген құданың көзқарасымен» қарап, «жанды, тірі адамды бейнелеудің орнына жансыз сурет беріп отырған сияқты», «нақтылы дәлдік болғанымен, ішкі сезім сыры жоқ» деп, қатал сын айтады. Осылайша «сырт мүсінін санап, сынау» адамзаттан гөрі жануарға – жылқыға қонымдырақ шыққан деп, келесі «Аттың сыны» өлеңін құптап қуаттайды.

Мұхтар Әуезов ақынның осы алуандас тақырыпқа жазған «Жігіт



сөзі», «Қыз сөзі», «Көзімнің қарасы» өлеңдерінің көркемдік шеберлігін, шешендік теңеулерін өте жоғары бағалаумен қатар оларда тиіп қашты болса да кездесетін кейбір «натуралистік қалыптағы тұрпайылау болмысты баяндайтын», «әр алуан әсірелеу, аса көтере сөйлеулерін» атап сынға алады.

Ақынның сол махаббат тақырыбына жазған «Қызарып, сұрланып» деп келетін және «Желсіз түнде жарық ай» өлеңіне де біршама тоқталып, алғашқысында «ыстық жалынмен қырланған махаббатты табиғаттың көркем бесігіне бөлеп көрсетуде» жаңаша мазмұн, жаңаша пішін тауып, махаббат жайындағы «ең нәзік, ең көркем терең сөздермен» келістіріп суреттелгенін атап көрсетеді. Мұнда «жасырын кеште алғаш кездесіп, сөз таба алмай, тек қана лүпіл қаққан жүрекпен, қабақпен сыр танытқан жастар» және солар арқылы «бар тынысы бусанып, көрініп тұрған жанды махаббат жырланады», деп жазған.

«Желсіз түнде...» – қысқа қайырылған, аз жайға көп күйді сыйғыза алған, «анық ыстық тынысты, нәзік ырғақты, әсем лирика». «Бұндағы тіл –сөзбен айтылған күй емес, сөз жеткісіз жүрек тілі болуға тиіс. Ұлы суретші және психолог ақын сол жайлардың барлығын емеуріннен, елестен ғана танытып, нәзік жайды қысқа шебер ғана қайырып, кілт тоқтайды. Оқушы өзі ойланып, өзі қиялдап, арғы сырдың баршасын өзі қосатындай етіп леп береді де, тына қояды» (90.174), деп өлеңнің пішіні мен бітіміндегі өзгешелік пен жаңалықты ашып бергендей. Жалпы, Мұхтар Әуезов Абай өлеңдерін талдағанда әрқайсысындағы осындай жеке ерекшелік, жаңа белгілерін, жаңаша мазмұн мағыналарын, философиялық ой-толғамдарын айырып атап отыруды мақсат етеді.

«Мәз болады болысын», «Болыс болдым мінеки» өлеңдерінде ақын жаңаша сапа, сипат танытып, «роман, повестің ішінде берілетін жанды образдың бар мүсін кейпін» қапысыз қамтыған деуге болады. Суретшілік, сыншылдық, мысқылшылдық жағынан да Абай болыстың өз тілімен, бірінші жақтан сөйлетіп, психологиялық автопортрет жасату арқылы өзгеше үлгі, өрнек қалдырған.

Ал «Өлсем орным қара жер» деп келетін өлеңінде ақын өз өмірінің қилы кезеңіне терең толғаулы ой жіберіп, енді өлім жайын ауызға алғандай, «өзгеше бір ойлы мұңнан туған саналы сырдың жыры» екенін, өлім жайын айта отырып, өлместің сырына ауысып», «аса қымбат қасиет табады». Абай өмірінің соңғы шағының қорытындысы болған сияқты бұл өлеңінде «әр шумақ, әр жолдың ішкі мазмұнынан көрінген түкпірлі толғау, сымбатты сырлар бар», деп өлеңнің:

Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайын айта бермей, –

деген соңғы жолдарында «өзі әдейі ырық беріп отырған өлең атты

сырласына наз айтып тоқтайды» (90.176) – деген байламымен терең тұңғиық ойлылықтың өзіндегі жасырын нәзік ойнақылығын да ашып көрсете кетеді.

М.Әуезов 1954 жылы пікір талас ретінде жазған «Тағы да көркем әдебиеттің тілі туралы» атты мақалада Абайдың тілдік ерекшеліктері, жаңалықтарына қысқаша тоқталады. Ақынның көп ізденістерінің ішінде тіл жөніндегі ізденістерінде де: «Қазақтың өз тұсындағы тұтыну тіліндегі жабайы ұғым сөздерін сырлап өсіріп, көріктеп керекке жаратты» деп, «Кім білер жабырқанқы жазған сөзін» және «Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?» деген өлең жолдарындағы жаңаша оралым, жаңаша қолданыс арқылы «жабайы, татымал сөздерге» поэтикалық қасиет беріп, «Тың туыс, көрікті келісім іздеген, әсем сонылық тапқан. Күрделі, ылғалды ойды, сезімді қатарынан күшейткен, табысы мол іздену бар», деп ақын өлеңдерінен басқа да мысалдар келтіре отырып, Абайдың поэтикалық тілінің ерекшелік қадір-қасиетін тереңдетіп аша түседі. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде де қазақ тілінің мол, неше алуан қыры мен сыры айқындалып, әсемдік сәні-мәні мен шешендік шебер оралымдар танытады. Ал, әсіресе, Пушкин, Лермонтов өлеңдерін аударуда «қандай ғажайып нәзік сезімталдық және құрыш өткірлік іздейді де табады», деп әдеби тілдің айдын аясын кеңейтіп, түрлендіре, әрлендіре түсудің бар мүмкіндіктерін ашып көрсетіп, өсіру жолдарын, өріс-бағытын да бағдарлап белгілейді.

«Мақсұтым тіл ұстартып, өнер шашпак» деп отырған Абай қазақ тіліне, сөйлеміне, поэзиялық лексикасына, поэзиялық синтаксисіне көп жаңалықты әлдеқалай емес, әдейілеп іздене отырып қосқан болар» (79.282) деген тиянақты тұжырымын айтады.

Мұхтар Әуезов Абайдың ақындық, шеберлік ерекшелігін оның аудармаларында да айқын аңғарылатынын кең сөз еткен. Бұл мәселелер де жоғарыда аталып өткен әдебиетші ғалымдардың еңбегінен өзінің лайықты орнын алғандығы мәлім.

Сондықтан да біз Мұхтар Әуезовтің Абай жайлы зерттеу, зерделеу еңбектерін өз тақырыбымызға сай қысқаша шолу түрінде жолай сөз еткендей болдық. Жоғарыда айтып өткеніміздей, бұл ете күрделі, тарихи да танымдық қадір-қасиеті әрі тұңғиық терең, әрі шырқау биік нысаналы тақырып.

Біздің бір байқап, ескерте кетпек жәйіміз Мұхтар Әуезовтің осы кейінгі еңбектері өзінің алғашқы «Екеу» деген атпен жазған мақалаларынан бастау алып, сондағы тілге тиек етіп қозғаған ойларының жалғасып, өркен жайып, кең өріс тапқандығы еді.







## ІҮ ТАРАУ

### ӘДЕБИЕТТІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЛЫ ТОЛҒАМДАР

#### 1. Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы...

Мұхтар Әуезовтің әдебиет жайлы еңбектерінің қай-қайсысын алсақ та, мейлі ауыз әдебиеті жайлы зерттеулері болсын, мейлі әдебиет тарихының түрлі кезеңдерінің жалпы жағдайы, бағыт-беті туралы, оның басты өкілдері мен жеке туындылары жайлы жазылса да, оларды теориялық тұрғыдан, әдебиеттің көкейкесті келелі мәселелерімен байланыстыра біргелікте толғап, талғап қарастырады. Оны жоғарыда сөз еткен еңбектері тұсында белгілі мөлшерде байқап та өткен болармыз.

Суреткер ғалым өзінің әдебиет мәселесіне арналған «Абайдың өнері һәм қызметі» атты қаламалды еңбегінен бастап, сол 20-жылдардағы мақала-зерттеулерінің қай-қайсында болмасын, әдебиет үлгілерін тарихи тұрғыда тексеріп қарастырумен қатар оларға терең теориялық, көркемдік эстетикалық талдаулар да жасап отырған. Сондықтан олардың әрқайсысын жекелеп әдебиет тарихы жайлы немесе әдебиет теориясы туралы еңбек деп бір-бірінен айырып, өз алдына ен салып еншілеу қиын, мүмкін емес. Сол сияқты әдебиеттің күнделікті келелі мәселелері, жеке акын-жазушылардың шығармалары жайлы жазылған туындыларын әдебиет теориясының жеке тарауларына жіктеп бөлектеп, бөлшектеу де үлкен қиындықтар тудырады.

Қалай болғанда да, біз белгілі мөлшерде шарттылықты сақтай отырып, жазушының қазақ әдебиетінің күнделікті проблемалық, теориялық мәселелерін сөз ететін еңбектерін ыңғай-икеміне қарай, поэзия жанры жайлы, роман жанрының ерекшеліктері туралы, драматургия мен театр өнерінің басты мәселелері жайлы және дәстүр мен жаңашылдық, әдебиеттің өсуі өрістері жайлы ой толғамдарын қарастырып өтуді қажет деп санаймыз.

М.Әуезовтің өз өмірбаяндарының бірінде әдебиеттегі алғашқы қадамын өлең жазудан бастағанын және олардың баспа бетінде жарияланбағаны туралы мәлімдегенін жоғарыда келтірген едік.

Жазушы әдебиетке байланысты жазған тұңғыш мақаласынан бастап, өмірінің соңғы сәттеріндегі, 1960 жылы 25 желтоқсан күні КазГУ студенттерінің әдебиет үйірмесінде сөйлеген сөзіне дейінгі аралықта поэзия жайлы үнемі ой-пікір тұжырымдарын білдіріп, мақала зерттеулер жариялап отырған.

Ауыз әдебиеті туралы, қазақ әдебиеті тарихының басты өкілдері жайындағы, Абай творчествосына арналған зерттеу еңбектерінде негізінен осы поэзия жанрының сыр-сыпаты, ерекшелік өрнектері жайлы теориялық терең ой-толғамдар кеңінен, молынан айтылады.

Оларды біз негізінен жазушының әдебиеттанудағы алғашқы ізденістері мен әдебиет тарихы, Абай өлеңдері жайлы жазылған еңбектерін шолып қарастыру барысында мүмкіндігінше сөз еттік.

М.Әуезов 30-жылдардан бергі кезеңде әдебиеттің күнделікті жалпы және жеке мәселелеріне арналған: «Шыншыл, тәкаппар ақын», «Қалмақаннан не тілер едік», «Ақ аю» туралы», «Әбділда ақын», «Жолы кең жазушы», «Әбділда Тәжібаев», «Мәлік Ғабдуллинге жауап хат», «Алтай жүрегі» туралы», «Жыл келгендей жаңалық сезінеміз» сияқты мақалаларында поэзия жанрының түрлі мәселелерін жан-жақты қарастырып талдайды.

Осы мақалалардың ішінен «Мәлік Ғабдуллинге жауап хат» тікелей поэзияның теориялық мәселелеріне арналыпты. Белгілі ғалым М.Ғабдуллин «Қазақ әдебиеті» газетінің 1955 жылғы 28 қыркүйектегі санында «Мұхтар Әуезовке хат» жариялап, онда қазақ поэзиясының қазіргі жай-жапсары, жаңалықтары, өсу өрісі жайлы ой-пікір білдіруге шақырған болатын. Оған жауап хатты М.Әуезов сол жылы газеттің 11 қазандағы санына жариялайды.

Мұнда автор алдымен, «әдебиетіміздің ұлы саласы,... кең өрісті, ең мол мұралы қадірлі жанры – поэзияның» барлық творчестволық ой мәдениетіміздің ішіндегі «ең күрескері, ең сергек сезімталы, ең қырағы көрегені» екендігіне баса назар аударып, оның жалпы мәдениетіміздің, әдебиетіміздің өсіп-өнуіне, басқа өнер түрлеріміз бен жанрлардың кең құлаш жаюына жетекші қызмет атқарғандығын атап көрсетеді. Поэзияның қазіргі басты өкілдерінің ғасырлар бойы қордаланған асыл қазынамыздың кең арнасын «анық саналы мұрагер есебінде үлкен көлемімен ілгері қарай жақсы дамытып, асырып өсіріп» келе жатқандығын, осы жолда олардың әрқайсысының өзіндік үлгі өрнек тапқандығын: «Бұнда қырғи тілді Асқардан, сыршыл үнді Әбділладан, майда қоңыр Ғалидан, басым сөзді Тайырдан, күйлі-мұңды Қасымнан, ізденгіш те тапқыш Хамиттен, өзіне бөлек сырлы сазды Сырбайдан, салқын ойлы Саиннан, тағы талай үлкенді-кішілі ақындарымыздан көңіл медеу етерлік көп шығармаларды атай аламыз», деп өте қысқа, бірақ соншалықты дәл, айқын сыпаттама бере алған.



Бұдан соң автор ақындарымыздың кейбірінің жеке жетістік кемістік жайларына арнайы тоқталып өтіп, поэзияның бүгінгі жай-жапсарын айқындайды. Осы тұрғыдан біздің поэзиядағы соңғы айлардағы ең жақсы табысы деп Қалижанның «Мариям Жагор қызы» поэмасы мен «тың табыс» деп, жас Тоқаштың жаңа поэмасы «Мен өмір сүремінді» атайды.

Жалпы қазіргі ақындарымыз «өскен мәдениетімен, ізденгіш өнерімен, әр сипат нәрімен де, барымен де үлгілі поэзия өрісін тауып отыр», деп олардың өз тағдыр талайынан туған жырларымен поэзияға шыншылдық, айқындықты алып келгенін, әр ақынның өзіндік аяқ алыс ерекшелік, өзгешеліктерін ашып танытқандай. Оның дәлел-мысалы ретінде: «Жетім тайлақтың табаны құмға мөрдей басылып, алдағы күніне қарай алабұртып келе жатқан Тайырдың» үнін, «...арық байталын иыққа қағып, алдағы күнге... бет бағып келе жатқан бала Ғалидың бастауын», «Жетімдіктің жыртық тонын тастап, Совет-ана бауырына келе жатқан Қасым сырын», осылар сияқты басқалардың да «поэзияға барынша шынымен, анық жан тебіренер, оттай ыстық өксігімен келгендігін» атайды. Олардың «шыншыл демдері жаныңды жалындай шарпиды... кейде бабына жетіп, балқып толқыған күйшінің шебер қолындағы шешен домбырадай, қоңыр күйлерімен бой ерітеді», деп соңғы кездегі жетістіктеріне өте жоғары баға береді.

Сонымен қатар талғампаз сыншы-ғалым қазіргі ақындарымыздың ізденістерінің, тапқан жаңалықтарының әлі де жетімсіз, кемшін түсіп келе жатқандарын да ашық айтады. Кезінде бір Абайдың өзі қазақ поэзиясына шалыс ұйқас, сегіз жолды шумақ, алты жолды шумақ, төрт буынды, алты буынды өлең жолын немесе он төрт жолды шумақты тудырып тың жаңалықтар алып келсе, қазіргі ақындарымыз мұндай батыл ізденістерге батып бара алмай, кейбір жеке-жарым ұмтылыс, талпыныстарында жетер өрісіне жете алмай келе жатқандықтарын атап көрсетеді. Осы тұрғыдан жоғарыда аталған жетістіктерімен қатар Тайыр ақынымыздың кейінгі «Тасқын» поэмасында «кейбір ой-шұқыр оқаптар» кездесетіні: «логикалық образдың аздығы, кей-кейде сөз тізбегінің аңқыған сыртқы ағымын қуғыштық, ойлы образ орнына сөздің тасыр-тұсыры, арсы-гүрсі өрекупі көп болатыны бар», дейді.

Ал «1919 жылғы «Бостандық» атты өлеңінен бастап... 30-жылдардың аяғына шейін реалистік дәстүрді көп өлеңімен көрікті етіп баурап, дамытып» келген Сәбит Мұқановтың өзі бертін келе «прозаға көбірек ден қоюмен қатар өлеңін де керексіз прозаизмге жеңдіріп алғандығын»; сондай-ақ Әбділданың «кейбір лирикалық шебер толғауларының адресі, оның үй-ішінің мүшелеріне арнала беруі көңілге жағымды, жатымды көрінбейтіндігін» ескертіп, ақындарымыздың алдағы уақытта өлеңдік түрді көркейте байытып, тіл байлығын асыра түсу, поэзиялық лексиканы көркейте өсіре түсу проблемаларына айрықша назар аудартады.

Осы сияқты поэзияның теориялық мәселелері мен алдағы асу міндеттерін өзінің 1960 жылғы «Лениншіл жас» газетінің 28-желтоқсандағы санында жарияланған «Жыл келгендей жаңалық сезінеміз» атты еңбегінде кеңінен толғап сөз етеді.

Мұнда автор соңғы қырық жыл ішінде қазақ өнерінің музыка, сурет поэзия саласында айтарлықтай жетістік, табыстарға жеткендігін, келешегінен үлкен үміт күттіретін жаңа буын жас күштердің алғашқы сәтті қадамдарына сүйсініс білдірген көңілмен тоқталып өтеді. Сол кезде алғашқы өлеңдерімен, тұсау кесер жинақтарымен енді ғана көріне бастаған Ізтай Мәмбетов, Тілеген Шопашев, Тұманбай Молдағалиев, Сағи Жиенбаев, Қадыр Мырзалиев сияқты жас ақындардың кейбір өлеңдерінде «жұртшылық аузына түсе қоймаған талай оралымдар, шеберліктер сезілетінін» айтып, әдебиетімізге мәдениетті ақындар, оқыған ақындардың келе бастағанына қуаныш білдіреді. Олардың тек қазақ әдебиетіндегі дәстүрлерді үйренумен шектеліп қоймай, айналасын көріп, шарлап, ізденіп, түртініп жүретіндігін, өзінің сезімі, санасы арқылы дүниеде танымағанын танығысы келетінін: «бірқыдыру өзіндік жаңалық тапқысы келеді, өзін-өзі танығысы келеді, өз өмірінің үлкен шындығын» айтуға ұмтылады. «Жастардың «мені» біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін соншалық шындық пен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдық бар, поэзияға керек нәрсе – осы шыншылдық», дейді.

Жас ақындарымыздың қазіргі «газет, радио тіліндей» шорқақ тілден қашқақтап, нағыз поэтикалық тілді меңгере бастағанына, олардың өлеңдерінде «көп сөзділіктің азайғанына» ризашылық көңіл көрсетіп, «өлеңнің өлшеуі өзінің мөлшерімен қадірлі». «Ой болмаса, шығарма терең қасиетті болмайды... Образ болмай, ойдың да қасиеті болмайды» деген тұжырымын айтады.

Осы бағытта автор өзбек ақыны Ғафур Ғұламның: «Бауырым, мен сенің атаңмын», «Мен де Евреймін» және Түркісіб жайлы өлеңдерін, азербайжан ақыны Самед Вургуннің «Негр сөйлейді», дағыстандық Расул Ғамзатовтың «Әкеммен әңгіме», тәжік ақыны Мирза Тұрсынзадениң «Азия дауысы» өлеңдеріндегідей «өрлеген ой, дәуірдің биігіне шығып сөйлейтін... үлкен серпінді, кең тынысты поэзияны» үлгі-өнеге етіп ұсынады.

Сонан соң М.Әуезов жас ақындарды бір-екі жағымсыз, жайсыз әдеттерден сақ болуға шақырып: «алдымен, жақсы жаздым екен деп асқақтамау керек, тумай тұрып толдым, жазбай жатып болдым деуден қашу керек». Мастану, өзіне-өзі ғашық болу – өзімшілдікті, өзімшілдік – күншілдікті туғызады. «Мәдениеті аз әдебиеттерде бұл – үлкен сордың бірі». Екіншіден, өзін-өзі көтермелеп насихаттаудан, реклама жасаудан сақ болған абзал. «Жақсы еңбек жаздым, танылмады деп қорықпандар...



Шала Шекспирлер, толыспаған Толстойлар» танылмай жатса, одан келер-кетер аз ғана. «Өңірі табылмаған тау, тереңі танылмаған өзен бар ма?» Әдебиеттің жақсы туындысы өзін өзі-ақ насихаттайды деген пікірді айтады.

«Әдебиетке сұлу мінез әкелуші, үлкен мәдениетті қасиетті әкелуші, нұрлы жақсы, жарқыраған өрісі бар жастар, еңбектеріңіздің жемісті болуына, талап үстіне талап, нұр үстіне нұр құйып, оқу-білімдеріңіздің өсіп-өрлеуіне зор ағалық достықпен тілек айтамын», деп аяқтайды.

Жазушы жоғарыда аталған басқа мақала, еңбектерінде де жеке ақындардың творчествосы, жеке бір шығарма жайында сөз еткенде, поэзияның ерекшелігі, табиғаты жайлы да әрдайым пікір білдіріп отырған.

Мұхтар Әуезов бірнеше мақалаларында поэзияның, әдебиеттің сын-сықақ түрі, юмор, сатира жанры жайлы да өзінің теориялық ой толғамдарын айтқан екен. Бұл ретте алдымен, автордың ертеректе жазған «Шаншар» журналы» атты мақаласына тоқталуға тиіспіз. Ол 1925 жылы Семейде шығып тұрған «Таң» журналының №3 санында (119–124 бб.) жарияланған.

Мақала соңында «М» деп қана қол қойылыпты. Бұл автордың толық аты-жөні басқа еш жерде жазылмаған. Дегенмен мақаланы байыптай оқығанда оның авторы Мұхтар Әуезов болса керек деген болжамға бірден келуге негіз бар. Өйткені, алдымен, М. Әуезовке тән сөз өрнектері мен ой оралымдары мақаланың өн бойынан еркін есіп, көсіліп тұрғандай. Оның үстіне біз кездестірген тарихи дерек мағлұматтар да осы болжамды анықтап, бекіте түседі.

Біріншіден, жазушының өз архивіндегі № 271 папкіде (24-б.) 1946 жылы жасаған ғылыми, әдеби еңбектерінің тізімінде: «О народном юморе и юмористическом журнале» (критическая статья, напечатанная в журнале «Таң» 1924 г.)» деп көрсеткен екен. Мұнда 1924 жыл деп көрсетуі жай жаңылыс кеткендік болар. Өйткені «Таң» журналының алғашқы саны 1925 жылы наурыз айынан бастаған да сол жылы бас-аяғы төрт нөмірі ғана шығып, тоқтаған.

Екіншіден, жұртшылыққа бұрыннан мәлім болса керек, сол 20–30-жылдары газет-журналдарда кейбір әдеби сын еңбектер бүркеніш аттармен (псевдонимдермен) жариялануы етек алған болатын. Ол жөнінде қазақ баспасөзі мен әдебиет сынына ерте бастан үзбей ат салысып, мол еңбек еткен проф. Б.Кенжебаев «Бүркеншек аттар сыры» атты («Қ.Ә.» газеті, 1965, 13-тамыз) кейінгі бір мақаласында 30-жылдардағы көптеген авторлардың, оның ішінде М.Әуезовтің де, кей шығармаларын әдеби псевдонимдермен (Қоңыр, Жаяу сал, Арғын, Екеу), не аты-жөнінің басқы әріптерін қойып, «М.», «М. Ә.» деп жариялап отырғанын айтады.

Үшіншіден, Санкт-Петербург архивінде сақталған (ЛГАОРСС,

ф. № 7240, о. № 7, д. № 119) М.Әуезовтің студенттік іс-қағаздарында көрсетілгені бойынша, ол 1924–1925 оқу жылында университеттегі оқуын уақытша үзіп, Семей қаласында педагогтік, қоғамдық қызметтер атқарып, әрі «Таң» журналының техникалық редакторы болып та жұмыс істеген. Сол кезде журналдың әрбір санында жазушының бірнеше әңгіме, мақала еңбектері жарияланып тұрған. Айталық, журналдың осы 3-санында жазушының «Бүркіт аңшылығының суреттері», «Қазақ қызы» атты екі әңгімесі жарияланып, оларға «Мұхтар» деп қол қойып, келесі шығармасына, яғни сөз болып отырған мақалаға «М» деп қана қоя салуы көңілге әбден қонымды болып тұр. Сондықтан да мақала авторы Мұхтар Әуезов екендігі талас тудыра қоймас деп ойлаймыз. Қазір бұл мақала жазушы жинақтарына еніп жүр.

Ал енді мақалаға арқау болған «Шаншар» журналына келсек, бұл – Ташкенде 1920–25 жылдары Түркістан компартиясының органы ретінде қазақ тілінде шығып тұрған «Ақ жол» газетіне қосымша ретінде шыққан «саясат, әлеумет, әдебиет мазмұнды күлкі журнал». Журналды шығарушылардың біреуі Жүсіпбек Аймауытов болған. Газет сияқты бұл журналды да «ұлтшылдық бағыттағы, идеялық-саяси қателіктері бар» деп бағаланғандықтан ба, әлде Түркістан Республикасы тарап кеткендіктен бе, алғашқы санынан кейін шықпай, тоқтап қалған екен.

М.Әуезов журналдың сол алғашқы саны шыққан бойда, оны қазақ баспасөзіне қосылған жаңа түр, жаңа үлгі ретінде, «әлеуметтің саналы тіршілігіне бір бағасы қосымша сияқты» деп құптап, оған үлкен әлеуметтік мән беріп, ағынан жарыла пікір білдіреді: «Журналдың басындағы «Шаншар кім?» деп негіз бен бағыт белгілеген сөзде: «Заманға мойынсұна алмай, жаңаға көне алмай, ескіні қолдан бере алмай жүргендерді мүйізіне ілмек. «Елді араламақ, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны сараламақ, тура жолдан аяғы шалыс басқанды біздеп жараламақ» дейді. Негізі: «Шындық, түзулік, әділдік қылышын қолына тұтып, кеңес жолына түсіп, шын кедейлер жаршысы» болмақ.

Бұл сөздер «Шаншардың» күлкілі жүзі арқылы көрініп тұрған шын түзу пішінін көрсетеді. Жалпы, журналдың негізіндегі өзіне айқын көрініп тұрған мықты негізі барлығын білдіреді» – деп жазады.

Жазушы күлкі журналының шығуы қазақ мәдениетінің, өнер-білімінің өскендігінің бір көрінісі болумен ол өз кезегінде елдің мәдениетін, халықтың сана-сезімін өсіруге мол септігін тигізетін себепкер екендігін де атап көрсетеді. «Қазақ баспасөзі түр тауып молайған сайын оқушы да қалыптанып екшеле бермек», дейді. Баспасөздің осындай қоғамдық даму процесіне ықпал етіп, үлес қосарлық қасиетінің бір негізі оның әдебиет пен өнер шығармаларын халыққа күнделікті жеткізіп, насихаттап отыруында, яғни олардың бір-біріне сүйеніп, тығыз байланыста болуында деп біледі.



Өзінің творчестволық қадамының алғашқы сәтінен бастап өмір бойы баспасөзге тікелей араласып, атсалысып келген қаламгер әрдайым оның ролін насихаттап мақалалар жазып отырғаны белгілі.

«Шаншар» журналы» атты бұл мақаласында М.Әуезов ілгерірек айтқан ой-пікірлерін ары қарай таратып дамыта, тереңдете түскен. Бұрыннан шығып келе жатқан түрлі баспасөзге жаңадан қосылып отырған күлкі журналының «бағалы қосымша», «бір жаңа кесте, жаңадан салған қошқар мүйіз сияқты», «тәуір сөздің тұздығы сияқты» болатынын айтады. Мұнда жазушы әдебиеттің күлкі, сықақ жанрына байланысты өзіндік түсінік-танымын, теориялық ой-тұжырымын терең толғап ортаға салады. Әдебиеттің тәрбиелік мәнінің, ойды жетілтіп, сезімді ұштайтын қасиетінің молдығы, артықшылығы – оның өте күрделілігінде, әрбір саласының, жеке жанрларының өзіндік өзгешелік, ерекшелігінің қайталанбас айқындығында деп біледі. Айталық, сөз болып отырған күлкі-сықақ жанрының, күлкі журналының өзіндік ерекшелік әдісі – «ол күле отырып, біле отыр дейді. Ойнап отырып, ойлап отыр, біреудің мініне күлсең, өзің сол міннен бойынды арши отыр дейді». Ал енді осындай тәлім-тәрбиені жүзеге асыру үшін сықақ жанрының, күлкінің табиғаты, болмысы қалай болу керек деген мәселеге автор: «Күлкі тез шығып, тез басылатын қалт етпе, иек артпаны іздейді. Күтпеген жерде тосыннан, оқыстан келгенді сүйеді. Бұл да шығуы мен таусылуының арасында қарағанда ақындық сөзінің ішіндегі лирика (сыршылдық) сияқты. Сыршылдық неғұрлым бір күрсіну, бір өксу, жылау, жылау не болмаса қабақтың бір шытынауы сияқты болып, жанды күйінде туып, жанды күйінде басылатын болса, дәмді болады. Көпке белгілі жүрек күйін тақылдатып, бақайшығына шейін айтпай, емеурінмен ым қағып қана тоқтаса, сол күйінде ерекше тәтті көрінеді. Күлкі де сондай, әлемге мәлім жайды ұзақ сонарламай, не болмаса құр ғана сөздің сырт пішіні күлкі болғанына қанағаттанбай, нағыз күлкіні алу керек. Нағыз күлкі сөзде емес, күлкі қылған халде болады. Күлкі сөздің шатасынан тумайды. Сырт пішіні дарақы, оспадарлау келген сөзден шын күлкі шықпайды... Күлкі іспен аралас келсе, бір жағы шынға тіреліп, қысылшаң кезде ауыр мен жеңілдің жапсарында келсе, көбінесе оқыс қиындыққа ұшырап қалатын жерден туса, сонда дәмді болмақ», деп қазақ мәдениеті тарихында тұңғыш шыға бастаған күлкі журналы «Шаншардың» өзі айтқан шапыраш айнасына құр ғана бұралқы сөздің күлкісін түсірмей, өмірді түсіру керектігін» айтып тұжырымдайды.

Жазушының бұл мақаласында қазақ әдебиетінде, әдебиеттану ғылымында алғаш рет осы сын-сықақ жанры жайлы, эстетиканың күлкі-мазақ категориясы туралы теориялық ой-пікір қозғалып, оның басты ерекшелік сыр-сыпаты өте айқын ашылып, сараланды деуге әбден болады. Әрине, сатира, комедия жанры жайлы сонау

Аристотельден бастап жазылып, ерекшелік қасиеттері ашылып келген. Олармен М.Әуезов осы мақаласын жазудан бұрын хабардар да болар. Бірақ соның өзінде ол басқадан оқып, естіп білгендерін қалай болса, солай жайдан-жәй қайталап қолдана салған жоқ. Мұнда автор қазақ әдебиетіндегі тұңғыш күлкі журналында көрінген сатиралық шығармаларды өзінше талдап қарастырып, өзіндік түсінік танымымен табиғи түрде олардың ерекшелік сыр-сыпатын айқындап отыр. Міне, сол арқылы жазушы сатира жанрына байланысты жалпы әдебиеттану ғылымына өзіндік үлес өрнегін қоса алған. Олай дейтініміз, айталық, әдебиеттің лирика жанры жайлы орыстың ұлы сыншы ғалымы В.Г.Белинскийге дейін-ақ көп кемел пікірлер тұжырымдалған. Сондай-ақ лирикалық өлеңді де алғаш рет А.С.Пушкин жазған жоқ. Бірақ Пушкин лириканы өзінше жаңартып дамытты. Соған сәйкес Белинский де Пушкин өлеңдерін талдап, сараптау барысында лириканың өзіндік сыр-сыпатын, жаңаша қадір-қасиетін тауып таныта алды емес пе!? Сол арқылы ол әдебиет теориясының өсіп жетілуіне де мол үлес қосқандығы талассыз шындық қой.

Олай болса, біз М.Әуезовтің сөз болып отырған мақаласындағы, сондай-ақ ілгергі-кейінгі басқа да еңбектеріндегі теориялық ой-толғамдарын осындай көзқарас тұрғысынан келіп бағалауымыз қажет.

Осы тұста айта кеткеннің артықтығы жоқ болса керек, М.Әуезов 1937 және 1938 жылы екі рет басылып шыққан орта, орталау мектептің 6-класына арналған «Әдебиет хрестоматиясын» жазып, құрастырған. Онда «Алдар көсе, Жиренше шешен, Қожанасыр әңгімелері туралы» сөз еткенде, халықтың сүйіп тыңдайтын, ғасырлар бойы ескірмей, қайта еселене жаңғырып, жаңарып отырған осы күлкі-сықақ жанрының өзіндік ерекшеліктерін талдап ашып береді. Олардың күлкісінің ерекше болып, сыртқы пішіні аңқау келуімен өзіне іштартып аяушылық тудырғандай, «ал ішін, түбін байқай келсең, ол аңқаулықтың астары үнемі ащы мазақ, шебер қулық болып шығады. Күлкісі әрдайым күтпеген жерден бұрқ етіп шыққан, оқыс күлкі болады. Әншейінде қабыспайтын ерсі жайларды, бір-біріне қайшы күйлерді алып, соларды оқыс араластырып отыру арқылы күлкі шығарады», деп күлкі табиғатының тамыр бүлкілін тап басып тауып бергендей.

Қожанасырдың базардан май сатып алу әңгімесін мысалға алып, осындай «таза аңқаулықтың өзінің де ең бір адам иланғысыз түрін алып», сонымен де шын, риясыз таза күлкі тудыра алғандығына автор айрықша ақжарма ықылас-бейіл танытады.

Жоғарыда сөз болған «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатында» автор: «Ақындық тәжірибесінде мол пайдаланбаса да, фельетон, әзіл-әжуа түріне ауысып, сол кішкене көркем жанрда өз өнерін өткірлеп, айқындап ашып келе жатқан С.Адамбековтің тілі де сүйсінердей нәр танытты» – деген пікір айтқан екен.





М.Әуезов сын-сықақ жанры жайлы ой-толғамдарын кейінгі еңбектерінде де, оның ішінде, айталық, 1959 жылғы «Лениншіл жас» газетінің 12 сәуірдегі санында жарияланған «Бұл күлкіге дән ырзамыз» деген қысқа да нұсқалы мақаласында ары қарай өрбітіп дамыта түскен. Алғашқы еңбектерде, автор сатира жанрының қоғамдық-әлеуметтік мәнін, тәрбиелік ролін, өзіндік ерекшелік сыр-сипатын ашып айқындаса, соңғы мақаласында бұл жанрдың алуан түрлі мол мүмкіндіктерін аршып, саралап береді: «Тегі күлкінің жөн-жосығы, алуан мол екені көпке мәлім. Жақынды қуантатын күлкі, жатты суалтатын күлкі бар, сорақыны – мұқату, келеңсізді – келемеждеу, әр саты, әр сыпатты күлкі жайларын аңғартады» деп оған дәлел-мысал ретінде драматург Қ.Мұқаметжановтың «Бөлтірік бөрік астында» атты сол жылы сахналанған тұңғыш комедиясын тілге тиек етеді: «Сапардың сорақы, сұмырай мінез-қылығына арналған күлкі – көрушіні жамандықпен жалғаса алысып, соны жоюға мегзейтін күрескер күлкі. Марфуға, Арыстан тәрізді жеңілтек, сұйық, келеңсіздер сыпатына арналған күлкі – көңіл ашар, зілсіз күлкі. Айналамызда әлі де жиі ұшырайтын Жұпардай өсекші әйелдерге арналған күлкі-мысқыл, мазақ күлкісі», деп комедиядағы әрбір жеке типті өздерінің күлкілі жайттарының өзгешелік, ерекшеліктеріне орай, орын-орнымен жіктеп, жіліктеп берген.

М.Әуезов қазіргі белді драматургтеріміздің сапынан орын алатын Қ.Мұқаметжановтың сол тұңғыш туындысынан-ақ «...Жас жазушы Қалтай «бұл жанрда алда да өнімді өріс табады» деп нық сенгіміз келеді. Себебі, күлкісінің бәрі де шынайы күлкі, көрерменді қытықтап күлдіргендей, зорлықпен езу тартқызатын жасанды, жұқалаң, тұзсыз күлкі емес. Шын күлесің де, сонысына сүйсінесің», деп оның алғашқы шығармасынан кейінге жалғасар жетістіктерінің желісін аңғарып, оған ата көңілмен ыстық ықылас-пейілін жолдайды. Міне, осы шағын мақалада айтылған ой-пікірлердің тек оқырман жұртшылық үшін ғана емес, жас драматургтің, жалпы әдебиеттің де өсу жолына белгілі мөлшерде игі әсер-септігін тигізгендігі сөзсіз.

## 2. Үлкен прозасыз үлкен әдебиет жоқ

Мұхтар Әуезов творчествосының жан-жақты, көп бейімді, сан қырлы қасиетін атап көрсете отырып, біз оның ең алдымен, прозашы, үлкен романист ретінде бүкіл әлемге әйгілі мәшһүр болғандығын, бұл саладағы төлтума еңбектері оның барлық творчестволық ізденістерінің жиынтық қорытындысы, биік шоқтығы болып табылатынын, танылатынын әруақыт есте ұстауға тиіспіз. Алғаш баспа бетін көрген еуропалық мәдениетті прозаның деңгейіндегі «Қорғансыздың күні» атты әңгімесінен бастап

XX ғасырдың ең үздік көркем туындыларының бірі ретінде бағаланған «Абай жолы» роман-эпопеясы жазушының көп жылдық көрікті де көбеген еңбегінің ғана емес, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің сан ғасырлық көркемдік өсу-даму жолының жинақталып, қордаланған жемісі, өрелі өрісі ретінде бой түзегені сөзсіз.

Сондықтан да бұл кең құлашты, шын мәніндегі дәуірлік, энциклопедиялық туындының әуелгі жобасын сонау есте жоқ ерте замандардағы беймәлім жыраудың талмаурап жеткен тылсым үнінен жалғасып келіп, алғашқы іргетасы бала шәкірт, бұла Мұхтардың ауыз әдебиеті үлгісінде жазған қаламалды қазқадам туындылары мен тұңғыш сын-зерттеу мақалаларында қаланды. Жас жазушының осы романға кірісер алдындағы және жазу үстіндегі әрбір еңбегі, мейлі ол қысқа әңгіме, повесть, драмалық шығарма, не ғылыми-сын мақала, зерттеу болсын, соның барлығы да романға келер соқпақ жол мен көтерілер басқыш болған еді.

Жұртшылыққа мәлім, «Абай» романының «Татьянаның қырдағы әні» атты үзіндісі 1937 жылы жарияланып, эпопеясының соңғы төртінші кітабы 1956 жылы басылып шықты. Бұл уақыт аралығындағы қызу да қыруар еңбектен бұрын жазушының творчестволық өмірінің өн бойындағы түрлі дайындықтары мен ізденістері, жалпы суреткер ғалым бойындағы жиған-терген бары мен нәрінің осы роман-эпопеяның жазылу тұсында қаншалық жиылып, жұмылып бой көрсеткенін тәптіштеп талдап жату мүмкін емес, артық. М.Әуезовтің өзі: «Создание романов «Абай» и «Путь Абая» – любимое дело едва ли не всей моей творческой жизни» (94.357), деп арнайы атап айтқаны белгілі.

Жалпы, жазушының осы дәуірлік, қазақ әдебиеті тарихының бел-белесі бола алған туындысын жазу жолындағы теориялық, практикалық, ерен еңбек ізденістерін қарастырып тану – әдебиеттану ғылымымыздың алдында тұрған айбынды да абыройлы міндет, өз алдына мектеп. Ол – бүкіл бір ұрпақтың, белгілі бір дәуірдің үлесінен асып, дәуірден-дәуірге, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар тәлімді де өнімді еңбек.

Біз бұл арада өз жұмысымыздың тақырыбына орай, жазушының проза жайлы, оның ішінде роман жанрына байланысты теориялық ой-толғамдарына, жеке пікірлеріне ғана тоқталып өтпекпіз.

М.Әуезовтің проза туралы, роман жанрына тікелей қатысты арнайы сөз ететін, мақала, еңбектерінің саны көп емес. Солай бола тұрса да, ол еңбектерден ғана емес, жазушының тек «Абай» романының жазылу жайынан» деп аталатын бір мақаласының өзінен-ақ оның сол проза, роман жанрының жай-күйі мен ерекшеліктеріне байланысты негізгі ой-пікір тұжырымдарын анық байқауға болар еді. Ал жалпы бұл жанрға қатысты ортақ мәселелер оның барлық мақала, зерттеулерінде дерлік белгілі мөлшерде сөз болып қарастырылғаны күмәнсіз. Сондықтан да біз



бұл арада жазушының роман, проза жайлы арнайы мақалаларын негізге ала отырып, қажет болған жағдайда басқа да еңбектеріне жүгіне отыруды жөн көрдік.

Жоғарыда сөз болған поэзия жайлы «М.Ғабдуллинге жауап хатында» автор поэзияның өзіндік ерекшелік, артықшылықтары туралы айта келіп, «Қаншалық көлемді, терең, ылғалы мол болса да, прозалық шығармалар мен пьесалар ешуақытта поэзияның көп тілмен, көп үнмен қамтыған бар өмір жайын түгендеп, бас-басына, сала-саласына бірден жетіп, қапысыз қамти алмайды. Әрине, жекелеп алған әрекетін дәуірлік сипатта поэзиядан басқаша кемерлей, тереңдей түсетін күдірет прозаның күш сипаты екені рас» (80.140) деген пікірді айтады.

Одан әрі поэзия мен прозадағы ұқсастықтар, ортақ келісім қасиеттер туралы «...сан сезімдер поэзиясы, образды сөздер, ырғақты шешен де шебер құрамдары, теңеулер, өрнектер аз ба екен прозада? Еміренген сезім мен тебіренген сырлар ретінде: табиғат, махаббат тағы арман – нақ прозада болмай ма екен? Онда поэзиядағы кейбір өлең қатарындай келісімдер, құйылыстар, сикырлы сөз құбылыстар аз кездесе ме?» (80) деп, туыстас, тұстас екі жанрдың ара жігін алшақтатып тастауға қарсылығын білдіреді.

Ал сәл кейінірек жазған «Октябрь өркені» мен соған мазмұндас «Қайта туған халықтың әдебиеті» атты мақалаларында қазақ прозасының жетістіктері ретінде Бейімбеттің терең шыншылдыққа құрылған «қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі» сияқты әңгімелері мен ірі формалы прозаның роман үлгілері: Сәбиттің «Ботакөз», Ғабиттің «Оянған өлке», Ғабиденнің «Шығанақ», т.б. көркемдігі де, ойы да терең шығармаларды атайды.

М.Әуезовтің роман жанры туралы арнайы сөз ететін мақалалары: «Үзінділер» (1934ж.), «За большие художественное обобщение (1936ж.), «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы» (1950ж.), «Абай» романының жазылуы жайынан» (1955ж.), «Өмір мен шығарма» (1956 ж.) «Заман шарты» (1960ж.), «Қазіргі роман және оның геройлары» (1961ж.).

«Үзінділер» атты эссе-толғауы «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 29 қазандағы санында жарияланған. Мұнда автор әдебиеттің заман талабына, уақыт ерекшелігіне сай өзгеріп, өсіп отыратындығын, ал біздің «бұл күнге шейін жер қорқақтау боп, жасаң соғып» келгендігімізді, «бойдағы азды-көпті күрделі үлкенге салмай, соныға беттетпей, мейір қандыратын белгі тудыра алмай» келе жатқанымызды айтып, «бізде үлкен проза кешеуілдеп тұр. Шынында, үлкен прозасыз үлкен әдебиет жоқ» дейді.

Қайсыбір дәуірдің әдебиеті болмасын, ол өзінің алдындағы, айналасындағы әдебиеттің үздік үлгілерінен, үлгі-өрнек алмай, өсіп дамымайды. Біздің бүгінгі әдебиетіміздің шеберлік өнеге өрнекті өз

дәуірінің шындығын шымырлата ашқан шығармаларының рухы қазіргі біздің заманымызбен іштей қабысып табысатын Шекспир, Толстой сияқты үлкен суреткерлерден алуға тиіс»... Шекспир, Толстой өзгенің бәрінен кара үзген асқарлардай көрінеді. Және солардың үлкендік сапасы ең алдымен сол көп-көп адамдарды: біріне-бірі ұқсамайтын, ерсі, қайшы, қым-қиғаш ерекшеліктерімен алып, көрсетіп кеп, бір шығармада бәрінің басын қосқанда, көп кісіден құралған әдемі хордың бүтіндік жарастығындай көрік табады. Молдан пішілген, кеңнен кашалған сұлулық сияқты», – деп санайды автор.

Бұрынғы ескі әдебиет өкілдері, батыстың буржуазия мәдениетінің өзіндік ерекшелік белгілері сияқты туындыларда «әңгіме жібін ылғи бір ұршыққа орай беріп, бір ғана қазыққа шалып отырумен үлгі қалдырғанын», ал біздің бүгінгі өскелең өмірдің ерекшелігі кең тынысты мол құлаш өнер дүниесін талап етеді. Сондықтан қазіргі әдебиет үшін «...Өмір материалын бағыл араласып, молынан алу шарт. Бұрынғы жазушылар ісінің жеңілдігі осы жерде тайқи соғып, шет пұшпақтау болса, біздің міндеттің қызықтығы да, қиындығы да: бата кіріп, әрі кең, әрі терең қармануда; сапа түбі осыдан шықпаққа керек. Үлкен әдебиет болатын үлкен прозаны осы сарынмен іздесе дейміз», – деп тұжырымдайды.

Сәл кейінірек, 1944 жылы жазған «Литература и кино» атты мақаласында автор біздің заманымыздың кең тынысты ірі шығарманы талап етуінің негізгі себебін таратып түсіндіреді: «История казахского народа необычна и величественна. Путь от пастуха кочевого феодально-родового аула до инженера, врача, ученого... – вот какие полюсы соединяет жизнь современного казаха, советского человека. Какой диапазон внутреннего мира, психики этого человека? Ведь даже не эпос, а лишь сказочные трансформации равноценны таким необычным сдвигам, переменам, перерождению личности. И самое главное, что этот процесс совершился не с одним человеком, а со всем народом, страной, со всей его материально-технической культурой и даже с его естественно-географической средой отчасти» (95) дейді.

Жалпы, көркем шығарманың қай түріне болса да қойылар ең үлкен талап – оның өмірге, шындыққа қатынасы, яғни онда өмір материалдарының іріктеліп, сұрыпталып алыну жолы. Бұл өзекті мәселе М.Әуезовтің көптеген мақала, зерттеулерінің негізгі арқауы болады.

1936 жылы «Казахстанская правда» газетінің 18 сәуірдегі санында жарияланған «За большие художественные обобщения» деген мақаласында жазушы: «Художественное обобщение очень далеко отстоит от незамысловатой фиксации виденного. Оно является синтезом («куском жизни») исторических материалов и документов, вымысла и фантазии, философии и художественно обоснованным», – деп, өмір материалдарын көркемдік жолмен игерудің ерекшелігін ескертіп өтіп,



қазақ әдебиетіндегі осыған байланысты кездесетін кей кемшіліктердің бетін ашады.

Сол жылғы апрель айының аяқ кезінде болған «Әдебиеттегі формализм мен натурализм туралы» айтыста сөйлеген сөзінде Әуезов өзінің кейбір шығармаларында да «үлкен көлемді уақиғалардың бәрі де аттама, көктемеге түсіп кеткенін» сынап айтып, «үлкен дәуірдің өсулерін қысқалай қармаған сияқтымын, үстірт жеңілдеу кеткен сияқтымын», – деп мойындайды. Жалпы көркем шығармада «уақиғаны ғылыми тексермей жазуға болмайды. Сезінумен, қалыппен тереңдеп бойлау керек» (96), – деген пікірді айтады.

Жазушы өзінің басты шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясын жазар алдында, жазу үстінде ұлы ақынның өмірі мен творчествосы жайлы жан-жақты зерттеу жұмысын жүргізіп, кәрікөз, білікті ел кісілерінен сан алуан естелік куәліктер жинап, жер-жердің архив, кітапханаларын ақтара жүріп, өз романына қыруар факт, материалдар тауып, жинағаны белгілі.

«...Жазушының тарихи тақырыпқа шығарма жазуы, ең алдымен, ғылымдық, зерттеушілік ұзақ еңбекті қажет етеді. Әуелде мен Абайдың өмірбаянын толықтырып жазған едім. Сол жұмыстың кезінде, кейін жазылатын романға керек деректің бірталайы қолыма түсті» (97) – деп жазады өзі.

Әуезов тек Абайдың жеке басына, айналасына байланысты нәрселерді ғана іздестірмей, жалпы қазақ тіршілігіне қатысты, тіпті, сол дәуірдің бүкіл бітіміне, ерекшелігіне тән қасиеттер мен мүліктерді де жан-жақты қарастырып тексереді.

1940 жылы Семей облыстық «Екпінді» газетінің 17 июньдегі санында жазушы өзінің «Абай жайын зерттеушілерге» атты мақаласын жариялаған екен. Мұнда автор Абай мұраларын іздестіріп зерттеушілерге мейлінше жауаптырақ болу жағын ескерте келіп, Абай өлеңдерін іздестірумен қатар, оның заманының, өскен ортасының, үй-тұрмысының, салт-дәстүрі мен машық-мерзімінің де өзгешелік мысалдарын қарастырып жинау қажет екендігін айтады. Осындай мағлұматтарды өзі де көп жылдар бойы сарыла іздеді. Осылай іздеп тапқан материалдарын жазушы романды жазу үстінде көркемдік екшеу, електен өткізе отырып пайдаланады.

«В моих романах, например, множество добытых мною фактов жизненной биографии Абая остается в стороне. Одни факты я развернул, другие вовсе опустил, потому что они не имеют существенного значения в том историческом здании, которое я стремился возвести в своих книгах», (98) – дейді автор.

М.Әуезов 1956 жылы жазған «Өмір мен шығарма» атты мақаласында осы өмір материалдары мен көркем шығарманың ара-қатынасы туралы мәселеге арнайы тоқталып, таратып әңгімелейді.

Алдымен, әрбір суреткер өзі суреттемек болған өмір ортасын өз

көзімен көре жүріп, жан-жақты танып білгені абзал. Бірақ «өмір фактісін білу бар да, тереңдей ұғыну бар», – деп көрсетеді жазушы. Яғни, суреткер өмір құбылысының әрбір сәттерін жан-жақты тексеріп танып білумен қатар, сол түрлі тағдыр мен тартысты, қуаныш пен күйінішті, сүйіну мен жиренуді өз басынан өткергендей етіп, соған өзінің ішкі-сыртқы болмысымен түгел шомғанда ғана, «қысқасы, бар тынысы балқыған жазушылық жүректен ғана шын шығарма туады». Автор: «...Өзінің талдап алған материалды сүю ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына шейін түгелімен қиялдап та іштен кешіру шарт. Таңдап алған ортасын және тиісті, байланысты жайларын сүйіп сезінген көңілге ғана шыншыл терең, сенімді суреттер сай келеді» (99),– деп көрсетеді.

Осы тұста жазушының 1952 жылы Ғабиден Мұстафинның 50 жылдығына арнап жазған «Өнер өрінде» атты мақаласында айтылған кейбір ой-пікірлер де көңілге қонымды екенін айта кеткен жөн сияқты.

Мұнда автор Ғабиден романдарының, оның ішінде сол кездегі күрделі шығармасы саналатын «Қарағанды» романының, негізінен, сәтті шығуы онда баяндалып, суреттелетін көп жайларды жазушының өзі басынан кешіріп, өз жанымен тікелей сезінгендігінде деп біледі. Айталық, роман бүкіл отандық ұлы өндіріс ошағына айналғалы отырған Қарағандыға мол күштер жұмылдыру кезеңін суреттеуден және оған жан-жақтан ағылып келіп жатқан жұмысшылар жайын баян етуден басталса, дәл осы кезеңде өзі де ел адамдарымен бірге келіп, өндіріс жұмысына араласқан жазушының өз бейнесін романдағы Жанабұлдің іс-әрекеттерінен айқын айыруға болады.

«Мұнда роман мен жазушының арасы, дәлдеп айтқанда, романның өзегі болған көп адамдардың өмір шындығы мен жазушы өмірінің шындығы үнемі жанасып, нық байланысып, айқыш-ұйқыш араласып жатқанын көреміз» (99.341), – дейді автор. Міне, бұл – жазушының өзі қоян-қолтық араласып жүрген өмір көріністерін суреттегенде осындай творчестволық табысқа жетуіне мол мүмкіндік бар екендігінің айқын кепілі.

Әрине, мұны бір жақты түсінуге болмайды. Жазушы өзі көріп, араласпаған тарихи тақырыпқа да көркем шығарма жаза алады. Бірақ оны өзі көріп араласқандай етіп көрсете алмаса, Әуезовтің өз сөзімен айтқанда, «хиялдап іштен кешіре алмаса», да шығарма шын мәніндегі реалистік өнер дүниесі бола алмайды. Сондай-ақ жазушының өзі күнделікті көріп, біліп қоян-қолтық араласып жүрген өмір шындығын да келістіріп көрсете алмайтын жағдайы болады.

«...Кей жерлерге барып, кейбір өмір материалын зерттеп, бірталай тірлік фактілерінің білгір адамы бола тұрып та сол дүниенің шын сырына бар жаратылысымен терең бойламай қайтуға болады. Мұндайда және де шығарманың ойдағыдай, көңілдегідей шығуына мүмкіндік жоқ. Болса,



орташа ғана, өзінше дұрыс қана шығарма шығуы мүмкін. Бірақ бұл мақсат емес» (99.325),– дейді автор.

Сонымен Әуезов, алдымен, көркем шығарманың өзегі болатын негізгі материалдың өмірден, жазушының өзі көріп білген, сезіп түйген шындық жайлардан алынуы қажет деп біледі. Сонда өмір шындығын тек сырттай барлап қана қоймай, жан-жақты терең танып білу қажет, тек біліп қана қою да жеткіліксіз, жазушы сол көрсетпек болған өмір шындығын: талас, тартыс па, қайғы, қуаныш па, – барлығын да өз басынан кешіргендей халде тікелей сезінуі қажет. Сондай-ақ өз көргенім, сезгенім деп өзеуреп кетуге, әсірелеп жіберуге және болмайды, өмір құбылысын объективтік шындық дәрежесінде көрсете алуы керек. Ал жазушының көріп білген, сезіп таныған жайларының бәрі де бір шығармаға қабысып қона бермейтін жайы тағы бар. Сондықтан жазушы өзі жиып түйген өмір материалдарын көркемдік елек екшеуден өткізе отырып, өз орнымен іріктеп, сұрыптап алуы қажет деп біледі автор.

1955 жылы Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің очерктерін жасауға арналған мәслихатта сөйлеген сөзінде ол:

«Менің ойымша, реализм деп өмір шындығын жеткізе білу, сол өмір шындығын художество шындығына айналдыра білуді айтамыз. Әрбір художник сезімнің алуан қырлылығын түсінуге тиіс. Ойдың шыншылдығын, адамның жан дүниесінің шыншылдығын бұлжытпай бейнелеуге тиіс. Содан барып геройдың әрекеті шығады, содан барып оның характері ашылады», (100) – дейді. Ал ол үшін жазушы, алдымен, өзі көріп-білген, терең түсініп таныған өмір шындығынан, белгілі мерзім мен ортадан өз шығармасына лайықты тақырыпты таңдап алуы шарт.

Әрине, жоғарыда айтып өткеніміздей, жазушының ой-сезіміне әсер еткен өмір құбылыстарының кез келген бөлігі бір шығармаға тақырып бола алады.

«Тегінде татымсыз тақырып жоқ. Қандай ауданы аз орта, шамасы шағын әрекет жайындағы, кез келген тақырыпты алсақ та, баршасында атом қуатындай қайрат бар. Бірақ сол қуатты тауып ашып, шынын шешіп көрсете білу шарт», (99.398) – дейді Әуезов. Ал оның бірден-бір жолы – жазушы өз табиғатымен туыстас, біте қайнасқан, өзі өмір сүрген ортамен тонның ішкі бауындай жақын, әрі зерттей таныған кезеңнің таңдап тауып суреттеуі керек.

Жоғарыда аталып өткен «Өнер өрінде» мақаласында автор: «Жазушылық еңбек пен оған берілген өнердің әр алуан талайы мен тағдыры бар. Кейбір творчестволық тәжірибені болжасаң, жазушы өзіне лайықты, шамасы толық құлаш сермеп шығатын тақырыбын таппай жүретіні болады. Кең өмірде көлдей иен, тамаша тақырыптар арасында көп түртініп, өнімсіз жүріп қалады. Сондықтан бойдағы өнерін, бар қасиет-қабілетімен таныта алмай, өз үніне түсіп жырлай алмай,

әдебиеттік атаумен айтқанда «өз дауысын таба алмай» жүреді, – дей келіп, – ...бірде көп ізденумен, кейде сәтіммен аз іздену соңынан да, өзіне бейім, бой тартқан тақырыбын тапқанда жазушы өнері қанағаттанады. Бойдағы барлық талантты жігері ұшқындай түсіп нұр шашады. Жазушы еңбегі бел-биіктен аса беріп, бұрын оқушысы да, өзі де андамаған, іркіліп жүрген асылын ашады»,(99.337) – деген пікірді айтады.

Шынында да, әрбір жазушының өз табиғатына тән тума тақырыбын дөп басып, дәл тауып алуы ең алдымен алғашқы, ең қажетті шарт. Олай болмаған жағдайда, ешқандай әдебиет сыны, ешқандай теория да оған рецепт жасап бере алмайды. Өйткені өз арнасын таппаған жазушы қаншалықты көкейкесті, актуальді тақырыптың өзінен жалындап, лапылдап тұрған публицистикалық мақала жазуы мүмкін, бірақ шын мәніндегі көркем шығарма тудыра алмайды. Ал өзі бой тартқан тақырыбын, өз арнасын тапқан жазушы қаншалық елеусіз саналатын тақырыптың өзінен елеулі шығарма тудыра алуы мүмкін. Әдебиеттің, көркем өнердің өзі «белгілі нәрселердің белгісіз жайттарын, белгісіз нәрселердің белгілі жәйттерін» анықтап ашу ғой. Дегенмен тақырып мәселесі әрбір жазушының өзіне ғана қатысты болуымен қатар, оның әр дәуір, әрбір қоғамдық орта қажет етер, көп болып талқыға салар жағдайлары да бар. Әдебиет сыны, көркемөнер туралы ғылым әрқашан да дәуір тынысын, заман ерекшелігін, замандас қажетін, қоғам талабын танып, аңғарып, соны өтеу жолында қажетті тақырыптарды және солардың мүмкіндіктерін жалпы заңдылықтар аясында сарапқа салып отыруға міндетті.

Ұлы Отан соғысы басталған кезеңде М.Әуезов «Көркем әдебиеттегі отан сүйгіштік» атты мақала жазып, онда: «Отан сүю тақырыбы, халқын геройлықпен қорғау ұраны барлық замандардағы халық әдебиетінде, анық халық ақындары мен жазушыларының ең ардақты тақырыбы болған. Әдебиеттің ең мол саласы да осы мазмұнға арналады. Осы тақырып тұсында ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің желісі үзілмей жалғасады» (101), – деп кезіндегі ең қажетті болып отырған отанды сүю, отан қорғау тақырыбының әдебиет тарихындағы орнына да шолу жасаған.

Ал, өмірінің соңғы күндері шәкірт жазушы Т.Ахтановқа жазған хатында: «...Сен бір жақсы соныға түсе бастапсың. Ол – интеллигенция туралы жазу. Өзіңмен замандас, қанаттас, қатарыңды жазу, соларды және ішкі мәдениет өресіне қарай, ішіне үңіле, сезіміне бойлап жазу бар. Өте орынды, өте асыл іздену.

Бұл жолда, алда көп-көп ыстық тартымды, аса қызу- қызғылықты, шын шабыттты құштарлық туғызатын болмыстар, сәттер, шындықтар бар. Осы адамдар жақсы, ойлы, саналы, арлы болса, – халқыңның, қауымыңның да болашағы ғой. Оларды көрсетумен бірге, сынаумен бірге баулу, бастау,





қалыптау да керек. Сен шынайы қызығарлық соныға түскенсің. Соған мейлінше құдіретің де жетеді. Ілгері тереңдеп, ірілеп тарта түс, тарта бер. Бұл тақырыпта сен ұдайы адал-әділ, шындықтың өзінде боласың ғой. Қоспа бояма, фальш мұнда керек емес. Бәрі өзің жақсы білетін өз ортаң, өзің жүзіп жүрген мекен-көлің» (102), – деп ақыл, кеңес айтады.

Сондай-ақ, жазушы 1960 жылы 25 декабрьде Қазақтың мемлекеттік университетінде өткен поэзия кешінде жас ақындарға арнап сөйлеген сөзінде де осы тақырып мәселесіне тоқталды. Жастарға тән ортақ қасиет қолына алғаш қалам ұстаған бетте алғашқы қозғайтын тақырыбы – өзінің жастық, жарастық махаббаты, көңіл-күйі, туған жер, ата-анасы болады. Жас қаламның қаз қадамы тек осы тақырыптар аясында қалыптасуға тиіс те. Онымен келісе тұра, жазушы бүгінгі сауатты, білімді жас ақындарымыздың өз халқының, жалпы адамзаттың тағдырын да терең ойлап, үлкен әлеуметтік, халықаралық тақырыптарға бой ұруы бірден-бір қажет деп біледі. Өйткені «үлкен серпінді, кең тынысты поэзия» сондай үлкен кең ауқымды тақырыптардан туса керек. Бұған дәлел ретінде автор Ғафур Ғұламның, Расул Ғамзатовтың, Мирза Турсынзадениң биік пафосты, азаматтық жырларын үлгі ете ұсынады. Әуезовтің бұл пікір-ойы тек поэзияға ғана емес, жалпы әдебиетке, оның ішінде, роман жанрына да қатысты.

Бүгінгі романдағы, жалпы әдебиеттегі адам образының бейнелену мәселесі – ұнамды кейіпкер проблемасы да М.Әуезов мақала зерттеулерінде жан-жақты қарастырылып сөз болады.

Егер әдебиет – болмысты, өмір құбылыстарын образ арқылы көрсету болса, оның негізгі міндеті – адам характерін ашу екені сөзсіз. «Жазушының міндеті – осы проблемаға (шаруашылық, өндіріс.– К.С.) адамдардың өзара қарым-қатынасы тұрғысынан қарап көру, экономика тілін адамның жаны мен характерінің тіліне аудара білу» (103),– дейді Әуезов. Осы талассыз шындықтың төңірегінде түрлі дүниетаным көзқарастары арасында ғана емес, түрлі түсініктер арасында да таласқа түсер жәйттар мейлінше мол-ақ.

Алдымен, бас кейіпкер қажет пе, жоқ па? Ол қандай болу керек? Ал осы жағымды кейіпкердің жасалу жолдары, ерекшеліктері қалай деген сияқты сауалдар талай көкейкесті мәселелердің басын тоқайластырады.

Жазушының өзі: «Бәріміздің мақсатымыз, мұратымыз біртұтас. Ал қазіргі роман мен оның геройы қандай болуы керек деген мәселені теориялық және практикалық жағынан шешудегі пікір алуандығы советтік қоғам тіршілігінің алуан түрлілігінен туып отыр. Бұл сұраққа әрқайсымыз неғұрлым өзімізше, өзгеше, бірақ дәлелді, деректі жауап тапсақ, бұл жөнінде әрқайсымыздың өз стильдік бояуымыз неғұрлым өз шырайын айқынырақ танытса, көп ұлтты совет әдебиетінің солғұрлым есейе түскені, толығы, мольға түскені деп білуіміз керек» (93.515), – дейді.

Жалпы, жазушы өзінің роман жайлы жазылған соңғы мақалаларында негізгі өзекті ой есебінде романның қаһарманы жайын кең талқыға салады. Творчестволық өмірінің өзегі болған, көп жылдар бойы бір сәт те ажырап көрмеген жан серігі аяулы Абай тақырыбымен қош айтысып, бүгінгі шындықтан шығарма жазсам деп мекеме бекінген жазушы қазіргі шаруашылық құрылыстары мен ел тұрмысының алуан саласына айрықша ынтыға зер салып, терең бойлай араласып кетті. Оны алып зәулім құрылыстар да, кең нұрлы көшелер де қызықтыра баурайды. Сондай-ақ, оның назарынан ұсақ-түйек кем-кетік те сырт қалмайды. Жазушы бүгінгі өмірдің, шаруашылық, өндірістік түрлі салаларымен сырттай танысып қана қоймай, іштей ұғысып, білісуді мақсат етеді. Бүгінгі өмірдің шалқар шындықтары жазушы сезімін қанаттандырып, шабытты ойларға жетелейді.

«Өмірдің қазыналы қыртысын аумағымен қопара көрсету міндетін, завод пен колхоз демей, мекеме мен мектеп демей, тың мен тұрмыс демей, санқилы тағдырлар сырын беталды бұтақтамай, ұсақтамай, тұтас және кең қамтығанда ғана орындауға болады, – деп келіп, – кең құлашты кемел ойлар маған ең алдымен нақты кейіпкерді таңдай біл деп, өз заманыңның қаһарманын өз ойыңша екшеп ұғына біл деп сыбырлағандай» (93.517), – дейді. Демек, М.Әуезов романның, көркем шығарманың сәтті шығуының бірінші алғы шарты кейіпкерді дұрыстап таңдап алу деп біледі. Бұл пікірін автор өзінің «Абай жолы» роман-эпопеясын жазудағы тәжірибесімен нақтылап бекіткендей.

XIX ғасырдағы қазақ халқының ұлы ойшыл ақыны, өз дәуірінің алып тұлғасы, халық ақыл-ойының асыл діңгегі іспетті болған ұлы Абайдың өмір жолын, өнер өрнегін таныту үшін жазушыға оның туған топырағы мен өскен ортасын да жан-жақты көрсету қажет болады. Ал өз дәуірі мен өз ортасының барлық өзгешелік, ерекшелігін, өз халқының барлық тұрмыс болмысын, тағдыр-тартысын бар қайғы-қасіреті мен арман ардағын арқау еткен ақын шығармалары жазушы алдына сол заман мен қоғам өмірінің бар табиғаты мен болмыс ерекшелігінің шын қалпын, айқын суретін жайып салады.

Сонда Әуезов Абай бейнесі арқылы, оны сол қоғамдық ортаның алуан түрлі қабаттарына араластыра отырып, сан қилы құбылыстармен арпалыстыра отырып, ұлы ақынның жан сезімі, түйсігі арқылы, кеменгер ойшыл азаматтың ақыл-ой көзқарасы арқылы табиғи түрде қазақ халқының өткен ғасырдағы тағдыр-тарихын, бар болмыс ерекшелігімен, сан-сырлы өрнегімен шындық қалпын көрсетіп таныта алды. Жазушының мұндай табысқа жетуіне, өзі мәлімдеуінше, сәтті тандалған герой: ұлы ақын, парасатты философ, халық қорғаны болған данышпан Абайдың алып бейнесі басты себеп болды.

Міне, сондықтан да М.Әуезов бүгінгі өмір жайлы роман жазбақ



болғанда, алдымен, сол дәуір жүгін көтере алатын кейіпкерді таңдап табу қажет деп біледі.

Елуінші жылдардың соңы мен алпысыншы жылдардың басында батыс елдерінде, ішінара өзіміздің әдебиетші ғалымдарымызда да романның бүгінгі қажеттілігі мен келешегіне шүбә келтіріп, бас кейіпкердің роліне жете мән бермей, «дегероизация» сияқты ағымдардың орын алғаны белгілі. Ал, Әуезов болса: «Мені әлі де сол бұрынғыша, бүтін бір дәуірлік оқиғаларды терең, мол қамтитын кеңқұлашты роман қызықтыра береді... Бүгінгі күн тақырыбын игеруге де осындай кең құлашты роман ыңғайлы, заңды сияқты» – дей келе, – ...«Замана шындығын, замандас сырын толғайтын тың творчестволық туынды туралы толғаныс үстінде біз жаңа дәстүр жасаудан, кең құлашты роман түрін қалыптастырудан және оны жете меңгеруден бас тартпауымыз керек» (93), – деп ашып айтады.

Осыған сәйкес роман кейіпкері туралы да: «Өз геройым туралы әлі де айтарым көп-ақ, қанша айтқанмен, тоғысар түйін біреу ғана: мінез парасаты қилы-қилы үлкен тұлғаның бейнесін жасау керек, өйткені алпысыншы жылдардағы совет адамның өзі де дәл осындай» (93.518), – дейді.

Біздегі әдебиет сынында үлкен тұлғаға байланысты түрлі-түрлі пікірлер бары рас. Әрине, баяғының «отқа салса – күймейтін, суға салса – батпайтын» айрықша жаратылған не асқан батыр, не ақылғөй дана кейіпкерлердің дәл бүгінгі оқушыға берер әсері, тәлім-тәрбиесі аз-кем ғана. Сондай-ақ, аузын ашса жүрегі көрініп тұрған, ниеті адал, өзі жасанды кейіпкерлердің де оқушы көңіліне ұялай қоюы қиын. Міне, осындай пландағы тұлға бүгінгі әдебиет үшін қол емес екендігі сөзсіз.

Бүгінгі оқушы қауым үшін өзі күнде көріп, қызмет бабында болсын, үй-ішілік тірлікте болсын аз-көп араласып жүрген, не шешісіп сыр айтыса қоймай, жай бас изесіп қана өтетін таныс, бейтаныстарының, өзі әлі де байқай қоймаған, байыптай бермейтін жан сыры мен жүрек лүпілін, шын адамдық психологиясын айқара ашып көрсеткен әлдеқайда артық. Әңгіме оның мансап дәрежесінде емес, әңгіме тау құлатып, көп суалтуда да емес; әңгіме сол кейіпкердің өзіміз сияқты ет пен сүйектен жаралып, өзіне лайық жетістіктермен қатар, кемістік олқылықтары, жан сұлулығы мен рухани болмысы толық ашылып танылуында. Міне, осы тұрғыдан келгенде, Әуезов пікірімен келіспеу мүмкін емес.

«Геройдың интеллекті – көбінше жазушының өз интеллектінің тереңдігі мен кеңдігінің туындысы» – деп білетін жазушының: «Адамзаттың көп ғасырлы мәдениеті бізге қалдырған мұра да өз дәуірің туралы жауапты, терең ойлан дейді. Ал біздің әдебиетіміз анық күткен қадірлі замандасымыздың өзі де өзінің дәуірін барлық қайшылықтарымен, бар кең көлемінде даналықпен қамтып тани білетін адам. Ол адам коммунизмнің құрушысы, бейбітшілік үшін алысушы,

болашақ заманға бой ұрған, тек бүгінгі күннің барымен ғана бақыт таптық демейтін, алға қарай даму жолындағы кемшілік-олқылықтарды да терең сезінетін адам. Қай жерде, кім болып, не кәсіппен айналыспаса да, оның жұмысы болмайтын мәселе жоқ. Себебі оның иығына артылған жауаптылық күшті. Ол – тарих арнасында, сол тарихтың тізбегіне өзі де кіретін жан.

Міне, әдебиеттік шығарманың ең қасиетті міндеті – дәл осындай адамның жүрегін, жанын, жалынды ойын кең де терең күйде ашып бере білуде» (99.410), – деген түйінді пікірі көңілге әбден-ақ қонымды. Автор үлкен тұлға дегенде бір өзгеше, артықша жаратылған жан туралы емес, қатардағы қарапайым еңбек адамының сана-сезіміне терең бойлай отырып, тек көлденең көз ғана емес, оның бойындағы өзі де аңдап, аңғара қоймаған асыл қасиеттері мен қайталанбас дара жайларды жалпы әлеуметтік-қоғамдық ақыл-ой аясында ақтара танытуды айтып отырса керек.

Біз қоғамдық сананы объективті түрде туып дамиды деп түсінеміз. Оның мәнісі – әрбір жеке индивидтің өз өмірі, тағдыры, ортасы жайлы ой толғаулары, сезім сырлары жиылып келіп, адамдардың, бүкіл адамзаттың тағдыры, тарихы туралы ақыл-ойдың негізін құрайды. Сондықтан да жазушы қарапайым үлкен әлеуметтік ойлармен сабақтастыра көрсетіп, сол қарапайым адамның бүкіл дәуір ырғағы мен дабылына үндесер пернесін тауып таныта отырып, оны үлкен әлеуметтік тұлға дәрежесіне көтеру қажет екендігін ескертіп отыр.

Ал енді осындай тұлғаның жасалу жолы, қалыптасу ерекшелігі қандай болмақ деген мәселеге де Әуезов мақалаларында толық та дәлелді жауап береді.

«Адамның ішкі әлемін суреттемек болғанда біз көбінше оның сыртқы белгілерін ескереміз, күнделік еңбектегі өмірбаянын терумен болып, үлкен жанның өмірбаянын ескермей кетеміз», – деп бүгінгі адам бейнесін жасаудағы соңғы кездердегі көп шығармаларға ортақ кемшілікті сынап өтіп, жазушы: «Тегі адам құр әрекет етпейді, ол белгілі байлау жасап, соның нәтижесінде мінез көрсетеді. Сол байлаудың жасалуын ішкі бір қажетті сырдан туатын байлау екені бізден жасырын қалады. Ал оқушыға ең керекті, ең қызықты жай сол бүркемеде қалған жасырынның өзі емес пе» (99.412), деп өз түсінігін ортаға салады.

Шынында да, адам қандай бір әрекет етпесін, мейлі ол керемет ерлік жасай ма, жоқ, ездік жасай ма, алдымен оны түгел ойлап кесіп-пішіп алмағанмен, ішкі толғаныс, күйзеліссіз мардымды ешнәрсе де жасай қоймайтыны сөзсіз.

Әдебиет адам жанын тәрбиелейді дегенде ол оқушыны еңбек озатының, не елден асқан батырдың сыртқы суретін әшекейлеп жалтылдату арқылы еліктіре алмайды. Әдебиет қандай адамның болсын,



тіпті ол жағымды ма, жоқ жағымсыз ба, күнделікті қарапайым әрекетінің оның ішкі жан дүниесінде қалыптанып, өсу, шыңдалу жолын ашып көрсету арқылы оқушыға да өз жан сезіміне тереңірек үнілуге, байыптай бақылауға тәрбиелейді. Өмірдегі әрбір құбылыстың сыртқы сыпатын ғана қызықтамай, ішкі сырын ақтара тануға жәрдемдеседі.

«Егер басқаның жан дүниесін білгің келсе, өз ішіңе үңіл; ал өзіңнің ішкі дүниенді білгің келсе, өзгелердің жан сезіміне үңіл», деген екен шығыстың дана ақыны Әлішер Науаи. Кейіпкерлерінің жан дүниесін ашып танытпақ болғанда, жазушы өзі де түгел ашыла, ақтарыла суреттеуі қажет. «Жүрекке жүрек ашылсын» – дегенде Әуезов осы жайды терең танып отыр. Шын мәніндегі көркем шығарма суреткердің жүрегін жарып шығатын төл перзенті сияқты.

М.Әуезов Абай бейнесін жасаудағы өз тәжірибесі туралы айта келіп: «Абая я должен, с одной стороны, изображать, как человека, сталкивающего с жизненными фактами, во-вторых, должен показать, как эти жизненные факты откладываются в его душе, и, в третьих, показать, как это виденное, наблюдаемое, переработанное в его творческой психологии получает творческое воплощение в этом произведении» (104.90), – дейді.

Өйткені Абай өлеңдерінің өзі тебіреніп толқыған жан сезімінен, шабыттанған жүректен туған шығармалар ғой. Бүкіл төрт томдық роман-эпопеяда қазақ өміріне, тұрмыс болмысына өз кейіпкері Абайдың көзімен қараған жазушы ақынның творчестволық психологиясын мейлінше терең, мейлінше жан-жақты көрсетуі де сондықтан. Әуезовтің өзі Абай өлеңдерін тереңдей зерттеп, оқу арқылы қазақтың өткен тағдыр тарихын ақын Абайша тебіреніп, толғанып, творчествоның азабын кешіре отырып, танып білді. Ал осындай күрделі творчестволық процестерден туған алып тұлға, жалпы, шығарма қарапайым оқушыны да соншалық толқытып, тебіrentпеуі мүмкін емес.

Осы тұрғыдан Әуезов өзінің қаламдасы, өзбек жазушысы Айбектің «Науаи» романын талдай қарастырып, оның жетістік табыстарын ризалық көңілмен ағай отырып, кемшілігін де сынап өткен: «Заметным недостатком романа является скудость изображения в нем личной, интимной жизни поэта. И особенно ощутимым пробелом надо считать ограниченность показа в романе творческой психологии героя. По одному только количеству созданных произведений Алишера мы можем судить, что в его интеллектуальной и эмоциональной сущности наибольшую долю жизненно-творческой энергии и времени должен поглощать именно творческий процесс, и поэтому естественно ожидание читателя, что в романе будут раскрыты моменты творческого преображения поэта в заветные часы вдохновенья.

Роман, как и картина, уделил больше внимание Алишеру –

государственному деятелю и деятелю культуры, но в нем досадно скупо отображен внутренний мир столь интересной для художественного воссоздания многогранной творческой личности» (105), – дейді.

Суреткер үшін творчество адамының образын жасау, творчестволық психологияны суреттеу – түптеп келгенде, өзін өзі ашу. Творчество адамы да өз дәуірінің, өз ортасының перзенті. Сондықтан да белгілі бір кезеңді суреттемек болғанда, оны сол кездегі творчество адамының еңбектерін, творчестволық психологиясын терең зерттеп, оның образын ашу арқылы көрсету бірден-бір тиімді тәсіл деуге болар еді.

Өткен ғасырдағы қазақ қоғамының тұрмыс тағдырының бар болмысын Абай образы арқылы, яғни ұлы ақынның сезімі, танымы арқылы өте ұтымды көрсете алған жазушы бүгінгі күн тақырыбына ойысқанда жаңа қанаттанып келе жатқан жас ақындар, жас композиторлар, жас суретшілер творчествосын аса бір қызыға құнттай қарастырып, зерттегені белгілі. 1960 жылы СССР Композиторлар одағының Алматыда өткен көшпелі пленумында тек жастардың емес, халықтың сүйікті композиторына айналған Шәмші Қалдыаяқовтың творчествосы туралы аса ыстық ықылас білдірген жазушы, сол жылы 25 декабрьде ҚазГУ-де өткен студенттердің поэзия кешінде жас ақындар творчествосы туралы сөз сөйлейді.

М.Әуезов жастар творчествосын алғашқы, орта буын ақындармен салыстыра отырып, олардың өзгешеліктерін ашып таниды: «Жастардың «мені» біртүрлі еліктіретін, сүйсіндіретін, оқушыға бас игізетін соншалық шындық пен бетке ыстық демі сезіліп кеткендей көрінетін шыншылдық бар...

Қазіргі жастар талабы бар, табиғатты, көргенін айтқанда басқа ақындардың үніне үн қосып, ілесе сөйлеп келгенде барлығында тіл орамы, ой толғамы сай келіп отырғандығын танытады.

...Тағы бір үлкен қасиет-көпсөзділік азайыпты...

Жалпы лирика туралы, қорытып айтқанда, біздің әдебиетке мәдениетті ақындар, оқыған ақындар келе бастаған» (106), деп, жас ақындар творчествосына аса сүйсінгендік ілтипат білдіреді. Сондай-ақ, Ш.Айтматов, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, Т.Әлімқұлов, З.Қабдолов, Ә.Әлімжановтардың творчествосы туралы да жылы лебіз білдірген еді.

Міне, мұның бәрі жазушының бүгінгі дәуірдің тыныс-демін, сезім толқынын танып білуге жасаған бетбұрысы еді. 1961 жылы «Қазіргі роман және оның геройы» туралы жазылған мақаласында жазушының: «Шынымды айтайын, жасымның ұлғайғанына қарамай, өзімді ширақ, сергек, тебіренгіш, тегеурінді сезінемін, – оның бәрі жаңа кейіпкерлерімнің арқасы» (93.518), деген пікірі көп сырдың, творчестволық «құпияның» бетін ашса керек.

Сонғы кездердегі М.Әуезов мақала-зерттеулерінде едәуір сөз болатын бір мәселе – көркем әдебиеттің тілі, әдеби тіл мәселесі.



Әдебиетші, жазушылардың да төл ісі болып саналатын бұл мәселені Әуезов өзінің роман жанрына арналған еңбектерінде де, өз алдына арнайы жеке де зерттей қарастырады. Жазушының «Қазақ әдебиеті тілінің кейбір мәселелері жайында» (1951), «Некоторые вопросы развития казахского литературного языка» (1951), «Көркем әдебиеттің тілі туралы» (1954), т. б. мақала, еңбектері осы мәселеге тікелей арналады.

«Жазушы өз дәуіріндегі әдебиет тілін өсіруге, бағалауға, шеберлендіруге міндеткер... Романдар оқушыға тіл де үйретеді, өз тілінде кенеулі ой тартып, көрікті, шешен, шебер сөйлеуге баулиды» (107), деп түсінеді автор. Өйткені әр жазушы өзіндік стилімен, өзгеше тіл орамымен жазады. Оның үстіне, әрбір кейіпкерге әралуан тілдік мінездеме бергендер, әртүрлі құбылысты, көңіл-күй сәттерін, т.с.с. суреттегенде жазушы тілді алуан түрлі құбылыста, түрлендіре, жаңғырта қолдануы шарт.

М.Әуезов: «Нәзік келген көңіл жайын, ой толқынын, сезім ырғағын, психологиялық тартыс пен тайталасты тың тіл мен, өзінше бір ораммен орайлап айтқысы келетін талаптар бар. Мұндайы болмаған жазушылықта жан жоқ, қасиет жоқ, жылылық, жарастық та жоқ. Сол себепті күндегі құлаққа сіңген тозыңқы сөзден жазушының қаша сөйлейтіні болады. Әдейі өзінің тілін тақ-тақ қана тіл етпей, шеберлік, көрік іздегісі келеді. Кенеулі ойды да көрікті, әсерлі етіп айтпаққа талпынады. Көркем әдебиеттің тілінде, поэзиялық лексикада қасиет болса, ол осы беттен табылады» (107), дейді.

Олай болса, бар жазушының тіліне, стиліне бір ғана өлшеммен келуге болмайды. Яғни, жай лексика мен поэтикалық лексиканы бір қарауға болмайды деп біледі жазушы. Сондықтан «кейде көпшілік қолданбайтын», бірақ халық тіліне әбден қонымды келетін тың орамдарды, олар біздің тіл мамандарымыздың ұғымындағы грамматикалық заңдылықтарға сай келе ме, жоқ па, соның өзінде де жазушылардың қолданып отыруы заңды. Тіпті, автор, тілші ғалымдарымыздың кейбіреулері диалект деп қақпайлап жүрген, белгілі бір өлке, облыстарда ғана қолданылатын сөздердің өзін көркем шығармада қолдана отырып, әдеби нормаға сіңіру, қалыптастыру қажет деген пікірді айтады. Бұл пікірлерді ана тіліміздің келешегін ойлап, әдеби тілдің өсу, баю жолын іздей айтылған нағыз қамқор аталы сөз деуге болады.

Әрине, жазушы тілдің байлығы, дамуы дегенді сөздің санын көбейту деп бір жақты түсінбейді. Ол, алдымен, тілдің тың оралымдармен аясын кеңейту мәселесін баса айтады: «Ой кенеулі, терең толғанулы болу үстіне, шеберлеп ұстарған, өнерлеген тілдің ұғымды, мөлдір айқындылығы, орамдылығы және үлкен келісімімен сүйсіндіріп отырады. Көркем әдебиетте құрмалас сөйлем мәдениетін орынды, келісті етіп кіргізу, қазақ әдебиет тілінің ендігі өсу сатысындағы өнімді ізденудің бір түрі болуында дау жоқ» (108) дейді.

Біздің кей жазушыларымыз тілді қарапайым, түсінікті етіп жазамыз деген ниетпен қансыз, сөлсіз, қарабайыр сөздерді тоғытып жіберетін кездері бар. Бұл мәселеге байланысты да М.Әуезов өте әділ ой айтады. Жалпы қарапайым жазу барлық жазушының ең бірінші, ең қажетті парызы, сондықтан да ол ең бір қиын жол. Өйткені тіл кестесі қаншалық қарапайым болса, соншалық табиғи болуы шарт.

«Вообще говоря, простое, если оно и просто и мудро, – есть идеал любого художника. Должно быть просто и мудро как проста и мудра природа. К этому идеалу стремились все художники, гении, но немногим это удавалось», дейді Әуезов.

Әдебиет пен өнердің өзі – өмірдің, болмыстың бейнесін жасау. Ал болмыс, яғни табиғат ешқандай әсірелеуді қажет етпейді. Әдебиет пен өнер тарихы ондай тәжірибенің оншалық ұтымды емес екенін дәлелдеп береді. Яғни, сол өнер шығармаларында кездесетін әсірелеу тұстары әдебиет пен өнердің өсу жолындағы белгілі бір заңдылықтарға орай туған белес қана деп қарау керек.

Ал осы болмыстың, табиғаттың бейнесін қысқа ғана, бірақ жанды, дәмді сөйлем оралымдарымен суреттеуге мүмкін болған жағдайда, артық бояу, артық сөз керексіз әшекей ғана болып шығады. Олай болса, қарапайымдылық, тек үстірт тапшылыққа, қарабайырлыққа ұрынбаған жағдайда, өнер дүниесінің негізгі қасиеті саналуға тиіс.

Дегенмен, мұны да бір жақты түсінуге болмайды. Суреткер атаулының әрқайсысы өмірді өзгеше көріп, өзінше түсініп және өзінше баяндап, суреттеуге ұмтылатыны белгілі. Көркем шығармаға қойылатын басты талап – өмір шындығын дәл және айқын көрсету. Ал бұл қарапайымдылыққа мүлде қайшы келмейді.

Әуезовтің өзі: «Әрине, қысқа сөйлеммен құралған мөлдір, түсінікті, жеңіл құрылыстар кейбір жазушылардың қасиеті екені рас. Бірақ бар жақсылық осында ғана десек, ол орынсыз, әдебиет тілі неше алуан үлгіде, өрнекте дамып көркейеді (109.11), дейді. Яғни, жазушының стиль ерекшелігіне орай, әдеби тілде түрліше оралым, сөйлем өзгешеліктері бола береді. Бұған қоса суреттеліп отырған объект, ситуациялардың ерекшелігі де өзіне сәйкес оралым, өзгеше сөйлем құрылыстарын да қажет ететін жағдай болады.

М.Әуезов өзінің «Абай» романындағы Абайдың ақындық психологиясын суреттеу тәжірибесі туралы: «...Такая тема романа «Абай» требует, чтобы психология творчества была обнаружена. Тут следишь не за тем, как составлена фраза, а за тем, насколько она эмоциональна, наполнена мыслью» (110.24), дейді.

Жазушы әдебиеттің негізгі құралы болып саналатын тілдің заңдылық өзгешеліктерінен, өзінің стиль шеңберінен де бұрын суреттелмек ортасының, өмір шындығының өзгешелігін ескеруі қажет.





Суреттеліп отырған объектілердің, болмыстың атамзаманнан қалыптасып келе жатқан әдеби тілдің нормасына да өз тарапынан әсер етерлік құдіреті бар екен.

Содан келіп, әдеби тіл байып, дамиды, жазушының өз стиль шеберлігі шындалып ширай түседі; яғни, мұндай тұстарда жазушы тілді, сөз бен сөйлемді түрліше құбылтып, түрлендіруге, жаңғыртып, жандандыруға, тіпті, өзгертіп, жаңартуға да мәжбүр болады. Басқаша айтқанда, жазушы тілдің «химиялық ерекшелігін» біліп, меңгеруі қажет. Өйткені шын мәніндегі көркем шығарманың тілі, М.Әуезовтің өз сөзімен айтсақ: «Көркем шығарманың бір сөйлемінде тұрған сөз бір-ақ қана ұғым, түсінік бермейді. Соны берудің үстіне, ол әр алуан қосымша ассоциация тудырып, оқушыға қосымша елес-емеурін танытып тұрады. Мұндай қатарда жеке сөз, өзінің орны мен сәтін тапқан шақта, жаңаша жанданып кетеді. Сондай шағына жетіп, жанданған сөздің демі, лебі білініп, тың тірлік етіп, балбұл жанып тұрады. Ол көп қолданудан өлі сөз боп кеткен сөз емес, қызықты, ыстық лепті қайнар сөз болады. Міне, осындай боп табыса түскен, қатар тұрған сөздер ақындықтың айғағы болады, шеберлік кестесіне жүреді. Оның көркемдігімен қатар, сөйлем ішінде өзінен-өзі ұшқын атып тұрған сөздер ақындықтың айғағы болады, шеберлік кестесіне жүреді. Оның көркемдігімен қатар, сөйлем ішінде өзінен-өзі ұшқын атып тұрған сипаты болады. Кей сөздердің асылды шақпақ тасқа шаққандай боп, әсем сөйлем ішінде ұшқындап, от төгіп тұратын шағы бар...».

Міне, осылайша, автор қазақтың ұлттық әдебиеті әдебиеттің өзегі болып саналатын әдеби тілін қалыптастыруда және дамытуда тарихи роль атқарады деп есептейді.

Жазушы 1957 жылғы «Қазақстан мұғалімі» газетінің 28 наурызындағы санында жарияланған «Ана тілі әдебиетін сүйіндер» атты қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға арналған республикалық кеңесінің қарсаңындағы мақалада сол кезеңнің, заманның ағымына сай жастардың қазақ, орыс тілдері мен әдебиеттерін де қатар оқып үйрену, меңгеру қажет екенін айта келіп: «Бұл дәуірде өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллигент емес деуге де болады», деген пікірді айтады. Сол жылдары Н.Хрущевтің барлық ұлт өкілдері жаппай орысша оқып, орысша сөйлесек, коммунизмге ертерек жетеміз деп ұран салып, өзіміздегі жарамсақ белсенділеріміз қазақша басылымдарды азайтып, қазақ газеттерін орыс тіліндегілердің аудармасы ету керек деп те асыра сілтеп жатқан болатын. Біздің бірталай қызметкерлер мен олардың үй-іші кейде «қазақ әдебиетін, ол әдебиеттің көрнекті нұсқаларын орысша аударылған тілде ғана оқитынына» қынжылып «бұл жай ол адамдар үшін сорлылық!» – деп, өз пікір байламын батыл да бағыра айтқан екен.

М.Әуезов 1954 жылы «Советтік Қарағанды» газетінің 5 қыркүйектегі

санында жарияланған «Редакция сұрауларына орай» берген жауабында алдағы жоспарлары жөнінде Қазақстанның Абай дәуірінен бергі кезеңдегі тарихын қамтитын романдар жазбақ ниетін білдіреді. «Өзірге мөлшер – өлшеулерім бойынша азамат соғысы күндерінен бастап, дәл осы биылғы үстіміздегі жылдарға шейінгі тарихтық дәуренді төрт кітап етіп, жазбақ ниет бар. Төрт кітап осы соңғы қырық шамалы жылдың әрбір он жылынан бір-бір кітап болып қалыптанса деген арман, мүдде бар деген екен.

Жазушы өз көзі тірісінде соңғы жазып жариялаған «Қазіргі роман және оның геройлары» атты мақаласында («Литературная газетадан» академик-жазушы Зейнолла Қабдолов аударып, «Қазақ әдебиеті» газетінің 1961 жылғы 26 мамырдағы санында жариялаған): «Аяулы Абайыммен қош айтысқанымна міне екі жыл; содан бері бүгінгі шындықтан шығарма жазсам деген ойдан бір күн ажырап көрген емеспін», деп жазады. Бұл, әрине, жазушының алғашқы жоспарын мүлде өзгерткендігі болмас, сол өзі ойластырып жүрген төрт кітабының соңғысынан бастап, ары қарай жылжымақ болғандығы шығар, сірә. Оның да жөн-жосығын түсінуге болады. Өйткені сол кезеңдегі заманның, саясаттың ағым-беті оған азамат соғысы дәуірінен бері қарай шынайы шыншыл шығарма жазуға мүмкіндік бермес еді ғой. Сондықтан жазушы алдымен бүгінгі күн тақырыбына жазып барып арғы дәуірді кейінге қалдырып, «әліптің артын баққанды» дұрыс та көрген болар.

### 3. Драматургияның заңы туралы кейбір ойлар

Үстіміздегі ғасырдың бастапқы жылдарында еліміздің қоғамдық-әлеуметтік, саяси өмірінде болған өзгеріс, ізденістер оның рухани тыныс-тіршілігінде, әдебиет, мәдениет саласында да кең өріс, көрініс тапқаны белгілі. Түрлі мектеп, оқу орындары ашылып, қазақ баспасөзі қалыптасып, қанат жая бастауы, әдебиет пен өнер-ғылымның оқыған жаңа буын өкілдерінің жанаша түр, өрнек, өріс іздей бастауы халықтың тұрмыстық хал-ахуалының да, мәдени өмір жағдайының өсіп дамуына да септігін тигізген еді.

Әдебиетімізде жаңа жанр түрлерінің тұсауы кесіле бастады. Семей семинариясының жас шәкірті Мұхтар Әуезов те қазақ әдебиетінде алғашқылардың бірі болып пьеса жазуды қолға алған екен.

1917 жылы киіз үйде қойылған «Еңлік-Кебек» пьесасынан бастап өмір бойы отызға тарта пьеса, либретто, сценарилер жазып, қазақ драматургиясы, театр, кино өнерінің туып қалыптасуына да, өсіп өркендеуіне де мол үлес қосқаны белгілі.

Осы орайда академик-жазушымыз Сәбит Мұқановтың: «Қазақ



әдебиетінде драматургия жанры – тек Мұхтар Әуезов қана ашқан жаңалық» (111.29) деген өзіндік куәлік сөзін келтіре кетсек, артық болмас деп ойлаймыз.

Қазақ әдебиеті үшін үлкен жаңалық және әдебиеттегі өзіндік өлшеу заңдылықтары мен қиын да тосын жанр болып саналатын драматургияны бірден меңгеріп, игеріп кету біздің жазушыларымыздың қай-қайсысына болса да оңай тие қойған жоқ, әрине. М.Әуезов те осы салада тынбай, талмай ізденіс үстінде болды. Ол әрдайым өз ізденіс, тәжірибелері мен өзіндік ой-тұжырымдарын ортаға салып драматургияның және соған тікелей байланысты театр, кино, музыка өнерінің түрлі теориялық, проблемалық мәселелеріне арналған мақала, зерттеулерін жазып отырған.

1922 жылғы С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар» пьесасына жазылған санынан бастап, «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» (1926 ж.), «Қазақстан мемлекет театры» (1928 ж.) атты мақалаларында алғашқылардың бірі, бірегей болып осы драматургия, театр өнерінің өзіндік ерекшелік сипаттарын ашып тануға, танытуға әрекет еткен еді.

1932 жылдан қазақтың драма театрында әдебиет бөлімінің меңгерушісі, кейінірек киностудиясының көркемдік кеңесінің мүшесі ретінде жаңа туған әрбір пьеса, сценарилерге айрықша назар аударып, олардың сахнаға, экранға шығу процесіне араласып, жалпы драматургия мен театр, кино өнерінің сыр-сипатына, жай-күйіне үнемі зер салып, қадағалаумен келді.

Жоғарыда аталған мақалалармен қоса жазушының 1932 жылы Қазақстан кеңес жазушылар одағы өлкелік ұйымдастыру комитетінің І пленумында ол О.Бековпен бірге, «Қазақстан мемлекеттік театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері» туралы жасаған баяндамасының, 1934 жылы Қазақстан жазушыларының І съезіндегі «Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері» туралы, 1954 жылы 3-съезінде жасаған «Реалистік драма жолында» деген баяндамаларының, сондай-ақ «Театр, музыка кадры», «Казахская драматургия» (1933 ж.), «Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі», «Қыз Жібек» қандай?» (1934 ж.), «Қазақстанның көркем өнері» (1935 ж.), «Қазақтың халық музыкасы мен музыка театры», «Тарғын» туралы», (1936ж.), «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалары» (1937 ж.), «Дінді әшкерелейтін пьеса» (1938 ж.), «Литература и кино» (1944 ж.), «От домбры до оперы» (1945 ж.), «Драматургияның заңы туралы кейбір ойлар» (1953 ж.) т. б. мақала еңбектерінің сол өз кезеңі үшін де, бүгінгі күн мен келешек үшін де маңыз-мәні өте жоғары. Олардан қазақ драматургиясы мен театрының туып қалыптасу, өсіп толысу жолдарын айқын аңғартып тануға әбден болады.

М.Әуезовтің 1922 жылғы «Қызыл сұңқарлар» пьесасы туралы жазылған сынын ілгері тарауда қарастырып өткенбіз. Ол мақалада қазақ

драматургиясының қаламалды туындыларының бірінен саналатын алғашқы тәжірибені өткір, қатал сынай отырып, автор теориялық, эстетикалық билік талап талғам да таныта алған еді.

1926 жылы 13 қаңтарда қазақтың тұңғыш мемлекеттік драма театрының ресми ашылуына сәйкес ұлттық мәдениет қайраткерлерінің алдында сол үлкен өнердің келешегі үшін өте жауапты міндеттер де жүктелгені белгілі. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты «Еңбекші Қазақ» газетінің 1926 жылғы 8–17 ақпанындағы санында жарияланған үлкен зерттеу мақаласында жазушы осы жауапкершілік міндеттерді ескерумен қатар әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің әдебиеті мен өнері тарихына зер сала отырып, жалпы театр өнерінің туып, өсіп даму жолдарын қамти қарастырады.

«Ешбір өнерді құрғақ тілек, құрғақ бұйрық туғызбайды. Қай елдегі, қай түрдегі өнерді алсақ та, сән-салтанатпен ырғалып-жырғалып бір күннің ішінде ғайыптан көшіп келген жоқ. Барлығы да болымсыз ұрықтан жайлы топыраққа көміліп, белгілі шартпен бағынып, қағылған уақытта ғана бой жасап өсіп-өнген» (112), деп, Әуезов театр өнерінің туып, қалыптасу процесін халықтың тұрмыстық, әлеуметтік қажетіне байланыстырып түсіндіреді.

Содан әрі ол грек, рим, француз театрларының тарихына барлау жасай келіп: «Жоғарыда саналған елдердің театрларына қарасақ, көпшілігі өз бастарынан екі түрлі күй кешірген: біреуі – шеттен келген, өзгеден алған үлгі сияқты аксүйектер, сарайлар орнатқан өнер, екіншісі – ел тіршілігінің іргесінен шыққан, ел салтындағы ойыннан, ел аузындағы әңгімелерден көп елдің той мейрамының ұлы жиында айтылатын өлең ән-күйлерінен шыққан өнер. Өзге жұрттың тарихына қарағанда кең өріс, даңғыл жолға ие болған – соңғы түрі» (113), дейді.

Осы ойын өз жүйесімен өрбiте отырып, автор «Қазақтың өз театры боларлық мүмкіндігі бар ма?» деген сұраққа жауап іздейді. Бұл уақытта қазақ сияқты мәдениеті көпей елдерде театр т. с. с. өнердің түрлері болмағанымен, мәдениеті өсіп дамыған толысқан халықтарда өнердің көп салаларынан мол тәжірибесі, бай дәстүрлері бар еді.

Дүние жүзінің классикалық туындыларын шығарған алдыңғы қатарлы орыс, Европа театрының үлгілерінен үйрену мәселесі авторды толғандырады: «Расында, ойланып көрсек: «Бетховеннің сонаталарына қазақ «Саймақтың сары өзенін» сатар ме еді? Рафаэльдің Мадоннасы, Репиннің суреттері қазақ топырағына келсе, өз жеріндей ұғылып, өз еліндей көрген жұртты еліктірер ме еді? Не болмаса, Шекспирдің Гамлетіне, Гетенің Фаустына қазақ өз елінде болған, заман шерін айтқан Асан Қайғыны, толғау айтқан Бұхар жырауды айырбастар ма екен? Рас, бір заманда осының бәрін қазақ та өзгелердей ұғатын болар. Бірақ елді сол заманға жеткізетін, сол санға шейін жетектеп апаратын өз өнері



болады» (99.13), деп, автор өнердің белгілі бір халық топырағында туып қана жетілетінін атап көрсетеді.

Мұнда Әуезов дүние жүзі әдебиеті мен өнерінің озық үлгілерін қабылдауға қарсылық білдіріп отырған жоқ, олардың барлығын да қабылдап, үлгі алуымыз керек, ал бірақ оларды сол дайын күйінде ала салмай, өзімізде бар негізде, өз топырағымызда, «анайы топырақтың үстіне іргесін орнатып, дүкен құрса, ол өнер әрі елдің өнері болып, әрі келешегін кең өріске беттеткен өнер болады», – дейді. «Театр өнеріне елдің салты, ескі өнері беретін жем көп», оған елдің әдет-ғұрпын, ойын-сауығын, ән-күй, өлең-жырын енгізу керек. Сонда ол қалың қауымға түсінікті, әрі сіңімді келетінін айтады.

М.Әуезов сөз болып отырған мақаласында алдыңғы қатарлы елдердің театр өнері үлгісінен – «өз өнерімізді қалыптауға себеп болатын көпке бірдей заңын, өлшеуін ғана аламыз. Солардан басқа өнердің жаны мен денесі боларлық бұйымның барлығын өз елімізден, өз етімізден, өз пішініміз сияқты қылып шығарамыз» (99.25), дейді.

Автор өте дұрыс айтып отыр. Міне, сонда ғана біз көп ұлттық өнерімізге өз бояуымызды, өз өрнек кестемізді қоса аламыз, сонда ғана біз совет мәдениетінің, өнерінің, сол арқылы дүниежүзілік мәдениеттің байып, дамуына өз үлесімізді қоса аламыз.

Бұл, әрине, тек өзіміздегі бармен ғана шектеліп қалуымыз керек деген сөз емес. Осылайша бастап келіп, «ескі күн мен бүгінгі күнін жалғастырып, өмірге жанасатын» театр жасауымыз керек. Сол жағдайда ол халықты да бірге өсіре отырып, өзі өсіп өркендейді.

Театр өнері туралы ойларын автор: «Бұдан кейінгі сатысында қазақ пьесалары қалың елдің өмірін көлемдей кең суретпен көрсетумен бірге, мәдениетті қауымның ақыл-сезіміне толығырақ жем беретін жаңа үлгіні де туғыза бастау керек. Әрине, мұның бәрі жазушының шеберлігіне байланады. Сөйтсе де, сұлу әндей, ескілік пен бүгінгі өнерді қосып, соның бәріне жарастықты жаңа үлгіні әдемі кесте сияқты қылып жамаса, қазақ театры алдында да, артынан да кең өріс табар еді деймін» (99.27), деп тұжырымдайды.

Міне, бұл біздің өнеріміздің тағдырын, келешегін кеңінен ойлап айтқан шын мәніндегі көрегендік пікір болып табылары сөзсіз.

Одан әрі автор осы көзқарас негізінде театрдың сол кездегі күнделікті қажетін өтерлік нақтылы практикалық ұсыныстар да жасайды. Театрдың ішкі көрінісі, сахнасы, декорациясы, кадрлары туралы өте пайдалы кеңестер айта келіп: «Біздің білуімізше, қазақтан артист шығару үшін сол өнерге ыңғайлы кісілерді орыс артистерінің мектебінде оқыту керек» (99), деген ұсынысын да жасайды. Автордың бұл ұсыныс-пікірлері де жоғарыда айтылған негізгі ой тұжырымдарын толықтырып тұр.

Сонымен, қазір бүкілодақтық арнаға шыққан қазақ театр өнерінің

алғашқы қалыптасу кезеңінде осындай көкейтесті мәселелер көтеріп көрегендік пікірлер айтқан М.Әуезовтің бұл мақаласының қоғамдық-әлеуметтік, тарихи маңыз-мәні орасан зор болған еді.

М.Әуезовтің «Қазақстан мемлекет театры» деген мақаласы алғашқы мақаланың тікелей жалғасы сияқты. Егер алдыңғыда жаңа ғана ашылған, қазақ мәдениеті тарихындағы тұңғыш театрдың қандай үлгіде, қай бағытта қалыптасып, даму қажет деген сияқты мәселелерді теориялық планында сөз етсе, бұл мақалада ол екі жасқа толып, өзінің қаз қадамын қалыптастыра бастаған театрдың бір-екі нақты спектакльдеріне байланысты әзірге қол жеткен табыстары мен әлі де игере алмаған, бірақ игеру қажет, асу міндеттерін сараптай қарастырады.

Автор әуелі, осы екі жылдық тәжірибесі бар қазақ театрының жалпы болмысына назар аударып, оның бойындағы кейбір кемшілігімен қатар бүгінгі табысына қарап, «Сүйінші, қазақтың сахна өнері туыпты!» – деп театрдың алғашқы қадамдарының дұрыс бағытпен сәтті басталғанын атап көрсетеді.

Одан әрі ол труппаның қалыптасу, төселу мәселесіне кең тоқтала келіп, жеке актерлердің өнер өзгешеліктерін талдай сөз етеді. Бұл арада М.Әуезовтің сол кездің өзінде бүгінгі өсіп өркендеген, Одақ көлеміндегі алдыңғы қатарлы театрымыздың іргетасын қаласқан, негізгі тірек-дінгегі бола алған: Ә.Қашаубаев, И.Байзақов, Қ.Қуанышбаев, С.Қожамқұлов, Қ.Жандарбеков, Е.Өмірзақов сияқты ірі дарын иелерінің алғашқы спектакльдерінде көрсеткен өнерінің өзінен олардың бойындағы кейінге сілтер кең құлашты, дархан өнерпаздықты жіті аңғарғанын айрықша атап өтпеске болмайды.

Ленинград университетінен дәріс алған, орыстың классикалық театр өнерінің үздік үлгілеріне қаныққан, төселіп, толысқан драматург-жазушы Әуезов екі жылдық қана тәжірибесі бар театрдың арнайы білімі жоқ актерлерінің кез келген сауатты көрермен көзіне бірден түсер кемкетігін көрмей қалған жоқ. Оларды автор саралап санап көрсетеді де. Сөйте отырып, ол тәжірибенің кемдігінен туған кедір-бұдыр кемістіктің арасынан нағыз өнердің ұрығын танып, соған үлкен сенім артады. Сол арқылы жазушы халық арасынан шыққан, әлі ысылып төселе қоймаған табиғи талант иелеріне өз өнерін танытуға мол септігін тигізеді.

Айталық, Әміренің әншілік өнеріне байланысты: «Әміренің айтуында дала әні жаңашалау, сезімділікке боялған. Осынысын қазақ әнінің бір саты ілгері басқаны, көркеюге ұмтылғаны дейміз. Әміре қай әнді болса да өзінше кестелеп, қошқар мүйіз салып, үкі, маржан тағып алады. Осы бағытын дұрыс, жақсы бағыт дейміз» (99.32), деп құптай отырып, оның осы бағыт-өрісін дамыта түсуін ескертеді.

Ал актерлік өнердің ерекшелігі жөнінде: «Құбылыс бетте, денеде ғана емес. Жүректен, тереңнен шыққан толқынды болып келсе, нағыз



бойды жеңген шындығы және айғызымен айқындап шығу керек. Артист те ақын. Артист жыны келген бақсы есепті. Ақынша жүрек күйін құбылтып, басқаша пішіні суып, шұғыл құбылыстарға тез ойнақтап, алысып шығып отыру шарт. Осы күйлерді әрбір артист өзіне ғана хас болған ерекшелікпен шығару керек. Сонда ол ешкімге ұқсамайды да, оған ешкім ұқсай алмайтын болады. Бұл өзгешелік оның туыстан ала келген өзгешелігі сияқты өнерінің өзгешелігі» (99), деп, жас актерлерге үлгі боларлық теориялық толғамын айтады. Сонан соң автор артистердің ең бірінші міндеті – көрермен көпшіліктің көңілінен шығу, сол арқылы халықтың рухани қажетін өтеп, өсіру деп, алғашқы мақаладағы ойын жалғастырып, өрбітеді.

Шын мәнінде, қайсы бір өнер болмасын, халыққа ұғымды болғанда ғана кең өріс табады.

Олай болса, нағыз өнер-өмірде, халықта, оның негізгі бағалаушысы, сыншысы да халық. Ал онымен санаспай, «өнерлі, сыншы кісімсіп қыңыр кеудеге салып, өрге сүйреу ұят. Ол – надандық белгісі. Қалың қазақ мақтаған өнерші – сыннан өткен өнерші, заманның қауымы өнерін таныған, қабылдаған өнерші... Рас, бір түр ғана елдің мақтауымен тойып, тұрып қалуға болмайды. Түріне түр қосқызу, ілгері бастыру, нағыз мәдениетті өнерге ұқсату жағынан көмек істеуіміз керек. Бірақ осының бәрін мыналардың қадір қасиетін танып бағалай отырып істеу керек» (114.124), дейді. Автордың бұл пікірімен келіспеуге болмайды.

Өнерлі, білімді қайраткерлердің негізгі міндеті – халық арасынан шыққан өнерпаздардың халық көкейіне қонымды өнерінің қадір-қасиетін танып білу. Сонан соң барып, тек осы негізде «түріне түр қосқызу, ілгері бастыру, нағыз мәдениетті өнерге ұқсату жағынан көмек істеу керек». Өйткені; «алдына қарай адымдап баспаған өнер әрқашан кейіндей бермек. Сен бір орында тұрғанмен, уақыт озып, заман ілгерілей береді. Сол уақытта алдынан қала бастасаң, кейіндегенің.

Автор актерлік өнердің ерекшелігін, өсу жағдайын театр өнерінің, жалпы өнердің өсу, ілгерлеу ерекшеліктерімен, оны бүкіл қоғамдық даму заңдылықтарымен ұштастыра алған. Оларды бір-бірімен байланыстырып, біргелікте қарастырады.

М.Әуезовтің бұл мақалалары – қазақ әдебиеті мен мәдениетінің де өсу, өркендеу жолдарын танытады, әрі осы жолда мол үлес қосқан тарихи құнды еңбектер.

1932 жылы Қазақстан кеңес жазушылар одағы өлкелік ұйымдастыру комитетінің бірінші пленумында Орынбек Бековпен бірге жасаған «Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері» деген баяндамасында М.Әуезов театрдың жаны репертуар екенін айта келіп, осы театр репертуарына енген көп шығармаларға талдау, шолу жасайды. Автор драматургия жанрын меңгеруде кейбір

жазушыларымыздың едәуір табыстары бар екенін, соның негізінде театрымыздың да өсіп келе жатқандығын атап көрсетеді. Сондай-ақ, ол алғашқы жылдары драматургтеріміздің көпшілігі тарихи тақырыпты айналшықтап қалғандықтан, олар жаңа адам бейнесін жасауда айтарлықтай ат салыса алмай келгенін де ашып айтады.

Әдебиетіміздің және театрдың өсуі үшін драматургтеріміздің жаңа тақырыпты игеруі қажеттігін автор басты мәселе етіп қояды. Осы бағытта қазақ драматургиясының қол жеткен табысы ретінде Бейімбеттің «Майдан» пьесасын бөліп атап: «Майдандар» бұл жағынан келгенде репертуарды ғана байытқан жоқ, актер образының проблемасын да театр алдында жаңа міндет есебінде ұсынды» (114.120), дейді.

Бұл баяндамада М.Әуезов театрдың келешек бетінің, бағыт-бағдарының қалай өсіп дамуы жөнінде басқа да салиқалы пікір ұсыныстарын ортаға салды.

Ал 1934 жылы Қазақстан кеңес жазушыларының бірінші съезінде жасаған «Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері» туралы баяндамасында Әуезов: «Жаңа үлгідегі социалистік реализм драматургиясының жаңаша, саяси-таптық мағынасы оның: 1) тақырыбынан, 2) драмалық түйіннен, 3) тұлғасынан (образынан), 4) сюжетінен (әңгіме өнерінен) көрінетін болады» (114.124), деп, драматургияда социалистік реализм әдісін игерудің басты жолдарын және осы тұрғыдан жеке драматургиялық туындыларды арнайы талдап қарастырады.

Автор алдымен тақырыпты атайды. Әдебиеттің қай жанрында болмасын, әсіресе драматургияда тақырыптың атқарар ролі өте үлкен. Оны, тек, жеңіл-желпі жалаң түсінуге болмайды. Шындығында, кез келген дәуір, кез келген өмір құбылысы көркем шығармаға тақырып бола алады. Сондықтан оның рецептурасын жасаудың еш қажеті жоқ. Бірақ қай уақытта болмасын, дәуір талабы, қоғам қажеті тұрғысынан түрлі тақырыптың табиғатын, мүмкіндігін, ерекшелігін ескере отырып, соны игерудің жолын да талқылап қарастыра отыру қажет. Бұл – қоғамдық ғылымдардың, әдебиет теориясының, әдебиет сынының бірден-бір міндеті. Міне, осы негізде автордың тақырып мәселесін социалистік реализмнің драматургиясындағы негізгі белгілердің бірі ретінде көрсетуі өте орынды.

30-жылдары, жаңа өндірістік, тұрмыстық қатынастар орнығып, нығаю процесі дәуірінде және әдебиетіміздегі жаңа жанр-драматургияның туып қалыптасу кезеңінде оның өмірмен, әсіресе күнделікті өмір құбылыстарымен етене жақын болуы өте-мөте керек болды. Мұны өмір қажеті де, өнер қажеті де талап етті. Сондықтан автор баяндамада драматургтеріміздің алдымен күнделікті өмір тақырыбын игеруі қажеттігін, ал тарихи тақырыпқа бара қалған күннің өзінде, оны бүгінгі





өмір қажетіне сай, жаңа көзқарас тұрғысынан сараптау керектігін баса айтады.

Социалистік реализм драматургиясының екінші бір белгісі ретінде Әуезов драмалық түйінді атайды. Оны қазіргі термин бойынша тартыс деп, немесе конфликт деп жүрміз. Бұл – драматургияның қашаннан айтылып келе жатқан өзекті мәселесі. Тартыссыз, конфликтсіз ешқандай драмалық шығарманың тумайтындығы белгілі. Ал қоғам өміріндегі өзгеріске сай жаңа мазмұн негізінде конфликті де жаңаша сипат алады.

Енді осыған сәйкес драматургияның негізгі белгілерінің бірі – тұлға (образ) да жаңаша өң алуы заңды.

«Адамның іші тереңдеу қажет. Тартыстың себебі, түйін байланысы үстірттеу, жеңілдеу болмайды, терең тамырларды бойлау керек. Сонда пьеса проблемалы пьеса болады» (115.70), дейді.

Осы тұрғыдан автор өзі алдыңғы қатарлы шығармалар деп тапқан Бейімбеттің «Майдан», «Талтаңбай» пьесаларын, Илиястың «Турксибін» алып талдайды. Бұл пьесалардың жоғарыдағы талаптарға негізінен жауап бере алатынын көрсете отырып, Әуезов олардың «әлі жетер өрісіне жетіңкіремей, баяу тартып жатқан» жайларына да тоқталып өтеді. Олардың барлығына дерлік тән негізгі кемістік – автордың көрсетуінде, ұнамды тұлғаның солғын шығуы: «...олар функцияның күйінде тұрып, біріне бірі ұқсаңқырап кетеді. Есте көп сақталмайды. Топталған коллективтік пішінмен ғана танылады... Қоғамдық, таптық Қалпынан басқа жеке адамдық пішіні көрсетілмеген. Сондықтан үстірт тұлға боп тұр» (116), дейді.

Драмалық шығарманың жоғарыда аталған белгілеріне тығыз байланысты төртінші белгісі – сюжет жинақтылығы. Автор қазақ пьесаларының, оның ішінде Илиястың «Турксибінде» де осы соңғы шарттың ойдағыдай орындала бермейтінін: «...драмалық түйін-қақтығыстар дастан үлгісінде, шұбалаң күйде қалыптанады. Уақиғалар да жәй, сылбыр өршиді. Тартыстың дәл өзімен тығындалған сюжет боп жедел басып, жепіріп, қаусырып жетіп отырмайды... Дастанша жәй әңгімелеу, баяу суретпен өрбу пьеса сюжетіне жол емес» (116) дейді.

Шынында да, көлемі белгілі мөлшерден аспайтын, аз уақыт ішінде жұртшылық алдында бар бітімімен бой көрсетуге тиіс шығарма ерекше жинақтылықты және динамикалықты керек етеді ғой. Классицизмнің әйгілі үш бірлік теориясы кезінде жайдан-жай келіп шықпаған. Ол драма жанрын игерудің қажетті сатысы сияқты.

Бұл көзқарас пікірлерін жазушы 1934 жылғы «Жақсы пьеса – сапалы әдебиет белгісі» атты мақаласында, 1936 жылғы «Әдебиеттегі формализм мен натурализм» туралы айтыста сөйлеген сөзінде, 1938 жылы жазған «Дінді әшкерелейтін пьеса» т. б. мақала, еңбектерінде өрбіте түскен.

М.Әуезов орыс драматургтерінің, жалпы одақ әдебиетіндегі

үздік туындыларды мысалға ала отырып, қазақ пьесаларының көп олқылықтарын ашып және олардың түп төркінін көрсетіп береді. Бізде, алдымен, шығарманың материалын өмір құбылыстарын терең зерттеп, байыппен бағдарлау, саралау кем екенін, яғни «таяз жүзіп, үстінен қалқып, шала-шарпығып жиып алған көп бытыраңқы материалдың астында қалатынымызды» айтады.

Екіншіден, біздің пьесаларымыздың құрылысы олақ екенін, жазушылардың әлі де драматургия заңын жете ұғып, техникасын дұрыс меңгере алмай келе жатқанын сынайды: «Құрылыс олқылықтығынан, түйін тартыстарды драма заңымен өрбіте алмағанымыздан адамымыз жанды, әсерлі, сергек адам болмай, пьеса адамы болмай, функция болып шығады» (116) дейді.

Сол кездегі пьесаларда, әсіресе, жаңа адамның, ұнамды кейіпкерлердің бейнесін жасауда орын алып келген схематизмді Әуезов әділ де батыл сынайды. Жоғарыда айтқандай, өмір оқиғаларын терең ғылыми негізде зерттеп білмей, кейіпкерді жеке индивидуальды қасиеттерімен дараламайынша шын мәніндегі жаңа адамның жанды бейнесін жасауға болмайды. «Ал біздің пьесаларда: комсомол неге жоқ? Партия неге жоқ? Белсенді әйел неге жоқ? – деп айтпасын дегендей қып, бәрі кіргізіледі де, соны партия атына, комсомол атына сай болсын деп, ылғи бір-ақ саламен жіберіледі. Нәтижеде пьеса адамдарының дұрыс тұлғасының барлығы шетінен өз ұйымдарының инструкторы болып шығады» (116).

Мұндай солақай кемшіліктен бүгінгі әдебиеттің кей шығармалары да құр алақан емес. «Пьеса – съезд, конференцияның бірі емес. Барлық басты ұйымның делегаттары қалмасын деу қажет емес. Қайта әр ұйымнан ұйым адамы еді деп кіргізу жоғарыда айтқан сияқты функцияны кіргізу болады» (99.264), деп автор өте әділ сын айтады.

Одан әрі жазушы пьеса ішіндегі адамдар жанды адам болумен бірге динамикалық (өскелең) адам болу қажеттігін көрсете келіп, көп пьесалардағы «салған жерден «шым-шын тіккендей», төрт тарабы түгел, лық толы» болып келетін дайын кейіпкерлерді сынға алады.

Шындығында, көркем өнердің негізгі міндеті ұнамды кейіпкерлердің әшекейлі суретін көрсетіп қана қою емес, қайта оның барлық жанды табиғи қалпын сақтап, өмірдегі түрлі ірі құбылыс, тартыстарға араластыра отырып, оның мінез-құлық, көзқарасының өзгеру, өсу жолын, шыңдалу жолын ашып көрсету ғой. Әдебиетті тәрбиелік мәні де осыдан келіп шықпақ.

М.Әуезов 1934 жылы өзінің «Айман – Шолпан» пьесасымен ашылған қазақтың тұңғыш музыкалық театрының өсіп қалыптасу ісіне де едәуір мол үлес қосты. Оның жалпы жұмысы, репертуары, жеке постановкалары туралы: «Қазақтың халық музыкасы мен музыка театры», «Театр, музыка кадры», «Қыз Жібек» қандай?» т. с. с. мақалалар жазып, онда музыка



театрының бағыт, жолы қандай болуға керек, ол қай негізде өсіп дами алды деген мәселелерді жан-жақты сөз етеді.

Қазақтың музыка театрының алғашқы іс-тәжірибесінде, негізінен ескі халық жырлары тақырыбына, жалпы тарихи тақырыпқа жазылған пьесаларды халық ән-күйімен сүйемелдеп сахнаға шығару мол орын алған. Алғашқы қойылған «Айман – Шолпан», «Шұға», «Қыз Жібек» және «Ер Тарғын» т.с.с. спектакльдер осындай тәжірибенің жемісі еді. Ал бұл тәжірибе халықтың рухани қажетіне, дәуір талабына, өнер табиғатына қайшы келмегендігінен болар, әлгі спектакльдердің кейбірі әлі күнге жұртшылық сүйсіне тыңдайтын опералық шығармалардың түрінен орын алады.

М.Әуезов музыка театрының халықтың ескі ән-күй мұрасын дұрыстап баурап алып, барынша кең, әрі терең мағыналандыра пайдалану жолын құптап, уағыздай келе: «Халық мұрасын көркемдеп, мағыналандырып пайдалану өзінен өзі де бір үлкен тарихи мәдени адым болумен бірге, бұл жұмыс осы іргеден жаңа төңкерісшіл музыка туғызуға, нағыз үлкен қазақ операсын туғызуға да үлкен әзірлік сияқты болып танылуы керек», дейді. Мұнда автор халық мұрасын дұрыс пайдалану, біріншіден, халықтың ғасырлар бойғы жиған-терген асыл қазынасын бүгінгі сахна арқылы жаңа сипатпен халық игілігіне айналдыру болса, екіншіден, сол асыл мұраны игеріп, бойға сіңіру нәтижесінде нағыз халықтық жаңа өнер тудыруға да негіз болатынын айтып отыр.

1934 жылы жазған «Қыз Жібек қандай?» деп аталатын мақаласында ол музыка театрының осы жыл ішінде қойылған үшінші шығармасы болып саналатын «Қыз Жібек» спектаклінен (либреттосы Ғ.Мүсіреповтікі, музыкасы Е.Брусиловскийдікі, режиссері Ж.Шанин, суретшісі Ненашев) алғашқы қойылған шығармаларға қарағанда халық мұрасын қаншалықты сәтті пайдалана алды, опера өнерінің ерекшеліктерін қаншалықты дұрыс игере алды, қандай жаңалық шешімдері бар? деген сияқты сұрақтарға жауап іздейді.

Автор «Қыз Жібектің» музыкасын құрастырып жазушы композитор Е.Брусиловскийдің «қазақ әуенін өсіру, мағыналандыру, тереңдету ісінде» және оларды операға сәйкестендіруде атқарған мол еңбегін атай отырып, кемшілігін де көрсетеді: «Бұрынғы қазақы әншінің ән салар алдында құр айқайлап алатын шылбыр создысын жоймапты. Осы сияқты көп әннің аяғындағы қайырмаларды кеспепті. Ән жеке тіршілік еткенде қайырма да, алғашқы айқай да керек. Ал операға кіргенде бұлар мына жаңалықтың ішіне сыймай, дестеден шығып бұра тартып тұрған сияқты» (117), дейді.

Мұнда автор опералық шығарманың тұтастық, бүтіндік қасиеті жайлы, оның жеке бөлшектерінің бір ортақ қалыпқа енуі қажет екенін айтып отыр. Дәл осы ойын өрбіте келіп: «Жібек әндеріндегі біздің

қатеміз: осыған он-он бес атақты әндердің бәрін әкеп үйе салыппыз. Ол әндердің әрқайсысы жұртшылыққа өте мәлім, қанықты ән екенін және әрбірінің өзде-өз бетінде (мазмұн, сарын, тақырыбымен) жеке-жеке, үлкенді-кішілі «Қыз Жібектер» екенін ескермеппіз. Сонымен Жібек операсының ішіндегі «Қара көз», «Ақ құм», «Дүние-айлардың» бәрі де атақты, даңқтылық, үлкенділік арқасында өз салмағын жоймай, өзіндік, бөтендік пішіндерін бұзбай, андыздаған жеке-жеке тұрғылардай, айрықша тақырыптардай болып тұр. Нәтижеде «Жібектің» өз тәні емес, Жібек күйі емес, Жібек қыздың басына киген қарқара, омырауына таққан тана теңгедей сезіліп тұр» (117) деп көрсетеді.

Шынында да, ел арасына кеңінен тараған, әрқайсысында жеке операның салмағындай терең мазмұн-мағына, кең арнасы бар қазақтың атақты әндерін үйіп-түгіп, олардың мазмұн, сарын ерекшеліктерін ескеріп, киюластырмайақ, бір ғана шығарманың бойына жай жапсыра салу айтарлықтай келісім-келбет бермесі сөзсіз.

Әуезов сахнаның декорациясына, киім-кешек жиһазына, хореографиялық сценаларға да, сондай-ақ, әнші-актерлердің өнеріне де арнайы назар аударып, операның түтіс бітіміне, суреттеліп отырған дәуір ерекшелігіне сай келіп отыруын қадағалайды. «Ерекше кемшілік – Бекежан тобын киіндіруде. Олар, жамандаушылар аузында қырық қарақшы, дәлінде әр елден шыққан бір алуан ереуілшілер, шығайлар. Бұларға неше алуан жорық киімін киіндіріп, аттарына ылайық аспап, құрал, сауыт-сайман беру қажет еді. Бұл топ сахнада көбінше бір момақан, сұр ғана топ боп сезіледі. Шынында, тірсек жең, жасыл кемзал бұларды найза басы, ат үсті жігіті қылмай, қатаң айтқанда, төмен етек, қыз текелеу қып көрсетеді. Бұл жағын қатты ескеру керек» (117) деп бір қарағанда кішігірім ғана мін болып көрінетін сыртқы киім үйлестігіне де үлкен мән беріп, оның образды аша түсуде атқаратын ролін өте нанымды етіп ашып көрсетеді.

Әнші-актерлердің еңбегіне байланысты ол музыка театрында әншілік өнері мен актерлік өнер бір-біріне сай келіп, бірін бірі сүйемелдеп тұрғанында ғана келісім табатынын айта келіп, осы тұрғыдан Күләш пен Манарбектің және Құрманбектің өнерін үлгі етіп ұсынады. «...Онда (Құрманбекте – К.С.) аз ғана әнді әсерлі тәтті ғып беретін ойын бар да, сол әннің мағына сезімін өтімді, күйлі ғып беретін суретшілдік бар, терең түсінік бар...» (117), дейді.

Ал басқа әнші-актерлеріміздің көпшілігіне ортақ кемшілік өз бойындағы бар өнерлерін баптай, өсіре түсудің кемдігі соның бір көрінісі дауыстың тым сүрең, әлсіз шығатындығы деп көрсетеді автор.

1935 жылғы «Қазақстанның көркем өнері» атты мақаласында ол осыған орай: «...бүгінгі сатыда симфония оркестрі ән-күй театрының әншілеріне ылғи тізе ғып, бойы ұзындығын ғып, басып шығып келеді.



Көп әннің тұсында әнші-актердің шеке тамыры адырайып, бар бейілімен аузы аңқиып ашылып тұрғанын көрмесең, үнінен жөнді ешнәрсе естімей бер жағындағы оркестрдің тайраңдап, әншінің әнін таптай басып жатқанын көресің» (117), дейді.

М.Әуезов мұның барлығын да көркем шығарманың келбетінің тұтас, әсерлі шығуының басты шарттары деп біліп, олардың бір-бірімен үйлесіп, жымдасып келіп, негізгі бір мазмұн, бір идеяны аша түсуі үшін ортақ келісім, көрік табуы керек деген көзқарасты ұсынады.

М.Әуезов бергін келе жазған «Драматургия заңы туралы кейбір ойлар» атты 1953 жылы СССР Жазушылар одағы басқармасының XIV пленумында сөйлеген сөзі мен 1954 жылы Қазақстан жазушыларының III съезінде жасаған баяндамасында қазақ драматургтерінің шығармалары туралы және жалпы драматургия жайлы өз көзқарасын мейлінше кең, әрі тиянақты баяндайды.

Алғашқы мақаласында автор қазақ әдебиетінің өсіп, айтарлықтай табыстарға жеткенін, ал біздің әдебиеттану ғылымымыздың, драматургия сынының оған ілесе алмай, драматургияның жетістіктері мен ерекшеліктерін саралап ашып көрсете алмай отырғанын қатаң сынға алады.

Бізде көп уақыт бойы, тіпті, әлі күнге дейін, әдебиет сынында әр жанрдың өз өлшемімен келмей, жеке жазушылардың өзіндік ерекшелік сырларын айқындамай-ақ, бір беткей жалпылама сипаттап, судыратып өте шығушылық кездеседі. Ал мұндай сынның әдебиеттің өсу процесінде атқарар рөлі мүлде мардымсыз.

М.Әуезов драматургияға байланысты орталық газет-журналдарда жарияланған арнайы мақалалар мен соңғы кезде шыққан оқулық, программаларда орын алып келген осындай кемшіліктерді көрсете отырып: «Бізде жоғары идеялық-көркемдік дәрежеде жазылған кейбір күшті пьесалар бар, бірақ сол табыстарды қорытындылап, одан да әрі алға қарай дамып, өсуіне жәрдем беретін ғылым саласы жоқ» (99.357), деп ашып айтады.

Қазақстан жазушыларының III съезінде жасаған баяндамасында М.Әуезов екі съезд аралығындағы, соңғы 15 жыл ішіндегі қазақ драматургиясының туындыларына жан-жақты талдау жасайды. Жазушы назарынан белгілі, белді драматургтеріміз Ф.Мүсірепов, Ә.Тәжібаевтардан бастап, бірді-екілі пьесалары мен енді-енді көріне бастаған жаңа, жас буындарға дейін бірде-бірі сырт қалмаған.

Баяндамада әрбір жеке шығарманың басты жетістіктері мен кемістіктері саралана, сараптала ашылып, сол арқылы қазақ әдебиетіндегі реалистік драманың игерілу жолы соның басты әдіс-тәсілдері, негізгі бағыт беті терең талданып, кең қамтыла әңгімеленеді.

Жазушының драматургия саласындағы көп жылдық творчестволық

тәжірибесі, өзінің әдебиет, өнер, қоғам жайлы түсінік, көзқарасы, жалпы өз бойындағы терең де мол білім, танымы баяндаманы ғылыми жағынан да, саяси-идеялық маңызымен де өте жоғары сапалы, дәлелді де дәйекті ете алған.

М.Әуезов қазақ кино өнерінің қалыптасып дамуына да мол үлес қосты. Жазушы көптеген пьесалар, либреттолар жазумен қатар, кино сценарилер де жазып отырған. Оның «Абай әндері», «Райхан» атты шығармалары экранға шығып, ал «Әйел жолы» атты киноповесі кейінірек «Жұлдыз» журналында жарияланғаны белгілі. Бұларға қоса М.Әуезов осы кино өнерінің кей мәселелеріне арнап мақалалар да жазып және республика киностудиясы көркемдік советінің тұрақты мүшесі ретінде студия шығарған әрбір фильмін талқылау, жасалу процестеріне де тікелей араласып, өзінің ақыл-ой кеңестерімен мол қолқабыс себін тигізіп отырған.

М.Әуезовтің сол мақалалары мен көркемдік советтің мәжілісінде сөйлеген сөздерінің стенограммаларынан оның кино өнері сияқты қиындығы мол, күрделі, әрі тосын өнердің өзгешелік сырларын, ерекшелік қасиеттерін қаншалықты терең түсініп, жете меңгергенін айқын байқауға болады.

Жазушы 1944 жылы «Казахстанская правда» газетінде «Литература и кино» атты мақаласын жариялап, онда кино өнерінің туып, қалыптасуында, дамуында әдебиеттің үлкен роль атқарғанын, әлі де зор ықпал жасайтын мүмкіндіктерін атап көрсетеді.

Халықтың өнер-ғылымының, рухани мәдениетінің өсіп гүлдену сатысында туған өнердің бұл саласы – біздің ғасырымыздың, біздің заманымыздың төл өнері. Ол адамзаттың рухани қажетінен туған, сол рухани, қоғамдық қажетті өтеу жолына қызмет етеді. Сондықтан ол әдебиет пен көркем өнердің басқа түрлерінен көп үлгі-өнеге ала отырып, өз кезегінде солардың да жедел өсіп дамуына өз әсерін тигізеді.

Соған байланысты: «Киноискусство всех стран с истории своего зарождения черпало необычайно много из классического наследия мировой литературы, и сейчас черпает все новое, оригинальные, выдающиеся, художественно высокоценное из литературы современной. Эта связь нерушимая, вечная... Кино дополняет и обогащает литературу, часто опережает ее... Кино справедливо гордится своей органической связью с народным творчеством. Оно всегда легче, лучше находило внутренний контакт как наиболее народное искусство с народными истоками» (118) дейді автор.

Қайсыбір өнердің болмасын, ерекшелігі, өзгешелігі оны тудырған уақыттың, заманының ерекшелігіне байланысты болары сөзсіз. Тіпті, ерте кезеңде туып қалыптасқан өнердің түрлері де әрбір жаңа кезеңге, дәуірге сай өзгеріп, жаңарып отырады. Бұл – қоғамдық дамудың диалектикасы.



Жаңа қоғамдық қатынастар дәуірі, жедел техникалық прогресс заманы тудырған кино өнері өзіне қажетті көркемдік құралды көркем әдебиет, театр, сурет, музыка т. б. өнер түрлерінің қоспасынан ала тұра, сол жаңа дәуірдің қарқын-қалыбына сай мүлде жаңа сынатты өнер түрі болып қалыптасқан.

Осыны өте дәл танып, түсінген Әуезов кино өнерінің қазіргі біздің қоғамымызда болып жатқан өзгерістер мен жеке адамның ішкі өміріндегі жаңа құбылыстарды жаңаша бейнелеудегі артықшылықтарын аса жоғары бағалайды.

Бұл, әрине, кино тек бүгінгі күн тақырыбын бейнелеп, тарихи тақырыпқа бара алмайды деген сөз емес, ол тарихи болмыс құбылыстардың өзін сол жаңа адамның сезім, танымына сәйкес бүгінгі заман қажетіне лайықты бейнелеуде өнердің өзге түрлерінен гөрі мүмкіндігі молырақ. Біз бұл арада киноны әдебиетке, көркем өнердің басқа түрлеріне қарсы қойып отырған жоқпыз. Кино ешқашан да әдебиетті, театрды жұтып қоя алмайды. Әдебиетте де, театрда да киноның қолы жете бермейтін көптеген өзіндік ерекшелік қасиеттері бар екені даусыз.

М.Әуезов киностудияның көркемдік советінің мәжілісінде сөйлеген сөздерінде, негізінен, нақты бір шығарма жайында, соның өзі байқаған жетістік, кемістік жақтарына тоқталып, нақтылай пікірлер айтып отырған. Міне, осы жеке шығармаларға байланысты айтылған нақты пікірлерінен оның теориялық көзқарасы да айқындала түседі.

Ә.Нұрпейісов пен Т.Ахтановтың «Теңіз хикаясы» атты киноповесін талқылауда М.Әуезов оның көптеген жетістік жайттарын айта келіп: «...я должен сказать, что вещь названа сейчас киноповесть, потому что это еще не сценарий. Здесь есть присущая для литературного произведения широта, но собранности, стремительности действия нет. Многотемность, а отсюда и рассеивание впечатления. А кино требует стремительного движения, динамики» (119.204-205) деген. Автор көркем әдебиетке тән жайылыңқылық, жайбарақат өрбудің киноға жараса бермейтіндігін өте дұрыс түйіндеген.

Дәл осы тұрғыдан И.Саввинмен бірге жазған сценарийі бойынша Ш.Аймановтың қойған «Бір ауданда» атты кинофильміне де едәуір сын айтқан. Мұнда Әуезов С.Бабаевскийдің мақтау дақпыртқа ие болған «Алтын жұлдызды жігіт» романындағы Сергей мен Иринаның арасындағы көзге бадырайып тұрған жасанды, жалған қайшылықтарды мысалға ала отырып, фильмдегі сюжет туралы: «...Есть длинноты и повторения, мал сюжет, недостаточен для полноценного художественного фильма. Он хорошо обыгрывается актерами, профессионально хорошо поставлен, однако раздуваются те ситуации, которые должны быть давно закончены... Картина создана на навязших в зубах фактах нашей действительности. Наша литература уже прошла этот путь, а Вы повторяете» (119.153-154), дейді.

Жазушы кино өнерінде де драматургиялық шығармадағыдай уақиғаның мейлінше жүйелі, жинақты болуын және оның шиыршық атып тұратындай ішкі қуатының мол болуы керектігін баса айтады. Бұл, әрине, уақиғаны шым-шытырман детективке құру керек деген сөз емес, қайта, кино мамандарының көпшілігі үйір келетін ондай қызықты уақиға қуалаушылыққа М.Әуезов мүлде қарсы.

«Абай» романы бойынша, Луговскийдің жасаған әдеби сценарийін талқылауда ол: «Конечно, есть много закономерностей кино с которыми нельзя не считаться, но мне думается, есть еще много случаев схематического мышления деятелей кино, когда они подходят к работе над сценарием и постановкой. Они считают, что борьба должна быть обязательно борьбой в ее внешнем выражении. А это была борьба в душе отрока и будущего поэта» (119.45-46) деген пікірді айтады.

Бұдан автордың кинода да, әдебиеттегі, көркем өнердің басқа түрлеріндегі сияқты, өмірдің, болмыстың сырттай қызығынан гөрі ішкі құбылысын, адам психологиясын тереңірек көрсетуге ұмтылуы ұтымды деп есептейтінін көреміз.

Осы негізде М.Әуезов ұлт республикалары киностудиялары шығарған фильмдерде ұлттық характер, ұлт психологиясының айқынырақ көрінуі қажеттігін мұқият зер сала қадағалайды. «Қазақфильм» т.б. ұлт республикалары киностудияларында әуелгі кезде маман кадрлар жетіспеуі салдарынан республика өмірімен таныстығы жоқ кейбір авторлар күлдібадам сценарийларды, кейіпкерлерінің есімін ғана өзгертіп, жер-жерге жөнелтіп отырған. Ондай шығармаларда ұлттық қасиет, ұлттық ерекшелік дегендердің өз дәрежесінде бола бермесі сөзсіз. Тек оларда ғана емес, жалпы психологиялық тереңдікке бара алмаған шығармалардың қай-қайсысында болмасын, ұлт өкілдерінің өзіндік типтік бейнесі айқын көріне бермейтін.

М.Әуезов осы мәселеде Абызов пен Хұсайыновтың «На диком берегу Иртыша» атты сценарийін және С.Ходжиковтың «Маржан» кинофильмін талқылауда сөйлеген сөздерінде арнайы тоқталады.

М.Әуезовтің назарынан республика киностудиясында түсірілген көркемсуретті фильмдер ғана емес, кейбір хроникальды документті фильмдер де, кинодағы актер ойынының ерекшелігіне байланысты мәселелер де сырт қалмайды. Біздің документальды кинофильмдерімізде көп орын алып жүрген, цифр қуалап, өндірісті тізіп көрсете беру сияқты жалаң тәсілдерді сынға алып, Әуезов жалпы фильм атаулыда, мейлі ол көркемсуретті, мейлі документальды болсын, негізгі міндет – «өмірді, табиғи шындық болмысты, көрермен көпшіліктің сезіміне, жан-дүниесіне әсер етерліктей, көркем шындық дәрежесінде көрсету болып табылады деген пікірді айтады. Яғни, ол: «...фильм должен не только убеждать, действовать на интеллект, – фильм должен петь», дейді.





Сондай-ақ 1959 жылы Қазақ киностудиясы «Достық жолымен» деген фильм-балет түсірмек болғанда, республиканың хореография өнері әлі өсіп жетілмегенін ескертіп, әзірге фильм-балет түсіруге ертерек» деп есептеген Әуезов: «...Люди, узнав о таком фильме-балете, всегда будут ожидать такого коренного номера, который поэтически, пластически, технически представит то, что на зрителя будет производить чарующее действие. А то, что кто-то сумеет станцевать, просто выполнит какой-то номер, это не те средства, с которыми можно выходить на экран» (119.40) дейді.

Ал актерлердің ойынына байланысты мәселеде М.Әуезов жеке актерлердің нақты бір ролін талдап қана қоймай, жалпы актерлік шеберлік мәселесіне байланысты өзінің теориялық толғамдарын да айтып отырған. Сонымен қатар ол киноның сценалық өнердің басқа түрлерінен гөрі жаңа актерлер табу, таланттар ашу мүмкіндігінің мол екенін ескертіп, әрбір жаңа фильмге белгілі бір актерлер тобын айналсоқтай бермей, мейлінше жаңа актерлерді, жас күштерді көбірек тартып, ұйымдастырып отыру қажет дейді.

Мұның бәрін де Әуезов ұлт өнерінің өсу бағдары мен келешегін кеңінен ойлап, терең сезінгендіктен, үлкен азаматтық жауапкершілікпен айтып отыр. Ойшыл жазушы мұнда да жеке факті, жеке құбылыстарды жалпы өнердің қоғамның даму заңдылықтары аясында үлкен әлеуметтік мазмұн тұрғысынан қарастырады.

#### **4. Дәстүр мен жаңашылдық жайында**

Мұхтар Әуезов әдебиет пен өнердің ең өзекті мәселелерінің бірі ұлттық дәстүр мен жаңашылдық мәселесін өзінің әдебиеттану туралы жазған алғашқы еңбектерінен бастап өмірінің соңғы күндерінде жазған мақалаларына дейін үнемі назардан тыс қалдырмай сөз етіп, өз ой-толғамдарын айтып отырған. Оның Абай өлеңдеріндегі, басқа дәуірлердегі әдеби дәстүрлердің өсіп дамуы жайлы, проза, драматургия, театр, кино өнерлерінің туып қалыптасуы жайлы тың, соны ой-пікірлерін жоғарыда өз кезегімен белгілі мөлшерде қарастырып өткендей болдық.

Енді осы дәстүр мен жаңашылдық жайын теориялық тұрғыдан арнайы сөз ететін кейбір еңбектеріне де тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз.

М.Әуезов 1960 жылы Мәскеуде өткен Шығыстанушылардың XXV халықаралық конгресінде осы тақырыптағы баяндамасында әдебиеттегі ұлттық дәстүрдің болмысын былайша айқындайды: «Әдебиет пен көркем өнердегі ұлттық дәстүрлер сан ұрпақтардың дүниені көркем оймен тану жолындағы озағ тәжірибелерінен жасалғаны мәлім. Дәстүр болмысты көркем образдарға айналдырудың ғасырлар бойы

машықталған тәсілдерінен және айналамызды қоршаған қоғамдық орта мен табиғатты ой таразысына сала отырып бейнелеудің ұрпақтарға мирас болып келе жатқан қағидаларынан құралады. Дәстүр тұлғасы – тарих талқысынан өткен, халықтың ой-сезіміне етене болған халықтың эстетикалық талғамына төтеп бере алатын бейнелеу нақыштар мен күллі ұлттық тіл байлығы арқылы айқын көрінеді. Ұлттық дәстүрлер көркемдік шеберліктің халықтар жинаған мол қазынасын ғасырдан ғасырға әкеп тапсыратын эстафета іспетті» (120).

Жазушының бұл пікірін ұлттық дәстүр проблемасы жайлы ілгері-кейінді беріліп жүрген анықтамалардың ең түбегейлі, толық та, нақты үлгісі деуге болады.

Осы негізде автор әдебиеттегі ұлттық түр категориясының басты белгілерінен де айқындап ашады. Ұлттық түрдің белгісі жайлы да түрлі пікір айтушылар бар: кейбір әдебиетші ғалымдар бұл мәселені жеңіл-желпі ұғынып, оның белгісі ретінде тек сыртқы ұсақ өзгешеліктерді ұсынып жүрсе, енді біреулер ұлттық түрдің бірден-бір белгісі ретінде ұлт тілі деп қана біледі.

М.Әуезов мұндай түсініктердің бір жақты екенін дәлелдей отырып, ұлттық түрдің басты белгісі – «қандай бір тарихи, әдебиеттік ортада болмасын, ұлттық характерді бейнелей отырып, туған әдебиетінің топырағында социалистік реализм әдісін дамыта түсу» (121), дейді.

Шынында да, ұлттық түр дегенде, көркем шығармадағы кісі аттары, жер аттары сияқты тек тіл өзгешелігімен ғана қанағаттанып қалуға болмайды. Шығарма бір тілден екінші тілге аударылады. Сонда ұлттық түр өзгеріп, жоғалып кетуге тиіс пе? Әрине, жоқ. «Қазақ, өзбек, латыш, армян, грузин жазушыларының орыс тіліне аударылған роман, повесть, өлеңдерінен біз сол халық өкілдерінің өз тілдерінде сөйлеп тұрған жүрек лүпілін сеземіз» (121), дейді Әуезов.

Олай болса, көркем шығарманың тілі ұлттық түрдің бірден-бір белгісі бола алмайды екен. Оның үстіне кейбір ұлт жазушылары өз шығармаларын екінші ұлттың тілінде, яғни, орыс тілінде жазып, өзінің ұлттық дәстүрін, ұлттық әдебиеті мен мәдениетін байытып, дамытуға ат салысуда.

Ұлттық түрдің ерекшелігі ретінде М.Әуезов ұсынып отырған белгі – ұлттық характер мейлінше кең ұғымға ие.

Алдымен, сол ұлттық характердің өзі жеке бір халықтың ғасырлар бойы тұрмыстық, мәдени дамуына қалыптасқан ұлттық салт-сана, ұлттық дәстүр негізінде туады. Ал енді осы ұлттық характерді жасаушы суреткердің өзі де – сол ұлттың топырағында өсіп-өнген, ұлттық дәстүрден тәлім-тәрбие алып толысқан халық өкілі. Оның түсінік-түйсігінде, ойлау, сөйлеу, мәнерінде ұлттық ерекшеліктің таңба-табы мол болары сөзсіз. Міне, осындай шын мәніндегі суреткердің қолынан шыққан ұлттық характер ұлттық түрдің айқын көрінісі болмауы мүмкін де емес.



Ұлттық түр, сондай-ақ ұлттық дәстүр өзгермейтін, қатып қалған қалып емес. Ол да уақыт жылжуымен, қоғам өмірінің өсуіне сәйкес өзгеріп, диалектикалық даму процесінде болады. Жаңаның аты – жаңа. Оның да әрқашан кедергісіз, талассыз қалыптаса қоюы қиын.

Бұл мәселеге байланысты да Әуезов үлкен білімдарлықпен өрелі пікірлер айтады: «Жаңа ұлттық форма өмірдің өз әсерінен туады. Біріншіден, өткенде жасалған туындылардың бәріне сын көзқарас, дұрыс баға беріледі. Халықтың ұғымына, психологиясына төтеп бере алатын туындылар іріктеледі. Озғын прогрессивтік нәрселер өзінің бұлжымас орнын алады...

Екіншіден, жаңа дәстүрлер жаңа көркемдік элементтер жасап, ұлттық форма өзгеріп отырады.

Үшіншіден, мәдени дамудың қазіргі жағдайында ұлттық форма жаңа сипаттармен байи түседі. Отанымыздың, басқа халықтарының әдебиеттерінің қолы жеткен формаларын қабылдай отырып, жаңа қасиеттерге ие болады» (121), дейді.

Уақыт озған сайын жалпы дүние жүзі халықтары арасындағы достық, мәдени қатынас нығайып, ұлғаюда. Соның нәтижесінде бір ұлттық топырағында туған әдебиет пен көркем өнердің үздік үлгісі басқа халықтардың да игілігіне айналып, олардың өз әдебиеті мен өнерін, мәдениетін дамытуға зор ықпалын тигізіп отыр. Әдебиеттің бүгінгі жағдайы, өсу барысы, келешегі жайлы пікір қозғағанда бұл мәселе есте болуы қажет. Дүние жүзі әдебиеті мен өнерінің тарихына, тарихи заңдылықтарына жете қанық, білгір ғалым М.О.Әуезов бұл мәселеге ерекше көңіл бөлді. Ол өзінің қазақ совет әдебиеті мен көркем өнер жайлы жазған алғашқы мақалаларында-ақ өзге халықтардың, алдыңғы қатарлы елдердің әдебиетіндегі озық дәстүрлерді қалай қабылдап, қандай жолмен игеру керектігін жан-жақты қарастырады.

1926 жылы жазылған «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты мақаласында жазушының осы мәдениет үлгілерін қабылдап игерудің жолдарын басты мәселе етіп алып, оған дұрыс ғылыми шешім тапқандығын жоғарыда айтып өттік.

Кейінгі еңбектерінде де Әуезов сол көзқарасын тереңдете, толықтыра түскен. Ол көзсіз еліктеу атаулының қандай түріне болмасын үзілді-кесілді қарсы болды. Дүние жүзі елдерінің алдыңғы қатарлы әдебиеті мен өнерінен үлгі алып, үйрену қажеттілігін бар ынта ықыласымен насихаттай тұра, жазушы сол үйренудің дұрыс бағытта талғаулы да табысты болу жағын қатаң ескертеді.

1959 жылы М.Фетисовпен бірге жазған «Особенности развития литературы социалистических нации» деген мақаласында түрлі халықтар әдебиетінің өзара байланысы атамзаманнан бері, ауыз әдебиеті нұсқаларына эпостық жырлардан басталып, ғасырлар бойы бір ұлттың

топырағында туған кесек туынды басқа ұлт өнерінің өсіп, дамуына үлкен ықпал етіп келгенін айтады. Автор: «Во всем историческом конкретном творчестве писателей, живописцев, композиторов, скульпторов разных народов и разных эпох неизменно сказывалась внутренняя закономерность. Осознавали ее или не осознавали творцы художественных ценностей, но народности, нации постоянно так или иначе воздействовали друг на друга. Лучшие достижения литературы и искусства, выросшие на жиной национальной почве, общечеловечны в истинном смысле этого понятия» (122), деп жазады.

Осы тұста М.Әуезовтің халықтар арасындағы әдеби, мәдени байланыстың ең өнімді жолы – көркем аударманың теориялық және практикалық мәселелеріне қатысты сіңірген еңбектеріне де тоқтала өтпекпіз.

Мұхтар Әуезов жастайынан орыс әдебиетінен және сол арқылы дүние жүзінің классикалық әдебиетінен сусындап, нәр алып өсті. Оның алғашқы көркем шығармаларынан да, сондай-ақ әдеби-ғылыми еңбектерінен де сол алдыңғы қатарлы елдердің мәдениеті мен әдбиетінің игі әсері айқын сезілгендей.

Міне, осы бір жайды өте дұрыс ұғына алған жас талапкер Әуезов сол әуелгі кезде-ақ орыс және батыс классиктерінің үздік туындыларымен танысып қана қоймай, олардың кейбірін қазақ тіліне аударды. Ол орыс әдебиетінің дарқан классигі Лев Толстойдың «Будда» атты әңгімесін 1918 жылы аударып, «Абай» журналының I-санында жариялаған. Кейінірек, жазушылық қаламы әбден төселіп, дараланған кезінде де Әуезов орыс-батыс әдебиеті классиктерінің, драматургтерінің үздік шығармаларын қазақ тіліне аударумен болды.

В.Шекспирдің – «Оттелосын», «Асауға тұсауын», Л.Толстойдың – «Той тарқарын», «Булькасын», Дж.Лондонның – «Қасқырын», Н.Гогольдің – «Ревизорын», И.Тургеневтің – «Дворян ұясын», А.Афиногеновтың – «Қорқыныш», Н.Погодиннің – «Ақ сүйектер», К.Треневтің «Любовь Яровая» пьесаларын т. б. шығармаларды орыс тілінен қазақшаға аударған.

Сондай-ақ, жазушының қазақ тілінен орыс тіліне аударған тәжірибесі де оқушы көпшілікке аян. 1933 жылы ол З.Кедринамен бірге І.Жансүгіровтің «Дала» поэмасын орыс тіліне аударып, жеке кітап етіп бастырып шығарған. Ал, «Казахстанская правда» газетінің 1934 жылғы 8 қаңтардағы санында жарияланған «Над чем я работаю» деген хабарында М.Әуезов: «Помимо самостоятельно творческой работы занимался переводами с казахского на русский и с русского на казахский. С русского мною недавно переведена и включена в репертуар театра оборонная пьеса «Князь Мстислав Удалой», и с казахского на русский переведены «Турксиб» Джансугурова и свои пьесы «Борьба», «Энлик-Кебек» деп жазған болатын.



Үздіксіз творчестволық еңбек үстінде ерекше ықылас қоя қолға алған осы аудармашылық еңбектері жазушының жай машық іздеуінен туған емес, қайта, мұны негізгі творчестволық қызметімен тікелей байланыстыра отырып, біріншіден, халықтың, әдебиет пен мәдениеттің өскелең қажетін өтеуге тигізген қолқабыс деп білсе, екіншіден, осы жолда өзінің жазушылық, суреткерлік, шеберлігін өрлендіре, шындай түсудің де бірден-бір тәсілі деп түсінді.

Әуезовтің бұл түсінігі, жалпы көркем аударманың түрлі мәселелеріне байланысты көзқарас оның ғылыми сын-зерттеу еңбектерінен айқын байқалады.

Ол аударманың теориялық-проблемалық және практикалық мәселелеріне арнап: «Пушкинді қазақша аудару тәжірибелері туралы» (1936 ж.), «Ревизордың аудармасы туралы» (1936), «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалары» (1937), «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы» (1937), «Жәңгір» жыры қазақ тілінде» (1940), «Пушкин и братские литературы советского народа» (1949), «Дворян ұясы» романының аудармасы туралы» (1952), «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» (1955), «Художественные переводы литературы народов СССР» (1955) т. б. мақала еңбектерін жазған.

Ал бұл мақалалары арқылы жазушы шебер аудармашы ретінде ғана емес, сонымен бірге көркем аударманың үлкен теоретигі, жетік білгірі есебінде де одақ жұртшылығына кеңінен танылады. Ол турасында 1965 жылы орталық баспа орындарынан М.О.Әуезовке арнап шығарылған «Мастерство перевода» атты жинақтағы «Слово о Мухтаре Ауэзова» деген мақаласында М.Қаратаев та, «Рухани қазына» деп аталатын аударма жайындағы кітабында ғалым Ә.Сатыбалдиев те өте орнықты айтып өткен.

М.Әуезовтің әдебиетші зерттеушілеріміздің назарынан сырт қалып жүрген «Евгений Онегиннің» қазақшасы туралы» атты мақаласы – жалпы аударма жайлы жазылған ілгергі-соңғы еңбектерінің ішінде бітімі бөлекше, ерекше деп қарауға тұрарлық шығарма.

Бұл мақала, негізінен, «Евгений Онегиннің» Ілияс Жансүгіров жасаған аудармасын талдауға арналған. Дегенмен Әуезовтің жалпы творчествосына, табиғатына тән кең тыныстылық – тереңнен тартып, мол қамтырлық қасиет мұнда да өз көрінісін тапқан. Жазушы алдымен поэзия шығармаларын бір тілден екінші тілге аударудағы өзгеше қиындықтарды, соған сәйкес қазіргі аудармаларда мол орын алып жүрген кей кемшіліктерді талдап қарастырады.

«Тап басып, дөп тиген кезінде өлең жолы қыл өтпестей боп, өте бір жымдасып құрылған жол емес пе? Мұндай жолдың ішінде жеке сөз ән нотасының құр созылып айтылғаны сияқты емес, өзінше бір балқыған дірілмен айтылған нотасы сияқты болады. Ол сөз бір мағына,

бір-ақ ұғымды білдіріп, сонысымен қатып, сілейіп тұрып қалмайды. Түр мағынасынан басқа да елес, әсер беретін сөз болады» (123), деп, поэтикалық тілдің ерекшелігін көрсете отырып, енді осының басқа тілге аударғанда, әсіресе ұлт тілдерінен орыс тіліне аударуда, қолданылып жүрген тәсілдің – подстрочник арқылы аударудың, – көп олқы жақтарын атап өтеді.

Тіл білген кісінің бәрі ойдағыдай аудармашы бола алмайтынын, ал аудармашы ақындардың ұлт тілдерін біле бермейтінін ескеріп, автор кейбір ірі ақындарымыздың, әсіресе «Тихоновтың грузин тілінен жасаған аудармаларында оның асыл нұсқаға қаншалық зерттегіш ақын қолымен жанасқанын» айрықша атап көрсетіп, соның аудару тәжірибесін үлгі етіп ұсынады.

Ал Тихоновтың аудару тәжірибесі дегенде, автор оның тілді білмесе де шығарманың мағына-мазмұнын ғана емес, барлық ерекшелік тетіктерін, тіпті, ырғақ әуеніне дейін жете ұғып алып, «асыл нұсқаның нәзік қылдарын табуға» ұмтылатын зерттеушілік әдісін айтып отыр. Бұл әдіс негізінен, тек түпнұсқасының тілін білмейтіндер үшін ғана емес, тіл білетіндер үшін де көркем аудармадағы ең дұрыс жол деуге болады. Әуезов осылай деп тауып, орыс тілінен қазақ тіліне аударушыларға да шығарманы алдымен «ғылым жолымен терең бойлап» оқып, ұғынып алуды ұсынады.

Айталық, Пушкиннің «Евгений Онегинін» аударуда Ілиястың сол кезге дейін қазақ аудармашылары арасында орын теуіп келген, «қазаққа түсінікті етеміз» деген желеумен ауырдың үсті, жеңілдің астымен кететін ақаулы тәжірибеден аттап өтіп, «табандап ізденіп, бата қимыл істеген жаңалық әдісін» қолдайды, аудармашының осылай «сарыла зерттей еңбек етуі нәтижесінде «Евгений Онегин» Пушкиннің өзіндегі 14 жолды шумақпен, өз қалпында беретін, тіл образын да қазақша төлеу салмай, өз айтуынша аударып беретін үлгімен», яғни шығарманың өз стилін, өз түрін бұлжытпай сақтағанын ерекше атайды. Ілиястың осы «Евгений Онегинді» аударудағы жаңалық әдісіне сүйене отырып:

«Бұл әдіс, қазақтың жас мәдениетінің бүгінгі күйін алғанда, негізгі, тарихи зор мәні бар әдіс болады. Анығында біз қазір көркем өнер мен әдебиеттің дүниелік ірі белгілерін алғанда, өз оқушымыздың әзірлігі аз боп тұрған күйіне қарай бейімдеп, жонып-мініп кішірейтіп, әлсіретіп алуымыз керек емес. Қайта бұл оқушының өзін көтеріп, өсіріп, асыл мұраны барлық ұлы тұлғасымен тұтас түсінетін сатыға апаруымыз керек. Олай болса, Пушкин де қазақ әдебиетіне дәл Пушкин қалпымен өңін өзгертпей кіруі керек. Өзіне біткен ерекшелігімен, бұл күнге шейін қазақ оқушысы көрмеген тереңдігін толық көрсетіп, жаңа серпіні зор мол бір арнадай боп өз түрін, өз стилін ала кіруі керек» (123), деген пікірді айтады.



М.Әуезов осы ой-пікірлерін аударма жайлы келесі мақалаларында толықтыра, тереңдете түскен, 1955 жылы жазылған «Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері» атты мақаласында жазушы өзінің ілгері еңбектерінде айтылған ой-пікірлерін дамытып, қорытынды тұжырымдар жасалған.

Онда автор осы аударма мәселелері жайлы көп жылдар бойы пікір алысып, жекелеген құнды зерттеулер де туып жатқанымен, әлі күнге ол туралы жүйеленген теориялық ортақ шешімдерге келе алмай жүргенімізді айтады. Оның басты себебі, М.Әуезовтің пайымдауында аударма жайында жазылған еңбектерде, көбінесе, жеке аудармалардың кемшілігін көрсетумен ғана шұғылданып, ал үздік аудармалардың жетістігін көрсетумен үлгі, өнегелі тәсіл-тәжірибелерін саралап таныта алмай отырғанымызда. Соның салдарынан біздің көп аудармаларымызда, әсіресе, ұлт тілдерінен орыс тіліне аударғанда жалаң подстрочниктерді ғана пайдаланып, «түпнұсқа авторы сәтін келтірген ділмар тапқырлықтар, сөйлем кестесінің гүл көріктері, прозаға берілген өлең сынды үндестілік қасиеттердің бәрі де дарымай тыс қалды. Белгілі бір кейіпкер үшін автор әдейі ойлап шығарған, халық мақалынан мүлде өзге, тың, нақыл сөздер де әлсіз аударылады, сөз құрамының ырғағы, әуені сезілмейді, көптеген шебер тілді жазушылардың шығармаларындағы сөз ойнақылығы да өшіп кетеді» (99.389).

Мұндай олқылықтардан құтылу үшін, «...аудармашы негізгі шығарма авторының тіл ойлау дүниесіне айрықша ыхтият болып, мұқият зер салады. Ол аудармаға сол шығарманың барлық материалын жақсы біліп алып кіріседі, шығармада суреттелетін халық тарихын зерттейді, кейіпкердің дәуірімен, ортасымен терең танысып алады» (99.390), дейді автор. Сөйтіп, мұнда да Әуезов ілгері мақаласында көтерген мәселесіне қайта оралып, оны дамыта, тереңдете түскен.

Сонымен қатар, жазушы аудармашылардың және бір мықтап ескертетін мәселесі – аударылатын шығармалардың ұлттық формаларының өз дәрежесінде сақталынуы, өйткені бұл арқылы түпнұсқаның негізгі қасиеттері айқын көрінуімен қатар, басқа ұлт әдебиеттерінде қалыптасқан ұлттық дәстүрлер байып, дамиды деп біледі.

Міне, бұл еңбектерінде М.Әуезов өзі сөз етіп отырған жеке мәселелерді үлкен қоғамдық даму заңдылықтары аясында қарастырып, солармен сабақтастыра танытады.

Қалмақ халқының «Жәңгір» жырының қазақ тіліне аударылуына байланысты 1940 жылы, «Социалистік Қазақстан» газетінің 18 сәуірдегі санында жарияланған «Жәңгір» жыры қазақ тілінде» деген мақаласында автор біздің аудармашы ақындарымыздың еңбегіне талдау жасап, жетістік, табыстарын бағалай келе, аударма өнерінің жалпы ерекшелігіне байланысты: «...Қазақшалансын, қазақыланбасын. Бұл екі жайдың

арасы көш құлаш жер. Шығарма қазақшаланады екен деп өзінің анайы топырағындағы өзіндік бітім кескінінен, иісі лебінен айрылып қалмасын, ұғымды болсын деп қазақтың тон, тымағын кигізсек, жол болмайды. Онда Пушкинді Пушкин тұлғасымен, өз орнымен әкелмей, өз ауылымызға қонсы қондыра әкелген боламыз», – дейді.

Ал бертін келе түрлі халықтар әдебиеттерінің арасындағы байланыс нығая, дами түсіп, соның нәтижесінде әдебиетіміз де, оқушы жұртшылығымыз да өскен кезеңде жазушы өзінің аудармашылық тәжірибесінде, яғни 1952 жылы И.С.Тургеневтің «Дворян ұясы» романын аударғанда және сол туралы жазған алғы сөзінде, 1957 жылғы «Көркем аударманың теориялық мәселелері» атты көлемді мақаласында аударманың түп нұсқаға мейлінше дәл келу жағын айтып, тіпті, «сөйлеміне сөйлем орай етіп аударуды» ұсынады. Өйткені «сөйлемін дәл беру – жазушының стилін дәл беруге себепші болады» деп түсіндіреді автор.

Кезінде жазушының осы аудармасы мен осы мақалаларының төңірегінде біраз пікір таласы болды. Сыншы М.Қаратаев Әуезовтің «Дворян ұясы» романын аударуда қолданған тәжірибесінің жете сәтті шықпағанын, ал аудармашы Ә.Ипмағанбетов оның жоғарыда біз келтіріп өткен пікірін толық қуаттай алмайтынын жазған еді. Аударма мәселесімен арнайы шұғылданушы маман-ғалым Ә.Сатыбалдиев те бұл мәселеге арнайы тоқталып: «Аудармада күрделі сөйлемді күрделі сөйлеммен жеткізу күні бүгінге дейін практикалық жағынан көптеген ішкі сырларын ашып, терең талдауды керек ететін проблема. Мұнда ең алдымен екі тілдің әрқайсысына тән ерекшеліктері мен бір-біріне ұқсамайтын ішкі заңдылықтары сөзсіз бой көрсетеді. Сондықтан, абайламаған адам, тек қана түпнұсқаның сөйлеміне сөйлем орайластырамын деп отырып, оның ықпалына түсіп кеткенін білмей қалуы, соның салдарынан аударма еңбектің ұғымдылығын, әсерлілігін көркемдік-эстетикалық ләззатын кемітіп алуы әбден ықтимал» (124) деген пікірді айтады.

Автордың бұл ескертпесінің орындылығында дау жоқ. Сондай-ақ, Әуезовтің осы тұстағы өз тәжірибесінің де айтарлықтай сәтті шықпады деген пікірімен де белгілі мөлшерде келісуге болады. Ал солай болған күнде де, жазушының жоғарыдағы көзқарасын теріс деуге ешқандай негіз жоқ сияқты.

«Сөйлеміне сөйлем орай етіп аудару» деген принципті берік ұстанбайынша аудармада дәлдікке жету өте қиын. Ал онсыз аударма өнерінің қадір-қасиетіне нұқсан келеді. Тіпті, керек болса, ортаң қол аудармашының өз әуеніне басып, ауа жайылып кеткеніне де, олардың бірлі-жарым сөйлемнен сүріне отырса да, дәлдікке ұмтылғаны артық. Оқушыға аудармашының қоспасы емес, аударылып отырған шығарманың өз дәмі керек.





Ал сыншылардың ұғымдылық, әсерлілік деп отырғандары дәлдікке қайшы келмесе керек, қайта осы дәл аудару деген ұғымның бір компоненті болып саналуға тиіс. Олай болмаған күннің өзінде, алдымен, дәлдік деген талапты қою керек те, сонан соң барып, ұғымдылық, әсерлілік жағын қарастыру қажет. Әйтпесе, түп нұсқаның өзі де кейде ұғымсыздау, әсерсіздеу болуы мүмкін ғой.

Әдеби ортада Генрих Гейне айтқан: «Перевод – как женщина, если верен то некрасив, если красив, то неверен» деген ойнақы сөздің мәтел сияқты тарап кетуі жәйден жәй тегін болмаса керек.

Әрине, М.Әуезов дәлме-дәл аудару принципін берік ұстанғанда, ол жаңағы ұғымдылық, әсерлілік жағын мүлде ескерусіз қалдырмайды. СССР Жазушылар одағында болған бір мәжілісте:

«Поэты – переводчики иногда заявляют, что они вступают в соревнование творческое, в борьбу с текстами. Мне это непонятно. Задача их – полное доведение того, что несут в себе стихи, до конца в своем произведении» (125), десе, сәл кейінірек сонда болған екінші бір мәжілісте жазушы былай деп мәлімдейді:

«Я начинаю свои тезисы с того положения, что решительно и категорически отвергаю утверждения Жуковского, что переводчик прозы – раб, а переводчик поэзии – соперник.

Переводчик прозы, в нашем понимании, не раб, а человек, который в процессе совершает творческий художественный акт» (125).

Мұнда автор, сөзсіз, өз пікіріне өзі қайшы келіп отырған жоқ, қайта бірінде айтқанын екіншісінде толықтырып отыр. Осы тұжырымын әрі қарай дамыта, кеңейте келіп, ол:

«Переводчик тоже должен произведение продумать и прочувствовать глубоко, чтобы познать его не только в фабульном развитии, но и в индивидуальных исторических особенностях автора» (125) – дейді.

Әрине, бұл оңай-оспақ жол емес, оның белгілі бір мерзім ішінде ойдағыдай дұрыс арнаға түсе қоюы қиын. Бірақ осыған ұмтылып әрекеттену қажет. Жоғарыда аталған сыншыларымыздың әрбір ұлт тілінің өзіндік сөйлем құрылысы, өз синтаксисі, ұлттық форма жайлы айтып отырған сақтығы да құлаққа кіреді. Дегенмен, тағы да жазушының өз сөзімен айтқанда: «...Біздің ақын-жазушыларымыздың өздері мирас еткен ұлттық дәстүрлік формаларға өз творчествосы арқылы және аударма арқылы өздерінің ұлғайған әдебиетіне көптеген тың, жаңа қасиеттер, жаңа сезім, жаңа пікір, сөз туындыларын әкеліп қосады. Бұл жаңалықтарды шын өнегелі түрде кәдеге жарата білсе, онда бұл өркендеп келе жатқан жаңа ұлттық формаға қосылған ізгі, соны игілік болар еді» (99.388).

М.Әуезовтің көркем аудармаға байланысты өзінің ұстанған және бірден-бір дұрыс әдіс ретінде ұсынған негізгі бағыты мен жалпы көзқарасы, міне, осындай.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР


1. Әуезов Мұхтар. 12 томдық. 1-том. Алматы, 1967.
2. Омаров Ә. Асыл арман. Алматы, 1970.
3. Семей таңы. 1967. 17 маусым.
4. М. Әуезов мұражайының архиві, № 382-п.
5. Құнанбаев Абай. Шығ. 2 томдық толық жинағы. 1-том. Алматы, 1957.
6. Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының кітапханасы, 599-қор.
7. М. Әуезов мұражайының архиві. № 382-п.
8. Семей обл. мемл. архиві, Р-72, оп. 1. № 82.
9. Қазақ совет әдебиеті. 10-класқа арналған. Алматы, 1962.
10. Сильченко М., Смирнова Н. М. Әуезовтің творчестволық жолы. Алматы, 1957.
11. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т. 1-кітап. Алматы, 1967.
12. Әуезов А. Жас Мұхтар. Алматы, 1977.
13. М. Әуезов мұражайының архиві, № 382-п.
14. Семей обл. мемл. архиві, Р-72, оп. 1. № 82.
15. М. Әуезов мұражайының архиві, № 271-п.
16. Мүсірепов Ғ., Бекхожин Қ. т. б. Қазақ әдебиеті. 10-кл. 3-бөлім. Алматы, 1950.
17. Кедрина З. Мухтар Ауэзов. М., 1951.
18. Біздің Мұхтар. Алматы, 1976.
19. Жұлдыз. 1987. № 9.
20. М. Әуезов мұражайының архиві, № 382-п.
21. Семей обл. мемл. архиві. Р-72, оп. 1. № 82. За-б.
22. М. Әуезов мұражайының архиві. № 382-п.
23. М. Әуезов мұражайының архиві. № 271-п.
24. Семей обл. мемл. архиві. Р-72. оп. 1. № 82.
25. Литературная энциклопедия. 1-том. М., 1929.
26. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960.
27. Қирабаев С. Сәкен Сейфуллин. Алматы, 1974.
28. Қазақ тілі. 1920. 5 ақпан.
29. Ленин В. И. Шығ. тол. жин. 29-т.
30. Қазақ тілі. 1920. 5 ақпан.
31. Досжанов Д. Абақты. Алматы, 1992.
32. М. Әуезов мұражайының архиві. № 271-п.
33. ЦГА Уз.ССР. ф. 34. оп. 1, ед. хр. 2153.
34. ЛГАОРСС. ф. № 7240. оп. 7. л. № 119.
35. Бюллетень САГУ. 18-кітап. Ташкент, 1929.
36. М. Әуезов мұражайының архиві. № 271-п.
37. Жұлдыз. 1987. № 9.
38. М. Әуезов мұражайының архиві. № 382-п.
39. Субханбердина Ү. Қазақ. Алаш. Сары Арқа. Алматы, 1993.
40. М. Әуезов мұражайының архиві, № 382-п.




41. Семей обл. мемл. архиві. Р-72. оп. 1, № 82-п.
42. Қайып-Назарұлы Мұстафа. Қазақ пролетариат әдебиетінің жай-күйі мен алдағы міндеттері. Алматы, 1932.
43. М. Әуезов мұражайының архиві. № 271-п.
44. Алаш. 1917. 30 наурыз.
45. Сары Арқа. 1917. 5 қыркүйек.
46. Абай. 1918. № 2.
47. Сары Арқа. 1917. 5 қыркүйек.
48. Маркс К. и Энгельс Ф. Соч., Т. 3. М., 1965.
49. Әуезов М. Шығ. 12 томдық. 11-т. Алматы, 1969.
50. М. Әуезов мұражайының архиві. № 271-п.
51. Тәжібаев Ә. Өмір және поэзия. Алматы, 1960.
52. Біздің Мұхтар. Алматы, 1976.
53. Абай. 1992. № 3.
54. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970.
55. Абай. 1995. № 1–2.
56. Қазақ әдебиеті. 1996. 5 наурыз.
57. Абай. 1918, № 5.
58. Ақ жол. 1923. 4 ақпан.
59. Абай. 1918. № 5.
60. Тоғжанұлы Ғ. Әдебиет пен сын мәселелері. Қызылорда, 1929.
61. Кәкішев. Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, 1994.
62. Шолпан. 1922. № 2-3.
63. Кәкішев Т. Октябрь өркені. Алматы, 1962.
64. Сейфуллин С. Шығ. 1-т. Алматы, 1960.
65. Шолпан. 1923. № 4–5.
66. Ақ жол. 1923. 4 ақпан.
67. Краткая литературная энциклопедия. Т. 7. М., 1972.
68. Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. Алматы, 1970.
69. Тоғжанұлы Ғ. Әдебиет пен сын мәселелері. Қызылорда, 1929.
70. За партию. 1929. № 5–6.
71. Мұқанов С. Өсу жолдарымыз. Алматы, 1960.
72. Еңбекші қазақ. 1927. 8 тамыз.
73. Еңбекші қазақ. 1927. 9 тамыз.
74. Әуезов М. Шығ. 20 томдық. 15-том. Алматы, 1984.
75. ЛГАОРСС, ф. № 7240, оп. № 7, д. № 119.
76. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы, 1991.
77. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-т., 1-кітап. Алматы, 1960.
78. Әуезов М. Шығ. 20 томдық. 17-т. Алматы, 1985.
79. Әуезов М. Шығ. 20 томдық. 19-т. Алматы, 1985.
80. Әуезов М. Шығ. 12 томдық. 11-т. Алматы, 1969.
81. Әуезов М. Қазақстандағы ұлттар. Алматы, 1930..
82. Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979.


83. Қазақ жұмбақтары. Алматы, 1993.
84. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959.
85. XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының шығармалары. Алматы, 1963.
86. Омаров І. Шабыт шалқары. Алматы, 1973.
87. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-т., 2-кітап. Алматы, 1964.
88. Әуезов М. Шығ. 20 томдық, 18-т. Алматы, 1985.
89. Әуезов М. Мұражайының архиві. № 382-п.
90. Әуезов М. Шығ. 20 томдық, 20-т., Алматы, 1985.
91. Әуезов М. Мұражайының архиві. № 235-п.
92. Қазақ тілі мен әдебиеті. 1995. № 5.
93. Әуезов М. Шығ. 20 томдық, 12-т. Алматы, 1969.
94. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы, 1967.
95. Казахстанская правда. 1944. 5 наурыз.
96. Қазақ әдебиеті. 1936. 25 сәуір.
97. Әуезов М. Мұражайының архиві. № 202-п.
98. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы, 1967.
99. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962.
100. Қазақ әдебиеті. 1955. 24 маусым.
101. Советтік Қарағанды. 1941. 5 шілде.
102. Қазақ әдебиеті. 1961. 30 маусым.
103. Қазақ әдебиеті. 1959. 28 тамыз.
104. КСРО ЖО архиві. Оп. 26, № 52-п.
105. Казахстанская правда. 1948. 15 мамыр.
106. Лениншіл жас. 1960. 28 желтоқсан.
107. Социалистік Қазақстан. 1954. 24 ақпан.
108. Коммунист. 1951. № 3.
109. КСРО ЖО архиві. оп. 15, № 19-п.
110. Коммунист. 1951. № 3.
111. КСРО ЖО архиві. оп. 17, № 13-п.
112. Социалистік Қазақстан. 1954. 24 ақпан.
113. Лениншіл жас. 1967. 7 желтоқсан.
114. Жұлдыз. 1964, № 1.
115. Әдебиет майданы. 1933. № 2.
116. Қазақ әдебиеті. 1934. 7 шілде.
117. Социалды Қазақстан. 1934. 24 қараша.
118. Казахстанская правда. 1944. 5 наурыз.
119. «Казахфильм» киностудиясының архиві. оп. 2, 844-п.
120. Қазақ әдебиеті. 1960. 26 тамыз.
121. Қазақ әдебиеті. 1959. 15 мамыр
122. Коммунист. 1959. № 12.
123. Социалды Қазақстан. 1937. 8 қаңтар.
124. Сатыбалдиев Ә. Рухани қазына. Алматы, 1965.
125. КСРО ЖО архиві. оп. 17. № 13-п.





# **ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР**





## «М.О.ӘУЕЗОВ ТВОРЧЕСТВОСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ПРОБЛЕМАЛАРЫ»

Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың монографиясы 1969 жылы орыс тілінде «Исторические основы эпопей «Путь Абая» атауымен «Ғылым» баспасынан шыққан. 1977 жылы С.Ахметов пен С.Жұмабаеваның аударуымен «Мектеп» баспасында қазақ тілінде жарық көрді (17.б.т. таралымы 7300). «Ғылыми қазына» кешенді бағдарламасының бұл жинағына монографияның осы қазақша нұсқасы берілді. Қазақша нұсқасының атауы «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» деп аударылған.

2002 жылы «Санат» баспасынан Л.М.Әуезованың «История Казахстана в творчестве М.Әуезова» атты кітабы шықты (17 б.т.). Кітап 5 тараудан тұрады. Алғашқы төрт тарауы «Исторические основы эпопей «Путь Абая» монографиясындағы мәтінмен бірдей. «Особенности историзма повести М.Ауэзова «Лихая година» деп аталған 5-тарауда «Қилы заман» повесінде суреттелген 1916 жылғы ұлт-азаттық күресінің тарихи негіздері мұрағаттық деректермен салыстырыла зерттелген. Тарихшы ғалым өмірлік материал мен тарихи фактілердің көркемдік мұрамен арақатынасын зерттегін әдебиеттанушы, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова 1929 жылы Ташкент қаласында дүниеге келген. Алматыдағы 10-қыздар мектебін үздік бітіріп, М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті тарих факультетінің шығыстану бөліміне түседі. Университетте өте жақсы оқып, 1952 жылы ССРО Ғылым академиясының аспирантурасына қабылданып, 1958 жылы «XIX ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы егіншіліктің дамуы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғайды. 1956 жылдан бастап Қазақ ССР Ғылым академиясы жүйесінде, Тарих, археология, этнография институтында ғылыми жұмыспен айналысады. Институтта академик Әлкей Марғұланның жетекшілігімен Шоқан Уәлихановтың мұрасын зерттеп, шығармалар жинағын шығарушы топтың жұмысына қатысып, шоқантанушылардың алдыңғы қатарына қосылды. Бұл жылдары Қазақстандағы егіншіліктің дамуы, тарихы туралы бірнеше құнды ғылыми еңбектер жариялайды.

1961 жылы 27 маусымда М.О.Әуезов қайтыс болғаннан кейін Қазақстан Үкіметі ұлы жазушының атын мәңгілікке қалдыру туралы шаралар көрсетілген қаулы қабылдаған. Қаулының бір пунктінде жазушының тұрған үйінде мұражай ашу туралы айтылды. 1962 жылы мұражайдың меңгерушілігіне Ләйлә Мұхтарқызы тағайындалады. Музей экспозициясын жасаудың теориясымен танысып, Кеңес Одағындағы негізгі әдеби-мемориалдық мұражайларды көріп, көптеген әдістемелік материалдар



әкеліп, 1963 жылы қараша айында көрушілерге мұражайдың есігін ашты. Өмірінің соңына (1993) дейін осында меңгерушілік қызмет атқарып, екі жаңа көрме-экспозиция жасады. М.Әуезов шығармашылығын зерттеуге арналған қажырлы еңбегінің нәтижесінде «М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» тақырыбында докторлық диссертация қорғады (1975). Бұл жинаққа беріліп отырған монография осы диссертацияның негізінде жазылған. Мұнымен қатар М.Әуезовтің шығармашылығын зерттеудегі бірқатар құнды еңбектерін жариялап, 1980 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлығын алды.

Мұхтар Әуезов мұражайы 1961 жылы Тіл және әдебиет институтының құрамынан бөлініп шыққан М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының құрамында болып, ғылыми жұмыспен айналысты. Ләйлә Мұхтарқызы мұражай меңгерушілігі кезінде ғылыми-әдебиеттанушылық жұмыстармен қатар әкесінің аса мол көркемдік мұрасын сақтау, жүйелеу, қолжазба қорын құру, ғылыми сипаттау жұмыстарымен айналысты. Ұлы жазушының 12, 20 томдық шығармалар жинақтарын дайындауға жетекшілік жасады, бірнеше библиографиялық көрсеткіштер, қолжазба қорының сипаттамасын, мұражай көрмесінің мәтіндерін дайындады. Ләйлә Мұхтарқызы қайтыс болғаннан кейін шыққан «М.О.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығының шежіресі» («Ғылым», 1997), «М.О.Әуезов шығармаларының 50-томдық толық академиялық жинағы» (1997-2011) т.б. іргелі жұмыстардың жобасын өзі жасап кеткен болатын.

«М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары» монографиясы Кіріспеден, «Абай жолы» эпопеясының тарихи өмір шындығы», «Екі ғасыр межесіндегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық өзгерістері және олардың эпопеяда бейнеленуі», «Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы», «Абайдың саяси жер аударылған орыс достары» атты тараулардан тұрады.

Әрбір тараудың атын беріп отырғандағы мақсатымыз – әрбір тараудың атауы мазмұнына анық сай келеді. Әрбір тарауда бірінен-біріне ауысатын ойлар, фактілер, мазмұндық бөліктер жоқ дерлік. Өзіне тиісті мәселелерді алып, таза ғылыми принциппен талдайды.

Кіріспеде тарихи роман жанрының теориялық мәселелерінің негізгі қырлары мен ерекшеліктеріне ғылыми шолу жасап, М.Горькийдің, А.Толстойдың, Ю.Тыняновтың, О.Форштың, В.Шишковтың, Ст.Злобиннің, А.Серафимовичтің т.б. тарихи роман жанрындағы шығармаларына көркемдік – тарихи талдаулар жасаған. Осындай жұмысты Кеңес Одағы ұлттық республикалары өкілдерінің тарихи роман жанрындағы шығармаларына қатысты да атқарып, қазақ жазушыларының тарихи романдарына көркемдік баға берген. Бұл арада өзі қамтыған авторлардың тарихи фактілерді, өмірлік материалдарды пайдалану принциптеріне, көркемдік интерпретация мәселелеріне тоқталып, терең теориялық пайымдаулар жасаған. «Абай жолы» роман-эпопеясының тарихилық сипаты

мен автордың өмірлік материалды көркем мәтінге айналдыру жолдарын талдау принциптерін «Кіріспеде» ғылыми тұрғыда дайындап алған. Көркем текст пен өмірлік материалдың арақатынасын, тарихи мәселелердің көркем шығармаларда берілуін қарастыратын ізденуші зерттеушілерге Л.М.Әуезова монографиясының кіріспесі методикалық құрал бола алады.

Кіріспеде сол кез үшін заңды біраз идеологиялық сөйлем-пікірлер болғанмен, әрі қарайғы тарауларда талдау, әлеуметтік баға беру шынайы реалистік сипатта жүргізіледі. Қазақ қоғамының тарихи-әлеуметтік жағдайы, шаруашылық құрылымы, мал шаруашылығын жүргізу ерекшеліктері, өндірістік элементтердің көріністері, әкімшілік, саудагерлік қанау, шаруашылықта туыстық байланысты пайдалану т.б. фактілер ғылыми тұрғыда терең талданған. Талдаулардан идеологиялық сипат, бұрмалау мысалдарын кездестіре алмаймыз. Бұл тұрғыдан келгенде кітап шыққан кез үшін монография тарихи зерттеу ретінде де, әдеби зерттеу ретінде де өте бағалы жұмыс. Алдыңғы екі тарауды жазу үстінде Қазақстан, Ресей мұрағаттарының материалдары кеңінен пайдаланылған.

«Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы» тарауында тарихи талдаудан гөрі көркемдік талдау басым. Тарауда Құнанбай, Абай, Оспан, Тәкежан, Оразбай, Әзімбай, Ысқақ т.б. образдары талданған. Автор мұнда негізінде М.О.Әуезов мұражайы архивінде сақталған, жазушының өзі Абай еліндегі куәгерлерден, эпопея оқиғалары өткен өңір адамдарынан естіп жазып алған материалдарды пайдаланған. Эпопеяда суреттелген кейіпкерлердің әрекеті мен өмірде болған прототиптердің әрекеттерін қатар қоя отырып дәл келетін жерлерін, көркемдік өзгерістерге түскен жерлерін анықтап отырады. Сонымен қатар автордың фантазиясынан қосылған жерлер көрсетіліп, бұл эпизодтардың берілу себептері мен көркемдік мақсатын ашады. Ұлттық-этнографиялық ерекшеліктердің кейіпкер бейнелерінен байқалатын көріністерін Оспан, Зере, Ұлжан т.б. әйел-аналар образдары арқылы талдайды. Құнанбай, Оразбай, Тәкежан образдарын талдауда сол кездегі әлеуметтік тартыстар, жер иелену, мал басын көбейтудегі іс-әрекеттер мен адами-психологиялық ерекшеліктердің байланысын терең ашып, нақты тарихи деректермен, мұрағат жәдігерлерімен дәлелдейді. Оспан, Базаралы образдарын қарау барысында қазақтың ұлттық ерекшеліктеріне ден қойып, этнопсихологиялық зерттеулер жасаған. Эпопеяда көркем бейне ретінде суреттелген, бірақ прототипі жоқ кейіпкерлер Дәркембай, Дәрмен образдарын берудегі авторлық мақсат пен логикаға тоқталады.

«Абайдың саяси жер аударылған орыс достары» тарауында автор көркем кейіпкерлердің прототиптерін кең ауқымда зерттеген. Эпопеяда К.П.Михаэлис, Н.Долгополов т.б. жер аударылған орыс демократтарының Семейдегі бір кезеңінің эпизодтары ғана суреттелсе, Ләйлә Мұхтарқызы монографиясында XIX ғасырдың ортасы мен екінші жартысындағы Ресейдегі демократиялық қозғалысқа, оның алдыңғы қатарлы өкілдеріне қатысты кең-мол тарихи шолу жасалған.





Монография қазақ әдебиеттануындағы бұл жобадағы зерттеулердің алғашқысы. Кітап орыс тілінде шығысымен (1969) баспасөз бетінде бірнеше рецензия мақалалар шыққан. «Вопросы литературы» журналының 1970 жылғы 8-санында шыққан З.Пальгованың «Творческая лаборатория Ауэзова» атты мақаласында монография нақты талданып жоғары баға берілген. Б.Сүлейменов пен Басиннің, М.Хамраевтың, Ы.Дүйсенбаев т.б. сынды ғалымдар осы кітапқа қатысты ойларын айтып, мақалалар жазды. Ләйлә Мұхтарқызының еңбегі осы күнге дейін өз зерттеушілерін табуда. Оның бір мысалы 2000 жылы шыққан «Асыл қызы халқының» (А., «Комплекс», 500 б.) атты естеліктер мен зерттеулер жинағының материалдары. Г.Пірәлиеваның «Қазақтың ғалым қыздары» атты кітабының (А., «Елтаным», 2012, 124 б.) бірінші мақаласы «Жақсының тегі мен заты» атты очерк-зерттеуде Ләйлә Мұхтарқызының өмірі мен шығармашылығы туралы айтқан: «Расында да, көрнекті ғалым Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың бұл еңбегі ұлы жазушының «Абай жолы» эпопеясының қазақ халқының тарихы мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарын, көркемдік ойы мен тәлімдік тағылымын әлемге танытатын теңдесі жоқ туынды екендігін ғылыми-теориялық тұрғыдан талдап, нақты деректермен дәйектеген маңызы терең зерттеу. Өке мен халқының аманатын осындай биік абыроймен ақтаған қазақтың аяулы қызы, көрнекті ғалымы Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова тектіліктің үлгісін танытар тұлға», – деген сөздері тарихшы, әдебиетші ғалым Л.М.Әуезоваға берілген дәл баға.

Б.Майтанов «Қыранның қияғы» атты мақаласында («Асыл қызы халқының» Алматы, 2000 ж.) Л.М.Әуезова монографиясының құрылымын, мазмұнын жан-жақты талдап, жоғары баға берген.

Ләйлә Мұхтарқызы монографиясы кезінде көркем әдебиетті тарихи негіздерімен байланыста зерттеудің дара мысалы болса, кейін ұлы жазушының мақалаларын, әңгіме, повестерін осы жобада зерттеген Керімбек Сыздықов, Талатбек Әкімов, Тұрсын Жұртбайлар жалғастырды.

1. С.Айни – Садриддин Айни (1978-1954) тәжік жазушысы, тәжік, өзбек тілдерінде жазған. Ғалым, қоғамдық қайраткер, ақын «Дохунда», «Кұлдар», «Жетім» романдарының авторы.

2. Ғ.Ибрагимов – Ғалымжан Ибрагимов (1887-1938) татар жазушысы, ғалым, қоғамдық қайраткер, Еңбек ері. Әңгіме, повестердің, «Біздің күндер», «Терең тамырлар» романдарының авторы.

3. М.С.Ордубады – (1872-1950) әзірбайжан жазушысы. «Тұманды Табриз», «Күресуші қала» т.б. тарихи романдардың авторы.

4. Айбек – шын аты Мұса Ташмұхамедов (1905-68). Өзбек жазушысы, аудармашы, әдебиеттанушы, қоғам қайраткері. СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. «Қасиетті қан», «Навои» тарихи романдарының авторы.

5. Кербабаяев – Берді Кербабаяев (1894-1974) түркмен жазушысы. Социалистік еңбек ері, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты. «Шешуші қадам», «Небит даг» романдарының, т.б. көркем шығармалардың авторы.

6. Зарьян – (Аракелян) С.Е. (1890-1967) армян жазушысы. «Ақ қала», «Пап патша» романдары тарихи тақырыпқа жазылған.

7. Гамсахурдиа – Константин Симанович (1891-1975) грузин жазушысы. «Дионистің күлкісі», «Гете өмірінің романы», «Айды ұрлау» атты тарихи тақырыпқа жазылған романдары бар.

8. Рыбак – Натан Самойлович (1913-78) украин жазушысы. «Киев», «Днепр» т.б. тарихи романдардың авторы.

9. Демирчян – Дереник Карапетович (1877-1956) армян жазушысы. Тарихи тақырыпқа жазылған роман, поэмалардың авторы.

10. Файзи – (Файзуллин) Ахмед Сафиевич (1903-58) татар жазушысы. Тарихи тақырыпқа шығармалар жазған.

11. С.Рахимов – Л.М.Әуезова монографиясында тарихи тақырыпқа шығарма жазған авторлар қатарында атайды. Дәл дерек табылмады.

12. Упит – Андрей (1877-1970) латыш жазушысы, тарихи тақырыпқа жазылған «Буржуа», «Соңғы латыш», «Алтын», «Ренегаты» т.б. романдардың авторы.

13. Ш.Айтматов – М.О.Әуезовті ұстаз санаған, етене шығармашылық байланыста болған қырғыз жазушысы.

14. Моруа – (шын аты – жөні Эмиль Эрзог) Андре (188-1967) француз жазушысы. Тарихи, өмірбаяндық көптеген шығармалардың авторы.

15. Форш – Ольга Дмитриевна (1873-1961) неміс жазушысы. Тарихи тақырыпқа жазылған романдардың, «Радишев» трилогиясының авторы.

16. Тынянов – Юрий Николаевич (1894-1943) орыс жазушысы. «Кюхля», «Уэзір Мұхтардың өлімі», «Пушкин» т.б. романдарында шығармашылық тұлғалардың классикалық образдарын жасады.

17. Чапыгин – Алексей Павлович (1870-1937) орыс жазушысы. «Разин Степан», «Гуляшие люди» люди романдарында Ресей тарихының белгілі кезеңдері суреттеген.

18. Георгий Шторм – (1898-1978) орыс жазушысы. Ресей тарихының белгілі тұлғалары жайлы повесть, романдар жазған.

19. Ян – Янчевецкий Василий Григорьевич (1875-1954) орыс жазушысы. Шыңғыс хан, Батый т.б. тарихи тұлғалар туралы романдар авторы.

20. С.Бородин – Сергей Петрович (1902-74) орыс жазушысы. Көптеген тарихи романдардың авторы. «Соңғы Бұхара», «Египтянин» романдарында шығыс тарихы тақырып етіп алынған.

21. А.Толстой – Алексей Николаевич (1892-1945) орыс жазушысы. Орыс әдебиетінің классигі. Өте өнімді жазған автор. Академик. М.Әуезов «Петр-І» романын жоғары бағалаған.

22. Степан Злобин – (1903-65) орыс жазушысы. «Салават Юлаев», «Остров Буян», «Степан Разин» романдарының авторы.

23. К. Лордкипанидзе – Константин Александрович (1904) грузин жазушысы. Тарихи романдар мен поэмалар жазған.



## «МҰХТАРТАНУДЫҢ БЕЙМӘЛІМ БЕТТЕРІ»

М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы жайлы мақала, зерттеу еңбектер күні бүгінге дейін үздіксіз жазылып келеді. Қаламгердің 1917 жылы «Қазақтың өзгеше мінездері» деген тырнақ алды мақаласы мен «Еңлік-Кебек» пьесасының қолжазба күйіндегі нұсқасы алғаш рет қойылған болса, дәл сол жылдары баспасөз беттерінде ол туралы әртүрлі талдау, сыни еңбектер де жарияланған болатын. Содан бері М.Әуезов туралы қазақтың әдебиет, мәдениет саласындағы зиялылары, дүние жүзінің көрнекті қоғам қайраткерлері арнайы мақала, зерттеулерін жазды.

Сондай зерттеу еңбектердің бірі – Керімбек Сыздықовтың «Мұхтартанудың беймәлім беттері» деген монографиясы.

1997 жылы К.Сыздықов «Мұхтар Әуезов еңбектеріндегі әдебиеттану мәселелері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Осы жылы сол докторлық диссертациясын жинақтап, сұрыптап Мұхтар Әуезовтің туғанына жүз жыл толуы қарсаңында республикалық «Қазақстан» баспасынан «Мұхтартанудың беймәлім беттері» деген кітабын шығарды. Зерттеуші, ғалым К.Сыздықовтың бұл еңбегі әуезовтануға қосылған тың ізденіс, жаңа пайымдаулар мен ұзақ жылдар бойы жүргізген ғылыми еңбегінің қорытындысы.

Негізінен бұл монографиялық еңбек М.Әуезовтің осы бір биік еңселі, терең мағыналы творчестволық арнасының қыр-сыры туралы ой-толғамдары, қалың жұртшылыққа беймәлім болып келген өмірі мен шығармашылығының кей тұстарын айқындап ашуға бағытталған. Әрине, М.Әуезов жайлы жазылған еңбектердің көпшілігінде оның ғылыми зерттеулері әртүрлі деңгейде сөз болғаны белгілі. Оның ауыз әдебиеті жайлы, Абайтануға арналған еңбектері, орыс әдебиеті туралы жазылған сыни мақалалары өз алдына жеке-жеке зерттеуге негіз болды. Ал, Сыздықов Керімбектің «Мұхтартанудың беймәлім беттері» атты еңбегінде аталған мәселелер де белгілі мөлшерде сөз болғанымен, қайталау түрінде емес, мүмкіндігінше басқа қырынан, басқаша тұрғыдан, осы бүгінгі заман талабына, тәуелсіздік тұрғысынан талданған. Ғалым бұған дейінгі зерттеулеріндегі ойларын қайталамай кеңітіп, оларды осы еңбекте біріктіру арқылы жаңа тың пайымдармен байыта түскен.

Бұл монографиялық еңбек төрт тараудан тұрады. «М.Әуезовтің өмірі мен творчествосының беймәлім беттері» деп аталатын бірінші тарауда жазушының ата-тегіне, балалық шағына қатысты Т.Жұртбай, Д.Досжанов, К.Оразалиннің еңбектерімен бірге мұражай қорының, Алматы, Семей, Ташкент, Мәскеу, Санкт-Петербург архивтеріндегі деректерді зерделеген. Сондай-ақ ерте кезде шыққан газет-журнал,

басылымдарда жарияланған мағлұматтар негізінде қаламгердің өмірі мен шығармашылығының көпшілікке жете танылмай келген кейбір сәттерін айқындап, жүйелеп, салыстырулар жасау арқылы нақтылай түскен. К.Сыздықов М.Әуезовтің бірқатар өмірбаяндық деректерін айқындаумен қатар, жаңалықтар қосып ғылыми тұрғыдан жүйелеп, кейбір мәліметтерді, яғни жазушының семинарияда оқуы, қоғамдық қызметке араласуы, ең алғаш жазған мақалалары жайында тың ізденістерді саралап берген. М.Әуезовтің алғашқы және кейінгі жазған ғылыми сын зерттеу еңбектерін тұтастай қамтып, өзара сабақтастық, ерекшелік сипатын ашып тануға көңіл бөлген. Жазушы өмір кешкен тарихи кезеңнің ерекшеліктеріне сай алғашқы ғылыми публицистикалық еңбектерін қарастырып, оның қоғамдық көзқарасының қалыптасу жолдарын айқындаған. Осы кітапта кеңінен пайдаланылған М.Әуезовтің қолжазба қорындағы мұрағат деректері жазушының елу томдық академиялық басылымына енді («Өз жайымнан мағлұмат». М.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. 3 том. А., Ғылым, 1998.; 1953, 1958, 1959 жылдары жазылған өмірбаяны. М.Әуезов шығармаларының елу томдық толық жинағы. 46 том. А., Жібек жолы. 2010. ).

«Әдебиеттанудағы алғашқы ізденістер» деген екінші тарауда М.Әуезовтің әдебиет тарихының сынына, теориясына қатысты мақалаларын тақырыптық тұрғыдан, мазмұндық, көркемдік ерекшеліктеріне қарай топтастырып, жіктеп қарастырған. Оқырман жұртшылыққа беймәлім болып келген «Екеу», «Қоңыр» сияқты бүркеніш атпен жарияланған мақалаларын қарастырып, оған талдау жасау арқылы М.Әуезовтің осы еңбектеріндегі алғашқы ізденістерін ашып көрсеткен.

«Әдебиет тарихын жасау жолында» деген үшінші тарау «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры», «Зар заман ақындары» деген бөлімдерден тұрады. Аталмыш бөлімдерде К.Сыздықов М.Әуезовтің 1927 жылы шыққан «Әдебиет тарихы» кітабындағы ауыз әдебиетіне қатысты тарауларын талдап, кейінгі жазылған зерттеулердегі ой-пікірлермен салыстыра отырып, жүйелі қорытындылар жасаған. Сонымен қатар бұл тарауда М.Әуезовтің Абай Құнанбаев жайлы жазған зерттеу, зерделеу еңбектеріне қысқаша тоқталып өтеді. Автор бұл саланың күрделі, тарихи, танымдық қадір-қасиеті терең тақырып екенін атап өтумен қатар, әлі де зерттеу қажет екенін көрсеткен.

«Әдебиеттің теориялық мәселелері жайлы толғамдар» деген төртінші тарауы «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы», «Үлкен прозасыз үлкен әдебиет жоқ», «Драматургияның заңы туралы кейбір ойлар», «Дәстүр мен жаңашылдық жайында», «Сын – шын болсын, шын – сын болсын» деген бөлімдерден тұрады. Бұл тарауда автор М.Әуезовтің



поэзия жанры және оның басты өкілдерінің творчестволық ерекшеліктері, проза жанры мен оның кең көлемді түрі романның теориялық сыр сипаты туралы, әдеби тілдің, көркем шығарма тілінің өзіндік ерекшеліктері жайында, драматургияның теориялық мәселелері, театр өнері мен кино өнерінің өзара байланыстары мен дара қасиеттері жайлы, әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық, әдебиеттердің өзара байланысы мен оның басты құрамдас бөлігі саналатын көркем аударманың теориялық мәселелері жайлы еңбектерін талдап, көркемдік ізденістерін, еңбектерінің қоғамдық мән-мағынасын саралап берген.

Қорытынды орнына «Ұстаздық еткен жалықпас...» деген тақырыптағы соңғы бөлім берілген. Бұл жерде монография авторы М.Әуезовтің ғалымдығы мен ұстаздығының ара жігін ажырату мүмкін еместігін айта келіп, ұстаздық қызметіне арнайы тоқталып өткен. Жазушының Семейден бастап, САГУ, ҚазПИ, ҚазГУ, МГУ-де ұстаздық етіп, оқу-ағарту саласына арнап жазған ғылыми-методикалық еңбектері мен оқулық кітаптарының маңыздылығын, ерекшеліктерін, лекторлық шеберлігі жайында қызықты да маңызды деректер келтірген.

Осы монографияда айтылған кей ойларын саралап, ой елегінен өткізіп «Дала данышпаны» (Егемен Қазақстан. 1997. 27 қыркүйек), «М.Әуезов өмірбаянының беймәлім сәттері» (Абай. 1997. №23 118-122-бб), «Мұхтар Әуезов және «Абай» журналы: 1917-1918ж. шыққан журналдағы қызметі, онда жарияланған мақалалары» (Абай. 1996. №3), «Өмір шындығы және «Жаңа заман» (Қазақ әдебиеті, 1997. 3 маусым), «Ұлы өмірдің беймәлім сәттері» (Абай. 1997. №23) деген атпен баспасөз бетінде бірнеше мақалаларын жариялаған.

Керімбек Сыздықов белгілі әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор. Ол ғылыммен қатар қоғамдық жұмыстарды да ұштастыра білді. Мәселен жоғарғы оқу орындарында факультет деканы, кафедра меңгерушісі, ректор болып көптеген қызметтер атқарған.

Ол 1967-1974 жылдар аралығында М.Әуезовтің әдеби-мемориалдық мұражай-үйінде ғылыми қызметкер болып еңбек жолын бастады. Осы кезден бастап жазушының өмірі мен шығармашылығын зерттеуге етене кірісіп, мақалалар жазып, жазушының көп томдық шығармалар жинағын құрастырып, әуезовтану саласына өзіндік үлесін қосты.

К.Сыздықов 1956-61 жылдары ҚазМУ-де М.Әуезовтің өзінен «КСРО халықтарының әдебиеті», «Абайтану» арнаулы курсынан дәріс тыңдаған шәкірттерінің бірі. Оның «Абайдың көркем өнер жайлы ойлары» деген тақырыпқа жасаған баяндамасын жазушы жоғары бағалаған («Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының қолжазба

қоры. 263-п. 46-б). Оған жазушының қолжазба қорындағы күлгін, көк сия, жай қарындашпен жазылған қойын дәптері (блокнот) дәлел. Блокноттың бастапқы 4 және соңғы 3 парағы ғана жазылған, ортасы бос парақтар. Соңында студенттер тізімі, сынақ (зачет) тапсырғандарға баға қойылған. Сол тізімдердің арасында Сыздықов Керімбектің де аты-жөні көрсетілген. Жазушының өмірі мен шығармашылығын өмірлік тақырып етіп алуына сол дәрістер өзіндік септігін тигізген сыңайлы. Өйткені оның мақалаларының дені М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық тарихын талдауға бағытталған. Бұл ретте «Мұхтар Әуезовтің творчестволық өмір жолы» (Қазақстан мектебі, 1966 №12. 40-43-бб.), «Мұқаң творчествосындағы азаматтық үн» (Оңтүстік Қазақстан. 1977. 28 қыркүйек), «Творчестволық сара жол» (Оңтүстік Қазақстан. 1967. 29 қыркүйек), «Бәйге жирен» (Лениншіл жас. 1967. 9 желтоқсан) сынды баспасөз беттерінде жарияланған 100-ден астам мақалаларын атауға болады.

Зерттеуші ғалымның әуезовтануға қатысты жазған бірнеше еңбектері бар. Солардың бірі 1973 жылы «Ғылым» баспасынан «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» деген атпен жарыққа шыққан кітабы (1969 жылы «М.Әуезовтің әдеби сын мұрасы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, соны монография етіп шығарған).

Кітап «Жазушы – сыншы» деген кіріспе мен «Ізденіс жылдары, өсу жолдары», «Өрелі ойлар өрісі» деп аталатын екі тараудан тұрады. Бұл еңбекте К.Сыздықов М.Әуезовтің жиырмасыншы жылдары жазылған мақалаларын талдай отырып оның жазушылығы мен сыншы ғалымдығын бір-бірінен бөліп қарау, бөліп тану мүмкін емес, олар бір-бірімен сабақтас, тығыз байланысты құбылыс дегенді айтқан. Жалпы автор бұл зерттеуінде М.Әуезовтің ғалымдық, сыншылық ой-пікірінің оның жазушылық шеберлігіне, ерекшелігіне ықпал етіп қоймай, жалпы әдебиеттің өсіп өркендеуіне тигізген әсерін саралап, өзіндік ой қорыту арқылы ғылыми сын-зерттеу мақалаларын топтастырып, жүйелеп берді.

Сонымен қатар К.Сыздықов «М.Әуезов творчествосының библиографиялық көрсеткіші» (А., 1972) мен М.Әуезовтің 12, 20-томдық шығармалар жинағын құрастыруға қатысқан. Ол 12-томдықтың 11, 12-томдарын (1969ж.), 20-томдықтың 15-томын (Мұхтар Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы, Жазушы. 1984. 15-том.) баспаға әзірлеп, дайындады. М.Әуезовтің елу томдық академиялық басылымының редакциялық алқа мүшесі, сонымен бірге «Тәжібаев және оның достары» деген мақаласына ғылыми түсініктеме жазды (М.Әуезов. Шығармаларының 50 томдық толық жинағы. 12-том ).



Ал 2003-2005 жылдар аралығында әуезовтану бөлімінде орындалған «М.О.Әуезовтің 1920-30 жылдардағы көркемдік-эстетикалық ізденістері», 2006-2008 жылдары «М.О.Әуезовтің шығармашылық дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиетінің даму үрдістері» атты іргелі зерттеу жобаларына қатысып, «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық дәстүр және М.Әуезовтің жаңашылдығы» («М.О.Әуезовтің көркемдік-дүниетанымдық ізденістері» (1920-30 жылдар) (2006ж.), «Мұхтар Әуезов дәстүрі және қазақ әдебиетінің даму үрдістері» («М.О.Әуезов және қазіргі қазақ әдебиеті». А., Арда, 2009) атты тарауларды жазған еді.

Сондай-ақ М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының «Әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы» бөлімінің 2008 жылы шығарған «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (Алматы, 2008) атты кітаптың I томына «Мұхтар Әуезов» деген бөлімін жазған болатын.

К.Сыздықовтың «Ұстаздық ұлағат» (А., Шартарап. 2001. 22,5 б.т.) атты ғылым білім, әдеби, мәдени, әлеуметтік мәселелерді көтерген еңбегінде жазушы жайында жазған «М.Әуезовтің әдеби-ғылыми ортасы», «М.Әуезов тәуелсіздік жолында», «Бәйге жирен», «М.Әуезов әңгімелері», «М.Әуезов Оңтүстік Қазақстанда» атты мақалалары енген.

Бұдан басқа К.Сыздықовтың «Ата қоныс» (Шымкент, Жібек жолы, 1992.), Ө.Айтбаевпен бірігіп шығарған «Әшіров Сейітқасым. Ұлы Отан соғысының батырлары» (Алматы, Жазушы. 1974.) деген кітаптары да бар.

«Уақыт тынысы» атты кітапты баспаға әзірлеу барысында К.Сыздықовтың «Мұхтартанудың беймәлім беттері» еңбегі мен 1973 жылы шыққан «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» деген кітабына текстологиялық салыстыру жұмысы жасалды. Салыстыру барысында айқындалғандай «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» деген еңбегінде М.Әуезовтің 20-30 жылдары жазылған тек ғылым, білім, мәдениетке қатысты «Оқу ісі», «Мәдениет хәм ұлт», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Ғылым», «Философия жайынан» мақалаларын ғана талдаған. Жиырмамыншы жылдары М.Әуезовтің «Екеу», «Қоңыр» деген бүркеншік атпен шыққан «Қызыл сұңқарлар» (сын), «Қазақ әдебиетінің бүгінгі дәуірі», «Көркем әдебиет туралы» жариялаған мақалалары мен «Екеу» деген бүркеншік аттың сырларын ашуға бағытталған ойларын қысқартуға мәжбүр болды. Кезінде қырағы цензура «саяси қате» тауып, жазушының бұл еңбектері «зиянды» деп ғылыми айналымға түспеген болатын. К.Сыздықов бұл кітабына түзетулер енгізуге мәжбүр болды, сол уақыттың талабы бойынша жарыққа шығарды. «Міне, бұл айтылғандар «Екеудің» Даниял



Ысқақов пен Абдолла Байтасовтан гөрі Мұхтар Әуезовке ыңғайлы келіңкірейтіндігін көрсетсе керек. «Екеу» деп қол қойған үш мақаланы да мұқият оқып карағанда, автордың жазу стилі М.Әуезовтің стиліне жақын келетін сияқты. Әрине, бұлар тек біздің болжамымыз ғана. Ол мақалалардың шын авторлары кімдер екенін әлі де тексере, зерттей түсу қажет» (Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы. – А., 1973. 45-6) деген.

Тек тәуелсіздік алғаннан кейін 1997 жылы шыққан «Мұхтартанудың беймәлім беттері» деген кітабына сол қысқартылған ойларын, талдауларын қосып кеңейтіп, жетілдірген. «Екеу» бүркеншік ат М.Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовқа тиесілі екенін тарихи деректердің негізінде дәлелдеген. Жалпы бұл еңбектер өз алдына күрделі, тың мәселелерді көтерген зерттеулер. Автордың «Мұхтартанудың беймәлім беттері» атты еңбегі Мұхтар Әуезовтің ғұмырнамасына, шығармашылығына, әдебиеттанудағы тұңғыш ізденістері мен ғалым ретінде қалыптасу кезеңдеріне, қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы еңбегіне, теориялық танымдық проблемалар хақындағы кемел де кеменгер саралауларына терең үніліп, зерделей зерттеп, жан-жақты ғылыми талдау жасауымен ерекшеленеді. Бұл қазақ әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселеге құрылған еңбек болғандықтан, жоғарғы оқу орындарында жүргізілетін қазақ әдебиеті тарихы бойынша оқылатын дәрістерге, әуезовтануға байланысты арнайы курстық және семинар сабақтарында пайдаланылып келеді.

Уақыт сынынан өткен бұл зерттеу еңбек арада біраз жылдар салып, қайтадан оқырман назарына «Ғылыми қазына» бағдарламасы бойынша ұсынылып отыр. К.Сыздықовтың «Мұхтартанудың беймәлім беттері» атты осы кітабы «Уақыт тынысы» атты жинаққа 1997 жылы «Қазақстан» баспасынан шыққан нұсқасы негізінде дайындалып берілді. Еңбек бұрынғы көлемінен біршама қысқартылып, соңғы жағынан 25 беттей ықшамдалды.

**А. Болсынбаева**





## РЕЗЮМЕ

Ауэзоведение довольно наглядно отражает общее состояние нашей истории литературы. Интерес к творчеству М.Ауэзова никогда не пропадал, им занимались крупнейшие филологи страны.

Переиздание, ставших редкостью литературоведческих трудов об М.Ауэзове – это осмысление истинного понимания М.Ауэзова, его наследия, его уроков - во времени.

Если обобщить опыт ауэзоведения, то станет ясно, что литературоведов привлекают не только достоинства писателя, его мастерство, но критерии его художественности, требования предъявляемые им к своим творениям.

Истолкование ауэзовского творчества помогло нашим литературоведам выработать историю, теорию литературы, сыгравших важную роль в истории эстетических взглядов казахов.

Сборник состоит из трудов крупных ученых-ауэзоведов – Лейли Мухтаровны Ауэзовой, Керимбека Сыздыкова.

Монография «Исторические основы эпопеи М.О.Ауэзова «Путь Абая»(вышла в 1969 году в Алматы в издательстве «Наука», затем в 1977 году на казахском языке в издательстве «Мектеп») является одновременно историческим и литературоведческим исследованием, потому что на большом историческом материале освещены проблемы социального историзма в творчестве М.О.Ауэзова. В работе имеется большое количество материалов и документов найденных автором, касающихся личности Абая Кунанбаева, раскрывающих его личную жизнь, а также литературную и общественную деятельность. Поэтому эта работа ценна еще и тем, что связана с другой большой отраслью казахского литературоведения – абаеведением.

Книга «Белые пятна в мухтароведении» К.Сыздыкова (вышла в 1997 году в Алматы в издательстве «Казахстан») представляет собой исследование отдельных областей творчества М.О.Ауэзова. Несмотря на то, что об М.Ауэзове написано много ценных книг и статей, его творчество открывает еще немало проблем, требующих своего решения. Одно из них – многообразное литературно-критическое наследие писателя. Поэтому исследование литературно-критических трудов М.Ауэзова, написанных в пору становления его как писателя, а также последующих зрелых работ, имеет большое значения для литературоведения.

Проследивая анализ этих работ, мы сможем проникнуть в творческую лабораторию писателя, раскрыть секреты его мастерства, выйти к истокам его идейно-творческих и общественных взглядов.

Труды Л.Ауэзовой, К.Сыздыкова продемонстрировали глубину воздействия творчества М.Ауэзова на литературные взгляды ученых и подготовили дальнейшее развитие ауэзоведения. Не овладев их уровнем исследования, мы не сможем продолжить поступательного движения вперед.

## SUMMARY

Auezov studies clearly reflect the general state of our literary history. Interest in the creativity of M. Auezov has never decreased, and major scientists in the field of philology have studied Auezov's creative writings.

Re-publishing of rare literary works of M. Auezov is understanding of the true ideas of M. Auezov, his heritage, his lessons-in time period. Summarizing the experience of the Auezov studies, it becomes clear that professionals in literary studies are attracted by not only the literary merit of the writer, his skills, but also the criteria of his artistic features, his requirements for own writings.

Interpretation of Auezov's creativity helped our literary scholars to develop the history, theory of literature, which played an important role in the history of aesthetic views of Kazakh people. The collection consists of the works of major scholars in Auezov studies - Leila Mukhtarovna Auezova and Kerimbek Syzdykov.

Monograph "Historical bases of the epopee of M.O. Auezov" Abay's Way" (published in 1969 in Almaty in "Nauka", then in 1977 in the Kazakh language in publishing house "Mektep") is a historical and literary study, because the issues of social historicism in M.O. Auezov's writings have been highlighted based on large historical material. The work includes a large volume of materials and documents found by the author concerning the personality of Abay Kunanbayev which reveal his personal life and literary and social activities. This work is also valuable because it is related to another large branch of Kazakh literature studies - Abay studies.

The book "White spots in Mukhtar studies" by K. Syzdykov (published in 1997 in Almaty, publisher "Kazakhstan") is the study of specific areas of creativity of M.O. Auezov. Despite the fact that many valuable books and articles were written about M. Auezov, his creative work reveals other issues which should be resolved. One of them - the diverse heritage of the writer in literary criticism. Therefore the study of M. Auezov's works on literary criticism written at the time of his formation as a writer, and further mature works is very important for literary studies.

Observing the analysis of these works, we can get into the creative laboratory of the writer, reveal the secrets of his talent, find the roots of his ideological-artistic and social views.

Works by L. Auezova, K. Syzdykov demonstrated the depth of the impact of the creativity of M. Auezov on the views of scientists and enhanced further development of Auezov studies. Without mastering their level of study, we will be not able to continue steady movement ahead.



## М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз.....	5
---------------	---

### Л.М.Әуезова

#### М.О.Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары

Кіріспе.....	20
I ТАРАУ. «Абай жолы» эпопеясының тарихи өмір шындығы .....	38
II ТАРАУ. Екі ғасыр межесіндегі қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық өзгерістері және олардың эпопеяда бейнеленуі .....	105
III ТАРАУ. Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы .....	163
IV ТАРАУ. Абайдың саяси жер аударылған орыс достары .....	210
Пайдаланған әдебиеттер.....	239

### К.Сыздықов

#### Мұхтартанудың беймәлім беттері

I ТАРАУ. Мұхтар Әуезовтің өмірі мен творчествосының беймәлім беттері .....	244
II ТАРАУ. Әдебиеттанудағы алғашқы ізденістер .....	272
III ТАРАУ. Әдебиет тарихын жасау жолында.....	302
1. Қазақ халқының эпосы мен фольклоры .....	302
2. Зар заман ақындары.....	329
IV ТАРАУ. Әдебиеттің теориялық мәселелері жайлы толғамдар.....	353
1. Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы .....	353
2. Үлкен прозасыз үлкен әдебиет жоқ.....	361
3. Драматургияның заңы туралы кейбір ойлар .....	378
4. Дәстүр мен жаңашылдық жайында.....	393
Пайдаланылған әдебиеттер.....	402
Ғылыми түсініктемелер.....	406
Резюме.....	417
Summary.....	418

ISBN 978-601-7414-03-0



ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

КЛАССИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

5-том

**ӘУЕЗОВА Л., СЫЗДЫҚОВ К.**

**УАҚЫТ ТЫНЫСЫ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

**Шығаруға жауапты:** Әбдіғұлов Р.

**Редакторы:** Болсынбаева А.

**Компьютерге терген:** Мейрбекова Ә.

**Компьютерде беттеген және дизайнын жасаған:** Н.Серғожаұлы

**«Ғылыми қазына» логотипінің идеясы –**

Аяған Б.Ғ., т.ғ.д., профессор

**«Ғылыми қазына» логотипінің дизайнын жасаған –**

Бекенова М.С., Нұрғожина Ж.Е.

---

Басуға 21.11.2012 қол қойылды.

Пішімі 60x90<sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Қаріп түрі «Таймс».

Баспа табағы 26.25. Таралымы 1000 дана.

---

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды. 050002, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 41.